



«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

«МӘДЕНИ МҰРА» ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Майлыбаев Бағлан, *кеңес төрағасы*
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек
Атабаев Қамбарбек
Аяған Бүркітбай
Әбжанов Хангелді
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әлімбаев Нұрсан
Байпақов Карл
Байтанаев Бауыржан
Балықбаев Тахир
Дүйсембаев Еркін
Есім Ғарифолла
Жақып Бауыржан
Жұмағалиев Асқар
Жұмағұлов Бақытжан
Қасқабасов Сейіт
Қозыбаев Ілияс
Құл-Мұхаммед Мұхтар
Құрманбайұлы Шерубай
Мұхамәдиұлы Арыстанбек
Мыңбай Дархан
Нысанбаев Әбдімәлік
Салғараұлы Қойшығара
Самашев Зейнолла
Сұлтанов Қуаныш
Тұяқбаев Қанат
Шеңгелбаев Бақытжан

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

*Түс жору және
ырымдар*

94 ТОМ



УДК 398
ББК 82.3
Б 12

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік
маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У., Әлбеков Т.,
Әлібекұлы А., Күзембаева С.А., Қалижанов У.,
Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:

Әлбеков Т. (*жауапты редактор*), Қалижанов У., Қасқабасов С.А.,
Пірәлиева Г.

Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:

Әкімова Т. (*жауапты шығарушы*), Әлбеков Т.

Б 12 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2013.
Т. 94: Түс жору және ырымдар. — 432 бет.

ISBN 978-601-299-008-9

«Бабалар сөзі» сериясының 94-томына түс жорудың үлгілері мен қазақтың ырымдары енді.

УДК 398
ББК 82.3

ISBN 978-601-299-008-9 (т. 94)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2013
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2013

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған тоқсан үш томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға, ертегілерге, шетелдердегі қазақ фольклорына, қара өлең, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, аңыздар, шежірелер т.б. жанрларға арналды. Дәлірек айтқанда, «Хикаялық дастандардың» — он үш, «Діни дастандардың» — жеті, «Ғашықтық дастандардың» — он бір, «Тарихи жырлардың» — он бір, «Батырлар жырының» — жиырма, «Мақал-мәтелдердің» — бес, «Қара өлеңнің» — екі, «Шежірелік жыр-аңыздардың» — үш, «Ертегілердің» — бес томы, «Тарихи аңыздардың» — төрт томы, «Ғұрыптық фольклордың» — екі томы, «Жұмбақтардың», «Балалар фольклорының», «Қазақ мифтерінің», «Моңғолиядағы қазақ фольклорының», «Топонимдік аңыздардың», «Күй аңыздың», «Аңыздық шежірелердің», «Аңыздық жырлардың», «Өтірік және мысалдардың», «Магиялық фольклордың» — бір-бір томы баспаға дайындалып, басылым көрді. Бұл жинақтардың он екі томында Қытайдағы қазақтардың, бір томында Моңғолия қазақтарының фольклорлық мұралары қамтылды.

Өлемнің өзге ұлттары сияқты халқымызбен бірге жасап, қаймағы бұзылмай келе жатқан магиялық фольклордың бір түрі — түс көру және оны жору. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде ерекше орын алған түс көру мен оны жорудағы түрлі

наным-сенімдер, ырымдар адамның ойлау табиғатын, оның жан жүйесіндегі сан алуан сезімдік құбылыстарды танып білуге мүмкіндік беретін баға жетпес құнды деректер болып табылады. Адамзат жаратылғалы бері өмір мен табиғат құбылыстарын танудың, оның құпия сырларына бойлаудың неше алуан талпыныстарын, қарапайым қағидаға сүйенген ізденістерістерін жүргізіп келеді. Түс көру адамның бүкіл жан жүйесін танып-білуге ықпал ететіндіктен, ғалымдар бұл тылсым көріністерді психологиялық құбылыс ретінде қарастырады. Түсте адам санасы шеңберден шығып, шетсіз-шексіз әлемді игереді, кеңістік пен уақытқа тәуелді болмайды. Сондықтан түсті көруден гөрі, оны жоруға ерекше мән беріліп отырған.

Қазақ дәстүрлі қоғамында да түс көруге бей-жай қарамағанын, айрықша ден қойып, мағынасын жорығанын фольклорлық мұраларынан, ырымдар мен жоралардан көруге болады. Түсті әрдайым жақсылыққа жорып, «Түс — балқыған қорғасын», оны жақсылыққа жорысаң — жақсы ниет қабыл болып, жақсылыққа айналады, жамандыққа жорысаң — жамандыққа айналуы мүмкін деген ұғым қалыптасқан.

«Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясының 94-томына фольклорлық мұралардың бүкіл жанрлық түрлерінде көрініс тапқан түс көру үлгілері мен оны жорудың мың-сан түрлері, оларға қатысты сан алуан наным-сенімдердің барын ескере отырып, олардың бәрін бір томдық жинаққа енгізу мүмкін еместігін, сондықтан түс жорудың таңдаулы деген бірнеше ғана түрлері, таңдамалы фольклорлық мұралардағы аздаған көркем үзінділері, түс жоруға қатысты наным-сенімдердің бірнеше үлгілері ғана таңдалып, таразыланып, жүйеленіп жинақталды. Нақтылап айтқанда, «Түс және оны жору», «Халық прозасындағы түс және түс жору», «Эпостық жырлардағы түс және оны жору көріністері» аталған бөлімдерде халқымыздың бай рухани қазынасында өзіндік орны бар түс көру мен жоруға қатысты көріністер баяндалатын әдеби жәдігерлерден үзінділер беріліп отыр. Түс көру, аян беру, оны жору, түс садақасы т.б. секілді көптеген салт-дәстүр, ырым-нанымдары т.б. ұлттық сөз өнеріміздің баға жетпес ұлттық құндылықтары, ол әлі де терең зерттеуді талап ететін тақырып.

Ырым сөздер де — қазақтың дәстүрлі мәдениетінің, әсіресе халық әдебиетінің ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарап, іргесі сөгілмей келе жатқан құрамдас бөлігі. Кеңес кезеңінде идеологиялық електерден өтіп, мардымсыз жиналған бұл мұралар арқылы адамның тал бесіктен жер бесікке дейінгі ғұмырындағы бүкіл болмысын, қоршаған ортамен қарым-қатынасын, тұрмыс-тіршілікке, табиғатқа деген көзқарасын, сенімдерін, философиялық-діни түсініктерін, психологиясын, этнографиясын, этнопедagogикасын айқын аңғаруға болады. Қазақ ырым сөздерінің түп-төркіні жалпы адамзатқа ортақ рухани қағидалармен тоғысып отырғанмен, өзіндік ұлттық айшықтармен, салт-дәстүрмен, тәлім-тәрбиемен ерекшеленеді. Ырым сөздер: табиғат, бала тәрбиесі, төрт-түлік, ғұрып, ас-су, туыстық, саяткерлік т.б. сан-алуан тақырыптарды қамтиды. Олар толық жиналып, жүйеленіп, жарияланбағандықтан, ғылыми айналымға түскен емес. Сондықтан құрастырушылар келешекте ырым сөздердің этнографиялық тұрғыдан да, фольклорлық мұра ретінде де арнайы зерттелетіндігін ескеріп, жинақтың екінші бөлімінде бұл жанрдың 802 мәтінін топтастырды.

Томға енген мәтіндердің бір тобы ӘӨИ-дің сирек қорында сақталған А.Сабалұлының, Ж.Шайхысламұлының, М.Тыныштықұлының, М.Ж.Көпейұлының, Н.Нысанбайұлының, Ш.Сұлтанбайұлының, Р.Жүсіповтың, К.Қаңтарбаевтың, Е.Ешімовтің, А.Байтабынұлының, Е.Тілеумағамбетұлының, А.Дүйсенбінің, А.Мәмбетұлының, О.Оңғарбайұлының, Қ.Шоқаевтың, Ә.Шоқаманұлының, Ж.Бітімбайұлының, Мұрын, Мұсабай жыраулардың, Қ.Байболұлының, А.Нұралинның т.б. қолжазба мұраларының негізінде дайындалды. Сондай-ақ Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев, М.Тілеужанов, Т.Сыдықов, Б.Бісқақов, Т.Бекқожина сияқты ғалымдар жинаған мәтіндер кіргізілді.

Ж.Дәдебаевтың «Түс аяны» (1992), Ф.Танталиеваның «Қазақша түс жору» (2005), «Түс жорудың төл кітабы» (2007) жинақтары мен «Ой-таным» (2007) журналы да пайдаланылды.

Көптомдықтың принциптеріне сай, беріліп отырған мәтіндер ғылыми қосымшалармен қамтамасыз етіліп, жанрлар рим са-

нымен, шығармалардың нұсқалары реттік санмен нөмірленді. Томның ғылыми қосымшаларын: томға енген мәтіндерді жазып алушылар мен жариялаушылар және басылымдар, рулар туралы мәліметтер, томға енген мәтіндерге ғылыми түсініктеме, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдер туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен томның орыс, ағылшын тілдерінде жазылған түйіндері құрайды.

Томның жалпы көлемі — 27,0 б.т.

ФОЛЬКЛОРДАҒЫ ТҮС КӨРУ, ЖОРУ, АЯН БЕРУ МЕН ОЛАРҒА ҚАТЫСТЫ НАНЫМ-СЕНІМ ҮЛГІЛЕРІ

Адамзат санасында еріксіз түрде жүзеге асатын психологиялық процесс — әдеби түстің көркем мәтіндердегі көріністері, оны жорудың символикасы, этнографиялық маңызы т.б. қазақ әдебиеттану ғылымында арнайы зерттелмеген.

Адамның ішкі дүниесіне үңілу сондайлық қажеттілік тудыра қоймаған фольклорлық туындыларда бірінші кезекте оқиға және сыртқы құбылыс, оқиғаға қатысты кейіпкердің тағдыры тұрды. Олардың көңіл-күйін, себеп-салдарын жан-жақты талдап, зерттеуге талпыныс жасалмады.

Мұндай сыртқы бейнелеу факторлары бүкіл фольклорлық туындыларға, ондағы көркемдік ойлау жүйемізге тән құбылыс болды. Романтикалық сарындағы ескі жыр-дастандарда жеке адамнан гөрі, елді қорғау, жұрт намысы т.б. ұлттық мүдде, халықтық мұрат басты орында еді. Сондықтан да эпостық жырларда жеке тұлғаның тағдыры, тыныс-тіршілігі, көңіл-күйі, адамдық болмысынан гөрі, оның ел үшін еткен ерлігі басым түсіп жатты, оларды идеализациялау бірінші кезекте тұрды.

Жеке адам тағдырына деген қызығушылық, оның жан дүниесін зерттеуге, олардың өздерінің ішкі ойларына ерік беріп, сезімдік құбылыстарын талдауға талпыныс туған кезде ғана жаңа мәдениет қалыптасып, әдебиетте психологизм дамыды.

Бірінші, ол эпикалық және лиро-эпостық жырлардағы ғашықтық сезімдер, кейіпкердің күйініш-сүйініші, толғанысы, ел-жұрттың, ата-анасының көңіл-күйлері арқылы көрінді. Алайда олар қарапайым бейнеленіп, ішкі сөз-ойлары тек қана баяндаушының көзқарасы, әңгімесі арқылы берілді. Сондықтан да біздің эпикалық жырларымызда сырттан бақылау басым

болып кетеді де, кейіпкердің көңіл-күйлері, жеке бастың жан сезімдері соның көлеңкесінде қалып қояды.

Бертін келе психологизмнің көркемдік бейнелеу құралдары жан-жақты дами бастады. Мәселен, ішкі әлемді бейнелеудің өнімді тәсілдері мен түрлері, авторлық баяндау, көркемдік деталь, көркем мәтінде қолданылған әдеби түс көруді талдау мен оны жору мен жорытуға қатысты наным-сенімдердің көптеген композициялық-баяндау түрлері, психологиялық пейзаж, кейіпкердің сезімдік көңіл-күйін табиғатпен теңестіре суреттеу кеңінен қолданыла бастады. Осылардың нәтижесінде күрделі ішкі әлемді, жан қозғалысын ашу, ой мен іс-әрекеттегі қайшылықтардың себеп-салдарын, сана астарын талдауға, игеруге деген алғашқы баспалдақтар жасалды.

Бір сөзбен айтқанда, психологизм сана астарындағы сфераларды игере бастады. Психологизмнің арнайы композициялық-баяндау түрінің бірі-көркем әдебиеттегі сюжетке кейіпкердің түс көру эпизодын енгізу болып табылады. Түс көру фольклорда таза информациялық және сәуегейлік қызмет атқарса, жазба әдебиетте кейіпкердің ішкі рухани әлемі мен сана сфераларын қазбалай бейнелеудің ең күрделі психологиялық бейнелеу құралы екендігі белгілі. Әдеби туындыдағы кейіпкердің түс көруі, оның көркемдік әлеміне талдау жасамас бұрын адамзатқа тән психологиялық құбылыс-түстің табиғатын танып, оның көңіл-күйді, сезімдік-эмоциялық түзілістерді нанымды бейнелеудегі табиғи көріністерінен ғылыми мәліметтер бере кетелік.

Негізінен түс — адамның күндізгі өмірінің табиғи төмәмдалуы, жан мен тәннің келесі күнгі жаңаруына дайындығы десек те болады. Енді осы түстің табиғи болмысын сана астарындағы психологиялық үдеріс екендігін жантану ғылымы тұрғысынан зерттеген Ж.Аймауытов былай түсіндіреді: «Адамның есі бүтін болмайтын күйлері болады. Сондай күйдің бірі — түс көру. Ұйқы дегеніміз — мерзімді демалыс, тыныс алыс. Ұйықтаған адамда сана не мүлдем болмайды, не кем болады... Шырт ұйқыда жатқанда адам түк сезбейді. Бірер ұйықтап алған соң, ұйқы сергек бола бастайды, ұйқылы-ою деген күйге келеді. Сондай кезде санамыз кіресілі-шығасылы болып, түс көрсек керек. Түс дегеніміз ояуда көретін нәрселердің пернесі болады. Түсімізде сол пернелерді өңіміздегі екен деп ойлаймыз» [1, 192].

Шығыстың орта ғасырдағы атақты ойшылы әл-Фараби да адам баласының түс көру себебін күндізгі саналы түрдегі ойлау процесі тоқтаған кезде жүзеге асатын табиғи құбылыс деп қарайды [2, 210].

Ойлау процесі тоқтап, сана саябыр тапқан сәтте өзге сезімдік құбылыстар, әсіресе қиял қанаттана түседі. Шындығында да барлық жан жүйедегі сезімдердің ішінде қиял еркіндікке ие. Сол қиялдың қорытындысы түнде түс болып адам санасына саяхат шегеді.

Жоғарыда келтірілген психологиялық сөздік пен мұсылмандық күнтізбе-анықтамасында және Ж.Аймауытовтың «Психология» атты пән оқулығында түс көру процесінің таза табиғи, биологиялық және психологиялық қызметі анықталып көрсетілсе, енді түс көрудің адамның ойлау жүйесінде атқаратын қызметіне де бір сәт зер сала кетейік. Өйткені түс адам өмірінің әрбір құпия қалтарысын қалт жібермей бүкіл тарихын бейнелейтін аппарат тәрізді. Сондықтан түс көруді ұйқы кездегі мидың фантазиясы деуге әбден болады. Ол қиялдың ең жоғарғы түрі болып табылады.

Адамзатпен бірге туып, бірге қалыптасқан ойлау үрдісінде, іс-әрекеттерінде ерікті және еріксіз түрде жүзеге асырылып жататын психологиялық, биологиялық, табиғи құбылыс-түс туралы ойлану, оның құпия қалтарыстарын ашу, зерттеу әлі де ұзақ үдерісті құрары хақ.

Негізі, адамның түс көруі туралы алғашқы ұғым-түсініктер ежелгі діни наным-сенім негізінде қалыптасқан. Өйткені ешқандай информация, хат-хабар жоқ кездерде түс солардың қызметін атқарғаны аян. Кез келген кезеңнің айнасы, ойлау жүйесінің сәулесі болып табылатын халық танымы, мифология, халық әдебиеті туындыларында т.б. түс көрудің алдыңғы орынға шығуы, соған елдің имандай сенуі, сол арқылы келешекті де сәуегейлікпен сезінуі, болашақты болжауы, келер қауіптерден қорғануы т.б. соның бірден-бір дәлелі болса керекті. Айталық, жаман түс көрсе, шошынып, құдайы берушілік, оны жұртты жиып отырып жору, яғни түске талдау жасау, сол арқылы түрлі қауіп-қатерден қорғану немесе жақсы түстен бір жақсылық күту т.б. сол балаң кезеңдегі бірден-бір информация түрінің бет-бейнесін береді. Оның сан алуан көркемдік көріністері біздің төл әдебиетімізде, әсіресе көне эпостарда

кестелі бейнеленген. Және оны ақын-жыраулар өз ойларын айшықтау үшін қолданған. Әсіресе түс жорудың символикасы, этнографиялық маңызы, өзіндік қалыптасқан дәстүр-тағлымы, сән-салтанатының өзі қойнауы құпия-сырға толы жажап дүние.

З.Фрейд түсті жору мен оны талдау арқылы адамның өзіне де беймәлім жасырын жәйттерді, құпия ойларды, жұмбақ сырларды ашуға болатынын дәлелдеп берді [3,С 52]. Оның «түс көруді мидың аса маңызды, ерекше тілі» деп қабылдауы тегін емес-ті.

Дәл қазіргі кезде батыс елдерінде, бір ғана Америкада түс көру, оның адам денсаулығына қатысты мәселелерін зерттейтін 240 арнаулы ғылыми орталық жұмыс істейді екен. Керек десеңіз, адам ұйықтап жатқан кездегі қимыл-әрекетін, жатысын (поза — дене қалпы, кейіп) зерттеп, көптеген ғылыми жаңалықтар ашқан психотерапевттер Ф.Перлз пен Самюэль Данкелдің «Язык жестов» деген еңбегі — бүкіл Еуропада ең көп тараған атышулы кітап [4].

Мұндай мысалдар әлем халықтары тарихында мың-мыңдап кездеседі.

Енді қазақтың ұлттық этнопсихологиясындағы түс көру, түс сатып алу /бұған «Түс сатқан Тазша» атты ертегі мысал бола алады/, түс садақасы, түс құдайысы деген ұғымдардың қалыптасу жайына зер салар болсақ, олардың ел өмірінде белгілі бір рухани сұранысқа, табиғи талап-тілекке орай дүниеге келгендігі байқалады. Әсіресе түс садақасына қатысты оқиғалар қазақ хандарының, батырларының өмірлерінде жиі ұшырасқан. Мысалы, Абылайханның өз сарбазы Жәнібектің түсін оңға жорып, түс садақасын жасау арқылы жеңіске жеткені жайлы аңыз-әңгіме кімді болса да қызықтырары хақ. Бұл аңызда түс жорудың екі түрлі шарты ескерілген. Бірі — қандай түсті де жақсылыққа жору, екіншісі — келер қауіпті құдайы, садақа беру арқылы болдырмау.

Абылай ханның осы түс көру мен жорудағы көрегенділігі аңызға айналған. Әсіресе атты түс садақасына шалып, қан шығарту арқылы болғалы тұрған ауыр жағдайды өзгертіп, әскерінің пайдасына жеңісті аударып жібергені — аса сиқырлы құбылыс. Атақты қолбасшы Абылай хан тағдырындағы түстің философиялық танымдық маңызы керемет рухани байлықты құрайды. Өркениетті мемлекеттердің өзінде де түс көру мен

оған сену, оны ел болып жору жоралғысына жоғары баға беріліп отырған.

Көрген түсті міндетті түрде талдап, жору — қай халықта да берік сақталған салт-дәстүр. Әдебиетші ғалым Х.Досмұхамедұлы бұл жөнінде былай дейді: «Түс жорудың (снотолкование) қазақтар арасында да үлкен мәні бар екені ежелден белгілі, сол себепті де ел ішінде арнайы мамандар — түс жорұшылар да ұшырасады. Бұрынғылардың айтуынша, түс жору Перғауынның (Фараон) түсін болжаған Жүсіп пайғамбардан басталады. Әрбір қазақ түсін біреуге жорытуға тырысады және осы жору сөзге әрдайым сенеді. «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш» және т.б. жырларда түс көру мен оны жорудың поэтикалық суреттемелері баршылық» [5,25]. Х.Досмұхамедұлының айтып отырған түс жорұшы мамандары әлі де кездеседі. Олардың небір үлгілері халық прозасы мен көркем туындыларда көрініс тапқан.

Түстің этнографиялық сипаты, түс жорудың көптеген нұсқалары жинақталған тағы бір танымды еңбек — Ә.Диваевтың «Түс баяны». Бұл үлгілерді Ә.Диваев¹ «Түс баяны» деген атпен 1901 жылы қазақ және орыс тілдерінде жариялаған болатын. Бұл үлгілердің көбі жалпы мұсылман халықтарына ортақ. Оларды ХІХ ғасырда белгілі этнограф ғалым Э.Б.Тайлор² жариялаған болатын. Осы мазмұндас тағы тағы бір топ түс жору үлгілерін 1901 жылы шығыстанушы Н.Н.Пантусов³ «Тараншылардың түс жоруын» екі тілде (ұйғыр және қазақ) жариялаған.

Осы еңбектердегі түс жорудың кейбір үлгілерін жинақтап, алғы сөзі мен түсініктерін жазған белгілі ғалым Ж.Дәдебаевтың «Түс аяны» (Алматы: Ғылым, Замандас,1992) деген еңбегінен мысалдар келтіре кетсек [5].

Егер кісі түсінде түйеге мініп жүрсе, онда о жақсы. Өйткені түйе — ұлық жануар. Түсінде түйеге мінген кісіні ұлы әулиелердің өзі желеп-жебейді. Жалпы, түсте көлікке мініп, құламай жүру — жақсы.

Түсте биікке немесе тауға шығу — жақсы: ондай түс көрген кісі өңінде үлкен дәрежеге жетеді.

¹ Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. — Ташкент, 1901. — 48-53; 63-65-6.6.

² Первобытная культура. Перевод с английского Д.А.Кропчевского. — М., 1989. — С.98.

³ Материалы к изучению наречия таранчей Илийского округа. Таранчинский снотолкователь. Текст и перевод. — Казань, 1901. — С.1-40.

Егер кісі түсінде таза суға сүңгітін болса, онда ол өңінде ақталып, ел қатарына қосылады. Егер кісі лай суға түсетін болса, онда ол өңінде қайғылы күйге душар болады.

Егер жолаушылап келе жатқан кісі түсінде түлкі көретін болса, онда өңінде оның жолы болмайды, ал егер ол түсінде қасқыр көретін болса, онда өңінде сапары сәтті болады.

Егер кісі түсінде қызыл түсті киім кесе, онда ол өңінде ел билеген бастық болады.

Егер кісіні түсінде ит қапса, онда ол өңінде кішігірім шығынға ұшырайды.

Егер кісі түсінде биіктен құласа, онда ол өңінде табысқа жетеді т.б. Түс жору нұсқалары мұнан да көп екені белгілі. Алайда, бұл жинақта олардың бәрін жүйелеп, жинау мақсат болмағандықтан, түс жору салты тек үлгі ретінде ғана келтірілген.

Тегінде, түс жору салты, оған байланысты наным-сенімдер — халықтардың өмір танымын танытатын құндылықтар. Тарихта болған белгілі адамдардың өңінде шындыққа айналған түстері де баршылық. Және олардың бәрі де адамзаттың алдағы күннен күтер үміті тек жақсылық, қуаныш, бақыт екенін байқататын баға жетпес құнды деректер.

«Түс көру» атты тақырыптағы араб тілінен аударылған бір дәптерді 1971 жылы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына А.Барлыбаев деген кісі тапсырған. Бұл қолжазба 734-бумада сақтаулы [6]. Ол 12 оқушы дәптерінен тұрады. Біздіңше, бұл мұсылмандардың түс жоруға байланысты тұрмыстық энциклопедиясынан алынған үзінділер болса керек. Мұнда да түс жорудың бірнеше нұсқалары берілген. Әсіресе мұсылмандық түс жоруға байланысты алуан түрлі қызықты деректер мол кездеседі. Түсті қалай жорудың техникасы, оның дайын жору-дәйектемесі, көптеген нұсқалары бар. Олар тарихи, ғылыми құнды материал екені сөзсіз. Қазіргі кезде түс жоруға байланысты орыс және қазақ тілінде көптеген томдарды құрайтын энциклопедиялар кітап дүкендерінде қаптап кетті. Олардың түрлі тақырыптағы, алуан сала-салаға бөлініп, жиі-жиі жарияланулары әлі де болса оқырмандар сұранысына ие екендіктерін, жалпы жұртшылықты қызықтыратынын дәлелдесе керек.

Әдебиетші Б.Сағындықұлы Мүсірбай-телеу «Ғаламның ғажайып сырлары» атты ғылыми еңбегінде: «.../Малакки түс/

періштелер көрсететін түстің белгілері: таң алдында көрінеді, өте қысқа болады, ап-айқын болғандықтан өмірбақи ұмытылмайды. Келешекте жақсылыққа, яки жамандыққа жолығатыны жөнінде ишарат етіледі. Расында түсте көргендері өңінде іске асады. Мұндай түс көпірлерге көрінбейді. Өйткені періште оларға жоламайды», — деп түсіндіреді [7, 27].

Түстің адамға ену мерзіміне байланысты этнопсихологиялық ұғым-түсінік жалғыз түркі елдері емес, бүкіл әлем халықтарының көркемдік танымдарында бар табиғи құбылыс. Оны орыс ғалымы И.П.Сахаров «Сказания русского народа» атты ғылыми еңбегінде былайша түсіндіреді: «...наши старушки различали сны по времени их появления. У них сны бывали: вечерние, полуночные, утренние. Вечерний сон не имел никакой важности; ему мало верили, об нем даже не ворожили. Сон полуночный почитался важным; об нем-то заботились более всего» [8, 131].

Бұл жайлар халықтың өмірі мен санасында біте қайнасып жатқан түс көрудің тамыры тереңде, оны жору дәстүрінің аясы да ұшан-теңіз екендігін аңғартады. Фольклорлық ғылыми еңбектерде түс — мотив саналғанымен, әдебиеттанушы ғалымдар оны көркемдік бейнелеу құралы деп түсіндіреді. Әсіресе адам жанын терең танып, ішкі құпия сезімдерді тереңдей талдап, зерттеуге зер салғысы келетін қаламгерлер өмір шындықтарын эстетикалық, көркемдік деңгейге жеткізу барысында осы кейіпкердің түс көру көрінісіне көп көңіл бөлетіні күмәнсіз. Өйткені адам санасына еніп, оның рухани әлемімен біте қайнасып кеткен халық танымындағы түс көру ішкі психологиялық үдерістерді нанымды беруде орасан зор қызмет атқарады. Мәселен, қарапайым халықтың өмірлік тәжірибелерінен тұжырымдалып, қалыптасқан «өмір-түс» деген түсінік бертін келе көптеген ақындарда (Пушкинде) сол күйінде адам өмірінің универсалды моделі ретінде терең философиялық астарды, әлемтануды құрайды.

Түсті поэтикалық образдық теңеу сапасында «өңім түгіл түсімде көрмеген», «түс көргендей болдым», «түсім секілді» т.б. сияқты тіркес-түсініктердің өмірден өз орнын ойып алғанын, түс көрудің көркемдік ойлау жүйесінде, көркем мәтіндерде тұрақты құбылыс болып, етене еніп кеткенін ескермеу мүмкін емес. Бүгінгі кемелденген, өркениетті көркем прозамызда түс

көру тәсілінің қол жеткізген көркемдік жетістігі — тап сол көне мәдениетте, ауыз әдебиетінде, фольклорлық мұраларда, ұлттық мәдениет мәйегінде әбден-пісіп жетілгендіктің жемісі десек, артық айтқандық емес.

Әдебиеттанушы, жазушы А.Ремизовтың түсінігінше, «түс көру — әдеби тәсіл. Орыс әдебиетінде бұл тәсілсіз көркем шығарма жазылмайды» [9]. Десек те біздің ұлттық әдебиеттану ғылымында түс көру тәсілінің көркемдік-бейнелегіштік қасиеті мен қызметі әлі күнге дейін зерттелінбей келеді. Оның басты себебі — фольклортанушы ғалымдардың түс көруді мифологиялық ой-сананың сәулесі деп, таза көркемдік бейнелеуіштік қасиетіне мән бермегендігінен болса керек.

Мәселен, белгілі фольклортанушы ғалым С.Садырбаев: «Тегінде түс көру арқылы ғашық болу салты араб, парсы, үнді аңыздары (Бозжігіт, Сейфул-Мәлік, Иранғайып-Шах-Ғаббас, Жүсіп-Зылиха) сияқты шығыс қиссаларына тән құбылыс» [10, 51], — десе, профессор Ш.Ыбыраев: «Мұның себебін дәл басып айту қиын. Бәлкім, ата-бабаларымыз түс көруге және оның жоруына айрықша мән беріп, оны тылсым күштің құдіретімен сабақтастырып, оған шексіз сенуі де ғажап емес. Бұған халқымыздың тарихынан, наным-сенімінен мысалдарды тізе беруге болар. Әрі түсті жорудың символикасы, белгі-нышандары да жинақтауға, жүйелеуге болатын құбылыстар, — дейді [11, 115].

Бұл, әрине, фольклортанушы ғалымдарымыздың түс көруді көркемдік бейнелеу құралы деуден гөрі, анимистік наным-түсінік, шығармалардағы символика, «мотив» деп қарайтындығын аңғартса керек.

Енді кейіпкердің түс көру эпизодын талдаудың, оның арнайы психологиялық бейнелеу құралы ретінде зерттелу жайына тоқталар болсақ, әлемдік және орыс, түркі тектес халықтар әдебиеттануында да оған терең мән бермеушілік аңғарылады. Мәселен, орыс әдебиеттану ғылымында әдеби түс көруді талдау жөнінде 1990 жылы Самарқандта қорғалған Ж.М.Степаньянцтың «О роли сновидений в романах Достоевского» атты кандидаттық және Д.А.Нечаенконың «Художественная природа литературных сновидений (русская проза XIX века)» атты докторлық диссертациялық еңбектері бар. Бұл тақырыпты зерттеуде орыс әдебиеттану ғылымында бір жүйелілік бар.

Белгілі теоретик әрі әдебиеттанушы ғалым М.Бахтиннің айтуынша, көркем шығармадағы түс көру эпизоды тұңғыш рет еуропа әдебиетіне «Мениппея» атты көне сатира жанрында енгізіліп, көркемдік таным болып қалыптасты. Мениппея — негізі қара сөз бен өлең сөздің еркін араласуынан туған әдебиет жанры. Бұл жанрдың аты б.з.д III ғасырда өмір сүрген Мениппа — деген ойшылдың шығармашылығымен тікелей байланысты. Бұл терминді әдебиеттану ғылымына М.Бахтин ендірген. Мениппея жанры әр кезеңдегі әдебиет құбылыстарына өз әсерін тигізіп отырды.

Бұл жанрдың әдебиетке психологизмнің алғашқы элементтерін енгізген үлкен жаңалығы М.М.Бахтиннің бағалауында, алғаш рет моральдық психологиялық сынақ жасалып, сананың екіге жарылуы, әдеттегіден тыс түстер, ақылсыздыққа, өзін-өзі өлтіруге дейін алып келетін психологиялық жағдайды бейнелеу арқылы жүзеге асты [12, 183].

Мениппеяның көркем әдебиеттегі көрінісін М.Бахтин Достоевскийдің полифониялық романымен тікелей байланыстырады. Б.з.д. I ғасырдағы римдік ғалым Варронның «Бимаркус» («Двойной Марк») атты мениппеясындағы Марк деген кейіпкер санасындағы екі дауысты айтыс-диалог М.Достоевскийдің суреткерлік шеберлігінің нәтижесінде бүтіндей өзгеріп, түрлік, құрылымдық, көркемдік жағынан күрделеніп, полифониялық роман жанрының тууына себеп болады. Оның дәлелі — М.Достоевскийдің «Двойник», «Братья Карамазовы» атты шығармалары.

Әдебиеттанушы-жазушы Алексей Ремизов (1877-1957) бүкіл өмір бойы көркем шығармадағы түстердің табиғатын зерттеген. Түстегі драма мен шындық оның «Огонь вещей», «Мартын Задека», «Сны и предсонье» атты көркем шығармаларының өзегі де болды. Ол үшін түс — өзге әлеммен бұл өмірдегі небір құпия сырларды ашатын және өзге әлеммен бізді байланыстыра тын бірден-бір байланыс жолы.

Әлемге әйгілі жазушы әрі әдебиетші Карлос Кастанеданың «Искусство сновидения», «Учение Дон Хуана...» атты танымдық ғылыми зерттеу еңбектерінде көне Мексика еліндегі магиялық өнер, оның ірі өкілдері шамандардың кеменгерлігі мен көріпкелдігі, түс жорудағы таңғажайып қасиеттері туралы талданып, зерделенеді. К.Кастанеданың 9 кітаптан тұратын бұл

еңбегі жарық көрісімен дүние жүзі елдерінің тілдеріне аударылып, рухани өмірде үлкен ренессанс тудырды. К.Кастанеданың осы еңбегімен танысқан әлем әдебиеттанушылары мен жазушылары адам табиғатына тән түс көру құбылысының небір тылсым сырларына терең мән беріп, бетбұрыс жасағаны белгілі. К.Кастанеданың осы еңбектеріндегі ой-пікірлері белгілі фольклорист ғалым Е.Тұрсыновтың «Древние типы носителей казахского фольклора (генезис и типология)» атты докторлық диссертациясындағы көне замандағы шамандардың этимологиясын түс жорұшы деп тануымен үндес келеді.

Қазақ сөз өнерінің ескерткіштерінде түс көру мотиві фольклор мен авторлық ауыз әдебиетінде, әсіресе Пайғамбарлар туралы аңыз-әңгімелерде көп кездеседі. Бұларда адам «санасынан тыс» көрінетін таңғажайып күштердің, Пайғамбарлардың, Қыдыр аталардың, әруақты бабалардың түске еніп, аян берулері — дәстүрге енген, бүкіл адамзаттың көркемдік ойлау жүйесінде мойындалған құбылыстар. Қыдыр ата, әруақтар т.б. секілді көріпкел кейіпкерлер VII-VIII ғасырлар әдебиетінде, яғни ислам дінінің дүниеге келіп, ел арасында кеңінен насихаттала басталған тұсында көптеп көрінген.

Міне, осынау мол рухани құндылықтарымыздың әдебиеттану ғылымындағы зерттелу барысына көз салар болсақ, әдебиетіміздегі діни дәуір мен оның жанрлық түрлері хақындағы алғашқы ғылыми пікірді А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышындағы» «Діндар дәуірі» атты тарауда діни әдебиеттің жанрлары айқындалған.

А.Байтұрсынов: «Бастапқы жазба әдебиеттің басты мақсаты — дінді жаю, дінді күшейту болса, соңғы әдебиеттің бас мақсаты — тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту болады. Сөйтіп, жазба әдебиеттің өзі екі дәуірге бөлінеді: 1) діндар дәуір, 2) ділмар дәуір. Діндар — діншіл деген мағынада, ділмар — тілшең деген мағынадағы сөздер.

...Діндар дәуір — ауыз әдебиет түріне түр қосып жарытқан жоқ. Анайы әдебиеттегі /миф/ шығармалардың түрлерінен діншілдігімен ғана айрылмаса, айрықша түр-түрпатымен айрыла қоймайды. Діндар жағының басымдығымен айрылатын түрлері мынау: қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме», — деген тұжырым жасап, діндар әдебиеттің жанрлық ерекшеліктерін, оларды құрайтын

тоғыз жанрлық түрді алғаш рет анықтап, ғылыми айналымға енгізген [13, 178].

Фольклортанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Әзібаева: «Қазақтың діни дастандары» атты еңбегінде діни дастандарды мынадай жанрлық түрлерге бөліп қарастырады: «1. Діни дастандар; 2. Хикаялық (новеллалық) дастандар; 3. Романдық (ғашықтық) дастандар; 4. Қаһармандық-романдық дастандар; 5. Қаһармандық-хикаялық дастандар» [14, 27].

Осы ретте дастандардағы түс көруші кейіпкерлерге тоқталып өткен жөн сияқты. Өйткені әлем халықтарының, соның ішінде қазақ, түркі халықтарының фольклоры мен авторлық ауыз әдебиетінде, діни дастандарында жиі кездесетін Пайғамбарлар, Әулие-әмбиелер, Қыдыр, Қызыр ата бейнелері, Ғайып ерен, Қырық шілтен, Ғайып ана т.б. сынды кейіпкерлер көбімізге етене таныс. Алайда олар туралы мағлұматтар мардымсыз.

Діни дастандардағы көркемдік образға айналған Ғайып ана, Қызыр Ілияс, Ғайып ерен, Қырық шілтен сияқты ұғымдар өзара мөндес атаулар. Атап айтсақ:

Ғайып ана — сырттай қамқорлық ету, жоқ жерден жолығып, қол ұшын беруші, жасырын сырт көз т.б. секілді мәндерге ие.

Қызыр (Қыдыр) — көптеген шығыс халықтарының, әсіресе мұсылман әдебиетінде жиі ұшырасатын ертегілік, тіпті, жартылай мифтік тұлғалардың есімі. Әдетте олардың аты Ілияс Пайғамбармен бірге қосақталып атала береді. Хизр, Қызыр араб тілінде — Қидр: араб тіліндегі «дад» әрпінің иран тілінде «зад» болып оқылуына байланысты парсыша бұл сөз Хезр түрінде [15, 118], қазақ тілінде Қызыр, Қыдыр болып айтылады. Мұсылмандардың аңызы бойынша, Қызыр әулие жасыл киім киіп жүрген (қызыр — арабша жасыл). Бұл әулиенің бейнесі, шығу тегі әр халықта әртүрлі.

Қыдыр — еларалап жүретін бейнелі «әулие», адамға «бақыт», «дәулет» беруші [16, 542]. Қазақ фольклорында да Қызыр адамдарға әулие түрінде көрініп, әртүрлі жамандықтан қорғап жүреді. Қызыр Ілиястың жанында әдебиетте «шілтендері» болады. Қазақтардағы Ғайып-ерен, Қырық шілтен, Баба Түкті Шашты Әзиз, Қызыр әулие секілді тіркестердің бәрі де осы кейіпкерлерге байланысты туған. Сондай-ақ «Қыдыр дары-

сын», «Қырықтың бірі — Қыдыр» деген бата, мәтел сөздер де «Қызыр Атаның» халқымыздың рухани кеңістігінде терең із қалдырғанын аңғартса керек. Олар кейде Пайғамбар, кейде Пір, кейде Қыдыр, кейде Әулие болып өзгере берді.

Негізі, періштелермен түсінде тілдесуді «Аян» деп атайды. Осы орайда және бір ескерер жәйт — осы кейіпкерлердің бәрі түс жорушы, аян берушілердің аттары әр жерде әртүрлі айтыла береді. Аян беруші кейіпкерлер: «Мұңлық-Зарлықта» ақсақалды кісі аян беріп бір ұл, бір қыз беретінін хабарлайды. «Құбығұлда» Уәли ханға Баба Түкті әулиенің мейірімі түсіп, рақым етуі суреттелген. Әзірет сұлтанға бала тілеп аттану «Алпамыс батыр» жырында Баба Түкті Шашты Әзиз әулиеге сапар шегуі арқылы баяндалады. Мұнда ақ сәлделі, қолында асасы бар дуана аян береді. Сондай-ақ атақты Ақсақ Темірдің түсінде Қожа Ахмет Яссауи аян береді.

Түс жорушы кейіпкерлер: Оғызнамада Түсімел (Түсімел — түсінде көретін, түс жоритын), «Батырлар жырында» мыстан кемпірлер, Қызыр әулие, Пірлер, әулие бабалар т.б. түс жориды. Тарихи жырларда, мысалы, Абылай ханның кеңесшісі Бұқар жырау түс жорушысы ретінде көрініс береді.

Енді сол пайғамбарлардың жеке өмірлеріне үңілер болсақ, олардың түстерінде аян берілмегені кемде-кем. Тәңір мен пенденің екі ортадағы байланыстарында түс керемет қызмет атқарады. Тіпті, Жаратқан иенің кейбір пайғамбарлармен келісім жасауында да түс ерекше орын алған.

Ия, адам тағдырын түс аян арқылы болжап сезіну — Ислам дәстүріне тән құбылыс. Сондай-ақ «Діни дастандарға» жататын «Қисса-и Мұхаммед Расул Алланың дәрул пәниден дәрул бақиға рихлат (рихлат — саяхат ету, жолға шығу, алыс жол) еткен мәселесі», «Мұхаммед пайғамбар» т.б. дастандардың бәрінде түс көру мотиві бар және олар ұзақ баяндалған. Мұхаммед пайғамбардың дүниеден өтетінін ең жақын деген сегіз туысына Аян беру арқылы көрінуі, ол түстерін әрқайсысының талдап, жорулары бүкіл шығарманың басты өзегі болады. Әсіресе мұнда фольклордағы өлімге байланысты символдық нышандар этнографиялық мән-маңызымен түс көру арқылы беріледі [17,432].

Пайғамбарлар туралы әңгімелердегі түс көру, аян беру, оны жорудың бірнеше үлгілерін мифтік әңгімелерден көруге бола-

ды. Атап айтсақ, «Қазақтың мифтік әңгімелері» жинағының «Жасаған Алла-тағала, Пайғамбарлар, Өзірейіл, алдашы, ажал», «Арыстан баб мазары туралы, Ақсақ Темір, Қожа Ахмет Яссауи», «Көріпкел, әулие, киелі, бақсы адамдар» атты тарауларында ерекше қасиеті бар әулие, көріпкел, Пайғамбарлардың сәуегей түстері, түс жору, аян беруге байланысты қызғылықты тарихи уақиғаларды кездестіруге болады [18, 320].

Орта ғасыр кезеңіндегі әдеби мұраларда түс көруге деген қызығушылық күшейтілді. Құраннан бастау алған Періште-Пайғамбарлардың, Қыдыр ата, әруақты әулиелердің түске еніп, аян беруі, түс жоруы, түс садақасын беру т.б. секілді түс көру мотивінің көптеген элементтері мен компоненттері түрлік тұрғыдан көбейіп, жанрлық, мазмұндық, көркемдік жағынан жаңартылды. Түс, біріншіден, адам өмірінің универсалды моделі ретінде көрінді. Жалпы, түс, түс көру терең философиялық дүние танудағы подтекст /символдық астар/ болып қалыптаса бастады. Пайғамбарлар туралы түрлі хикаяттардың кейінгі ұрпаққа, әсіресе дара туған талантты тұлғалардың тағдырына, өміріне, өнеріне өшпес із салып, солар туралы аңыз-әңгімелердің тууына тікелей әсер еткенін де байқауға болады. Және бір таңғаларлығы — олардағы ой мен оқиға құрылысы, мән-мағынасы жағынан да, ұлттық дүниетанымның, рухани үндестіктің үздік үлгісі секілді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін, Құрандағы «Ғалақ» 96-сүресіндегі бастапқы бес аяттың Мұхаммед Саллаллаһу ғалайһи уәссаламға алғаш рет шындық жолын нұсқаған сәтке назар аударайық:

«...Ол адамзаттың құтқарушысы, Алланың сүйіктісі, хазреті Мұхаммед Саллаллаһу ғалайһи уәссаламға тақау келіп тұрды да, әлдебір жазулары бар жылтырауық орамды ашып, саусағымен нұсқап:

— Оқы! — деді.

— Мен оқи білмеймін ғой, — деді Мұхаммед.

Жәбірейіл оған тағы да :

— Оқы! — деп бұйырды.

Хазреті Мұхаммед (с.а.с.) әлгіндегі жауабын қайталады: «Мен оқи білмеймін». Ал Жәбірейіл-Әмин дереу пайғамбарымызды мықтап ұстап алды да, мүбәрак кеудесінен үш мәрте сығып-сығып жіберді. Баяғы бала кезінде, сүт анасы Халиманың үйінде жүрген шағында көрген ғажайып оқиға есіне түс-

кендей болды, жүрегіне жазылған жазулар елестеп өтті. Бұл Құран Кәрімнің алғашқы уағыздары болатын. Екі мәрте жасалған қатты қысымнан соң көз пердесі, көңіл шымылдығы ашылып жүре бергендей әсер туды. Пайғамбарымыз ғажайып бір күйге түсті. Періште үшінші рет әмір берді. Әуелде көз алдына тосқан аятты оқыды. Сонымен хазреті Мұхаммедке пайғамбарлық өкілеттігі берілді» [18, 55].

Тап осы мазмұнды мотивті кешегі мен бүгінгі көзі тірі тарихи тұлғалардың да өмір-дерегінен оқып, біле аламыз. Мәселен, біздің санамызда мифтік образ ретінде орнығып қалған пайғамбарлардың, әулие бақсы-балгерлердің ғана емес, кәдімгі тарихта болған белгілі адамдардың, ірі тұлғалардың түстерінде де Аян берілуі арқылы олардың таланттары ашылып, тағдырлары анықталғаны жайлы өмір шындығы бізді ойлантпай қоймайды.

Айталық, көрнекті ғалым Қ.Жұмалиевтің еңбегінде: «Жыршылардың өнері оларға тылсым күштердің өмірімен дариды деген ұғым көп халыққа ортақ. Қазақтарда бұл ұғым домбырашылық, бақсылық, ақындық өнермен байланыстырылады. Мысалы, Алмажан Азаматқызы: «өлең дарыған» түсінде Ер палуан аян беріп, «толға» депті — деген аңыз айтылады, ертеңіне-ақ толғап қоя беріпті» [19,144] — десе, белгілі ғалым Ы.Дүйсенбаев: «Жырау Сеңгірбайұлы Мұрын өзінің Мұрат Мөңкеұлы ақынмен кездескені жайлы былай деген еді: «Мен Мұраттан өлеңді қалай айтып кеттіңіз? — деп сұрағанымда, ол кісі: «Бір күні түсімде үлкен жиын-той болып, отырған жұрт маған «өлең айт» деп даурығысты, «білмеймін» дегеніме құлақ аспады. Сол жерде телпегімді қолыма алып, өлеңге бастым. Оянсам түсім екен. Ертеңіне тұра сала өлең айтып едім, аузыма сөз түйдектеп түсе берді. Содан былай өлең айтатын болып кеттім» [20, 65].

М.Әуезов осы орайда «Қырғыздың батырлық эпосы» атты жыр жинағының бірінші кітабына жазған алғысөзінде: «Манасты жырлағандар — біріншісі Келдібек, Балық, Сағымбай, Тыныбек, Ақылбек, соңғысы Қаралаев. Тыныбектің тыңдаушыларды ұйытқан «Ғажайып түсі» көп халді аңғартады, — дей келе, былай деп ой түйеді: «Осылай түс көрдімнен» тек Тыныбек емес, Сағымбай да, Қаралаев та бас тарта алмаған... сөйтіп түс көру бір-біріне ұқсас келіп, дәстүрге айналған» [21, 8].

Міне, Сүйінбай, Шашубай, Болман т.б. сияқты ақындар туралы да айтылып жүрген тап осы мазмұнды аңыз-әңгімелер көп-ақ. Өлемге аттары әйгілі қолбасшы, ұлы әмірші, ханбилер, ақын-шешендердің т.б. өміріндегі көрген түстері де небір әңгімелерге өзек боларлықтай. Оған дәлел ретінде тарихи тұлғалар — Абылай хан мен Кенесары түстері халық арасында аңыз болуымен қатар, бүгінгі көркем прозада қайтадан көркемдік санада жүйеленіп, талданып, эстетикалық құндылыққа қол жеткізгенін айтқан мақұл. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп жинаған «Абылайдың түсі» атты аңыз-әңгіме Ә.Кекілбаевтың «Үркерінде» күрделі философиялық тұғырға көтерілсе, Кенесарының түсі І.Есенберлиннің «Қаһар» атты тарихи романында биік көркемдік, эстетикалық мәнге ие болып, рухани мұрамызға айналды.

С.Дәуітовтің құрастыруымен жарыққа шыққан «Абылай хан» атты жинақтың «Абылай ханның түсі» атты тарауында (Мәшһүр Жүсіп жинаған аңыз-әңгіме — П.Г.) Абылай ханның келешегін болжаған түсі мен оны Бұқар жыраудың жоруы туралы әңгіме шертіледі. Оның қысқаша тарихы мынадай: «... Абылай: «Түсімде бір жолбарыс келіп, шатырымның алдына шөгіп, мойнын салып жатып алды. Бұл не қылғаны деп қарап едім, әлгі жолбарыс дегенім аю болды, одан кейін түлкі болды. Одан кейін қарсақ па, қоян ба, әлденеме болды. Оянып кеттім, көргенім осы», — депті.

Олай болса, шатырыңның алдына келіп шөккен жолбарыс — өзіңнің бақ-талайың. Сен өзің бір жолбарыс едің. Оның шөгіп басын көтере алмай жатып алғаны — жетіп жығылған жерің осы болғаны. Енді бақ-талайың көтерілмейді. «Баяғыдан бері жүріп-жүріп есіл Абылай сарттан өліпті» дегізбей, осы жерден аман-есеніңде қайта ғой.

Енді қарасаң, аю болғаны — өзіңнен соңғы заман аюша алысып өтетұғын заман болады. Онан ит-құс болғаны — ит-құсша жұлысып өтетұғын заман болады. Онан түлкі болғаны — түлкіше бұлаңдап жүріп күнелтетін заман болады. Онан қоян болғаны — қоянша кебектен-кебекке қорғалап жан сақтайтын заман болады» — деді [22, 325]. Тап осы мазмұндағы түс І.Есенберлиннің «Қаһарында» басқаша мағынада, яғни баласы Сыздықтың кеудесіне өткір кездік қадап, сынаудан кейінгі Жүсіптің: «Нағыз көкжал болады» деген сөзінен соң атасы

Абылайдың хан сайланған күнгі түсін, оны жорыған Бұқар жыраудың сөзін еске ала отырып баяндау арқылы беріледі.

Алайда романдағы Кенесарының түсі тым ұзақ болғандықтан қысқаша ғана мазмұнын берсек дейміз. Мұндағы түс Кенесарының серіктері — Таймас пен Әбілғазыға баяндап беру арқылы, яғни диалог түрінде беріледі. Кенесарыны көп қобалжытқан бұл түсте ол өз ажалын көреді. Қалың қазақтың Қырғыз манаптарымен соғысы, Орман деген манаптың Кенесары басына тіккен үш мың күміс ақшасы мен алтын медалі үшін оны өлтіргені, өлгеннен кейінгі халықтың Кенесарыны жоқтауы (жоқтау өлеңдер толық берілген — П.Г.) оның басының Ленинград Эрмитажынан орын алуына дейінгі тарихы бірнеше бет бойы ұзақ-сонар баяндалады [23, 198]. Тарихи тұлғалардың (Абылай хан, Кенесары т.б.) ел келешегін сәуегейлікпен болжауда айтарлықтай рөл атқарған бұл түстері біздің әдебиетімізден, көркемдік ойлау жүйемізден лайықты орнын алғандығын айғақтайды.

Өмір шындығын көркемдік шындыққа ұластырып, кейіпкердің дүниетанымдық арналары мен ойлау сипаттарын ерекшелендіруде, ұзақ ғасырлар бойы халқымыздың көркемдік талғамын, сана-сезімін өсіруге өзіндік үлесін қосқан түс көру сөз өнерінде сана актілерінің сан алуан сезімдік — эмоциялық, психологиялық құбылыстарын бейнелейтін техникалық құрал болғаны белгілі.

Енді бір сәт батырлар жырындағы түс көру сарынына тоқтала кетсек.

Фольклорлық туындыларда кейіпкердің жан дүниесін, олардың күйініш-сүйінішін, көңіл-күй толғаныстарын, сезімдік-психологиялық қозғалыстарын бейнелеудің бірнеше көркемдік түрлері орын алған. Олар: батырдың (кейіпкердің) ішкі сезім толғаныстары, жетпіске келгенше жалғыз ұлға зар болған ата-аналардың қасірет-шері, жауға аттанған батырдың артында қалған жұртының, қарындас-жұбайының толғау-зарлары, елге деген сағыныш т.б. Оның ішінде ерекше атап өтер көркемдік құралдардың бірі — диалог, яғни еліне жасырын келген батырдың ел сыртындағы /Алпамыстың сақау Балдамшамен, Қобыландының қойшымен және анасымен т.б./ адамдармен сөз сайысы сәтіндегі толғаныстары, психологиялық жағдайы, күйініш-сүйініші, бір-бірінің бет-жүзіндегі физиологиялық,

физиономиялық, эмоциялық құбылыстар. Кейіпкердің әртүрлі көңіл-күй сәттерінде болатын психологиялық процестерді қарапайым болса да, нанымды, көркем кестелеудің үздік үлгілерін көрсеткен фольклорлық туындылардағы рухани құндылықтарды мүлдем ескермей кетуге болмады.

Осы орайда шығыстанушы А.С.Орловтың: «Казахские былины не ограничиваются механическим движением рассказа, они живописны, эмоциональны, взаимоотношения персонажей сложны...» [24, 148], — деп қазақтың ауыз әдебиетіне берген жоғары бағасымен келісуге тура келеді.

Эпостық туындылар сол кезеңдегі адамдардың ой-арманынан, қиял-мақсатынан туған «жауға шапса, өлмейтін, отқа салса, күймейтін» ерекше кейіпкерлер галереясын жасап қана қоймай, олардың моральдық характеристикасын да психологиялық тұрғыдан нанымды да нақышты жасай білген. Батырлардың схемаға салынып, бір өлшеммен кеткен көркем образдарын жанды бейнеге айналдыруда әсіресе түс көру мотивінің атқарар рөлі айрықша. Эпос жанрларын таза теориялық, көркемдік, нақтылап айтсақ, сөз өнері тұрғысынан талдаған зерттеу еңбектерде бұл мәселелер жақсы көрініс тапқан. Айталық, орыс ғалымы А.Робинсонның «Слово» в поэтическом контексте мирового средневековья» деген мақаласында, қарақалпақстандық ғалым С.Бахадырованың «Фольклор и каракалпакская советская проза», В.Я.Проптың «Фольклор и действительность», М.Әуезовтің «Эпос және қазақ халқының фольклоры», сондай-ақ «Психологические изображения в русском народном поэтическом творчестве» атты ұжымдық мақалалар жинағында, осындағы «Фольклор как искусство слово» (вып.2) атты мақалада, Д.С.Лихачевтің «Поэтика древнерусской литературы» және Е.М.Мелетинскийдің «Средневековый роман» атты ғылыми-зерттеу еңбектерінде ауыз әдебиеті мен фольклорлық мұралардағы психологизм элементтері, психологиялық бейнелеу құралдары жан-жақты талданады.

А.Робинсонның мақаласында әлемдік эпос жанрларындағы түстердің, әсіресе «вещие сны» — сәуегейлік түстердің кейіпкерлердің табиғи болмысын, жан әлеміндегі ой-сезім құбылыстарын, көңіл-күйін бейнелеудегі көркемдік қызметін нақты мысалдармен дәлелдейді. Автор орыс халқының әйгілі «Слово о польку Игореве» атты эпосындағы Святославтың

бұлдыр түсі, оны жору, өзге де символдық көріністерді талдауда эпикалық қиялдың заңдылығына сүйене отырып бір адамның жан дүниесінде болатын ішкі қайшылықтардың сөз өнерінде алғаш рет қалай бастау алғандығына ғылыми сараптама жасайды [25, 132].

Әрине, эпос туындыларындағы кейіпкерлердің идеялизацияланбауы мүмкін емес. Алайда оларды поэтикалық тұрғыдан талдағанда кейіпкерлердің әрбір іс-әрекеттері, сезімдерінің нақты көріністері (махаббаты, достығы, жауға деген өшпенділігі, елге деген сүйіспеншілігі) сезімдік, психологиялық, эстетикалық факторлар арқылы жүзеге асырылатыны ақиқат. Осы орайда көне қытай жазба ескерткіштерін жаңаша көзқараспен зерттеп жүрген орыс ғалымы Г.А.Ткаченко былай дейді: «Даже герои архаики в описании натур философов, в частности, авторов ЛШ*», приобретают черты более глубокого психологизма, чем, казалось бы, можно от них ожидать. Появился внутренний мир, совершенно новый план бытия, неведомый цельным людям древности, а вместе с ним — сомнение и душевные муки» [26, 32].

Жоғарыдағы ғалымдардың теориялық тұжырымдары біздің ұлттық көне әдеби мұраларымыздағы кейіпкерлердің күрделі ішкі табиғаты, жан дүниелеріндегі ой мен сезім арпалыстары, психологиялық сезімдік-эмоциялық құбылыстары түс көру эпизодтары арқылы тереңдетіле көрсетіледі деп ой түйе мүмкіндік береді. Өйткені түс көру мен түс жору, аян беру секілді көркемдік элементтер кейіпкердің көңіл-күйіне тікелей әсер етіп, олардың тірі пенде ретінде алуан түрлі күйініш-сүйінішті, түрлі эмоциялық сезімдерді бастан кешіруге мәжбүр етеді. Әдеби түс көруді талдаудың эпикалық сөз өнеріндегі көркемдік қызметі мен атқарар міндетін атап айтар болсақ, түстің қай жанрлық түрде де (аңыз, эпос т.б.) бүкіл сюжетті ұстап тұратын негізгі темірқазық екендігі. Түс мотиві кездеспейтін әдеби мұра бізде некен-саяқ.

Көне миф, аңыз-ертегілер, лиро-эпостар, батырлар жырларының қайсысын алмайық, бәрінде де түс көру бар. Алайда ол бейнелеу құралы емес, сол кезеңге тән мифологиялық ой-сананың сәулесі ретінде қолданылады. Мұны белгілі ғалым, фольклорист Ш.Ыбыраев былай түсіндіреді: «...түс көрудің себебінен жолға шыққан батырдың барған жерінде ешқандай

өзгеріс болмаса, яғни түстегі көргені өтірікке шықса, ұзақ жол жүріп, арамтер болған қаһарманды суреттеудің ешқандай да мән-маңызы жоқ. Сондықтан да мұндағы түстің атқаратын қызметі бір бағытта, бір жақты. Оны ойнақшытуға, мағынасын олай да, бұлай да бұрмалауға жол жоқ. Түс міндетті түрде шындыққа айналады» [27, 115].

Міне, бұл болған оқиға, көрген түс эпостарда сол күйінде баяндалуы шарт екендігін ескертеді. М.Бахтин бұл жайды теориялық тұрғыдан былай тұжырымдайды: «В эпопее сон не разрушал единства изображенной жизни и не создавал второго плана, не разрушал он и простой целостности образа героя. Сон не противопоставлялся обычной жизни как другая возможная жизнь» [28, 171].

Айталық, «Көрұғлы» эпосын алайық, ондағы оқиғаның өзі осы түс көруден басталып, сол арқылы сюжет дамып, мазмұны арта түседі. Көрұғлының әкесі Раушанбекті қызылбастың шахы Шағдат түсінде көріп шошынады. Эпос «Шахтың түсі», «Түс жору» т.б. секілді кішігірім тараушалардан тұрады. Шах жұртты жиып, түсін былай баяндайды:

«Мен айтайын, тыңда, халқым, түсімді,
Мені бүгін алтын тақтан түсірді.
Хүкімалар, баян айла, бұл қалай,
Алтын төжді басымдағы ұшырды?» — [29, 22]

деп жаман түс көргендігін баяндаса, енді бір жерде сол түске орай көңіл-күйінің өзгергендігін, тынышының тоналғандығын, түсті жақсылыққа жорымай, жаны жәй таппайтынын жеткізеді:

«Бұл түсімнен сом жүрегім солады,
Мен ойласам, маған махшар болады.
Есім-түсім білмей жаттым далада,
Айналамда қара топырақ борады.
Сөз сөйлеуге отыр келмей мәжәлім,
Дәтім қайтып, пәс болып тұр назарым.
Бұл түсімді байыппенен жорыңдар,
Таппасандар әкелемін ажалың!»

Міне, бұл үзіндіде Шахтың түс көргеннен кейінгі көңіл-күйі, ішкі жан дүниесіндегі арпалыс, қорқыныш-үрей, күдік пен күмән, соның салдарынан туған сыртқы іс-әрекеттеріндегі өзгерістер, бет-жүзіндегі мың құбылған қимыл-қозғалыстар, бейвербалды элементтер — бәрі-бәрі ой мен образдың даму логикасына сәйкес психологиялық дәлелдемелермен нақышталған. Шығарманың сюжеттік композициялық құрылымы да осы түс арқылы жүйеленеді. Алайда адамның осындай тосыннан тап болған психологиялық жағдайдағы алақұйын сезім арпалыстары бүгінгі прозадағыдай сезімдік-эмоционалдық үдерістер аналитикалық тұрғыдан талданып, зерттелуден гөрі, мұнда балаң әдебиетке тән сырттай суреттеу, құрғақ баяндау басым.

Түс көрумен бірге өмірге келіп, үнемі үзеңгі қағыстырып келе жатқан техникалық құралдың бірі — түс жору. Қазақ халқында өзінің ұлттық болмыс-бітіміне лайық түс жорудың да алуан түрлі дәстүр, салты, белгі — нышандары, жол-жоралғылары, сән-салтанаты да болған. Айталық, түсті міндетті түрде әулиелерге, пірлерге, көпті көрген, көңілінің көзі бар көсемдерге т.б. жорытқан. Және қандай қорқынышты, жаман түс болса да, оны тек жақсылыққа жоруға тырысқан. Түстің өмірде орындалуы оның жорылуына тікелей байланысты деген ұғым-түсінік әлі күнге дейін бар. «Жамандыққа жорыған адамның ажалын әкелемін» деп Шахтың сес көрсетуі де соның дәлелі. Олай болса, түс көргеннен кейінгі көңіл-күйдің еріксіз бұзылуы адамзатқа тән табиғи құбылыс. Түс — еріксіз түрде жүзеге асатын психологиялық жағдай болса, одан кейінгі сезімдік, эмоционалдық, аналитикалық үдерістер саналы түрде жүзеге асады.

Шахтың өз түсінен шошып, алыстан көріпкелі бар мыстан кемпірді алдыруының себебі де сол. «Түс жору» деген тараушада мыстан кемпір Шахтың түсі тұспалдап тұрған қауіп-қатерді қолмен қойғандай анықтап айтып береді:

«Құлақ қойып сөзім тыңда, хан-басым,
Ханмен бірге қарт-қария һәм жасың.
Қарап жатқан қаһарман ел түрікменге
Барғандарың басыңа бәле болмасын?!
...Ол-баһадур, есімі оның Көрұғлы —
Пайда болар Раушанбектің белиден»,

Бұл сөзсіз түс жорудың ауыз әдебиетіндегі озық үлгілерінің бірі. Қарапайым әңгімені, өмірдегі шындықты көркемдік шындыққа айналдыру — қиялдың жемісі, бұл. Бір бұл ғана емес, біздің бүкіл фольклорлық туындыларымыздағы түс көру әдеби мұралардың көркемдік, идеялық-мазмұндық құндылығын арттырып, бейнелеу құралы дәрежесіне дейін көтерілген бірден-бір тәсіл. Айталық, «Оғыз қағандағы»/XV/ «Оғұз қағанның аян айтатын жырауы», «Ұлуғ түрүктің түс көруі» және бұл түсін «Оғыз қағанға айтып жоруы баяны» атты тарауларда түс көру сарыны бар: «Оғыз қағанның жанында ақ сақалды, мұз шашты, шексіз өнерлі бір қарт кісі бар еді. Ақылы тура бір ер еді. Түсімел еді. Оның аты ұлуғ Түрүк еді» деген жолдар бар. Осы көне жырда алғаш рет түс жорушы кейіпкердің /тарихи тұлғаның/ есімі айтылады. Оған шығармада «Түсімел түсінде көретін, түс жоритын» деп анықтама беріледі [30, 76 б.].

Енді белгілі бір қауіп-қатерден хабар беретін аруақты бабалардың Аян беру түстері мен одан кейінгі кейіпкер көңілін нілдей бұзатын психологиялық жағдайдың және бір үлгісін «Қобыланды батыр» жырынан оқып, білеміз:

«Ортасы түннің болғанда,
Көзі кетті ұйқыға,
Мезгілі таңның жеткенде,
Таң сарғайып атқанда,
Таң шолпаны батқанда...
Жеті кәміл бабасы,
Қобыландыға сөйледі...» —

деп, ары қарай батырдың көрген түсін, бабасының аян бергені баяндалады. Түс батырдың ата-анасының, елінің, жарының өзі жоқта жауынан көрген қорлығы, бастан кешкен азаптарынан хабар береді. Қобыланды түсіне қатты қайғырады. Түсінен қатты шошынып, еліне жеткен батыр анасы Аналықтың «түс көрдім» деп айтқан сөздерін естиді.

«Жан қосағым, Тоқтарбай,
Бүгінгі түн түсімде

Түн ортасы болғанда
Құбыла жақтан жел соқты...

Қарындасы Қарлығаш та «бір түс көрдім» дейді:

Жан шеше-ке, тұра тұр,
Жан көкеме түс көрдім,
...Бабадан хабар тиді ғой,
Кетсе керек, жан көкем,
Тайбурылын сауырлап! —

деп шеше сөзін іліп әкетеді.

Қыз Құртқа да тап осы мазмұндағы түс көреді. Міне, осы эпикалық жырдың бүкіл оқиға қақтығыстарының желісін құрап тұрған — түс. Ең біріншіден, мұнда түс — хабар жеткізіп тұр және ол шығармадағы оқиғаның одан әрі дамуына дәнекер болады. Фольклорлық шығармаларда стадиялық тұрғыдан танылған түс көру әуені кейіпкерлердің табиғатын, мінез-болмысын, көңіл-күйін бейнелеуде, белгілі бір психологиялық жағдайды суреттеуде көптеген көркемдік қызмет атқарады.

Бұл ұжымдық түс көру сарыны барлық фольклорлық туындыларға ортақ көрініс. Өйткені жауды жеңуге аттанған батырдың елге ұзақ уақыт оралмауы, оның туғандарының бәрі көптеген қиыншылықтарды бастан өткеруі, олардың бастан кешкен ауыр психологиялық ахуалдары, батырды бәрінің күн-түн демей аңсап, тосулары т.б. бәрі — олардың түс көрулеріне тікелей әсер ететін факторлар. Ұзақ уақыт сарыла күтудің, күн-түн тек батырдың келуін көксеген бір отбасы жұрағаттарының ой-мақсаттарын, көңіл-күйін психологиялық нанымдылықпен суреттеудің де бір көрінісі болса керек. Және бір күнде бәрінің бір мазмұнда, ең бастысы жақсы бір хабардың түспалдануы да осы ұжымдық түске тән құбылыс, бұл жайдың жалпы адамзаттың жұмбақ жаратылысына тән қасиет екендігін, олардың рухани әлемі, арман-тілегі бір жандардың ішкі жан дүниесіндегі небір құпия қалтарыстарды да әйгілеп қоятын психологиялық үдеріс екендігін ірі талант иелерінің /Л.Толстойда Анна мен Вронскийдің, И.Тургеневте Валерий мен Луцийдің/ шығармаларындағы бір-біріне ғашық жандардың бір мезгілде бір мазмұнда түс көрулері, екеуінің де бір

сәтте бірдей көңіл-күйді бастан кешулері секілді мысалдар эпос жанрындағы түстердің де шындыққа жанасатындығын, оларда психологиялық құбылысты тани білетін табиғи бір қабілеттің ұшқыны бар екендігін ұғындыратындай, бізге. Кезінде белгісіз бір түйсікпен қолданылса да, бұл бейнелеу құралдары — бүгінде психологиялық талдау өнерінің ең өзекті мәселелері, адамның ішкі жан дүниесін тереңдеп талдаудың таптырмас тәсілі.

Қазіргі психолог жазушыларымыздың осы бейнелеу құралына ынтасы ауып, адамның күрделі тағдырын, ішкі рухани әлемін, жан диалектикасын тереңдеп ашудың бірден-бір көркемдік кілті ретінде қолдануы тегін емес.

Мысалы, «Қарабек» дастанында Кәдірхан деген ханның қартайғанша баласы болмайды. Бір перзенттің жоқтығы оның қабырғасын қайыстырады. Сонда әйелі Зәуреней «жас күнімде түс көріп едім» деп, жастықтың салдарынан айтылмағандығын айтады. Мұнда түс еске алу ретінде пайдаланылады. Арада талай жыл өтсе де, түс айнымай келіп, әулиелер Аян-бата беріп кетеді. Алайда ағалы-қарындас өсе келе бір-біріне жау болып, Ханбибі қалмақтың Қаблан деген батыры үшін бауырын құрбандыққа шалады. Бұлардың бәрі алдын ала түстері арқылы хабар беріліп отырады. Және мұндағы түстің өзгелерден ерекшелігі — ұлы мен қызының түсіне енген жәйттерді анасы сәуегейлікпен алдын ала сезіп, жорып отырады. Мұнда да түсте көрген қорқынышты хабарлардан кейінгі кейіпкерлердің бастан кешетін ой-толғаныстары, ала құйын сезімдері, шошынған жайлары, көңіліндегі күдіктері психологиялық нанымдылықпен суреттеледі. Олардың бәрі әрине алғашқы әдеби нұсқаларға тән қарапайым авторлық баяндау арқылы бейнеленіп тұрғанымен көркемдік қасиеттен де құралақан емес.

Жоғарыда сөз болған фольклорлық туындылардағы «түс көру» және «оны жору» адамның рухани әлемін, жан диалектиканы эстетикалық тұрғыдан танудың үздік үлгісі болған. Және «түс көру» — уақыт категориясымен қарастырғанда мәңгіліктің символы.

«Қарабек» атты дастандағы түс уақыт пен кеңістік категорияларымен санаспайтын мәңгіліктің символы ретінде қарастырылады. Дастандағы түс өзінің қызметін араға 30-40 жыл салып өтеп отыр емес пе? Тегінде «түс көру» мен «оны жору» секілді көркемдік элементтерде түстің көркемдік

мүмкіндігінің, қиялдың шексіздігі терең танылады. Оларда мезгіл, мекен, уақыт пен кеңістік т.б. секілді категориялар атымен жоқ. Мысалы, мыңдаған шақырым жердегі батырдың түсіне туған жерінде болып жатқан жағдайдың енуі, бір мекендегі адамның екінші кісінің басына түскен ауыртпалығын, көңіл-күйін сезінуі де табиғи түйсік, туыстық сезім арқылы бейнеленеді. Бұған бір мысал — «Бозжігіт» атты ғашықтық дастаны.

Дастанда ханның жалғыз ұлы Бозжігіт түсінде бір қызды көріп ғашық болады. Екі жас осы түсте бір-біріне деген ғашықтық дертін — тілегін айтып мұңдасады. Өңінде бір-бірін көріп-білмек түгілі бар-жоғынан хабарсыз, мекен-жайын да білмейді. Бір ғана Алла-тағаланың құдіретімен түстерінде бір-біріне аян беріп танысып, табысып, мұңдасып, тілек-зарын айтысады. Түс айтыс түрінде беріледі...

Өзге дастандардағы әдеби түс көру көрінісінен «Бозжігіттегі» түс көрудің ерекшелігі — бүкіл оқиғаның тек түсте, бүгінгі әдебиеттану терминімен сөйлесек, сана астарында туып, дамып, шарықтау шегіне жететіні. Көдімгі тіршіліктегідей тілдесуі, жүздесуі, әрине, шындыққа жанаспаса да, халық қиялына жат емес.

Ендігі бір ерекше назар аударарлық нәрсе — «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» атты лиро-эпостық жырда кейіпкердің түс көру эпизодының ерекше түрленген пішінін бере білуі. Мұндай түс пен оны жоруды диалог, сауал-жауап түрінде кезектестіре отырып, ой түзу, сөз саптау өзге эпикалық жанрларда қолға алына қоймаған тың тәсіл. Сондай-ақ түс көруді қаралы хабар жеткізудің, оны естіртудің бір тиімді құралы ретінде саналы түрде қолдануы баяндаушы-автордың көркемдік тәсілдерді қисынын тауып, келістіріп қолдана білетін шеберлігін көрсетсе керек-ті. Қайғылы хабар жеткізуші мен оны есіткендегі екінші кісінің (яғни Сарыбайдың әйелі — Ханымның) сол сәттегі қайғы қасіреті, ішкі жан дүниесіндегі күйзелістер сырттай да, ішкі шерді шығарудың бір тәсілі — сұхбат, түсті жору, соның шешуі секілді естірту мен көңіл жұбату, жоқтау т.б. жанрлық түрленулер, қат-қабат келген көңіл-күй толқыныстары арқылы бейнеленеді.

Нақты мысалға сүйенейік:

« — Жаратқан бөрімізді төңірі күшті,
Бұл дүние ойлап тұрсам, енді екі ұшты.
Мен түсімнен шошимын бүгінгі түн,
Менің сәлдем басымнан жерге түсті.

— Тазша, олай болса, мал сойғаның,
Құдайым дәриесіне сен тойғаның.
Сенің сәлдең басыңнан жерге түссе:
Бес уақыт намазға бас қойғаның», —

деп Ханым мен Тазша әңгіме-сұхбат тәсілі арқылы түс мазмұнын жекелеп айтып, жорып та шығады [31, 23 б.]. Шынында ол түсті көрді ме, жоқ па, белгісіз, ол Тазшаның қайғылы хабарды естіртудің ең оңтайлы, бірден жүректі жарақаттап алмай емеурінмен естіртудің түрі екендігін де ескеру керек. Қалай десек те, баяндаушының тыңдарманын сөзіне тәнті ету үшін тапқан көркемдік тәсілі мұрат тұтқан мақсатынан шыға білгендігі.

Жоғарыда келтірілген мысалдардың бөрі фольклорлық туындылардағы психологиялық құбылыстардың алғашқы элементтері бола тұра, кейіпкердің ішкі жан әлеміндегі сезімдік, психологиялық үдерістерді нанымды бейнелеуі бізді тәнті етеді.

Қазақ сөз өнеріндегі әдеби түстің бір түрі — ертегілік прозадағы түс көру сарынымен тікелей байланысты. Мұнда эпостағыдай кейіпкердің түс көру үзінділері бүкіл сюжетті құрап тұрмайды және оның енуінен бастап жоруға дейінгі бүкіл дәстүр, көркемдік көріністер егжей-тегжейлі баяндалып жатпайды. Ертегілік прозада түс мазмұны қысқаша баяндалып, оны жорумен шектеледі. Түс жоруға ертегі сараң.

Ертегілік прозадағы түс көрудің көркемдік ерекшелігі жөнінде әдебиеттанушы А.Жақсылықов мынадай мәнді мағлұмат жасайды: «Значимый функциональный аспект сказки влияющий на сюжетное движение мотив сновидения многие казахские сказки (циклы сказок, о мергене, Алдаркосе и др.) развивают свой сюжет, отталкиваясь от первоначального мотива сновидения героя, сновидение оказываются сложным,

с внутренними переходами из сна в сон, с пространственно-временными эффектами, они дают обильный материал для всей возможных событий, приключений, захватывающих переживаний» [32, 36]. Ғалым ертегі әлеміндегі түс көрудің оқушыға жаңа материал беретіндігін, оқиғаны өрбітуде тың соқпақтар салатындығын ерекше атап өтеді. Әдебиетші, ғалым ертегінің көркемдік әлемін көркемдеуге көп септігін тигізетін түс көрудің кейіпкердің характерлік қозғалысын күрделендірумен қатар, кеңістік пен уақыт шексіздігіне де ие болатындығын ғылыми тұрғыдан тұжырымдап береді.

Түстен кейінгі мазалану, толқу, сол сәттерде еріксіз сыртқа сезілер бет-жүздегі, жалпы көңіл-күйдегі сезімдік-эмоционалдық процестер сырттай болса да суреттелмейді. Тіпті, олар туралы әңгіме де қозғалмайды, тек «түс көріпті, түсінде аян беріпті, баласымен көрісіпті» т.б. дегендей қысқаша түс мазмұнын баяндап қана кетеді. Мысалы, «Жарты Төстік» деген ертегіде бір балаға зар болған байдың кемпіріне таңға жуық бір қожа келіп: «Әй отыз ұл берейін бе, жоқ бәріне балап, бір ұл берейін бе?» — дейді. Кемпір: «Бір-ақ ұл бер!» — дейді. Бұл түстің ертегіге тән екендігі бірден байқалады. Қиял-ғажайып, адам нанғысыз түстер ертегілерге де тән: «Ертегі соңында баяғы, шешесіне енген қожа келіп, Жарты Төстікке: «Әй, балам, ана жерде атаңның сирағы жатыр, ана жерде анаңның қолы жатыр, соны тазалап, жуып, арулап көм!» — дейді де, жоқ болады. Содан Жарты Төстік елін жиып, соған ие болып тұра береді» [31, 71].

«Желкілдек» атты ертегі де осы мазмұндас, мұнда да бір балаға зар болған Сарыбайдың бәйбішесіне аспаннан ішінде күміс қасығы, ыдыс тола балы бар күміс табақ түседі. Соны жеп кемпір балалы болады.

Міне, осы мазмұндас көптеген ертегілерде кейіпкерлердің түс көру эпизодтары шектеліп тек мазмұны баяндалып қана отырады. Біздің түсінігімізде, жыр-эпостардағыдай емес қара сөзге тән қарапайым баяндаушылық осы ертегілерден бастау алған секілді. Ертегілерден байқалған бір сарынды баяндаушылық, әңгімені тек түспен тамамдай салушылық, түс жору туралы ұзақ-сонар әңгімеге бармау, олардың шектелуі ғасыр басындағы прозада да орын алғандай.

Ертегідегі түстердің ендігі бір түрі — эпостағы секілді қара сөзбен поэзия бірге өріле, аралас баяндалады. Және де ертегіде ұжымдық түс көру дәстүрі орын алған. Мәселен, әлгі «Желкілдек» атты ертегіде Нарманбет деген ханның екі қызы болады. Бірінің аты — Күнікей, екіншісінің аты — Тінекей еді. Екі қыз ұйықтағанда түс көрді. Таңертең жеңгесіне келіп: «Жеңге, — деді.

— Мен бір түс көрдім,
Екі де қара тең көрдім,
Сорғалап аққан қан көрдім,
Жоры жеңге түсімді».

Жеңгесі қайын атасына келеді.

— Айтайын — деді, — қайын аға,
Мен бір түс көрдім,
От жағалай іс көрдім,
Екі де қара тең көрдім,
Сорғалап аққан қан көрдім,
Жоры аға түсімді!

Қайын атасы айтты: «Бұл түсті кім көрді? — деді. «Менмін!» — деді қатын. Қайын атасы айтты: «Мұны көрген сен емес. Мұны көрген екі қызым екен, қызым келсін!» — деді. «Тұсыма келіп айтсын!» — деді. Екі қызы Күнікей мен Тінекей келді тұсына.

— Жамағат, — деді, —
Құлақтарыңды бері сал!
Кеңестеріңді ары сал!
Бүгін түнде түс көрдім,
Сорғалап аққан қан көрдім.
Жоры жамағат бұл түсті.

Қыздар бұл түсін айтқан соң жамағат бұл түсті есіткен соң:

— Жамағаттың жақсылар,
Мағынасын білген бақсылар.

Ақсақалды ағалар,
Бас шалмалы бабалар:
— Ағаң бүгін келер,
Үйге олжалы келер, — деді.
Нарманбеттің қыздары —
Тінекей мен Күнікей
Бұл сөзіне нанбады:
— Өзтемір үйде жоқ болды,
Жоқ болғанда боқ болдық», —

деп жориды (67-б). Түс расқа айналып, жау келіп ханды өлтіріп, қыздарын күндікке алып, жеті жасар немересінің басын алып кетеді. Біраз уақыттан кейін Өзтемір келеді.

Екі бірдей кейіпкердің бір мазмұнда түс көруі және бірдей көңіл күйді, психологиялық жағдайды бір мезетте бастан кешуі секілді күрделі жан дүние сезімдерін дәл де нанымды түрде бере білген. Және мұнда психологиялық көңіл-күй жәй қарапайым, авторлық баяндау ретінде берілгенімен де бейнелі, өлең кестесімен кескінделеді. Ертегі мен эпос жанрларынан бастау алған екі кісінің бір мезгілде, бір мазмұнда түс көру эпизодтары көркем прозада да өзінің жалғасын тауып, жаңа бір қырынан көрінгені белгілі. Мәселен, батырлар жырындағы ұжымдық түс көру — кейін психологиялық прозада — рухани байланыстағы жандардың, туыстық, бауырмалдық сезімі бар жандардың бір мазмұнда көретін түстеріне ұласып, өзінің сөз өнеріндегі әдеби дәстүрін жаңғыртты. Оған Ә.Кекілбаевтың, Л.Толстойдың туындыларындағы кейіпкерлердің түс көру эпизодтары дәлел бола алады. Бұл көркем прозаның алғашқы баспалдағын танытар авторлық баяндау екендігі сөзсіз. Қашан көркем проза кәсіби деңгейге жетіп, өсіп-өркендегенге дейін баяндаудың бұл түрі көптеген ізденістерді бастан өткерді.

Сондай-ақ ертегілерде де ұжымдық түс көру түрі орнығып, хат-хабар жеткізу қызметін атқарды. Ол бейне бір эпос-дастандардағы сюжетті көшіргендей, солардың қара сөз аралас бір вариантындай әсер қалдырады. Негізі, көлемді эпос-дастандардың ықшамдалып, тыңдарманды жалықтырмайтындай, әсіресе ертегіге құмар жас балалардың қабылдау дәреже-

сіне сай қысқартылып, ауыз-екі айтуға ыңғайлап алатын да дәстүр бар, әдебиет тарихында. Соның бір нақты мысалы ретінде «Желкілдек» атты ертігіні алып қарастыруға болады.

«Елінің шабылып, бәрінен бірдей бір күнде айрылған Өзтемірді «жеті күн, жеті түн жылады» деп баяндайды. Мұндағы жеті күн мен түн деп әсірелеу арқылы, бір ғана теңеу арқылы кейіпкер өмірінің ең бір ауыр сәтін, қабырға қайыстырар қайғысын ертегінің жанрлық ерекшелігіне сәйкес бере білген. Ел намысын қорғап жүрген ердің қасіретін одан артық бейнелеу ол кезең әдебиетінде мүмкін емес.

Қазақ ертегілерінің, жалпы фольклорлық туындылардың бәріне ортақ бір жайт — халықтық, тақырыптық-сюжеттік, эстетикалық байланыстар, көркемдік ерекшеліктер — ортақ образдар жүйесі, біркелкі көркемдік бейнелеу құралдары арқылы ашылады. Көркем сөз өнеріндегі түс көрудің бастау көздері мен оның әдеби әдіс ретіндегі қалыптасу кезеңдерін, даму арналарын арнайы қарастыра келіп, мынадай жаңа сараптамалар, тың тұжырымдар жасалады: Түс көру — әдеби, өнер талпыныстарында әуел баста бейсаналы түрде пайда болып, кейінірек өзіндік мазмұнға ие болған көркемдік тәсіл. Түс көруге байланысты қазақтың ұлттық этнопсихологиясында қалыптасқан түс жору, аян беру, түс садақасы, түс құдайысы, түс сатып алу т.б. секілді ұғым-түсініктердің әдебиеттегі орны көрсетілді...

Әдеби шығармадағы Түсімел (Оғыз-қаған жырында), мыстан кемпір, пірлер, әулие бабалар, Қызыр, Қыдыр т.б. секілді арнайы түс жорушы, Аян беруші кейіпкерлерден өзге де әр батырдың өзінің жеке әулие-бабалары, аталары, туғандары, жеңгелері, жарлары да т.б. батырлар жырларында түс жорушы кейіпкер қызметін атқара береді. Тарихи жырларда міндетті түрде көпті көрген көсемдер, ақылды қария, би-шешен, ақын-жырау, кемеңгер кеңесшілер жоритын болған (мысалы, Абылай ханның Бұқар жырауы т.б.).

Діни әдебиетте түс көру, жору, аян беру секілді көркемдік компоненттер дүниеге келді. Аян беретін Пайғамбарлар, Әулие-әмбиелер, Қыдыр, Қызыр ата бейнелері, Қырық Шілтен, Ғайып ана, Илияс, Шашты Әзиз т.б. сынды кейіпкерлер бір жүйеге түсіріліп, олардың әдебиеттегі орыны айқындалды.

Түс көрудің әдеби тәсіл ретіндегі поэтикалық қуаты мен көркемдік рөлін арттырған жазушылар түс көру тәсілінің сан алуан түрлерін дүниеге әкелді. Бұл ретте көркем шығармаларда көрініс тапқан түс көрудің бірнеше түрлері анықталды:

1. Сәуегей түстер (вещие сны) — аян берілетін түстер, діни дастандағы Пайғамбарлардың түстері.

2. Коллективтік (ұжымдық) түс — батырлар жырындағы бір отбасы мүшелерінің бәрі бір күнде, бір мазмұнда көретін түстер.

3. Сериялы түстер (серийный сон) — бірнеше бөлімнен тұратын сериялы түс. Оған Бабыр мырзаның 1-ші (Самарқанд қаласын алардағы) және 2-ші (өлімге бас байлаған) түстері т.б жатады. Және ғалым, ойшыл Декарттың 1619 жылы 1 түнде 3 бөлімнен тұратын көрген түсі де ғажап, онда математика мен физика саласындағы методикалық жаңалықтарын ойлап тапқан. Н.Г.Чернышевскийдің «Что делать?» романындағы Вера Павловнаның сериялы түстері.

4. Мағынасыз немесе түсініксіз түстер (сон-бесмыслица) — Ө.Нұрпейісов шығармаларында көп кездеседі.

5. Түс иллюзия (алдану) түстері — М.Әуезовтің «Абай жолындағы» Абайдың Тоғжан туралы түстері.

6. Тоқырау түстері (кризисные сны) — Ө.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романындағы Өміршінің түстері.

7. Жайсыз түс (кошмарный сон) — батырлар жырларындағы жау келерде енетін түстер.

8. Бұлдыр түс (мутный сон) — елес-түс. Ж.Аймауытовтың «Елес» әңгімесі.

9. Кіреукелі, таңғажайып түс (странный сон) — Ж. Аймауытыовтың «Ақбілек» романындағы Ақбілектің Ұрқияға айтқан түсі.

10. Символдық түстер, кілең ишара, нышанға құрылған Ө.Кекілбаевтың тарихи романдарындағы Абылай ханның түстері.

Міне, бұлардың бәрі фольклорлық мұраларда көрініс тауып, бертін келе әр жазушының кәсіби шеберлігіне сәйкес өсіп-өркендегенінің, көркемдік әлемінің жан-жақты байытылғандығының куәсі.

Фольклорда стадиялық түрде танылып, символика, мотив деп қарастырылатын түс көруді жазушылар көркем прозадағы

сана астарын тереңдей зерттейтін ең тиімді де күрделі бейнелеу құралы ретінде танып, кеңінен қолданады. Көркем шығармада түс кейіпкердің іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан нанымды әрі дәл береді және әр кезеңнің өзіндік дүние танымына орай, фантастикалық, мистикалық, лирикалық, комедиялық немесе гротестік эффекті, акцент береді.

Түс көрудің қосалқы компоненттері — сандырақтау, елес, елестету, есеңгіреу, шатасу, иллюзия, галлюцинация т.б. Олар оң мен түс, өмір мен өлім аралығындағы жан азабын, шекаралық шақты, эзотериялық нышандарды, онейрикалық поэтиканы бейнелейді.

Түс — көркем шығармада шартты нәрсе. Алайда ол шарттылық кейіпкердің характерлік және шығарманың жалпы мазмұн-мәнінің логикасына, сюжеттік стерженіне қайшы келмейді.

Түс — фольклорлық және көркем шығармаларда информациялық, сәуегейлік, символдық, архетиптік-мифологиялық, психологиялық, психоаналитикалық, эстетикалық, философиялық т.б. көркемдік қызметтер атқарады.

Түстің фольклор мен көркем шығарманың сюжеті мен композициясын дамытудағы қызметі мен орны ерекше.

Түстің поэтикалық қуаты, көркемдік кеңістігі мен мүмкіншілігі мол, кейіпкердің ішкі иірімдерін бейнелеуде спецификалық ауқымы кең, мағыналық, философиялық атқарар рөлі зор.

Қаламгер қиялына ерік беретін түс көру сәтіндегі пато-психологиялық түзілістерді (жылау, үрку, қара терге малшыну, шошыну, бастығырылу т.б.) физиологиялық, физиономиялық өзгерістер мен сезімдерді суреттеу суреткерлік шеберлікті қажет етеді.

Бұл жинаққа енген фольклорлық туындылардағы әдеби кейіпкердің табиғи түрдегі ойлау, сезіну процестерін бейнелейтін түс көру эпизодтары мен оны жору символикалары көркем мәтін ретінде берілген. Алайда фольклортану мен әдебиеттану ғылымында әлі күнге дейін түс көру мен оны жору салттарының белгілі бір көркемдік тәсіл екендігін, оның өзіндік бейнелегіштік дәстүрі мен ішкі рухани әлемді тереңдеп суреттеуде айрықша рөл атқаратыны арнайы қарастырылмай келеді.

Мифопоэтиканың эстетикалық деңгейінің биіктігін байқататын әдеби түс көруді талдау көркем мәтінде символдық, мифологиялық, информациялық, сәуегейлік, психоаналитикалық т.б қызмет атқаратыны белгілі. Әсіресе кейіпкердің жан диалектикасын, әртүрлі жағдайдағы көңіл-күйін, эмоциялық сезімдік құбылыстарын қадағалай зерттейтін психологиялық арнайы бейнелеу құралдарының бірі болып саналатын әдеби түс көруді талдау көркем туындылардағы сюжетке арқау болуымен қатар, суреткердің ойлау сапасының даралық сипатын да танытады. Көркем сөз өнерінің мазмұндық мәні мен образдар жүйесін тұтастандыра сипаттайтын кейіпкердің түс көру эпизодының алғашқы элементтері фольклорлық туындыларда кеңінен көрініс тапқандығын осы жинақта жүйеленіп берілген көркем мәтіндер, әдеби мұралар дәлелдесе керек.

*Гүлзия Пірәлиева,
филология ғылымдарының докторы, профессор*



МӘТІНДЕР



I. Түс және оны жору

1. Автокөлік. Түсінде автокөлік мініп бара жатса — жағымды жаңалық. Үлкен істегі азырақ үзіліс.
2. Аға: түсіңізде ағаңызды көрсеңіз — өз-өзіңізге көп сенімділік артатыныңызды білдіреді.
3. Ағарған сақал — ауру белгісі.
4. Ағаш алып бара жатсаң — шығын.
5. Ағаш бұтау — пайдасы жоқ істерді тастап, бақытты ғұмыр кешуге бет бұрғаныңызды білдіреді.
6. Ағаш жақсаң — зиянға батасың.
7. Ағаш жарып жүрсең — қуаныш.
8. Ағаш кесе: түсте көрген ағаш кесе қолынан қайырлы іс келетін адамға жорылады.
9. Ағаш кессең — жақыныңды жоғалтуың мүмкін.
10. Ағаш сатып алып жүрсең — өсекке қаласың.
11. Ағаш тасып жүру — байлыққа кезігеді.
12. Ағаш ұстасы — халықтың қамын ойлайтын, шындық пен ақиқатты ұстанатын адамның белгісі. Үлкен қызметтегі кісіні ағаш ұстасы ретінде көру — жуырда қызметінің өсетіндігін, саудагер болса — саудасының жүретіндігін немесе айлығының көбейетіндігін, біреуге қарыздар болса — қарызынан құтылатындығын білдіреді.
13. Ағаш үй: түсіңізде ағаш үй көрсеңіз және ол үй жаңа болса — түсінігі мол абзал жанмен отбасы құратыныңызды білдіреді. Ал ескі үй болса — аурудың белгісі немесе науқасыңыздың одан сайын күшейетініне жорылады.

14. Ағаш: белгісіз ағаш ашу мен ызаны білдіреді. Лимон сияқты ағаштарды көру — сырт дүниесі мен ішкі дүниесінің әдемілігін, білімі мен амалының барлығын және ісінің сөзіне сай екендігін білдіреді. Жапырағы жоқ ағаш көру — уайым мен қуаныш. Жапырағы бар ағаш көру — ұзақ өмір, дәулет. Ағаштың үстінде жатқанын көрсе — бала-шағасы көп болады. Ағаштың үстінде тұрса — қорқынышынан құтылады. Кімде-кім түсінде ағаш ексе және ола ағаш көктей бастаса — ол адам үйленеді. Ал жемісі жоқ ағаштар қадірсіз, дүние-мүлкі жоқ адамды білдіреді. Өз бақшасына ағаш отырғызған адамның көп перзенті болады және олардың өмірі сол ағаштардың ұзынды, қысқалығындай болады. Халықпен бірге ағаштың көлеңкесінде отырғанын көрсе — түс көрген адамның Құран және сүннетке ұйығаны үшін Алланың разылығын алатынын білдіреді. Ағаштың бұтақтары — бауыры мен туған-туыстарды білдіреді. Бір ағаштың бұтақтары көгеріп, көбейгенін көру — бауыры мен туыстарының көбейетініне жорылады. Ал азаятын болса, олардың да азаятынын білдіреді. Біреудің ағашын кессе, үйінен біреу ұзаққа кетеді. Бір ағаштың бұтағының құрап қалуы — туыстарынан біреуінің өлетінін білдіреді. Егер ол ағаш біреудікі болса — сол адамның туыстарынан біреу өледі. Егер түсінде біреудің бұтақ беріп жатқанын көрсе, ол — адам балаларының малынан пайдаланатынын білдіреді. Ағаштың астынан жапырақ жинап жүргенін көрсе — болашақта мал-мүлікті болады деп жорылады. Ағаштан жеміс жинап жүру — ұрпақтың, ал әртүрлі жеміс жинап жүру — рахат өмір мен ұзақ ғұмырдың белгісі.
15. Ағаштар көрмек — барлығы да мал, бұл ағаштардың түрі, халі адам табиғатының халінше болар.
16. Ағаштың гүлі: ағаштың гүлдегені жақсылыққа және қалаған нәрселерінің орындалатынына жорылады. Түсінде ағаштың гүлдерінің жиналғанын көру — жақсылық болса да, ағаштың үстінде тұрғаннан артық емес.

17. Ағаштың жапырағы: түсте ағаштың жапырағын көру — көбінесе сүйіншіге жорылады. Бірақ, інжір ағашының жапырағы қайғыға жорылады.
18. Ағаштың қабығы: түсінде ағаштың қабығын көрсе, қолындағы мал-мүлікке ешкімнің қол сұқпайтынына және жора-жолдастарының арасында сыйлы болатынына жорылады.
19. Ағаштың құрты: түсінде ағаштың құртын көру — туыстарыңызбен араңызда келіспеушілік немесе өсек-аянға ілініп жүргеніңізді, бірақ сіздің оған көңіл аудармағаныңызды білдіреді. Ағаштың құртын көру — сізге біреулердің қастандық жасағысы келетіндердің бар екендігін білдіреді. Сондай-ақ дұшпандарыңыздың сізге жамандық жасағанын естіп, мазасызданатыныңызды білдіреді.
20. Ағза: түсінде ағзаларының бірі артық болса — байлық. Көкірек көру, мінез-құлық пен әдетті, сан көру — жеңіл-желпі қиыншылық. Мойын көру — жағымсыз әрекеттер. Тізе көру — отбасындағы қиыншылық. Қол — табысты, қуанышты, ғашық болуды білдіреді. Құйрық — ұл балаңыз болатынына жорылады. Қас — дүниеніздің артатынына және ұзақ өмірге жорылады. Емшек көрсеңіз — қыз бала туылатынын білдіреді. Сынған аяқ немесе кесілген аяқ көрсеңіз — таршылықты білдіреді. Түсінде аяғын жорыған жақсылыққа жорылады.
21. Ағын су — шығындану.
22. Ағын су — өмірдің белгісі. Ағын судың басын көру, берекетті өмірдің, еріген қардан мөлдір судың аққанын көру — бақытты ғұмырдың белгісі. Өзен судың жай ағып жатып, бірден тартылғанын көрсе, аурудан бас алмайтынын, ал судың сел сияқты қатты ағып жатқанын көру өмірдің өкінішпен өтетінін білдіреді. Арықтан лас нәрсенің не қан аққанын көру — жамандық пен қайғының белгісі деп жорылады.
23. Адам ата (ә.с.)-ды көру — түс көрген адамның бір күнә істегенін білдіреді, күнәсіне тәубе етуі керек. Адам пайғамбарды өз кейпінде көрген адам қабілетті болса,

өкім болады, егер ғалым болса, адамдар оның білімінен пайдаланады. Адам (ә.с.)-ның өзімен сөйлескенін көрсе — ғалым болады. Кейбір түс жорушылар: «Адам (ә.с.)-ды түсінде көрген адам дұшпандардың сөзіне алданып жеңіледі, бірақ соңында қайтып рахатқа қауышады» дейді. Адам (ә.с.)-ды көру — бірге бас қосатынына, кейде ұрпағының көбейетініне жорылады.

24. Адам өлтіру: түсінде бір кісіні өлтіру — ол кісіге жасайтын жақсылықты, өзінің өлтірілгендігін көру — өмір жасының ұзақтығын білдіреді. Бір топ адамның сізді өлтіруі — қызметіңіз бен абыройыңыздың өсетіндігін білдіреді. Түсінде баласын өлтіргендігін көру — халал табыс. Танымайтын біреуді өлтіру — дұшпанынан үстін болып, жауын жеңеді. Өз-өзіне қол жұмсау — тәуба ету. Егер әйел кісі түсінде күйеуін өлтіргендігін көрсе — оған жала жабылады. Адам өлтірген қызметкерді көру — қажылықты мұрат еткен адам мұратына жетеді, ауру кісі болса — ауруынан сауығады. Біреуді өлтірсеңіз — қаншама жылдардан бері таппай жоғалды деген адамыңыздан хабар аласыз. Бір адамды көз алдында өлтірсе, ол адамды танитын болсаңыз — сол адамның қолғабысы тиеді, танымайтын болса, істеген ісіне өкінеді. Егер басқа бір адамды өлтіргенін көрсе және өлтірген адам танысы болса — ол кісі ұзақ өмір сүреді.
25. Адам өлтіруші: түсінде бұл қылмысты істеу немесе бір қылмыскерді көру жақсылыққа жорылады.
26. Адам түсінде өзінің бойын қысқа көрсе — мәртабасынан түсер, бойының қысқалығын көп көрсе — өмірінің қысқалығы, адамның көкірегі — мейірбандығы.
27. Адам: кімде-кім түсінде танымайтын және еш жерде көрмеген адамын көрсе, ол — Алла тағала көрсеткен сол адамның нәпсісі. Егер сол адамға жақсылық жасағанын көрсе, ол — өзінің әрекетінің көрсеткіші. Егер екі адам көрсе — қорқыныштан құлан-таза арылады. Егер үш адам көрсе — күнәлардан сақтану керектігін білдіреді. Беделді адамнан көйлек алғанын көрсе, соның орнына тағайындалады. Егер ол адамнан жіп алғанын көрсе, ол адаммен араздасып қалады. Түсінде адамды ұрып-

- соғу — үйіңізде келеңсіз жағдай болатынының белгісі. Адамды жаралау — жоғалған затының табылатынына, адамға жәрдем беру — түс көрген адамның бос нәрсемен айналысатынына, адамды таспен ұру — жұмысында немесе сауда-саттықта жолы болмайды деп жорылады. Адамға нан берсе — науқастанады, ақша берсе — өсек-аяңға душар болады, адамды ренжітсе — күмәнді болудан құтылады.
28. Адамның аяғы: адамның аяғы жасыл түске боялғанын көрген адамның малына кесір тиеді. Жалаңаяқ жүрген адамға бәлекет келеді. Түсінде бір адамның аяғын жегенін көрген адам тура жолға түседі. Кімде-кім аяғының тасқа айналғанын көрсе, аяғының біреуінен айрылады. Аяғының кесілгенін көрген адамның малының жартысы қолдан кетеді. Екі аяқ — ата-ананың белгісі. Аяғының үлкейгенін және саусақтарының көбейгенін көру — молшылыққа кенелудің белгісі. Екі аяғының кесілгенін көру — мал-мүліктен айрылудың немесе о дүниелік болудың нышаны. Кімде-кім бір аяғының ұзарғанын көрсе — сапарға шығады. Егер бай болса — ауруға шалдығады. Түсінде төрт аяқты болғанын көру — кедей болса, сапарға шығып, оған ол жерде жәрдем берілетінін білдіреді.
29. Адамның басын көрмек — басшы болмақ.
30. Адамның денесі: дененің тазалығы мен қуаттылығы — дінге беріктігінің белгісі. Денесінің балшыққа немесе темірге айналғанын көрсе — өледі. Дененің семіздігі мен үлкендігі — мал-мүлкінің, беделінің артатынын, әлсіздігі мен кішілігі — білімі мен мал-мүлкінің аздығын білдіреді. Түсінде денесінің семіргенін көрген адамның мәртебесі өседі.
31. Адвокат. Егер түсіңізде сізді жақтап жатқан адвокат көрсеңіз — алдыңызда күтіп тұрған елеулі проблеманың шешуін табатын жан сіздің жақын досыңыз болмақ. Алайда кей достарыңыздан жауларыңызға қарағанда көбірек зиян шегесіз.
32. Азан айту: түсінде азан айту — хаж айында хажға баруды білдіреді. Азан айту — көбінесе шыншыл хабар

ды білдіреді. Азан, зікір айтқанын көрген адамның даусы әдемі болса және адамдар оны құлақ салып тыңдап тұрса — беделді адамдармен бірге болады. Түсінде төсегінде жатып, азан айтқанын көру — туған-туыстарының ең жақындарының біреуі өлетінін, көршісінің үйінде азан айтқанын көру — көршілерінің біреуінен күмәнданатынын, көшенің ортасында немесе базарда азан айтқанын көру — кедейлікті білдіреді.

33. Азаншы — жақсылыққа шақыратын кісіні білдіреді.
34. Азу тістер — жақын туыстары, жоғарғы тістер — ер қарындастары, төменгі тістер — әйел қарындастары.
35. Ай — бақ-дәулет, мұрат, қуаныш.
36. Ай, күн көрсе, яки көріп, машайхты, ұлықтарды көрсе — бір бала көріп, яки қарындастарынан жақсылық және дәулетке жетер.
37. Айдаһар көрсе — өңінде бір мықты бастықты көреді.
38. Айдаһар: науқас адамның түсінде айдаһар көруі — жақсы емес. Әйел түсінде айдаһар туғанын көрсе — әлсіз бала туады, өйткені айдаһар жер бауырлап жүреді. Өзінің айдаһар болғанын көрген адамның өмірі ұзақ болады. Айдаһардың етін жесе — малға ие болады. Көп басты айдаһар көру — оның әрбір басының бәлекет екенін білдіреді.
39. Айдаһарға, арыстанға, жолбарысқа, барысқа не мүйізтұмсыққа мініп жүрсе — барлық жауларын тізе бүктіреді.
40. Айлы кеш — махаббаттың басталуы.
41. Айна көрсе — жұмысында үзіліс болады.
42. Айран төгіліп қалса — дертті болу.
43. Айран ішсең — көңілің көтеріледі, жолға шығу.
44. Айуб пайғамбарды көрсе — бір ренжу зәхматпен әуре болар һәм малы кетер, балалары өлер, ауру зәхматынан бұрын, бұдан соң және Алла тағала бұрынғысынан да артық мұраттарға кездесер.
45. Акробат — тәуекел етіп бастамақ жұмыстан бас тартқаныңыз жөн еді. Егер түсіңізде өзіңіз акробаттықпен айналысып жүрсеңіз — сақ болыңыз. Дұшпандары-

- ңыз күшіне енеді. Егер жас қыз өзінің акробат екенін көрсе — жігіттердің көзі тек сізде болмақ.
46. Акула — күтпеген дұшпандықтан сақтану керек.
 47. Акула қуып жүрсе — кездейсоқ сапардан бас тартқаныңыз жөн.
 48. Акушер. Бұл түс өте ауыр ауруды болжайды. Егер жас қыз акушерка көрсе — үрей мен қиыншылықтар күтіп тұр.
 49. Ақ боз ат көрсең — ісің оңалады.
 50. Ақ бұлттардың көшпүі — жолға шығу.
 51. Ақ ешкі — алда атқарылар жұмыстар.
 52. Ақ кептер — зор табыс, достарыңыздың адалдығын білдіреді.
 53. Ақ киім көрсең — жол жүресің.
 54. Ақ көйлек кесең — қуанасың.
 55. Ақ қағаз — достық белгісі.
 56. Ақ қойлар көрсе — көп жамағат болар.
 57. Ақ қоян енсе — қыс қатты болады.
 58. Ақ нан жесең — кіріс кіреді, ауырып жүрген болсаң — жазыласың.
 59. Ақ өгіз — өмірдің ең биік шыңына шығу.
 60. Ақ сақалды қария көрсең — ісің алға басады.
 61. Ақ түсті киім кесе — о дүниеде де, бұ дүниеде де сыйқұрметке бөленеді.
 62. Ақ үйректер ауылдағы үй айналасында жүрсе — жақсы өнім жинаудың белгісі.
 63. Ақ шарап құйып тұрсаң — қуаныш.
 64. Ақ шұлық — өлім белгісі.
 65. Ақшаңқан бұлттар — кіріс.
 66. Алқызыл гүлдер — қуаныш, көңілді кештер.
 67. Алма — қуаныш белгісі.
 68. Алма ағашы — қуанышты жәйт.
 69. Алма, алмұрт көрсең — ләззатқа кенелесің.
 70. Алмұрт жесең — рахат табу, қуану.
 71. Алтын ақша — маңызды іс.
 72. Алтын көрсең — үлкен адамдардың шапағаты тиеді.
 73. Алтын мен күміс — байлық.

74. Алтын мен күмістің сынығы — пайдалы білімге, шыншыл дос пен өзіне тең әйелге, қайырлы перзентке жорылады.
75. Алтын сақина — үйлену тойы болатынын білдіреді.
76. Алтын тәж — істегі өзгеріске бастайды.
77. Алтын — амандық пен үміттің, сондай-ақ қуаныштың, ризықтың, игі істің белгісі, сонымен қатар қайғыдан арылу, бала-шаға, білім, тура жолға жорылады. Таза алтын мен күмістен жасалған бұйымдар — ықыласты, пәк ниетті, келісім мен тура сөздің белгісі. Түсінде алтын білезік көру — сый-құрметіңіз өседі немесе түс иесінің қолына мирас келеді. Алтын санау — уақытша науқастың белгісі. Алтын сағат — өсек-аяңға ілінесіз. Алтын жүзік — достарыңыздан жамандық көресіз. Алтын шынжыр — өте маңызды құпияларыңыз бар екеніне жорылады. Алтынды жамандыққа жоритындар да бар.
78. Алфавит: түсіңізде алфавит оқып жатқаныңызды көрсеңіз — үлкен адам сияқты әрекет жасағанмен, бала сияқты бас тарту керектігін білдіреді.
79. Алхоры — таңырқау.
80. Алып жүрсең — көз жасына тап боларсың.
81. Альбом көрсең — жаңа таныстық белгісі.
82. Аманат: түсінде бір адамның аманатты өлген адамға бергенін көрсе — ол адам сырын біреуге айтатынын білдіреді. Түсіңізде аманатты сақтай алмайтын адамға берсеңіз — сырыңыз ашылады. Кімде-кім түсінде әйеліне бір нәрсе аманат етіп бергенін және оны әйелінің сақтағанын көрсе — әйелі жүкті болады.
83. Амандасу — пайданы, сауда-саттықтағы табысты және ақиқатты ұстануды білдіреді.
84. Ана түйе (інген) көру — қатын болады.
85. Ана: анасының дүниеге өзін алып келгенін көрген адам науқас болса, айығады. Егер дені сау болса, кең пейілділігін білдіреді. Егер бай болса, қиыншылық көреді, кедей болса, бай болады. Анасымен сөйлесе — қуанышты хабар алады. Анасын ұру — аурудың белгісі. Анасымен бір жерге барғанын көрсе немесе бірге

- отырса — бақыт пен қуанышты білдіреді. Анасының жылап жүргенін көру — үлкен қайғыны білдіреді. Қайта анасының қарнына кіру — сүйгеніне қауышады.
86. Анар — дүние-мүлік, кейде әйелді, кейде бала-шағаны білдіреді. Жаңа піскен анар болса — тұрмысқа шықпаған қыздың белгісі. Дәмі, иісі жаман анар көру — әдепсіз әйелдің белгісі. Қышқыл дәмді анар — харам малды білдіреді.
87. Анекдот. Сіз анекдот айтып жүрген түс — сіздің өміріңіздің қоңырқай түстері көптігін білдіреді. Егер жас қыз анекдот тыңдап жүрсе — ол қызық іздеп жүрген топқа тап болады.
88. Ант ішу: түсінде ант ішу немесе ант беру салтанатында жүргенін көрсе — бір залымның сізді ренжітетінін және қиыншылықты білдіреді.
89. Антенна — ұзақтан келген хабар. Үйіңізге антенна орнату — ұздақтағы досыңыздан хабар алу немесе күткен ісіңіз орындалады. Кей кезде антенна жек көретін адаммен кездесетініңізді де білдіреді.
90. Аң аулау: түсінде аң ауласа, дәулетті болады. Түсінде киік, тау ешкісін, қоян және зебр көрген адам мол дәулетке бөленеді. Тазымен аң аулап жүргенін көрсе, сенімділікке жетіп, даңққа ие болады. Теңізде қармақпен таза балық аулағанын көрсе — адалдықпен табылған табыс. Егер әйел адам аң ауласа, әкесі мен күйеуінің малын қорғайтынын білдіреді. Тазы итердің қалаға кіруі — жұмыссыздықты білдіреді. Арыстан, қабылан сияқты аңдарды аулау — дұшпандарыңызды жеңіп, ісіңіздің оңға басатынына жорылады.
91. Апиын — жақсылыққа жорылмайды. Апиын ішіп, шалқайып жатқанын көрсе, өлімі жақын екенін білдіреді. Апиын істеу үшін өнімін жинап жүрген адам өзгеден жамандық көреді. Егіндікте апиын талшығын жинап жүргенін көрсе, өкінішке соқтырады. Апиын талшығын қайнату — жаман адамдармен танысады.
92. Аппақ қарлы қыс — көңілдің ақтығын білдіреді.
93. Ара көрсен — қауіпті адамға кез боласың.

94. Ара. Қол арамен аралау — алда сізді көп іс пен шаттыққа толы отбасылық өмір күтіп тұр. Үлкен ара көрсеңіз — сіз үлкен қызметте болып, елеулі адамға айналасыз.
95. Арал көрсең — моланың белгісі.
96. Араластыру: түсінде екі нәрсені бір-біріне қосып араластыру — күмәнді, күдікті істерді білдіреді.
97. Арқа. Егер жалаңаш арқаны көрсеңіз — сеніміңізді немесе күшіңізді жоғалтасыз. Мұндай түстен кейін біреуге ақыл айтуға болмаса ақша беруге болмайды. Егер бөтен адам сізге арқасын беріп кетіп бара жатса — жұмыс орныңызда біреудің қызғанышын тудырып жүргеніңізді сездіреді. Өз арқаңызды көрсеңіз — ол сіздің кез келген ортада абыройсыз екеніңізден хабардар етеді.
98. Арқан көрсең — қиыншылық.
99. Арпа көрсең — байлық қазына.
100. Арпа, бидай — азық-түлікке арзаншылық болады.
101. Арық сиыр — қымбатшылық.
102. Арық сиыр көрсе — елде ашаршылық болады.
103. Арыстан көрсең — маңызды бір қонақ келуі мүмкін.
104. Ас үйді көрсең — молшылық нышаны.
105. Асқабақ жесең — ішің ашиды, өкінесің.
106. Аспандағы от — бастықтың ауысатынын білдіреді.
107. Аспаннан жауған бұршақ — өкініштің белгісі.
108. Асхана пышағын көрсең — үйде ұрыс-жанжал шығады.
109. Асыл тасты сақина — табыс әкелер.
110. Ат көрсе — құрмет, салтанат болады. Бие көрсе — құрметті, ізгі қатынға кездеспек.
111. Атқа міну — арман-тілегі орындалады, байлығы артады.
112. Атқа мініп, көкпар тартса — тәуір қызметтің тізгінін ұстайды.
113. Аузынан һәр нәрсені шығар көрсе — сөзге деп жорылды, ауызға кірсе — рызығы молаяды.
114. Аузыңнан су төксең — біреуді ренжітесің.
115. Аула кір-қоқысты болса — табысқа кенелесің.
116. Аула таза болса — қуаныш.
117. Аурухана көрсең — ұнамсыз нәрсе жоғалады.

118. Ауруханада жатсаң — жәрдем келеді.
119. Ауыра қалсаң — керісінше, денсаулығың жақсарады.
120. Аштық. Түсіңізде қарныңыз ашса — жақсы емес. Үйіңізде де, түзде де жаныңыз жай таппайды, ал қос ғашық бас қосса — олардың отауы берік болмайды.
121. Ашық аспан — көңілдің көтерілуі.
122. Ашық терезе көрсең — өкініш нышаны.
123. Ашытқы көрсе — ақшаға кенеледі.
124. Ащы жеміс көру — қайғы, күйініш.
125. Аю — ақымақ дұшман болады.
126. Аюды көрсе — көлденең олжаға кезігеді.
127. Аяғы кір боп жүрсе — мұңаяды.
128. Аяғың жалаңаш қалса — жақыныңды жоғалтуың мүмкін.
129. Аяз бен суық — бөрінің түбі жақсылық болады.
130. Аяқ көру — мал болады һәм мағишат тіршілігі.
131. Аяқ. Қыз өзінің әдемі әрі таза аяғын көрсе — бақытты болашақ пен сенімді достар. Егер үш немесе одан көп аяқ көрсе — сіздің жоспарыңыздың тым көлемділігін және оның бәрі сәтті бола бермейтінін хабарлайды. Егер бойжеткен түк басқан аяқты көрсе — ол өз күйеуінің қожасы болмақ.
132. Аяқсыз қалсаң — ісің табысты болады.
133. Аяқтың семіп қалуы — саяхатқа шығудың белгісін танытады.
134. Әділқазы. Әділқазы алқасында жүргеніңіз түсіңізге енген болса, бұл өмірде көп нәрсеге көңіліңіз толмай жүргенін білдіреді.
135. Әйел адам екі жігітпен ұйықтаса — некесі тиімді болады.
136. Әйел босанып жүрсе — бақыт, жақсылық.
137. Әйел еркекпен сүйіссе — денсаулық белгісі.
138. Әйел көрсең — сәттілік белгісі.
139. Әйел қарбыз жеп жүрсе — бала көтереді.
140. Әйел өзін сақалды күйде көрсе — күткен нәрсесін алады.
141. Әйел кебісі — сәл-пәл қорқыныш.
142. Әйел түсінде күйеуін ұрып жүрсе — кіріс келеді.
143. Әйелдер түсінде кір жайса — ұтым болады.

144. Әйелдердің бас қосқан ортасы — артына өсек-аяң еру.
145. Әйелдің түсінде сымбатты ер адам кірсе — құрметке ие болады.
146. Әйнек көрсең — қорқасың.
147. Өлгі адам түсінде біреуді ұрса — дұшпанына бөнде болар, егерде өлтірсе — мұратына жетер.
148. Өлгі адам үстіне жақсы киімдер кесе, бұл — һәм мәртебе. Көңілі хош уақыт болғандай бір іс болса керек дер.
149. Әмиян. Егер түсіңізде ақша толы әмиян көрсеңіз — жаныңыз тыныш, бақытты өмір сүресіз.
150. Өмір беру: Ибн Сиридің көзқарасы бойынша, түсінде өмір беру — қайыр мен табысты, нан кес деп өмір бергенін көру — қызғаншақтықты, бір адамнан нан дайында деген өмір алу — ол адамның жолы болатынын білдіреді. Біреуден бидай сат деген өмір алу адам рызық алатынын, тұр деген өмір алу — үйленуді, тұрып жуын деген өмір алғанын көру — тәубе ету керектігін білдіреді.
151. Өртіс. Түсіңізде өртіс көрсеңіз — ләззат пен шаттыққа бастамақ. Ал егер өзіңізді өртіс рөлінде көрсеңіз — жақын күндері күн көру үшін үлкен күш жұмсауға тура келеді. Бірақ қобалжымаңыз, еткен еңбегіңіздің жемісі де орасан болмақ.
152. Өтеш, таңертеңгі өтеш дауысын есту — жақсы белгі. Егер сіз жалғыз басты болсаңыз, бұл түс ерте тұрмыс құруды және бақуатты үйді білдіреді.
153. Өтештер төбелесіп жатса — сіз отбасыңызды жанжалдасып, тастап кетесіз.
154. Өтештің түнде айқайлауы — қайғы әкеледі.
155. Әуелі қайсы адам түсінде атқа мініп жүрсе, сол аттан жығылмай, өзі түсіп тұрса — жақсы болады, ат мұрат дер. Сол адам мұратына жетеді деп айтады. Бағанағы аттан жығылып кетсе — жақсы емес дер, азырақ қатер болса — керек дер.
156. Әшекей бұйым. Егер әйел әшекей бұйымды сыйлық алып жатса — оны сүйікті күйеу, керемет үй-жай күтіп тұр.
157. Бағалы заттар тауып алсаң — ісінде сәттілік молаяр.

158. Базар: түсте базар көрсеңіз— мешітке жорылады. Кейбір түс жорұшылар түсте базарды көруді— дүние-мүлік деп жорыған. Сондықтан үлкен базар көрсе— оның жалпы жағдайы жақсарып, дүниесі көп болады. Ал тағы бір басқа түс жорұшылар түсте базарды көруді— қайғыны, қиыншылықты білдіреді деп жорыған. Кітап базарын көрсе— тура жолмен жүріп, тәубе етеді және жамандықпен күресу керектігін білдіреді. Дәрі-дәрмек базарын көрсе— қуаныш. Мата базары— ар-намыс, билік. Қару-жарақ базары— қуанышқа, перзентке жорылады. Жүн сатылатын базар— ризық пен пайда. Балық сатылатын базар— адал табыс, туған-туыстарымен бас қосады. Базарда ештеңе сатылмай бос тұрғанын көрсе— құлшылығындағы кемшілікті, діни әмірлерді орындамай жүргенін білдіреді. Егер базарда барлық нәрсе толып тұрғанын көрсе— түс көрген адамның сенімінің күштілігін, әрбір ісін исламның шарттарына лайық түрде шешетінін, Алланың шынайы құлы екендігін білдіреді. Базарда кедей адамды көріп, оны қасына шақырып, оған қажетті затын сатып алып сыйға тартса— жаны жұмақта болатынына жорылады. Атқа мініп базардан өтсе— мұратына жетеді. Базардың ортасында намаз оқығанын көрсе— үйленген болса, перзентті болады, бойдақ болса— үйленетінін білдіреді. Базарға барып бос қайтқанын көрсе— үміт еткен нәрсесі орындалмайды.
159. Байқұс: ұрғашы байқұс— қайырсыз, сатқын адам. Байқұстың бақырауы— қиыншылық пен өлімнің белгісі. Байқұсты өлтіру— дұшпанын жеңу, байқұсты торға қамау— қауіптің белгісі, байқұсты үйінде көру— сол үйден біреу ауыр науқастанады.
160. Байлану: түсінде екі қолының бір-біріне байланып қалғанын көру— әлсіздіктің белгісі. Қолының жіппен бір жерге байлаулы екенін көру— жақсы емес. Түсінде қолы немесе аяғының бір жерге байланғанын көрген адам өздігінен жұмысын тастайды немесе өз еркімен еркіндігін шектейді.

161. Байлау: түсінде бір нәрсені байлау — жақсы емес. Адамды байлау, сізді көре алмайтын адамдардың көбейетініне, бірақ сізге жамандық істей алмайтынына жорылады. Жануарды байласаңыз — ақша табу үшін жұмсаған күштің барлығы босқа кетеді. Ит байлау — қандай да бір іс үшін қуанып, артынан ренжитініңізді білдіреді. Дұшпаныңызды байласаңыз — арам жолмен көп ақша табасыз. Кейбір түс жорушылар адам еркін болғаны үшін оны еркіндігінен айыру жақсылықтың нышаны емес, бірақ жан-жануарларды байлау қайырлы іс деп біледі.
162. Байлық: түсте байлыққа кенелу — қуану, рызыққа бөлену, молшылық.
163. Бақа — оқыс, оңай олжа.
164. Бақша: түсінде бақшаны реттеп жүру — ұзақ өмір. Жеміс ағаштары мен гүлдермен безендірілген бақшаны көру — бойдақтар үшін қайырлы болады, ол — үйленудің белгісі. Өз үйінің бақшасын көру — сенімділік, әрі тазалық және мал. Бақшадан гүл жинау — істеп жүрген ісіңізге жәрдем берілмейді. Бақшаға ағаш отырғызу — бақытты өмір сүру. Бақшаны суғару — қиыншылықтан құтылу. Бақшада жер аудару, құраған бақша көру — істеген күнәсі үшін тұтқындалуды білдіреді.
165. Бақшаның дуалы: түсінде бақшаның айналасының дуалмен қоршалғанын көру — істеген істеріңіздің орынды екенін, еңбегіңіз ретті болатынын білдіреді.
166. Бақыр ақша — дұшпанның даттау сөзі.
167. Бал — көбінесе жақсылықты білдіреді. Нанға бал жағып жеу — қиындықсыз мол табысқа жету. Бал жалау — үйлену. Бал жинау — жаңа табысты іс. Бал сату — қайғылы хабар. Бал сатып алу — жақсы ниетіңіздің сауабын аласыз. Балды біреуге беру — зиянды іс. Діндар адам бал көрсе — игі іспен дәрежесі жоғарылайды.
168. Бал арасы: бал арасын көрудің әртүрлі жорулары бар. Бал арасы табыс пен берекетті немесе пайдалы әрі адамдарды жақсы істерімен қуантатын кісіні білдіреді. Араның шағып алғанын көру — қиыншылықпен

- мал табу. Бал арасын өлтіргенін көру — малына зиян тиеді.
169. Бал арасын қуып жүрсе — пайдаға жолығады.
170. Бал құрты — кәсіп етуші, білімінен пайдасы бар кісі болар.
171. Бала: бала жоғалтқан әйелді көру — көтеріңкі көңіл-күй. Қыз туылу — жоқшылықтан құтылу. Ұл туылу — ауру мен қайғыдан арылады. Баламен ойнағанын көрсе — жақсы хабар естиді. Өзінің бала болғанын көрсе — ұзақ өмір сүреді. Мектепте балалармен бірге ойнау немесе олармен саяхатқа шығу — отбасы мүшелерінің жақсылығын көреді. Тастанды баланы үйге ертіп келу — ол үйге береке келеді. Жетімдер үйінен бала алу — дәрежесі көтеріледі.
172. Балағаттау: түсінде біреудің балағаттағанын көрсе — сол адамның кесірі тиеді.
173. Балалар арбасы. Балалар арбасын көрсеңіз — сіздің жақын туысыңыз сізге үлкен сыйлықтар сыйламақ.
174. Балаларды көрсең — ісің табысты болар.
175. Баланы сүйсең — қуанасың.
176. Баланы түсіріп алу — қиыншылықтан құтылу.
177. Баланың машинасы: түсінде баланың машинасын көру — сапарға шығудың белгісі. Баланың машинасын алып үйіне әкелгенін көру — сапарға шығу үшін дайындалып жүргенін, баланың машинасының бос болғанын көру — үйленген болса, балалы болатынын, бойдақ болса, үйленетінін білдіреді.
178. Балға: түсінде балға алғанын көрген адам берекетке кенеледі. Балға сатса — бір заты жоғалады, ал балға сатып алса — бақытты болады. Балғамен шеге қағу — қуанышты хабар есту. Балғамен бір нәрсені сындыру — ойын-сауықтың, көтеріңкі көңіл-күйдің белгісі. Балғаның даусын есту — бір жерге шақырылатынының нышаны. Бір адамды балғамен ұрса — мәртебелі адамның көмегі тиеді. Шеге қағып жатып, қолын ұрып алса — айналадағы адамдардан сөгіс естиді. Балғамен жұмыс істеп жатып, балғаның басы шығып кетсе — жұмысынан шығады, саудагер

- болса, шығынға батады, үйленген болса, ажырасады.
179. Балдыз: түсіңізде балдызыңызды көрсеңіз — сізге жақын жүрген адамға жәрдем бере алмайтындығыңызды немесе отбасына сіздің әсеріңізден түсініспеушілік шығатынына жорылады.
180. Балкон — қауіпті жоғарылау. Егер қос ғашық бір-бірімен балконда қоштасып тұрса — олар ұзақ уақытқа, кейде тіпті мәңгілікке қош айтысуы мүмкін. Жалпы балкон — шалғайдағы достарыңыздан жағымсыз хабар алуыңыз мүмкін.
181. Балмұздақ көрсең — сәтсіздікке тап болуың мүмкін;
182. Балмұздақ: түсінде балмұздақ жеу — жұмысыңыздың біраз уақыт тоқтайтынын білдіреді. Балмұздақ істеп жатқаныңызды көру — бірге жұмыс істейтін жора-жолдастарыңызбен ымыраға келу керектігін ойлап жүргеніңіздің белгісі.
183. Балта: балтамен ағаш кесу — ғашықтықтың тұзағына түсу және істелген қателігі үшін кешірім сұрау. Сабы жоқ балта болса, отбасындағы көңілсіздік. Балта немесе шабатын құралдармен отын шабу, тақтайды жону — үйленгендер үшін бақытты болудың белгісі, ал бойдақтар үшін үйленуді білдіреді. Балтамен адам өлтіру — әйел баласы үшін жүктілік, ал ер адам үшін табыс пен жетістік. Жабайы аңды балтамен ұрып өлтіру — дұшпанын жеңу. Балта көру — жұмыстан шығарылады, балтаны қайрау — ұрыс-керіс.
184. Балуан көру — күш-қуатыңыз артады. Күресші, боксшы көру — өмірдегі күрестің қиыншылығы.
185. Балшық: ақ және жасыл балшық — науқастану, қызыл балшық — ойын, қара балшық — қайғы-мұң. Балшықтың ішінде немесе батпақта жүру — қайғы мен қасірет. Балшыққа көміліп, бірақ тұншықпағанын көрсе — басына келген бәлекеттен құтыла алмайды. Балшықтан шыққанын көрсе — бәледен оңай құтылады. Піскен балшық көру — адамдарды бір-бірімен ұрыстыру. Піспеген балшық жегенін көрсе — баласы мен отбасы үшін мал жинайды. Үйін балшықпен

- сыласа — қиыншылық болады. Балшықтың ішінде жүргенін көрсе — науқас болса, науқасы ұзаққа созылады. Балшық істеп, одан кірпіш илегенін көрсе, жақсылыққа жорылмайды. Кейбір түс жорушылардың пікіріне қарағанда, түсте балшық илеу — ұрыс-керістің және дұшпандықтың белгісі.
186. Балығы бар көл — жайсыз хабар.
187. Балық — қатындар болып жорылады, саны мөлiм мөлшерде болса, егер де көп болса, ғанимат болады.
188. Балық жесең — қанағатсыздыққа кезiгесiң.
189. Балық iрi, көп болса, ол — мол байлық, мал болады.
190. Балық: лай судан балық аулау жақсылық емес. Таза судан балық аулап жүрген адам қуанышты хабар естидi. Үлкен балық аулау — пайда мен жақсылықтың белгiсi, кiшкентай балық аулау — пайдакүнемдiк. Сазан балық ұстаса — үйленедi немесе жақсылық болады. Тiрi балықты аулап, оны жеп жатқанын көрсе — көп табысқа кенеледi. Тiрi балықты жесе — ол адам мал-мүлiкке ие болады. Тұзды балық — қайыр және мал-мүлiк. Үлкен балық қазына мен байлық, ал кiшкентайлары қайғы мен мұң. Қасындағы тәттi тамақты жемей қасындағы сасық балықты жесе, адал әйелiн тастап, зина iстейтiнiне жорылады. Теңiзде өлген балықты көрсе — арманы орындалмайды. Балықтардың тәттi судан теңiзге және теңiзден тәттi суға өткенiн көру — халық пен үкiмет арасындағы келiспеушiлiктi бiлдiредi. Кептiрiлген балық көрсе — қиыншылық болғанда жәрдем алатынын бiлдiредi. Аспаннан жерге балық түскенiн көру — уақытының қуанышты өтетiнiне, балықты тұздау — жүрек ауруына, балықты қуыру — қайғыны бiлдiредi. Балықтың қылшығын теру — кейбiр адамдардың сiздi алдамақшы болғанына, бiрақ жүзеге асыра алмайтынна жорылады.
191. Балықшы — үлкен табыстың белгiсi. Балықшының теңiзде жүргенiн көру отбасында болатын қиыншылықты бiлдiредi. Балықшылардың айғайлап жүруi — үмiт еткен нәрселердiң орындалмайтынна жорылады.

- Балықшының суға тұншығуы — жақын арада қауіптің болатынын білдіреді.
192. Банк көрсе — шығын болады.
 193. Бал арасын қуып жүрген кісі өңінде бір пайдаға жолығады.
 194. Басынан құс айналып ұшқан кісі бақытты болады.
 195. Батып бара жатқан күнді көрсеңіз — көңілсіз күндерге тап боласыз.
 196. Барабан — қайғы-мұңның белгісі. Барабан кейде үйленуді, кейде жоғалған адамның оралуын білдіреді. Барабан тарту — ер адамдар үшін қиыншылықтың, әйелдер үшін жақсылықтың белгісі. Өзінің барабан тартқанын көру — танымал болады, істеген ісі жақсы болса, жақсылық жағынан, жаман болса, жамандық жағынан аты шығады. Бір әйелдің барабан тартып отырғанын көру — оның атының жан-жаққа таратылатынын білдіреді. Жас жігіттің барабан тартып отырғанын көру — дұшпанынан хабар алатынын, қария адамның барабан тартқаны оның өмір жасы ұзақ болатынын білдіреді. Әйелдің тартқан барабанының даусын есту — қуанышты, жігіттің тартқан барабанының даусын есту — дұшпанының жақын екенін білдіреді.
 197. Барқыт: түсіңізде барқыт немесе жібек алғаныңызды көру — жақсы бір жұмысқа тұру. Барқыт киім кию — қызметінің жоғарылайтынын білдіреді. Әйеліңізге барқыттан тігілген бір көйлек беру — отбасыңыздағы бақыттың белгісі.
 198. Барыс көрсең — досыңа жолығасың.
 199. Бас киім — басшылық пен үйленудің белгісі. Біреудің сізге бас киім беруі — жолаушылық пен ұзақ сапарды білдіреді. Бас киім кию — абыройының өсетіндігін білдіреді. Қыз басына тақия киіп жүрсе, жуық арада тұрмысқа шығады. Жүкті әйел көрсе, ұл бала босанады.
 200. Бас майламақ, зеннаттық, жүзіне ақ жақпақ, қайғы, жұпар көрмек, жүзіне сұртсе, ізгі мақтаныш болмақ.
 201. Бас. Егер сіздің түсіңізге енген адам басының формасы әдемі болса — сіз жақсы адамдармен таныс бола-

тыныңызды, әрі олардың маңызды істеріңізге қол ұшын беретінін хабарлайды. Егер түсіңізде екі немесе одан да көп бас көрсеңіз — өміріңізде тез арада үлкен жетістік болады, сондай-ақ бір қатер бар. Бірақ оның соншалықты маңызы жоқ. Тым үлкен бас — өміріңізде жамандықтан гөрі жақсылықтар басым болатынын хабарлайды. Басыңызды жусаңыз — атақты адамдармен кездесіп, олардың ақылын тыңдайсыз.

202. Бас — мал-мүліктің, қазынаның белгісі. Бас үлкен болса, беделі артады, ал кішкентай болса, кемшілігінің басын білдіреді. Кімде-кім басының арыстанның басына айналғанын көрсе — мал-мүлікке ие болады. Егер ит, есек, аттың басына айналғанын көрсе — қиыншылық болады. Түсінде басының иіліп тұрғанын көрсе — ол адам істеген ісі үшін өкінеді. Басының шабылғанын және қайтып орнына қойылғанын көрсе — өмірдегі күресте жеңіске жетеді. Басында жара көрсе — аурудың, біреудің басын жару, ренжудің, шашын алу — табысты білдіреді. Қолында кесілген бас бар болса — беделді адамнан жәрдем алады. Мойнынан басының үзілгенін көру — егер бай адам болса, байи түседі, қызметкер болса, айлығы мен табысы көбейеді, қарыздары болса, құтылады, қиыншылық көріп жүрсе, қуанады. Егер өз басын көлеңкеде немесе айнада көрсе — мал-мүлік пен дәулетке жорылады. Өліктің басын немесе сүйектерінің бір бөлігін көру — үлкен беделді адамнан жәрдем алады. Өзінің басынан басқа тағы бір бастың болғанын көру — бес түрлі жорылады: ұзақ өмір, жұмысының жеңілдеуі, жақсы нәтиже, бір кәсіпорынға мүше болу, үлкендерге жақын болады. Түсінде басының үлкейгенін көрсе — атақ пен даңқты, ал кішірейгенін көрсе — керісінше болатынын білдіреді. Малдың басы — молшылықты білдіреді. Еті желінбейтін малдың басын көру — жақсылықтың белгісі емес. Басыңыздың қатты ісігенін көру — абыройыңыздың өсетіндігін, дүние-мүлікті білдіреді.
203. Баққа кіріп, оны аралау — жақсылықтың белгісі.
204. Баспалдақ — сапардағы қиыншылықты білдіреді. Ағаш баспалдақтың сынғанын көру — ауруға душар

болатындығын білдіреді. Баспалдақпен шығу — атақ-абыройды білдіреді. Баспалдақтан түсу — қызметінен босатылатындығын білдіреді. Бұл түсті науқас адам көрсе, ауруынан жазылады. Егер баспалдақ кірпіштен өрілсе — жақсылықтың белгісі. Шығып бара жатып баспалдақты санау — өмір-жасының ұзындығын білдіреді.

205. Балаларды көрсең — жұмысыңда табысқа жетесің, қуанышты боласың.
206. Бастағы тұмақ — құрмет белгісі.
207. Бастау-бұлақ көрсең — қуанасың.
208. Бастаудың суын көрсең — молшылыққа кенелесің, не жырып жүрсең — сауығасың.
209. Бастығыңды көрсең — жайсыздыққа ұрынарысың.
210. Басына қына, сақалына қына бояу жақса — бір ісінде хата қылғандығы.
211. Басыңа құс қонса — бір қызметті атқарып шығады.
212. Батпақ — қиындық пен кедергінің белгісі. Батпаққа бату — еңбегіңіздің зая кеткендігін білдіреді. Батпақтан шығу — ісіңіздің сәттілігі.
213. Батылдық: түсінде батылдық таныту — бір нәрсені қатты қалаудың, кейде дұшпандарға қарсы бас көтеру арқылы Аллаға жақындаудың белгісі.
214. Бау: түсіңізде бау көрсеңіз — еңбегіңіздің рахатын көресіз, көңіліңіздің көтерілетінін білдіреді. Бауға жүзімнің көшетін отырғызсаңыз — ойлап жүрген ісіңіздің жүзеге асатынын білдіреді. Жүзімдері пісіп, жетілген баудың ішінде жүру — есендік пен үміттің белгісі. Піспей тұрған жүзімді жеу — тек қана бүгінгі күнді ойлап, ертеңін ойламайтын адамға жорылады.
215. Бауда серуендесе — қуаныш.
216. Бауыздау: түсінде біреуді бауыздағанын көрсе — ата-анасына қарсы келетініне және зұлымдыққа жорылады. Туыстарының біреуінің бауыздағанын, бірақ ешқандай қан шықпағанын көрсе — олардың арасында араздасу болмайтынын білдіреді. Өзінің бауыздалып жатқанын көрген адамның ісі теріс кетеді. Егер көгершін, қой сияқты нәрселерді бауыздағанын

- көрсө — ол адам үйленеді. Түсінде бір баланы бауыздаса — ол баланың ер жеткені деп жорылады. Өзін-өзі бауыздағанын көрсө — істерінің орынсыз болғанын білдіреді.
217. Бауыр еті: түсінде бауыр жесе — дайын мал-мүлікті білдіреді. Қара бауырды пісірсе — ұл бала болатынына жорылады. Қара бауырдың жарылуы — баланың науқастанатынына, піскен бауыр жеу — оңай жолмен мал табатынына, біреуге бауыр беру — ол адамға жәрдем бересіз. Бауырдың үлкеюі — қуаныш пен шаттық. Бауырдың кішіреюі — қуаныштың азаятыны. Бауыр — ерлік пен батырлықтың белгісі. Өзінің бауырының мөлшерден тыс үлкен екендігін көру — мейірімді, батыр жігітті білдіреді. Адамның бауырын жеу — байлық. Бауырдың майлы екендігін көру — әйел жағынан келетін дүние. Бауырдағы жара — екіжүзділік.
218. Бауыр. Ауру бауыр таңдаған әйеліңіздің надандығы сіздің азаннан-кешке дейінгі көңіл-күйіңізді түсіреді. Жануар бауырын көру — сіздің сүйгеніңіздің көңілін өзге бір адам өзіне аударғысы келіп жүргенінен хабардар етеді.
219. Бауырлары: түсінде туған-туыстарын көру — жұмыс пен денсаулығыңызда уақытша кемшілік болатынын білдіреді. Бауырларын көру — сенімділікті, жәрдем алу мен күш-қуаттың болатынын білдіреді.
220. Бауырларыңды толық күшінде көрсең — жетістік, үлкен қуаныш.
221. Баю: түсінде бай болу — кедейлік. Сондықтан түсінде байығанын көрген адам — қанағатшыл.
222. Бәлекет: түсінде бәлекетке кезіккенін көру — жұмысы оңға басып, қуанышқа кенелуді білдіреді.
223. Беделді адам: түсінде беделді адаммен танысып немесе кездесе — дұшпандарын жеңіп, ісі оңға басады.
224. Бейіт жағаласа — әруақ жолы.
225. Белбеу — әкені және бауырды білдіреді. Сондай-ақ белбеу — байлық пен дүние-мүлік. Бір кісі түсінде беліне белбеу тақса — өмір жасы ұзақ болады. Күміс белбеу — атақ-абыройдың өсетіндігі. Белбеуін бос тартқан-

- дығын көру — әйелдерінің немесе бала-шағасының көп болатындығын білдіреді.
226. Бір жаққа барып жолдан қайтсаң — ертесінде жолың болмайды.
227. Бетіңе секпіл түссе — бақыттың белгісі.
228. Би мұғалімі — маңызды істегі жеңілтектік.
229. Бидай биті, қыр қандаласы — мехнат, азап болады.
230. Бидай көрсе — амандықтар болып, шаттықтарға кездесер.
231. Бидай орып жүрсең — молшылық белгісі.
232. Бидай, арпа, тары — мұндай нәрселер көрсе, ғайыптан бір іс кездеседі.
233. Бидай: түсінде піспеген бидай жегенін көрсе — істеген құлшылығы мен тақуалығының шынайы екендігін білдіріп, жалпы жақсылыққа жорылады. Жасыл ма сақ арзаншылық пен молшылықты білдіреді. Түсінде қолында, қаптың ішінде немесе қырманда жиналған бидайды көрсе — өзгелердің табысынан үлес алатынын немесе бидайдың аздығы мен көптігіне қарай білімді болатынын білдіреді.
234. Бидайдың ортасында жатсаң — байисың.
235. Билеу — шаттану.
236. Бит көрсең — ақшаға, жақсылық хабарға тап келесің.
237. Биік жер: түсінде шыңның немесе одан да биік жерде тұрғанын көру — мәртебесінің артатынын білдіреді. Саудада жолы болады.
238. Биік мұнара — бір ер болады, адамдар ортасында — ол ізгі сөз сөйлейді, егер де ол мұнара жығылса — ол ердің өлетіндігі, яки ол орыннан жоқ болуы.
239. Биіктен төмен түсу — қолындағы мал-мүлкінен айрылудың белгісі. Кімде-кім таудан түскенін көрсе — жақсылықтың белгісі. Кімде-кім ескі баспалдақпен төменге түскенін көрсе — ол адамның саудада жолы болмайды. Баспалдақтан құлайтын болса — дұшпанынан жеңіледі.
240. Бой: түсінде бойының шеттен тыс ұзарғанын көрген адамның өмірі де ұзақ болады. Бойы қысқарса — қиыншылық пен қорқынышты білдіреді. Түсінде бір адам-

- мен бой өлшегенін көрсе — сынға түседі. Бой өлшеген адамнан бойы ұзын болса — сынақтан жеңіп шығады.
241. Бойының ұзындығы — ажалы жақындығы, мәртабадан түсуі.
242. Борсық — ауыр жағдайдан кейінгі сәттілік.
243. Бос шелек көрсең — үмітің алдайды.
244. Ботқа жеп жүрсең — әурешілік артады.
245. Бөрі — бір залым ұры, яки өтірікші ұлыққа кездесу.
246. Бөтелке көрсең — ажырасуың мүмкін.
247. Бөтен әйел сіздің күйеуіңізді өлтірсе — ажырасуыңыз мүмкін.
248. Бөшке көрсең — қуанасың.
249. Бура қуалайтын болса — құрбандық беру керек.
250. Бұқа көрсең — қайғы, ауру тап келеді.
251. Бұлақ — үлкен жаңалық, қуану.
252. Бұлақ ағызбақ, бір үйден оның аққанын лайықсыз көрсе, ол күйініш, қайғы, жылау болады.
253. Бұлақты ашу — жаңалық ашу.
254. Бұлбұл — малы көп, бақуат ер кісіні немесе бақуат әйелге жорылады. Кейбір түс жорұшылар бұлбұлды Құран оқитын балаға жорыған. Түсінде бұлбұлдың торда отырғанын көрсе — отбасындағы ұрысты білдіреді. Бұлбұлдың дауысын есту — көтеріңкі көңілді және ғашық болудың белгісі.
255. Бұлбұл көрсең — қуанышты хабар келер.
256. Бұлт басқан аспан — мазасыздық белгісі.
257. Бұлт: Түсінде бұлт көру — халықты бақытқа жетелейтін ислам діні деп жорылады. Бұлт — тіршілікті сусындататын болғандықтан, Алла Тағаланың мейірімі деп жорылады. Кейде бұлт — ғылым мен білімді, сырды білдіреді. Бұлттардың үстімен жүргенін көрген адам — салихалы (жан дүниесімен таза) қызбен үйленеді. Егер арман-тілегі болса, орындалады және сапарға шығады. Білім ізденуші болса, түбіне жетіп атақты болады. Кімде-кім бұлттардың арасына кіріп, ол жерден ештеңе алмаса, ол адам ғалымдармен бірге отырып сұхбаттасады, бірақ олардың ғылымынан ештеңе алмайды. Егер бұлт қара болса — қуаныш пен бақытты

білдіреді. Бұлтты көргенде жүрегінде қорқыныш болса — ол адамға қуатты адам тарапынан қорқыныш келеді. Кейбір түс жорұшылар бұлтты мезгілінде көрсе, нығмет пен берекетке мал-мүлікке ие болатынын білдіреді деп айтады. Жаңбыр жауып жатқанын көрсе — Алла Тағаланың сол аумаққа рызықты мол беретініне жорылады. Егер халық қуаңшылық көріп жатса, Алла Тағала олардың рызығын молайтып, құрғақшылықтан құтқарады. Жаңбырсыз қара бұлт көрсе — ол адам көп табыс табады. Кейде бұлт — қатты аязға немесе уайымға жорылады. Қызыл бұлт — сол аумақта бүліктің, аурудың шығатынын білдіреді. Егер аспанның жерден аспан әлеміне көтеріліп, қаланы көлеңкелегенін көрсе — жақсылық пен берекет болатынын білдіреді. Түс көруші сапарға шығатын болса, сапары сәтті болады, басында уайымы болса, қуанады. Қызыл бұлт — жұмыссыздықты; қара бұлт — қайғымұңды білдіреді. Егер түсінде бұлттан бір нәрсе алғанын көрсе — ғылым мен білімде едәуір ілгерілейді деп жорылады. Бұлтқа мініп, үстінде жүргенін көрсе — ол адамның жақсылықты, сырды сезетінін білдіреді. Түсте бұлт көру тоғыз түрлі жорылады: сыр, басқару ісі, мемлекеттің дамуы, мейірім, намыс, азап, жоқшылық, бәлекет және бүлік. Түсінде аспандағы бұлттың өзімен бірге қозғалғанын көрсе — ол адам молшылыққа жетеді. Бұлт аспанда қаптап, жаңбырдың орнына қар жауғанын көрсе — сол жерде бір бәлекеттің болатынын білдіреді. Бұлттан жаңбырдың орнына сүт жауғанын көрсе — берекетті, молшылық жыл болатынына, бал жауғанын көрсе — бақытты өмір сүретінінің белгісі.

258. Бұрғы: Түсіңізде бұрғы көрсеңіз — өмір және философия тұрғысындағы көзқарасыңыз тереңдей түсетініне жорылады. Мұндай түс істің оңайлығын білдіреді. Бұрғымен бір жерді тескеніңізді көрсеңіз — мүмкіндігіңізді дұрыс пайдаланатыныңызды білдіреді. Бұрғыны сатқаныңызды көрсеңіз — біліміңізден өзгелер де пайдаланатынына жорылады.

259. Бұршақ көрсе — көз жасының белгісі.

260. Бұрыш: кімде-кім өзін қорғанның бұрышында тұрғанын көрсе—ол адам жақсы көретін адамдарына күмән келтіретінін білдіреді. Егер науқас болса—көз жұмады.
261. Бұрыш: түсте бұрыш көру—қайғы-мұңды және сақ болу керектігін білдіреді. Түсте бұрыш сатып алу—қиыншылыққа; сұрап алу—жұмысыңыздағы келеңсіздікке; бұрыш беру—науқастан құтылуға жорылады. Түсінде жасыл бұрыш жеу—досыңыздың сенімді адам екендігіне, бірақ істеген ісіңіздің әсерінен өкінетініңізді білдіреді. Бұрыш кейде жақсылыққа, кейде жамандыққа да жорылады. Қара немесе қызыл бұрышты тамағына қосқанын көрсе—жайсыз хабар алатынын білдіреді.
262. Бұтақ: көктем гүлдерімен немесе жемістерге толы ағаш бұтақтарын көру—сабыр етер болсаңыз, үміт еткен нәрселерің бірте-бірте орындалатынын білдіреді. Түсінде құрғақ, жапырақсыз, гүлсіз, жеміссіз ағаштың бұтағын көру—жақсылық емес. Жақында кедейлікке душар болатынын білдіреді.
263. Бүйрек: түсінде бүйрегінің ауырғанын көрсе, міндетті түрде денсаулығын тексерту керектігіне ескерту деп білу керек. Бұл түс өсекті, адамдарды шағыстыру сияқты жаман ниетті де білдіреді. Түсінде бүйрегінен тас шыққанын көрсе—бітіре алмай жүрген жұмыстарын достары арқылы шешетінін білдіреді. Бүйрек қуырып жегеніңізді көрсеңіз—күткен жерден ақша алатыныңызды білдіреді.
264. Бүкір: түсінде бүкір болғанын көру—байлыққа, мол табысқа кенелетінін білдіреді. Кейбір кезде бүкір болуды—күнәлардың көптігі деп те айтылады. Түсінде бүкір болғанын көру—ұзақ өмір сүретіндігін білдіреді. Түсінде бүкір кісімен танысу немесе сөйлесу—қиыншылыққа тап болатынын білдіреді. Ибн Сирин бүкір болуды—үлкен қарыз деп жориды. Түсінде бүкір екендігін көру—көп балалы болатындығын білдіреді.

265. Бүлдік ит: түсте бүлдік ит көру — адал дос деп жорылады. Түсінде бүлдіктің тістеп алғанын көру — дұшпандарыңыздың кесірі тиетінін білдіреді. Талап жатқан бүлдікті таспен немесе ағашпен қуғанын көрсе — дұшпандарынан қорықпайтынын білдіреді.
266. Бүлдірген көрсең — сырқаттанасың.
267. Бүлікші: түсінде бүлікшіні көру — көңілсіздік пен достарымен араздасуды білдіреді.
268. Бүркіт көру түсінде — қуатты сұлтан болады.
269. Бүркіт: түсінде бүркітке ие болғанын көру — абырой, атақ-даңқының, беделінің өсетіндігін білдіреді. Түсінде бүркіттің балапанын алу — балалы болатындығын білдіреді. Бұл түсті күндіз көрген кісі ауруға шалдығады. Бүркіттің балапаны сізді шоқыса — аурудың асқындап ұзайтындығын білдіреді. Түсінде бүркіт етін жегенін көру — ұзақ молшылықты білдіреді. Түсінде бүркітке мініп ұшқандығын көру — ұзақ сапарға шығатындығын білдіреді.
270. Білезік: түсте білезік көру — көбіне жақсылыққа жорылады. Бойдақ жігіт түсінде білезік көрсе, көп кешікпей үйленетініне жорылады. Бір әйелге білезік сыйлағаныңызды көрсеңіз — дос болғыңыз келген адамнан теріс жауап алатыныңызды білдіреді. Әйелдің қолынан білезік көру — қуанышты хабарды; білезікті өз қолынан көру — қайғы-мұңды білдіреді. Өлген адамның қолында білезік көрсе — ол адамның сізден разы болатындығын білдіреді. Түсінде беделді адамның қолынан білезік алса — ол адамның өзі немесе бауыры балалы болады. Қолына білезік тағып алғанын көрсе — қиыншылық пен таршылық жорылады. Егер алтын білезік тағып, оның қолына кең болғанын көрсе — басынан қиыншылық өтетіндігінің белгісі. Басқа біреулердің білезік тағып жүруі — қиын жағдайда сізден көмек сұрайтынын білдіреді. Білезік жоғалтып алсаңыз — ешқашан орындалмайтын іс үшін көңілсізденетініңізді білдіреді. Білезікті иесіне қайтарып бергеніңізді көрсеңіз — жақында басыңызға қуанышты оқиға келетініне жорылады.

271. Білек: түсіңізде білек көрсеңіз — сенімділігіңізбен жұртқа танымал болып, оларға пайдаңыз тиеді. Түсінде қол күрестіріп жатқанын көру — оның өмірде құрбыларымен жарасып жүргенін, ал егер қарсыласын жеңген болса — сол жарыстан жеңетінін білдіреді.
272. Бір жерге жиналу: түсінде дос жарандармен бір жерге жиналу — үйленуді білдіреді. Жақсы көретін досымен бірге отырғанын көрген әйел адам — жақсы көретін жігітімен тұрмыс құрады.
273. Бір көзді болу: кімде-кім түсінде бір көзді болып жүргенін көрсе — ол малының жартысынан айрылады. Өрі күнәға батады. Сондықтан да ол тәубе етіп, Аллаға жалбарынуы қажет.
274. Бір кісі дирхам күміс тапқанын көрсе — ол дирхамдар кетік болмай бүтін болса, оның қатыны жүкті болса, ер бала табар, егер күміспен біреумен әңгімелесе, досынан көркем сөз естір, егер жарлы болса, ол көргеніндей ояуында олжаға кездесер.
275. Бір кісі есегіне мініп, һәр жерді кезіп жүрсе — бір мұсылман жамағатынан айырылар, яки бір күнәға бартар.
276. Бір кісі жігіт болып көрінсе — ол дұшманы болар.
277. Бір кісі өзін екі тілді көрсе — әуелгі ғылымының үстіне басқа ғылым білер. Әуелгі қажатынан тыс бір қажат берер, дұшманына үстемдік табар.
278. Бір кісі өзін сақалсыз, мүртсыз көрсе — анасынан мирас алар.
279. Бір кісі Пайғамбарымызды түсінде көп көрсе — дауам ісінің жеңілдігі болар, дүниеге һеш қажаты қалмас, түгел болар, һәм Алла тағаладан қорлық көрмес.
280. Бір кісі сафар, жол көрсе — сафарменен жорылар.
281. Бір кісі түсінде қағбаға имамдық қылса — имамдарға имам болар.
282. Бір кісі түсінде оны шайтан жаңылтар көрсе — ол кісі пара жер һәм ол кісі дұшманы ұстап, қатынына сөгіс берер, яки айырар.
283. Бір кісі тісін күштеумен сүртсе — оған шадлық кездесер.

284. Бір құшақ немесе арбалап отын әкелсең — дәулетті өмір сүресің.
285. Бір нәрсені қазып алу — сүйіктісіне қолы жетеді немесе көп тостырған хат келеді.
286. Бір топ ақ кептер — келешектегі табыс пен қуаныштар.
287. Бір ірі балық, яки екі балық тұтса — бір қатын, яки екі қатын болар.
288. Бірдеңені өртесең — ұрыс-жанжалға кезігерсің.
289. Бірдеңені іліп жүрсең — ақша аласың.
290. Біреу шұңқырда қажатын істер көрсе — қылмас істі сөйлеуші болар.
291. Біреуге бал ашып жүрсең — ойыңдағыны іске асыруға асықпа, күтпеген қауіпке кезігуің мүмкін.
292. Біреуден бір заттарды алып жатсаң — онда алдағы уақытта олжа пайдаға кезігесің.
293. Біреуден таяқ жеу немесе өліп қалу — мұндай жағдайда құрбандық беруге тура келеді.
294. Біреуді балағаттау — табыс.
295. Біреуді сабау — дұшпандардан үстем болып шығумен пара-пар.
296. Біреуді сөзбен тілдеу — сөтсіздік.
297. Біреудің сүйіскенін көрсең — мұңаясың.
298. Біреудің шашын алып жатсаң — оның қаза табуы мүмкін.
299. Біреулерді кездестіру — ақтарыла сырласудың орайы келгені.
300. Бір нәрсені сандықтан алып жатқан кісі өңінде қамығар, ал түсінде сандыққа бір нәрсені салып жатқан кісінің көңілі қам-қайғыдан арылар.
301. Бір адам түсте өзінің ұйықтап жатқанын көрсе — онда өңінде табысқа жетеді.
302. Бір жаққа барып, жолдан қайтсаң — ертесінде жолың болмайды.
303. Біреудің құлағын көрсең — таңқаларлық қызық хабар естисің, оң құлағың түсіп қалса — қызың күйеуге шығады, сол құлағың түсіп қалса — әйеліңмен ренжісесің.
304. Біреу үйінің шығыс жақтағы қабырғасының құлағанын көрсе — өңінде шешесінің туысы қайтыс болады,

- үйінің оңтүстік қабырғасы құласа — қызына бір қатер бар, үйінің батыс жақ қабырғасы құлағанын көрсе — әкесінің туысы қайтыс болар.
305. Біреу түсінде қызыл киімді әйел немесе сары сиыр көрсе — бұл аурудың нышаны.
306. Бір жағынан күн шығып, екінші жағынан жаңбыр жауса — ойлаған істері орындалады.
307. Бір үлкен молда бата берсе — өңінде ойлаған ісің оңға басады.
308. Біреу өзін жылан қуып жүргенін көрсе — өңінде бір пайдаға жолығады.
309. Бос сандық — кедейліктің, затқа толы сандық — байлықтың белгісі.
310. Бір затты сандықтан алған кісі өңінде қамығады.
311. Бір затты сандыққа салған кісінің көңілі қам-қайғыдан арылар.
312. Гауһар тасың болса — табыс.
313. Гүл — қуаныш, кездесу.
314. Ғашық болу — жаңа дос табу.
315. Ғұсыл алу: түсінде жұма намазына бару үшін ғұсыл алу — күнәларына тәубе етуді, ата-анасы мен туған-туыстарына жәрдем беруді білдіреді. Ғұсыл алғаннан кейін жаңа киім кимегенін көрген адамның басынан бөлекет арылады. Ғұсылды толық алған адам — жұмысын толық бітіреді. Ғұсылды толық алмаған адам — жұмысын толық бітіре алмайды. Ғұсыл алу үшін хауызға немесе кішкене құдыққа түскенін көрген адам бойдақ болса, үйленеді. Түсінде ғұсыл немесе дәрет алғанын көрген адам — ұрланған нәрсесін тауып алады. Қыста мұздай сумен ғұсыл алу — қуаныштың белгісі. Танымайтын әйелдің ғұсыл алып жатқанын көру — жаңбыр жауатынын білдіреді. Түсінде өлікті жуу — оның қарыздарының өтелетінін; өліктің өзін-өзі жуғанын көру — бала-шағасының молшылыққа кенелетінін, балалы болатынын білдіреді.
316. Дажжал: түсінде дажжалдың шыққанын көру — дүшпанның шабуылын және жер бетінде қан төгіліп, бүліктің шығатынын білдіреді деп жорылады.

317. Дақ: түсінде киімінде дақ бар екендігін көру — мұң-қайғының белгісі. Күн көзінде дақ бар екендігін көру — қорқыныш пен үрейдің белгісі.
318. Даңғыл: түсінде үлкен даңғылда жүргенін көрсе — материалдық және рухани қиыншылықтардан қиындықсыз өтетінін және өмір жолында сенімділікпен жүретінін білдіреді. Даңғылда емін-еркін жүргенін көрсе — ешқандай қиындық болмайтынын, ал әрең жүріп келе жатқанын көрсе — кейбір қиыншылықтар кездесетінін білдіреді. Екі шетінде ағашы бар даңғылдың бойында жүрсе — ғалым немесе беделді адамнан жәрдем алатынын білдіреді. Даңғылдың бойына ағаш отырғызғанын көрсе — адамдарға жәрдемін тигізетін перзенті болатынын білдіреді. Таза әрі реттелген даңғыл — мемлекеттегі істердің жақсы болатынына жорылады. Даңғылдан шығу — қиыншылықтан құтылатынына, тірлігінің алға басатынының белгісі.
319. Дар ағашы: түсінде өзінің дар ағашында тұрғанын көру — өз-өзіне көз салып жүргенін білдіреді. Дардағы жіпті мойнына салғанын көру — мол табыстың белгісі. Түсінде бір жерге құрылған дар ағашын көру — мұратына жете алмаудың; өзінің немесе басқа біреудің асылып тұрғанын көру — мұратына жетудің белгісі.
320. Дастархан: түсінде дастархан көру — молшылықтың, қуаныштың, дұшпанын жеңетіндігін білдіреді. Түсінде дастарханның үстінде отырғанын көрген адам — жақсы әрі жомарт адаммен әңгімелеседі. Дастарханда дәмді тағамдардың толып тұрғанын көру — достарының көптігін; аз тұрғанын көру — достарының аздығын білдіреді. Дастарханнан көп нәрсе жеу — түс иесінің өмірі ұзақ болатынын білдіреді.
321. Дауыл: түсінде тұрып жатқан жерінде дауыл болғанын көру — жұмысында яки үйінде келіспеушілік туындайтынын; дауылдан зиян шеккенін көру — айтыстартың нәтижесі жамандықпен бітетінін; дауыл үйдің шатырын ұшырар болса — отбасы мүшелерінің біреуі о дүниелік болатынын білдіреді.

322. Дауыс: түсінде дауысының гүрілдеп шыққанын көрген адамның халық арасында мәртебесі өседі. Баяу шыққан дауыс — қорқыныштың белгісі. Жан-жануардың дауысын есту — қуаныштың белгісі. Аттың кісінеуі — жақсылықтың белгісі. Есектің аңырауы — ақымақтың көретін жамандығын білдіреді.
323. Дәліз: түсінде дәліз көру — үлкен істерді және адал нәрселерді білдіреді. Кейде ауру адамның жүретінін және тұрмысының жақсаратынын білдіреді. Дәліздің жарық әрі өсем екенін көру — жақсылықтың, қараңғы тар екенін көру — жамандықтың белгісі.
324. Дән жинап жүрсең — кіріс кіреді.
325. Дән сеуіп жүрсең — байлыққа, мол жалақыға кезігесің.
326. Дән — баланың белгісі. Сондай-ақ, ұрпақты да білдіреді.
327. Дәнді шашып алсаң — ұрысқа кезігесің.
328. Дәптер: жұмыссыз адамның дәптер көруі — жұмысқа орналасатынын білдіреді. Дәптер көру — табыс пен рызқты, кейде қиыншылықты және рызық іздеу үшін жолға шығуды білдіреді.
329. Дәрет алу: түсінде дәрет алу, көбінесе, жаны жай тауып, рахаттануды білдіреді. Кейде түсте дәрет алу — құрметті, сыйлы адамдардың жанында жүріп, қажетті заттарына қол жеткізетінін білдіреді.
330. Дәретті бұзатын нәрсе: кіші дәретке отырғанын көрген адамның қайғысы кетеді. Малы көп болса, малының зекетін береді. Егер дәретін бұзған нәрсе сұйық болса — малының бәрін қаржылайды.
331. Дәретхана: түсте көрген дәретхана — мал-мүлік, қазына деп жорылады. Түсінде дәретхана сыпырып жүргенін көрген адам — кедей болады. Егер дәретхананың суының асып-тасып жатқанын, ондағы заттардың судың әсерінен қирағанын көрсе — көңілсіздік пен қиыншылықты білдіреді. Дәретханаға су төгіп, тастарын жуу — ауырып жүрсе, ауруынан айығатынын білдіреді.
332. Дәрігерге қан тапсырып жүрсеңіз — сақ болыңыз, сізді алдап, өз қарызын өтеуге асыққан жан бар.

333. Дәрігер: түсінде дәрігер көру — ғалым адамның белгісі. Дәрігердің дәрі бергенін көрген адам — ауруынан айығады. Ғалым кісінің өзіне үгіт-насихат айтып жатқанын көрген адам — күмәнді нәрселерден айығады. Кімде-кім түсінде дәрігердің бір адамды тірілткенін көрсе — сол дәрігердің шеберлігі халыққа жайылады. Науқас адам қасына дәрігер келгенін көрсе — жазылады. Дәрігер болғанын көрген адам — үлкен орынға орналасады.
334. Дәрі-дәрмек: түсінде дәрі көру — діндегі беріктікті білдіреді. Сондықтан науқас адамның дәрі ішкенін көрген адам — дініне берік болады. Кімде-кім түсінде дәрі ішсе — білім үйренетінін білдіреді. Түсінде дәрі ішпесе — нәпсінің қалауында жүргенін білдіреді. Хош иісті нәрселерден істелген дәрі көру — бойдақтың үйленетінін, әйелдің балалы болатынын, кедей болса, бай болатынын білдіреді. Түсінде көзіне дәрі тамызғанын көру — үйдегі жасырын істердің бар екенін; мұрнына дәрі тамызғанын көру — кейбір сырлардың шешілетінін, құлағына дәрі тамызғанын көру — өзінің өсек-аяңға ілігетінін білдіреді. Түсінде ауруына байланысты дәрі ішу — діндегі ықыласын білдіреді. Түсінде ауырып жүргенін және дәрігердің берген дәрісін ішу — өмірдің қысқалығын; дәрі ащы болса — өлімнің жақын екендігін білдіреді. Дәрі ішіп дереу жазылғанын көрсе — жалаға ұшырап ұсталатынын білдіреді.
335. Дәрісхана: түсінде бір дәрісханада жүргеніңізді көру — екі дүниеде де бақытты болатыныңызды білдіреді. Дәрісханада сабаққа дайындалып жатқанын көрген адам — қуанышқа кенеледі. Қиыншылықтан құтылады.
336. Дәріхана: түсінде дәріхананы көру — денсаулық деп жорылады. Дәріханаға кіріп, дәрі алғанын көрген адам — кінә тағылып қамауға алынады. Дәріхана көру жастар үшін — жақсылықты, кәрілер үшін — жамандықты білдіреді. Дәріханадан іздеген дәріңізді таба алмағанын көру — ауруының жалғасатынын; дәрі сатушының жоқ екенін көру — аурудың үдейе түсетінін; дәріхана-

- ның жабық тұрғанын көру — науқас адамның өлетінін білдіреді.
337. Дәу адам: түсінде ертегілердегі айтылатын дәуді көру — дұшпандарды білдіреді. Дәуді ұрып өлтіру немесе дәудің тамақ сұрағанын көру — қарсыластарының оған қабақ шытып жүргенін білдіреді. Сондықтан осы жайттарға сақ болу керек.
338. Дәуіт (ә.с.): түсінде Дәуіт пайғамбарды көрген адам — салтанат пен күшке ие болады. Қате іске басын ұрып, өкінгеннен кейін татулыққа жетеді. Түсте көрген адам жауыз адам болса немесе Өзірет Дәуіттің қорқытып, зөре-құтын алғанын көретін болса, Алладан қорқып шыншыл адам болуға ұмтылсын. Кейбір ғұламалар Дәуіт пайғамбарды көру әйелі тарапынан жамандық келетінін білдіреді.
339. Дем салынған суды ішу немесе біреуге ішкізу — суды ішкен адамның өмірі ұзақ болады.
340. Дем салу: түсінде біреудің Құранның аятын оқып, ауруға дем салып жатқанын көрсе — ауруынан жазылады, қайғысы мен мұңы кетеді деп жорылады. Ал Сүннет пен Құраннан басқа нәрсе арқылы дем салып жатқанын көру — өтірік сөйлеу мен мақтанышты білдіреді. Өзінің басқа біреуге дем салғанын көрсе — сол адамнан жамандық көреді. Егер дем салған адамы әйел болса, әйел адамның кесіріне ұшырап, халықтың алдында жүзі жерге қарайды, ал еркек адам болса, сол дем салған адамнан сақтану керек деп жорылады.
341. Дем салушы: түсінде дем салып отырған адамның сөзінде Ұлы Алланы есіне алған болса — жүректегі кекті кетіретін адамды білдіреді. Алланы еске алмаса — бос сөз сөйлейтін адамды білдіреді.
342. Дене: түсінде айнадан денесін көру — денсаулықтың жақсы екенін білдіреді.
343. Дененде жара болса — жамандық.
344. Дидар. Айналаңыздағылардың бақытты бет-жүзін көрсеңіз — жақсылықтың нышаны.
345. Диірмен: түсінде диірмен көру — отбасы мүшелерінің қиыншылық пен таршылықтан құтылатынын және

кедейліктен байлыққа жетуді немесе бойдақ үшін үйленуді білдіреді. Диірмені жоқ үйден диірмен көру — ауыртпашылықты білдіреді. Егер диірменде нан, ет және бал үйіліп жатқанын көрсе — отбасы мүшелерінің қуанышын білдіреді. Диірменде бидай немесе арпа сияқты пайдалы нәрсе үйіліп жатқанын көру — істің оңайлайтынын, рызықтың молдығын және шипа табуды білдіреді. Түсінде диірменнің айналып жатқанын көрген адамға — диірмендегі ұнның мөлшеріндей мал-мүлік қолына түседі. Диірменнің әрең айналып жатқанын көру — қымбатшылықты білдіреді. Кімде-кім диірменді қолымен айналдырғанын көрсе — тұрмысына жәрдем тиеді. Диірмен тасының бидайсыз бос айналғанын көру — жолаушы болуды, тастың немесе басқа өнімдердің үгітіліп жатқанын көру — дүниелік өмірінің әйтеуір өтіп жатқанын білдіреді. Су диірменді қолымен айналдырғанын көру — ешкімнің жәрдемінсіз қалып, өз ісін өзі шешетінін білдіреді. Диірменнің су немесе жануар, яки басқа бір нәрсенің күшімен айналып жатқанын көру — қайыр мен берекеттің келуін, рызықтың молшылығын, оңайшылықты білдіреді. Қол диірменмен ұн шығарып жатқанын көру — үлкен қайырға жетіп, өз қолымен тапқан табысын кедейлерге таратады. Диірмен тасының ұрланғанын немесе сынып бөлшектенгенін көру — түс көрушінің немесе диірмен иесінің мол дүниелік болатынын білдіреді. Жел диірмені соғыс және өлім деп жорылады. Жел диірменнің желкендері боялған әрі әдемі болса — тұрмысының ойдағыдай жүретінін, мақсатының орындалатынын білдіреді. Қанаты жоқ жел диірменін көру — үйленудің белгісі. Диірменнің бидайдың орнына адамдарды үгіткенін көру — бүлік пен ұрыс-керіс. Біраз адамның өлімін, желінбейтін нәрсені үгіткенін көру — рызықтың молдығын, арзандығын, науқастың шипасын табатынын білдіреді.

346. Диірменші: түсінде диірменші көру — сол жердегі бидайдай нәпсілік және дүниелік істерден тазаруды

- қалайтын адамның белгісі. Түсінде жас диірменші көрген адамның рызығы дұшпанының жәрдемімен қолына түсіреді. Түсінде ұн тартатын адамды көру — шипаның, білім үйреніп, үйретудің белгісі. Егер қауіпті іс басына келсе, құтылады. Кімде-кім түсінде көрі диірменші көрсе — дүниелік нәрсеге қатты көңіл бөліп кеткенін білдіреді. Өзіне жетерліктей дәрежеде табысы болады.
347. Дойбы: дойбыдан ұтылғаныңызды көру — табыстың азаятынын; жеңгеніңізді көру — артатынын білдіреді. Түсінде дойбы ойнау — уақытын бос өткізіп жүргенін, қиялдауды, саудада зиян көруді меңзейді.
348. Доңыз — дұшпандарымен айтысып, тартысады.
349. Доп: түсінде доп көру — дұшпандық, өзіл-оспақ, дүние-мүліктің белгісі. Кейде жолаушы болудың немесе бір жерден басқа жерге көшудің белгісі. Доппен ойнау — дұшпандық пен өзіл-оспақтың белгісін білдіреді.
350. Достық — сый-құрмет.
351. Досың өлейін деп жатса — жақсылық келеді.
352. Досыңмен кездесу — күтпеген жақсы жаңалық.
353. Дөңгелек: түсінде дөңгелек көру — жұмысыңызда орынды жүретінін білдіреді.
354. Дуал: кімде-кім дуалдың үстінде жүргенін немесе дуалға мініп алғанын көрсе — ол дуал оның жағдайын білдіреді. Дуал әлсіз болса — халінің нашар екендігінің белгісі. Дуалдың айналасындағы әшекейлер — ол адамның ұрпағын білдіреді. Үстіне дуал немесе басқа бір нәрсе түскенін көрген адам — көп күнә іс істейді. Бір дуалға жабысып тұрғанын көру — беделінен айрылатынын білдіреді. Дуалға қарап одан өзінің түрін көрген адам — өліп, есімі қабірінің басына жазылады. Қолына алтын білезік тағып, дуалдың үстінде отырғанын көрсе — жоғары мәртебеге шығады. Кірпіштен үй салғанын көрген адам — игі іс істейді.
355. Дуалау: түсінде сиқырлап жатқанын көру — наданның кесірі тиетінін және екі жүзді адамға жорылады. Түсте дуа көру — сәтсіз сапарға жорылады. Өзінің дуашы екенін және басқа адамдарды дуалап жатқанын көрсе —

адамдарға кесірі тиетініне жорылады. Сиқыр — дінімізде жағымсыз қылық болғандықтан, жақсылыққа жорылмайды. Ибн-Кесир былай деді: «Сиқыр көру — жақсы емес. Түсінде дуалату үшін біреуге беру — істерінің кері кететінін білдіреді».

356. Дулыға — әйелді, дүние-мүлікті, жолаушылықты, жұмыссыз жүрген кісінің жұмыс табатындығын білдіреді. Түсінде қымбат дулыға көру — бай әрі әдемі әйелді білдіреді.
357. Дұға: түсінде дұға қылу — ояу кездегі құлшылық немесе түс көрушінің намазын білдіреді. Түсінде дұға қылудан тартынғанын көрсе — үмітсіздікке түседі. Өйткені үмітсіздік — дұға қылмай қашқақтаудың белгісі. Қараңғы жерде дұға қылғанын көрген адам — қиыншылықтан құтылады. Түсінде дұға қылу — тура жолға түсіп, рызыққа кенелуді білдіреді.
358. Дұшпаныңды сүйіп жүрсең — ымыраға келесің.
359. Дүйсенбіде жұмысқа нық басып кетіп бара жатсаңыз — сәтті іс басталмақ.
360. Егер автокөліктен қашып жүрсеңіз — сіздің жолыңызда көре алмаушылық бар екенін хабарлайды.
361. Егер арық қатын көрінсе — аштық болар.
362. Егер арық сиыр көрсе — аштық жыл болар.
363. Егер аспанға шықса — көп жақсы болады, аспаннан жығылса — жаман.
364. Егер астролог сізге жұлдыз жорамал айтып жатса — өміріңізде үлкен өзгеріс орын алып, ұзақ сапарға шығасыз. Сондай-ақ жаңа таныстар пайда болады.
365. Егер аузын бұзылған, яки байланмалы көрсе — ол кафирлік.
366. Егер ащы жемісті ағаштан пайдаланса — ашулы кісіден мал тиер.
367. Егер әдетінде сақал-мұртын, шашын алдыртып жүретін болса — ол кісіге ізгілік болар.
368. Егер әйел телефонмен сөйлесе — сіздің күндесіңіздің пайда болғанын хабарлайды.
369. Егер әшекей бұйымды жоғалтып алса — ауыр уақыттарды басынан өткереді.

370. Егер балапан көрсең — пайдалы бір ісің туралы уайым-дап жүрсің.
371. Егер балиғ болған ұл баланы табар көрсе — құрметті болмақ.
372. Егер банкке ақша өткізіп жатсаңыз — жасап жатқан тірлігіңіздің пайдасы далаға кетпек.
373. Егер банктен алтын алып жатса — үлкен кіріс кіреді.
374. Егер барлық тістері түсіп қолына, етегіне жиылса — өмірі ұзақ болады.
375. Егер бармақтарын қысқа, кем көрсе — намазы кем болар.
376. Егер басын арыстан басы секілді, яки бөрі басы секілді көрсе — жақсы, көп пайда, ұлықтық табар.
377. Егер басын ашық көрсе — ері қайтпас, егер ері болмаса, тіпті ер көрмес, құрғақ жүрер.
378. Егер басында шаштарын кетірсе — күнәһларына кифарат болар.
379. Егер бит көп, тәнінен шығып жатса — ол кісінің өмірі қысқа болар.
380. Егер бойжеткен сабынмен жуынып жатса — бүкіл ғұмыры жетістікке толы болмақ.
381. Егер бойжеткен түсінде тотықұс асырап алса — оның сүйген адамы оған мін тағады.
382. Егер бұлбұл үнсіз болса — достар арасындағы біршама түсінбеушіліктен хабар бергені.
383. Егер бір белгісіз түйеге мінер көрсе — сапар қылар.
384. Егер бір жас әдемі қатын сыйласа — халал қатының болар.
385. Егер бір кісі өзін сәби көріп, мектепте Құран үйренер көрсе, я әдеп үйренер көрсе — күнәдан тәуба қылар. Егер бай, ғалым болса, оның халы надандыққа түсер, яки малы кетер.
386. Егер бір кісі түсінде өзін сүт емер көрсе — тарлықтан құтылар.
387. Егер бір кісіні қара жүзді көрсе — ол кісінің дінсіздігі.
388. Егер бір кісінің үйінде сіңбіру көрсе — ол үйден қыз алар, егер қызы болмаса, сол үйдің қатынымен ойнас қылу хауфы бар.

389. Егер бір қатын түс көрсе, бірақ ол қатын ол түске лайықсыз болса — күйеуінің пайдасына жорылар. Себебі қатын еркектің сол қабырғасынан жаратылды.
390. Егер бір надан кісіні Құраннан қарап оқыр көрсе — хикматты, ғиззатты болмақ.
391. Егер бір нәрсені алғанын көрсе — ниғматтар, олжалар табар, алған нәрселерінің мөлшерінде шадлық табар.
392. Егер бір өкімет адамының есігінің жанында азан оқылса — ол кісіні куәлікке ұстар.
393. Егер бір өнер иесі түс көрсе — өзінің өнерінің мөлшерінде жорылар.
394. Егер бір сауыттан су ішсе, шыныаяққа нан турап жесе — өмірі өткен болар.
395. Егер ол Адамды өз суретінен сынық жүзді қайғылы көрсе — бір орыннан көшіп кетер, ниғматына кемшілік келер, қорлыққа түсер, мұнан кейін шадлық көрер, тәуба міндет болар.
396. Егер бір тірі битті тұтып лақтырып тастаса — ұстаған жолына қарсы бір іс қылғаны.
397. Егер біреу азан оқыса — адамдарды дінге үгіт етер һәм қажыға бару нәсіп болар.
398. Егер біреу азан шақырып, тәкбир айтып, намаз оқыса — фарыз қажы қылар, һәм нәфіл қажы қылар.
399. Егер біреу өзінің есегін ет жеу үшін сойса — кәсібінде шатасумен мал табар.
400. Егер біреу түлкімен әуреленсе — ол кісіге ауырлық болады.
401. Егер бірнеше түйелер бір жерге кіргенін көрсе — ол жерге дұшман кірер, көп уақыт сынық көңіл болар.
402. Егер Ғәбдүсәлам есімді кісіні көрсе — саламаттықпен жорылар.
403. Егер Даниял әлайһиссәламды көрсе — түс жору ғылымында ғалым болар.
404. Егер Дәуіт пайғамбарды көрсе — қуатты салтанат табар.
405. Егер де біреудің үйінің төбесіне шығып азан шақырса — ол үйдің жамағаты өлер.

406. Егер де кісіні түсінде келеге түсіп жараған бура қуалайтын болса — онда ол Құдай атына құрбандығын беруі керек. Өйткені оның түсінде көргені — Өзірейілдің өзі.
407. Егер де қатын ерінің сіңбіргенін көрсе — бір ер бала табар.
408. Егер де оған бір нәрсе берер көрсе, қанша алса — сол шамада ізгілік көрер.
409. Егер де ол қатын жиіркенішті жаман көрінсе — не діні, не дүниесі болмас.
410. Егер де өзін түсінде шашты көрсе — оған жақсылық болар.
411. Егер екі жұмыртқасын кесік көрсе — қызы балалардан кесіледі, яки қыздары өліп, марқұм болады.
412. Егер екі кісі түсінде атқа мініп, одан құламай, өзі түсетін болса, онда бұл — жақсы. Өйткені халық түстегі атты өңдегі арман-тілекке балаған. Түсінде атқа мінген кісі өңінде арман-тілегіне жетеді. Егер де адам түсінде мінген атынан құлап қалса — онда ол жақсы емес, алда қауіп-қатер бар болғаны.
413. Егер еркек қарбызды жесе — уайымға батады.
414. Егер еркектер мен қатындарға имамдық қылса — бір шаһарға ұлық болмақ, егер қази болуға лайықсыз болса — бір ізгі іске кездеспек.
415. Егер ері шашын тартар көрсе — яки киімі ескі көрсе — ол қатын ол ерінің қысымында болғаны.
416. Егер жағынан көтерілер көрсе, жақын қарындасынан айрылу.
417. Егер жас әйел түсінде өгіз көрсе — тағдырын жақсартаны ұсыныс болады.
418. Егер жексенбі туралы айтып жатқан болса — күрделі мәселелеріңізді шешуге өз жолдасыңыз көмектеседі.
419. Егер жоғарғы тісі түсіп қолына алса — ол кісіге мал түсер. Ал егер алдына түссе — бір ер баланы Құдай берер. Егер жерге түссе — өлім қайғысы болар.
420. Егер жолаушылап келе жатқан кісі түсінде түлкі көретін болса — онда өңінде оның жолы болмайды, ал егер

- қасқыр көретін болса — онда өңінде оның сапары сәтті болады.
421. Егер жұлдыз көрсе — бұл һәм жақсы, мәртебелік болар балалары дер.
422. Егер жұлдыздар сіздің өміріңіз туралы сыр шертсе — таңғажайып жетістік пен қуаныш болғалы тұрғанын білдіреді.
423. Егер жұмыс өгізін көрсе, оны сойып, етін бөліп алар болса — басшы ұлығы өледі.
424. Егер Зәкария пайғамбарды көрсе — қартайған кезінде бір жақсы, тақуа ұл бала көрер.
425. Егер иттің басы, аттың басы, есек басы, осы секілді жануарлардың басын көрсе — біреуге кірісіп, еңбегінің бейнетін көрер.
426. Егер қағба үстінде намаз оқып көрсе — дінсіздігі болар.
427. Егер қағбатуллада азан оқыр көрсе — ол кісі ізгілікте болар.
428. Егер керуенде азан оқылса — ол кісінің малы жоғалар.
429. Егер көбелектерсізді айнала ұшып жүрсе — өте алыстағы досыңыздан немесе танысыңыздан хат аласыз.
430. Егер көршінің үйінің төбесінде азан айтар көрсе — ол көршінің қатынынан қауіпті болар.
431. Егер күйеуі басқа біреуге ғашық болып қалса — бір-қалыпты жанұялық өмірден шаршағандықтан басқа жақтан қызық іздеп жүргенінің белгісі.
432. Егер күйеуі шаршаңқы болса — жақын адамдардың бірі ауруға шалдыққан.
433. Егер кісі қыста түсінде көк майса жер көрсе — Құдайдың рахметін көргені. Егер кісі түсінде жазда қар көрсе — Құдайдың азабын көргені.
434. Егер кісі өлген адамды түсінде жақсы киімде көретін болса — онда бұл жақсы. Егер кісі өлген адамды түсінде жаман киімде көретін болса — онда бұл жақсы емес.
435. Егер кісі түсінде (азды-көпті) ешкі көрген болса — онда бұл жақсы емес.
436. Егер кісі түсінде (азды-көпті) қой көрген болса — онда ол барша тілектеріне жетеді.

437. Егер кісі түсінде ағаш тасып жүретін болса — онда ол өңінде байлыққа кезігеді.
438. Егер кісі түсінде Адам Ата пайғамбарды оның ашулы қалпында көрсе — онда ол өңінде әлденеге қапа болады.
439. Егер кісі түсінде Адам Ата пайғамбарды оның жайдары қалпында көрсе — онда ол өңінде ұлық дәрежеге жетеді.
440. Егер кісі түсінде азан айтып намаз оқыса, немесе Құран оқыса — онда өңінде оның дәрежесі өседі.
441. Егер кісі түсінде ай көрсе — патшаның қатыны қыз табады, егер кісі түсінде күн көрсе — патшаның ісі рауан табады.
442. Егер кісі түсінде ақ қоян көрсе — қыс қатты келер, егер кісі түсінде қара қоян көрсе — қыс жақсы келер.
443. Егер кісі түсінде ақ түсті киім кесе — онда ол бұ дүниеде де, ол дүниеде де сый-құрметке бөленеді.
444. Егер кісі түсінде ақсары түсті киім кесе — онда ол өте жақсы: оның өңінде барша тілектері орындалады.
445. Егер кісі түсінде алма жесе — онда ол өңінде тілегіне жетеді.
446. Егер кісі түсінде алтын көретін болса — онда оған өңінде үлкен әкімдер шапағатын тигізеді.
447. Егер кісі түсінде анар жесе — онда ол өңінде байиды.
448. Егер кісі түсінде ас ішсе — онда ол өңінде мол дәулетке ие болады.
449. Егер кісі түсінде аспанға көтерілсе — онда өңінде әкім болады.
450. Егер кісі түсінде атқа мініп көкпар шапса — болыс болады.
451. Егер кісі түсінде аюды көрсе — онда ол өңінде көлденең олжаға кезігеді.
452. Егер кісі түсінде әйелдің қойнында жатса — онда өңінде оның дәулеті артады.
453. Егер кісі түсінде әлдекімді ұрып-соқса — онда ол өңінде дұшпанын мұқатады.
454. Егер кісі түсінде бақ пен дала гүлдерін көрсе — онда ол өңінде бақытқа бөленеді.

455. Егер кісі түсінде балық ұстап немесе жеп жүрсе — онда өңінде оның дәулеті артады.
456. Егер кісі түсінде басына құс қонса — һәм бір амалға тұрады.
457. Егер кісі түсінде басына тәж кесе — онда ол өңінде байлыққа ие болады.
458. Егер кісі түсінде бидай көрсе — онда ол өңінде байиды.
459. Егер кісі түсінде биікке шығар болса — онда ол өңінде үлкен дәрежеге жетеді. Егер ол биіктен құлар болса — онда ол өңінде қапалы болады.
460. Егер кісі түсінде биіктен құласа — онда ол өңінде табысқа кезігеді.
461. Егер кісі түсінде боққа бататын болса — онда ол өңінде байлыққа кенеледі.
462. Егер кісі түсінде бір қабырғасының алынып қалғанын көрсе — онда ол өңінде әйелінің өлгенін көреді.
463. Егер кісі түсінде біреуді ұрса — дұшпанын мұқатады.
464. Егер кісі түсінде грек жаңғағын жесе — онда өңінде оның ішіп-жем қоры мол болады.
465. Егер кісі түсінде доңыз көрсе — онда ол өңінде дұшпандарымен айтысып, тартысады.
466. Егер кісі түсінде емен ағашын көрсе — онда ол өңінде өзінің сүйікті адамынан хабар алады.
467. Егер кісі түсінде ерттеулі атқа мінсе — мұратына жетер.
468. Егер кісі түсінде есекке мініп жүрсе — онда бұл өте жақсы.
469. Егер кісі түсінде есекке теріс қарап мініп жүрсе — онда ол сол күні-ақ дәрежеге ие болады.
470. Егер кісі түсінде жабайы жылқыға мінсе — онда оның мал-мүлкіне зиян келеді.
471. Егер кісі түсінде жаңбыр жауғанын көрсе — онда ол өңінде табысқа кезігеді.
472. Егер кісі түсінде жүзім жесе — онда өмірде оның бағы жанады.
473. Егер кісі түсінде ит көрсе — онда ол өңінде кішігірім уайымға түседі.

474. Егер кісі түсінде кезқұйрықты көрсе — онда ол өңінде қадірсіз болады.
475. Егер кісі түсінде көгершін көрсе — онда өңінде оның ісі оңғарылады.
476. Егер кісі түсінде көк түсті киім киетін болса — онда оның өңінде барша тілектері қабыл болып мұратына жетеді.
477. Егер кісі түсінде көкекті көрсе — онда өңінде оның жоғы түгенделеді, табысы артады.
478. Егер кісі түсінде күйкентайды көрсе — онда ол өңінде қапа болады.
479. Егер кісі түсінде күміс ақша санаса — бай болады.
480. Егер кісі түсінде күрек тісі сынса — қатыны өледі, азуы сынса — баласы өледі, ең түбіндегі азуы сынса — өзіне шікәс жетеді.
481. Егер кісі түсінде қазды көрсе — онда өңінде оның азық-түлік қоры көбейеді.
482. Егер кісі түсінде қайыңды көрсе — онда ол өңінде табысты болады.
483. Егер кісі түсінде қара түсті киім кесе — онда ол өңінде қайғыға ұшырайды.
484. Егер кісі түсінде қарағайды көрсе — онда ол өңінде сүйіктісімен табысады.
485. Егер кісі түсінде қарақұсты көрсе — онда ол өңінде байлыққа ие болады.
486. Егер кісі түсінде қараторғайды көрсе — онда ол өңінде қуанышқа бөленеді.
487. Егер кісі түсінде қаршығаны көрсе — онда өңінде оның байлығы тасиды.
488. Егер кісі түсінде қасиетті құдықтан зәмзәм суын іпсе — онда ол өңінде барлық күнәсынан тазарады.
489. Егер кісі түсінде қасқыр көрсе — онда ол өңінде дұшпанын көбейтеді.
490. Егер кісі түсінде қауын және қарбыз жесе — онда өңінде оның досы байиды.
491. Егер кісі түсінде қой көретін болса — онда ол өңінде басшы қызметке тұрады.
492. Егер кісі түсінде қоңды жарамды атқа мініп жүрсе — онда оның байлығы артады.

493. Егер кісі түсінде қоңды сиыр малына (өгіз, бұқа) мініп жүрсе — онда оның билігі өңінде барлық халықа жүреді.
494. Егер кісі түсінде қоңды түйеге мініп жүрсе — онда ол мұратына жетеді.
495. Егер кісі түсінде қоңсыз, көтерем, сиыр малына мініп жүрсе — онда бұл жақсылық емес.
496. Егер кісі түсінде қоян көрсе — онда ол өңінде барлық тілектеріне жетеді.
497. Егер кісі түсінде құдықтан, арықтан немесе көлден су ішсе — онда ол өңінде әкім болады.
498. Егер кісі түсінде құмай құсты көрсе — онда ол өңінде тұрмыстың барлық мұң-мұқтажынан арылады.
499. Егер кісі түсінде құрма жесе — онда ол өмірде ұзақ жасайды.
500. Егер кісі түсінде құс ұстаса — қатын алады.
501. Егер кісі түсінде қызыл гүл көрсе — онда ол өңінде бақытты болады.
502. Егер кісі түсінде қызыл түсті киім кесе — онда ол өңінде ел билеген бастық болады.
503. Егер кісі түсінде қынаны көрсе — онда ол өңінде тілегіне жетеді.
504. Егер кісі түсінде қыранды көрсе — онда ол өңінде дәрежеге ие болады.
505. Егер кісі түсінде қырғауылды көрсе — онда өңінде оның барлық ісі ойдағыдай орындалады.
506. Егер кісі түсінде қырғиды көрсе — онда ол өңінде бақытты да дәулетті болады.
507. Егер кісі түсінде мәст түйе құласа — садақа қылсын, шірәке хазірет Өзірейілді көріпті.
508. Егер кісі түсінде Меккеге барса — онда ол өңінде барлық тілегіне жетеді.
509. Егер кісі түсінде Мұхаммед пайғамбардың қабіріне мінәжат етсе — онда өңінде оның дәрежесі өседі.
510. Егер кісі түсінде Нұх пайғамбарды оның ашулы қалпында көрсе — онда ол өңінде үлкен бөлеге ұшырауы немесе қаза болуы мүмкін.

511. Егер кісі түсінде оң жақ азу тісінің түсіп қалғанын көрсе — онда өңінде оған анасы жағынан туыс болып келетін біреу қайтыс болады.
512. Егер кісі түсінде отын көтерсе — көп дүниядар болар.
513. Егер кісі түсінде өзеннен су іпсе — онда ол өңінде патша болады.
514. Егер кісі түсінде өзін қуып жүрген бураны көретін болса — онда оның ісіне қарай, өңінде бірде жақсылыққа, бірде жамандыққа кезігуі мүмкін.
515. Егер кісі түсінде өзіне беймәлім бақта қыдырып, көңіл көтеріп жүрсе — онда өңінде жұмақтағыдай күй кешеді.
516. Егер кісі түсінде өзінің ұйықтап жатқанын көрсе — онда ол өңінде жақсы табысқа жетеді.
517. Егер кісі түсінде өлген адамдардың қолынан бірдеңе алса — онда ол өңінде пайда, табыс табады.
518. Егер кісі түсінде өлген адамды жақсы киіммен көрсе — жақсы болғаны, иман киіммен көрсе — иман болады.
519. Егер кісі түсінде палау, мәңті жеп, сүт іпсе — онда ол өңінде барлық тілегіне жетеді.
520. Егер кісі түсінде пәлен жерге шықса — мәртебесі бәланд болар, егер кісі түсінде бөлендерден жығылса — көп қапа болар.
521. Егер кісі түсінде пілге не айдаһарға, арыстанға не жолбарысқа, барысқа, не мүйізтұмсыққа мінсе — онда ол өңінде барлық жауларын тізе бүктіреді.
522. Егер кісі түсінде піскен ет жесе — онда ол өңінде ішіп-жемінің көбейгенін көреді.
523. Егер кісі түсінде самұрық құсты көрсе — онда өңінде оның басына бақыт, байлық, дәулет орнайды.
524. Егер кісі түсінде сары түсті киім кесе — онда ол, өз ісіне қарай, өңінде бірде жақсы, бірде жаман жағдайда болады.
525. Егер кісі түсінде сасықкөкекті (бәбісек) көрсе — онда ол өңінде тілеген тілегіне жетеді.
526. Егер кісі түсінде семіз сиыр көрсе — арзаншылыққа тағаллұқ, егер кісі түсінде арық сиыр көрсе — қымбатшылыққа тағаллұқ.

527. Егер кісі түсінде сол жақ азу тісінің түсіп қалғанын көрсе — онда өңінде оған анасы жағынан туыс болып келетін біреу қайтыс болады.
528. Егер кісі түсінде суда жүзіп ойнап жүрсе — онда ол өңінде әкім болады.
529. Егер кісі түсінде таза суға сүңгітін болса — онда ол өңінде ақталып, ел қатарына қосылады. Егер кісі лай суға түсетін болса — онда ол өңінде қайғылы күйге душар болады.
530. Егер кісі түсінде тазқараны көрсе — онда ол өңінде дүшпандарын тізе бүктіреді.
531. Егер кісі түсінде тары көрсе — онда ол өңінде тілеген тілегіне жетеді.
532. Егер кісі түсінде таутеке мен құлжа көрсе — онда ол өңінде тұрмыстың тауқыметін тартпайтын болады.
533. Егер кісі түсінде тауық көрсе — онда ол өңінде досының ісіне сүйсінеді.
534. Егер кісі түсінде тауысты (қырғауыл тұқымдас ұзын құйрықты әдемі құс) көрсе — онда ол өңінде асқан сұлуға үйленеді.
535. Егер кісі түсінде тұнық суға түссе — жарықтыққа шығар, егер кісі түсінде лай суға түссе — ғамға кіріптар болар.
536. Егер кісі түсінде тұрымтайды көрсе — онда ол өңінде тілеген тілегіне жетеді.
537. Егер кісі түсінде түйеге мінсе — әулиелер қолдар.
538. Егер кісі түсінде түйеге мініп жүрсе — онда ол жақсы. Өйткені түйе — ұлық жануар. Түсінде түйеге мінген кісіні, ұлы әулиелердің өзі желеп-жебейді. Жалпы, түсте көлікке мініп, құламай жүру — жақсы.
539. Егер кісі түсінде түйеқұсты көрсе — онда ол өңінде ақылсыз, надан адамдармен істес болады.
540. Егер кісі түсінде түлкі көрсе — онда өңінде оның адал досының орнын алдампаз алаяқ басады.
541. Егер кісі түсінде түлкі көрсе — сапар қылса, жолы болмас, егер кісі түсінде бөрі көрсе — сапар қылса, жолы болар.

542. Егер кісі түсінде түтінсіз от көрсе — онда ол өңінде байиды.
543. Егер кісі түсінде тыр-жалаңаш жүрсе — онда ол өңінде барлық қайғы-мұңынан арылады.
544. Егер кісі түсінде ұшып жүрсе — онда ол өңінде пайда, табыс табады.
545. Егер кісі түсінде үйрек көрсе — онда ол өңінде мұқтаждықтан құтылады.
546. Егер кісі түсінде үйіне түскен ұрыны көрсе — онда ол өңінде табыс табады.
547. Егер кісі түсінде шақа санаса — дұшпаннан ғайбат сөз есітеді.
548. Егер кісі түсінде шаш алдырса — кембағал болар, егер кісінің түсінде шашы өссе — бедәулет болар.
549. Егер кісі түсінде шымшықты көрсе — онда оның өңінде ісі оңғарылады.
550. Егер кісі түсінде Нұх пайғамбарды оның жайдары қалпында көрсе — онда ол өңінде ұзақ та дәулетті ғұмыр кешеді.
551. Егер кісі шабдалы жеп жүрсе — онда ол екі дүниеде бірдей шат-шадыман ғұмыр кешеді — түс өңге айналуы үшін, аз дегенде бір күн ораза ұстау керек.
552. Егер кісіге түсінде өлген адам бір нәрсе берсе, ғайыптан қолына бір нәрсе келер.
553. Егер кісілерге тұлымын көрсетіп жүрсе — ол рәсуалық.
554. Егер кісіні түсінде ит қапса — залымға кіріптар болар.
555. Егер кісінің түсінде күрек тісі сынатын болса — онда оның әйелі қатерге ұшырайды. Егер кісінің түсінде азу тісі сынса — онда оның балаларының бірі қатерге ұшырайды. Егер кісінің түсінде, ең түпкі азу тісі сына-тын болса — онда оның өзі бір қатерге ұшырайды.
556. Егер кісінің түсінде өлген адамдар бірдеңе сұраса — онда ол өңінде шығынға ұшырайды.
557. Егер кісінің түсінде салқын жел есіп тұрса — онда ол өңінде жақсы да жайлы тұрмыста болады.
558. Егер кісінің түсіне ақ қоян енсе — онда қыс қатты болады. Егер кісінің түсіне қара қоян енсе — онда қыс жайлы болады.

559. Егер қара, ақ тышқандарды інге кіріп шығып жатқанын көрсе — өмірі ұзын болар.
560. Егер қаршыға құс және кішкене құсты тұтып алса — дәулеті зияда, бәлки перзент көреді деп айтады.
561. Егер қатын өз шашын жұлар көрсе — пердесі жыртылып, ұятты болар.
562. Егер қатын семіз болып көрінсе — жыл жақсы болар, тоқтық болар.
563. Егер қатынның сіңбіргенін көрсе — ер бала табар.
564. Егер қойды түсінде көрсе — қой бұқарадүр, бұқара халық мұны жақсы көреді деп айтады.
565. Егер қолымен мұрнын сіңбірсе — бір қыз баласы болады, өмір жасы ұзақ болады.
566. Егер қою көріп, бір тамшы екі тамар көрсе — ол кісіге пайда һәм зекетін өтеу керек.
567. Егер Құранды жер көрсе — жаттаған сабағын ұмытпақ.
568. Егер Құранды сатар көрсе — жамандардан сақтану керек.
569. Егер Құранды ұрласа, яки жасырар көрсе — ол кісі намазын ұрлар.
570. Егер Құранды хатым қылар көрсе — Алла тағала қасында көп сауаптар табар, һәм нендей мұрадына жетер.
571. Егер Құраннан бір нәрсені біреуге берер көрсе — рахмат, сүйініш, қорқытқан хабар, уағыз секілді іс болмақ.
572. Егер Құранның жолдарын күңгірт көрсе — Құран тұрасында бір бедғат сөз сөйлейтін болар.
573. Егер құс басы секілді болар көрсе — шаһардан шығып саяхат қылар.
574. Егер қыз бала көрсе — ақыры қорлық іс болар. Садақа берген дұрыс.
575. Егер Қызыр пайғамбарды көрсе — кейін ғұлама болар.
576. Егер маңдайы артар көрсе — дәулеті артар, өмірі жүрер.
577. Егер маңдайы кемір көрсе — дәулеті кемір.
578. Егер маржан, меруерт тағып алса — үйден берекет кетпес деп айтады.

579. Егер Мұса, Һарун пайғамбарларды көрсе — ол пенденің жанында бір бас тартушы, күш қылушы, залымдарды халак қылар.
580. Егер неке жүзігі жоғалып немесе сынып қалса — үлкен қасірет, жақын адамдардың бірі дүниеден өтеді.
581. Егер ол адамды көркем жүзбен көрсе — көркемдік табар. Қайғыда болса, құтылады.
582. Егер ол балықтың қарнынан інжу шығар көрсе — бір еркек бала табар.
583. Егер ол битті жаңа киімде көрсе — оның малы көп болар, мәртебесі артар.
584. Егер ол қатын шашы күзелген көрсе — ері талақ қылады.
585. Егер ол Құранды жіпке тізіп жазар көрсе — Құранды ақылымен тәфсир еткені болар.
586. Егер ол мұсылмандық ғаламатынан басқа іс істесе — харам дүние болар.
587. Егер ол мысықтың бір нәрсесін табар көрсе — бір нәрсенің төлеуіне яки ұрымен әуре болар.
588. Егер ол пілді соғыс жерінде мініп жүрсе — піл иесіне көңіл сынығы болар.
589. Егер ол сәби еркек бала болса — ізгілік ғамалы артар хайырлы түс.
590. Егер өз аяғыңызды күтімге алып отырсаңыз — ол сіздің ғылыммен айналысатыңызды және бұдан соншалықты пайда түспейтінін сездіреді. Егер аяқ орнында ағаш аяқ тұрса — достарға ашық-жарқын еместігіңіз.
591. Егер өзін жарты құлақ көрсе — қатыны өліп, екінші қатын алар.
592. Егер өзін мәжусидің шоқынатын жерінде көрсе — оның ақылы мәжуси жолында болған болар.
593. Егер өзін мұрынсыз көрсе — рахимы болмай, баласы болмас.
594. Егер өзін мінберде болып, ізгі сөз сөйлер көрсе — ол шамалы шарафатта кісі болар, сонымен атағы шығар.
595. Егер өзін соқыр көрсе — ислам дінінен азғаны болар.
596. Егер өзін сыңар көзді көрсе — дінінің жартысы кетер, яки бір үлкен күнәға кездесер.

597. Егер өзінде көп құлақтар көрсе — ол кісі хақысын қабыл етпеген болар.
598. Егер өзінің қолын қыналаса — біреуді өлтіру хауфы бар.
599. Егер сақалсыз, мұртсыз жігіт көрсе — ол кісіге сол шамалы хайыр табар.
600. Егер сақалы жерге жеткенше ұзын болса — иесі өлер, сақалдың өте қара болуы — уайымсыздығы, жасыл болса — зор бақыт, өте қалың болса — көп мал-дәулетті болар.
601. Егер семіз сиыр көрсе — жылдың тоқтығы, жақсылығы.
602. Егер сен біреуді тілдесең — сәтсіздік;
603. Егер сол жағынан салынар көрсе — жақын ағайының қатыны кетер.
604. Егер судағы балықты түсінде көрсе — һәм жақсы, перзент көресіз дер.
605. Егер Сүлеймен пайғамбарды көрсе — ұлық болар, ғалым болар.
606. Егер сыңар көрсе — ол кісі үмітсіз болар, үміттенгені бола қоймайды.
607. Егер түске семіз сиыр енетін болса — онда арзаншылық болады. Егер түске арық сиыр енетін болса — онда қымбатшылық болады.
608. Егер түсінде беліне белбеу байлар көрсе — оған бір ер бала болар, яки бір іске әкім болар салтанатпен, яки өкіметіне сыйласулы болар.
609. Егер түсінде бидай, арпаны көрсе — ниғмет дер, бәлки нарық арзан болса керек дер.
610. Егер түсінде бір танымайтын қарт кемпір көрсе — дүние болар.
611. Егер түсінде дария суларын көрсе — көп нәфәқалық пайдалар көреді, судан ішсе мұратына жетер, ғиззаты көп болады деп айтады.
612. Егер түсінде жылан көрсе — һәм жақсы, адамға дәфи қылмаса.
613. Егер түсінде кісінің басына құс қонатын болса — онда ол өңінде бір қызметті алады.
614. Егер түсінде қойлар көрсе — көп қатындар болар.

615. Егер түсінде құлағы өзінен бөлінсе — қатыны талақ болар, яки қыз баласы болар.
616. Егер түсінде құлағына асылған алқа көрсе — қызын күйеуге берер, ол қыз ұл бала табар.
617. Егер түсінде қыбла танымас болса — дінінде нашарлық болмақ.
618. Егер түсінде қыблаға тура қарап оқыса — діні тура болар.
619. Егер түсінде қылыш яки мылтықты көрсе — нафақалық болар, мәртебесі зияда болар, — дейді.
620. Егер түсінде ләйлік деген құсты көрсе — зәхмат көреді.
621. Егер түсінде нақұрыс кісі көрсе — бір мұнафиқ жалғаншы ер болар.
622. Егер түсінде намазын оқып, тамам қылып бітіріп шықса — істері тамам болар, егер қатындарға ғана имамдық қылса — бір нашар елге басшы болар.
623. Егер түсінде өгізге мінер болса — өкімет ісі тақырыпты мал тілер.
624. Егер түсінде өзін біреу ұрса, өлтірсе — жақсы емес, құдайы қылмақ лазым.
625. Егер түсінде өлген адамды көрсе — зияны жоқ. Сол өлген адаммен сөйлесе — рас айтады дер.
626. Егер түсінде тостаған сынса, ішінде суы қалса — қатыны өледі, егер тостаған сынбай, суы төгілсе — баласы өліп, анасы қалар.
627. Егер түсінде ұрыс, талас, төбелес дұшпанын көрсе — ғайбат сөйлеуден тілін сақтау керек. Бір бөлеге кездесіп қалу қаупі бар, садақа берсін.
628. Егер түсінде үйіне бір жынды кісі кіргенін көрсе, ол жынды үйінде бір іс қылғанын көрсе — дұшманы, яки ұры оған зарар келтірер, яки өзі жынданар.
629. Егер түсінде шайтанды дұшман етер көрсе — ол кісі иман келтіріп, Құдай жолына бой ұсынған болар.
630. Егер түсінде шайх, яғни қарт ақсақал көрсе — ол бабасы (ұлы атасы) болар.
631. Егер түсінде Шиш пайғамбарды көрсе — ниғмат шадлық, бала, хош тірлік көрер.

632. Егер түсіңізде мыстан сізге күш көрсетсе — отбасыңыз бен жұмысыңызда біршама проблемаларға кезігуіңіз ықтимал.
633. Егер тырнағын орта көрсе — дінінде, дүниесінде түзіктігі.
634. Егер тысы жақсы, іші жаман жемісті көрмек — мұнафиқпен жорылар.
635. Егер тышқан үйінен ауып бір жаққа кетер көрсе — оның берекесі, ниғматы кетер.
636. Егер тістері босап сілкінсе — жақын қарындастары сырқау болар.
637. Егер тісті қолына алмай кетсе — ол үй ішінен біреуі өлетіндігі.
638. Егер тісі түсін қолына алса — үй ішінде қатын жамағаты көп болар.
639. Егер уысына хайуанның, я өзінің көзін ұстар көрсе — қолына мал кірер.
640. Егер үйде тышқанды көп көрсе — малы көп болады.
641. Егер хазірет Иса әлайһиссәламды көрсе — ізгілігі көп хайыр, берекенің иесі болар, һәм Алла риза боларлық сафарды кезер және азға қанағатшыл болар.
642. Егер хош иісті ағаш көрсе — ол ағашқа ұхшашлы кісіден мал тиер.
643. Егер һәр бір түсті көрген кісі — ол түске аһл болмаса, сол көрген түстің мөлшерінде машақат шегер.
644. Егер шашын маңдайынан салынып түсер көрсе — қорлық деген.
645. Егер шашынан, сақалынан, мұртынан жып-жылмағай болар көрсе — ол кісі қатты сырқат болар.
646. Егер шошқа, басқа бөрі, қабылан, жолбарыс түсінде көрсе, өлтірсе — дұшпанға үстін болады, егер зиян қылмаса — сол хайуанаттарды көргеннің зияны жоқ. Егер бұл хайуанатты өлтірсе — жақсы болады, дұшпандары өлгендей болар, егер мініп жүрсе — дұшпандары қолына кіріп, фәрман пірадар болады деп айтады.
647. Егер ізгі сөз сөйлемесе, хұтба оқымаса, һәм мінберге сәлахиятты болмаса — ауыр жамандыққа кездесер.

648. Егер яһуди көрсе — атасы бір туған қарындасынан минарас алар, яки бір күнәһқа батарлық етер.
649. Егіздерді көрсең — игілік белгісі;
650. Егін егуді көру — дүниесінде, яки дінінде ғамалы болады.
651. Егін салып, астық шашса — мұратына жетер.
652. Екі ерін көрмек — әйелі, досы яки баласы, туысы, қатыны делінген.
653. Екі желкесін көрмек — екі жақсы үй болады.
654. Екі жұмыртқа — дұшмандарының үстем болмағы.
655. Екі жұмыртқасын пішілген көрсе — дұшманына үстем болып, олардан пайда табар.
656. Екі көзінде жас жүргенін көрмек — халал мал көбеймек.
657. Екі қасын көрмек — дінінде көмалаттығы.
658. Екінді мен үйлі намаздарын бұзар көрсе — борышының жарымын өтеуіне дәлелет қылар.
659. Екінді уақытында үйлі оқыр көрсе — борышын өтемек болар.
660. Емен көрсең — ерекше таныстыққа бастайды;
661. Ер адамға сақалы көп болмақ — байлық, құрметтілігі.
662. Ердің ашық жүзді көрінуі — малы, құрметі артпақ.
663. Ердің екі емшегі — қатыны болады яки қызын көрер.
664. Ердің зөкәрі — адамдар арасында шарафатты болуы, я ұл баласы. Егер түсінде бұл құралдың артқанын көрсе — дәулеті, баласы артады, кем болғанын көрсе де — осылай. Түсінде зөкәрінің кесілмегі — я өзінің өлмегі болар.
665. Ердің маңдайы — дәулеті.
666. Ердің түсінде көз көрмегі — дініне назар көзінің түскені.
667. Еркек қарбыз жесе — уайым.
668. Еркекті жалаңаш көрсең — сәтсіздіктің белгісі.
669. Ерін. Қалың, сүйкімсіз ерін — ұнамсыз кездесу, отбасы мәселесі. Жұқа ерін — шешімі табылмаған мәселеден жол тауып кету.
670. Еріннің қалыңдығы — досы, серігі, малшысы болар деген.

671. Есек — дәулет, байлық.
672. Есекке теріс мініп жүрсе — дәрежеге ие болады.
673. Ескерткіш көрсең — даңқың артады.
674. Есуастық: түсінде есуас адамдай болып жүру — надандықтың белгісі.
675. Есік: түсінде есік көру — сол үйдің отағасын білдіреді. Есігінің ашық екендігін көру — молшылықтың белгісі. Кейбір кездері үй есіктерін әйел деп те жорамалдаған. Жабық есік — тұрмысқа шықпаған қызды, ал ашық есік — жесір әйелді білдіреді. Үйдің есігі ауысқанын көру — үй иесінің әл-ахуалының өзгеретінін білдіреді. Үйінің екі есігі бар екенін көру — әйелінің ұрысқақ, жанжалшы екенінің белгісі. Танымайтын, бөтен есіктерді көру — білім, рызықты, пайданы, жолшылықты, түс көрушінің пайдасына жорылады. Есігінің жаңа екенін көру — жақсылықтың белгісі. Есігін жаба алмауын көру — әйелі екеуінің арасындағы түсінбеушілікті білдіреді. Ескі есігін алып, жаңа есік қойғанын көрсе — егер үйін сатып жатқан болса, жақсы, қымбат бағаға сататындығының белгісі. Егер бір есікті түсінде қағатын болса, оған ішінен біреу жауап берсе, онда кісі мұратына жететіндігін білдіреді. Үй есігінің құлап жатқанын көру — ауру кісі болса, шипа табатынын білдіреді. Бұндай түс көру — жақсылықтың белгісі. Тар есіктен кең жерге шыққанын көру — қиыншылықтан құтылатынының белгісі. Үйіне бір есік жасап жатқанын көру — үйленудің белгісі. Танымайтын үйдің есігін ашу — сол үйдің егесінен жәрдем сұраудың белгісі. Бір есікті жауып, басқа бір есікті ашқанын көру — жаңадан келін түсіретіндігінің белгісі. Үйдің есігі — отағасын, бөлмелер есігі — әйелін, асхана есігі — рызықтың белгісі. Бөлмелердің есігі жаңа болса — онда әйелінің ашық, жақсы мінезді болғандығының, ал егер есіктер ескі болса — әйелінің мінезі жанжалшыл, жаман екендігінің белгісі.
676. Есіктер перделі болса — реніш болар.
677. Есікті таппай жүрсең — ісінде кедергі кездесер.

678. Есінеу: түсінде есінеу — күнә істеуді, жалқаулықпен намазды оқымауды, яғни шайтанның амалын істейтінін білдіреді. Кейде мұндай түс — сырды ашып айтуды және ауруға шалдығуды білдіреді.
679. Ет: түсінде ет көру — егер піскен болса, мал-мүліктің белгісі. Шикі ет — аурудың, қиыншылықтың белгісі. Түсінде бір адамның етін жегенін көру — сол адамды ғайбаттағанын білдіреді. Өз етін жегенін көру — тапқан табысын пайдаланатынын білдіреді. Доңыздың еті — арам малдың белгісі. Сиырдың еті — қиыншылықты білдіреді. Бураның етінің піскенін жеу — бір адамның малын жеп ауырып, кейіннен құтылып кетеді. Түсінде өз үйінде сойылған қойдың етін көрген адам — танымайтын бір адаммен кездеседі. Түсінде майлы қойдың етін көру — мирастың белгісі. Кімде-кім түсінде шикі ет жегенін көрсе — бұл түс жақсылықтың нышаны. Түсінде шикі етті көре тұра жемеу — жақсы емес. Кімде-кім түсінде піскен ет жегенін көрсе — ол адамның малы артады. Егер піскен етті қария кісімен бірге отырып жесе — ол адамның беделі артады. Ет — науқастықтан жазылып, қайғы-мұңнан арылуды білдіреді. Құстың еті — сапарға шығып, табысқа кенелуді білдіреді. Кейде түсінде құстың етін жеу — жұмақты және адамды жұмаққа кіргізетін салих амалды білдіреді. Балық еті — оңай жолмен табылған рызықтың белгісі. Кейде балық еті — теңізден алатын пайданы білдіреді. Кімде-кім түсінде өз етінің көбейіп артқанын көрсе — ол адамның жағдайы жақсарады. Егер ол адам ауру болса, жазылады. Егер өз етінің азайғанын көрсе — ол адамның жұмысы тұрақтайды.
680. Еттен істелген тамақ — кедей адамның байитынын, етсіз тамақ көру — мұқтаждықты білдіреді. Өртүрлі нәрседен істелген тамақ көру — науқастықтың белгісі. Түсінде дәмді тамақ пісіргенін көру — молшылыққа кенелудің нышаны.
681. Еттің тіліктері — зиянды нәрселерді білдіреді. Кейде адамның жасырған сырының жария болатынын білдіреді.

682. Етік — байлықтың белгісі. Етік тіктіру — қиыншылықты, екі адамның арасындағы достықтың бұзылуын білдіреді. Үлкен етік — той-томалақтың немесе сүйінші хабарды білдіреді. Кішкене, қысқа етік — сіз туралы айтылатын сөздер.
683. Ешкі сауып жүру — кездейсоқтық, күтпеген қуаныш.
684. Ешкі: түсінде ешкіні көру немесе ешкі сүтін ішу — жақсылықтың белгісі. Түс көруші асыл мұратына жететіндігін білдіреді. Түсінде ешкі етін жеу — жеңіл бір ауруды білдіреді.
685. Ешкінің және басқа хайуандардың жүні — аз малдың белгісі. Еті желінетін хайуанның жүнін көру — халал малды және оның мөлшеріндей дүние мүлкінің көбейетіндігін, ал еті желінбейтін хайуанның жүні — харам малды білдіреді.
686. Жабайы қаз — арзаншылық пен берекет, молшылықтың белгісі.
687. Жабайы үйрек — надан, салақ әйелді білдіреді. Жабайы үйректің жүні — мал-мүліктің белгісі. Түсінде жабайы үйректі ұстап үйіне әкелгенін көрген адам салақ әйелге үйленеді. Ұстаған үйрегінің қашып кеткенін көру — әйелімен ажырасуды білдіреді.
688. Жабу: түсінде бір есікті жапқанын көру — бойдақ болса, жақсы әдепті бір қызбен үйленетіндігін білдіреді, ал егер әйелі бар кісі болса, әйелімен ажырасады. Есікті кілтпен кілттеу — үйленудің белгісі. Үйінің есігін жапқанын көру — жақсылықтың белгісі.
689. Жабық терезе — бос уайым.
690. Жағалауда жүрсең — тыныш өмір сүресің.
691. Жаз мезгілі: түсінде жаз мезгілі болғанын көру — қалауының орындалатындығын, қыс кезінде жазды көрсе — қиыншылыққа тап болады.
692. Жазалану: түсіңізде жазаланғаныңызды көрсеңіз — теріс әрекетініңіз үшін кешірілетініңізді білдіреді.
693. Жазу жазу — айланың белгісі. Түсінде жазуының нашар екендігін көру — табысқа кенелуді білдіреді.
694. Жазылған жазу — көңілсіздікті білдіреді. Түсінде жазу жазғанын көру — істейтін ісіңіз жайында ойла-

- нып, ешқандай шешімге келе алмайтындығыңызды білдіреді. Сізге берілген жазуды немесе сізге берілген хатты оқығаныңызды көру — егер оқуға ыңғайлы болса, жақсылықтың, оқылмайтын дәрежеде болса, жамандықтың белгісі. Өшіп қалған көрінбейтіндей дәрежеде бұлыңғыр жазуды оқуға тырысу — сізге берілген істі орындайтындығыңызды, дуалға немесе тақтайдың бетіне жазылған жазуды оқу — бір істі істегенде өзіңізге сенімділік танытатындығыңызды; аспанда тұманмен жазылған жазу көру — ойлаған нәрсеңіздің орындалмайтынын; оқылмайтындай дәрежеде бір тақтайдың үстінде айқыш-ұйқыш жазудың сізге берілгенін көру — кейбір істердің оңай шешілетінін білдіреді.
695. Жай шұлық көрсең — жақсылық.
696. Жайнамаз: түсінде жайнамаз көру — арлы әйелдің белгісі. Жүн немесе мақтадан жасалған жайнамаздың үстінде отырғанын көру — құлшылыққа мән беруді білдіреді. Жайнамаздың жоғалғанын көру — құлшылыққа немқұрайлы қараудың белгісі.
697. Жақ: түсінде жақ көру — қайыр мен молшылықтың белгісі. Жақтың сары түсте көрінуі — қорқыныш пен қайғыдан құтылудың белгісі.
698. Жақсылық жасау: түсінде біреуге жақсылық істегенін көрген адам — жаман істеріне тәубе етеді, туған-туыстарының көңілін аулайды немесе кедей-кешіктерге садақа береді. Түсінде жақсылық жасау — әділдік орнайтынын білдіреді.
699. Жақұт — қуаныштың белгісі. Сәби күтіп жүрген адамның қызы дүниеге келеді.
700. Жақып (ә.с.): түсінде Жақып пайғамбарды көру — балашағасы тарапынан қиыншылықтың шығуы, бірақ кейіннен жақсы өмір сүретіндігінің белгісі. Жоғалған жоқтық табылатындығын білдіреді.
701. Жалаңаш әйел — өтірік, өсек.
702. Жалаңаш еркек көрсең — кедейлікке тап боласың.
703. Жалаңаш жүру: түс жорұшы Кирманидың айтуына қарағанда: «Түсінде бір жұмыс үшін шешінгенін

көрсө және ол жұмыс дінге байланысты болса — дүниелік пайда көретінін, бірақ ақыреттен нәсібі болмайтынын білдіреді» — дейді. Базарда немесе бір топ адамның ішінде жалаңаш жүргенін және оған адамдардың қарап қалғанын көрсө — сақтап жүрген құпиясы жария болады. Мешітте шешінгенін көрсө — күнәларынан арылады. Бір риуаятта: «Түсінде өзін жалаңаш көрсө — діни жауапкершілігін орындау үшін қайрат көрсететінін білдіреді» делінеді. Жалаңаш жүріп жыныстық мүшесін бір нәрсемен жауып жүргенін көрсө — байлығынан айрылатынын, бірақ өзіне жетерліктей қалатынын білдіреді. Жалаңаш бола тұра өзіне ешкімнің мән бермегенін көрсө — ауру болса, ауруынан жазылады; қарызы болса, қарызынан құтылады деп жорылады.

704. Жалаңаштану: түсінде анандан туғанындай жалаңаштанып жүргенін көрген адам — күнәдан арылып, сауапқа кенеледі. Дініне берік адам түсінде жалаңаштанып шешінгенін көрсө — қайыр мен табысқа жетудің, қиыншылықтан құтылудың белгісі. Ал дінмен ешқандай байланысы жоқ адам болса, қиыншылығы одан сайын артатынын білдіреді. Әйел адам өзінің жалаңаш жүргенін көруі — жақсы емес. Егер тұрмыс құрған болса, ажырасады.
705. Жалаңаяқ жүру — қиыншылықтың белгісі. Кейбіреулер керісінше жориды.
706. Жалау: түсінде жалау алып жүрсө — үлкен сыйлық алатынына жорылады. Ақ жалау — достық пен қарымқатынастың; үлкен жалау — үйленудің белгісі. Түсінде мұнара, мешіттің күмбезін, немесе байрақ көру — бейбітшілік пен қуаныштың белгісі.
707. Жалғыз жұлдыз — қуаныш.
708. Жалпақтау: дүние үшін біреуге жалпақтау — негізсіз түстің белгісі.
709. Жалынсыз отты көмір көрмек — харам мал, бөлкі жетім малы болар.
710. Жамағат: түсінде топ адамды көрген адамға Алла Тағала мейірім етіп, оны қорғайды. Түсте адамдардың

- арасында өлікті көрсе — өлген адам Алланың мейіріміне бөленеді.
711. **Жаман сөз есту** — күнә істеудің белгісі.
712. **Жамандық**: түсінде біреуге жамандық нәрсе үйреткенін көрсе — жамандықтың белгісі. Біреудің сізге жаманшылық істеуі — ол кісіге келетін бөле-жаланы, қиыншылықты білдіреді.
713. **Жаназа**: түсінде жаназаның арқасынан жүргенін көрсе — ол адамның дінінің теріс екендігін білдіреді. Өзін табыттың ішінде жатқанын көрген адамның дүниесі көп болады. Егер өзін табыттың ішіне қойылғанын және бір топ адамның иығына көтеріп салғанын көрсе — ол адам салтанатқа ие болып, билікке көтерілетініне жорылады. Ол үшін жылап жатқан адамдарды көрсе — ол адамның өмірінің соңы жақсы болады. Түсте жаназа көру — әрдайым жақсылық пен ұзақ өмірге жорылады. **Жаназаның өз отбасынан бірі болғанын көрсе** — науқас танысы болса, ауруынан жазылады, ұлды болады деп есептеледі. Өзінің өліп қалғанын көрсе — бақытты ғұмыр кешетінін білдіреді. Егер көршіңіздің өліп қалғанын және оның жаназасын шығаруға дайындалып тұрғаныңызды көрсеңіз — көршіңіздің сізден разы екендігін білдіреді. Түсінде жаназаны көтеріп жүрген адамның қолына мал түседі. **Кирманидың көзқарасы бойынша**, түсте жаназа көтеріп жүру — діннен алшақтаған адамға жәрдем берудің, ал өзінің табыттың ішінде кетіп бара жатқанын көру — жоғары дәрежеге көтерілудің белгісі.
714. **Жанартау**, лапылдаған от — өмірінде үлкен өзгеріс болады.
715. **Жанның денеден шығуы** — аманатты иесіне беруді немесе ауру адамның ауруынан жазылатынын, яки түрмеден босайтынын білдіреді. Кейде жанның денеден шыққанын көру — кездесе алмай жүрген адамдармен кездесудің белгісі деп жорылады.
716. **Жан-жануарларды байлау** — қайырлы іс.
717. **Жанып жатқан есік** — өлімнің белгісі болуы мүмкін.

718. Жаңа аяқ киім кесең — жаңа орынға ауысуың мүмкін.
719. Жаңа киім кесең — жаңа олжа келеді.
720. Жаңбыр кезіндегі найзағай — жайсыздық белгісі.
721. Жаңбыр көрсең — жылайсың, ренжисің.
722. Жаңбыр суы — рахмат, жақсылық, егер көп орындарда күшті жауса, ол орында ауырлық болар.
723. Жаңғақ шағып жүрсең — ақша аласың.
724. Жапырақ төсеп ұйықтасаң — екеуара сүйіспеншілік белгісі.
725. Жапырақсыз ағаш — жақсылық емес.
726. Жапырақтың әртүрлісі болса — ауа райының бұзылуы.
727. Жардан өтіп кетсең — қауіптен құтыласың.
728. Жарқанат көрсең — ұнамсыз мейман әйел келеді.
729. Жарты ай көрсең — уақытша ғана бақыттың белгісі.
730. Жарық жұлдыз көрсең — нәтижеге жетесің.
731. Жас адамдар табыт көрсе — үйлену тойының белгісі.
732. Жас әйел осы түсті көрсе — махаббаттағы сәттілік, тұрмыстағы бақыттылық.
733. Жас баланың түсі — атасына болар.
734. Жастықтар, орындықтар, бүркеншік, жаулық — қызметшілері болады.
735. Жасыл жапырақ — сапарға бастар.
736. Жасыл тон көрмек — дүниедегі тірлігі рахаты, оның үшін ол ұжмақ аһлдерінің киімі еді.
737. Жасыл түс — жолға, сапарға шығу.
738. Жасыл шалғында жүру — қонаққа бару.
739. Жасыл шегір көзді көрмек — дінінен өзге қарсы дін болар, егер балалары болса, сырқат болар, екі көзінің кетпегі, баласының өлмегі.
740. Жат қатынмен, яки өз қатынымен шағылыс жасаса — жасы ұзын болар.
741. Жатқа оқымақ Құранды — бір хақ іс болмақ, аманат өтемек, шарифат жолын орындамақ.
742. Жауһар — байлық.
743. Және майдан бауларда кіріп жүрсе — көңілі хош уақыт болады деп айтады.
744. Және түсінде аспандағы айды көрсе — көп жақсы болады, тірлікте мәнфағат болады деп айтады.

745. Және түсінде түйеге мініп жүрсе — біздіктер, өлгендер, біздіктерден, яғни өулиелерден илтифат болар деп айтады. Өртүрлі хайуанаттарды мінсе — жығылмаса, жақсы болады.
746. Жәрдем: түсінде жәрдем беру — мәрттіктің белгісі. Бір адамға жәрдем бергенін көру — сауапты іс істегенін білдіреді.
747. Жебірейіл (ә.с.)-ның насихат айтқанын немесе сүйіншілеп жатқанын көрген адам сыйлы, құрметті және бір жақсылыққа сүйінші хабар алады. Егер ол адам жәрдемге мұқтаж болса, жәрдем алады, науқас болса, жазылады. Қажыға бармаған болса, қажыға барады. Жебірейілдің кейпіне кіргенін көрсе — жақсылық пен берекетке бөленеді.
748. Жексенбі — ғұмыр бойы маңдай теріңізді төгіп өтетініңізді білдіреді. Сізге өмірде оңай олжаның жоқтығын хабарлайды.
749. Жел — махаббат нышаны немесе мұң.
750. Желкесін қалың көрмегі — Құдай тағдыр еткен нәрселерге, күллісіне қуатты болмақ.
751. Жемқорлық: түсінде біреуден пара алу немесе беру — сауда-саттықтың ретсіздігін және жұмысыңыздағы бей-берекетсіздікті білдіреді.
752. Жеміс-жидек: түсінде дәмі тәтті жеміс-жидек көру — рызықты, пайдалы істі, білімді білдіреді. Қышқыл жеміс те рызык пен білімді білдіреді. Қышқыл жеміс жемейтін кісі түсінде қышқыл нәрсені жегендігін көру — харам жолдан табылатын дүние-мүлікті, ауруының артатындығын білдіреді. Жеміс-жидек — жақсылықтың белгісі.
753. Жеміс құрты — екі жүзді, әдепсіз, аманатқа қиянат жасайтын, сырты бүгін, іші түгін болған кісіні білдіреді.
754. Жеміссіз ағаштар көрмек — бір семіз кісі болар, жуан дауысты, ізгілігі һәм малы аз болар.
755. Жемістерден сары жеміс көру — қайғы, сырқат болар.
756. Жемісті ағаш көрсең — игілік.
757. Жеңу: түсінде біреуді жеңгенін көру — қиыншылықтан құтылуы, ауру болса, ауруынан жазылуды білдіреді.

758. Жеңіс: түсінде жеңіске жеткенін көру — жетістікке жетудің белгісі. Жеңіске жетуді қиыншылыққа душар болу деп жоритындар да бар.
759. Жер асты жолы: түсінде бұл түсті көру — білместен, қаламастан жаман іс істейтіндігін білдіреді. Жер асты жолымен жүріп, ол жерден таза су табу — жақсылықтың белгісі. Ол жерде таза емес, лай суды көру — жаманшылық пен қиыншылықтың белгісі.
760. Жер бөлігі: жер — әйелге жорылады. Жер сатып алғанын көрсе — үйленеді, сатса — ажырасады. Жерден көп өнім алғанын көру — ұрпағының көбейетінін білдіреді. Жерде аунап жатқанын көру — жақсылықтың белгісі емес. Таза болса — жақсылық, ал таза болмаса — керісінше болады. Өзі білмейтін жерден үлкен жерге ие болғанын көру — мал-мүлікке ие болады немесе өзге ұлт өкілімен үйленеді. Жерде отырғанын көрсе — үлкен дәрежеге көтеріледі. Жерден уыстап топырақ жегенін көрсе — ол адам бақуат болады. Алдына топырақ жиылып қалғанын көрсе — өмірі ұзақ болады. Егін егілетін жерден сүдігерге жүргенін көрсе — сүннетті орындамай жүргенін білдіреді. Түсінде бір адамды көму үшін жер қазып жатқанын көрсе — біреуге айла жасаудың белгісі екенін білдіреді. Шұңқыр қазып жатқанын көрсе — әйелінен айырылатынының белгісі. Топырақпен сөйлесіп жатқанын көрсе — ұзақ ғұмыр кешеді. Арық немесе канал қазып жатқанын көрсе — халыққа қызмет етіп жүргенін немесе үлкен қызметке көтерілетінін білдіреді. Бір жерге көпір салып жатқанын көрсе — дініне берік екенін білдіреді. Ал көпірді құлатқанын көрсе — дініне салғырт екенін білдіреді. Егіндіктің су басып жатқанын көрген адам сапарға шығады. Жерді қазып топырағын жеп жүрсе — мал тауып алады. Үлкен жерден қыспақ жерге кіру — күнәнің белгісі. Егіндікке қожайын болса — үйленетінін білдіреді. Баласы жоқ болса, перзентті болады.
761. Жер көрмек — дүние, тіршілік.
762. Жер қазып жүрсең — мұңаюдың белгісі.

763. Жер сілкінісі: түсінде жер сілкінгенін көру — жақсылықтың нышаны емес. Ақша мен мал мүліктен айрылуды және қиыншылықты білдіреді.
764. Жер шарының картасы: түсінде карта көру — сапарға шығудың белгісі. Түсінде картаға зер салып қарау — ұзақ сапарға шығуын білдіреді. Карта сызғанын көрген адам, егер картаны толық сызса — оған жұмыс берілетінін, толық сызбаса — берілмейтіндігін білдіреді. Түсінде біреудің карта көрсетіп, одан сұрағанын көрсе — күтпеген жерден хабар келетінін білдіреді.
765. Жер — өсекшіл, өтірікші әйелдің белгісі. Жер — білім мен жақсы сөзді білдіреді. Жердің тарылуы — күнәні ашық түрде істеудің белгісі. Кейде жердің жарылуы — сол жердің берекелі екенін білдіреді. Бір жерді егеленгенін көрген адам — бойдақ болса, үйленеді. Жердің сілкінгенін көру — жүкті әйелдің баласын тастайтынын білдіреді.
766. Жердің түрілгенін көру — өлім, яки біреуден өлу.
767. Жетімдік: түсінде жетімсіреу — адамдардың түрткісінде қалады. Түсінде жетімдікті көру — дұшпанын жеңуді білдіреді.
768. Жиде ағашы — әдепті, кішіпейіл, баршаға жақсылық жасайтын адам екеніңізді аңғартады.
769. Жиде: Түсінде жиде көру немесе жеу — айналаңыздағы адамдар арасында беделіңіздің артатынын білдіреді.
770. Жираф: түсінде жираф көрудің ешқандай қайыры жоқ. Өйткені бұл жануар — қиыншылықтың белгісін білдіреді. Жираф — күйеуіне мойынсұнбайтын әйелді білдіреді.
771. Жиренішті нәрсе көру: түсіңізде жиренішті нәрсе көрсеңіз — жақсы емес. Сүйкімсіз әлпет көру — қауіптің белгісін білдіреді. Өзіңізді жиіркенішті халде көрсеңіз — сіздің жарқын жүзді, ізгі ниетті мейірімді жан екендігіңізді білдіреді. Жиіркенішті жануар көрсеңіз — жақында қуанышты хабар естіп, қуанатыныңызды білдіреді.
772. Жиһаз көрсең — қуанышты кездесудің нышаны.

773. Жоғары үкімет бастығын көрсе — сүйінішті іске кездесер.
774. Жоқшылық — береке, жақсы, қымбатты достарды және уақытша бір қиыншылықты білдіреді.
775. Жол: жолдың шетінде жүргенін көрген адамның дініне салғырт қарайтындығын білдіреді. Түсінде жол үстінде тура жүргенін көрген адамның саудада жолы болады. Жолынан адасып кеткен адам — сауапты іс пен дінінен айрылады. Егер қайта тауып алса — тура жолды табады. Жолда қалай қарай жүрерін білмей басы қатса — нәпсісін тәрбиелей алмай жүрген адамды білдіреді. Қараңғы жолдан жүрген адам — тура жолдан ұзақтайды. Қараңғы жерден жарыққа шыққан адам — тура жолға түседі. Жол — діннің белгісі. Жолдың жағдайына қарай дінін де білуге болады.
776. Жолаушы қасқыр көрсе — сапары сәтті болады.
777. Жолбарыс — залым немесе дұшпан бір кісінің белгісі. Түсінде жолбарысты өлтіргенін көру — дұшпанын жеңетіндігін, оның шарасыз қалатындығын білдіреді. Жолбарыс етін жегенін көру — молшылық, берекеге тап болады. Жолбарысқа мінгендігін көру — қызметінің, абыройының өсетіндігін білдіреді. Жолбарыстың тістегенін көру — тістеген жерінің мөлшеріндей жаманшылықтың келетіндігін білдіреді. Жолбарыс — қу, айлакер адамның белгісі. Түсінде жолбарыс көрген кісі — күнәлардан тәубе етеді.
778. Жолмен келе жатсаң — сырқат, жайсыз хабар.
779. Жолмен түзу жүріп бара жатса — хақ жолда екендігі.
780. Жомарттық: сараң адамның түсінде жомарт болуы — көркем мінезді, адасып тура жол табатынын білдіреді.
781. Жөндеу: түсінде қандайда бір нәрсені жөндегенін көру — қарыз болса, өтеуді, аурудың жазылатынын, жүкті әйел болса, балалы болатынын білдіреді.
782. Жуылған кірді сатып алса — аурудың нышаны.
783. Жуыну: түсінде өзен-көлде, таза суда жуыну — қиыншылықтан құтылудың белгісі. Түсінде тек қана

- басын жуу — зорлық істеген адамдардан құтылу. Қол жуу — қуаныштың, денесін жуу — құрметке бөленудің белгісі.
784. Жұлдыз — адамдар арасындағы құрметті адам. Қолында жұлдыз көру — ақылды бала. Үйінде көптеген жұлдыз көрген адамның ұрпағы көбейеді. Жап-жарық жұлдыз көрген адам қуанышқа бөленеді. Жұлдызды жеу — адамдардың мүлкіне қол сұғу. Жұлдыздардың аспанда ағып жүргенін көрген адам бай болса, малынан айрылады, кедей болса, өледі.
785. Жұлдыздың сөнгенін көрсең — жақыныңнан айырылуың мүмкін.
786. Жұлынған шаш — досыңның немесе жақыныңның өлуі мүмкін.
787. Жұма: жұма намазын оқыған адамның арманы орындалады. Түсте жұма намазын көрсе — қайғы-мұңнан айрылып, қуанышқа кенеледі. Түсінде жұма намазын оқыса — ақыретті көп ойлайтыныңызды және Алла тағала құлшылықтарыңызды қабыл ететінін білдіреді. Бейуақыт намаз оқығанын көрсе — иманын жаңалау керектігіне жорылады.
788. Жұмақ: жұмақты көріп, бірақ ол жерге кірмеген адамның түсі — ол адам үшін жақсылықты білдіреді. Жұмаққа кіргісі келген адамды кіргізбесе — оның қалауы болмайды. Жұмақтың есіктерінің барлығы жабық болса — ата-анасына қарсы екендігін білдіреді, ал қалаған есігіне кірсе — ата-анасы одан разы болғанын білдіреді. Өзінің жұмаққа кіргенін көрген адам екі дүниеде де сенімділік пен қуанышқа бөленеді. Жұмақтың жемісін жесе — жеген жемісіндей рызыққа ие болады. Жұмақтан су, шарап, сүт ішсе — білім мен байлыққа жетеді. Жұмақтың жемісінен алып, біреуге бергенін көрсе — ол адам амал етпеген білімін біреуге үйрететінін білдіреді. Ауру адам жұмаққа кірсе — ауруынан жазылады. Жұмақтан қуылса — кедейлікке ұшырайды.
789. Жұмыртқа көрсең — табыс, мейман келеді.

790. Жұмыс істеу: егер түсінде қайырлы бір іс істейін деп жүргенін көрсе — мұратына жетеді. Біреуге жұмыс істетіп, оған бас-көз болып қасында жүрсе — оңды іс істейді. Түсінде бір бөлмеде отырып, сурет салып немесе жазу жазып отырса — өмірі ұзақ болады және ешқандай қиыншылық көрмейді. Бақшада, егіндікте немесе фабрикада жұмыс істеп жүрсе — денінің саулығын, байлық пен молшылықты білдіреді.
791. Жұмыстан босау — қалаған ісіне жетудің белгісі. Кімде-кім түсінде жұмыстан шығарылып, орнына қария адамның орналасқанын көрсе — ол адамның ісі оңды болады. Өзінің орнына жас жігіттің тағайындалғанын көрсе — ондай жағдайда ісінің оңды жүретінін білдіреді.
792. Жүгері жесең — ақша келеді.
793. Жүгері жинасаң — малың көбейіп, бақ дәулетті боласың.
794. Жүгірген ит көрсең — жаңа орын іздейсің.
795. Жүгіру: түсінде жүгіргенін көру — жамандықтың белгісі. Жүгіріп келе жатып құласа — бастаған ісі бітпей, қиындықтарға кездеседі.
796. Жүдеу бас көрмек — қайғы болады.
797. Жүзу: түсінде теңізде жүзіп жүргенін көрген адам ғалым болса, мұрат-мақсатына жетеді. Теңізде жүзіп, кейіннен жағаға шықса — егер ол білім іздеген адам болса, бәріне қол сілтейді. Теңіздің терең жеріне барып, сол жерде рахаттанып жүзіп жүрсе — үлкен іске орналасады. Кімде-кім суда жүзіп жүрсе — дұшпанын жеңеді.
798. Жүзім жемісі һәм бақшалар көрмек — қатын болады.
799. Жүзім жеу — қуаныш, ұтыс.
800. Жүзім көрсең — үлкен табыс.
801. Жүзінің ақ көрінбегі — имандылығы, қызылдығы — дәулетті болатыны, қызыл мен ақтығы — құрметті болатыны.
802. Жүзінің сарылығы — сырқаттылық.
803. Жүзінің тозаңменен қара көрінуі — өлім депті.
804. Жүзіп жүрген балықты көру — өңінде перзент сүйеді.

805. Жүкті болу: түсінде өзінің жүкті болғанын көрген әйел жұмыстарының орынды жүретінін және абыройының артатынын білдіреді. Жүктілік — түс көрушінің дүниелік нәрсесінің артатынын білдіреді. Жесір әйел мен жас қыз жүкті болса — тұрмысқа шығады.
806. Жүн киім кимек — көп мал болар, мамық шапан кимек — дүние ахырет хайырын жияр.
807. Жүн шұлық — сырқат.
808. Жүніс пайғамбарды көрсе — бір істе асығып, тұтқындық тарлыққа түсіп, соң құтылар да, ажал күніне шейін жақсы тіршілікпен өтер.
809. Жүрек айну: түсіңізде жүрегіңіз айныса — күшіңіздің әлсіз болғаны және сізден күшті адам сізге тиісіп, соның салдарынан абыржисыз. Сондай-ақ мұндай түс денсаулығыңыздың жоқтығын білдіреді.
810. Жүрек — қазына болады, жоруы да һәм солай болады.
811. Жүрегіңіздің қатты соғып жатқанын, өзіңізге дем жетпей жатқанын сезінсеңіз — қызметіңізде күрделі мәселе болады. Кейбір жасаған қателіктеріңізді уақытысында жолға қоймасаңыз, ол үлкен шығынға әкеледі.
812. Жүсіп пайғамбарды көрсе — өтірікші, залымдардан залал көрер, һәм тұтқынға түсіп, ауыр халдер көріп, соң үлкен ұлық болар, мақсатына жетер.
813. Жылан көрсең, ауырып қалуың, досыңның опасыздығына кезігуің мүмкін.
814. Жылан көрсең — жақында қуанышқа кенелесің.
815. Жылан қуып жүрсе — зымиян қатындардан сақтану керек.
816. Жылау — қуану.
817. Жылдам ағыс көрсең — қуаныш.
818. Жылқы мініп жүрсең — қуаныш.
819. Жылқы сатып алып жүрсең — жаңа хабар аласың.
820. Жылы су ішсең — ауырасың.
821. Жібек кию — еркекке арамнан жиналатын мал, дінінде кемшілік.
822. Зәмзәм суы: кімде-кім түсінде зәмзәм суын ішсе — дерті мен ауруынан айығады. Сондай-ақ мал-мүлік пен білім деп те жорылады.

823. Зейтүн майын көрмек — хайырлы берекет болмақ.
824. Зікір: түсінде Алла тағаланы зікір еткен адамдарды көру — дұғаның қабыл болатынын, мәртебесінің көтерілетінін білдіреді.
825. Иек көру, үру — тамыр иесі болар, яғни нәсіл иесі.
826. Имамдарды көрмек — хайыр, шарафатдүр.
827. Ине көрсең — дұшпан қоршауында қалғаның.
828. Ит көрсең — адал досыңа байланысты сәттілік.
829. Ит қабатын болса — жалаға ұшырайды.
830. Калима шаһадат: түсінде калима шаһадат айту — тура жолдың, молшылықтың белгісі.
831. Кәуап — жақсылық. Кәуап сатып алу — мол табыс.
832. Кәмпит көрсең — мейман келер.
833. Кебін: түсінде кебін көру — ақырет амалдарын білдіреді. Кейбір кезде сыр сақтауын, бойдақ кісінің теңі болмаған әйелге үйленетіндігін білдіреді. Кебін кигендігін көру — біреудің зиянқорлыққа шақыратындығын, бірақ ол істі істемейтіндігін білдіреді. Түсінде өліктің кебіні қысқа болса — түс көрушіге тәубе ету керек екендігін білдіреді. Түсінде ашық қабірдің ішінде кебін киіп жатқандығын көру — кем-кетіктерге, әлсіздерге жәрдем етуді білдіреді. Кебінін шешіп тастап, көшеде жүргендігін көру — мол табысты білдіреді. Үстінде кебін кигендігін көру — өлімді білдіреді. Жағраф Садықтың көзқарасы бойынша, кебін төрт нәрсені білдіреді: дүние нығметін, жолаушылықты, өлім мен ауруды. Түсінде танитын кісіге кебін тіккендігін көру — молшылықтың белгісі. Түсінде бірнеше кебін жинағандығын көру — абыройының өсетіндігін, ал кебін таратып жүргендігін көру — жақсылықтың белгісі.
834. Кедей: түсінде кедей адамдарды көру — жағдайға байланысты кейде молшылықты, кейде кедейлікке түсуді білдіреді. Түсінде тіленіп жүргенін және бір нәрсе алғанын көрген адам — қиыншылықсыз мал-мүлікке ие болады. Үсті-басы алба-жұлба кедей адамды көру — кері кетуді білдіреді. Кейбір түс жорушылар мұны басшылыққа шығу деп жориды. Кедей адамға бір нәрсе

- беру — бөле-жаладан құтылуды білдіреді. Кедей адамнан бір нәрсе алу — күтпеген жерден біреуден жәрдем алатынын білдіреді. Кедейдің жылап жүргенін көру — қайырлы хабарды; мұңды жүзін көру — істерінің кері кететінін білдіреді.
835. Кездеме: түсінде кездемені көру — дүниелік істерді білдіреді. Түрлі-түсті материалдардан тігілген көйлек кигенін көру — қиыншылықтың белгісі. Түсінде көрген кездеме түстеріне байланысты да түрлі жорамалдар айтылған, ақ түсті — қуанышқа, сүйіспеншілікке, көк түсті — сүйіншіге, жасыл түсті — тура жолда екендігіне, қызыл түсті — мұң-қайғыға, қара түсті — өлімге, сары түсті — ауруға жорыған. Түсінде кездемені жыртқанын көру — әйелімен ажырасатынын білдіреді. Түсінде кездемені жинағанын көру — ұзын сапарды білдіреді.
836. Кездесу: түсінде бір жолдасымен кездесуге кеткенін көру — бір жұмыс үшін мемлекет мекемесіне баратынын, егер кездескен болса — жұмысының оңалатынын, кездеспесе — болмайтынын білдіреді.
837. Кек алу: түсінде тіс қайрап жүрген адамынан кек алғанын көру — жақсы көретін адамының өлетінін білдіреді.
838. Кекеш: түсінде кекештенгенін көру — жоқшылықтың белгісі немесе бастық болып дұшпандарын жеңетіндігін білдіреді.
839. Кекілік — әйелдерді және жақсы мінезді адамдарды білдіреді. Түсінде бір топ кекілік бір төбеге барып қонғандығын көру — қызметінің өсіп, көп ақша табатындығын білдіреді. Түсінде кекілік етінің қуырылғандығын көру — жаңа киім алатындығын, ал кекілік аулағанын көру — әдемі, әдепті бір қызбен немесе еркекпен танысатындығын білдіреді.
840. Келіншек: түсінде келіншек болғанын көру — тұрмыс құруды, табысты іс әрекетті білдіреді. Тұрмысқа шыққан әйел келіншек болғанын көру — қыз туатынын немесе игі іске бастауын себепші болатынын

білдіреді. Жас, сұлу келіншек көру — адал табыс пен молшылықты білдіреді. Жиіркенішті кәрі келіншек көру — берекесіз табысты білдіреді. Түсінде көрген келіншек әдемі болса, молшылық пен арзаншылықты білдіреді.

841. Келіспеушілік: түсінде жұбайыңызбен араңызда түсінбеушілік туындаса — істеген істеріңізді міндетсінуді доғару керектігін білдіреді.
842. Келісім-шарт: түсіңізде келісім-шартқа келісіп қол қоюыңыз — қандайда бір іске кірісер болсаңыз, қатты көңіл бөліп істеуіңізді, сезім, көңілге мән беруіңізді білдіреді.
843. Келісім: түсінде дұшпандармен келісім жүргізгенін көрсе — қорқынышы кетіп, қиыншылықтың соңы жақсылық болады деп жорылады. Науқастың шипа тауып, рызықтың артып, табысқа кенелетініне жорылады. Бойдақ болса, үйленіп, намазды, ораны бастап, қайырлы істер істейтінін білдіреді.
844. Кеме — ауырып, қиналып, қатты абыржып жүрген адам үшін қайырлы болады. Кеменің жағада тұрғанын көру — жолы болатынын білдіреді. Түсінде кемені жағаға қарай сүйреп жүргенін көрген адам — екі жүзділік көрсетеді. Салихалы адамдармен бірге кемеге мінгенін көрген адам — күнәдан тазарады. Кемеден шыққанын көрсе — бақытқа кенеледі. Кімде-кім жағада тұрып, теңізде бір кеменің бос қалқып жүргенін көрсе — оңды сапардың белгісі. Кеме, надандық пен бүліктен құтқаратын Ислам деп жорылады. Науқас адам өлген адаммен бірге кемеге мінгенін көрсе — ол адам бүліктерден арылады. Қарызы көп адам кемеге мінгенін көрсе — қарызын өтеп, қайғы-мұңнан арылады. Егер жағдайы нашар адам көрсе — Алла тағала оған күтпеген жерден молшылық береді. Жұмыссыз жүрген адам кемеге мінгенін көрсе — жұмысқа орналастынынын білдіреді. Өлім төсегінде жатқан адам кемеге мінгенін көрсе — оның өмірін ұзартады. Түсінде кеменің батқанын және тақтайдан ұстап құтылғанын көр-

- се — жұмысында кездесетін кедергілердің қысқа уақыттың ішінде ретке келетінін білдіреді. Түсінде бос кеме көру — саудадағы табыс пен пайданы білдіреді. Түсінде теңіздің жағасында тұрып, ол жердегі кеменің бейпіл жүзіп жүргенін көру — қайырлы істі білдіреді. Бойдақ жігіт түсінде кеме сатып алса — үйленеді. Түсінде Нұх (ә.с)-ның кемесін көру — қуанышты, жаңбыр жауатынын білдіреді. Мінген кемесінің ауада жүргенін көрген адамның өлімі жақындағанын білдіреді. Кеменің құрлықта жүргенін көру — жаманшылықтың белгісі. Үлкен кемелер — жақсылықтың белгісі. Кішкентай кемелер — қарақшылықтың белгісі. Бұзылған кеме — қайғы-мұңның, батқан кеме құтылудың белгісі.
845. Кемеге міну, кеме көру — қорқынышынан құтылар.
846. Кемеде жүссең — хат-хабар аласың.
847. Кемежай, порт: бұл түсті көру — жақсылықтың белгісі. Кемежайда жүріп көп кеме көру — үйіңізге келетін қонақ немесе көптен көрмеген достарыңызбен кездесетіңізді білдіреді.
848. Кемпірқосақ көрсең — ұнамды хабар естірсің.
849. Кең соқпақпен жүрсең — жақсылық.
850. Кептер көрсең — қуанышты өмір сүресің.
851. Кептер сізге хат әкелсе — араздасқан ғашықтар қайта жарасады немесе жағымды хабар келеді.
852. Керуен: түсінде бір керуенмен сапар шегу — саудаңыздың жүретіндігін, қызметіңіздің өсетіндігін білдіреді. Керуеннің қалаға кіргенін көру — үлкен мирасқа еге болатындығын білдіреді.
853. Кесілген ағаш — өлім мен қаралы күндер белгісі болуы мүмкін.
854. Кетік: өзіңізді кетік көрсеңіз — жұмысыңызды алып кету мүмкіндігіңіздің жоқ екенін меңзейді.
855. Кеуде: егер жас әйел өз кеудесінің жараланғанын көрсе — оған бақытсыздық келеді. Егер әйелдің көкірегі толық әрі аппақ болса — жақын күндері үлкен байлықтың мұрагері болмақ.
856. Кешіру: түсінде біреудің кінәсін кешіргенін көрген адам Алла тағаланың мейіріміне бөленетін іс істейді.

Түсінде кінәсі кешірілген адамның ғұмыры ұзақ болып, құрметке ие болады. Түсінде біреудің істеген қателігін кешіру — рухани дүниенің тазаланып, білімінің артып, жайдары адам болатынын білдіреді.

857. Кешірім сұрау: түсінде кешірім сұрап, тәубе ету — молшылықтың белгісі. Түсінде Алладан кешірім сұрағанын көрсе — Алла тағала оның күнәларын кешіреді, ол адамға бала беріп, жұмақты нәсіп етеді. Түсінде теріс қылығы үшін кешірім сұрағанын көру — сыйлы адам екеніңіздің белгісі.
858. Киім — жолға шығу.
859. Киім жуу — қиын істерден құтылу.
860. Киім тоқу — ұзақ жерге сапарға шығу. Жүннен киім тоқу — ауа-райының бұзылуы.
861. Киімдегі жамау — сәтсіздік нышаны.
862. Киімдерді үтіктеу — ісі ретке келу.
863. Киімшең жуынсаң — зиян мен сырқат белгісі.
864. Көбелек гүлге немесе жасыл желекке қонып тұрса — жетістік.
865. Көбік көрсең — өтірік хабар аласың.
866. Көгерген нан — зекеті берілмеген пайдасыз мал.
867. Көгершін — ұзақтан келетін жақсылық, пайда.
868. Көгершін басына немесе иығына қону — үлкен қуаныш.
869. Көгершін етін жеу — қолына мал-мүлік келу.
870. Көгершін көп болу — бір жерге басшы болу.
871. Көгершін өзіне қарай ұшу — ұзақтан келетін қайырлы хабар.
872. Көгершін түсінде — қатынға кездесу.
873. Көгершін ұстап алу — үйлену, қызды болу.
874. Көгершін ұстау үшін жерге тары себу — халықты жамандыққа бастау.
875. Көгершін ұшып кету — әйелінен немесе күйеуінен айрылу.
876. Көгершін ұя салып жатса — қуаныш, мамыражай өмір.
877. Көгершінге оқ ату — бір әйелге жала жабу.
878. Көгершінді өлтіру, біреуге сату — жамандық.
879. Көгершіннің қанатын жұлу яки кесу — әйелінің үйінен кетуге кедергі болу.

880. Көгілдір аспан — биіктен көріну, отбасындағы бақыт.
881. Көз — адам діні, тура және теріс жолды көретін жүрек көз.
882. Көз ауру — кедергі, жолы болмау, дініне немқұрайлы қарау.
883. Көз ауруын сезу — баласы үшін қайғылану.
884. Көз жасының жүзіне аққанын көрсе — жыламайынша нәсеп, нәсіл тарафынан шілте, яки шілте қылушының сөзі өту.
885. Көз жасының салқындықпен бір ағар көрсе — шадлық, яки кемшіліктен құтылу, жарылқану болады.
886. Көз қабағының жарақаты болып көрінуі — қайғыға кездесу.
887. Көз қабақтарын көрмек, сәламет көрсе — жақсы болады.
888. Көз тию — өткінші қиыншылық, қасірет.
889. Көз — ол жауларыңыздың көзі сіздің ісіңізде екенін білдіреді. Қоңыр көз — алдану. Көк көз — көздеген мақсатқа жетудегі әлсіздік пен жауапсыздық. Бір көзсіз қалу — күрделі мәселелердің туындайтынын хабардар етеді.
890. Көзді ойып алу — ұзақ өмір.
891. Көзді шығару — көз ауру.
892. Көздің екеуінде кірпік болмау — Ислам дініне кесірін тигізу.
893. Көзі әдемі болу — білімнен сусындау, парасаттылыққа кезігу.
894. Көзі көктер мен қара көрсе — дінінде хилафлық болмақ.
895. Көзі көр болу — баласы өлу.
896. Көзі көр болуға жақын қалу — сауапқа кенелу.
897. Көзі қою түсті болу — достың әйеліне көз салу.
898. Көзі үлкею немесе бөгде адамның үлкен көзі — Алла тағаланың жәрдемімен тура жолға түсу.
899. Көзілдірік — бөтен біреулер өміріңізге өз кесірін тигізеді. Уақытында сақтық жасап алданып қалмағаныңыз жөн.

900. Көзімен көру, құлақпен есту — қыздары, қатыны болмақ.
901. Көзіне ақ түсу — қайғы-мұң, жақсы адамынан айрылу.
902. Көзіне дәрі тамызу — балалы болу, жасырын істер бар болу.
903. Көйлегін теріс кию — жағдайы өзгеріске ұшырау.
904. Көйлегінің жағасы жыртылу — ақыретте мол табыс пен сауап берілу.
905. Көйлек — Алладан қорқу, білім, сүйінші хабар, жаңалық есту.
906. Көйлек кию — діні мен дүние-мүлкі халы.
907. Көйлек көрсең — хабар, жаңалық естисің.
908. Көйлек, тонның таза, кең, ақ, жаңа болмағы — дінінде көркемдігі болады.
909. Көк түс — үлкен әңгіме, салмақтылық.
910. Көк түсті киім киетін болса — барша тілектері қабыл болып, мұратына жетеді.
911. Көкек — жоғы түгелденеді.
912. Көкнәр — жетіліп, ер жеткен адам. Көкнәр жемісі — дүние-мүлік.
913. Көкөніс жесең — қуаныш келеді.
914. Көкпар шабу — бір нәрсеге таңырқау.
915. Көктем — қуаныш, махаббатта жолы болу.
916. Көктем гүлі — ризық, құсалықтан құтылу, қалауына жету.
917. Көктем келу және айналадағы ағаштар гүлдену — ұлды болу, үйлену, ұзақ өмір.
918. Көктен қайшы түсу — өмірі біту.
919. Көктен құс түсіп, жанына қону — сүйіншілі хабар.
920. Көл көрсең — жаңалық, хабар.
921. Көлбақа көрсең — біржақты сүйіспеншілік нышаны.
922. Көң көрсең — кіріс көбейеді.
923. Көң үйіндісін қазып жүрсең — қазынаға кезігесің.
924. Көң үйіндісінде ұйықтап жүрсең — жазыласың.
925. Көңілденіп жүрсең — қауіптің белгісі.
926. Көңілді адамдарды көрсең — қуанасың.
927. Көңілді түрдегі отырыста отырсаң — сырқаттанасың.
928. Көп құмырсқа — өмірінің ұзын болуы, бала, малдың көптігі.

929. Көп сиырлар көрсе — дәулет, жақсылықтар көрмек.
930. Көпір — күдікті және осы дүние, байлық, ұзақ өмір немесе ауру, сөзінде тұру, тура жол, һидаят намаз, ораза.
931. Көпір салу — дініне берік болу.
932. Көпірден кейін көгалды жерге бару — пайда, табыс.
933. Көпірден кейін мешітке кезігу — мұратына жету, келешекте қажылыққа бару.
934. Көпірден өту — жақсы қызметті қалдырып, одан да жақсы қызметке бару.
935. Көпірді құлату — дініне салғырт болу.
936. Көрстан қабір көрсе — ғибрат алмақ, қылмыстарынан тәуба қылмаққа ишарат.
937. Көсеу — перзент.
938. Көсеуді өлген адам беру — перзент сүю.
939. Көсеуді өлген адам қайтып алу — перзентті қайтып алу.
940. Көтерем түйеге мінсе — жақсы емес.
941. Көшеде жас еркек көрсең — жаңа табыс көзі ашылады.
942. Көшет ексең — бақыт, байлық.
943. Көшу: түсінде көшкенін көру — маңызды өзгеріс болып, аз уақыт қиындық көрген соң көңіліңіз жай табады.
944. Күбі: түсінде күбі көру — үйдің отағасын немесе жүкті әйелді білдіреді. Шараптың күбісі — қазына. Суға толы күбі — бай әйел. Сірке суына толы күбі — тақуа адам. Ер адамның күбіні сындыруы — әйелімен ажырасатындығын білдіреді.
945. Күз — тұрмыстағы сәттілік пен бақытты болуды білдіреді.
946. Күз, жартас, үңгір көру — қиналу белгісі.
947. Күйе көрсең — сәтсіздік белгісі.
948. Күйе-көбелек көрсең — шығын, ұнамсыз шашылып-төгілу.
949. Күйеуі қуанышты болса — бақытты өмірдің белгісі.
950. Күйкентай — қапалық.
951. Күлсең — көз жасының белгісі.
952. Күміс ақша — сөз деп жорылады. Егер күміс таза болса — ол ақшалар білім мен жақсы сөздің, яки қажеттілігін өтеудің белгісі. Күміс ақша алтынмен аралас болса —

- дұғаның қабыл болатынын, ауруға шипа болатынын білдіреді.
953. Күміс көру — бақытты әкім болу, бай болу.
954. Күн — мәртебең көтеріледі.
955. Күн батысқа қарап намаз оқыса, оның қағба артында тұрса, бір үлкен күнәға кіріптар болар, яки жалған іске ант еткен болар, яки бір істеген зинасына сөгіс алар.
956. Күн сәулесі — оң өзгеріс болады.
957. Күн шығып, жаңбыр жауып тұрса — ұтыс.
958. Күн шығып келе жатса — өмірің жақсара түсер.
959. Күн шығысқа қарай намаз оқыса — ол кісінің тұтқан жолы бұзылар.
960. Күнді көрсе — дұшпандарынан мерейі үстем болып, дәулеті тасиды.
961. Күннің ыстық болуы — біреуге қатты ғашық болуың немесе саған біреудің ғашық болуы.
962. Күң көрмек — өзіне еңбек істейтін қатын хайырлы іс болмақ.
963. Күрек көрсең — жақсылыққа тап боларсың.
964. Күріш көрсең — біраз ғана ақша аласың.
965. Кілт көрсең — жаңа махаббаттың нышаны.
966. Кімде-кім семіріп, не арықтап жүрсе — аурудың белгісі.
967. Кір жусаң — жолға шығасың.
968. Кір көйлек кесең — кедейлік.
969. Кір-кір тырнақ — өсек.
970. Кірпіктің жоқ болмағы — дін шарифатының жоқ болмағы.
971. Қабылан көрсең — қауіпті достың белгісі.
972. Қабылды көрсе түсінде — азады, бір кісі өлтірер.
973. Қабырға көрмек түсінде — қатындар үшін жорылар.
974. Қағаз ақша көрсең — әурешілік, ұрыс-керіс, хат.
975. Қағаз парақтасаң — шығынның нышаны.
976. Қаз көрсе — азық-түлік қоры көбейеді.
977. Қаз санап жүрсең — алданасың.
978. Қазан: түсінде қазан көру — сол үйдің егесі мен әйелін білдіреді. Қазанда тамақ пісіп жатқанын көру — күшті, қуатты кісінің белгісі. Қазаншы көру — ұзақ өмір.

979. Қазына тапсаң — қуанасың.
980. Қаймақ көрсең — молшылық, қуаныш.
981. Қаймақ, балқаймақ көрсең — хат-хабар келер.
982. Қайнаған су — бақыт белгісі.
983. Қайықта жүзсең — жолға шығарсың.
984. Қайың көрсең — қуаныш.
985. Қайыр-садақа беріп жүрсең — жәрдем аласың.
986. Қайыршы: өзіңізді немесе достарыңызды қайыршы орнында көрсеңіз — бұл, сірә, көп шығын мен уайым әкеледі. Бейтаныс қайыршы көрсеңіз — өзіңізге сәл болса да көңіл бөлгеніңіз жөн.
987. Қайыршымен кездесең — ұнамсыздыққа тап болуың мүмкін.
988. Қақтың суын көрсе — ісіндегі қолайсыздық.
989. Қала: түсіңізде беймәлім қалада жүрсеңіз — жағымсыз жағдайлардың нәтижесінде үйіңізді ауыстыруға мәжбүр боласыз.
990. Қалайы — кері кеткен іс ілгері басады.
991. Қалампыр: түсінде қалампыр көру — ақ көңіл, жәрдем, сүйер кісіні білдіреді. Кейбір кезде үлкен махаббатты білдіреді. Түсінде қалампырды дәрі ретінде қолданып жатқанын көру — құрмет, данқ, атақтың белгісі.
992. Қалқан: түсінде қалқан көру — жамандықтан құтылатынын білдіреді. Қалқан — ораза деп айтылады. Пайғамбарымыз (с.а.с) хадисінде: «Ораза — қалқан» деп бұйырған. Ақ түсті қалқан — тақуа кісіні; жасыл түсті қалқан — сыйлы кісіні; қызыл түсті қалқан — мейірімді, көңілді кісіні; қара түсті қалқан — бай кісіні білдіреді. Қалқанмен бірге басқа да қаруларды көру — бұл кісінің мықты екендігін, дұшпаны одан қорқатынын білдіреді. Түсінде қалқан көрген кісінің еркек баласы бар болса, баласы бұл кісіні бағып қағатынын, әрі жаманшылықтардан сақтайтынын білдіреді. Түсінде көрген қалқан қымбат болса — жақсы әйелдің, ал егер құнсыз болса — жаман әйелдің белгісі.
993. Қалта: түсіңізде қалта көрсеңіз — басыңызға келетін ұрлықты, таршылықты білдіреді. Түсінде киімінің

қалтасы тесік болғанын көрсе — мүсәпір адам екендігін; қалтасының бос болғанын көрсе — ақылға қонымсыз әрекет жасайтынын; қалтасы толы болса — жағымсыз істермен айналысатындығының айғағы.

994. Қалуа: түсінде қалуа көру — діндегі ықыласын, түрмедегінің құтылатынын, жолаушының оралатынын, аурудың шипасын табатынын, бойдақтың үйленетінін, тура жолға түсуді де білдіреді.
995. Қалың шаш көрсең — табыс әкеледі.
996. Қамат: түсінде намазға қамат айтып жатқанын көру — қалағаны болып, қиыншылықтан құтылатынын білдіреді. Түсінде түрмеге түскендігін, түрмеге намаз үшін қамат айтып жатқанын көру — бостандыққа шығатындығының, жақсылықтың белгісі. Түсінде қамат айтқан кісі саудагер болса — мол байлықтың белгісі. Түсінде азан айтып, қамат келтіргенін көру — ақкөңіл, пәк мінезді адам екендігін білдіреді.
997. Қамба: түсінде қамба көру — түс иесінің ахлақ мінезінің жақсы-жаман жақтарын білдіреді. Үйінде қолданбаған қамба бар екендігін көру — Алла Тағалаға деген сүйіспеншілігін, құлшылығын одан әрі күшейтуін білдіреді.
998. Қамшы ұстаса — ұл сүйеді.
999. Қамшы — қиыншылықтардың кетуін, дұшпандардың жеңілуін білдіреді. Қамшы — бала-шағаның да белгісі. Түсінде аспаннан қамшы түскенін көру — Алла тағаланың қаһар, қарғысын білдіреді. Түсінде атын қамшысымен сабағанын көру — жақсылық үшін Алла Тағалаға дұға қылуын білдіреді. Түсінде бір адамды қамшымен ұру — ол кісіге уағыз, насихат айтуды білдіреді. Түсінде бір адамды қамшымен ұрғанда, ол кісіден қан шашырағанын көру — жаманшылық пен қиыншылықтың белгісі. Түсінде дұшпанын қамшымен ұрғанын көру — абырой, атақ-данқтың белгісі. Түсінде жер тепкілеп жатқанын көру — жолаушылықты білдіреді. Егер біреу түсінде марқұм болған кісіні ұрып жатқанын көрсе — ол кісінің бір күнә іс істегенін немесе

- істейтіндігін білдіреді. Ал егер, керісінше, марқұм кісі сізді ұратын болса — жоғалтып алған нәрсесінің табылатынын білдіреді.
1000. Қамыр илеу — үміттің белгісі.
1001. Қамыр ашу — жағдайы нашарлау.
1002. Қамыр: түсінде қамыр көру — оңай бітетін істерді, қиыншылықтардан құтылудың белгісі. Кімде-кім үйінде қамыр көрсе — сауда-саттық жасау арқылы мол табысқа кенеледі. Қамырдың ашып қабынан тасып жатқанын көрген адам саудада зиянға ұшырайды.
1003. Қамыс: түсінде қамыс көру — теріс пиғылды адам мен ауыр, жаман сөздерді білдіреді. Түсінде қамыстың алтыннан немесе күмістен болғандығын көру — көрушінің бұл дүниеде табатын көп мал-мүліктің, жақсы, пәк мінезді әйелді әрі балалары мен ізгі істердің белгісі. Қамыстың бір ауылдың ішінде өскенін көру — сол ауыл халқының айыптарының ортаға шығуын, сол ауылдың әйелдерінің жиналуын білдіреді. Кейбір кездерде қамысты көру — жоғалған малын тауып алатындығын, неке қиюдың белгісі. Түсінде қамыстан жасалған үйде отырғандығын көру — жақсылықтың белгісі.
1004. Қан — харам малды, күнә істі білдіреді. Өзін қанға бояғанын көру — мал-мүлікті, ақшаның белгісі, бірақ азап жолымен табылмағанын білдіреді. Өзінің денесінен қан аққанын көру — бай болса, сол аққан қанның мөлшеріндей дүние-мүліктен айырылатындығын, ал кедей болса — сол мөлшерде дүние-мүлікке ие болатындығын білдіреді.
1005. Қанат — отбасындағы ұл балаларды білдіреді. Түсінде екі қанат біткендігін көру — екі ұлының болатындығын білдіреді. Түсінде қанаты бар екенін көру немесе ұшып жүргендігін көру — жолаушылық сапардың белгісі. Түсінде қанатының сынуы — балаларының ауруға душар болатынын, қанатының жұлынғанын көру — балаларынан айырылатынын білдіреді. Қанаты өзінен үлкен, ауыр екенін көру — күнә іс істегендігін білдіреді.

1006. Қанжар: қолына қанжар ұстап жүргенін көрген адам — мал-мүлікке ие болады. Қанжарды немесе пышақты қынына салғанын көрген адам — бір әйелмен некелеседі. Түсінде біреуге қанжар сату немесе беру — берген адамына жәрдем беретінін білдіреді. Қанжарды сындыру яки жоғалту — күш-қуатынан айырылып, дұшпанынан жеңілуді білдіреді.
1007. Қант көрсең — табыс келеді.
1008. Қаңқа: түсінде адамның қаңқасын көру — мал-мүлікке ие болудың белгісі. Танитын адамның қаңқасын көру — оның малынан пайдаланатынын білдіреді. Қаңқа етін жеуге болатын малдың қаңқасы болса — адал табысқа; етін жеуге болмайтын мал болса — арам табысқа жолығатындығының белгісі.
1009. Қаңтар — балаларға байланысты қолайсыз жағдайдың туындайтынын хабарлайды.
1010. Қапас, тор: түсінде бір құсты қапастан шығарғанын көру — жаман жолды тастап, әділеттілікті діттейтіндігін білдіреді. Терезе торын көру — қызғаныш пен құпияны білдіреді. Құстың қапастан шыға алмай жатқанын көру — әйеліңіздің бақытсыз екенін көрсетеді. Құстың қапастан шыққанын көру — әйеліңізбен ажырасуды білдіреді.
1011. Қар астындағы ағашты көрсең — ерлі-зайыптылық өмірде өзгеріс болуы мүмкін, жайсыздық белгісі.
1012. Қар — рызық-байлықтың, шипаның белгісі. Қарды өз мерзімінде жауғанын көру — қайғы-қасіреттің келетіндігін, дұшпанына үстем келетіндігін білдіреді. Түсінде қар жауып тұрғанын көру — жолаушылық, сапардың белгісі. Қар үстінде ұйықтап жатқанын көрген кісі — түрмеге түсетіндігін білдіреді. Жауған қардың тез ерігендігін көру — жаманшылық, қайғының белгісі. Қар жауып тұрғанда өзін бір панада екендігін көру — жақсылықтың белгісі.
1013. Қара ат көрсең — сәтсіздікке ұрынасың.
1014. Қара бұлт төніп тұрса — қайғылы хабар.
1015. Қара бұлттар — шығын.

1016. Қара бұлттардың көшуі — сырқаттан сауығу.
1017. Қара киінген адам — жақсылық емес.
1018. Қара қарға — жамандық хабаршысы.
1019. Қара қас көрсең — денсаулық белгісі.
1020. Қара сия — атақ-данқ пен үлкен мәртебені білдіреді.
1021. Қара сөз көрмек — халыс діншіл болмақ.
1022. Қара суық, аяз — реніш машақат. Егер біраз ғана орында көрсе — сол орынның халқына болмақ.
1023. Қара тон, кірлі тонмен жер қазушы көрмегі — Алла тағалаға жалғаншы болмақ.
1024. Қара түс — ұрыс-керіс, мұң.
1025. Қара түс: түсінде бетінің қарайғанын көру — оның өтірікші әрі дінінен бет бұратынын білдіреді.
1026. Қара шыбын — адамдардың шуласулары.
1027. Қарағай — қартайғанша денсаулық жақсы болады.
1028. Қарақұс — байлық.
1029. Қарама-қарсы нәрсе: сау адамның түсінде өлгенін көру — ол адамның өмірден алатын нәсібін білдіреді. Өлген адамның сау жүргенін көру — ол адам ақыретте үлкен нәсіпке қауышады.
1030. Қараторғай көрсең — ұнамды адамыңа кезігіп, шаттанасың.
1031. Қарбыз: түсінде тәтті қарбыз жегенін көру — жақсылық пен пайданың белгісі. Түсінде қарбыз жеген кісі — өңінде қиыншылықтан құтылатындығын білдіреді. Үйінде өте көп қарбыздың бар болуы — үлкен бір пәлеге кез келетіндігін білдіреді. Басқа түс жорушылар көп қарбызды көру — дүние-мүліктің көбейетіндігін білдіреді дейді.
1032. Қарға — мұң, қайғының белгісі.
1033. Қарға көрмек — пасық кісі болар. Оның үшін Пайғамбарымыз қарғаны пасық деп атады.
1034. Қарға құласаң — сүйіктіңнен алыстайсың.
1035. Қарға: қарғаның сізбен сөйлескенін көру — бөтен кісінің сізге жәрдем беруі және жақсы хабардың белгісі. Ала қарғаны көру — менменсінген әрі өтірікші кісіні білдіреді. Үйіңіздің ішінде қарғаның бар екендігін көру — қызметіңіздің жоғарылайтынын білдіреді.

1036. Қарғаның балапаны: түсінде қарғаның балапанын көру — кедейшілік, жоқшылықты, біраз уақытқа тұған-туысқандармен қарым-қатынасты ұзу керектігін білдіреді.
1037. Қарғаның қарқылдағанын есіту — біреудің айтқанына көніп, айдауына жүргеніңізді білдіреді. Ер адам мұндай түстен кейін айлалы әйелдің қармағына түсіп қалуы мүмкін.
1038. Қария: түсінде қария кісіні көру немесе сәлем беру — жұмысының алға басатынын білдіреді. Түсінде сыйлы қарияның жақындағанын көрген адам — қайырмен берекеге қауышады. Түсінде қарияның алғысын алу — адамдардың сізден разы екенін білдіреді. Түсінде танымайтын қарияның артына түсіп жүргенін көрген адам — молшылық пен жақсылыққа кенеледі. Жас жігіт түсінде қария адамға айналғанын көрсе — ол адам білім үйренеді.
1039. Қарлығаш — дүние-мүлікті немесе әдепті бір кісіні, әйелді немесе бір баланы білдіреді. Түсінде үйінде көп қарлығаш көру — тапқан табысының адал екендігін білдіреді. Өзіне қарлығаштың пайдасы тигенін көру — ол кісінің досына жәрдемі тиетіндігін білдіреді. Қарлығашты ұстап алғандығын көру — бір әйелге зұлымдық етеді. Қарлығаштың етін жеу — жаман іс істейтіндігін білдіреді. Түсінде қарлығаш көру — бойдақ кісі үшін сенімді, пысық, тәрбиелі бір әйелмен үйленетіндігін білдіреді.
1040. Қармақ: түстегі қармақ — біреудің сізге жәрдем ететіндігін білдіреді. Қармақтың сынғанын немесе жоғалтқанын көру — қиын жағдайға түсетіндігін білдіреді.
1041. Қару: түсінде қару көрсе — дұшпанын жеңеді. Қаруды құшақтап жүру — білімінің, күш-қуатының, кедейліктен құтылудың белгісі.
1042. Қаршыға көру — залым ұлығы болар.
1043. Қасапшы: түсіңізде қасапшы етті бөліктерге бөліп жатқанын көрсеңіз — хаттар мен құжаттар төңірегінде сақ болыңыз, репутацияңызға нұқсан келуі мүмкін.

1044. Қасқыр көрсең — ұрыс-керіске кезігесің.
1045. Қасқырды, қабанды, жолбарысты көру және оларды өлтіру — дұшпаннан үстем болуды білдіреді.
1046. Қасың ағарып кетсе — табыс.
1047. Қасыңмен кездесу — келімсіз жәйт.
1048. Қатынның жаулығы, сәлісі — күйеуі болады, күйеуі болмаса, жақыны.
1049. Қатынының тұлымдарын ұзын көрмек — бала болар.
1050. Қауын — уайым-қайғы.
1051. Қашар көру — сафар болады.
1052. Қисық жол көрсең — табыс.
1053. Қисық-қыңыр әйел — ауру хабаршысы.
1054. Қожайын: түсіңізде қожайыныңыз бар болса — бөтен адамдардың ыстық ықыласын аңсап жүргеніңіздің белгісі.
1055. Қозықұйрық көрсең — бала көтересің (әйелдер үшін), табыс әкеледі.
1056. Қой баласы — бір жақсы құрметті қатын болар. Ешкі һәм қой баласы орнына жорылады, бірақ ешкі қой баласынан шарапаты артығырақ болады. Кей уақытта ешкі — сиыр орнына жорылар, яғни семіз мүйізді болса, жылдың тоқтығына, яки мүйізсіз арық болса, жылдың ашаршылығына.
1057. Қой етін жеп жүрсең — табысқа кезігесің.
1058. Қой етін көрсе — хал хауыфы болар.
1059. Қой көрсе — дәулет ниғматы артады.
1060. Қой отарын көру — мұндай түсті жақсы деп есептейді.
1061. Қоқыс көрсең — күтпеген ақша келеді.
1062. Қол жуу — мазасыздықтан арылу.
1063. Қол: әдемі қол — қызметте тез өсу мен атақты болу. Қол жуу — сәттіліктер. Біреудің қолына сүйсіну — қызғаныштың құрбаны болудың белгісі. Қорқынышты қол — кездейсоқтық пен кедейлік.
1064. Қолғап: қолыңызға жаңа қолғап киіп жүрсеңіз, сізде қаржы жағдайына байланысты қиыншылықтар болады, бірақ оны ойдағыдай шешесіз.
1065. Қолсағат — жаудан келетін қауіп-қатер.

1066. Қолтық түгінің ұзын болмағы — дұшманынан қуаттылығы.
1067. Қоңыз көрсең — күткен қонағың келеді, қуанасың.
1068. Қоңыр түс — күткен адамыңмен жүздесу.
1069. Қора-қопсы көрсең — жаңа орынға ауысасың.
1070. Қорған көрсең — тілегің орындалады.
1071. Қорғанда өмір сүру — байлық.
1072. Қорғанның ішіне кірсең — күтпеген бақ-дәулет.
1073. Қоян — барлық тілектеріне жетеді.
1074. Қу ағаш көрмек — мұнафиқтарға кездесер.
1075. Құзғын көру — шаян секілді болып жорылады.
1076. Құлақ: түсіңізде құлақ көрсеңіз — жұмысыңызға зиян келтіру үшін өте нашар адам істеген ісіңізді аңдып жүргенінен хабардар етеді.
1077. Құлпынай жесең — әңгіме, сөз.
1078. Құлын көрсең — кіріс келеді, бірақ қиналысқа кезігуің мүмкін.
1079. Құлып — сенімсіздік белгісі.
1080. Құм, ұсақ тас көру — мал болады.
1081. Құмда жүру, топырақ — мал болады.
1082. Құмыра: түсінде құмыра көру — жақын туысыңыздан әдемі сыйлық алудың белгісі.
1083. Құмырсақа көру — бір нашар дүние жанды ер болады, егер көп болып көрінсе — әскер болады.
1084. Құмырсақа: түсінде құмырсақаны көру — отбасын әрі ұзақ өмір сүретіндігін білдіреді. Егер біреу түсінде бір құмырсақаның ауылға кіргендігін көрсе — ол жерге әскердің кіретіндігін білдіреді. Түсінде төсегінің үстінде құмырсақаның жүргенін көру — үбірлі-шүбірлі, бала-шағасының көп болатындығының белгісі. Құмырсақаның ұшқандығын көру — ауру кісі болса, дүние салатындығын білдіреді. Құмырсақа — молшылық, рызықтың белгісі. Түсінде үйіне аузында азығы бар құмырсақаның кіргендігін көру — молшылықты білдіреді. Ал егер үйінен шығатын немесе кірмейтін болса — қиыншылық пен жоқшылықтың белгісі. Түсінде құмырсақа өлтіру — күнә бір іс істейтіндігін білдіреді.

1085. Құндыз — сүйіспеншілікті, махаббатты білдіреді.
1086. Құран аяттары: егер аят мейірім жайында болса, ал оны оқып отырған адам өлген болса — ол Алланың рахымына бөленеді. Егер аят қорқынышты, ал оны оқып отырған адам тірі болса — оны жаман істерден тыйылатынына жорылады. Сүйіншілейтін аят болса — түс иесін қайырлы іспен сүйіншілейді.
1087. Құран Кәрім: түсінде Алла Тағаланың кітабын көру — өте үлкен бақыт, әрі жақсылық. Түсінде Құран тыңдау — жақсылықтың белгісі, түсінде Құран жаттағанын көру — мол табысты білдіреді. Құран оқып, мағынасын түсінгендігін көру — ақылды, парасатты екендігінің белгісі. Тілімен Құранды жаттағынан көру — күнә істің белгісі. Түсінде Құран Кәрім оқу — жақсы, салих істерді және мәртебесінің өсетіндігін білдіреді. Кейбір кезде Құран оқуды — өлім деп те жорыған.
1088. Құран оқу: түсінде Құран оқығандығын көру — абырой-атаққа жететіндігін білдіреді. Күнәһар кісі болса, Алла тағала оның күнәларын кешіретіндігінің белгісі. Ал, егер кедей болса, байитындығының белгісі. Ал егер Құран кәрімді қате оқығандығын көрсе — тура жолдан адасатындығын, сөзінде тұрмайтындығын білдіреді. Оқыған Құранды жұртшылық тыңдап отырғанын көру — бір қызметке орналасатындығының белгісі. Түсінде амал дәптерінің оқығандығын көру — мол табысқа жететіндігін білдіреді. Құран кәрімнің бір бетін немесе қандайда бір кітапты оқу — біреуге мирасқор болатындығын білдіреді. Кітапты теріс оқып отырғандығын көру — көп қарызға бататындығын білдіреді.
1089. Құранды жерге жазар көрсе — ол кісі төзімділік пен жақсылыққа кездесер.
1090. Құрбақа — тақуа және Алла Тағаланың әмірлерін орындап жүрген кісінің белгісі. Түсінде құрбақалардың арасында отырғандығын көру — туыстарымен және көршілерімен кездесетіндігін білдіреді. Түсінде құрбақа етін жеу — табыстың белгісі. Кейбір түс жору-

шылар құрбақа — жақсы мінезді, әдепті және кішіпейіл әйелдің белгісі деп жорамалдаған.

1091. Құрбан айт — жақсылықтың белгісі. Түсінде бұл мереке күнді көру — қуаныш, бақыттың белгісі. Бір затын жоғалтқан кісі осындай түсті көрсе — жоғын табатындығын білдіреді.
1092. Құрбандық: түсінде құрбандық малды, құрбандық шалатын жерге келгендігін көру — қиыншылықтан құтылатындығын, ауруына шипа табатындығын білдіреді. Түсінде құрбандық көру — жақсылықтың белгісі. Түсті көруші жүкті әйел кісі болса, еркек бала туатындығын білдіреді. Бір кісі түсінде түйе немесе сиыр, яки қой құрбандық еткендігін көру — қарыздар болса, қарыздарынан құтылатындығын білдіреді. Кедей болса, байиды. Бұл түсті қажылыққа бармаған кісі көрсе, қажылыққа баратындығының белгісі. Адамдарға құрбандық етін тарату — қайғы-мұңның кететіндігін, әрі абырой-атағының өсетіндігін білдіреді. Түсінде құрбандық көру — әйелінің немесе күйеуінің ізгі іс істеуінің белгісі.
1093. Құрғақ жапырақ жинасаң — кедейлік.
1094. Құрғап қалған қайнар көрсең — үмітсіздік белгісі.
1095. Құрғау: түсінде бір ағаштың немесе гүлдің, қандай да бір нәрсенің құрғағанын көру — жоқшылықтың, қиыншылықтың белгісі.
1096. Құрдастар: түсінде құрбы-құрдастарын көру — жақсылықтың белгісі. Сауда-саттықта табысы мол болады. Жақсы құрбысын көрсе — ұзақ өмірді, ал жаман болса — ұрыс-төбелестен аулақ жүру керектігіне жорылады. Түсінде құрбылармен айқайлап жүргенін көру — жасырын іс істегені үшін өкінетінін білдіреді. Науқастанып жүрген құрбысын көрсе — науқасынан құтылудың, ал досының тойында жүрсе — сүйгеніне үйленетініне жорылады. Досының жаназасында жүрсе — қандай да бір келеңсіз жағдай тудырмау үшін мұқият болу керектігін білдіреді.
1097. Құрма — жаңбырдың белгісі. Құрма жегенін көру — өзіне ғана тиісті рызықтың белгісі. Құрма жеу — Құран оқу-

- ды және дінге пайдасын тигізуді де білдіреді. Сақталған құрма — жиналған мал-мүліктің белгісі. Шашылып жатқан құрмаларды көру — уақытша қолға түсетін ақшаны білдіреді. Түсінде өзіне құрма берілгенін көру — мал-мүлікке ие болудың белгісі. Кімде-кім құрманың ішіндегі сүйегін алғанын көрсе — ол адам балалы болады. Құрма — адал рызықтың белгісі. Кімде-кім әдемі құрма жегенін көрсе — ол адам жақсы сөз естиді, әрі мол табысқа кенеледі.
1098. Құрмет көрсету: түсінде өзіне немесе өзінің бастыққа құрмет көрсетіп жүргенін көру — адамдар жайында жақсы нәрсе ойлайтынын білдіреді. Құрбылар мен жұмысшылардың құрмет көрсетіп жүргенін көру — табысы көбейіп, жоғарылайтынын білдіреді.
1099. Құрсақ көрмек — мал, я бала болады. Құрсағының кішкене болмағы бала, малының нашар болуы, үлкен болуы мал баласының ұлық болуы, ішек те осы секілді. Егер түсінде ішектері шыққанын көрсе, малының ашық болмағы.
1100. Құрт жесең — жаңалық естисің.
1101. Құрт илеп отырсаң — қонақ күтесің.
1102. Құрт (жәндік): түсінде құрт көру — қыздың белгісі. Түсінде ішінде құрт барын сезу — туысқандарына келетін қиыншылықты білдіреді. Түсінде денесінен құрт шыққандығын көру — қиыншылықтың және қайғының кететіндігін білдіреді.
1103. Құртты жайып жүрсең — аурудан айығу.
1104. Құрылысшы: жұмыс үстіндегі құрылысшыны көрсеңіз — елеулі шығын шығатын үлкен өзгеріс күтіп тұр. Егер құрылысшыны жас қыз көрсе — тұрмыста жолыңыз болғалы тұр.
1105. Құс көрсе — дәулет, рахаттық болады.
1106. Құс ұстаған адам — өнер не билік қонады, дәулетті болып, перзент сүйеді.
1107. Құс: түсінде құс көріп, қандай құс екендігін білмесе — Әзірейл (ә.с.) деп жорылады. Ауру кісі түсінде бір құстың үйінен бір затты алып көкке ұшқандығын

көрсө — дүние салатынын білдіреді. Құстың төбеңізге келіп отыруы — үйіңізге қонақ келетіндігін білдіреді. Түсінде ақ түсті құс көру — әйелі жүкті болса, ер бала туатындығының белгісі. Түсінде құстың қанатын сындырса, дүниеге келетін баланың өмір жасы ұзақ болатындығын білдіреді. Түсінде құстардың төбесінде ұшып жүргендігін көру — қызметінің жоғарылап, тасының жоғары домалайтынын білдіреді. Көктен бір құс түсіп, жанына қонғандығын көру — сүйіншілі хабардың белгісі. Кейбір түс жорұшылар ақ түсті құсты — жақсылыққа, қара түсті құсты — күнә іске, ала түсті құсты рия деп жорыған.

1108. Құстың жемісі, азығы: түсінде құстың азығын көру — халал жолмен табылған дүние-мүлікті білдіреді. Түсінде құстың азығын жегендігін көру — кейбір түс жорұшылардың айтуынша, жақсылықтың белгісі, ал, кейбіреуі жамандықтың белгісі деп жорамалдаған. Кейбір кезде құс азығы — ақшаның белгісі.
1109. Құсу: егер түсінде жеңіл құсқандығын көрсө — ол кісі төубе етуін, туралықты табуын білдіреді. Егер қан құсқандығын көрсө — күнә іс істеуден тоқталуын, харама жолмен дүние-мүлік тапқандығына өкінуін, аманатты иесіне беруін білдіреді. Қақырық құсқандығын көру — күнә істеуден тоқталатындығын білдіреді. Жеген тамағын құсу — өзінің жақсы көретін бір затын біреуге сыйлау керектігін меңзейді. Түсінде қандай да бір затты құсу — жақсылықтың белгісі. Өте көп қан құсқандығын көру — мол табысты, жанұясындағы бір баланың дүниеге келуін, сапарда болса, үйіне қайтатындығын білдіреді. Ауру кісі түсінде жылан құсқандығын көрсө — өлімнің өкшелеп келіп қалғандығын білдіреді. Дені сау адамның бұл түсті көруі — дұшпанына үстем болатындығын білдіреді.
1110. Құсы бар ұя — үлкен түсім.
1111. Құттықтау: түсіңізде туысқаннан құттықтау келгендігін көру — жақсылықтың белгісі. Біреуге құттықтау қағазын жіберу — кедей-кепшіктерге жәрдем берудің белгісі.

1112. Құты, қорап: түсінде лық толы құты көру — молшылықтың, бос құты — жоқшылық пен қиыншылықтың белгісі.
1113. Құтылу: түсінде қандай да бір қиындықтан құтылатындығын көру — дертінен, ауруынан құтылатындығын білдіреді.
1114. Құтыру: түсінде құтырған ит көру — алды-артын шолуды, абайлауды білдіреді. Түсінде құтырған иттің тістеуі — көре алмаушылық, қызғанып жүрген адамдардың белгісі. Ал түсінде құтырған итті өлтіру — дұшпандарыңызды жеңуді білдіреді.
1115. Құшақтау: түсінде құшақтауды екі түрлі жоруға болады: жеңіс және махаббат. Біреуді құшақтағанын көру — жеңіс, үстемдікті білдіреді. Әбу Саид ал-Уайздың айтуынша, құшақтау — сүйіспеншілік пен достықтың белгісі. Түсінде дұшпанымен құшақтасқанын көру — онымен достасатындығының белгісі. Түсінде бұл дүниеден өткен кісімен құшақтасқанын көру — аз уақыт құшақтасса, ол кісінің ұзақтау өмір сүретіндігін білдіреді. Ал өлген кісі құшақтап, өз тарапына алып кеткендігін көру — ол кісінің бұл дүниеден өтетіндігін білдіреді.
1116. Қыдыр түні: түсінде қыдыр түнін көру — жұмысының өрге домалайтынын білдіреді. Бұл түс — түстердің ең қайырлысы.
1117. Қыз бала: түсінде кішкентай қыз көру — молшылықты, атақ-абыройды білдіреді. Түсінде емшектегі қызды көру — жақсылықтың белгісі. Түсінде қыз бала тауып алу немесе отбасында қыз бала туғандығын көру — түс көрушінің жамандықтан құтылатындығын, бақытты өмір сүретіндігін білдіреді. Ауру кісі қыз туғанын көрсе — ауруына шипа табылатындығын білдіреді. Өйелінің қыз тууы — арманына жететіндігін, жақсылық пен табысты білдіреді. Жөргектегі қыз баланың сізге сөйлеуі — жора-жолдастарыңыздың қызғанатындай қызметіңіздің өсетіндігін білдіреді. Ал кішкентай қыздың ауыруы немесе өлуі — жоқшылық, жаманшылықтың белгісі.

1118. Қыз қууға қатысу — үйлену.
1119. Қыз қарбыз жеп жүрсе — алданады, қателеседі, уайымға кездеседі.
1120. Қыз түсінде босанып жүрсе — жамандық.
1121. Қыз: егер түсінде біреу тұрмысқа шықпаған қызбен кездескенін көрсе — дүние-мүлікке немесе саудасында зор табысқа ие болатындығын білдіреді. Түсінде бойжеткен қызбен сөйлесу, қалжыңдасу, сүйісу — бақытты, мол рызықты білдіреді.
1122. Қызғалдақ — жас, әдепті біреуге ғашық болатындығыңыздың белгісі. Бұл гүлді өсіру немесе алу немесе тапқандығын көру — қуаныштың белгісі. Қызғалдақ гүлін басыңызға жағуыңыз — қызметіңіздің өсетіндігін білдіреді.
1123. Қызғану — бүлік, бөлекетті білдіреді. Кейбір кезде ашуызаны, менмендікті және жамандықты білдіреді.
1124. Қызғылт түс — сыйлық.
1125. Қызметші әйел — жақсылықтың нышанын білдіреді. Түсінде қызметші әйелі бар екенін және одан кішкентай кезінде тыңдаған ертегілерді айтып бер деп өтініп жатқанын көру — егер жәрдемге мұқтаж болса, жәрдем берілетінін немесе жұмысындағы табысынан да жоғары табысы мол жерге орналасатынын білдіреді. Қызметшісінің қолын сүйіп дұғасын алғанын көрген адам — Алланың разылығына бөленген адам екенін білдіреді. Бұл түс — дүние мен ақыреттегі істерінің оңды болатынын білдіреді.
1126. Қызыл жақұт, лағыл: түсінде танитын біреу бұл асыл тасты беруі — ол кісінің туысынан бір қызбен үйленетіндігін білдіреді. Тасты берген кісіні танымаса — алатын қызы танымайтын отбасыдан болатындығының белгісі. Түсінде бір әйелдің сізге бұл тасты беруі — жақсылықтың белгісі. Өзінің басқа біреуге беруі — ол кісіге үйлену ісінде жәрдем беру керектігін білдіреді.
1127. Қызыл көрпе жамылсаң — ауруға тап келуің мүмкін.
1128. Қызыл сақал: түсінде сақалының түсті болуы — бүліктің белгісі.

1129. Қызыл тұмсықты қарға — ойын-күлкі, сүйіспеншілікті білдіреді.
1130. Қызыл тұт: түсінде қызыл тұт алғанын көру — ақша және бала-шағаның көп екендігін білдіреді. Түсінде тұт жеу — көп табысқа кенелетіндігін білдіреді.
1131. Қызыл түсті киім кесе — ел билеген бастық болады.
1132. Қызыл түсті нәрселер — махаббат, сырқатқа кезігу.
1133. Қызыл шарап құйып тұрсаң — төбелеске тап боларсың.
1134. Қызылша — біреудің мазағы болу.
1135. Қыл көпір: түсінде қыл көпірдің үстінде тұрғанын көрген адам — дініне берік екендігін білдіреді. Қыл көпірдің үстінде аяғы таймай жүргенін көрген адам — үлкен істі тындырады. Қыл көпірден аяғы тайғанын көрген адам — күні істеп, ақиқаттан айрылады.
1136. Қылыш: түсінде қылыш асынғанын көру — үлкен бір мақамды білдіреді. Қылышының қатты ауырлауы — күшейіп және пайда көретінін білдіреді. Қылыштың бауы үзіліп жерге түсуі — қызметінен босайтындығының белгісі. Түсінде біреу әйеліне қылыш бергендігін немесе әйелінің оған қылыш бергендігін көру — отбасында ер баланың дүниеге келетіндігін білдіреді. Ал егер әйеліне қынынан суырылмаған қылышты берсе — әйелінің қыз туатынын білдіреді. Егер қылыш өткір болса — онда сөйлеген сөзі ақиқат, дұрыс екендігін білдіреді. Жерде жатқан қылышты алғанын көру — ақиқатты іздеген кісіні әрі ақиқатты табатынын білдіреді. Түсінде біреуден қылыш алу — әйелінің белгісі. Қылышты қынына тығу — аманаттың белгісі. Қылыш сабының сынғанын көру — әйелінің немесе ағасының дүниеден өтетіндігін білдіреді. Қылышты жұтқанын көру — дұшпанының мал-мүлкін қолды ететінін білдіреді. Түсінде бір кісіні қылышпен ұру — ол кісінің мазасын алатындығын білдіреді. Бойдақ біреу түсінде қылышты қынына тыққанын көрсе — үйленетіндігінің белгісі. Қолындағы қылыш дұшпанының қылышынан ұзын болса — дұшпанын жеңетіндігін білдіреді. Қылышының өтпей қалуы —

ол кісінің сөзін ешкім тыңдамайтындығын білдіреді. Егер біреу қылышпен ұратын болса, қылыштың тиген жерінен қан шықпаса — ол адамның айтатын сөзі ақиқат екендігін білдіреді. Қылыш — рызықты да білдіреді. Кейбір кезде қылыш көру — дүние мүлікті және білімді білдіреді. Қылышты істегендігін көру — білімді кісінің белгісі.

1137. Қымызды біреуге берсең — олжанды бөлісу немесе оқу орнына бару.
1138. Қына: түсінде қына көру — әдемілікті білдіреді. Түсінде өзінің немесе өзгенің қолына қына жағу — жақсылықтың белгісі. Қынаны ыдыста екендігін көру — дүние-мүлік пен жақсы хабардың белгісі. Қолы мен аяғын қынамен бояғандығын көру — үйіне мол табыс әкелетіндігін білдіреді. Сақалын қынамен бояғанын көру — құлшылыққа берілуін, жоқшылыққа шүкір етуін, ұзын және жақсы өмірді және Алла Тағала разылығы үшін жұмыс, қызмет етуді білдіреді.
1139. Қыр сиырының бұзауы — надандардың амалын хабарлау.
1140. Қыран — дәреже.
1141. Қырау: түсінде қыс мезгілінде қырау көру — мұң-қайғының кетіп, дұшпаны мен күндеп жүрген адамдарына үстем келетіндігінің белгісі. Түсінде қырау суды қатырып, ағаштарды сындырған болса — жоқшылық пен қиыншылықтың белгісі. Бір кісінің қырау басқан жерде жүруі — жаманшылықтың белгісі.
1142. Қырғауыл көрсе — барлық ісі ойдағыдай болады.
1143. Қыркүйек — істегі келеңсіздік.
1144. Қырманды сатып алу — жақында салиқалы қызбен үйленудің белгісі.
1145. Қырман: түсінде қырман көру — маңдай термен жиналған мал-мүліктің белгісі. Түсінде өртенген қырман көру — қолыңыздағы мал-мүліктен айрылудың белгісі.
1146. Қыс: түсінде мезгілсіз қысты көру — қайғы-мұңның белгісі. Ал өз маусымында көру — жақсылықтың белгісі.

1147. Қыстыгүні жасыл жайлау көрсе — Құдайдың мейірімі түседі.
1148. Қыш құю — балалары көп болу. Қыш кірпіш — дүниемүлік. Қыштан үй соғу — абыройы өсу.
1149. Лай су — реніш.
1150. Лай су ішсең — уайым келер.
1151. Лашынды көрсе — әкімдердің саясы түседі.
1152. Мазарат көрсең — тыныштық белгісі.
1153. Май басыңа жағылса — ақша аласың.
1154. Май көрсең — жақсылық, молшылық.
1155. Майды киімге тамызып алсаң — махаббаттағы сәттілік.
1156. Маймылды түсінде көрмек — бір ақылы кем кісіге кездесер, онымен әуре болуы кісі көзіне түсер.
1157. Мақтаның көшеті — білімдар, мейірімді адам. Мақтаның шиті — қиыншылықпен қол жеткізген мал-мүлік.
1158. Мақта көрсең — байлық.
1159. Мақта терсең — үлкен табыс, қуану.
1160. Мал басы — молшылық.
1161. Маржан — қуаныш, табыс.
1162. Маса — дұшпан. Маса шағу — тісін батыра алмай жүрген қас дұшпан.
1163. Мәсжид жамияғны көру, қағбаны тауаф қылу — жоғары өкімет бастығы болмақ, дінінде тура болмақ.
1164. Мешіт — ғалым кісі. Мешіт салу — жақсылық жасау, сүннет іс. Мешітке кіру — күнәдан тазару. Мешітте намаз оқу — жақсылық. Мешітте шырақ жағып отыру — білімдар болу. Мешіттегі шырақ сөнуге — білімді кісінің дүниеден өтуі. Мешіттің есігі жабық болу — таршылық.
1165. Мең — қуаныш, шаттық.
1166. Мейіз, жаңғақ жесең — олжалы табыс.
1167. Меруерт көру — Алла тағаланың адал перзент берейін дегені.
1168. Мирас — өткінші қиыншылық.
1169. Михраб көрмек — бастық, яки имам болмақ. Михрабта намаз оқымақ — сүйінішті хабар болады.
1170. Мойын көрмек — аманат болады, мойынның түсінде нашар көрінуі — аманатынан, дінінен нашар болуы.

1171. Мола көрсең — күтпеген жақсылық.
1172. Моланы талқандап жүрсең — өлімнің белгісі.
1173. Монша ішінде намаз оқыр көрсе — қатынымен шағылыс қылмақ.
1174. Моншадағы жалаңаш әйел — реніш.
1175. Моншадағы қан — мезгілсіз өлім.
1176. Моншадан шығып келе жатсаң — қанағаттанасың.
1177. Молшылық — қиыншылықтан құтылу, қарыздарын өтеу.
1178. Мұғалім — білімі арту.
1179. Мұз көрсең — сәтсіздік белгісі.
1180. Мұздай су іпсең — денсаулығың жақсармақ.
1181. Мұзжарғыш көрсең — өлім туралы хабар келеді.
1182. Мұрнын сіңбіру, яки мұрын боғын көру — бала болады.
1183. Мұрт көрмек һәм кеспек — ізгі ғамал болады, ұзындығы — мәкруһ істегендігі.
1184. Мұрын қанамақ — харамнан кіретін мал болады.
1185. Мұрын қанауы — кісінің жақын қарындастарының артуы.
1186. Мұрын: өз мұрныңыз — кез келген істің шешімін табу. Егер түсіңізде мұрныңыз тым кіші болып көрінсе — жоғалту мен сәтсіздік. Қан аққан мұрын — бақытсыздық.
1187. Мұсылман нанымын алып қарайық: түсте ақ, жасыл түсті затты немесе суды көру — жақсы нышан.
1188. Мұхит көрсең — қанағаттанасың.
1189. Мүйіз көрсең — ақша аласың.
1190. Мүсінші — өңіңіздегі шектен тыс шығын сіздің материалдық жағдайыңызға зиянын тигізеді.
1191. Мылтық көрсең — қауіп белгісі.
1192. Мыс теңге — уайымға батырар.
1193. Мыстан жүрген түс — сіздің жаныңызға жақын достарыңыздың ортасында көңіл көтеретініңізді болжайды. Алайда сақ болыңыз, соңында сізді уайым күтіп тұр.

1194. Мысық көру — адамдарды сақтаушы қызметкер болар.
1195. Найзағай — істегі қиындықтар. Найзағай мен күннің күркіреуін естісеңіз — жолыңызды кес-кестеген қиындықтар мен сенімсіздіктің белгісі.
1196. Намаз оқып мешіттен шықса — хайырлы болмақ, кеңшілік болмақ.
1197. Намазды тамам етіп, сәлем етіп шығуды көрсе — барлық машақатынан құтылмақ.
1198. Нан — байлық, олжа, несібе.
1199. Нан жауып жүрсең — береке, тоқшылық.
1200. Нан көріп, жеп жүрсең — табыс табасың.
1201. Нан сатып алсаң — уайым түбі жақсарады.
1202. Насаранилар айтады: «бір кісінің шашы кесілер көрсе — ол кісі мәртабасынан, дәулетінен түсер» деген.
1203. Ойланып жүрген болсаң — жұмысың көбейеді.
1204. Оқу — қуанышты хабар алу. Оқуға бару — білім жолын қуу.
1205. Ол тырнақ ұзын болмағы — кем қажаттығы, тырнақты кесу — фитр, ғүшір зекетін орындау.
1206. Оң қолы жаралану — туысынан келетін пайда.
1207. Оң жағына сәлем берсе — істерінде оңға айналмақ. Сол жаққа сәлем берсе — істерінен зиян көрер.
1208. Оң қол — қуат, кәсіп, сол қол — қатын, ана, қыз, қарындас, қызы, екі қол — қуат, кәсібінің артуы. Екеуінің біреуі кем болмағы — қуатының кемігендігі.
1209. Орамал — қуаныш, орамал сатып алу — олжа, орамал сыйлау — перзент.
1210. Орман ағашын көрмек — орман шамалы бірнеше ерлер, орман бірнеше мал тобы, егер ащы жемісті көрсе — қайғы-күйініш болады.
1211. Орман — молшылық пен берекет.
1212. Орманда адасу — достардың сенімсіздігі, дұшпандар ортасында болу.
1213. Орманда жүру — қиналу, жолы болмау; орманда жабайы аңдарға кезігіп, олар шабуыл жасаса — қызғаншақ адамдармен бірге жұмыс істейтінін білдіреді; орманда жеміс теру — олжа.

1214. От көрсең — ұрыс-керіске кезігесің.
1215. Отқа қарап отыру — үй-ішілік бақыт, алаңсыз ғұмыр.
1216. Отын арқаласаң — олжа.
1217. Отын жинау — күтпеген олжа; отын ұстау — ризық пен берекет; отын шабу — шығын.
1218. Отын тасушыны көрмек — сөз жүргізушімен жорылар.
1219. Ошақ — мал-мүліктің белгісі. Ошақтың басында жалғыз отырғанын көру — зиянға ұшыраудың белгісі. Жақсы көретін адамдарыңызбен ошақтың басында отырғаныңызды көру — айлалы іске араласуды білдіреді. Ошақ соғу — жұбайыңызбен бақытты ғұмыр кешу. Ошақтың бұзылғанын немесе отының сөнгенін көру — отбасының берекесі кетеді.
1220. Ошақ көрсе (қазан асатын) — ол үйге Алла тағала берекет берер.
1221. Өгіз — басшы адам; өгіз сатып алу — дос-жарандарына мейірім ету; өгізге міну — арзаншылық пен молшылық.
1222. Өгіз, бұқаға мініп жүрсе — билігі жүреді.
1223. Өз көзін шағыр көрмек — дінінде бедғаттық болмақ.
1224. Өз терезеңнен кіріп жүрсең — ұзаққа созылар науқас белгісі.
1225. Өзге біреудің үйі бұзылса — тілегің орындалады.
1226. Өзен кешіп бара жатсаң — жақсылық.
1227. Өзенді көрсе — алыс сапар белгісі, үлкен олжаға кездеседі.
1228. Өзеннен өтсең — жақсылықтың белгісі, үйленуің мүмкін.
1229. Өзеннен су ішер болса — мақсатқа жетіп, құрметке ие болады.
1230. Өзін азан шақыратын көрсе — ел ішінде ұлық болып, мұратына жетер, жақсы түс.
1231. Өзін намаз оқитын көрсе — досынан жақсылық көреді, ойсыздан олжа келеді.
1232. Өзін шаһарда көрмек — Алла тағаладан қажатын тілегені һәм машақаттардан шадлыққа жетпек.
1233. Өзін шұңқырда көрсе — жамағатымен қажыға барар.

1234. Өзінің үйін от ішінде көрсе — ол кісі дүниесінің ісін үкімет бастығымен бірлестірген болар.
1235. Өзің қайтыс болсаң — өңінде ұзақ өмір сүресің.
1236. Өлген адам бірдеңе берсе — ойда-жоқта бірнәрсе алады.
1237. Өлген адамды көрсе — ол бендеге ойсыздан мал кездеседі.
1238. Өлген адамды көру, егер ол адам сөйлер болса — онда ол шындықты айтады.
1239. Өлген адамды үйінде көрсең — жайсыздық әкеледі.
1240. Өлген адамның тіріліп жүргенін көрсең — ауа райы, іс барысы өзгерер.
1241. Өлген кісі су сұраса — әруақтың риза болмай жүргені.
1242. Өлі адам сөйлесе — ауа райы өзгереді.
1243. Өлі адаммен көріссең — жаңа махаббатқа тап келесің.
1244. Өлі тотықұс — досыңды жоғалтып алу.
1245. Өлі үйректер көрсеңіз — дұшпандарыңыз сіздің жеке ісіңізге араласып жатыр.
1246. Өлікпен бірге ұйықтасаң — табысқа кенелесің.
1247. Өлікті бассаң — өлім туралы хабар аласың.
1248. Өлікті қозғасаң — ауырасың, жаман атқа ілігесің.
1249. Өлікті тірі көрсе — не мұратына жетер.
1250. Өліктің ас жеп отырғанын көрсе — ел ішінде құрметті кісі болар.
1251. Өліктің киімін тәуір көрсе — көрушіге сүйінішті хабар болар.
1252. Өліп қалу — өмір жасының ұзақ болуы.
1253. Өрмекшіні ұстаса, яки қолының үстінде жорғалап жүрсе — софы болып халайыққа сүйінішті кісі болмақ.
1254. Өрт — шығын, ұрыс-керіс әкеледі.
1255. Өрік талы — уайым, реніш.
1256. Өсімдік жеміс көрсе, яки жүзім көрсе, яки ішсе — бұл түс дәлел әр жерде саламат, аман болуына.
1257. Өсімдікті ұстап, иісін иіскемек — бала болады.
1258. Өткелден өту — қауіп-қатерден құтылу.
1259. Періштелер — сіздің тыныштығыңызды бұзатын үлкен өзгерістерге көрінеді. Егер түсіңізде періште

- аян берген болса — махаббат, қаржы мәселесінде сақ болғайсыз.
1260. Пияз көрсең — күткен қонағың келеді.
1261. Пирамида — үлкен мәртебеге көтерілу.
1262. Пойыз — жақын жерге сапарға шығып, табыс табу.
1263. Пұт — мол мал-мүлікке бөлену. Пұттарды сындырып қирату — дұшпандарын жеңіп, ешқандай айлаға алданбай, табысқа жету.
1264. Пышақ алып жүру — қауіпті адамдар.
1265. Пышақ көрсең — әйелің ұл табады.
1266. Пышақ қайрасаң — қауіптің жақындағаны.
1267. Піл көру — ұлық сұлтаны болады.
1268. Піскен, тәтті жеміс жесең — байлыққа, сәттілікке кенелесің.
1269. Піспеген жүзім — қателік.
1270. Пісте шақсаң — өмірдің ұсақ-түйегі.
1271. Пішен — көз жасы, ұтыс.
1272. Пішен шөптер көру — мал болар.
1273. Райхан гүлі — бақыт немесе күтпеген кездесу.
1274. Раушан гүлі — махаббаттың нышаны.
1275. Реніш көрмек — мал-қазына дүр, әмма дауысы орташа жылау ойсыз хабарлану.
1276. Сабан көрсең — табысқа батасың.
1277. Сабын — көңілді отырыстың күтіп тұрғанын білдіреді.
1278. Сағаттың тіл соғысы — жағымсыз жаңалық.
1279. Сақал алып жатса — шағын жауына жолығу.
1280. Сақалды шал көрсең — пайдалы ақыл-кеңес белгісі.
1281. Сақалдың кіндікке дейін ұзын болуы — мал-дәулеті оныменен машақат шегеді, мөлшерден ұзындығы иесіне дін болар.
1282. Сақалының мөлшерінен ұзын көрінсе — борышы болар.
1283. Сақалың қалың қара болып көрінсе — табыс әкеледі.
1284. Сақалың өсіп кетсе — пайдаға батасың.
1285. Сақина. Жалтылдаған неке сақинасын жас әйел өз қолында көрсе — бақытты жан болғаны.
1286. Салқын су ішу — денсаулық.
1287. Самұрық құс көрсе — бақыт, байлық, дәулет келеді.

1288. Сандуғаш көру — бір кішкене ұл балаға кездесу.
1289. Сандық толы болса — көп ақша табасың.
1290. Сарқырама — аңсаған арманыңыздың орындалуына қол жеткізесіз. Тағдырдың өзі сізге жол ашады.
1291. Сары жылан көрсең — үйленесің.
1292. Сары ара — алыс ағайыныңыздан біреу науқастанады. Ірі ара — үйленудің белгісі. Араны өлтіру — күтпеген жерден хабар аласыз.
1293. Сары май көрсе — захмат көрер, егер сүт, қатық көрсе — адал мал олжасы болар.
1294. Сары матадан тігілген шапан, тон бешпент жамылып жүрсе — олжаға кенелмек.
1295. Сары сақал көрмек — фақырлық, қоңыр болса, қорқу болады.
1296. Сары түсті киім кесе — бірде жақсы, бірде жаман жағдайда болады.
1297. Сарымсақ көру — кісі болмаған оңаша жерде жүруі.
1298. Сатып алып жатсаң — молшылыққа кенелесің.
1299. Сау тісің түсіп қалса — жақыныңды жоғалтасың.
1300. Сауда жасап жүрсең — байлыққа батасың.
1301. Саусақ. Егер саусағыңыздан қан шығып тұрса — сізді қиындықтар мен проблемалар күтіп тұрғандығын білдіреді. Егер сіздің қолыңызда саусақтар болмаса — бұл материалдық шығындар болатынын білдіреді.
1302. Сауысқан көру — уағдасына опа қылмайтын кісілігі жоқ адамға кездесу.
1303. Саясаткер. Түсіңізде саясаткермен дидарласып жүрсеңіз — әурешілікпен уақыт өткізу. Жас қыз түсінде саясатпен айналысып жүрсе — өңінде өтіріктен, аңғалдықтан аулақ болғаны жөн.
1304. Сәбіз көрсең — көңілденесің.
1305. Сәлде орану — елі, уәлаяты.
1306. Семсер немесе мылтық көру (ұстау) — табыс тауып, дәулеті таситынын білдіреді.
1307. Семіз сиыр көрсе — елде байлық болады.
1308. Сиқыршы. Бұл түс — сіздің отбасыңыздың үлкен, алайда сізге көп қиындық әкелетінін болжайды. Жас

- жігіт үшін бұл шығынды білдіреді немесе сүйгеніңнен айрылуың ықтимал.
1309. Сиыр етінің қаны шығып тұрғанын көрсең — сырқат туысыңның өлуі мүмкін.
1310. Сиыр көрмек — өкіметтен жақсылық болады.
1311. Сиырдың етін жеу — бір зор ердің мал табуы.
1312. Сол дарияның суы тынық болса — көп жақсы болады. Егер лай, сор болса — жақсы емес, азырақ қам болса — керек дер.
1313. Солған күл көрсең — жайсыздық.
1314. Сөйлеп жүрсең — кіріс.
1315. Сөмке көрсең — саяхатқа аттанасың.
1316. Стакан сынса — бақытың бүлінер.
1317. Су — тазалық бейнесі, аурудан айығу.
1318. Су жағалап жүрсеңіз — көңілдің жайсыздығы, ауру.
1319. Су жылытып жүрсең — күтпеген қуанышқа тап боларсың.
1320. Су мөлдірлігі — арзаншылық пен молшылық.
1321. Су құстарының екі ұлығы бар, біреуі суда, біреуі қырда. Мұны Хызыр мен Ілияс деген, Алла біледі шынын.
1322. Су шашып жүрсең — бос сөздің белгісі.
1323. Суарып жүрсең — уайымның белгісі.
1324. Суға былықса — реніш болмақ.
1325. Суға жуынсаң — қуанышты олжа күтіп тұр.
1326. Суға кетсе, өлмесе — дін ісіне ғарық болар.
1327. Суға қарап жүрсең — көңілдіктің белгісі.
1328. Суға тұншықсаң — тарығу, қиналу, реніш.
1329. Суға шомылсаң — күтпеген жаңалық.
1330. Суда жүзу — қуат, иман, бір жақсы жолды тұтыну.
1331. Суда отырсаң — сәтсіздік.
1332. Судан басқа жарамайтын нәрсемен дәрет алмақ — шадлық күту болады.
1333. Суменен ғұсыл құйынбақ — қайғыдан құтылады.
1334. Сурет не дәптер көрсең — күтпеген жерден біреумен кездесесің.
1335. Сурет салсаң — ұнамды таныстық.
1336. Сұлу әйел — байлық белгісі.

1337. Сұлы көрсең — байлық белгісі.
1338. Сүйек мұжысаң — ісің аяқталады.
1339. Сүйікті адамдардың бірін құшу — өте бақытты болудың нышаны.
1340. Сүйісіп жүрсең — аурудың белгісі.
1341. Сүлгі көрсең — біреуден хат-хабар аласың.
1342. Сүңгісең — уайымға батарсың.
1343. Сүт — көңілдің ағаруы.
1344. Сүт ішпек — нәрсе жарамақ, яғни бір нәрсені жарату.
1345. Сынап көрсең — көз жасы төгіледі.
1346. Сынған ағашты көрсең — ұрысқа ұшырарсың.
1347. Сынған көшірді көрсең — ақшаң жоғалады.
1348. Сыра ішіп жүрсең — табыс белгісі.
1349. Сырға — табыстың белгісі.
1350. Сырқат ауру көрмек — мұнафиқ іші, кафр сырты мұсылманға жорылады.
1351. Сырқат өзін үйден шығар көрсе — һәм һешкіммен сөйлеспеуші көрсе, оның өлмегіне дәлел болар, егер сөйлесе — сырқаты бойынан кетер.
1352. Сідр ағашы — құрметті еркек кісі.
1353. Сіріңке көрсең — ақшаға молығасың.
1354. Табыт жасап жатсаң — өлік көруің мүмкін.
1355. Табытты үйелменді адамдар көрсе — кіріс кіреді.
1356. Таза ауа көріп сезінсең — барлық адаммен тату боласың.
1357. Таза көйлек кесең — сәттілік.
1358. Таза маталар — тойдың белгісі.
1359. Таза орамал басқа тартсаң — сәтсіздік.
1360. Таза су ішіп жүрсе — жағдайы жақсарады.
1361. Таза суға сүңгу — ақталып, ел қатарына қосылу.
1362. Таза ыдыс көрсең — шығынға ұшырайсың.
1363. Таза, тұнық суда жүзіп жүрген жабайы үйрек көру — теңіз немесе мұхиттан асып өтумен байланысты табысты сапарды білдіреді.
1364. Тазқараны көрсе — дұшпандарын тізе бүктіреді.
1365. Тақыр жерді көру — фақыр, кедейлік.
1366. Талқандалған жол көрсең — шығын.

1367. Тар соқпақпен жүрсең — сәтсіздік.
1368. Тарақ көрсең — үйленудің, тұрғын орынды ауыстырудың белгісі.
1369. Тарақан көрсе — той болады.
1370. Тары көрсе — дәулеті күн сайын арта бермек.
1371. Тарының төгілгенін көрсең — ұзаққа созылған ауру.
1372. Тас көрсең — ақшалы болу.
1373. Тастарды жинасаң — біліміңді толықтыру.
1374. Тастарды өрсең — білімді боласың.
1375. Тау көрсең — қуаныш, биіктен көріну.
1376. Тауға шықсаң — мәртебең көтеріледі.
1377. Тауда гүл теріп жүрсең — қуанышты, көңілді өмір.
1378. Тауда отырсаң — сыйлы қонақ болу.
1379. Тауда тұрып айқайласаң — ұзаққа сапар шегу.
1380. Таудан құласаң — шығынға ұшырайсың.
1381. Таудан су ақса — күтпеген олжа.
1382. Таудан төмен түссең — беделің төмендейді, сондай-ақ дұшпанның өсегі.
1383. Таудан, жоғарыдан төмен түссе, ол тауды тақыр көрсе — ренішке кездеспек. Таудан асып түссе — бір хаталыққа кездеспек.
1384. Тауды жағалап жүрсең — еңбегің жанады.
1385. Таудың суын ішсең — аурудан айығасың.
1386. Таудың үстінде қар жатса — әкеңе суық тиюі мүмкін немесе хабар есту.
1387. Таутеке мен құлжа — тұрмыстың тауқыметін тартпайтын болады.
1388. Тауық — жанұяның көбеюіне немесе кездесуге көрінеді.
1389. Тауық балапандары ортасында — жанұяның көбеюін білдіреді.
1390. Тауық қыт-қыттап жүрсе — әуре-сарсаң.
1391. Тауыс — асқан сұлуға үйленеді.
1392. Тауыс құсының еркегін көрсе — жоғарғы үкімет адамына кездесу, ұрғашысын көрсе — жақсы қатын болар.
1393. Тахт (орындық) — қатын болады, калош көрсе де — қатын болады.

1394. Тәж кесең — құрметке бөленесің.
1395. Тәнінде көздер табылуды көрмек — дінде әшкерә жақсылығы.
1396. Тәтті жеміс — байлық.
1397. Тәтті-пәтті көрсең — тату-тәтті, тыныш өмір сүресің.
1398. Телефон — сіздің бастаған ісіңізге кедергі келтірген адамдармен кездесесіз.
1399. Темір — патшалардың сый-сияпатына ие болу.
1400. Теңізге құласаң — қауіптің күтіп тұрғаны.
1401. Теңізде жүзіп жүрсең — байлық, күш-қуат, денсаулық.
1402. Терезеден құласаң — төбелесесің.
1403. Терек көрсең — күтпеген қонақ.
1404. Тиін — барлығы да жақсарады, сондай-ақ айналаңызға жақсы достар пайда болып, ісіңіз алға басады.
1405. Той (үйлену) — үлкен сәтсіздік белгісі.
1406. Толқыған теңіз — шығынға ұшыратуы мүмкін.
1407. Толқын көруіңіз — сіздің өміріңіздегі үлкен өзгерісті меңзейді. Жақын арада сіздің терең біліміңізді талап ететін елеулі іс күтіп тұр.
1408. Толы шелек көрсең — көп іске тап боларсың.
1409. Толық ай көрсең — жан-жақты көңіл көтеріледі.
1410. Тон кесең — байлық белгісі.
1411. Топырақты жию, жүк қылып арту — малы көп болады, қайырлы іс.
1412. Топырақты шашу — бір «биғдат» жаңалық іске халықты үндеу.
1413. Торғай — әрқашан өмірдегі өзгерістер алдында түске енеді. Мұндай түстен соң айналаңызға қарап, ойланып көріңіз. Бәлкім өзгертін жағдай бар шығар.
1414. Тостаған көрмек — бір қатын, егер ішінде суы болса.
1415. Тотықұс — уақытыңызды мардымсыз өсек-аяң мен көңіл көтеруге сарп етесіз.
1416. Тотықұсты сөйлеуге үйрету — жеке өмірдегі жағымсыз жағдай.
1417. Төбелесіп жүрсең — күтпеген шығын.
1418. Төрт құлақты көру — төрт қатын, яки төрт қыз аналары болмақ.

1419. Төсек көрсең — жолға шығасың.
1420. Тұз көрсең — ұрыс-керіске кездесесің.
1421. Тұйғын көру — қуатты өкімет бастығына кездесу.
1422. Тұқым ұрығы — мал болады.
1423. Тұманды күн — нәтиже мол болады.
1424. Тұншықсаң — қауіп пен сәтсіздікке ұрынуың мүмкін.
1425. Тұнық қара су көру, балшықты лай су көру — қауіп, күйініш, реніш болады.
1426. Түп-тұнық суда акула жүзіп жүрсе — сұлу әйел және бақытты болудың белгісі.
1427. Тұрымтай көрсе — тілегені жетеді.
1428. Түйе көру — семіз еркекке кездесу.
1429. Түйеге міну — әулиелер желеп-жебейді, мұратына жетеді.
1430. Түйеқұсты ұстап алу — сіздің қаражат-қарымыңыз саяхат шегіп, біліміңізді арттыруға мүмкіндік береді деген сөз.
1431. Түйеқұсы — бір құрметті ердің баласы болады.
1432. Түлкі көрсе — адал досының орнын алаяқ, алдампаз базады.
1433. Түлкіні біреу тұтар көрсе — ағайынымен дауласу болар.
1434. Түлкіні өзінен қашар көрсе — бересі борышынан қашқаны болады.
1435. Түпсіздік көрсең — қауіп төнеді.
1436. Түсте аспанда тұрған айды көру — өте жақсы. Мұндай түс көрген кісі мұратына жетеді.
1437. Түсте аспанда ұшып, не қалықтап жүру — бұл да өте жақсы, ал одан құлау — жаман.
1438. Түсте аяқтың семіп қалуы — өңде саяхатқа шығудың белгісін танытады.
1439. Түсте баққа кіріп, оны аралау — жақсылықтың белгісі.
1440. Түсте биікке немесе тауға шығу жақсы: ондай түс көрген кісі — өңінде үлкен дәрежеге жетеді.
1441. Түсте біреуді сабау — өңде дұшпандардан үстем болып шығумен пара-пар, ал егерде кісі түсінде әлдебіреуді өлтіретін болса — онда ол өңінде мақсатына жетеді.

1442. Түсте доңызды, қасқырды, қабыланды, жолбарысты көру және оларды өлтіру — өңде дұшпаннан үстем болуды білдіреді. Егер бұл хайуандар кісіге ешқандай жамандық жасамайтын болса — онда ондай түс жаман емес. Түсте бұл жануарларды өлтіру — жақсы: ол өңде жауды жеңумен бірдей. Егерде кісі түсінде осы аталған хайуандарға мініп жүретін болса — онда оның дұшпандарының қолға түскені.
1443. Түсте жақсы көйлек кию — кісіге өңінде қуаныш әкелетін істің боларынан хабар береді.
1444. Түсте жұлдыздарды көру де — жақсы. Ондай түс көрген кісінің балаларының мұрат-тілегі жақсы болады.
1445. Түсте жылан көру — жақсы, егер ол ешқандай зиян келтірмесе.
1446. Түсте жылау — өңдегі қуаныш.
1447. Түсте көрген өзеннің суы мөлдір болса — онда өте жақсы. Егер оның суы лай және ащы болса — онда ол жақсы емес. Ондай адам сәтсіздікке ұшырайды.
1448. Түсте қара, қызыл түсті затты немесе атты көру — жаман нышан.
1449. Түсте қол жуу — өңдегі мазасыздықтан арылу.
1450. Түсте суда жүзу және оны кешу — жақсы нышан, тек кісінің басы судан жоғары болуы қажет.
1451. Түсте суда жүзіп жүрген балықты көру — жақсы. Ондай түс көрген адам өңінде перзент сүйеді.
1452. Түсте сүйікті адамдарының бірін құшу — өте бақытты болудың нышаны.
1453. Түсте тісін сындырып алу — өңде досын жоғалту.
1454. Түсте үйленген — жақсы. Ондай түс көрген кісі өңінде тілегіне жетеді.
1455. Түстегі жағымсыз иіс — өңдегі жайсыз істің нышанын білдіреді.
1456. Түстегі жел — мұң мен сырқат белгісі.
1457. Түстен семсер немесе мылтық көру (ұстау) — кісінің өңінде табыс тауып, дәулеті таситынын білдіреді.
1458. Түсті қағаз көрсең — ұяласың, ренжисің.

1459. Түсінде Адам әлайһиссаламмен сөйлесе — зор ғылым-лік нәсіп болар.
1460. Түсінде адамның бұтын көрсе — қабиласы, яғни елі болады.
1461. Түсінде ай көрсе — қолына қатын түседі.
1462. Түсінде айт көрмек — қуаныш болмақ, шадлық болмақ.
1463. Түсінде ақ жылан көрсе де, қара жылан көрсе де — дұшпан болады.
1464. Түсінде ақ киік көрсе — жақсы болады.
1465. Түсінде ақ тон кесе — дәулеті артылады.
1466. Түсінде ақ тонменен жүзі қара болып көрмек — жер қазылмақ.
1467. Түсінде ақ шаш көрсең — жақсылық, қуаныш.
1468. Түсінде алапес болу — малының кемуі болады.
1469. Түсінде алтын көрсе, ол алтын ақша болса — садақа бермек керек, жақсы емес.
1470. Түсінде алтын-күміс жүзік көрсе — ел ішінде мал тұтқушы болады.
1471. Түсінде ара қуып жүрген кісі — өңінде пайдаға жолығады.
1472. Түсінде арақ көру — арам мал, егер ішіп есірсе — оған бір өкімет кісісі кездесер.
1473. Түсінде арыстан көрмек — ашуланған дұшманы болды.
1474. Түсінде ас, нан көрсе, өзге жерден келсе — ұлықтардан тәрбие көрер.
1475. Түсінде асты етпен бірге жесе — харамнан оған нәсіп болар.
1476. Түсінде асыққанын көрсе — оянғаннан кейін ұйықтап қалар.
1477. Түсінде ата арыстан, я қабылан, я бөрі көрсе — ғамалдарынан оған көп пайда болар, егер көкжал бөрі көрсе — дұшпаны өзіне кішірейіп, айтқанын қылар.
1478. Түсінде атқа мінсе, яки түйе, есекке мінсе де — мұраты хасыл болмақ.
1479. Түсінде атқа мініп намаз оқып көрсе — қатты қорқыныш болмақ, өлтіріс болмақ.
1480. Түсінде ауру — дінде нашарлығы.

1481. Түсінде ауыз көрмек — істерінің беті ашылады, һәм рызығы көбейер.
1482. Түсінде ащы ашыған алма көрсе — өмірі қайғыда өтер. Садақа берсін.
1483. Түсінде аяғы сынса — мал иесі өлер.
1484. Түсінде Әбілді көрсе — бір залымнан зұлымдық көрер.
1485. Түсінде әр қатынды сүйетін болса — жігіт адам болса, досы көбейер.
1486. Түсінде әтешті көрсе — мал-жаны аман болар, рахатлік болар.
1487. Түсінде бадам майын көрсе — аға, інісі шетте болса, саламат келіп, мұратына жетер, ақырғы кезінде қарындас руынан дұшпандық көрер.
1488. Түсінде байғұз көрсе — өкіметтен бір жақсылық көреді.
1489. Түсінде бал құртын көрсе — адал мал нәсіп болар.
1490. Түсінде бал ішу — ұрланған нәрсесі табылады.
1491. Түсінде балық ұстаса — адалынан мал несіп болады.
1492. Түсінде барлық түрлі жемістерді көрсе — шаттыққа болады, дұшпандары соқыр болар, әр түрлі мұратына жетер.
1493. Түсінде бауда серуендесең — қуанасың.
1494. Түсінде бит көрмек — діні һәм малы көп болады.
1495. Түсінде биік жерге, я тауға шығып жүрсе — мәртебесі биік болады деп айтады.
1496. Түсінде бұлт көрсе — үкіметінен қауіп бар. Садақа беруі керек.
1497. Түсінде бүркіт, лашын, сұңқар көрсе — өкіметтен, ұлығынан жақсылық көреді.
1498. Түсінде бір адам дұман болып көрінсе, оған қастық қылса — сақтану керек.
1499. Түсінде бір жерге түскенін көрсе — хайыр, берекелі болмақ.
1500. Түсінде бір кісі Адам пайғамбарды көрсе — бір орында, көркем ғана, жай көрінер, уәли болмаққа лайықты болса — мол мүлікке ие болар. Егер қазилыққа лайықты болса, қазир болар.
1501. Түсінде біреу мінер ат берсе — жақсы мәртебеге жетер.

1502. Түсінде біреу хазірет Мұхаммед мұстафа саллааллаһу әләйһи уәсәләмды көрсе — діні көркем болар, әр істерінің ахыры хайырлы болар, егер қорқушы кісі болса, дүние ахыретте аман болар, егер борышты болса, Алла тағала борышынан құтылар.
1503. Түсінде біреуден таяқ жеген немесе таяқтан өліп қалған — жақсы емес. Ондай жағдайда құдай атына құрбандық беруге тура келеді.
1504. Түсінде біреудің оң қолы сынса — ағасы яки балаларынан өледі.
1505. Түсінде гүлдер көрмек — бұқасы жоқ малмен жорылар, ас дегені — бұқа болып жорылар.
1506. Түсінде дария суын көрсе — қатер бар.
1507. Түсінде дәптерге жазар көрсе — өңінде қан алдырар.
1508. Түсінде егер бір қатын емшегінен асылар көрсе — ол қатын зина қылып бір бала пайда болар.
1509. Түсінде екі басты көру — ұзақ тірліктік, дүниешілдікпен азығын екеу көрсе — хаталарын мойындау, түзулікке жөнелгені, толық көп ішінде, яки өкімет қасында көрсе — хаталарына өкініп, тәубаға қайтып тілегені.
1510. Түсінде екі иінін көру — өмірі ұзақ болар.
1511. Түсінде екінді намазын оқыса — қылған ғамалының тамамына дәлел болар.
1512. Түсінде ескі қар, я су көрсе — шаһарға, я өзіне қатер бар, садақа берсін.
1513. Түсінде ет пісіргендігін әрі оны адамдарға таратқанын көру — жұмысында табысты болатындығын немесе бір өнер үйренуді білдіреді.
1514. Түсінде жаз күнін көрсе — алыстан туыс, жақыны келеді.
1515. Түсінде жақ көрмек — хайырлы болады, көп көрсе — баласы артады, кем көрсе — баласы кемір.
1516. Түсінде жала жапқан көрмек — ауыр істен құтылу, күнәдан тәуба қылып қайтпақ.
1517. Түсінде жаңа туған қыз бала көрсе — ауырлықтың соңынан жеңілдік болар, құрметтілік.

1518. Түсінде жапырақ жеміс жейтін көрсе — дауам құрметті, дәулетті болар.
1519. Түсінде жарғанат көрсе — ижтиһады бар софыға кездесу.
1520. Түсінде жас жүзім көрмек — дүниесінің хош көңілді болмағы.
1521. Түсінде жауһар ұстаса, көрсе — осы секілді мал тұтқушы болады.
1522. Түсінде жол істеу — бір істе тамашаға кездесу.
1523. Түсінде жүніп күйінше намаз оқыр көрсе — ренжу, сырқат болмақ.
1524. Түсінде жыламақ — ояуында шадлық болмақ, бірақ қатты дауыстап бақырып жыласа — қайғылы іс, себебі жоруынан асып отыр, бақырудан кешірек жыласа — оған күлкі шаттығы болар.
1525. Түсінде жылан көру — дұшмандығын жасырған дұшманы. Түсінде жыланды көрсе — оған жалған бөлелер кездесер.
1526. Түсінде жыланды қолына ұстаса — біраз нәрсе кіріс болады.
1527. Түсінде жынданса — ояуында ғашық болар біреуге, яки бірдеңеге.
1528. Түсінде зейтүн ағашы — бір мүбәрак һәм пайдалы ер, зейтүннің жемісі — қайғы, күйініш болады.
1529. Түсінде имам болмақ — ұлықтық хәкім болар, қыбласы дұрыс болса.
1530. Түсінде ит көрмек — әлсіз дұшманы тілін өткізе алмағаны.
1531. Түсінде қағбаға кіргенін көрсе — амандық болмақ, яки қажы болмақ.
1532. Түсінде қағбаны көрсе — имам әділ болар.
1533. Түсінде калош, бөтеңке, етік, кебіс көрсе — қатыны талақ болар.
1534. Түсінде көзіне сүрме тартуы — уағдасына түзіктігі.
1535. Түсінде көк киім кесе — барлық қайғы-қасіретінен құтылады.

1536. Түсінде көп жеміс көрсе, піскен жүзім көрсе — дәулетке жетеді.
1537. Түсінде көп қойларды бақса — сол қойлар санынша ол кісіге ізгілік болар, сиыр бақса да — солай.
1538. Түсінде көп шикі жүзім көрсе — һәр данасы санынша мал табар.
1539. Түсінде көпірден өткен кісі — өңінде өзінің жақсы қызметін қалдырып, одан да жақсы қызмет іздейді.
1540. Түсінде күзен көрсе — нашар түлкінің жоруы секілді болмақ.
1541. Түсінде күлу — діншілдігімен жорылады, һәм кәсібінде, тірлігінде қайыр болады.
1542. Түсінде күнбатыс жағы — бір ұнамайтын хабар болар, егер бұлардың хикматын аңдамаған болса.
1543. Түсінде күнді көрген кісінің — мерейі өңінде, дұшпандарынан үстем болып, дәулеті тасиды.
1544. Түсінде күнді көрсе — дәулетті һәм дұшпанына үстем болады деп айтады.
1545. Түсінде кісі ерттеулі атқа мініп жүрсе — онда ол өңінде тілегіне жетеді.
1546. Түсінде қақ тақыр жер көру — бір іске жиһад етіп, мұраты хасыл болмас.
1547. Түсінде қан алдырмақ көрсе — ояуында дәптер жазар.
1548. Түсінде қант-шекер, бал көрсе — ел арасында ұлық болар.
1549. Түсінде қар көрсе — ойсыз нәрсеге кездесу. Түсінде қар көрсе — халал ниғмат олжа нәсіп болар.
1550. Түсінде қара ат, яки жирен ат көрсе — сүйініштік, рахаттық болады, дәулет ғиззат болар.
1551. Түсінде қара жүзім көрсе — реніш, машақат көреді.
1552. Түсінде қара киім кимек төре болу — ояуында қара кию хайырлы болады.
1553. Түсінде қара көрпе жамылсаң — уайымға кездесесің.
1554. Түсінде қара тон кесе, қызыл тон кесе, көк тон кесе — амандық болады.
1555. Түсінде қармақ көру — айлакерліктің белгісі. Кейбіреулер қармақ көруді үлкен мүмкіншілік деп те жо-

- риды. Түсінде қармақпен балық ұстағанын яки сатып алғанын көру — қармағыңыздағы бір адамға жазықсыз тиісетінін білдіреді. Бірақ кейіннен соған өкінетінін білдіреді.
1556. Түсінде қаршыға көрсе — ел ішінде құрметті кісі болады.
1557. Түсінде қатық, май, қаймақ секілді нәрсе көрсе — халал мал кездеседі.
1558. Түсінде қатын алса — жақсы болады деп айтады. Мұратына жетеді.
1559. Түсінде қатынның сақалы болмағы — сырқаудүр, ерінің дәулеті көбейеді.
1560. Түсінде қауын көрсе — шадлық болар, егер қыс күнінде мұндай нәрсе көрсе — суық болады.
1561. Түсінде қой (отарын) көрген кісі — өңінде халықты көреді. Сондықтан ел мұндай түсті жақсы деп есептейді.
1562. Түсінде қой көрсе — амандық болады, себебі қойдың бабынан аяғына дейін пайдалы хайуан.
1563. Түсінде қол көру — туыс, қарындасы, оның кесілмегі — туысының өлмегі, ұзындығы — мол табысқа өкетуі.
1564. Түсінде қолды жұмбақ — үмітсіздікпен жорылар.
1565. Түсінде қолдың ұзындығы — бір ашылатын сифатпен жорылар.
1566. Түсінде қолтық жүндерін өсіп кеткен көруі — мәкруһ болады, кемімегі — жақсы болады.
1567. Түсінде қолына қаршыға немесе басқа бір кішкене құс ұсталған кісінің — өңінде дәулеті тасып, балалы болады.
1568. Түсінде қосаяқ, тышқан көрсе — шеттегісі келер, яки қызы болар.
1569. Түсінде қоян, яки көгершін көрсе — халал жұфұт нәсіп болар.
1570. Түсінде құр көру — рызықтың белгісі.
1571. Түсінде Құранды ұстап оқымақ — ел ішінде шарафатты болу, шаттанбақ.
1572. Түсінде құрбан көрмек — қуаныш болмақ һәм мәшақатынан құтылар, егер қатыны жүкті болса, ер бала табар.

1573. Түсінде құстарменен сөз сөйлесер көрсе, олар бұған жауап берер болса — ол бендеге ғайыптан дәулет келеді. Халайық тамаша қалар мұратына жетер, ғылым үйренер, ел ішінде құрметті болар.
1574. Түсінде қызыл көрсе — қатындарға жақсылық, еркектерге мәкруһ болады. Егер бөрік, сөмке, көйлек төсек қызыл болмағы — шадлық рахат болады.
1575. Түсінде қымбат бағалы тастарды көрсең — табыстың, байлыққа кенелтер некенің белгісі.
1576. Түсінде қыр есегін сояр көрсе, яки киікті сойып, етін жесе — ол кісіге мал ғанимат болар.
1577. Түсінде маймыл көру — малғұн дұшманы болар.
1578. Түсінде мәсжид салдырса — адамдарды хайырлы іске бастаушы болмақ.
1579. Түсінде меруерт тасын көрсе — қыз баласы болады.
1580. Түсінде миллионер — жайсыздыққа жолықтырады.
1581. Түсінде мұрын көрмек — баласы болады, дәулетті болар.
1582. Түсінде Мұхаммед расулулла саллаллаһу ғәләйһи уәсәлләмды көрсе — хақ, рас болады. Кітаптарда жазылған секілді түрді көрсе, себебі шайтан оған һеш уақытта ұқсамайды, осы секілді күллі пайғамбарларды көрмек — осы секілді болады. Күн көзін көрмек, ай, жұлдыз, жаңбырлы бұлттар — түс жоруда рас болады, шайтан бұларға ұқсамас.
1583. Түсінде мінбер тахт көрмек — жоғарыламақ, жамағатына саламаттық болмақ.
1584. Түсінде намаз оқуға орын таппаса — дүние ісінен тарлық болар.
1585. Түсінде намаз оқып, бал жесе — қатыны жоқ болса, әйел алар.
1586. Түсінде никахлану болса — сату болар.
1587. Түсінде Нұх пайғамбарды көрсе — ұзақ тіршілік көрер, қаттылық, кісіден ренжу болар, соң шадлықтар табар, балалы-шағалы болар.
1588. Түсінде ойнасқор қатын көрмек — дүние жинаушы кісі көрсе, дүниесі молаймақ, егер ғылым жолындағы кісі көрсе, ғылымдығы, білімі артпақ.

1589. Түсінде оң қолының басбармағын көрсе — ерте намазы, ұсыққол — үйлі намазы, орта саусақ — екінді намазы, аты жоқ — ақшам намазы, кіші шынашақ көру — ясиғ намазы деп жорылған. Ол бармақларды артық көрмек — кештерде ояу отырып, намазының артылмағы.
1590. Түсінде орындық — төрелік, егер төрелікке лайықсыз болса, бір іске мәшһүр бір кісі болар, қатындарға да солай деп жорылады.
1591. Түсінде отқа, суретке, ағашқа шоқынса — бір ұлыққа, басшыға жақын болмақ, өзін мәжуси көрсе — исламды артына тастағаны болар.
1592. Түсінде өзен көрген кісі — өңінде үлкен олжаға, пайдаға кезігеді. Егер адам түсінде көрген өзеннен су ішер болса, онда ол өңінде мақсатына жетіп, құрметке ие болады.
1593. Түсінде өзін жасырын жолда көрсе — бидғат нашар жолда болуы.
1594. Түсінде өзін жылан қуып жүргенін көрген кісі — өңінде зымиян қатындардан сақтануы керек.
1595. Түсінде өзінде жарақат көрмек, шешек, шиқан, сыздауық, қотыр көру — һәммасы мал болады.
1596. Түсінде өзінің өліп қалғанын көрген кісінің — өміржасы ұзақ болады.
1597. Түсінде өліктің жылағанын көрсе — ол өлік қайғыда болғанынан хабар бергені, бірақ көрушіге жақсылық болады.
1598. Түсінде пайғамбарларды көрудің жоруы — періштелерді жору секілді. Бірақ шаһидлік үкімінде басқа болар. Оның үшін періштелерден біреуін шаһид болар көрсе, мүмкін емес, себебі пайғамбарлар, адамға қатысар періштелер адамнан құпия, бұл туралы аятпенен дәлел көрсетіпті.
1599. Түсінде періштелер енгенін көрмек — қай орында көрсе, ол орынның халқына нәсрат жақсылық болады, егер аштық-тарлықта болса, тез құтылар.
1600. Түсінде пышақ, қылыш, секілді құрал, нәрселер көрсе — біреуден дұшпандық, яки ұлықтарынан реніш көрер.

1601. Түсінде рауғ, сөжде қылар көрсе — Аллаға көңіл бергендігі, егер де ол Алла тағаладан басқаға сөжде қылар көрсе — қорлыққа кездеспек.
1602. Түсінде Самрұқ құсын көрсе — ол кісіден жұрт безетін іске кездесер.
1603. Түсінде сары тон кесе — қатер болады. Өкіметінен қорқыныш болар, садақа бер.
1604. Түсінде сары, қызыл тон келтіріп алдына қойса — оған қайғы болады, садақа бермек керек.
1605. Түсінде сату көрсе — никах болар.
1606. Түсінде сафар көрсе — ояуда үйіне қайтар, соның үшін түсінде сусамақ сусамақты көргеннен хайырлы болар.
1607. Түсінде сәби көрсе — зиянсыз дұшманға кездесу. Себебі сәбидің қолынан еш нәрсе келмейді.
1608. Түсінде сол қолы сынса — дәулетіне зиян тиеді.
1609. Түсінде сот-қазы көрсе — кұналарынан тазартылған болар.
1610. Түсінде суды кемемен кешсе — өзге уәлаятқа барып түсер.
1611. Түсінде судың қылысын, яки шаһар көрсе — қайғы-қасіреттен аман болады.
1612. Түсінде суық суменен жуыну, дәрет алмақ — тәуба болады, яки дертке шифа болмақ, яки тұтқыннан босайды.
1613. Түсінде сүт көрмек — көп мал болмақ.
1614. Түсінде таң намазын оқыса — сол заманда ғайыптағысы қайта келер.
1615. Түсінде тар кемеш жердің үстіне шығып құтылып жүрсе — мұратына жетер, яки бір ізгі қатын алар.
1616. Түсінде тас атпақ кісі — сөкпекпенен жорылар.
1617. Түсінде таулар көрмек — жоғары мәртебеліні көру.
1618. Түсінде тауық көрсе — харам малдан нәсіп болар (қартадан ұтқан ақша секілді).
1619. Түсінде таям соқса — шадлық болады. Алла тағалаға жақын құлдан болар, жүніптен ғұсыл құйыну, нәжістен тазалану — күнәһларынан тазалану болмақ.
1620. Түсінде темір, яки осыған ұқсас нәрсе көрсе — өкіметтен жақсылық көреді.

1621. Түсінде тері тон кесе, я көрсе — халал малдан нәсіп болады.
1622. Түсінде төсегін айналдыру — қатын талақ қылмағы болады.
1623. Түсінде төсек көру — бір қатынға кездескені.
1624. Түсінде түйе көрсе — білімді, ғалым сөзінен көп пайдалар көрмек.
1625. Түсінде түйеге мінсе, ол түйе шөгіп, ол адамды қорқытса, яки бура болып оны қорқытса — ол Өзірейіл алайһи сәлам Құдай тағаладан ғафыл болма деп хабар бергені.
1626. Түсінде түк көрмек — дені сау болады.
1627. Түсінде түлкіні ұстаса — оған бір нашар қатын кездесер.
1628. Түсінде түсінде ғашық болар көрсе — ояуында мәжнүн болар.
1629. Түсінде тырнағы қынамен боялса — тәсбиғы көп тартылмағаны.
1630. Түсінде тырнақтар — дұшмандар деп жорылады.
1631. Түсінде тілек тілесе — алтын-күміс нәсіп болады, мұратына жетеді.
1632. Түсінде тіс көрмек — үй жамағаты, жақын туыс, қарындастары болады, ол тістер бір-біріне тұтас жақын болғандығы үшін.
1633. Түсінде ұшып жүру — ұзақ жаққа жолға шығу, биіктеуің.
1634. Түсінде фақырлық көрмек — байлық көргеннен соққы болмақ, мәжрух болмақ, сөгілмек, бұлардың халдері соғушы болмақтан хайырлырақ болмақ, шынында кемшілік көрсе — өңінде артықтық болмақ.
1635. Түсінде хазірет Ибраһим пайғамбарды көрсе — атасына дін жолын үйретер, әкесі зәрулік көрсетер, өкіметінен қатты қорқыныштар көрер, кейін мол дәулетке жетер, бір жақсы діншіл қатын алар.
1636. Түсінде хайуан, жыртқыш, жаман нәрселерден көрсе — сақтансын.
1637. Түсінде һәр түрлі шәрбат ішімдіктер, халуалар көрсе — халайық дұға қылар, рахат көріп, ниғматы артар.

1638. Түсінде шаһарды көрсе — ел ішінде құрметті кісі болар.
1639. Түсінде шашының ұзындығын көрмек — өмірі ұзын болады. Адамның қолтық жүні, яки астының түгі ұзарып көрінуі — кейістік болар, бірақ құралмен қырап көрсе — зиннат пайда болады.
1640. Түсінде шикі ет көрсе — кейіс көрер.
1641. Түсінде шошқа көрсе — дұшпаннан, залымнан зиян көреді.
1642. Түсінде штан (дамбал) көру — бір надан қатынға кездесу.
1643. Түсінде шыбышық көру — қадірі артық бір ерге кездесу.
1644. Түсінде Ыдырыс пайғамбар көрсе — түрлі хал көріп, ақырында көркем халмен өтер.
1645. Түсінде ыстық сумен жуынбақ, дәрет алмақ, сырқат болмақ — реніш, кейіс болады.
1646. Түсінде інжу мен маржан көрген кісінің — үйінен байлық үзілмейді.
1647. Түсінде ірі және сау дене көру — мал-мүлік пен атақтың белгісі.
1648. Түсінде яһуди болар көрмек — дінінде бос болмағы.
1649. Түсіне айдаһар енген кісі — өңінде бір мықты бастықты көреді.
1650. Түсінде ақ тіс көрсең — пайдаға батасың.
1651. Түсінде ауру екеніңді сезінсең — отбасыңдағы істе ұрыскеріс болуы мүмкін.
1652. Түсінде аяғың кір болып жүрсе — мұңаясың, жалғыздық көресің.
1653. Түсінде әжім көрсең — көңілденесің.
1654. Түсінде бала жұбатып жүрсең — өтірік уәдеге сеніп жүргенің.
1655. Түсінде баланың бесігін көрсең — жақсылық.
1656. Түсінде түйеге мініп жүрсең — жақсылық, өйткені түйе ұлық жануар.
1657. Түсінде батпаққа тап келсең — ісінде ретсіздік болады.
1658. Түсінде бейтаныс әйел көрсең — өсектің белгісі.
1659. Түсінде бұршақ көрсең — көз жасының белгісі.

1660. Түсінде бірдеңе үтіктеп жүрсең — жаңа дос табасың.
1661. Түсінде біреу сөзбен балағаттаса — табыс.
1662. Түсінде біреуді ұрсаң — бақытты махаббатқа жолығасың.
1663. Түсінде ғашық болсаң — жаңа дос табасың.
1664. Түсінде дегелек көрсең — жайбарақаттылық, жақсылық келеді.
1665. Түсінде досыңды көрсең — онымен кездесесің.
1666. Түсінде жаңа гүл көрсең — қуанасың, кездесу болады.
1667. Түсінде жұмыс істеп жүрсең — ісің сәтті болады.
1668. Түсінде көлдің жағасында жүрсең — тыныш өмір өткізесің.
1669. Түсінде көгілдір ашық аспан көрсең — жақсылыққа жолығасың.
1670. Түсінде көпірден өтсең — қауіптен құтыласың.
1671. Түсінде күйеуге шықсаң — сүйіктіңнен алыстайсың.
1672. Түсінде күн батып бара жатса — ісің нашарлайды.
1673. Түсінде қабырға көрсең — кедергіге тап боласың.
1674. Түсінде қайыршы болып жүрсең — табысқа батарсың.
1675. Түсінде қалыңдық болып жүрсең — сәтсіздікке ұрынуың мүмкін.
1676. Түсінде қамба көрсең — жаңа таныстық белгісі.
1677. Түсінде қан көрсең — жақыныңмен жолығасың.
1678. Түсінде қар басып жүрсең — ұнамды хабар аласың.
1679. Түсінде қарбыз жеп жүрсең — күтпеген жерден жолға шығасың.
1680. Түсінде құлып көрсең — сенімсіздік белгісі.
1681. Түсінде қызықты кітап оқысаң — бақыттың нышаны.
1682. Түсінде май жағылған нан жесең — шығынға ұшырайсың.
1683. Түсінде моншаға кірсең — ісің үмітсіздікке тап болар.
1684. Түсінде сары түсті көрсең — айырылысу, мұңды сағыныш.
1685. Түсінде таза су ішіп жүрсең — жағдайың жақсарады.
1686. Түсінде тауық көрсең — әуре-сарсаң, өсек, ұрыс-керіс белгісі.

1687. Түсінде түлкі көрсең — досыңның аярлығына тап келерсің.
1688. Түсінде ұйықтасаң — тыныштық белгісі.
1689. Түсінде үйіңе ұры кірсе — қонақтар келер.
1690. Түсінде шам жақсаң — жаңалық болады.
1691. Түсінде жүзім жесең — қуаныш, ұтыс.
1692. Түсіп жатқан жапырақ көрсең — шығынның белгісі.
1693. Түтін көрсең — өсекке қаласың.
1694. Тыңшы. Сізді бір жансыз тыңшы аңдып жүрсе — үлкен қолайсыздық пен ұрысты күтіңіз. Егер өзіңіздің тыңшы екеніңізді көрсеңіз — болып жатқан сәтсіздіктеріңіз жойылады.
1695. Тырма. Өзгеге тапсырған ісіңіз орындалмай қалуы ықтимал. Өзіңіз қадағалап басы-қасында болғаныңыз жөн. Сынық тырма — аурудың белгісі.
1696. Тырна көрсең — қорқасың.
1697. Тырнағың кір болса — өсекке жолығасың.
1698. Тырнағыңды тазаласаң — қуаныш.
1699. Тырнақ алып жүрсең — шығын.
1700. Тышқан — қатындар болады, түстері өзгермесе, егер түстері өзгерсе — ол күндер менен түндерге жорылады. Тышқан — фасық қатын, я жүзін жасырған ұры болады.
1701. Тігінші. Түсіңіздегі тігінші — жақын арада жолға шығатыныңызды хабарлайды. Егер тігінші сізден өлшем алып жатса — алдыңызда үлкен түсініспеушіліктер тұр.
1702. Тізені көрмек — тірлігінде машақаты болады.
1703. Тікенек ағашын көрмек — бір ердің мұраттары машақатлы болу.
1704. Тіл. Егер тілге өз тіліңіз кірсе — ең жақын адамдарыңызды жоғалтасыз. Бөтен адамның тілі — сіздің тарапыңызға үлкен ұрыс-керіс пен шығын.
1705. Тілді көрмек — бір сөздікке көшу, тіл бір қажат болар, тілдің кесілмегі — қажатының кесілгені, тілдің ұзындығы — дау, әңгіме болар, кесілмегі, қысқармағы — хайырлы болады, тіл кесілгенін қатындар көрсе — хайырлы, ұят пердесінің бұзылуына дәлел.

1706. Тірі кісіні өлік көрсе — өмір жасы ұзын болар, басына келетін ауыртпалықтан құтылар.
1707. Тіс шіріп кеткен болса — ұрыс-керіске кезігесің.
1708. Тістің көркемдігі, бұзықтығы — барлығы туыс қарындасына жорылады.
1709. Тісің қарайып, сасып кетсе — табыстың нышаны.
1710. Тісіңді жұлдырып жүрсең — өлім хабаршысы болуы мүмкін.
1711. Улы, азулы жыртқыш көру — біреуден дұшмандық көру болар.
1712. Ұйқыда намаз оқымақ қыбласы дұрыс болса — Тәңіріге бағынған ғибадаты болмақ, түнгі кеште бесін оқыса — шадлық болмақ.
1713. Ұл баланы көрсең — ұлың көбейер.
1714. Ұн көрсең — молшылық белгісі.
1715. Ұрсып жүрсең — ауырасың.
1716. Ұры — қары. Түсіңізде ұрылар сізді іздеп жүрсе — бейтаныс адамдар мен істес болудан сақ болыңыз. Сіздің жауларыңыз сізді жойып жіберуі ғажап емес.
1717. Ұсақ күміс ақша — көз жасының белгісі.
1718. Ұшу — сапарға шығудың белгісі. Ұшып жүріп жоқ болып кеткенін немесе қайтып оралмағанын көрген адам өледі. Бір жерден екінші жерге ұшқанын көрген адам құрметке бөленеді. Кімде-кім екі қанатпен ұшса — мұндай түс қайырлы түс. Жер мен көктің арасында ұшу — арман-тілектің көп екендігін білдіреді. Ұшу — білім үйренуді де білдіреді.
1719. Ұя көрсең — жақсылық.
1720. Ұя. Бос ұя — жаңа іс бастаудағы бос әурешілікті білдіреді. Егер ұяда жұмыртқа жатса — кез келген бастамада табыс күтіп тұр. Ұядағы балапандар — шаттыққа толы саяхат.
1721. Ұяны ағаш басынан алу — ұзаққа бармайтын көңілділік.
1722. Ұй жанып жатса — шығынға ұрынарысың.
1723. Ұй жөндеп жүрсең — шығын көп болады.

1724. Үй жығылып, тозақ-шаңға кездесу — мирас алмақ, топырақта отыру — жақсылық іс болмақ.
1725. Үй құлап жатса — ұрыс-керіс белгісі.
1726. Үй салуды көрген адамға әрқалай: ауру адамның өліп кетуі мүмкін, сау адам ұтысқа кенелер, өмірде сәттілік көбейер.
1727. Үй талқандалса — ренішке ұрынасың.
1728. Үй тарылып кеткенін көрсең — аурудың белгісі.
1729. Үй шатырын көрсең — табыс келеді.
1730. Үй ішін сыпырып жүрсең — ашығасың.
1731. Үйлену — тілегіне жету.
1732. Үйрек — досының ісіне сүйсінеді.
1733. Үйректерді аулап жүрсең — көздеген жоспарыңызды қайта қарауға белгі.
1734. Үйінің мәсжид болғанын көрсе — шарафатты, құрметті кісі болып мұсылмандарды хақ жолына үндеуші болар.
1735. Үй-ішінің ретсіздігін көрсең — уайым келеді.
1736. Үлкен бақа — софы, мұжтаһид бір ер болар, егер көп бақа болса — азап михнат болады.
1737. Үлкен түп жүзім — үлкен табыс, олжа.
1738. Үстіне жара шығып жүрсе — барша мұратына жетер.
1739. Үш құлақ — бір қатын, екі қыз.
1740. Хат — жұмысы нәтижелі болу.
1741. Хат алу — көздеген мұрат-мақсатына жету.
1742. Хат жазып бітіру — жұмысындағы қиыншылық.
1743. Хош иіс иіскемек — жақсы баласы болар.
1744. Хұрма ағашы — бір құрметті еркек, хұрманың жемісі — мал деген.
1745. Һәр қашан түс көрушінің ақылы ауысса, яки бұғау — түсті көрушіге хайырлы болады, яғни ізгі ғамал қылып жүрушіге — жауыздықтан қолын тарту болады.
1746. Шайтан көрмек — Алла тағалаға дұшмандық болар.
1747. Шам жағу — жаңалық болады.
1748. Шанышқы. Бұл түс — сізге қас адамдар сізді жұмыстан тыс қалдырғысы келеді. Әйел үшін бұл түс — ғашығыңыздан айырылуыңыз мүмкін екенін ескертеді.
1749. Шаң көрсең — алдауға ұрынасың.

1750. Шаң сүртсең — әлденеден ақталасың.
1751. Шарап ішіп жүрсең — көңілділікке кездесерсің.
1752. Шарапты біреуге беріп жүрсең — өлік жерлеуге қатысасың.
1753. Шатыр көрсе — табыс.
1754. Шаһарлар, қорғандар, молалар — аман-есен болмақ..
1755. Шаш — мал-мүлік пен өмір.
1756. Шаш ағару — ұзақ өмір.
1757. Шаш алдыру — кедейлену.
1758. Шаш жұлып жүрсең — жайсыз жағдайлар кездеседі.
1759. Шаш қысқарту — ақша жұмсауды білмеу, өз қажеттерін ұмытып, пайдасыз істермен айналысу, пайда табу үшін айтылған сөз, Алла тағаланың жолында малын жұмсау.
1760. Шаш өру — қуаныш.
1761. Шаш өсіп кетуі — байиды.
1762. Шаш түсу — мал-мүлкінен айрылу.
1763. Шаш. Егер бойжеткен шашы селдіреген әйелді көрсе — ол сүйген жігітінің қасында тағы бір қыздың пайда болғанын хабарлайды. Әйел өз шашының тықырланғанын көрсе — өмір бойы еңбектеніп өтуіне тура келеді. Егер шашыңыз қардай аппақ болса — өмірдің толық қызықты саяхаттан тұратынын білдіреді. Егер ер кісі әйелдің шашын тықырлап жатса — оған өте лайықты әйелді сүю мүмкіндігі туып тұр. Ешнәрсеге алаңдамай оған сену керектігін хабарлайды.
1764. Шаштараз — өсек-аяңға іліну.
1765. Шашы бұйралану — өкінішке душар болу.
1766. Шашы түзу немесе бұйра болу — мәртебелі әрі бақытты болу.
1767. Шашы ұзару — молшылыққа кенелу.
1768. Шашын қысқартқанына қуану — бай болу, отбасына қолғабыс ету.
1769. Шашының арт жағынан салынар көрсе — сараңдық, жарамас фақырлыққа дәлел қылар.
1770. Шаян көру — нашар дұшманының тілін өткізе алмайтындығы.

1771. Шәйнек — отбасындағы берекет пен бақыт.
1772. Шәйнек сатып алу — бір кісімен ұрысу.
1773. Шәйнекпен шай құю — жаман сөз есту.
1774. Шәйнектің астында от болмау — бір қиындық туындау.
1775. Шебер. Бұл түс — алғашында жеңіл әрі қызық көрінген жұмыстың өте ауыр болатындығын білдіреді.
1776. Шеге — сәттілік, мақсатқа жетудің белгісі.
1777. Шеге сатып алып жүрсе — ауыр еңбек күтіп тұр.
1778. Шеге тауып алса — үміт ақталады.
1779. Шеге сатып жүрсеңіз — беделі жоғары, алайда ақысы төмен жұмысты болжайды.
1780. Шегіртке — әскер болады.
1781. Шекілдеуіктің сабағы — бір қатты, сараң кісі, ішіндегі дәнін мал деген.
1782. Шелекпен су тасып жүрсең — пайда келтіресің.
1783. Шелектен су төксең — кәсібің тиімсіздікке әкеледі.
1784. Шие көрсең — байлыққа тап боларсың.
1785. Шикі ет жемек — ғайбатпен біреуді сыртынан жамандау секілді іс.
1786. Шойын ыдыс — уайым белгісі.
1787. Шошқа етін жесең — ауырасың.
1788. Шошқа көрсең — ұнамсыз тірлікке, қарғысқа тап боласың.
1789. Шөл — жалғыздық.
1790. Шөлде керуенмен саяхаттап, судың таусылуы — жұмыссыз болу және табыс табу үшін бірнеше жерлерге бару.
1791. Шөлде су кезігіп, қанып су ішу — табысты іске кірісу және рухани тұрғыда қиналып жүру, бірақ кейіннен одан да құтылу.
1792. Шөлде түйеге мініп, саяхаттау — болашақ жайындағы сенімсіздік.
1793. Шөлдеп барып, арықтан су ішу — қайғы-мұңнан құтылу.
1794. Шөлдеу — дінге немқұрайлы қарау, шаруаларға жайсыздық және кедейлік.

1795. Шөлін қандыра алмау — қалаған нәрсеге қол жеткізе алмау.
1796. Шұғайыб пайғамбарды көрсе — қысып ұстаған ел ішінде болып, кейін рахат табар.
1797. Шұжық жеу — сырқат.
1798. Шұлық, нәски — біреуге жолығады.
1799. Шұлықтағы жыртық — махаббатқа келетін сәтсіздік.
1800. Шұңқыр шұңқырламақ — мекер айламенен жорылар.
1801. Шүмек — ішкі дүниенің тыныштығы мен жақсы хабар.
1802. Шүмектен аққан су кір болу — қиыншылық.
1803. Шүмектен су алу — мол табыс.
1804. Шүмектен су ішу — өзгелердің табысына ортақ болу.
1805. Шыбын көрсең — ұрыс-керіс болады.
1806. Шымшық көрсе — ісі оңғарылады.
1807. Шырша — шынайы қуаныш, рахаттану.
1808. Шіріген ағаш көрсең — ісіндегі сәтсіздік белгісі.
1809. Ыдыспен су алып жатсаң — табысқа бастайды.
1810. Ысқақ пайғамбарды көрсе — қатты қорқыныш көрер, шығындалар, мұнан кейін құтылар, сүйініш, ғиззат табар.
1811. Ысмағұл әлайһиссаламды көрсе — ғалым болар, ізгілік табар, мешіт салдырар.
1812. Ысрапылдың сүр үрлеуі — салиқалы адамдардың қиындықтан құтылатынын білдіреді. Сүр үрлегенін есту — ақиқатқа құлақ салудың белгісі. Екінші рет үрлегенін естісе — өмір деп жорылады. Ауру болса, шипа береді. Арзаншылық болып, халық қайғы-мұңнан арылады.
1813. Ыстық, қапырық жаз — сіздің қызметіңіздегі қайнай түскен істер жөнінде хабарлайды. Егер де шала істеріңізді ретке келтірмесеңіз, нақақтан күйіп кетуіңіз мүмкін.
1814. Ылмек — тұрмысы жақсару не ынтымақты қауымға қосылу.
1815. Ылмекке бір нәрсе ілу — жаңа жұмыста жетістікке жету.
1816. Ылмектен бір нәрсе шығу — жақын туыстан жәрдем алу.
1817. Инжу — әйел үшін жақсылық.

1818. Инжу алу — білімдар болу.
1819. Инжу жұту немесе сату — Құранды ұмыту.
1820. Инжу мен маржан көрсе — үйден байлық үзілмейді.
1821. Инжу санау — бәлекет келу.
1822. Инжу тесу — Құранды дұрыс тәпсірлеу.
1823. Инжуге берік болу — үйлену.
1824. Инжу-маржан — Құран мен білім немесе бала-шаға.
1825. Инжу-маржан үшін теңізге түсу — білім мен мал-мүлік қалау.
1826. Инжір — мал-мүлік.
1827. Инжір ағашының жемісі мен жапырағы — қайғы мен өкініш.
1828. Инжір алу — молшылық, қауышу.
1829. Инжір жеу — ұрпағы көп болу.
1830. Ірі күміс ақша — табыстың белгісі.
1831. Ішкі көйлек көру — қатын болады.
1832. Яхия пайғамбарды көрсе — тақуа, тауфиқты, түзу жол табар.

II. Халық прозасындағы түс және оны жору

1. АБЫЛАЙДЫҢ ТҮСІ

Бір күні Абылай үйінде жатып, бір түс көріпті. Сол түсін Бұқарекеңе жорытқан екен. Абылайхан түсінде құбылаға қарай бара жатса, бір биік аспан зәулім бәйтерек көреді. Мидай далада сол бәйтерекке барса, түбінде бір жолбарыс жатыр екен. Ол жолбарыс Абылайды көре сала келіп алысады. Абылай да жолбарыспен алысып жүріп, қолындағы қанжарымен ішін жарып өлтіріпті. Оның ішінен бір қасқыр шыға келіп, ол тағы алысыпты. Абылай оны да жеңіп өлтіріпті. Оның ішінен бір түлкі шыға келіп, о да алысыпты. Оның ішінен бір қоян шыға келіпті. Ішін жарғанда оның ішінен бір күзен шыға келіп, о да алысты. Оның ішін жарып жіберсе, қоңыр шолақ тышқан шығады. Міне көрген түсі осы екен.

Бұқарекең келешек заманға және Абылайдың кейінгі ұрпақтарына келтіріп былай жорыпты:

— Бәйтерек көргенің — өзіңнің осы күндегі хандық бақытың. Өзіңнің жолбарыстай айбатың, хан, салтанатты уақытың. Өзіңнен туған бір балаң аюдай болып туып, өзіңнің хандық орныңа тұрып, өзіңдей болып қалмаққа, жауға аюдай болып шабады екен. Онан туған балалар қасқырдай болады екен. Онан кейінгі адамдар түлкідей бірін-бірі алдап, арбап, сұм заманға ие болады екен. Онан кейінгі адамдарға бір қорқу, үрку, жебір, жесір тар уақыт болады екен. Одан кейінгілердің көрген уақыты бастарына келетін бір қоңыр шолақ тышқандай болып жүріп күн көретін уақыт болады екен. Заманның ақыры таянғанда адам баласына кездесетін уақыт күзен секілді болар. Аяғы тышқан болып, дүние сөйтіп таусылады-дағы.

Бұқар түсін жорып айтқан соң Абылай бұл сөзіне құлақ қойып, сонан соң Самарқан шаһарына елші жіберіпті: «Ұрысым, соғысым жоқ. Әулиелерге зиярат қылғалы келдім. Осы жерден қайтамын» деп. Самарқан, Бұқар жұрты қорқысып тұр екен. Мұнан бұрын қосыны қазақ болып он үш патша ол шаһарларды алған екен. «Қосыны қазақ болды дегенше, бұ дүние тар, сарттарға азап болды» дейді екен. Абылай ханнан бұл сөзді естіген соң Самарқан халқы қуанып, тарту, таралғы, сыймен келіп, ханды көріп көңілдері сондай тынды.

2. АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ТҮСІ

Абылай хан Самарқанд шаһарының бетіндегі Жұпар қорығына түсіп, алғаш қонған түні түс көріп, ертеңінде қасындағы түс жоритын қариясына жорытады.

— Түсімде шатырымның алдында бір жолбарыс келіп шөгіп жатып алды, бұл не қылған жолбарыс деп таң қалып қарап едім, әлгі жолбарысым аю болып кетті. Жаңа жолбарыс еді ғой, қалайша аю болып кетті деп екінші қарағанымда қасқыр болып, онан соң түлкі, ақырында қоян болып кетті. Осы көргендеріме таң қалып жатқанымда оянып кеттім, — деді. Сонда қария:

— Жолбарыс көрсең, басыңнан бақыт құсы ұшқаны, баяғыдан бері қайтпай жүріп, енді жасың жеткен шағыңда «Абылай хан сарттан өліпті» деген атқа ұшырамай қайта ғой. Жолбарыстың аю болғаны сенен соңғы балаларыңның заманы аю заманы болып, жұрт аюдай алысып өтеді. Қасқыр болғаны немерелерің заманында қасқырдай жұлысып өтер. Түлкі болғаны шөбереңнің заманында түлкіше жортып өтер. Қоян болғаны онан кейінгі заманда қорқып өтер, — деген екен.

3. АБЫЛАЙДЫҢ ӨЗ ТҮСІН ЖОРУЫ

Абылай үйінде ме, не жорықта ма, әйтеуір бір түс көріпті (әркім әртүрлі айтады).

Түсінде бір қалың даманда отырып есіктен қараса, есік алдында бір үлкен көл бар екен. Оның құрақ, қамыстары жолсыз

ыққа қарап жапырылып тұр екен. «Япырым-ай, мына көлдің қамысы желсіз неге жапырылып тұр?» деп, есікке шыға келсе, есіктің алдында бір арыстан қарсы қарап жатыр екен. Абылай сескеніп тұра қалыпты. Арыстан қарап секіретін түрге келіп, айбаттанып күшін жинапты да, өз бетімен жүре беріпті. Одан соң сол жерге қасқыр, түлкі, қоян келіп кідіріп, бәрі де көз алдында өз бетімен кетті. «Манағы құрақты көлім сор болды ма? Бұлақ болды ма? Шалшыққа айналды ма? Не болғанын қарауға өзім де жиреніп жатып оянып кеттім», — дейді.

Естушілер не деп жоруын білмей, жақсылыққа жоруға қисынын таба алмай, жамандыққа жоруға ханына бата алмай отырыпты.

Сонда Абылай өзі былай деп жорыпты:

— Менің көрген жыным, айдын шалқар көлім — ол мына менің көрген дәуірім, мына отырған сендерсіңдер. Ана жапырылып көрінген — менің қоғадай жапырылып бас иіп тұрған халқым. Оның ақыры былай болды. Шіркін, халқым, дәуірің осындай болады екен ғой! Көрген арыстаным — ол дұшпаным. Қанша дұшпаным қайрат етсе де, әсер етпеді. Оның артындағы қасқыр, түлкі, қоян — олар менің кейінгі тұқымдарым болар. Олардың ақыры қоянға ұқсап, ел-жұрт қараудан да жиренетін болады екен ғой! — деп жорып, өзі қатты күйзелген екен. Сонда қасындағылар да:

— «Түс — түлкінің боғы», жақсыға жорыңыз, түс көрушіден емес, жорұшыдан, — деген екен.

4. АБДОЛЛА ХАННЫҢ ТҮСІ

Ұлы мәртебелі Абдолла ханның дәуірінің бастапқы кезеңінде көрген түсі бар. Бірде ол түнде қадірлі басына тынығу жастығын жастанады. Оның ми алаңын ұйқының ауыр қолы жайлап, түсінде әлдебір жерге екі қадірменді кісі келген екен. Мұның ұлы мәртебесімен (Абдолла ханмен), патшалығы мәңгі жасай бергей, бірге жоғары мәртебелі әулие марқұм Хұсрау-сұлтан тұр екен дейді. (Ханның айтуы бойынша) «Әлгі қадірменді екі кісінің бірі Хұсрау-сұлтанның қолына

жалаң жүзді жалаңаш қылыш берді. Бұл екі алып тұлғалы кісінің енді біреуі маған екі қылыш ұстатты: біреуін сол қолыма, біреуін оң қолыма. Екі қылыштың әрқайсының екі жүзі бірдей өткір еді».

Ұлы мәртебелі хан (Абдолла хан) ұйқысынан оянғанда бұл түсін ешкімге айтпады.

Хасан Қожа айтады: «Мен оның (Абдолла ханның) хандық ұлылығының аяғын жалау құрметіне ие болғанымда былай дедім: «Жарық нұрға бөленгір, қасиетті Қожа Жойбара, Сізге дұға арнап: «Ұлы мәртебеліге айта барыңыз: біз өзгеге жалаң жүзді жай ғана қылыш берсек, оған екі жүзі де өткір екі алмас қылыш бердік. Екі ойлы болатын не жөні бар?» — деп айтты.

Оның хандық ұлы мәртебесі: «Бұл түсті мен әлдеқашан көрген едім, әрі ешкімге айтпаған да едім», — деді.

Абдолла хан Бұқараны, Ташкент, Балх пен Ферғананы, Хорезмді және тағы басқа жерлерді жаулап алып, үлкен мемлекетті басқарды.

5. АҚСАҚ ТЕМІР

Темірдің шешесі Сақыпжамал осы баласына екіқабат кезінде түс көріпті. Түсінде ол бала емес, жылан туыпты. Сол жылан көз алдында үлкейіп айдаһар болыпты. Алдымен ол өзінің туған анасын жұтыпты, артынша сол кездегі Сырдария билеушісі Тоқалақты жұтыпты. Бұл түсін екіқабат келіншек үйіне кездейсоқ қонақ болған жолаушы кемпірге жорытыпты. Кемпір сатқындық жасап, бұл түсті Тоқалаққа айтып қойған. Қатал хан екіқабат келіншекті алдырып, өз қолымен ішін жарып, мазардың ішіне көмусіз тастатқан. Сақыпжамалдың туған сіңлісі Теккене жеті айлық тірі жатқан баланың кіндігін тісімен қиып, баланы алып кеткен. Шешесінің ішіне пышақ салған кезде кішкентай баланың оң аяғына зақым келіп, ақсақ болып туған. Әлгі он алты жасар әлі беті ашылмаған бейкүнө қыздың емшегінен сүт шыққан, баланы өсірген. Ақсақ Темір өмірбақи шешем, анам Теккене деп кетті.

* * *

Түркі тұқымдас барлас руынан шыққан Шахрисабз биі Тарағай түс көреді, түсінде биік таудың басында тұр екен. Түн тастай қараңғы. Тарағай бидің қолында болат қылыш бар. Қолындағы қылышынан сол шақта найзағай оттары жарқылдай дүние жүзі жап-жарық бола қалады. Тарағай би оянып кетеді. Бірақ сол түні оған ақ киімді, ақ сәлделі, ақ атты адам аян береді: «Тарағай би, қазір әйелің Тәккине бір ұл туады. Ол әлемді билейтін жаһангер болады», — депті. Ол Қызыр ғали әссалам әулие екен. Бұл жору ертеңіне Қазаған ханға да жетеді. Ол болашақ жаһангер Әмірдің тууынан сескеніпті, нөкерлеріне бұйрық беріп, бидің жоқ кезінде толғатып жатқан әйелдің қарнын іштегі бала өлі түсуі үшін ауыр таспен үйкелетеді. Әйткенмен бала мұнымен өлмейді, мезгілі жеткенде туады. Бірақ тастың салмағымен ана қарнынан бір аяғы солып түседі.

* * *

Тарағайдың ортаншы әйелі Тәкинә қатын осы Темірге екіқабат болған кезінде түс көреді. Түсінде Қызыр ғали әссалам әулиеден бала сұрайды. Әулие оған денесі тастан, жүрегі дүниенің ең нәзік гүлдерінен жаралған ұл береді. Емшегін жөндеп еме алмаған баласын анасы құйрығынан салып қалғанда, тастан жаралған баланың денесінен қолы қатты ауырып кетіп, анасы жылап қоя береді. Анасының жылағанын көріп, жүрегі нәзік гүлдерден жаралған баласы енді қосылып жылайды. Анасы мен баласының көзінен жасы ағыл-тегіл төгіледі. «Қалай, балаң ұнайды ма?» — деген Қызыр ғали әссалам әулиеге Тәкинә қатын: «Маған мұндай жылауық баланың керегі жоқ, басқа бала бер», — деп жалынады. Сонда әулие оған керісінше денесі гүлдей жұмсақ, жүрегі тастай басқа бала береді. Бұл да анасының емшегін дұрыстап еме алмайды. Анасы бұны да ұрады. Бірақ қанша ұрса да, баланың көзінен жас шықпайды. Баласының бұл мінезіне қуанған анасы сылқылдап күліп жатып оянып кетеді. Ертеңіне Тәкинә қатын түсін бір білгір көрі кемпірге жорытады. «Түсінде жыласаң, өңінде қуанарсың, ал түсінде қуансаң, өңінде жыларсың. Бекер алғашқы балаға көнбеген

екенсің. Сенің мына туғалы тұрған балаңның денесі ет пен сүйектен біткен жұмсақ болғанмен, жүрегі тастан да қатты келеді екен, түбі өзгені қойғанда өзіңді де талай жылатар», — деген екен.

6. ӘМІР СЕЛЖҮКТІҢ ТҮСІ

Әмір Селжүк жүз жыл жасады. Бірде ол түнде түсінде кіші дәретін отқа жіберіп тұрғанын, ол оттан ұшқан ұшқындардың жердің шығысы мен батысына шашырап түсіп жатқанын көреді. Бұл көрген түсін түс жорушысына айтқанда, ол былай деп жауап береді: «Сенің тұқымыңнан әлемнің алыс елдерін жаулап алатын патшалар шығады».

Шындығында да солай болды. Әмір Селжүктің ұрпақтары шығыс пен батысты жаулап, аса қуатты мемлекет құрды.

7. БААРИН ТАЙПАСЫНАН ХОРЧИ УСУН ҚАРИЯНЫҢ ТҮСІ

Хорчи келіп бұй дейді:

— Біз Бондончар богданың әкелген әйелінен туғандықтан, Жамұқамен кіндіктес әрі үндес, тілдес адамбыз. Сондықтан да Жамұқадан іргені аулақ сала алмаймыз. Бірақ құдіретті Тәңір келіп, маған аян берді: «Қырдың қызыл сиыры келіп, Жамұқаны сәл айналсоқтап жүрді де, үйімен қоса сүзгіледі. Сөйтіп бір мүйізін опырып алып, сыңар мүйізді боп қалған соң, «мүйізімді бер» деп, Жамұқаға қарай мәңіреп тарпыланды. Тағы мұқыр кер сиыр үлкен үйдің арбасына жегілген екен деймін. Ол Темүжіннің соңынан үлкен арбасын сүйрете ұмтылып:

Тілге көнсе жер мен көк,
Темүжінді ел иесі болдырғай,

Тасып бара жатырмын, — деп мәңіреді. Жасаған Тәңір менің көзіме осылай көрсетті. Егер, Темүжін, сен менің алдын ала болжап айтқанымдай, ел қожайыны болсаң, маған

қандай жақсылық істер едің? — дейді. Сонда Темүжін: «Шынында мен мұқым елді билесем, сізді түменнің нояны болдырар едім», — дейді.

Хорчи Усун қарияның түсі кейіннен оның өңінде шындыққа айналды.

8. БАБЫР МЫРЗАНЫҢ САМАРҚАНД ҚАЛАСЫН АЛАР АЛДЫНДАҒЫ ТҮСІ

«Сол кезде ғажайып түс көріппін: маған әулие Қожа Убай-долла келген екен деймін. Оны қарсы аламын. Қожа үйге кіріп, төрге отырды, оның алдында дастархан жайылды, тағам мол тартылмағандықтан ба, әулие Қожа маған реніш білдіргендей сезінемін. Баба молда мен жаққа қарап, ымдап белгі берді. Мен де оған: «Бұл менің кінәм емес, дастархан жайған адамның кінәсі», — деп ымдадым.

Қожа айтқанымды ұғып, ишарат білдірді. Ол орнынан тұрады, оны шығарып салмақ болып ілесемін. Сол үйдің ішінде ол менің екі қолымнан ұстап, тік көтеріп алды, бір аяғыммен жер тіреп қалдым. Қожа түрікше: «Шейх қайырымды кеңес берді», — деді. Сол бірнеше күннің ішінде Самарқанды алдым».

Ұлы Моғол империясының негізін салған Бабырдың көзі тірі кезінде оның күші мен атағына тең келер ешкім болмады.

9. БЕКЕТ АТАНЫҢ ТҮС ЖОРУЫ

Бекет Атаның әулиелігі қалың елге кеңінен жайылған кез болса керек. Маңғыстауға аты танылып үлгірген домбырашы сері жігіт ел аралап жүріп, жұмаға қараған күні түс көреді. Түсінде астындағы аты омақаса құлап мертiгiп, домбырасы ортасынан омырылып, өзі белінен шойырылып жүре алмай қалғанын сол ауылдағы көпті көрген қарияға жорытады да, ақсақал тұшымды ештеңе айтпаған соң, жоспарлап қойған жолынан бас тартпай, кете береді. Жолда дәл түсіндегідей атының аяғы інге кіріп кетіп, омақаса құлайды,

өзі омыртқасын зақымдап жүруден қалады. Баласының азап шегіп жатқанын көрген әкесі арнайы ат арытып келіп, Бекет Атаға баласының жағдайын баян қылады. Бекет Ата жігіттің жұмаға қараған күнге түс көргенін, сол түсті жорытқаннан болғанын айтып, келе алмай үйінде қалған жігітке сыртынан бірнеше айға шарттап, ем жасайды. Атаның емі қонып, домбырашы жігіт жазылып, бұрынғыша серілігін жалғастырған екен.

* * *

Маңғыстауды мекен еткен арабша да, орысша да сауатты, байлығы басынан асатын Сарыбай атты жігіт ағасы Бекет Атаға барып, сәлемдесіп, оның батасын алмаққа ниеттенеді. Бірақ пендешілікпен өне шығам, міне шығам деп жүріп, екі-үш жылды өткізіп алады.

Сондай күндердің бірінде құдасының аулында жатып, түсінде айдалада қонып отырған алып құсты көреді. Қандай ғаламат екенін білмекке атын сол жерде қалдырып, жақындаған сайын құс үлкейе береді. Ақыры киіз үйдің көлеміндей болғанда қанатының астыңғы жағынан есік ашылып, оқалы көк түсті киім киген әдемі қыз төмен қарай баспалдақ түсіріп, ішке шақырады. Сарыбай ішке кіріп, айналасына қараса, аппақ отырғышта жайғасқан сақалды адамдарды көреді. Қыз меңзеген қатардан орын алып, терезеден қараса, бұлттың арасында ұшып келеді екен. Қанша мезгіл өткені белгісіз, Сарыбайды дйттеген жеріне әкеліп түсірген алып құс қанатынан дауыл тұрғызып, қайтадан ұшып кетеді...

Сарыбай түсін бір балгер кемпірге жорытқан екен, ол:

— Құспен ұшқан жақсы, бірақ сенің түсіңе енген құс тіптен басқа екен. Жоруға тым қиын соғып отыр, дұрысы Бекет Атаға тез жеткенің. Кешіксең, бір бөлеге ұшырап қалуың ғажап емес, — деген соң жұмаға қарсы жолға шығады. Келсе Бекет Ата жолаушылап кеткен екен, Атаны күтіп жатып, Сарыбай түсінде басын қар шалған таудың үстімен әлгі алып құспен тағы да ұшады.

Сарыбай Ата келген соң көрген түсін тағы айтады. Ата сәл ойланып отырады да, түстің жоруын келесі күнге қалдырады. Ертесінде таңғы ас үстінде:

— Сарыбай інім, менің болжамым алдамаса, күндердің күнінде Құдайдың қолдауымен өте ақылды адамдар өзің көрген алып құсты жасап шығарып, қалаған жағына ұшып барып келетін болады, — дегенде сенер-сенбесін білмей Сарыбай аң-таң болады.

Қаншалықты шындық бар екенін бір Алланың өзі біледі, әңгімені айтушылар мұндай жайды анықтау үшін ауылдастары Атаға жүгінгенін айтады. Ата оларға жұма күнгі таңда көрген түстің көпшілігі дәл келетінін, сондықтан шама келгенше жорытпаған дұрыс екенін, жорытса түс жоруға қабілеті бар адамға ғана айтуға болатынын айтыпты. Осыны жадында сақтаған кейбіреулердің жұма күнгі көрген түсін жорытпайтыны, ешкімге айтпайтыны осы күнге дейін кездесіп қалады.

10. ДОСМҰХАММЕД ХАННЫҢ ТҮСІ

Әкесінің өлімінен соң, Досмұхаммед өгей шешесімен некелесіп, ар-ождан шынысына тас атты да, оны сындырды. Қалыңдық күйеудің үйіне салтанатпен ұзатылған соң, Досмұхаммед хан түсінде қара атқа мініп келген әкесі Есенбұға ханды көреді. Оған (баласына) жақын келісімен, атынан түсіп, қолымен қазанның түп күйесін алып, оның (баласының) бетіне жағады. Аузын ашып, ол былай деп тіл қатады: «О, соры қайнаған, масқара болған неме, ислам дінін қабыл алғанымызға жүз жылдан астам уақыт өткенде, сен қайтадан көпірге айналдың, мұсылмандардың шарифаты мен тәртібін тәрік еттің». Ол қорамсағынан оқ алып, оның (баласының) бүйірінен атады да, өзі атына мініп, ғайып болады. Ұйқыдан оянған Досмұхаммед хан болған іске өкініп, әрі күйзеліп, дәрет алады да, өгей шешесінен кетеді. Сол күні оның бүйірі (түсінде оқ тиген жері), буын-буындары ауырып, ыстығы көтеріледі де, бұ дүниеден аттануға қамдана бастайды. Емшілер оны емдеп жазуға қанша тырысқанмен, ештеңе жасай алмайды. Осылайша, ол о дүниеге көшіп, тамұқ үйіне бет алды.

11. ЕРТЕДЕН ЖЕТКЕН АҢЫЗ

Баяғыда бір жүкті келіншек қайынсіңлісіне:

— Еркем, түсімде емшегіме қос қасқыр жармасып жатыр екен, — дейді. Сонда өмірден көрген, түйгені аз еркетотай қыз:

— Жеңеше, төркініңе бара жатқаныңда сені қос қасқыр жеп кетеді екен, — деп жеңгесін шошындыра әзілдеген екен. Айтқандай-ақ біраз күннен кейін келіншек төркініңе бармақ боп, жолға шығады. Өлдеқандай сөз арасында бұл әңгімені құлағы шалып қалған атасы:

— Өттеген-ай, бұлай дегенің бекер болған. Келінім арландай қос ұлды болмақ екен, — деп дереу артынан шапқыншы жіберіпті. Сөйтсе, ойсыз айтыла салған сөз шындыққа ұласып, келіншектің әлі өмірге келіп үлгермеген қос ұлымен бірге қасқырға жем болып, қанға бөгіп жатқанының үстінен шықса керек.

12. ЖӘНІБЕК БАТЫРДЫҢ ТҮСІН АБЫЛАЙДЫҢ ЖОРУЫ

Абылай хан Қарақалмақ Қатысыбанға қол жиып, шеру тартып барғанда, қалмақтың ханы Абылайға кісі салды дейді:

— Абылай мен екеуміздің таласымыз дін емес, дүние ғой. Дүние үшін жұртымызды қырылыстырмайық. Мен жекпе-жекке өзіме қараған қалмақтан бір сырттан тауып шығарайын, Абылай да өзіне қараған қазақтан (елінен) «осы сырттан-ау» деген біреуін таңдап шығарсын. Менің кісім Абылайдың шығарған кісін күші асып, өлтіріп кетсе, малдан, жаннан Абылай безіп шықсын, біз олжа қылайық. Абылайдың кісісі менің кісімді күші асып, өлтіріп кетсе, малдан, жаннан қол жуып, екі қолды төбеге қойып, біз шығалық, Абылай олжа қылсын. Уағда осы болсын, — деп.

Абылай хан:

— Жарайды, болса болсын, — депті.

Қалмақтың бұрыннан белгілі бір сырттаны бар екен, жолбарысты құйрығынан ұстап алып лақтырады екен және жер-

ге бір-ақ қойып өлтіретұғын күші бар екен. Абылайда өйтіп сыналған белгілі сырттан жоқ екен. Өзінің сынауы бойынша, Шақшақ немересі Жәнібекті шығармақ болды дейді. Жәнібектің туған шешесі Есім хан өлтіретұғын Тұрсын ханның қызы екен. Ташкентті шапқанда Шақшақ батыр Есім ханның батырының басы екен. Тұрсын ханның бір қызын Есім хан баласы Жәңгір ханға олжалап алып бергенде, бір қызын Шақшақ батыр баласы Қошқар батырға олжалап алып беріп, Жәнібек сонан туып, сонда Жәнібектің шешесі Абылайға айтып тапсырып, қосқан екен:

— Аттың сырттаны жауһарлысын үш жыл іздетіп, зорға таптым. Ағаштың сырттаны жауһарлысын үш жыл тарап зорға таптым. Адам сырттанын мырза Құдай бір күн төсекте жатқан түсімде берді. Осы жолы алып барып, ненің сырттаны болса да, бір айқастыр, — деп.

— Ертең қалмақтың сырттанына сен шығасың, — деп оған айтып қойды дейді.

Сол түнде жатып Жәнібек бір түс көріп, түсінен шошып оянып, түн ішінде қосын жығып, еліне қайтпақшы болып, «ханға айтып кетейін» деп жетіп келсе, Жәнібектің түсінен қорқып оянғанын хан да түсінде көріп: «маған келмей кетпес-ау» деп басын көтеріп, тосып отыр екен. Таң жаңа сәуле беріп, ондағы мұндағы көрінерлік мезгіл екен:

— Батыр, жай ерте келдің бе? Асығып-үсігіп бір нәрседен қысталып жүрсің бе, немене? — дейді.

— Тақсыр, бір жаман түс көрдім. Сол түсімнен қорыққаннан: «осы жолы өліп кетсем, тұқымсыз кетермін» деп қайтуға ыңғайланып, сізге білдіріп кетейін деп жүрегім аузыма тығылып, әрең келдім, — дейді.

Хан сонда атшысын «Шыйеш» дейді екен:

— Шыйеш! Мирақор! — деп шақырды, атшысы:

— Алдияр, тақсыр, — деп жетіп келді.

— Уа, менің қарт Бөгенбай берген Нарқызыл жирен атымды есіктің алдына алып кел, — дейді.

Ханды онан басқа ат көтеріп жүре алмайды екен. Мирақоры атты есіктің алдына алып келгенде, Жәнібекке:

— Жай қолыңды, — дейді.

Жәнібек қолын жайып, ұшып тұра келгенде:

— «Жақсы түске де садақа, жаман түске де садақа» — деп еді. А, Құдай, осының түсін мен неге жорысам, сен соған қабыл қыл, — деп жирен атты түс садақасы деп айтып, жалма-жан сойдырып, талатып жіберді.

— Айт, батыр, енді түсіңді, — дейді.

— Түсімді айтсам, тақсыр, қалмақтан жекпе-жекке пәленше деген жайсаңы шықты да, бұл жақтан мен шықтым. Екеуміз шартпа-шұрт болып қалғанда, мені ол найзамен шаншып түсірді. Кеудеме атша мініп, тамағымнан кесуге ыңғайланғанда «енді бауыздап тастайды-ау!» деп кеудеме көз салсам, қарасам, оң емшегімді бір айдаһар жылан еміп жатыр екен, сол емшегімді бір айдаһар жылан еміп жатыр екен. Шошып ояна келсем, түсім екен. Көрген түсім — осы, — дейді.

— Түсің түс-ақ екен. Мұнан жақсы түс бола ма? Түсіңде сені ол шаншып түсірген болса, өңіңде оны сен шаншып түсіреді екенсің. Түсіңде сенің кеудеңе ол мініп жүрген болса, өңіңде оның кеудесіңе сен атша мінеді екенсің. Түсіңде сенің тамағыңа ол қылыш даярлаған болса, өңіңде оның тамағына сен қылыш даярлайды екенсің. Оң емшегіңді еміп жатқан айдаһар жылан өзіңнен туып, үстіңе бала ойнақтайды екен, өзі асқан айдаһар ер болады екен, батыр атанады екен. Сол емшегіңнен айдаһар еміп жатса, өзіңнен бір қыз туып, онан туған жиен о да айдаһардай ақырып туады екен. Ұлдан туған ұрпағың, қыздан туған жиенің тұлпар мініп, ту ұстай туады екен. Осынша өсіп-өнейін деп тұрсың. Сен қалай өлесің, бар, жекпе-жекке кіре бер. Жүсіп пайғамбардың түсі болсын да, Жақып пайғамбардың жоруы болсын, — дейді.

Хан түсін қолмен қойғандай жорыған соң, бір жағынан атын сойып таратып жатқан соң, Жәнібектің қорқынышы қашып кетті, жүрегі тасып кетті, қайрат-қуаты бұрынғысынан да басым болып асып кетті. Сол жерден атын алдырып мініп:

— Жекпе-жек! Жекпе-жек! — деп айғайлап шыға шапты дейді.

Қалмақтың жайсаңы құты қашып, аяғын тәлтіректеп басып, найзасын қалай толғарын білмей, өзінен-өзі қалбалақтап, сасып, айқасып қалған қарсаңда Жәнібек батыр шаншып түсіріп,

үстіне аттай мініп, тамағынан қылышты тигізер тигізбесте шалқасынан жатқан қалмақ:

— Тоқта, — дейді, — түнде сен де көріп едің, мен де көріп едім. Сені мен алып едім-ау, табанымның астына салып едім-ау. Сенің түс жорушың жақсы жорығандықтан, менің түс жорушым ретін тауып айта алмағаннан алып кеттің-ау, — дейді.

Сонда Жәнібек басын кесуге қимады, қолынан ұстап жетектеп, Абылай ханға алып келді. Өзі өскен-өнген жан екен, он бір ауыл екен. Сол он бір ауылға тимей, өзге қалмақты тұттай жалаңаш тонап алып, олжа қылып қайтыпты дейді. Жан болса, осындай болсын!

13. ЖҮСІП ПАЙҒАМБАРДЫҢ ТҮС ЖОРУЫ

Құдықта, яғни зынданда жатқанда екі адам түс көріпті. Бірі айтты:

— Бір түс көрдім, ұмытып қалдым, — дейді.

Биқауыл деген адам еді. Жүсіп пайғамбар ұмытқан түсті хәм білер еді. Сонда Жүсіп пайғамбар айтты:

— Биқауыл, мен білермін де деді. Сен түсінде көрдің, алдына бір себет жүзім келді. Сол жүзімді адамдарға үлестіріп бердің, — деді. Әлгі Биқауыл:

— Осы түсім рас, — деді, — Енді бұл түсім қандай болады? — деді. Жүсіп пайғамбар айтты:

— Түсінде көрген жүзім нығмет, уа сен нығметті адамдарға үлестіріп берсең, сен мәртебелі боласың, тұһмат істен құтылып, сөзің расқа шығып, бұрынғы уәзірлік орынға отырасың, — деді. Және бірі Сақы деген:

— Ай, тақсыр, мен бір түс көрдім, басымда бір себет нан қойып жүр екенмін. Әлгі нанды аспандағы қарға бір нан, бір нан алып кетті, — деді. Бұл Сақы жалған түс айтып еді. Жүсіп пайғамбар:

— Мен сенің түсінді айтпаймын, — деді.

— Ай, тақсыр, айт, — деді, Жүсіп пайғамбар айтты:

— Сенің түсінді айтсам, сен патшаның алдына бара тұһмат жалған ісің әшкере болып, дарға асыларсың, миыңды қарғалар ойып жейді, — деді.

- Ай, тақсыр, жалған айттым түсті, — деді.
- Жалған айтсаң да, осы болады.

14. ИБН СИРИННИҢ ТҮС ЖОРУЫ

Бірде Ибн Сирирге бір адам келіп:

— Маған бір түс кірді, онда бір кептер маржанды жұтты да, қайтадан шығарған кезде ол үлкейіп кетіпті. Сосын тағы бір басқа кептер де моншақты жұтқан кезде, одан жұтқанынан кішірек маржан қайта шықты. Ал үшінші кептер моншақты жұтқан кезде одан қандайын жұтты, сондайы қайта шықты, — дейді. Бұны тыңдап отырған Ибн Сирир былай деген екен:

— Бірінші кептер — ол Хасан әл-Басри. Ол қасиетті хадис естіген сәтте, оның мағынасын өсиетке дейін жеткізіп, өзінің ойлау қабілетімен безендіреді. Екінші маржанды кішірейтіп шығарушы кептер, ол — мен. Хадисті тыңдаймын да, оны ықшам етем. Қандай күйде жұтылса, маржанын сондай қалпында қайта шығарған үшіншісі — ол Қатада. Оның есте сақтау қабілеті күшті.

* * *

Бір кісі Ибн Сирирге түсін айтты:

— Түсімде, қолымда шыныдан жасалған ыдыста су бар екен деймін. Бір кезде ыдыс сынып кетті, бірақ ішіндегі суы төгілмей қалып қойды.

Бұл түсті естіген Ибн Сирир:

— Сенің әйелің босанады да, қайтыс болады, бала тірі қалады, — деп жауап қатты. Шынында да, түс жорытушы адамның әйелі босанып, қайтыс болады да, баласы тірі қалады.

* * *

Мұхаммед Ибн Сирир өз дәуіріндегі зор ғалымның бірі еді. Кәсібі бөз сатушы еді, тұқымы Әнас ибн Мәліктің азат еткені еді. Түс жоруда дүниеде бұл секілді кісі дәуірінде болмады. Бір күні бір кісі барып:

— Түсімде біреудің балтырына мөлшерсіз көп жүн өскен екен, соны көрдім, — депті. Ибн Сирир айтыпты:

— Егер де көрген түсің хақ болса, балтырына жүн өскен кісі борышпен түрмеге кіріп, сонда опат болар, — деді. Ол кісі айтты:

— Айып етпеңіз, ол кісі сен едің, — деді. Ибн Сири́н хазірет айтты: «Инна лиллаһи уа инна иләйһи ражиғун» депті.

* * *

Мұхаммед Ибн Сири́н хазірет айтқан екен: «Түс көру үш түрлі болар. Аның үшін барлық адам көрген дұрыс түс болмайды. Солай болса да, жорымағы дұрыс болар. Бірінші дұрыс түс дегеніміз: Алла тағаланың өмірімен бір мәләкруи́я деген періште келер. Лаухул-махфузден хабар алып келер. Мұны «хақ түс» дейміз. Екіншісін «Әзғас әхлам» дейді. Мұның жоруы дұрыс болса да, пайдасы болмас. Үшінші, шайтан көрсетер, кей уақытта шайтан оның рухымен ойын қылар, яки ол шайтан көрсетер адам баласына дұрыс бола тұрған істерді және ол шайтанның ол шамалы айласы болар, адам баласын өкіндірер».

* * *

Ибн Сири́н хазірет айтады: «Кейбір ер өзін хұтба оқыр көрсе, сұлтанға, жоғарғы үкімет орнына жетер, егер оның лайықты кісісінен болмаса осылар».

Ибн Сири́н хазіреттен бір кісі сұрапты: «Түсімде азан айтып тұрдым» деп. Оған айтыпты: «Бәлә, қажыға барады екенсің» депті.

Екінші бір кісі сұрапты: «Түсімде азан шақырып тұр екенмін», — деп. Оған айтты: «Сенің ұрлықпен қолың кесілер», — деп. Мұнан кейін Ибн Сири́ннен сұрапты: «Неге екеуіне екі түрлі айттың?» — деп. «Екеуінің де түріне қарап айттым», — деп түрлі дәлелдер көрсетіпті.

15. КЕНЕСАРЫ МЕН ОМАР

Байбақты руынан Омар дейтін кісі Кенесарыны қуған топтың ішінде болады. Қайтып келе жатып түс көріп, оны Қазыға (Сырымның баласы) жорытыпты. Сонда Қазы:

Түсіңде қаршыға ұстасаң, ер балалы боларсың, бауы көп түйіншекті болса, жасы ұзақ болар, тұғыры қатты болса, балаң

ер болар, Кенесары сапарынан келесің ғой, айтқаным келсе, атын Кенесары қой, — депті.

Қазының айтқаны келіп баласының атын Кенесары қойыпты.

16. МӨҢКЕ БИДІҢ ТҮСІ

Мөңке би түс көріп, сол түсін Сырым батырға жорытпақ болады.

— Бір жолы бәйгеге қырық ат қостым, біреуі де бәйгеден келмеді. Отыз ат қостым, біреуі де келмеді. Бес ат қостым, төртеуі бәйгеден келмеді де, біреуі ғана аман жетті. Аман жеткені сол — келе сала пышаққа ілікті. Әлгі аттың ішін жарып жібергенімде, қасқыр шықты, қасқырды жарғанда түлкі шықты. Түлкіні жарғанда, қоян шықты. Осыны жорып берші, — дейді Мөңке би.

Сырым түс жорудың жолын Мөңкенің ұзатылып кеткен қызына беруді ұйғарды. Бірақ ол би үш рет шақыру жібергеннен кейін әрең келеді. Қыз түстің жайын білген соң Сырымға:

— «Түсті жездеңе жорытпа, жиеніңе жорытпа, әйелге жорытпа» деген сөз бар еді. Сонда да айтайын, — дейді. — Түс адал түс, қияли түс, шайтан түс деп үшке бөлінеді. Мұны қай түске жатқызарымды білмеймін, бірақ оның шешуі мынандай: «Қырық ат дегеніміз — мұсылманның қырық парызы орындалмай қалатын заман болады екен; отыз аттың бәйгеден келмей қалатыны — отыз күн ораза ұстамайтын заман туады екен; бес аттың төртеуі келмей, біреуі келгені — бес уақыт намаз қаза болып, оны біреу оқып, біреу оқымайтын кез келеді екен; қасқырдың шыққаны — кісінікін тартып алып, ұрлап жейтін зорлықшыл заманның туатыны шығар; түлкі шыққаны — алдаушы мен арбаушы көбейетін, түлкідей бұлаңдаған заманның күтіп тұрғаны шығар; қоян шыққаны — ұрпақ үрейленіп өсетін, көлеңкесінен қорқып жүретін заман болар».

Осыны айтып болғаннан кейін Мөңке бидің қызы:

— Маған түс жорытқандарыңыз қате болды, күндердің күнінде әйел билеген заман келеді. Ол заманда әйелден ұят кете-

ді, еркектен намыс қашады, менің үш рет шақырғанда зорға келуімнің сыры осында еді, — депті.

17. МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАРДЫҢ ТҮС ЖОРУЫ

Бір қатын келіп Мұхаммед пайғамбарға:

— Түсімде үйімнің мәткесі сынды, — деді. Пайғамбар айтты:

— Жолаушың келеді екен, — деді. Айтқандайын күйеуі келді.

Екінші күйеуі тағы жолаушы кетті, қатыны тағы алғашқысындай түс көрді. Пайғамбарға жорытайын деп келсе, үйінде жоқ екен. Әбубәкір хазіретке жолығып айтып еді, Әбубәкір:

— Күйеуің өледі, — деді. Оны қанағат етпей Пайғамбарға айтты. Пайғамбар:

— Бұдан бұрын ешкімге айттың ба? — деді.

— Әбубәкірге айтып ем, — деді. Пайғамбар:

— Сол болады, — деді. Мәлім болды, ері опат болды. Түс жорушылар айтады: қашан түс көрсең ғалымға, ақыл иесі кісіге айт. Дұшпаныңа, наданға, қатындарға айтпа. Түс неге жорыса, сол болады дейді.

* * *

Пайғамбарымыз айтқан: «Бір кісі түсінде мені көрсе анық көрген болар, оның үшін шайтан менің һеш түріме ене алмайды», — деген.

18. ТҮС АЯН

Майлықожа ақынға түсінде бір ақ сәлделі адам келіпті де:

— Көген аласың ба, жоқ әлде өлең аласың ба? — депті.

Ол кісі:

— Өлең, өлең! — деп оянып кеткен екен. «Егер де «көген аламын» дегенде мыңғырған бай болар еді», — дейді ел қариялары.

19. ХАЗІРЕТ ОМАРДЫҢ АЙТҚАНЫ

Хазірет Омар айтты: «Түс көрсең, дос, туысыңа айт! Ол біздерге хайырлы болып, дұшпандарға жамандық болады екен деп айтсын» дейді. Жауыз түс көрсе, истиғфар дұғамен болыңыз, ол дұға тілек жаман түстің әсерінен бір нәрсе қалдырмайды».

* * *

Хазірет Омар айтқан екен: «Түсімде мені бір әтеш шұқыды, олай болса мені бір ойнастан туған кісі өлтірер» деген. Содан кейін Абу Лухлук деген кафир өлтірді. Мұғайра Шағба ұлының құлы еді.

20. ХАРОН АР-РАШИД ПАТШАНЫҢ ТҮСІ

Менің естуімше, Харон ар-Рашид түс көріпті: түсінде оның аузындағы барлық тісі түгел түсіп қалған екен. Таңертең ол түс жорушысын шақырып алып:

— Бұл түстің жоруы не болмақ? — деп сұрайды. Түс жорушысы былай дейді:

— Мұсылмандардың әміршісінің өмір жасы ұзақ болғай! Туысқандарының бәрі сенен бұрын өліп, қасыңда олардан ешкім қалмайды екен.

Харон ар-Рашид қасындағыларға:

— Мына түс жорушыға жүз шыбық соғыңдар. Мұндай азалы сөздерді ол менің бетіме несіне айтады. Егер менің туысқандарымның бәрі менен бұрын өліп қалса, онда менің кім болғаным! — дейді.

Одан соң ол басқа түс жорушыны алдырып, көрген түсін енді соған айтып береді. Түс жорушы:

— Мұсылмандардың әміршісінің көрген түсінің мәнісі мынада: ол өзінің туысқандарының бәрінен де ұзақ ғұмыр кешеді.

Харон ар-Рашид сонда:

— Ақылдың көрсетуі бірдей, — деп айтыпты.

Кейінгі жору алдыңғы жорудан мағынасы жағынан алшақ кетпейді, бірақ айтылу жағынан мүлде бөлек. Кейінгі жорушыға патша жүз динар сыйға тартқан екен.

21. ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ ҚАЙЫН АТАСЫ ДӘЙ ШЕШЕННІҢ ТҮСІ

Есүгей батыр Темүжін тоғызға келген кезде, Оелун шешесінің төркіні олхунауд еліне, нағашыларынан қыз айттыруға оны ертіп барады. Жол-жөнекей Цэгцэр мен Чихургу деген жер аралығында қоңыраттың Дэй шешеніне кезігеді. Дэй шешен бүй дейді:

— Есүгей құда, өткен түнде мен түс көрдім. Түсімде ай мен күнді шеңгелдеп ұстаған бір аппақ сұңқар қолыма қонған екен деймін. Ай мен күнді біз көзбен көруші едік. Ал, ай мен күнді ақ сұңқар шеңгелдеп әкеліп, менің қолыма қонуы неткен ғажап! Қандай жақсылық кезігер екен деп мен басқаларға айтқан едім. Есүгей құда, балаңызды ертіп келгеніңіз менің осы түсімнің жоруы болғай. Сіздің қият руының киесі келіп, маған түс болып көрінген шығар. «Ер бала елін сүйер, қыз бала қырмызылық сүйер». Есүгей құда, біздің үйге жүріңіз, менде де бір кішкене қыз бар. Көріңіз, — деп Дэй шешен Есүгейді үйіне ертіп барды.

Келіп көрсе, Дэй шешеннің қызы бет-әлпеті дидарлы екен, көз жанары отты екен. Есүгей батырға ұнайды. Қыздың аты Бөрте екен.

Темүжін Бөртеге үйленеді, ал ол ұлы әкесінің өктемдігін ғаламның батысы мен шығысына, оңтүстігіне дейін өрістеткен ұлдарды дүниеге әкелді.

III. Эпикалық жырлардағы түс және оны жору көріністері

1. АЛПАМЫС

...Өстіп өксумен өмірін өткізіп, көрілікті басына жеткізіп, аңсаумен арып-ашып жүрген Байбөрі бір күні түс көреді. Түсінде ғажайып іс көреді. Аспандағы күн мен ай ағылып келіп алақанына түседі. Шошып ояна келсе түсі екен. Сол елде сексенге келіп селкілдеп отырған ақсақалды қарт бар екен. Соған келіп түсін жорытады.

— Е, қарағым, айды көрсең — сымбатты қызың болар, күнді көрсең көңіліңнен шыққандай, атса, оқ өтпейтін, отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын бір ұл бала көреді екенсіз, — деп жориды қарт. Көп кешікпей Байбөрінің әйелі жүкті болды...

2. ЕДІГЕ ЖЫРЫ

...Емді Едіге бір күнде түс көріп, шошып оянады.

— Әй, жеті дост, сүйінші!
Түрегеліп киінші.
Белінді қынай буыншы,
Беті-қолың жуыншы.
Мен бүгін бір түс көрдім,
Жақсылық түс сол болса,
Жақсылыққа жорышы.
Жамандық түс сол болса,

Осы он сегіз кісіні
Төгеректеп қорышы.
Мен бүгінгі күн түсімде
Алтынды ер ақ боз ат
Жалынан тартып мініппін.
Ақсұңқар құс болыппын,
Көкке таман ұшыппын.
Көкте жүрген періште
Аларға барып сөйлесіп,
Андан аса ұшыппын.
Төбеде жүрген қоңыр қаз
Көк үстінде іліппін.
Төр тауына қоныппын,
Төс етіне тойыппын,
Ол не болар, он жетім?
Он жеті дос ұйлықты,
Ұйлыққанның белгісі
Бір-біріне сылықты.
Еш амалды таппады
Тұрған енді бөрісі.
Бір ақылды тауыпты,
Бар екен ішінде бір көп жасаған қарт:
— Алтынды ер ақ боз ат
Түсіңізде сен мінсең,
Ат мұратқа жеткенің.
Көкке таман сен ұшсаң,
Жұрт алдына шыққаның.
Көкте жүрген періште
Аларға барып сөйлессең,
Ерендер қолтықтап жүргенің.
Андан асып сен ұшсаң,
Қызыр сүйеп жүргенің.
Төбедегі қоңыр қаз
Көк үстінде алсаң сен,
Төр тауына қонсаң сен,
Төс етіне тойсаң сен,
Кеше сені жұртыңдан қуған Тоқтамыс

Соны быт-шыт қыларсың,
Тояттап мейірің қанарсың...

3. ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР ЖЫРЫ (Сүйіншәлі нұсқасы)

... Ұйықтап жатып Құртқа түс көрді,
Қиыншылық іс көрді.
Тұрып Құртқа жылады,
Айтпаған нәрсе қалмады.
Қайдағы нәрсе қозғалды,
Көзінің жасы төгіліп.
Жағасының бауы сөгіліп,
Өзінің туған анасы
Ақзарбапқа барады,
Барады да жылады.
Жылады да толғады:
— Бүгін түнде түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім.
Кешегі кеткен балаңның
Қанатына қаз қонып,
Қайрыла алмай барады.
Мұртынан мұз жауып,
Бұрыла алмай барады.
Қараша таудай нас басып,
Көтеріле алмай барады.
Екі көзі балаңның
Жұмылыңқы көрінді.
Ақша беттің ажары
Құбылыңқы көрінді.
Балаңның аман еместігі
Мен залымға білінді.
Ақзарбап та жылады,
Жылап тұрып қозғады:
— Айналайын, құлыным,
Бауыр да, өкпе жұлыным,
Мен де бір түс көргенмін.

Өз қолымнан балама
Бір аяқ балды бергенмін.
Баламның аман емесін
Мен де енді білгенмін.
Батыр аңқау, ер көдек
Қобылан батыр ер еді.
Ерлігінің белгісі
Қобыланның ұйықтап қалғаны
Қалмақтың жері еді.
Ұйықтап жатқан Қобыланның
Үстіне қалмақ келеді.
Жаңылып Қобылан тобасын,
Сол себептен қалмаққа
Түскен шығар шамасы.
Бұл Қобылан енді өлмейді,
Өлімнің жолын көрмейді...

4. ҚОБЫЛАНДЫ (*Н. Байғанин нұсқасы*)

...Түсінде көрді білімді,
Таң мезгілі уақытта
Қобыландыға білінді.
Ардақтаған Хансұлу
Қалың жаудың ішінде
Сөндіріп жүр шылымды.
Түстен қорқып түңілді,
Қайтам деген Қобыланға
Бұл ишарат білінді.
Аққұртқадай алғаны,
Жайлап төсек салғаны,
Бұл жырдың жоқ жалғаны.
Қобыланды қашан келер деп,
Көңілде мүдде, арманы.
Сол түні көрген түсінде,
Аққұртқа сұлу зарлады.

Зарлағанда дауысы
Ұйықтап жатқан Қобыланның
Құлағына барғаны.
Ұйқыдан шошып оянып:
— Қартқожақ! — деп ақырды,
— Нұрғожа! — деп шақырды.
Шақырды қырық батырды.
Сескеніп түстен сасулы,
Қобыланның көңілі жасулы,
Батырдың өңі қашулы.
— Нұрғожа мен Қартқожақ,
Бүгінгі көрген түсімде,
Түсінде Қобылан қысылды,
Қатты көрдім қысымды.
Алтын Қобылан мен едім,
Шығармаса игі еді,
Елімді шауып мысымды.
Көргенім шайтан болмаса,
Қобыланды жаудан өлді деп,
Берді-ау елге қысымды.
Құртқа тіккен боз ордам,
Құлауыңқы көрінді.
Хансұлудай қарағым
Жылауыңқы көрінді.
Жылқыдағы жүйрігім
Бұлауыңқы көрінді.
Жирен Қопа көлдерін
Балшығы шығып, сор басып,
Лайыңқы көрінді.
Бұл не болар, қырық жігіт,
Құлауыңқы қаламыз,
Еңіреулі ата-анамыз.
Қыпшақ деген елімде,
Жылайды шулап баламыз.
Ойға салып қараңыз,
Осы көрген қиын түс
Қалайша деп табамыз.

Халқыма зәбір беріп жүр,
Түсім шайтан болмаса,
Қыпшақ қорлық көріп жүр.
Көп сарықтың соңында,
Әкем сорлы еріп жүр.
Алпыстан асқан Аналық
Екі қабы иығында,
Сорлы тезек теріп жүр.
Бейшара болған кемпір-шал
Балам қашан келер деп,
Ыстық жасын төгіп жүр.
Бұл не болар, қырық жігіт,
Хансұлудай қарағым
Жау қоршалап қамап жүр,
Зар еңіретіп сабап жүр.
Қаншадай менің халқымды
Кілең иттер талап жүр.
Жамандықтан қорыңдар,
Жақсылыққа жорыңдар.
Жамандық болса егер де,
Маңдайда қалың сорым бар.
Бұл не болар, қырық жігіт,
Мен түс көрдім қиядан.
Аққұртқа менің алғаным
Ақ мұнара басында,
Ер Қобылан деп жылаған.
Мен түстің түрін байқасам,
Қалмаққа елім шабылып,
Ақылы көп Аққұртқа
Қалмақтан пұрсат сұраған.
Елімді шауып ұрған-ды,
Қас масқара қылған-ды.
Мәулет алып Аққұртқа
Басын бағып тұрған-ды.
Қартқожа батыр айтады:
— Нұрғожа қосшым — сен, — дейді,
Қартқожақ басшың — мен, — дейді.

Қобыланның көрген бұл түсін,
Нұрғожам, жорып бер, — дейді.
Жақсылыққа жорыңыз,
Жамандықтан қорыңыз.
Түс түлкінің боғы еді,
Жақсылық айту жол, — дейді.
Елін Барса шапқан соң,
Сапарымыз оң, — дейді.
Нұрғожа сонда жырлайды,
Қарт екеңнің айтқанын
Көңілін салып тыңдайды.
Тілегі бір бөрінің,
Тату досы ыңғайлы.
— Түсінді айттың сен, — дейді,
Жоримын түсті мен, — дейді.
Түске жасыр болар ма,
Сіз секілді ер, — дейді.
Жақсылыққа жоримын,
Қобыланды, тыңдап көр, — дейді.
Бүгін көрген түсінде,
Еңсесі биік боз ордаң
Құлауыңқы көрінсе,
Сен кеткелі көп болды,
Бұрынғыдай келетін
Қатар, құрбы адам жоқ.
Қарақыпшақ елінде
Бұрынғы дәуір заман жоқ.
Еңсеріліп тұрғанда,
Құрметтейтін ешкім жоқ
Үйге келген мейманды.
Батыр Қобылан ерімсің,
Бұл түсің соған көрінсін.
Қайғылы болса елдерің,
Қарақыпшақ халқымның
Қысым болса көргенің.
Таршылықпен зарығып,
Сағынған шығар елдерің.

Қобыланды атты ерімсің,
Бұл түсің соған көрінсін.
Еңсесі биік боз ордаң
Құлауыңқы көрінсе,
Жылқыдағы жүйрігің
Бұлауыңқы көрінсе,
Кеткеніңе көп болды,
Көптен сізден шет болды.
Кемпір, шалдың көңілі
Сағынғаннан өрт болды,
Сағыныш қайғы дерт болды.
Қорғайтұғын сен кетіп,
Қайғыңмен халқың мерт болды.
Қобыланды атты ерімсің,
Бұл түсің соған көрінсін.
Жылқы жатқан Жирен көл
Лайыңқы көрінсе,
Жылқыдағы жүйрігің
Бұлауыңқы көрінсе,
Жасы жеткен кемпір, шал
Жылауыңқы көрінсе,
Жылқышы жылқы баққан-ды,
Күннің ыстық күнінде,
Көлге айдап жапқан-ды.
Шөлдеп жылқы су ішіп,
Қайсысы аунап жылқының
Көлге түсіп жатқан-ды.
Қобыланды атты ерімсің,
Бұл түсің соған көрінсін.
Атаңа нәлет Алшағыр,
Тура жорып берейін,
Халыққа бүлік салған-ды,
Біз кеткелі көп болды,
Алты ай срок біткен соң,
Алдап жүрген Алшағыр
Қыпшақты шауып алған-ды.
Еркіндегі халықтың
Қайғыға басын салған-ды.

Еңсесі биік боз орда
Құлауыңқы көрінсе,
Боз орданы құлатып,
Білгенін елге қылған-ды.
Қыпшақ деген халықты
Шауып алып ұрған-ды.
Ойлаған кекті Алшағыр
Қас масқара қылған-ды.
Жаратпадым бұл түсті,
Қобыланды, көрдің бұл істі.
Біз кеткен соң Алшағыр
Салған екен бүлікті.
Жаратпадым түсінді,
Қайғылы халқың күйікті,
Құлазып жатса жеріңіз,
Лайланса көліңіз,
Шабылған қыпшақ еліңіз.
Шапқан соң иесіз қалған-ды,
Жылқы жайған беліңіз.
Қайғыланба, Қобыланды,
Қалмаққа кетер деймісің.
Көрген зәбір, кегіңіз.
Сабыр ет, батыр, өзіңіз,
Сексеннен асқан Тоқтарбай
Жасы жеткен бабаңыз,
Ақ таяғын қолға алса,
Қой соңында сорлы шал
Жалғызым деп зарланса,
Елін қалмақ шапқаны.
Қу таяқты қолға алып,
Әкең сарық баққаны.
Өзіміз аман қайтқан соң,
Уайым етіп саспалы.
Бұл арадан аман-сау
Жатырмыз елге қайтқалы.
Өз еркінде болған соң,
Қаны қара Алшағыр
Мақсатына жеткені.

Кемпір менен шалыңа
Қатты қысым еткені,
Қорлығы жаудың өткені.
Қатты қысым төртіппен,
Тезек теріп, жүн түтіп,
Бейнет шығар шеккені.
Бұл қорлыққа шыдамай,
Көзінің жасын төккені.
Бір жыл болды, Қобыланды,
Біз халықтан кеткелі.
Шулап қыпшақ жыласа,
Қайрылмай кеткен халқыңа,
Қыпшағың сізге өкпелі.
Қол жеткенге әл жеткен,
Халқыңа жаудың өктемі.
Қобыланды атты ерімсің,
Бұл түсің соған көрінсін.
Хансұлудай баланы
Жетпіс қалмақ қамаса,
Он шыбық ұрып сабаса,
Қалмақ биік, көп халық,
Қыпшақ жаудан аласа.
Өзің сына, шырағым,
Қобыланды батыр, мұнымды.
Хансұлудай баланың
Өсiрдiң сiпап тұлымын.
Көрген түсің шын болса,
Қарақыпшақ бүлінді.
Қобыланды жаудан өлді деп,
Ата менен анаңыз
Құртқа менен Хансұлу
Отыз төре, қырық бегі
Сөндiрген болар шылымын.
Сөнбей қалса бір шылым,
Шыбық соғып айыпқа,
Алған шығар тынымын.
Осы түстен сынаймын,
Жаудың салған бүлігін.

Отыз төре, қырық бегі
Хансұлуды қамаған.
Алтын тарақ қолында,
Жібектей шашын тараған.
Салтанатты Хансұлу,
Алған болар бұл қалмақ
Зәбірін көрген баладан.
Түсіңнің түрі тым жаман,
Дәлеліменен нашарға
Айыптап шыбық сабаған.
Қобыланды атты ерімсің,
Түс жорыған жерімсің,
Ауызға толы сөзімсің,
Кегің кетер деймісің,
Кек алатын өзіңсің.
Қисық жауды түзетер,
Жауға құрған тезімсің.
Қобыланды атты ерімсің,
Бұл түсің соған көрінсін.
Қыз жолдасы қасында,
Қобыланды арнап түс көрсең
Аққұртқадай асылға.
Алғаным деп жыласа,
Алтын сырлы орданы,
Ақ мұнара басынан,
Ойлап амал тапқан-ды.
Ұлықсат алып патшадан,
Өзін таза баққан-ды.
Қыпшақтың қызы жолдасы
Досым аман келер деп,
Сауықпенен жатқан-ды.
Келерінді білген-ді,
Ишарат көріп түйген-ді.
Кеткеніңе көп болды,
Сағынып Құртқа жүрген-ді.
Ару Құртқа айлалы,
Амал, төсіл сайлады.

Көрген түстен меңзеймін,
Төрт айға деп қалмақтан
Алдап рұқсат алған-ды.
Жорудың жоқ жалғаны,
Ақылы артық Аққұртқан
Алшағырды арбады,
Амалға ақыл жалғады.
Сен келгенше Құртқаның
Көңілінде көп арманы.
Ақылды Құртқа ойлады,
Көрген түстен сынасам,
Өзі түгіл Құртқажан
Қыпшақтың қызын қорғады.
Өзің аман қайтқан соң,
Қосылар күнің болғаны.
Халқыңның болмас арманы,
Жорудың жоқ жалғаны.
Қысым беріп халқыңа,
Ханның төртіп салғаны.
Қобыланды, өзің ойлап көр,
Жорудың бар ма жалғаны.
Жорып бердім түсінді,
Енді жолдан қалмалы.

Алшағырдың Ақсары
Ұйықтап жатып түс көрді,
Түсінде көрді төрт бөрі:
Қабағы қалың қас бөрі,
Шолақ құйрық ақ бөрі,
Азуы шыққан жас бөрі,
Салаң құйрық көк бөрі.
Ел шетіне келді ғой,
Есебі жоқ көп қойға
Келе қырғын берді ғой.
Ойда жатқан отыз қой,
Ойды шауып жойды ғой.
Қырда тұрған қырық қой,
Қына қырғын берді ғой.

Қой ішінде бес қошқар,
Бес қошқардың ішінде
Шығыршық мүйіз көк қошқар,
Таңнан тартып жойды ғой,
Шикі майға тойды ғой.
Алты бірдей ақ қозы,
Алтауы да жас қозы,
Жас сырбазды жеді ғой,
Тісіне жұмсақ тиді ғой.
Қой ішінде көп саулық,
Көп саулықтың ішінде
Ең көсемі көк саулық
Қарынынан жарды ғой.
Ақсары атты бөйбішең
Осы түсті көрген соң
Ақылынан танды ғой.
— Патшам, есім ауды ғой,
Осы түстің бәрі рас,
Төбеден жасыл жауды ғой.
Сонда Алшағыр сөйлейді:
— Қобыланды келер деймісің,
Уайым айтқан нең, — дейді.
Атаң әйел, нашарсың,
Ақылың сенің кем, — дейді.
Өлгеніне Қобыланның
Осы биыл жыл толды,
Өлгені Қобылан шын болды.
Хан Барсаның елінде
Сүйегі Қобылан күл болды.
Лайықты Аққұртқа
Алатын күнім таянды.
Күндестікпен айтқасын
Ниетің сенің арам-ды.
Ақсары сонда сөйлейді:
— Ей, бейшара Алшағыр,
Сөзіме құлақ сал, Шағыр.
Айтқаныманан, Шағыр.
Көрген түстің бәрі рас,

Ертең тарлық бар, Шағыр.
Қобыланды сізге келмесін,
Шаһарыңды сырттан көрмесін.
Ер Қобыланның білгенмін
Хан Барсадан өлмесін.
Бұзған шығар Барсаның
Берік салған ордасын.
Қуаныш шығар көңілі,
Ер Барсаны жойған соң.
Көргенім бекер болмаса,
Жау кеңсеңе төніп тұр.
Ақсары атты бәйбішең
Түспен көріп, біліп тұр.
Жолда жатқан сансыз қой
Көп қалмағың болмасын.
Ойда тұрған отыз қой
Отыз төрең болмасын.
Қырда тұрған қырық қой
Қырық бегің болмасын.
Бәрін қырып, жоймасын,
Бегілеріңді соймасын,
Ерлердің көзін оймасын.
Қобылан келмей тұрғанда,
Неге өлмедім сор басым.
Қой ішінде бес қошқар
Бес тумаңыз болмасын.
Шығыршық мүйіз көк қошқар
Тап өзіңіз болмасын.
Қой ішінде көп саулық
Қой бастаған көк саулық,
Біз пақырың болмасын.
Алтауын қырып-жоймасын,
Жас сырбазға тоймасын.
Түстің түрі тым жаман,
Бұл айтқаным болмасын.
Қорқынышпен айтамын,
Бұл жоруым болмасын...

5. ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР

(*Ержан Ешімов нұсқасы*)

...Шәриде түс көреді ханның қызы,
Бетіне шаң тимеген жалғыз қызы.
Қыздардың жауы дағы, дұшпаны да,
Жеңгесі сезсе керек барлық мұны.

— Ау, жеңеше, көрдім түс,
Өзіме жеңіл, жұртқа ауыр.
Бүгін таңның алдында,
Орнаған екен бір дәуір.

Тау домалап, су көшіп,
Соққан екен бір дауыл.
Өте қатты қаһары,
Бір бұлттың жаман заһары.
Қанаты жауып шаһарды,
Бұлт айналды қаһарлы.
Тыңдамай тасты, тауды да,

Борады да жауды да,
Кіргізді-ау деймін әкемді
Көп кешікпей қауымына.
Тас төбемнен ілді де,
Мені де тартты бауырына.

Дәл бабамның қатары,
Ала бурыл сақалы.
Қобаған мұрын, қой көзді,
Ауыр лебіз, шын сөзді,
Түсі суық кісі екен.

Болат тұмсық, мұз қанат,
Ақ төсті қыран құс екен.
Осыны көрген мезгілім,
Таң атқан таңның тұсы екен.

Бикештің түсін жеңгесінің жоруы:

— Ойпырмай, ойда жоқ жау келер деймін,
 Жауындай елдің терін төгер деймін.
 Тау бөктеріп, су кешкен секілденіп,
 Ерлерім көп миқанат көрер деймін.

Бүркіттей бөрілерді желкелейтін,
 Бір дұшпан келе ме елге еркелейтін.
 Аяғы ақырында саған тиіп,
 Сен дағы қуанасың-ау бір бай сүйіп.
 Түсінді біздің жору осылайша,
 Білмеймін артық-кемін әлдеқанша, — деп түсті

жору аяқталады...

* * *

...Қыз Құртқа тәтті ұйқыда көріпті түс,
 Түсінде таңғажайып білінген іс.
 Ысқырып бір айдаһар көрін шашып,
 Шүйлікті бір ақ иық ұшырасып.

Сол кезде ел ұстаған қызыл ерді,
 Қақтырмай қанатымен қалды басып.
 Ойбайлап төсегінен қыз оянды,
 Анасы «не болды» деп жетіп барды.

— Ау, ана, бір түс көрдім, келді жылан,
 Көзімді аштырмады басқан тұман.
 Бір бүркіт көктен келіп шүйліккенде,
 Кез болды жан қалмайтын зәрлі мұнан.

Кәпірден у-шу болып, жер күңіренген,
 Білімді тамашалы үлкен ұран.
 Шаңдағын бұрқыратқан түсті маған,
 Қызыл ер қанатында шықпай қалған.
 Бұл түсті адамға айтып керегі жоқ,
 Жорып көр неғыл десең, қымбатты анам.

Анасының түсті жоруы:

— Шығар ма дұшпаның көп мың сан, балам,
Ақиқат менен адал тусаң, балам.
Ертеде көп миханат көріп едім,
Мен сорлы жаугершілікке еніп едім.

Сорлы әкең бір мезгілде жауда кетіп,
Айрылмай қосымнан еріп едім.
Тоқтарбай жаумен келген қара қыпшақ,
Сол елдің дәмін татып көріп едім.

Қараспан жау мекені қалың елде,
Перзентті сендей анық көріп едім.
Қанды бет бидай өңді толық едім,
Өркімді құмарттырған сорлы едім.

Тоқтардың сүйген жаны Аналықпен
Жүктімде жөргек құда болып едім.
Атыңды Құртқа деген Тоқтар қойған,
Қалмайтын күйеуім бар өлмей ойдан.

Тоқтардың жалғызы еді еткен жарық,
Жолдасың құдай қосса батыр Қобылан.
Тап соған миясар тұр осы түсің,
Келтірсін игілікті ақтың ісін.

Қобыланға сені қоссам, арманым жоқ,
Берілген асыл уәде Құдай үшін.
Ер жетіп, есін біліп, сені іздесе,
Алсын-ақ аманатын соның үшін.

Қобыланға Құдай беріп сені қоссам,
Сол күні орындалар сүт пен күшім.
Ал балам, бұл жүргенге әуре болма,
Жасыңнан қайыр болса қарғылы ісің...

6. ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР

(Айса Байтабынұлы нұсқасы)

...Қыдырбай түсті көреді.
 Құлтай құлға келеді,
 Еңіреп қоя береді.
 Қыдырбай сонда не деді:
 — Әй, құрдасжан, құрдасжан,
 Менің де көрген түсім бар,
 Түсімде көрген ісім бар.
 Ақмаңдайым келіп жүр,
 Бір жолбарыс, бір сұңқар
 Емшегін Ақмаңдайдың еміп жүр.
 Үйімнің оң жағына қарасам,
 Ер қаруы — бес қару,
 Босағама ілінді,
 Құлаған жүгім жиылды.
 Шаңырағымда төрт бүркіт көрінді,
 Бұл не болар, құрдасжан?!
 Сонда Құлтай сөйледі:
 — Бұл түсінді жориын,
 Шамам келсе қориын.
 Тілегің Құдай бергені,
 Көзіңнің жасын көргені.
 Ақсұңқар мен жолбарыс —
 Ұл мен қыздың болғаны.
 Төбеңдегі төрт бүркіт —
 Тұмай тұрып балаңның
 Әруағының қонғаны...

* * *

...Қобыланның қарындасы Аққолаң
 Жатыр еді ұйықтап,
 Ұйықтап жатып түс көрді.
 Түсінде әжептәуір іс көрді,
 Көтеріп басын алады,
 Кемпірге қарай толғады,
 Толғаудың басын қозғады:

— Келмейді жаңғыз адам-ай,
Жаңғызым еске түскенде,
Күйемін де жанамын,
Байқадың ба, анам-ай.
Менің көрген түсімде,
Түсімде көрген ісімде,
Құбладан қара дауыл қаптады,
Бөтенді Құдай сақтады.
Ұзын арқан таққанмын,
Жуан қазық қаққанмын.
Арқаным қалды үзіліп,
Қазығым қалды омырылып,
Үлкен үй қалды жығылып.
Шаңырақ сынды үзіліп,
Саба қалды тілініп,
Керегеге ілініп.
Тоғайдан қашқан түлкіні
Қара төбет алып жүр,
Бұлқылдатып шалып жүр.
Сонда кемпір сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Бұл түсіңді жориын,
Жақсылыққа қориын.
Құбладан қара қаптаса,
Көкеңнің үйге келгені,
Тілекті Құдай бергені.
Ауылдың үсті шаң болып,
Үлкен жиын той болып,
Қара дауыл дегенің —
Жұрттың бөрі қаптай шапқаны.
Қазық қақтым дегенің —
Жеңешенді алғаны.
Ер қазығы әйел ғой,
Арқандалып қалғаны.
Арқан қалса үзіліп,
Қазық қалса омырылып,
Тентек неме есер,
Келіншек көргенде,

Кеткені ғой қызығып.
Тоғайдан қашқан түлкіні
Қара төбет алғаны,
Қызыл түлкі дегенің —
Аққұртқаның болғаны.
Қара төбет дегенің —
Қалашының итіндей
Көкең болғаны,
Жеңешенді алғаны...

7. ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР

(*Ережел Тілеумағамбетұлы нұсқасы*)

...Қыдырбай сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Бүгін мен бір түс көрдім,
Түсімде қандай іс көрдім?
Бірі лашын, бір бүркіт,
Қолыма қонған құс көрдім.
Көлденең жатқан су Жайық,
Суға жүзген қу қайық,
Қамалап келіп қасыма,
Батасын берді қол жайып.
Айтпаймын сөздің қатасын,
Түзей ме деп ойлаймын
Қыдырбай шалдың сапасын.
Көрдім тағы түсімде
Биік ағаш шақасын.
Тауып алдым сол жерден
Оңқай майлы қошқардың
Қорғасын құйған сақасын.
Бірі лашын, бір бүркіт
Қолымда тұрып талпынды,
Талпынып тұрып жемседі.
Жер жүзіне көз салып,
Қанатты қағып шарқ ұрды.
Судағы жүзген суыр мен

Киік пенен құландар,
Қасқыр, түлкі, жыландар —
Бәрі келіп жиылды.
Бес жыланды бір жеді,
Алты бөріні жайратып,
Аспанға қарап шарлады.
Кетіп едім сандалып,
Әуре болып тіл алмай.
Өзің ойлап білмесең,
Әуре болдым, кемпірім,
Тірідей жерге кіре алмай.
Сонда кемпір сөйледі:
— Айналайын үй кісім,
Оңға айланған екен бұл түсің.
Үңіліп едім жолыма,
Бірі лашын, бір бүркіт —
Екеуі қонса қолыңа,
Түсің жақсы ұқсайды,
Бір нәрсе тап болмаса сорыңа.
Бірі лашын, бір бүркіт —
Екеуі қонса қолыңа,
Екі перзент көрерсің,
Көріп дәурен сүрерсің.
Балаң атқа мінгенсін,
Беліне қару ілгенсін,
Дұшпанға табан тірерсің.
Өртеніп күйіп жанарсың,
Қолыңда бүркіт не болар,
Абайлаймысың шамасын?
Қолыңда бүркіт желіксе,
Қанатын қағып желіксе,
Суда жүрген суыр менен
Тоғайда жүрген бұландар,
Қасқыр менен жыландар,
Бәрі келсе қасыңа —
Ол балаңның соңында
Жүрген жаман адамдар,
Бәрін де жеңіп тамамдар.

Алты бөріні бір жесе,
Алты шері қалмақтың
Қаласын шауып келтірер.
Бес жыланды бір жесе,
Бес ханменен қас болып,
Бөріні қоймай өлтірер...

* * *

...Сол күні Алшағырдың бөйбішесі Қобыланның қалаға келгенін біліп түс көреді екен. Алшағырдың алты баласы бар екен, соған көрген түсін шешесі айтып тұрған екен:

— Әй, балдарым, түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім.
Күндізім болды қараңғы,
Көрмедім шыққан күнімді,
Түспенен шықтым түнімді,
Көзім таң мезгілінде ғана ілінді.
Ортасынан қасқайып,
Қақ маңдайым тілінді.
Есіктен кіріп келді де,
Кесіп алып жоқ етті
Сөйлеген қызыл тілімді,
Өшірді сөйтіп үнімді.
Және бір көрген түсіміз,
Бір қабағы қалың қара үлек,
Қаладан асып төбесі,
Бізге асып қарады.
Қорыққанынан жүрегім
Әлі лүпілдеп барады.
Бұл бір ақыл ой екен,
Қаланың іші қой екен,
Қойға бір көк жолбөрі кіріп жүр,
Бүліктіріп қырып жүр.
Қырық еркек қойым бар екен,
Бұған да тамам барып жүр,
Бұны өлтіріп салып жүр.
Алты бағлан қозым бар екен,

Алты жерде жарып жүр.
Ай мүйізді ақ қошқарым бар еді,
Оған дағы барып жүр,
Тамағынан шалып жүр.
Жабағысыз көк саулық —
Бұл елеусіз қалып жүр.
Шешең түсті көріп жүр,
Бір жығылып тұрып жүр.
Бұл түсім шайтан болмаса,
Елімде дұшпан толып жүр.

Баласы сонда сөйледі,
Сөйлегенде не дейді:
— Әй, анамыз, анамыз,
Біз де сенің балаңыз,
Бұл сөзіме қараңыз.
Мен түсінді білмеймін,
Аман болар қалаңыз,
Ашылмағай арамыз.
Аққұртқаны атам алар деп,
Ортаға төсек салар деп,
Күндестігі құрысын,
Қадірсіз басым болар деп.
Өтірік түсті көргенің,
Өтірік айтып жүргенің,
Осы ма сенің білгенің,
Жақсы емес пе өлгенің?!
Бұл түсіңе нанбаймын,
Сөзіңе құлақ салмаймын,
Сөзіңді қабыл алмаймын.

Сонда анасы сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Жалған айтар мен емес,
Мені қылма келемеж.
Қобылан келсе үстіңе,
Сенен қорқар ер емес.
Бұл айтқаным болмасын,
Ісімді Құдай қолдасын.
Қабағы қалың қара үлек —

Қара қыпшақ Қобыланның
Әруағы болмасын.
Тас қараңғы күн болып,
Һәркім білмес жол басын.
Қаланың іші қой дегенім —
Көп аламан болмасын.
Қойға тиген көк бөрі,
Қобыланды батыр болмасын,
Бүліктіріп қырмасын.
Келе салып Қобыланды ер
Ақырзаман салмасын.
Қырық еркек қой дегенім —
Атаңыздың қасында
Қырық уәзір болмасын,
Қырық жерде қырмасын.
Алты бағлан қозы дегенім —
Алты балам болмасын,
Алты жерде жармасын.
Ай мүйізді ақ қошқар дегенім —
Тақта атаң болмасын,
Тақ үстінен тайратып,
Нар бурадай жайратып,
Кәллесін кесіп алмасын,
Бұл айтқаным болмасын, — деп,
Түсін айтып болады,
Тыңдалмай сөзі қалады...

8. АХМЕТБЕК-ЖҮСІПБЕК ҚИССАСЫ

...Патша айтты: — Мынау менің көрген түсім,
Әуелі мазмұнына өзің түсін,
Түсімде алтын жиған сарайыма
Барыппын жалғыз өзім болып ісім.
Толтыра бір табағын салып алып,
Ұстадым нақ төбеме бір оңдысын.
Көшені сол бойыммен араладым,
Әлі жоқ қасыма ерген жалғыз кісім,

Бір-екі жолбарысқа қарсы шықтым,
Көрмеген өмірінде бұрын түсін.
Өзіме екеуі де қарсы ұмтылды,
Ашумен шақырлатып қайрап тісін.
Шыдамай айбатына қайта қаштым,
Денеден көрген кезде кетіп күшім.
Төгіліп ділдәм қалды топыраққа,
Басымнан аспанға ұшты қара құсым.
Дамылсыз сонан бері ізденемін,
Білалмай осы түстің әдірісін.

Жорығаны мынау болды:

— Түсінде жолбарыс боп көрінгендер,
Басуға аяқтарын ерінгендер —
Үргеніш жұртында бар екі палуан,
Қайраты бойға симай бүлінгендер.
Беклердің Жүсіп, Ахмет есімдері,
Шын атын есіткенде сүрінгендер.
Еліңе сол екеуі келеді екен,
Зарарды патша саған берер екен,
Бірнеше жан ашитын палуандарың
Көшенің ортасында өледі екен.
Сары алтын сарайында жиған малың —
Қара құс басындағы ұшқан бағың.
Шашылып топыраққа жоқ боп қалған —
Еліңді сондай шашар, тақсыр ханым. ..

9. ОРАҚ БИЛӘН МАМАЙ БАТЫРДЫҢ ХИКАЯСЫ

...Мамайдың қатыны жатып түс көрген. Қалмақтың ханы Темірхан Мамайды алып барып, жетпіс құлаш құдыққа салдырды. Бұ Мамайдың Қарашаш деген қатыны бар еді, түнде жатып түс көреді. Тоқсан бесте Мамайдың шешесі бар еді. Мамайдың қатыны Қарашаш көрген түсін Қараүлек деген Мамайдың шешесіне жорытты.

Хан Мамайдың қатыны
Түнде жатып түс көрді,
Әжептәуір іс көрді.
Шошып оянып түсінде,
Жатыр еді ұйықтап,
Мақпал тонын тұйықтап.
Тоқсан бесте Қараулек,
Басын шайқап Қарашаш,
Оятып алды енесін.
— Өлгенде көрген балаң-ай,
Әруақты Мамай-ай,
Мінсіз қара кемем-ай,
Болаттан соққан жебем-ай.
Түнде көрген түсінді
Оңғарғай, Құдай, ісімді,
Түсімнен қорқып ояндым,
Жорышы көрген түсімді.
Жатыр едім ұйықтап,
Мақпал тоным тұйықтап.
Қыбыладан көрінді
Бір шаншылған бір құйын.
Ордамды жығып кетер деп,
Үйіме жазым етер деп,
Ұзын алтын сырықты
Соған қарсы тіредім.
Сырығым тұтқан болмады,
Ортасынан үзілді
Бұ не болар, енеке?
Ыржия күліп келетін,
Шешеге сөлем беретін,
Иман жүзді хан Мамай
Ақша беті балаңның
Жығылыңқы көрінер,
Бұ не болар, енеке?
Екі көзі балаңның
Жұмылыңқы көрінер,
Бұ не болар, енеке?
Түнде көрген түсімді

Оңғарғай, Құдай, ісімді.
Түсімнен қорқып ояндым,
Жорышы, ене, түсімді.

Сорлы болған Қараулек
Көтеріп басын алады:
— Алла, оңғарғай ісімді,
Жорин көрген түсіңді.
Тұла бойым тұңғышым,
Өлгенде көрген құлыным
Ноғайлы тілін алмады.
Алжыған қақбас хан Мамай
Өлмесе тұрсын деп еді.
«Күнім толса, көрем, — деп,
Ажал жетсе, өлем, — деп,
Аманатын Алланың
Осы сапарда берем», — деп,
Бозмойнақ атын тебініп,
Қиғаш деген ала тау
Қалмақтың кел деген
Жауының жері еді.
Басына соның барғаны
Қарауыл қарап тұрғанда,
Келмеген соң Темірхан,
Астындағы тұлпарының
Сыпырып ерін алғаны.
Арқан тағып ойнатып,
Құйрығыменен қунатып,
Арқандап атын салғаны.
Ер қаруы — бес қару
Жастығына салғаны.
Орай садақ, қырық кез оқ,
Жамбасының астына
Батыр Мамай салғаны.
Тасбұлақтың басында,
Адамы жоқ қасында,
Жапанда жалғыз хан Мамай
Ұйықтап жатып қалғаны.

Үйге тіреген алтын сырғының
 Сығылыңқы көрінсе —
 Мамай жаяу қалған соң,
 Өнекей, солай болғаны.

Ақша беті баланың
 Жығылыңқы көрінсе —
 Туғалы жаяу жүрмеген,
 Табаны жерге тимеген,
 Тұлпардан басқа мінбеген,
 Сұлудан басқа сүймеген,
 Қамқадан басқа кимеген,
 Екі қолын артына
 Шынжырменен таңған соң,
 Арбаға жаяу салған соң,
 Тірідей қорлық көрген соң,
 Өнекей, солай болғаны.
 Екі көзі баламның
 Жұмылыңқы көрінсе —
 Жетпіс құлаш құдыққа
 Алып барып салғаны.
 Атасының өші бар,
 Тірідей кегін алғаны.
 Арыстан аш та, түлкі тоқ,
 Түгел ерге қайғы жоқ.
 Жыласақ та, бейшара,
 Қарағым, Мамай бізге жоқ...

10. ҚАРАСАЙ-ҚАЗИ

(Құдайберген Шоқаев нұсқасы)

...Әділханның шешесі — Бәйбіше ханым Әділ ханның артынан түс көріп, Әділ ханмен туысқан қарындасына жорытып жатқан жері еді.

Қырық мың болып құралды-ай,
 Көк темірге оранды-ай,

Жас Әділді хан қылып,
Қырымнан айдап шығарды-ай.
Әділдің тапқан анасы,
Емшек берген мамасы
Сол күні жатып түс көріп,
Түсінен шошып оянды-ай.
Қасындағы қызына
Бәйбіше ханым сөйледі:
— Басыңды көтер, Ілия!
Бүгін менің түсімде
Білдірді маған жан ие —
Әйелдің пірі — Мәрие.
Асқар биік Алатау,
Алтын Сарай қалама
Асқар тау келіп құлап жүр,
Бұл не болар, шырағым?
Борасындап жел соққан.
Соққан желді тоқтатқан
Тіреулі алтын сырығым
Ортасынан қырқылды,
Бұл не болар, шырағым?
Үшінші көрген түсімде
Асқар биік тау жақтан
Шыға қашқан асауды
Жібере тартып, тоқтатқан
Талдан кескен құрығым
Ортасынан үзілді,
Бұл не болар, шырағым?
Шошыдым ғой түсімнен,
Қорқайын дедім ішімнен.
Шынтемір кеткен тұл үйден,
Әділ хан кеткен бұл үйден.

Сонда қызы сөйледі:
— Айналайын анам-ай!
Асқар тау келіп құласа
Алтын Сарай қалаңа-ай —
Асқар таудай бақ қонып,
Әділге ықпал тап болып,

Кеткен Әділ — балаң-ай
Саламат келіп Қырымға,
Хан болады екен ағам-ай.
«Жоры» десең маған-ай,
Көрінген екен соған-ай.
Екінші көрген түсінді
Және, ана, жориын,
Түсінде көрген ісінді.
Арқадан борай қар жауып,
Борасындай жел соққан,
Соққан желді тоқтатқан
Тіреулі алтын сырығың
Ортасынан қырқылса —
Осы арасын білмедім.
Аман келсе, жақсы еді,
Менің жалғыз ағам-ай.
Үшінші көрген түсінді,
Және, ана, жориын,
Түсінде көрген ісінді.
Асқар биік тау жақтан
Борасындап жел соққан,
Шыға қашқан асауды
Жібере тартып, тоқтатқан
Талдан кескен құрығың
Ортасынан үзілсе —
Табылмаса қиюы,
Не қылып келсін қиюы...

* * *

...Жақындап келіп қонған күн
Әділдің тапқан анасы —
Емшек берген данасы
Сол күні жатып, түс көрді.
Шақырып алып қасына
Ілиядай сұлуды,
Көрген түсін сөйледі:
— Айналайын Ілия,
Бүгін менің түсімде,

Шын ұйқымның ішінде
Асқар биік қара тау,
Алтын сарай, қалама-ай,
Асқар тау келіп құлап жүр.
Бұл не болар, балам-ай?
Екінші көрген түсімде
Ақ үйімнің төрінен
Аяғы жоқ, басы жоқ
Бір ақ дария ағып жүр.
Бөгесем де, болмады,
Ағыны бұзып, тұрмады.
Бұл не болар, шырағым?
Үшінші көрген түсімде
Ақ үйімнің төріне
Кілең жақсы келіп жүр,
Ақ батасын беріп жүр,
Соны көзім көріп жүр.
Бұл не болар, шырағым?
Төртінші тағы түс көрдім,
Түсімде мұндай іс көрдім:
Томағасы алтыннан,
Аяқ бауы жібектен,
Бір қаршыға құс көрдім,
Өзін еркін бос көрдім.
Оң жағымнан күн туды,
Сол жағымнан ай туды.
Бұл не болар, шырағым?
Жорып бер менің түсімді,
Естісе, қызым, құлағың!

Сонда қызы жорыды:
— Айналайын, анам-ай!
Асқар тау келіп құласа-ай
Алтын сарай қалаңа-ай,
Асқар таудай бақ қонып,
Әділге ықпал тап болып,
Кеткен Әділ балаң-ай
Саламат келіп Қырымға,
Хан болады екен ағам-ай,

Көрінген екен соған-ай.
Қарасай, Қазі — қос батыр,
Әділменен үш батыр,
Жаңылмасам, анам-ай,
«Жоры» десең маған-ай.
Екінші көрген түсінде
Ақ үйіңнің төрінен
Ағып жүрсе бір дария,
Бөгесең де, болмаса,
Ағыны бұзып, тұрмаса,
Мұның несін сұрайсың,
Менің көкем келгесін,
Озады екен халқынан,
Асады екен шарқынан.
Дұшпаны кешіп өте алмас
Алды менен артынан,
Осындай суды шалқыған.
Үшінші көрген түсінде
Ақ үйіңнің төріне
Кілең жақсы кіргені,
Ақ батасын бергені —
Менің көкем келгесін,
Халқын аман көргесін,
Жұртын жинап той қылар,
Жұрттан салтын оздырып.
Мен жорысам, осылай,
Озып келіп алдымен,
Қуантады екен, анам-ай,
Қарасай деген досың-ай,
Көріпсің, кемпір, осыны-ай.
Төртінші тағы түс көрсең,
Түсінде мұндай іс көрсең,
Томағасы алтыннан,
Аяқ бауы жібектен,
Бір қаршыға құс көрсең —
Әділ хан балаң болғаны.
Өзін еркін бос көрсең —
Босатып жаудан алғаны.

Оң жағыңнан күн туса —
Қарасай досын болғаны.
Сол жағыңнан ай туса —
Қази досың болғаны.
Әділ хан досың босатып,
Қанды Орақтың баласы
Ортасына алғаны.
Түсінді, ана, жорыдым.
Жоқ екен түстің жалғаны...

* * *

...Шыққан күні Әділдің
Ақ сүт берген анасы,
Ол — ақылдың данасы,
Түнде жатып түс көрді.
Өзі жорып ол түсті,
Қуанып, көңлі хош болды.
Ұйқыдан көзі оянып,
Көрген түсін сынатып,
Ілия қызын жұбатып,
Бәйбіше ханым сөйлейді:
— Басыңды көтер, қызым-ай!
Ойдағы бағлан қозым-ай!
Мен бір бүгін түс көрдім.
Осы көрген түсімді,
Айналайын қызым-ай,
Жорып берші өзіме-ай.
Асқар биік Алатау
Үстіме келіп құлап тұр.
Бұл не болар, шырағым?
Аяғы жоқ, басы жоқ,
Ағып кетті дария су.
Сүттей ақ дария
Ақ дарияның түбінен
Сарқырап ағып, тасып тұр.
Бөгесем де, тұрмайды,
Бұрынғыдай болмайды.
Бұл не болар, шырағым?

Және жатып түс көрдім.
Түсімде бұндай іс көрдім:
Томағасы алтыннан,
Аяқ бауы жібектен,
Бір қаршыға құс көрдім,
Қолыма еркін қонып жүр.
Ақ орданың ішіне
Жақсы адамдар келіп жүр.
Бұл не болар, шырағым?
Түнде жатсам, түсімде,
Жалғыз қызым, есімде,
Елестеп келіп көзіме,
«Әділ екен» деп едім,
Еркін жүзін көрмедім,
Оң жағынан ай туып,
Сол жағынан күн туып,
Жүр екен ағаң, қарағым.
Бұл не болар екен, шырағым?

Сонда Ілия сөйлейді:
— Шынымен тілек тілесен,
Қабыл екен тілегің!
Тілегіңді Жасаған
Берген екен саған-ай!
Бүгін жаудан Әділің
Шыққан екен аман-ай.
Алтын сарай — үйіңе
Асқар тау келіп құласа —
Асқар таудай бақ қонар.
Сарқырап аққан дария су,
Бөгесең де, тұрмаса —
Батырдан дұшпан өте алмас,
Алды түгіл, артынан.
Көрінген шығар соған-ай.
Алтын сарай үйіңе
Жақсы адам жиналса —
Жұртын жинап, той қылар досына-ай.
Айналайын, көрінді жақсы түсің-ай.

Бір қаршыға құс көрсең —
Әділ — балаң болғаны-ай,
Бүгін шығып, қонғаны-ай.
Оң жағыңнан ай туса —
Қарасай — досың болғаны-ай.
Сол жағыңнан күн туса —
Қази — досың болғаны-ай.
Әділ досын шығарып,
Ортасына алғаны-ай.
Қайғысы кетіп барады,
Шамшырағы жанғаны-ай,
Әділ жалғыз болғаны-ай,
Жау қолынан босанып,
Жүрегінің жарылған.
Түсінді, шеше, жорыдым.
Жоқ екен бұнда жалған-ай.
Осының бәрін ойласам,
Әуелде солай жазған-ай...

11. ЕР САЙЫН

...Аюбике сол сұлу
Түнде жатып түс көрді,
Түсінде талай іс көрді,
Өз басына күш көрді.
Таң сәріден тұрыпты,
Екі етегін түріпті,
Енесіне келіпті:
— Мен бүгін бір түс көрдім,
Жауырыным тола қара шаш
Жайылыңқы көрінді.
Бедерлеген бес тырнақ
Қанға малыңқы көрінді.
Шешем берген боқшасы
Шашылыңқы көрінді.

Жауда жүрген балаңның
Астында жүрген Ақбозат
Құйрығы келте көрінді.
Қолына алған ақ сүңгі
Ортасынан, әй, ене,
Үзіліңкі көрінді.
Сонда енесі жорыды:
— Жауырынның толған қара шаш
Жайылыңқы көрінсе —
Ертеменен қой қыдыр,
Енеңнің сөзіне нан, балам!
О да соған көрінсін!
Бедерленген бес тырнақ
Қызыл қанға, ө, балам,
Малыныңқы көрінсе —
Таң да, тал түс болғанда,
Қызылменен боятсаң,
О да соған көрінсін!
Жауда жүрген баламның
Астындағы Ақбозат
Құйрығы келте көрінсе —
Жау қарасын көргенде,
Ақ құйрығын сүзген-ді.
Қасындағы жолдасы
Жау көрмеген жамандар,
Жаннан күдер үзген-ді.
Қолына алған ақ сүңгі
Ортасынан, ө, балам,
Үзіліңкі көрінсе —
Жүрген шығар жалғызым
Қалмақтың белін сындырып.
Келеді екен жалғызым
Барған ісін тындырып,
Жамандарға қуғызып.
Келе жатыр қырық жігіт
Аяғына су өтіп,
Маңдайынан күн өтіп...

12. ҚИССА-И ҚАРАБЕК

...Шаһар халқы келген соң,
Ол Кәдірхан көрген соң,
Көрген түсін айтады:
— Қайран жұртым, хан жұртым,
Мен бір жаман түс көрдім.
Ол түсімнің ішінде
Бір ғажайып іс көрдім.
Керегем менің кертулі,
Кертіліп отқа жағулы.
Турылығым менің тілулі,
Тіліп тоқым қылулы.
Кәдірхан деген ханыңыз
Екі қолы байлаулы,
Алдына салып айдаулы.
Артқы өкшемді бастырып,
Жиылып келген қалмақтан
Сөзім де менің қайтулы.
Езу тартып күле алмай,
Хан қасына келе алмай,
Елін сонда сынайды.
Түс жоруын біле алмай,
Мыңдай ғана кісі екен,
Ешбір адам айта алмай,
Қәдірханға бата алмай,
Тұрды сонда сандалып.
Есенгелді тақылдақ
Жүріп келді жақындап,
Ауыз-тісі сақылдап.
Ханның түсін көрген соң,
Жаманлықты білген соң,
Хан қасына келеді
Сөзін айтқалы қақылдап:
— Әй, хан ием, хан ием,
Алтын басты ордамыз,
Сіз хан болып тұрғанда
Бағусыз еді малымыз.

Сіз хандықтан түскен соң,
Шығар біздің жанымыз.
Бүгін жаман түс көрсең —
Он мың қалмақ келеді,
Тілегін Алла береді.
Қайраты көп жұртың
Бір қыз үшін өледі.
Айтқаным менің ақыл-ды,
Ұжмаққа иман жақын-ды.
Ей, тақсыр хан, өлгенше,
Бұл пәлені көргенше,
Айтқанымды ұнатсаң,
Мен айтайын ақылды.
Мінген атың Қаракөк,
Жалғыз сенің ұлың бар,
Оның аты — Қарабек.
Соның өзі жас бала,
Ойынменен мас бала.
Күш-қайраты өшкара.
Сірә, бір саған айталық
Жиылып келген қалмақты
Қырып та жойып салады,
Сол жас бала масқара...

13. ҚАРАБЕК БАТЫР

(Жаңаберген Бітімбайұлы нұсқасы)

...Сүйтіп жатып, жігіттер,
Падиша ұйықтап қалыпты-ай.
Ұйықтап кетіп түс көрді-ай,
Сүйінгендей іс көрді-ай.
Көрген түсі патшаның
Бір еңсесі биік ақ орда-ай.
Ақ ордаға кіріпті-ай,
Төр алдында құрулы
Бір алтын тақ тұр екен,
Соған барып мініпті-ай.

Отырған соң жайласып,
Бір жеті адам көлікті-ай
О да сырттан келіпті-ай.
Тұсап тастап аттарын,
Сәлем беріп патшаға,
О да ордаға еніпті-ай.
Сәлемдесіп кідірмей,
Қол алысып болғансын,
«Қондыр, — деп, — патша қолыңа,
Аң кетпес, — деп, — алдыңнан»,
Бір қыран бүркіт беріпті-ай.
Қондырғансын қолына,
Өзіне қарап талпынып,
Падишаға елікті-ай.
«Жалғыз да, падиша,
Қосармыз оған серікті-ай», —
Пәтиха беріп, соны айтып,
Ғайып болды жетеуі.
Кәдірхандай падиша
Осындай түсті көріпті-ай.
Таң атқансын оянып,
«Ата жолдас өзімнің
Оянған соң ойлайды
Жеті пірім екен» деп.
«Әркімнен артық айбатты,
Өзімнен артық қайратты,
Береді перзент екен» деп,
Падиша бұған жорыпты-ай...

* * *

...Қасына барып баланың,
Ханым бір сонда сөйледі,
Қырмызы қызыл ішіктің
Шалғайын қолмен ашқаны-ай.
— Осынша түсің қашқандай,
Соншама қорқып сасқандай,
Жаның неден жасқанды-ай?

Ояндың ба, жалғызым,
Түсіңде көріп дұшпанды,
Кеуліңді басқанды-ай.
Сен бір жаман түс көрдің,
Не бейнелі іс көрдің,
Біліп тұрмын мен, — дейді.
Қарабек сонда айтады:
— Білдің, неше, түс көрдім,
Ер қорыққандай іс көрдім,
Түсімде көрдім лаңды-ай.
Жорытқанша, шешеке,
Не екенін біле алмай,
Кеуілім отыр тына алмай.
Сондай жаман түс көрдім
Түсі суық жыланды-ай.
Түсімді, шеше, айтайын:
— Аң аулаппын түсімде,
Киік пен атып құланды.
Жүргенімде аң аулап,
Құбыла жақтан қаптапты
Үстімнен ала тұманды-ай.
Сол тұманның ішінен
Лағыппын мен далаға-ай.
Жөнімді тауып жүре алмай,
Ағайын, халықты көре алмай,
Сүйтіп балаң тарықты-ай.
Жүргенімде тарығып,
Бір адам келіп жолықты-ай.
«Баралық, — деп, — бір жаққа»,
Еркі алдыма қоймады-ай.
Алып келіп бір жерге,
Мойындасып өзіммен
Құшақтасып ойнады-ай.
Ойын қылып шылбырмен,
Қолымды мықтап байлады-ай.
Олай-бұлай жұлқынып,
Үзе алмай сорым қайнады-ай.

Отырғанда үзе алмай,
Келгенін қайдан білмедім.
Бір жолбарыс келді де,
Оң қарымды шайнады-ай,
Өлтіруге ойлады-ай.
Жатқанымда, шешеке,
Енді өлуге таянып,
Жаман қатты қысылып,
Қара терге боянып,
Кетіппін, шеше, оянып.
Қорыққаны осы ішімнің,
Енді, шеше, жори бер,
Ажары осы түсімнің.
Сонда ханым жылайды:
— О дариға, дүние-ай,
Өткізер болдым қайғымен
Мына да шолақ жалғанды-ай.
Көріп едім, жалғызым,
Сені өліп талғанда-ай.

Бір түн сүйіп құшақтап,
Жаңа мейірім қанған-ды.
Тағы түсті уайым,
Неден болдым сор маңдай?!
Білдім, балам, түсіңді,
Балалықтан, жалғызым,
Болып бір қалдың арманда-ай.
Өлтірмей неге жібердің
Атаңа нәлет Қабыланды-ай.
Тумай кеткір бейбақтың
Соған кеуілі толғанды-ай.
Сен ауылға қайтқасын
Соңынан айқай салған-ды,
Шақырып үйге келген-ді.
Екеуі жатып қалған-ды,
Кеуілі жатып жанған-ды.
Қолыңды ойнап байласа,
Сол бейбақтан болғанды-ай.

Атаңа нәлет қалмаққа
Тумай кеткір сол бейбақ
Ықылас кеулін бергенді-ай,
Сенен артық көргенді-ай.
Қолыңды байлап амалдап,
Сол екеуі қосылып,
Өлтіруге жүргенді-ай.
Тауға біткен андызым,
Төбедегі жұлдызым,
Маңдайдағы құндызым,
Не қылайын, шырағым,
Тіл алмадың, жалғызым!..

14. ТӨРЕХАН

...Ұйықтап жатқан ер Төре
Көтеріп басын алады,
Жан-жағына қарады.
— Қайда кеттің, хан шеше,
Айырдан туған нар шеше!
— Мен бір бүгін түс көрдім,
Әжептәуір іс көрдім.
Қанатыма қаз қонып,
Қайырылмастай күн көрдім.
Үстіме құлап асқар тау
Қабырғамды сындырды.
Мұртыма менің мұз қатып,
Тұра алмастай күн көрдім.
Азу алмас қос пері
Екі қарым түбінен
Қиып алып барады.
Ақсұңқар құстың баласы
Торға түсіп талпынды.
Бір көзінен жас ақты,
Бір көзінен қан ақты.

Көкелеп жылаған дауысы
Құлағым жарып барады.

Шешесі сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Қанатыңа қаз қонып,
Қайырылмастай күн көрсең —
Халқыңның әнсат болғаны.
Үстіңе құлап асқар тау,
Қабырғанды сындырса —
Халқымның ісі ауыр дейд,
Халқыңның патша қойғаны.
Мұртыңа сенің мұз қатып,
Тұра алмастай күн көрсең —
Мүскілттің әнсат болғаны.
Азуы алмас қос пері
Екі қарың түбінен
Қиып алып баратса —
Ат жігіттің қанаты,
Қараша атты алғаны.
Ақсұңқар құстың баласы
Торға түсіп талпынса,
Бір көзінен жас ақса,
Көкелеп жылаған дауысы
Құлағың жарып баратса —
Бибіжанды алғаны...

15. БӨГЕН БАТЫР

... — Айналайын, жеңеше,
Артықша көрем өзгеше.
Мен бір бүгін түс көрдім,
Түсімде ғажап іс көрдім.
Қанжығадан қан көрдім,
Ат сауырынан тер көрдім.
Бұл не болар, жеңеше?
Жирен деген көлдердің,

Күдірейген белдердің
Ақ иығы көрінді.
Бұл не болар, жеңеше?
Көк алалы көп жылқы,
Есепсіз бойдақ көп жылқы
Шашылыңқы көрінді.
Бұл не болар, жеңеше?
Алты қанат ақ орда
Жығылыңқы көрінді.
Бұл не болар, жеңеше?
Кешегі кеткен атекем
Қолындағы садағы
Жапырыңқы көрінді.
Бұл не болар, жеңеше?
Тостағандай толы көз
Жабылыңқы көрінді.
Бұл не болар, жеңеше?
Елге келді бір көрім,
Қиратып жүр қаланы,
Шулатып жүр баланы.
Бір түбектей қылып жүр
Жалпы жатқан қаланы.
Қақпаның аузын қандатып,
Шарбақтың аузын шаңдатып,
Есік ойран, төр талқан,
Бөрін бірдей қырып жүр.
Бұл не болар, жеңеше-ау?

Ал жеңгесі сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Айналайын, бикешжан,
Мен жориын түсіңді,
Кешегі көрген ісіңді.
Жирен деген көлдердің,
Күдірейген белдердің
Ақ иығы көрінсе —
Көк алалы көп жылқы
Көлге толып жатқаны.

Бағатұғын адам жоқ,
Бұрынғыдай заман жоқ.
Алты қанат ақ орда
Жығылыңқы көрінсе —
Жылжып қонып жатқаны.
Кешегі кеткен атекең
Кешегі бауырды атқаны.
Тостағандай толы көз
Жұмылыңқы көрінсе —
Кешегі бауырды өлтіріп,
Мақсатына жеткені.
Мен жорыдым түсіңді,
Кеше көрген ісіңді...

16. АБЫЛАЙ ХАН

... Үйінде жатыр екен Бұхар жырау,
Жасы асып, болғаннан соң жүзге таяу.
Ізбасты сәлем беріп кірген кезде,
Селк етіп көңіліне түсті қаяу.

— Ассалаумағалейкум, Бұхар жырау,
Бермеуші ең тірі жанға сөзден бұрау.
Жорып бер, бір түс көрдім өте жаман,
Боғы деп түс түлкінің бұрма шынды-ау!

Бар еді бір бәйтерек биік өскен,
Мәуелеп биіктігі көкке жеткен.
Миуалы бұтақтары түгел жеміс,
Саясын барлық елім көлеңке еткен.

Түсімде сол бәйтерек кетті құлап,
Тұрмастай қара жерде жатты сұлап.
Ей, Бұхар, жорып берші бұл түсімді,
Қарамай көңіліме мені сынап.

— Арғында Ізбасты едің атың шыққан,
Жаныңа жақын келген өнеге ұққан.
Айрылып Абылайдан қалғанбысың,
Қайғылы түсің жаман қабақ шытқан.

Абылай елге біткен бір бәйтерек,
Халқына асқар таудай болған тірек.
Ерлігі ел қорғаған — көлеңкесі,
Миуасы — дана ақылы болса керек...

17. АБЫЛАЙ ХАН

...Абылай хан жүріпті,
Ақ атанға сөп салып.
Бір күні түс көріпті
Ерен-ғайып қарсы алып.

«О, Абылай, алдыңда
Асқар-асқар белдер тұр.
Тар жол, тайғақ қабырға
Өзен толы сендер тұр.

Өтсең содан іркілмей
Көк құрақты көл жатыр.
Көл бойында мерейлі
Ырысты ырғын ел жатыр.

Ақбас атан үнемі
Соған қарап жатады.
Жануар ол киелі
Боздасы елге батады.

Ақбас атан қараған
Жаққа жүрсең, жеңесің.
Қайшы келсең сен оған,
Бақты басқа тебесің.

Қол бастасаң жорыққа
Батырларға сеніп сен.
Жүрсең сол бір бағытқа,
Ораласың жеңіспен.

Ақ атанды қорласаң —
Көретінің жеңіліс.
Сабақ ал сен осыдан,
Айтты деме Ібіліс.

Еренғайып мен болам,
Мұқтаж жанға жәрдемші.
Десең егер ер болам,
Болма еліңе алдамшы.

Батырың бар пар болған,
Ақылы мол бәрінің.
Елің саған жар болған —
Тірегі қуат-әліңнің.

Өткен күні есіңнен
Еш уақытта кетпесін.
Өмір — арқан есілген,
Тілін* өзің теңшерсің»

Түрегелсе Абылай
Көргені бір түс екен.
Депті ішінен: «Ә, Құдай,
Атаным бақыт құсы екен!»

Шығып тысқа қараса,
Ақбас атан жатыпты,
Көкпен жарық таласа
Арайлап таң атыпты...

* Арқан үш жіптен есіледі, ортаңғысын «тілі» дейді

18. ТӨЛЕ БИДІҢ ТАРИХЫ

... — Бір түс көрдім, жақсылар,
 Жорып соны бер! — деді, —
 Шыққан екен қатар боп,
 Екі терек жарысып.
 Біреуіне мен шықтым,
 Біріне шықты Қойкелді.
 Мен шыққан бір теректен,
 Көшет терек өрледі.
 Көрінбей кетті жоқ болып,
 Шыққанда мен Қойкелді.
 Үш ұмтылдым орнымнан
 Көрінбейсің, — дей берді, —
 Жарамды жас шыбықпен,
 Мәнісін айтып бер! — деді.
 Олай-бұлай толқытып,
 Жоруын ешкім білмеді.
 Бас көтеріп жастықтан,
 Өзі тұрып сөйледі.

— Жақсылар, оңай-ақ қой түстің мәні,
 Шынар, демек, көрсеткен дәрежені.
 Өзі өлген соң Қойкелді даңқы ұзамас,
 Мендей болмас лақабы дәрежелі.
 Болмағанда сөз қосып мақал тағы,
 Көшет терек мәнісі — інім Байтек,
 Өткір болар, келтелеу өмір шағы.
 Күні бұрын қамданып ойлап едім,
 Жататұғын бұйырған жерім менің.
 Бас жағыма нақыштап шым ойдырдым,
 Ұя салған қарлығаш үйге қойғын.
 Мынандай бір тапсырма аманат бар,
 Жүніс, саған көптен-көп өтінемін.
 Өткеннен соң жеті жыл екі арада,
 Бір өзіз бұл Төшкенге келер бала.
 Шайқантауыр өзінің аты болар,
 Қайтса жатсын жанымда менің дара.

Кісілерге көптен-көп өтінішім,
 Сіздер де айтқын көз көрген үлкен-кішің.
 Бас жағыма қойылсын сүйегі оның,
 Аяқ жағы басыма тақау тұрсын.
 Тағы сәлем үш жүзде көз көргенге,
 Өзі сұрап дуада іздегенге.
 Киелі ұлым көп сәлем Абылайға,
 Шағы келсе, бір қоссын елді елге.
 Қартайған соң әруақ жын болады,
 Жын қартайса, деген сөз жым болады.
 Енді басқа өңгіме дей алмаймын,
 Түрлі-түрлі бізден соң күн болады.
 Аман-сау боп қайыр-қош тұрыңдар, — деп,
 Иман айтып Төле би дүние салды...

19. БӨГЕНБАЙ БАТЫР

...Сарыбай ат күзетті, жатпай өзі,
 Ертең-ақ жауға шабар келді кезі.
 Таңертең ат әкеліп байлап қойып,
 Ұйқыға біраз кетті екі көзі.

Тұрысып жас түлектер, ыстық қылып,
 Алысып бірін-бірі жүрді жұлып.
 — Жігіттер, ат ерттендер, берді Тәңір! —
 Сарыбай баяндайды сонда тұрып:
 — Түс көрдім жаңа ғана жатқан жерде,
 Түсімде көрдім, — дейді, — Маян ерді.
 «Осы жолы бас боп барамын» деп,
 Атакем маған келіп хабар берді.

Бір заманда Бексұлтан кеп жүгіріп,
 — Келдім, — деді, — мен дағы бір түс көріп...
 Өрқайсысы әр түрлі түс көріпті,
 Қалыбекке жорытуға келді тұрып:

— Мен дағы атекемді көрдім, — дейді,
Ат-түрін әбден байқап тұрдым, — дейді.
Айыр сақал, кісі екен ұзын бойлы,
«Қарағымды көрмек үшін келдім» дейді.

«Қарағым, келіп едім көрейін деп,
Дәрежең, үстем болсын мерейің деп.
«Маяндап» тынышымды кетірдіңдер,
Келіп ем енші бөліп берейін» деп.

Үстінен ақ сауытын берді шешіп,
Жоқ екен өн бойында ешбір тесік.
Қолында бір қамшыға көп қызықтым,
Қамшысын бермей кетті, халім нешік?!

Қылышы белінде тұр қынабында,
Атакем не себептен келді мұнда!
Астында маңғұл қасқа торы аты бар,
Шыға ма, деп ойлаймын, түсім шынға.»

Тыныбек сонда айтады: — Мен де көрдім,
Қуанғаннан орнымнан түрегелдім.
«Енші берем, қарағым», дегеннен соң,
Қылышын маған берді, «бер» деп едім.

— Жасаған берген екен тілегімді,
Дұшпаннан қайтармасын жүрегімді.
Қамшысын маған берді, — деді Қалыбек,
Ілулі бүлдіргесі білегімде.

— Бү жолы жау қалмайды біз алмаған,
Көңілім бұл сапардан тұз алмаған.
«Ат ерттеп, «Маянбайлап» ұран шақыр,
Айтайын ақылымды енді саған:

Қалыбек сегіз қос ат алсын қолға,
Ту алып, Сарыбай шықсын құба жонға.

Алтауың аянбастан жауға шапсаң,
Қосшылар түйеменен қалсын мұнда!

Мұны айтып, атқа мінді дуылдасып,
Алғандай неше мыңды қолмен басып.
Ежелден жау дегенде сайтаны бар,
Тұрмайды Маянұлы жауға жасып...

* * *

...Бөгенбай түс көріпті бұған тағы,
Ат жоқ боп, кеміп тұрған бұл бір шағы.
Түсінің көріп тұрған түрі жаман,
Осыған Бөгенбайдың сынды сағы.

— Ұйқыда бір дария көрдім бағып,
Шалқытқан бір жағынан отын жағып.
Су үстінде қара төбет арсылдайды, —
Деп түсін әркімге айтты, мұңын шағып.

— От жағып, суға залал қыла алмай тұр,
Су толқып, от жалынын жыға алмай тұр.
Үстінде қара төбет қара судың,
Ұлынып, арс-арс етіп, шыға алмай тұр.

Түс көріп, түн ішінде оянғанда,
Ағыпты қысылғаннан маңдайдан тер:
«Көретін қартайғанда түсім бе еді,
Түс болды бұ не деген, Тәңірі шебер?!.»

Шақырып Сарыбайды алды батыр,
Сарыбай кіріп келсе, жылап жатыр:
— Сарыбай, менің күнім қараң болды,
Бар екен мені аңдыған бір жау кәпір.

Қартайған шағым, жас жетіп,
Заманым кеткен күн өтіп.
Еліңді жи жар салып,
Қаруыңды түзетіп.

Бүгін жатып көрдім түс,
Көргенім қатты қиын іс.
Еліңнен саңлақ жиғызып,
Беліңді байлап, түйініс!

Бір жағымда жанған от,
Шалқып суға жете алмас.
Шалқыған оттың жалыны
Толқыған судан өте алмас.
Үстінде бар бір қара ит,
Аузын көрдім жеке алмас.

Жан-жағымнан жабылып,
Екі дұшпан қысып тұр.
Осы түсті көрген соң,
Көңіліме қайғы түсіп тұр.
Қартайған жасым, әлім жоқ,
Сонан жаным шошып тұр.

От пенен су қабысып
Қосыла алмас, қара иттің
Аузы бар пышақтай.
Осыдан зәрем кетті ғой,
Қолдамаса Маянбай!..

20. БӨГЕНБАЙ БАТЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖОРЫҒЫ

...Түс көріп ұйқысында қатты шошып,
Ақыра түрегелді Жантай батыр:
— Атты ертте, ал жүрелік жатып болмас,
Атанды қарауылдан жылдам шақыр.

Кісі екен шапшаң мінез, тым күйгелек,
Қоймады көпшілікке дегбір ақыл.
Мұны естіп қарауылдан Атан келген,
Сұрайды «не болды?» деп Жантай ерден.

Қанталап екі көзі, ашу билеп,
Атанға айтты сонда түсін көрген:
— Шошындым қорқынышты бір түс көріп,
Теңізге Бөкем түсті қайық мініп.

Көтеріліп көл жүзінде қалың толқын,
Қып-қызыл судың беті қанды көбік.
Қайығы батар-батбас суға толып,
Жүрмейді ессе дағы бір жөнделіп.

Қағып жүр көп толқынды қанатымен,
Аспаннан ақтұйғын құс ағып келіп.
Білмеймін ақырының не болғанын,
Жорышы зерек едің ой жіберіп.

Ойлады жорымаққа Атан түсін,
— Қосасыз қорқынышқа мұның несін.
Қорқыныш емес, түсің қуаныш қой,
Жориын бересіз бе сүйіншісін?

Бөкешім көлге жүзсе — олжа дағы,
Теңіздей тегін олжа табылмағы.
Қолына ескек алып, қайыққа мінсе —
Жанбыгер астындағы арғымағы.

Малтығып қайық суға жүзе алмаса —
Арықтап жануардың болдырғаны.
Майданға кірген болар осы сағат,
Жүр екен аттан келмей ердің бабы.

Кездескен көл жүзінде қалың толқын —
Қауіі бар қамалаған жау болмағы.
Қаптаған судың бетін қанды көбік —
Ол жаудан маңыз кетіп қырылғаны.

Толқынды қағып жүрген ақтұйғын құс —
Бөкеңдей әруақты ердің бағы.

Нәрсе жоқ бақыт жеңбес дүниеде,
Түсіңнің осы болды жорымағы...

21. БАРАҚ БАТЫР

...«Таң атқан соң, қазақтың еліне тиерміз», — деген түні Түгел қарт жатып, ұйқысында қорқынышты түс көреді. Көрген түсінен қорқып оянып, түн ішінде үш жүздің қазақ баласын ат шаптырып, ордаға жинап алды. Басшы адамдарын ордаға алып, Түгел қарттың мезгілсіз халық жинағаны туралы сөйлеген сөзі:

Түгел қарт сонда сөйледі:
— Келдің бе, жұрт, жиналып,
«Не айтар» деп ойланып?
«Шақырды, — деп, — не үшін?»
Жұрмеңіз, жұртым, қиналып.
Мен бір түнде түс көрдім,
Түсімде мүшкіл іс көрдім.
Елдің аулақ шетінен,
Күннің шығар бетінен
Бір айдаһар келіп жүр,
Мұны көзім көріп жүр.
Иреңдеген көп жылан
Шағайын деп өріп жүр.
Айдаһардың үстіне
Аспаннан келіп ақ бұлт,
Түсейін деп төніп жүр.
Түсім шайтан болмаса,
Ата жауым бұрыннан
Елімді қалмақ торып жүр.
Айдаһардың үстіне,
Төніп жүрген ақ бұлт —
Ерлерімнің әруағы,
Елімді жаудан қорып жүр.

Көрген түсім аян-ды,
Түсімнен шошып ояндым.
Болмас едім жалғаншы,
Еліме берсең хабарды.
Бір Аллаға сиынып,
Қазағым салсын ұранды.
Аттанып келсе жау қалмақ,
Халқыма берер зиянды.

Жау қалмаққа жорыдым
Айдаһар менен жыланды.
Айдаһар болып көрінген —
Алакөбек қалмағың.
Төніп жүрген ақ бұлт —
Ақтан келген әруағым,
Алдынан қарсы аттансақ,
Кәпір жауға ат қойсақ —
Оң болар еткен талабым.
Бұл түсімді «жалған» деп,
Қапыл болма, қазағым.
Обалына қаларсың
Жылаған қатын-баланың.
Алакөбек аттанса,
Ауыр қолмен қаптаса —
Алмай кетпес алмағын,
Салмай кетпес салмағын.
Қырып кетер елімді,
Өлтіріп кетер ерімді.
Өртеп кетер көлімді,
Хабарсыз жатқан қазаққа
Көрсетіп кетер көрімді.
Аттанар күнің бүгін-ді,
Бүгіннен қалса, қиын-ды.
Түсім шайтан болмаса,
Жеріме дұшпан құйылды.
Осылай деп Түгел қарт
Көрген түсін жорыды...

* * *

...Араға сол күн қонады,
Басқа болды талабы.
Атақозы батырдың
Көзі ұйқыға барады.
Түсінде көрді Барақты,
Қасында көрді батырдың
Ақ сәлделі қожаны.
Жауайын деп ақ бұлт
Төбесінде батырдың
Торлап кетіп барады.

Құс қырғыны — бидайық
Ер Барақтың үстінде
Ойнап кетіп барады.
Жез бұйдалы нар тайлақ
Ер Барақтың алдында
Боздап кетіп барады.
Ақ сәлделі пірлері
Ер Барақтың қасында
Қолдап кетіп барады.
Осы түсті көреді,
Атақозы оянып,
Сырымның келіп қасына
Атақозы сөйледі:
— Көлденең жатқан су Жайық,
Су жүзінде қу қайық.
Батыр Сырым, жолдасым,
Көп жиылған халайық,
Мен бір түнде түс көрдім,
Көрген түсім ғажайып.
Ер Барақтың үстінде
Бір ақ бұлт барады.
Жауайын деп тұр жайып,
Қанат қағып барады.
Ер Барақтың үстінде
Құс қырғыны — бидайық.

Жез бұйдалы нар тайлақ
Ер Барақтың алдында,
Боздап кетіп барады,
Жез мұрындық сарғайып.
Ақ шалмалы пірлері
О да кетіп барады
Дұға беріп, қол жая.
Жорысын деп түсімді,
Сізге келдім оянып.

Сырым би түсін жорыды:
— Жақсы ниет ойға алып,
Жорыдым, батыр, түсіңді,
Алла оңғарғай ісіңді!
Он екі ата Байұлы,
Біріктірдің күшіңді.
Аттанды Барақ ар үшін,
Біз аттандық мал үшін,
Бұл ниетпенен жүргенде,
Бізге қалай дарысын.
Бұл ниетті тасталық,
Ақ жолына басталық.
Әруақ аунап кетіпті,
Біз Барақтан қашпалық.
Хас масқара болармыз,
Абыройдан бос қалып.
Барақпен бірге болайық,
Төбесінде Барақтың
Қанат қағып ойнаса
Құс қырғыны — бидайық
Бидайықтай қуырып,
Ақ алмасын суырып,
Барақ тиер майырға,
Ұстап алып Майырды,
Айналар ісі қайырға.
Жауайын деп ақ бұлт
Төбесінде торласа,
Ол — әруақтың иесі.

Боздап жүрген нар тайлақ —
Пірлердің мінген түйесі.
Жезден болса бұйдасы —
Мойнындағы кресі.
Арағын ішкен ақыртып,
Нар тайлақтай бақыртып,
Ұстап алар майырды,
Заманасын қапылтып.
Алдырып берер Сібірден,
Айшуақ ханды шақыртып.
Ақ сәлделі пірлері
Алдында жүрсе, қол жайып —
Ердің жолын ашқаны.
Біз Барақтан қашпалық,
Түсіңді жорып қарадым.
Барақта емес, бізде айып,
Қосылайық Бараққа,
Мініңдер атқа, халайық...

22. БАЗАР БАТЫР

...Жол тартып қалмақ келеді,
Көздегені қалмақтың —
Базардай сабаз ер еді.
Әйелі Базар — Құлқайша
Сонда бір түс көреді.

Түсінде келіп бір адам,
Қолындағы шырағын
Сөндірмек болып төнеді.
Үрлегенге сөнбесе,
Саулатып су себеді.
Сонда да сөнбей шырағы,
Қайта-қайта кебеді.

Біраздан соң шырақтың
Білмеді қайда кеткенін.

Сепкен сайын шыжылдап,
Қалайша судың кепкенін.
Қараңғы үйде жалғыз қап,
Біраз мезгіл өткенін.
Үрейі ұшып, қалтырап,
Ұйқыда селк-селк еткенін —
Зарлап жатып, оянды,
«Сондай болам» деп пе еді?

Ояна келсе, түсі екен,
Таң сарғайып қалыпты,
Ұйқысы әбден қаныпты.
Көрген түсін ұйқыдан
Салмақтап ойға салыпты.
Ойлай-ойлай торықты,
Әуре-сарсаң болыпты.

Шыдай алмай жүрегі,
Енесіне жорытты.
Қайшаның түсін енесі
Жақсылыққа жорыпты.
Құлқайша бұған сенбейді,
Қайғыға іші толыпты.

Ойына салып толғайды,
Бұйрығы болса Құдайдың,
Айтқаныменен болмайды.
Жан жолдасы Базарды
Жамандыққа жоруға
Көңілі тағы бармайды.

Базар жүрмек сол күні,
Сарыжайлаудың төріне.
Белес-белес құздардың
Адам баспас өріне.
Алтайдың асқар белесі,
Құзтаудың биік шегіне.
Аюдан басқа алмайтын

Қыран еді Базар да
Тоят үшін жеміне.

Құлқайша түсті айта алмай,
Барма деуге бата алмай,
Көзінің жасы домалап,
Парлап түсті қатарлай.
Құлқайшаның бұл ісі
Көргендерге таң болды,
Базарға үлкен шам болды.

Іштегі мұңды айта алмай,
Көкірегі қан болды.
Батырға «қош!» деп айтуға
Кемсеңдеді иегі,
Балқып кетті сүйегі.
Бір тізерлеп отырған
Тізесіне батырдың
Маңдайын келіп сүйеді.

Жылап тұрып Құлқайша,
Базардың қарап бетіне:
«Жау келді ме, білмеймін,
Бұл қазақтың шетіне.
Жарағыңды сайлап ал,
Қаратпа жанды бетіңе.
Сақтанып жүр әрқашан,
Іс өткен соң өкінбе.
Сақтанып ұйықтап, сергек жүр,
Елсіз жердің шетінде».
Құшақтап сүйді аузынан,
Бетін төсеп бетіне.

«Сау бол», — деді батырға,
Жүретін жолын тартпады.
Көңілін қиып Базардың,
Көрген түсін айтпады...

23. АРҚАЛЫҚ БАТЫР

(*Ержан Ахметов нұсқасы*)

...Жөнелді Жұбай сөйтіп, аңша жосып,
Мен жалғыз жатып қалдым ұйқы басып.
Түс көріп, түнде шошып ояныпшын,
Дүрбітпен жатыр екем жағаласып.

Көрген түсім — жайғаппын оңды-солды,
Жан болмас дүниеде біздей сорлы.
Шошынып оянғанда көрген түсім,
Төменгім белуардан отқа күйді.

Аттанған сейсенбі күн жаман жолым,
Маңдайдан арылмаған қалың сорым.
Асып-сасып мен қорқып түрегелдім,
Қан екен шынтағымнан екі қолым.

Көкжал түр жерді қазып алас атып,
Дүбір көрген секілді жанталасып.
Мініп ала жөнелдім желқомды ерттеп,
Жылқының сүртегімен тызылдатып.

Төртеуі де жатышты көп ұзамай,
Өзен еді Құмдыбұлақ орман, тоғай.
Мен барсам, төртеуі де жатыр жайрап,
Ұялас ит сықылды құрбым қимай.

Ояттым Жұбайды мен: — Түрегел, — деп, —
Неге жаттың бұл жерге ұзамай? — деп.
Әй, Жұбай, мен түс көріп шошып келдім,
Түсімді мен айтайын жорып бер, — деп.

Жайғаппын ақ жаныша оңды-солды,
Әруағы ер Жанекем берген жолды.
Сондағы көрген түсім мынау екен,
Төменгім белуардан отқа күйді.

Аттанған сейсенбі күн жаман жолым,
Маңдайдан арылмаған қалың сорым.
Таң шолпаны туғанда ояныппын,
Қан екен шынтағымнан екі қолым.

Жұбай айтты: — Осы түс жаман түс пе,
Қауіп қып мұны шошып, жүргенің не!
«Түсінде қорыққан өңінде қуанатын»,
Бұрынғы қазақ атаң ескі сөзде.

Арқалық, бір жақсылық жеткен шығар,
Басыңнан талай бейнет өткен шығар.
Төменің белуардан отқа күйсе,
Өртеніп пәле-жалаң кеткен шығар.

Сейсенбің бейсенбіге ауған шығар,
Сәрсенбіде сәт болып тұрған шығар.
Қан болса шынтағыңнан екі қолың,
Әжі төрең айтқанына бие сояр.

Ат ерттеп, мен мінейін, жылқыны айда,
Ана үшеуін тез оят, келтір мұнда.
Қауіп қып ол үшеуі шошып кетер,
Оларға мұнандай деп түгіңді айтпа...

24. МЫРЗАШ БАТЫР

...Бір түні түс көреді бала Мырзаш,
Төсегінде жатады ол жалаңаш.
«Тұр, ұлым, киім кигіз, көзіңді аш»,
Дейді бір ақсақал қарт түрі оғаш.

Төсекте жатқан екен ұйқылы-ояу,
Өлгі адам таяп келді жақын, таяу.
Бастан-аяқ денесі түгел аппақ,
Іздесең, таба алмассың титтеу қаяу.

— Ей, ұлым, бата берем қолыңды жай,
Жұртқа жолың болат, болмайсың жәй.
Батырлық, ел қорғайтын жүрек берем,
Басқа дәулет саған жоқ, болмайсың бай.

Және де мынаны ұқ тағы, балам,
Баяны жоқ дәулетке болма алаң.
Қорғасаң елді жаудан, мәңгі өлмейсің,
Есіңе қатты сақта, болсын санаң.

Ей, балам, сені таныр оң менен сол,
Саған төтеп бере алмас жасанды қол.
Үш рет дұшманыңнан кек аласың,
Тағдырдың соңғысына разы бол.

Осыны айтып әлгі адам ғайып болды,
Баланың да бұл түске көңілі толды.
Не де болса айтайын атама деп,
Жүгіріп Алдиярға жетіп келді.

Жүгіріп атасына келді сонда,
Сәлемін тағзым етіп берді сонда.
— Ей, ата, таңғажайып бір түс көрдім,
Жоруын сіз айтыңыз, — деді сонда.

Мырзаш айтты; — Ей, ата, мұны тыңда,
Таң болдым, бұл қалай түс, құдауанда.
Төсекте ұйқылы-ояу жатыр едім,
Біреу келді көрмеген бұл жиһанда.

Ықыласпен, ей, ата, тыңда мұны,
Өтірік сөзімде жоқ, анық шыны.
Бастан-аяқ көргенін айтып берді,
Ақтарылып ақ ниет бала сыры.

Тыңдады ер Алдияр мына сөзді,
Баланың болатынын іштей сезді.

«Өзімнің мұрамды осы ұстады-ау», — деп,
Сипады қос алақан кесек жүзді.

«Әумин!» деп қол жайып жүзін сипап,
Бір қуаныш белгісі жүзінде ойнап.
Аз ойланып қарады жалғыз ұлға,
Қарады да жекелеп айтты сарап.

Сонда Алдияр былай деді:

— Түсіндім бұл түсінді тамам, — деді,
Жетілер ақыл қайрат, санаң, — деді.
Елге істеген сапарың оңға басып,
Ылайық жолың болар, балам, — деді.

Еліңе қорған болар ер боларсың,
Дұшманыңа айдынды шер боларсың.
Ел басына күн туса екіталай,
Мен бар деп қару-жарақ қолға аларсың.

Атағың кетер өрлеп оң мен солға,
Жабай бабаң туы болар берік қолда.
Елің үшін істеген еңбегінен,
Абырой, атақ аларсың әрбір жолда.

Беріпті саған аян Қызыр бабам,
Енді оңғарар ісіңді Хақ тағалам.
Атың өлмей мәңгіге қалады екен,
Жоруы бұл түсіңнің осы, балам.

Тағы да бастайтұғын түлкің болар,
Бай болмайсың, тек қару мүлкің болар.
Саған қарсы дұшманның сағы сынып,
Мәртабаң жоғарылап, көңлің толар.

Қызықпа дүнияға, балам, — деді,
Қолдар сені ер Жабай бабаң, — деді.

Шешуші бұл түсіңнің түйіні осы,
Мен де берем ақ бата саған, — деді.

Әумин деп Алдияр жайды қолын:
— Жалғыздың оңғара көр Алла жолын.
Нақақ тиіскен дұшманға мұқтаж қылма,
Ел үшін өмірінің қидым соңын.

Атасы да осылай бата берді,
Көзбен шолды келешек болар ерді.
«Ниетімді Жаратқан қабыл айла,
Бісмилла, Аллаһу акбар», — деді...

25. АЙДОС БАТЫР

...Айдос:

— Кертөбел Нарын бидің керіледі,
Жалқаулар олжа алуға ерінеді.
Бал ашып, бақсы болып, түс көріпсің,
Көзіңе қандай сәуле көрінеді?

Қарашаш:

— Суынан Нарын деген су ап жүрмін,
Көл қылып көзім жасым бұлап жүрмін.
Бармашы, тілімді алып, осы жолға.
«Мырзам» деп бетім жыртып, жылап жүрмін.

Айдос:

— Бұл түстің, маған емес, көуір жағы,
Малының бөрін алам, шабам дағы.
Соғыста күйеуі мен бауыры өлген
Орыстың бетін жыртқан қызы дағы.

Қарашаш:

— Қайда? — деп, сізді жоқтап, сұрап жүрмін,
Күйініп қатты қорқып жылап жүрмін.

Бармашы, тілімді алып, сорлы жалғыз,
Қызыл қан он саусағым қынап жүрмін.

Айдос:

— Кертөбел арықтаса, тай болғаны,
Қазылып, сан етінің сай болғаны.
Кәуір жылқы әкеліп, бие сойып,
Саусағың қазы кесіп май болғаны.

Қарашаш:

— Түймесі кіреукенің шешіліңкі,
Аяғың құбылаға көсіліңкі.
Бармаңыз, тілімді алып, осы жолға,
Құйрығы Кертөбелдің кесіліңкі.

Айдос:

— Жібекке ақ меруерт тізіліңкі,
Жеткенде шіреуіне, үзіліңкі.
Майданда кәуірменен соғысқанда,
Құйрығы Кертөбелдің сүзіліңкі.

Қарашаш:

— Мойныңа берен мылтық асылыңқы,
Кертөбел бөтен атқа қасыныңқы.
Бармаңыз, тілімді алып, батыр, жолға,
Ақ жүзің топыраққа жасырыңқы.

Айдос:

— Жерлерде арқар деген аң болғаны,
Ұрысты көрген адам таң қалғаны.
Майданда кәуірменен соғысқанда,
Тұтығып ақша бетім шаң болғаны.

Қарашаш:

— Кертөбел Нарын бидің қос тартулы,
Жортуыл сізден өзге жырғатулы.
Бармаңыз, тілімді алып, батыр, жолға,
Құралың сауыт-сайман босқа артулы.

Айдос:

— Шабармын бұл барғанда көуір елін,
Жылқы алсам — жетегімде Кертөбелім.
Олжа алып, көңлім толып, аман қайтып,
Шешініп, құралымды бөктергенім.

Қарашаш:

— Барып қайт, батыр Айдос, есен-аман,
Өлгенге сонда түсер ақыр заман.
Сөзімді «Барма десем» бір алмайсыз,
Көңілің, батыр Айдос, неден қалған?

Айдос:

— Қара адыр Ертіс басы болар қабан,
Айдосты шалсын қабан онан жаман.
Біреудің өлсе өледі жат баласы,
Қарашаш, үйде отырсың, басың аман.

Қарашаш:

— Ер Айдос, біле алмадым ақылыңды,
Тоздырдың Кертөбелде тақымыңды.
Артыңнан жылап барып ақыл айтар
Қылыштап қырғаным жоқ жақыныңды.

Айдос:

— Білмейді ешкім менің ақылымды,
Тауып бер дедім қашан жақынымды.
Әйелдер төмен етек үйде отырар,
Жүр екен жолға бастап қатын кімді?..

26. ҚИССА МҰХАММЕД РАСУЛ АЛЛАНЫҢ ДӘРУЛ ПӘНИДЕН ДӘРУЛ БАҚИФА РИХЛАТ ЕТКЕН МӘСЕЛЕСІ

...Пайғамбар кетпек болды бұ дүниеден,
Шапағат несіп қылсын о дүниеден.

Хақ Расул мұны естіп жатқан түні
Түс көрді сегіз кісі Мәдинеден.

Түс көріп ертең ерте Сыдық* келді,
Өдеппен Хақ Расулға сәлем берді.
— Үстімде киген жейдем жерге түсті,
Тақсыр-ау, бұ не түс? — деп сұрайды енді.

Сол түсін Хақ Пайғамбар жорыды енді,
Қаратып бір өзіне жори берді.
— Үстіңде киген жейдең жерге түссе,
Сапары бізге ақырет жақын, — дейді.

Онан соң хазірет Омар жетіп келді,
— Мен дағы бір түс көрдім, Расул, — дейді.
Қолымдағы мөрім екі айырылып,
Мөрім жерге түсіп, ғайып болды, — [дейді].

Онан соң бір түс көріп Оспан келді,
Нәбиге қол қусырып сәлем берді.
— Құраным қолымдағы жерге түсіп,
Қағазы пара-пара болды, — дейді.

— Оспаным, бізге ажал келер екен,
Сахабаға көп қайғы толар екен.
Мен көшіп, бұ дүниеде сіздер қалып,
Асхабым бөлек-бөлек болар екен.

Онан соң Әли келді сәлем беріп,
Таң қалды жылағанын көзі көріп:
— Тақсырлар, не себептен жыладыңыз,
Бізге дағы білдірші хабар беріп?

— Ғажайып әрқайсымыз көрдік түсті,
Құдайым бізге салды қиын істі.

* Сыдық /а/ — шыншыл, шындықты айтушы. Мұхаммед пайғамбардан кейін бірінші халифа болып сайланған Әбубәкірдің теңеуі, лақабы.

Баршасы — Расул көшпек нышанасы,
Онан соң бәрі жылап қайғы жесті.

Қайғырды Пайғамбардың шаһариары,
«Сіз кетсеңіз, қайтеміз» деп қылды зары.
«Құданың бұйрығына амал жоқ» деп,
Күңіренісіп отырды баршалары.

Әли айтты: — Мен де бір түс көріп едім,
Боларын бір сұмдықтың біліп едім.
Сауытым өзім шешпей жерге түсті,
Мәнісін сізден сұрай келіп едім.

— Әли балам, бұл дәурен өтер, — деді,
Бізден өтіп Сыдыққа жетер, — деді.
Сауытың киіп тұрған жерге түссе,
Бабаңыз бұл дүниеден кетер, — деді.

Мұны естіп батыр Әли жылайды енді,
Көл қылып көзі жасын бұлайды енді.
— Күшім, халім, қуатым, иә, жан баба,
Сіз кетсеңіз, не лаж қылам, — деді.

— Бұл дүние баяны жоқ, бекер екен,
Бұл ажал һәркімдерге жетер екен.
Күш-қуатың менде еді, Әли балам,
Мен кеткен соң қуатың кетер екен.

Бұлар мұны естіп жылайды енді,
Бір түс көріп Расулға Айша келді.
— Басыма қара шадыр салышпын, — деп,
Тағбирін Хақ Расулдан сұрайды енді.

Расул айтты: — Мағшұғым, мейірбаным,
Тәнімнен сапар қылар ғазиз жаным.
Біз өлсек, қара күндер түсер екен —
Басыңа қара шадыр салынғаның.

Сол уақытта Фатима келді және,
Бір түс көріп ішіне болған сәна.
— Түс көріп сізге айта келіп едім,
Рұқсат болар ма екен, тақсыр баба.

Расул айтты: — Айтыңыз, жаным балам,
Фатима айтты: — Тыңдаңыз, жаным бабам,
Түсімде киген күртем дал-дал болып,
Жағасынан айырылып кетті тамам.

— Бәрімізді жаратқан Жаппар Құда,
Ғазизім, көзім нұры, жаным пида.
Жағасы күртеңіздің айырылғаны —
Ғаріп болып бабаңнан, болдың жүдеу.

Хасен келді: — Мен бір түс көріппін, — деп,
Тамаша, ғажайып іс көріппін, — деп.
Баста — бөркім, аяқта кебісім жоқ,
Табаныма тас батып жүріппін, — деп.

Мұны естіп Пайғамбар жылады зар:
— Мен өтіп көп дұшпандар зорлық қылар,
Қабырғасы қайысып басын сипап, —
Қайтемін, жәрдем болсын Пәруардигар.

Хұсайын айтты: — Түс көрдім, бабам, — дейді,
Бір тақыт зейнеттеген тамам, — дейді.
Сол тақытқа сіз мініп ғайып болдың,
Келмеді бір ұстауға шамам, — дейді.

— Бұл дүние енді бізден қалады екен,
Біздегі жан аманатын алады екен.
Түсінде таққа мініп көкке ұшсам,
Бабаңыз енді дүние салады екен...

27. СЕЙІТБАТТАЛ

...Бір күні Қайтұр патша түс көріпті,
Түсінде қиямет-қайым күн болыпты.
Мұхаммед Мұстафаны ол көріпті,
Жұмла пайғамбар-әулиелерді һәм көріпті.

Жұмласы Мұхаммед пайғамбарға жиылыпты,
Жұмласы шапағат тілеп, зар қылыпты.
Жұмласына шапағат ол қылыпты,
Шапағат қылған адамлары жол тауыпты.

Қайтұр сонда: — Мен де бардым оған, — депті,
Шапағат мен де сұрадым онан, — депті.
Сол уақытта ол Мұхаммед маған айтты:
— Әуелі мұсылман болғыл өзің, — депті.

Уа және шүкір күшам Сейітбатталды,
Шығарғыл ол зынданнан қазір, — депті.
Уа және құрмет қылсаң оған, — депті,
Сонда шапағат қылармын саған, — депті.

Бү түсті көріп, Қайтұр тұра келді,
Қараса, үйінің іші нұрға толды.
Андан соңыра иман айтып, иқрар қылды,
Мансұрға көрген түсін баян қылды.

Мансұр айтты: — Мен көрдім үшбу түсті,
Жығылалы аяғына қазір, — деді.
Қайтұр сонда: — Алай болса барғыл, — деді,
Зынданнан алып келгіл мұнда, — деді.

Мансұр енді Сейітке жүгіріп барды,
Сейіттің аяғына басын қойды.
— Кінаһімды ғафу қыл, — деп ғұзыр қылды,
Басымыздан білместік өтті, — деді.

Падишаға ол Сейітті алып келді,
 Сейіттің қолын сүйіп, басын қойды.
 Жұмлатән көрген түсін баян қылды,
 «Хақ расулы — Мұхаммед» деп иқрар қылды.

Қайтұр, Мансұр сол жерде мүмін болды,
 Қасым және жан-тәнімен тәсілім болды.
 Сейіт сонда: — Қуат жоқ неш менім, — деді,
 Жұмла қуат Алладан хүкім болар, — деді.

Мұхаммед Мұстафа бабамның мұғжизасы,
 Заһир бірлән ықылас қылса һәр пәндесі.
 Құданың тауфиқ таппас шермендесі,
 Ғафалдар қияметте армандасы...

28. ҚИССА ХАЗІРЕТ ЖҮСІП АЛӘЙҺИССАЛАМ ИЛӘН ЗЫЛИХАНЫҢ МӘСЕЛЕСІ

...Келгенде он бір жасқа Жүсіп нәби,
 Жақып сушы қасында ұйықтап еді.
 Ғажайып ұйқысында бір түс көріп,
 Тағбирын атасынан сұрай келді.

Натаким Құранда бұйырды қаулаһу Тағала: Инни раай-
 ту ахада ашара каукабан уашшамса уал қамара раайтуһум ли
 сәжидина*

— Әй, ата, түсімде толған ай мен бір күн көрдім,
 Он бір жұлдыз қасында бірге көрдім.
 Он бір жұлдыз ол айға сөжде қылды,
 Тағбирін, ата, сізден сұрай келдім.

* Құранда Алла Тағала былай деп бұйырыпты: Расында да мен (түсімде) он бір жұлдыздың, күн мен айдың маған сөжде етіп жатқандарын көрдім.

Қаулаһу Тағала қала: — Йа, бунаййа, лә тақсус руйака ала ихуатика файакиду ләка кайдан*.

— Әй, ұғылым, бұл түсіңіз — мүбәрак түс,
Құдайым берер сізге нығмет уа күш.
Саған ғиззат уа рифғат қылар Сұбхан,
Һешкімге бұ түсіңді айтпағыл һеш.

Күншығыс, күнбатысқа кетер атың,
Алланың көрерсіңіз ғинаятын.
Ғаламға сенің атың мәшһүр болар,
Көрерсіз пайғамбарлық рисалатын.

Менім айтқан тілімді алғын, балам,
Сұбханыңа хамд, сәна айтқыл, балам.
Естісе ағаларың күндер сені,
Хорлық көріп жүрерсің, нанғыл, балам.

Басыңа бақыт, дәулет қонар екен,
Он бір ағаң қызметкер болар екен.
Патшалық, пайғамбарлық бәрі сізге,
Құдайым нәсіп қылып, келер екен...

*Фаслу** Мәлік бин Дұғар түс көргені*

Мысырда болған екен бір саудагер,
Үлкен бай, аты оның — Мәлік Дұғар.
Ғажайып ұйқысында бір түс көріп,
Тағбирін жорушыға қылды хабар.

Дұғар айтты: — Ұйқымда бір түс көрдім,
Түсімде саудаменен Кінған бардым.
Аспаннан күн түсіп бір жерлерге,
Жағалап ғад қиусын жүріп едім.

* Алла Тағала сөзін айтты: Әй, балам, түсіңді бауырларыңа айтпа, олар саған жамандық қылады.

** Фаслу /а/ — бөлім, тарау

Аспаннан ол күн келіп жерге түсті,
Етегімнің астына ол жабысты.
Етегімнің астынан өрлеп келіп,
Қойнымнан жоғары өрлеп, көкке ұшты.

Инжу-маржан жаңбырдай жауды көктен,
Кезек-кезек мен тердім екі етекпен.
Теріп-теріп сандыққа салып едім,
Сандық толып, үйіме сыймай кеткен.

Тағбиршы, осы түсті көрдім анық,
Қуанғаннан барамын ішім жанып.
Бұ түсім, қалайша түс, жорып берші,
Тағбиршы, естиін құлақ салып.

Тағбиршы жори берді түсін оның:
— Дәулетің өседі екен енді сенің.
Ғад қиусын жағалап жүрген болсаң,
Үстіне бір шығарсыз барша елдің.

Және сатып аларсыз бір жақсы құл,
Аузыңа бір қарайды оң менен сол.
Патшалардан дәрежең артық болар,
Қазынасынан Құдайым ашады жол.

Және иман Құдайың нәсіп қылар,
Қанша шаһар атыңды жұмла білер.
Дінді нәсіп қылады Тәңірім қалап,
Көңіліңе иман, шамғ нұры келер.

Пайғамбар болар, сатып алған құлың,
Мұныңнан мың хәсса өсер малың, пұлың.
Кәпірліктен құтылып, иман тауып,
Екі дүния рақатын бірдей алың.

* * *

...Сақи жатып бір күні түс көріпті,
— Жорушы бар ма? — деді хабар салып.

Жүсіп айтты: — Түсіңді жорыын мен,
 Не деген түс көріпсің, айтып көр сен.
 Сақи сонда Жүсіпке түсін айтты:
 — Жорытып білсең, әгар, ақылы кең.

Сақи айтты: — Ұйқымда бір түс көрдім,
 Түсімде үш бау жүзім сығып тұрдым.
 Қызыл алтын кесеге суын құйып,
 Ішіп қойды Риянға беріп едім.

Хабаз тағы: — Бір түсті көрдім, — депті,
 Төбеме нан көтеріп жүрдім, — депті.
 Нанымды алып Риянға беріп едім,
 Құстар келіп, басымнан талап кетті.

Екеуінің жорыды Жүсіп түсін,
 — Сақидың оңғарады Құдай ісін.
 Мәлік Риян — қылады сізді уәзір,
 Беріңіз, бұ түсіңнің сүйіншісін.

Хабазға айтты: — Қатерлі сенің түсің,
 Оңалмас мұнан былай қылған ісің.
 Кешікпей-ақ өлтірер Риян сені,
 Құстар жеп, ада қылар төннен басың...

* * *

...Бар құдай жарылқады Жүсіпті енді,
 Мәлік Риян патша бір түс көрді.
 Һеш адам біле алмады түс тағбирін,
 Падишаһ жұртты жиып айтып еді.

Құранда бұйырды қаулаһу Тағала:^{*} уа қалал малику инни
 әра сабға бақаратин симанин йакулунна сабғун ижаф уа сабға
 сунбулатин худрин уа ухара йа бисати йа аййуһа әл-Малау аф-
 туни фи руйайа ин кунтум лил руйа тағбурун^{**}

* Құранда Алла Тағала сөзімен былай бұйырды.

** Патша айтты: — Расында мен (түсімде) жеті семіз сиырды жеті арық сиыр
 жеп жатқанын және жеті жасыл масақпен басқа да құраған масақтар көрдім.
 Әй, жамағат, (патша төңірегіндегілер) түсті жори білсеңдер, түсімді жорыңдар.

Түсімде жеті семіз сиыр көрдім,
Берін де алдыма салып айдап жүрдім.
Бірінен соң бірін міндім жетеуін де,
Онан соң жеті арық сиыр көрдім.

Тіпті арық жеті сиыр түрі жаман,
Ілініп өлгелі тұр, бөрі һаман.
Жеті семіз сиырды жеті арығы
Жеп бітірді түк қоймай, бөрін тамам.

Және тұр жеті астау толы бидай,
Жеті астау және де тұр құрыдай.
Үш түйір бидай сонда жерде қалды,
Өзге бидай көкке ұшты бөрі бірдей.

Һеш адам түс мәнісін біле алмады,
Алдында бұрынғыдай күле алмады.
Жұрттың бөрі сандалды жори алмай,
Сөлемге уәзірлер де келе алмады.

Жұртына патша сонда ашу қылды,
Сол уақытта Сақи жүгіріп жетіп келді.
— Падишаһ, қаһарыңды қайтарыңыз,
Түс жорушы адамды білдім, — деді.

Мұны айтып ол Сақи көп өкінді,
Патша айтты: — Ойладың сонша кімді?
Басың шайқап осынша неге өкіндің?
Бұ ісіңнің мәнісін айтшы, — деді.

Сақи айтты: — Тыңлаңыз, шаһ жиһан,
Зынданда көріп едім ғабри ұғлан.
Бұ түсіңнің мәнісін сол біледі,
Данышпан жаратып-дүр Қадір Сұбхан.

Патша айтты: — Оны сен нағып көрдің?
Оның түс жоритынын қайдан білдің?

Сақи айтты: — Зынданда жатқанымда
Түсімді жорып еді, сонан білдім.

Айтқанының айнымай келді бәрі,
Періште сипатындай нұр дидары.
Өзі — ғалым, мінезі — жаннан артық,
Мақтай берсе, таусылмас онан әрі.

Сақи айтты: — Тәңірі тағдыр жаман,
Он екі жыл зынданда ғұмыр кешті.
Патша айтты: — Ендеше, баршы жылдам,
Менім түсім мәнісін сұрашы жылдам.
Қызмет қылып алдына тіке тұрып,
Мәнісін әбден сұрап келші жылдам.

Сақи айтты: — Баруға бата алмаймын,
Жүзім шыдап, жауапты қата алмаймын.
Сізге арызын айтпаққа уағда қып ем,
Енді жүзін көрерге бата алмаймын.

Сонда патша Сақиға айтады сөз:
— Сіз менім жауабымды есітіңіз.
Жақсы болса Тәңірден, біледі ол,
Ұялмай-ақ алдына барыңыз тез.

Сонда Сақи зынданға келіп жетіп,
Жүсіпке сәлем берді тағзым етіп.
Ұялып тұр бейшара төмен қарап,
— Қор болдым, — деді, — тақсыр, ұмытып кетіп.

Сонда Жүсіп Сақиға ғиззат қылды,
Ұялып тұрғанын анық білді.
— Не қылсам, маған Тәңірім өз күдіреті,
Сізде қате емес, — деп жауап қылды.

Жүсіпке айтты сонда Сақи тұрып:
— Патшамыз жаман састы бір түс көріп.

Жұрт жиылып, тағбирін біле алмады,
Мен айттым сонда сізді хабар беріп.

Қаулаһу Тағала Йусуф аййуһас сиддиқ афтина фи сабғи бақаратин симанин йакулунна сабғун ижаф уа сабғи сунбулатин худрин уа уахара йа бисатин*.

Жүсіп айтты: — Жеті жыл тоқтық болар,
Арзан болып, астыққа жаһан толар.
Онан кейін артынан жеті жылдай,
Дүнияға жаһан қатты тарлық келер.

Онан кейін берекет қайтып келер,
Дүнияға Рахман ием рахмат қылар.
Жесір қатын, жетім ұғыл мың қой айдап,
Уаллаһи ағлам арзандық, тоқтық болар...

29. ҚАРҚАБАТ

...Бір күн патша түс көріп,
Жинады жұртын сол замат.
— Айтайын түстің мазмұнын,
Тыңлағын, — деді, — жамағат.

Өлқисса, патша түс көріп, түсінде түрлі іс көріп, жұртын жинап алып айтып жатқан жері еді.

— Құлақ сал, жұртым, уәзірім,
Бір түрлі бүгін түс көрдім.
Бөріңе баян қыламын.
Көп жылдан бері құраған,
Есігімнің алдында
Байлапты мәуе шынарым.

* Алла Тағаланың сөзі: Жүсіп, әй шыншыл, жеті семіз сиырды жеп жатқан жеті арық сиыр және жеті жасыл масақ пен құраған масақ туралы пәтуа бер (түсіндіріп бер).

Біреуін алып жейін деп,
Мен ғаріп әуес қылғаным.
Көтерілді жоғары,
Болмады ила шығарым.

Жеткізбей кетті аспанға,
Құрыды шөлдеп дәрменім.
Біреуін алып жей алмай,
Тарқамай қалды құмарым.
Жақсылыққа жорындар,
Арт жағын қайғы қыламын.

Әлқисса, патшаның екі уәзірі болады, бірінің аты Дана, екіншісінің аты Зұлмат еді. Дана уәзірі оң жағында тұрушы еді. Бұл Дана патшаның сенімді уәзірі еді. Екінші уәзірі Зұлмат патшаны жаман көруші еді. «Патша өлсе, мен тағына ие боламын» деп тілеу тілеп жүріп еді. Дана Зұлматтан бұрын мен жориын деп, Дананың патшаның түсін жорып тұрған жері еді.

— Рас па, тақсыр, белгіңіз,
Жорылық мұны енді біз.
Байласа мәуе шынарың,
Бір ұл табар қатының,
Сүйінші, шаһым, беріңіз.
Әуелгіңнен сүйініп,
Кейінгіңнен күйініп,
Қапалы боп тұр көңліміз.
Мәуені қалсаң жей алмай,
Бола ма қысқа өміріңіз.

Тәуелдер болып залымға,
Тартармыз жапа көбіміз.
Мәуеңіз піссе түсінде,
Ер жетер өсіп ұлыңыз.

Ұзап кетсе алысқа,
Ажырар ұлдан шегіңіз.

Перзентің қашан өскенше,
Сандалар мекен-еліңіз.

Зарығып жүріп ақыры,
Ұлыңа тиер орныңыз.
Өз балаң сұрар орныңды,
Осыған келді жөніңіз.

Осылай деп патшаға,
Дананың айтқан нақылы.
Жалғыз-ақ патша өзі еді,
Жанашыр жоқ жақыны.

Халыққа патша боп еді,
Болған соң басым ақылы.
Тілеуі сол әркімнің,
Бөденің болсын ақыры.
Тілеуін беріп патшаның,
Болыпты жүкті қатыны.

* * *

...Бала туылған күні Зұлмат түс көріп, түсінде өзіне қауіп іс көріп, түсін айтып жатқан жері еді:

Түсін айтып падиша,
Халыққа қарап отырып.
— Жиылып келген халайық,
Ояндым бүгін шошынып.

Түсімде бала жолбарыс
Қалама кірді зорсынып,
Әскерді жинап ұрыспаққа,
Алдынан шықтым тосынып.

Ұрысуға әскер жарамай,
Айбатына шыдамай,
Шаһардан қашты жосылып.

Қолымда мада жолбарыс
 Ұмтылды соған талпынып.
 Ұрысар деп босаттым,
 Тұрған соң күшпен жұлқынып.

Аузын сүйіп аймалап,
 Қуанды оған қосылып.
 Әлгі бала жолбарыс
 Өзіме қайта ұмтылды,
 Әскерімді қомсынып.

Қолымда мада жолбарыс,
 Көлденең тұрды ол шығып.
 Араға түскен ұқсады,
 Көзінің жасы жосылып.

Сыйлады соны шамада,
 Тұрып ем жаман қорқынып,
 Дақ салмай кетті жайына,
 Ойлап ем белді опырар.
 Жақсылыққа жорыңдар,
 Көрмесем еді қоршылық.

Әлқисса, Дана халыққа: «Патша ашуланбаса, мен жоримын», — деді. Сонда халық шу ете қалды: «Дана, көңіліңе тура келген жерін жоры», — деді. Жұрт Данаға сеніп, патшаның түсін тура жорып тұрған жері еді:

— Рас па, тақсыр, шыныңыз,
 Жорыық енді мұны біз.
 Жолбарыс көрсең түсінде —
 Болмайды жақсы түбіңіз.

Бір бала сізбен соғысар,
 Сізге айтқан, патша, сырымыз.
 Сол бала сұрар орныңды,
 Осыған келді түріңіз.

Әскерің қашса жосылып —
Жау болар сізбен жұртыңыз.

Араға түссе түсінде,
Жолбарыс мада гүліңіз,
Аузын сүйсе аймалап —
Қосылар соған қызыңыз.
Өлімнен қызың ап қалар,
Ойланып мұны жүріңіз.
Айыпқа, патша, бұйырма,
Кетпесін ұстап жыныңыз...

30. ҚИССА ҚЫРЫҚ УӘЗІР

...Әй, патша, бұ күн өзім бір түс көрдім,
Көргенде оны мен көңіл бердім.
Айтпақ парыз, есітпек сізге уәжіп,
Уәзірдің хайла-мәкір сөзін тердім.

Патша: — Естиін оны, — деді,
Қатын айтты: — Жалған деме мені, — деді,
Бір доп ұстап тұр екесіз, өзі алтын,
Артық-дүр бұ ғаламнан сыны, — деді.

Бұл допты ойнайсыз аспанға атып,
Бала сізден сұрайды таңырқатып.
Сұрағанда сен оған бермеп едің,
Ол допты пәре қылды таспен атып.

Қайран боп, алысырақ барып тұрдым,
Мен саған сынықтарын жиып бердім.
Сен оған қайран болып тұрғаныңда,
Оянып, орнымнан тұра келдім.

Патша айтты: — Не болар тағбиірі?
Қатыны дәл өзіне жүреді енді.

— Қолыңда ұстағаның бір алтын доп,
Қараған қол астыңда халқың, — деді.

Қолыңнан тартып алған мәнісіні,
Әй, патша, мен айтайын енді аны:
Бір күні ғашық болған өз балаңыз
Алсам деп халалдыққа енді мені.

Атамды өлтіріп, алам мемлекетін,
Астындағы аламын алтын тахытын.
Мен оған бой бермедім айтқанына,
Баланың көрген шақта ғаламатын.

Айтқанынша мен сені өлтірсем,
Бала сөзін жеріне келтірсем.
Бұ күнгеше өз ісін көрер еді,
Балаға тағат қып бой берсем.

Ол допты сындырғаны таспен ұрып,
Әгарда патша болса деген құрып.
Халқын тамам хараб етпек екен,
Ғылымдық болмаған соң, Құдай ұрып.

Ләңке менім жиып бергендерім,
Бой бермей, сені қабыл көргендерім.
Мен айтпасам, қолыңнан кетер едім,
Мен саған жақсылық қып жүргендерім...

* * *

...Бір түс көрдім мен бүгін жаман, — деді,
Қырық басы бар аждаһа, инан, — деді.
Басы оның зәһарлы болған екен,
Артында көп әскері толған, — деді.

«Тахтыңменен жұтам, деп, сені», — деді,
Үш мәртебе қасыңа келді, — деді.
«Зәһарды саған таман шашамын», — деп,
Қорқытты көріп тұрған мені, — деді.

«Уәзірдің сөзін алып өттің, — деді,
Қатыныңның ақылын неттің? — деді.
Тахытыңмен сені жұтам», — деп тұрғанда,
Қорыққанымнан оянып кеттім, — деді.

Патша айтты: — Тағбирі не болғаны?
Қатын айтты: — Жүресің енді, өні.
Ол аждаһа — көргенім ұғылыңыз-дүр,
Өлтірмекке ойлаған енді сені.

Қырық басы — қырық уәзір оның, — деді,
Жылан әскер-ғауам халқыңнан, — деді.
Зәһарды саған шашпақ тілегені —
Тахытыңды алмақ еді сенің, — деді.

Қышқырғаным менім — саған сиясатым,
Сақтанып, менім тұт насихатым.
Бір патша менен Шолханың сөздеріне,
Сенің маған ұқсайды хикаятым...

31. ҚИССА ТАҒИР—ЗҮҒРА

...Бір-біріне шиғыр айтып жүрген екен,
Сөйлесіп бет пердесін түрген екен.
Зүһраға шиғырмен айтар болды,
Ол түні Таһир бір түс көрген екен.

Көрген түсі бұл екен ұйықтап білген,
Түсінде ғашық болып тағы жүрген.
Үйден шығып, Зүһраға барам десе,
Алдынан бір қара ит қарсы келген.

Жиырма қара төбет қамалаған,
Таһирды қабамын деп абалаған.
Иттен өтіп күшпенен кетемін деп,
Қолындағы ағашымен сабалаған.

Бір ұрғашы ит шыға келді тағы және,
О дағы талар болды келе сала.
Таһир енді қайран боп қарап тұрды,
Һәрбір күйге салады Хақ Тағала.

Екі ит таламаққа аузын ашты,
Таһир енді шарасыздан кейін қашты.
Артынан ол екі ит қуды және
Оянып, қорыққанынан көзін ашты.

Ол түсін көңілімен білді жорып,
«Бір дұшпан аңдыды ғой мені қорып».
Зүһраға көргенін білдіргелі,
Шиғырмен бұлай деді жылап тұрып.

— Бүгін бір түс көріпшін,
Қайран болып тұрыпшын.
Алтын сарай ішінде,
Зар-сәргардан жүріпшін.

Зүһражанға барам деп,
Жолға қадам салыпшын.
Иттер келіп қамалап,
Ғажиз болып қалыпшын.

Иттер келіп қасыма,
Жан-жағымды қамалап,
Қас қылады басыма.
Қанша ұмтылып қарасам,
Бара алмадым һәр жаққа.
Екі ит хамлә қылады,
Бір жағымнан бір жаққа.

Әлқисса, Зүһра сұлтан Таһирдің түсін жорып, бір назым айтқаны.

— Таһир, түсің қара екен,
Мүшкіл ісің бар екен.

Ғаріп басың қиындық
Көрер күні бар екен.

Көрген итің — дұшпан ол,
Арамызға түскен ол.
Екеумізді күзетіп,
Көп сырларды шешкен ол.

Сені менен айырар ол,
Қанатымнан қайырар ол.
Мұңды басты ғаріпке
Көп залымдық қылар ол...

32. ҚИССА ҚЫЗ ЖІБЕКТИҢ ХИКАЯСЫ

...Шақырып алды Қыз Жібек
Өзінің жақын жеңгесін,
Омырауда алтын теңгесін.
Сырласатұғын жерінде,
Келтірмейді екен өңгесін.

— Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,
Мінезің еді өңгеше-ау.
Төлегенге барып кел,
Тілімді алса, жүрмесін.
Ата-анасы бар ма екен,
Жал-құйрығы сай ма екен.
Иә, болмаса, Құдай-ай,
Бір қаңғырып өскен қу ма екен?

Атасының аты кім болар,
Анасының аты кім болар.
Сұрап келгін, жеңеше-ау,
Қандай заман, күн болар.

Мен бір бүгін түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім.

Төлеген мінген көк жорға ат
Ер-тоқымсыз бос көрдім.

Ел жайлаған Ақжайық,
Жағалай біткен бидайық.
Алдымда жанған шырағым,
Біреу үрлеп өшіріп
Көзімнен болды сол ғайып.

Қолымдағы түйғынның
Заулап келіп аспаннан,
Желкесін қиды бидайық.
Пендем десең, Құдай-а,
Бұ түс емес еді ғой
Көруге маған лайық.

Айналайын, жеңеше-ау,
Төлегеннің мен білдім
Бір кеткен соң келмесін.
Жарық дүние опасын
Білдім көзге ілмесін.
Мұнан кетсе Төлеген,
Білгізді Құдай мен қуға
Бұ жерді қайтып көрмесін.
Мұндай қорлық, жеңеше-ау,
Тірлігінде Құдайым,
Еш пендеге бермесін...

33. ҚЫЗ ЖІБЕК

...Бір Құдай әр пендеңді өзің оңда,
Айналды жұлдыздары енді оңға.
Түс көрді Жібек түнде ұйықтап жатып,
Айтады Сансызбайға тұрып сонда.

— Түсімде бір топ қарға көрдім, — дейді,
Соңынан бір түйғынның ердім, — дейді.

Тұйғын қырып сап қылды көп қарғаны
Қызығын тамаша қып тұрдым, — дейді.

Сонда Сансызбай түсін жорыды:

— Қалмақтың көп әскері келеді екен,
Құдай біздің тілекті береді екен.
Қарға қырған тұйғының мен екенмін,
Келген қалмақ бәрі де өледі екен...

IV. Қазақ ырымдары

1. «Айналмақ» деген өзін-өзі садақа етіп, құрбандыққа қиятын ырым екен. Өзін біреудің жолына құрбан еткісі келген кісі ауырып жатқан науқасты үш айналып шығуы керек. Қазақтың жақсы көрген адамын «айналайын» деп атайтыны осыдан шыққан.
2. «Алапесті үйге кіргізбе, құйрығын жерге тигізбе» дейді. Алапес, қазақ ұғымында, ем қонбайтын дерт. Ниеті бұзық, пиғылы тар адамдарды да алапес деп жек көреді.
3. «Көкпардың еті ауруға мың да бір ем болады» деп ырымдап, ауыл-аймақтың барлық адамы оны бөлісіп татады.
4. «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» дейді. Ырымы жасалмай ұзатылған қызды, оны алған күйеу жігітті ананың ақ сүті, атаның ары мен кәрі атады деп ырымдалады.
5. «Сәбиге көз тимесін» деп бетіне күйе жағып, өңіріне әр түрлі жылтыр түйме, тана, тиын т.б. тағып қояды.
6. Ағайынды кісілер араздасып қалса, басқа бір туысы ақ дастарханына шақырып, дәм сыйлап, татуластырады. Кейде араздасқандар бірін-бірі шақырып, дәм береді. Онысы — түгі жығылып жүрсін, таспен ұрғанды аспен ұр деп ұйғарғаны.
7. Ағаштың жапырақтары жайлап түсетін болса, қыс суық, әрі ұзақ болады.
8. Ағын суға кір шайқамайды, кірдің суын төкпейді. Өйткенде, «судың басы су, аяғы у» болады, судың киесі атады дейді.

9. Ағын суды беталды бөгемейді. Бөгесе, жол болмайды деп жориды.
10. Адам кіндік қаны тамған ата жұртынан басқа жаққа қоныс аударып барғанда сол жерге бірден үйрене алмайды. Жат жердің суы, ауасы жақпайды деп кіндік қаны тамған жерден топырақ ала кетеді де, барған жерінде суға шомылдырып ішіседі. Сонда жат жерге тез бауыр басып кетеді деп ұйғарады.
11. Адам қайтыс болған күннің түнінде туыстары, ауылдастары жиналып, мәйітті күзетеді. Онысы — егер адам талып қалған болса, тіріледі деген үмітпен күткені. Өлген адам аруланып, ақыретке оралғанға дейін сайтан аралап немесе мәйітті перілер ұрлап кетпесін деп сақтанғаны.
12. Адам қайтыс болған соң, мәйіт көмілмей тұрғанда, көп жылауға болмайды. Көп жыласа, көрі көз жасына толып кетеді деп жориды.
13. Адам қатты ауырғанда, басына күн туып, бағы тайғанда, қауіп-қатерге жолыққанда, Алладан медет сұрап, ақсарыбас қой сояды. Пәледен құтқар деп тілейді.
14. Адам құлағы шуылдағанда жанындағы кісі дәл тапса, оны біреудің мақтағаны, ал таба алмаса, жамандағаны болып шығады.
15. Адам өлгенде жетісінде, қырқында жеті немесе қырық шырақ жағады. Шырақ арналып жағылған адамның қабірі жарық тұрады деп жориды.
16. Адам өлім алдында жанталасып жатқанда жанында әйел адам тұруға болмайды.
17. Адам түшкірсе, «жәрікімалла» дейді.
18. Адамға немесе малға біреу сұқтанып қараса, көз тиеді деп түкіртеді.
19. Адамдар ит дайрағын көргенде үш рет «тфу-тфу-тфу» деп түкіріп өтеді. Өйтпесе нас басады деп жориды.
20. Адамның алақаны қышыса — ақша ұстайды, табаны қышыса — жол жүреді.
21. Адамның қабағының арасындағы қыртысы қанша болса, ол сонша рет үйленеді.

22. Адамның құлағы шуылдаса, қазақ екі түрлі ырымға жатқызады. Сол құлағы шуылдаса — өлімнің хабарына жориды. Жақын-туыс, ағайын-алаш, құда-жекжат, ауылдастардан біреу өлген екен деп ойлайды да, «оң құлағым, оң құлағым» деп үш рет айтады. «Жақсылыққа көріне гөр» деп тілеу тілейді. Оң құлағы шуылдаса — қуанышты хабарға жориды. «Оңына бастай гөр» деп, оң құлағының түбін оң қолының бас бармағымен үш рет қағады. Онысы — жақсылық орнықты болсын дегені.
23. Адамның қызыл меңі көп болса қызы, қара меңі көп болса ұлы көп болады деп жориды.
24. Адамның оң көзі қимылдаса, қуаныш болады, ал сол көзі қимылдаса, қорқыныш болады дер. Ал аузы қимылдаса, біреумен сөйлесемін деп ойлайды, аяқ қимылдаса, жол жүремін деп ойлайды.
25. Адамның, малдың құлағына ауызды тақап тұрып айқайламайды. Құлақтың пердесі жарылып, саңырау боп қалады, миға зақым келеді деп жорылады.
26. Айдың мүйізі үшкір болса, ауа райы жақсы болады, ал мүйіздері шалқақ болса күн бұзылады.
27. Айт күні ренжуге болмайды. Жайраң қағып, жылы шыраймен, ыстық жүрекпен, тасыған мереймен жүреді. Айт күні ренжісе, келесі айтқа дейін ашу тарқамайды деп жориды.
28. Айт мейрамы кезінде кір жууға болмайды. Өйткені айт — қазақ халқының діни мейрамы, қасиетті мерекесі.
29. Айттан бұрын үй тазаланады. Ескі-құсқыны, кетік ыдыс-аяқты тастайды. Айт күні жаңа нәрселер ғана істеледі. Онысы — жаңа дүние көбейсін, бақ орнасын дегені.
30. Ақ болып ауырған малды қасқырдың бас сүйегімен қағып ұшықтайды. Бұнымен қасқырдың киесі дертті қуады деп сенеді.
31. Ақ түйе Меккеге, қажылыққа жүрерде, тасаттық бергенде, ханды таққа отырғызғанда сойылады. Халқымызда «ақ түйенің қарны жарылғанда» деген мәтел содан қалған болса керек.

32. Ақпанда жұлдыз жиі көрінсе, қыс ұзаққа созылады. Жұлдыздар жымындаса, боран соғады, жарқыраса, аяз болады деп жориды.
33. Ақтың жұғындысын адам жүретін жерге, ағын суға төкпейді.
34. Алғашқы некеге пайдаланылған бұйымдар бұзылмайды, той киімдері сөгілмейді. Себебі, бұлай етсе, тату неке бұзылады не адам өледі, көңіл жыртылады, араға суық түседі, ыстық құшақ суиды. От жүректе тұтап, өрт кеудеде лапылдап тұрған махаббат сезімі өшеді, әуелі адамдар бір-бірімен жауласады, бітпес дау басталады деп ырымдалады.
35. Алдыға келген асқа мін тағып, жамандамайды. Ішкісі келмеген жағдайда «асыңа разымын» деп ықылас білдіреді. «Ас — адамның арқауы» саналады. Асты жамандаған аштан өледі деп жориды.
36. Алдыға қойған асты қастерлеу керек. Табақпен ас келгенде өзінің алдынан ғана алуға тиіс. Басқалардың алдына қол созбайды. Бұлай істеу — ырыздыққа таласқандық болады. Адамның өзіне бұйырған ас — Құдайдың берген ырыздығы саналады.
37. Алыс жолға шыққан адамдар қара шаңырақтан немесе үлкен кісінің үйінен дәм татып аттанады.
38. Алыс сапарға шыққанда жолға сары май, тұз алып шықпайды. Оның мәнісі — жолым сарғайып, зарықтырмасын, тұздай ашты азап тартпаймын деген ниетті бейнелегені.
39. Аңдағы бірінші олжа ешкімге сыйланбайды, бірінші олжа қоян, ал кейінгісі қасқыр немесе түлкі болса да солай етеді.
40. Аң аулауға алғаш шыққан адам тұңғыш олжасын басқа біреуге сыйламайды. Онда қанжыға құрап құр қалады, қанды болмайды, жол болмайды. Бақ пен несібе басқаға кетеді деп ырымдалады. Ал келесі саятта олжасын дос-жаран, туған-туыстарына сыйлауға болады. Мұның мәнісі — әр қандай істің бастамасы өзімнен болсын. Жақсылығы да, жамандығы да басқа-

ға көшпесін деген ниеттен туған ырым. Мұның түп-төркіні — дүниеқұмарлық емес, жақын кісілері сол олжадан бақытсыздыққа ұшырамаса екен деген тілектің нышаны.

41. Аңшылар далаға түнесе, өзі жатқан жерді айналдыра сызып қойып жатады. Шеңберге бөле-қаза, жыртқыш аң жоламайды деп ұйғарады.
42. Аптаның сейсенбі, жұма күндері қазақта жолға шықпайды, ағаш кеспейді. Ал жолға шығу қажет болған жағдайда бір затты не ақшаны (жеті, он, қырық теңге) жолға тастайды.
43. Арқан-жіп ескен кезде жасөспірім балалардың керілген жіптің астынан өтуіне тыйым салынады. Бойы өспей тапал болып қалады деп жориды.
44. Арқан-жіп ескенде кейбірінің жібі ширамай, селкеу қалса, жұбайы болбыр, бос белбеу — бота тірсек болады деп ырымдайды.
45. Ас үстінде қолын сілкімейді. Бұлай істегенде, ас сілкінеді, дәм-тұз атады.
46. Асқа келген ел қайтар алдында жиылған жұрттың бір ақсақалына қаралық байланған ағашты сындыртып тастайды. Бұл — өлім осымен үзіліп тынсын дегені. Бұл кезде әйелдер мен қыздар ең соңғы жоқтауын айтады. Жылы (асы) берілген адамға онан соң жоқтау айтпайды.
47. Асқа немесе тойға толтырылып қымыз әкелген саба біржола сарқып босатпайды, түбінде міндетті түрде бір ожау болса да қымыз қалуы керек.
48. Асқа пісірілген жауырынды мұжып болған соң, соған қарап жол ашатын салт бар. Бұл салтты әйел кісінің жасауына болмайды.
49. Асқа сойылған малдың етінен үй иесі дәм татпай тұрып қан-жынын итке жегізбейді. Адал малдың етін иман айтып жемей тұрып, қан-жынын ит жесе, адал несібе арамданады, ас дәмі бұзылады деп ырымдалады.
50. Асқа, тойға, мереке-мейрамға бағышталып сойылған малдың еті сол үйдің адамдары ауыз тимей тұрып,

- басқаларға берілмейді. Қанын итке иіскетпей көміп тастайды. Бұл — жақсы тілеу басқаға аумасын, оң тілек ит-құсқа жем болмасын дегені. Сондықтан мұндай кезде ылғи да нысаналы мал сойылады. Дені сау көк қасқа тай, ақ сары бас қой, атан түйе, атан өгіз, ту бие секілді. Сондай мал сойылған соң қасиеті кетпесін дегені.
51. Асқа, тойға арнайы әкелінген қымызы толы сабаны түгел сарықпайды. Түбінде азғантай болса да сарқыт қалуға тиіс. Себебі, саба кеуіп, семіп қалмасын, саба кепсе, малдың желіні семіп, сүті тартылады, құт-береке кетеді, сарқыт ішер жан қалмайды деп ырымдалған.
 52. Аспаннан ағып түскен жұлдызды көрген қазақтар «менің жұлдызым жоғары» дейді.
 53. Асты оң қолмен алып жейді. Шыны ұсынғанда немесе біреуге бір нәрсе бергенде, оң қолымен береді, оң қолымен алады. Бұл — ісім оңға бассын дегені.
 54. Астың соңында ат бөйгесі, жорға жарыстыру, балуан күрестіру, көкпар тарту, теңге ілу, қара ату сияқты ұлттық ойындар өткізіледі. Бұл — қайғының соңы қуанышқа, астың соңы той-думанға ұласа берсін дегені.
 55. Ас-тамақтан, жел-құздан, иіс-қоңыстан ұшынған адамдарды ұшықтау ертеден келе жатқан емдеу тәсілі. Жығылған адамның бір жері ауырып қалса да, сол жерді: «Кет, пәлекет, кет», «Ұшық-ұшық» деп ұшықтайды. Науқас адамды күн батар алдында жерге жатқызып ұшықтап, үйге әкеліп жылы жауып тастайды.
 56. Ас-тұзды төгіп шашпайды. Кесірлі кесапат сөздерді айтпайды. Нан тептілік істемейді. Бұл — ашаршылық тартпасқа, тоқшылық қадіріне жетеді дегені.
 57. Ат жер тарпып тұрса, жақсы жолды көксегені. Алыс сапар басталады. Мұны жылқы жер көксеп тұр деп жақсылыққа жориды.
 58. Ат құйрығын кеспейді, неге десеңіз, адам өлгенде ат талдап, құйрығын кеседі, соған ұқсамасын дер.
 59. Ат үстінде тұрып шіренбейді. Бұлай істеу — әулекіліктің, дарақылықтың белгісі деп біледі жұрт.

60. Атпен келе жатқан адам бейіттің қасынан шауып өтпейді. Қайта іштей дұға оқып, әруаққа сиынады. Оң аяғын үзеңгіден шығарып, «Қиямет жақын, қиямет жақын» деп тәуба етеді, әйтпесе, әруақ атады деп нанады.
61. Атты кісі бейіт тұсынан шауып өтпейді. Бұл әруақты сыйламағанның қылығы. Сондықтан әруақ атады, сайтан жабысады, әруақ соңынан қуалап үйге келеді деп ырымдайды.
62. Аттарының жалы оң жағына қарай жығылып жатса, оны мінген кісінің жолы болады деп жориды.
63. Ауа райының құбылысы да әртүрлі ырыммен парықталады. Күн тұтылса — мұсылманға, Ай тұтылса — көпірге көрінеді, патшалары өледі деп жориды.
64. Ауылдан атқа мініп аттанғанда артынан ит ере шықса, қуалап зорлықпен кері қайтармайды. Өйткені ит иесіне опадар. Мүмкін, жолы болар, сапары оң болар деп, жақсылыққа жориды.
65. Ашық күні дауылды жел соқса, артынан жаңбыр болады.
66. Аюдың жүнін, тырнағын, тісін бесікке, киелі киімге тұмар етіп тағады.
67. Аяқ киімді төңкеріп қоймайды. Шешкеннен кейін қатарлап қояды. Төңкеріліп қалса, оңынан қайта орналастырады. Бытырлатып шашып тастауға да болмайды. Аяқ киім төңкеріліп қалса — иесі қайғыға ұшырайды деп ұйғарылады. Шашылып жатса, жолы кесіледі.
68. Аяқты көкке көтеру — жақсы қимыл емес, оспадарлық. Онда аспаққа асыласың, аяғың көктен келеді, үйге өлім-жітім, қорада мал шығыны болады, Көк төңірі шамданады деп жорылады.
69. Әдетте басқа ауруды да үшкіріп, ұшықтап емдейді. Үшкіру де емдеу тәсілінің бір түрі. Емші дұға оқып, «сүф-сүф» деп үшкіреді. Емделуші сол үшін оған мал, орамал секілді садақа береді. Онысы — аурудың жолы болып тез оңалсын дегені.
70. Әдетте бұта-бүрген, ши түбіне саритын ит үй іргесіне сарыса «құт құйды» деп ырымдалады. Қазақ ырымында ит опадар саналады. Жеті қазынананың біріне қосылады.

71. Әдетте қазақ түйені басқа ұрмайды. Өйткені түйенің басында жылды бастайтын бақыты тұрады деп жориды.
72. Әйел адам жолды кессе, ер азаматтың жолы болмайды.
73. Әйел адам қайтыс болса, әйелдерге ине-жіп үлестіреді. Бұл — ауыл әйелдері арасында әдетте ине-жіп ауысу жиі кездесетіндіктен, сол ауыс-күйістен қалған қарызы болса, мойнында кетпесін, ол дүниеге қарыз арқалап бармасын дегені.
74. Әйел ат талғамайды. Әйелдің қолы жеңіл, ат жазым болады деп жориды.
75. Әйел аттылы ер адамның жолын, үлкендердің алдын кесіп өтсе, бақытсыз жағдайға душар болады.
76. Әйел биязы, сыпайы, жібектей есіліп тұруы керек. Үйішінің мүлкін, ыдыс-аяқты салдыратпауы қажет. Адам тамақ ішетін ыдысты «ит аяқ» деп атамайды. Бұлай атаса — ыдыстың ырысы қашады, адамның дәм-тұзы төгіледі.
77. Әйел босана алмай қиналғанда, әйелді «қара басты», «нас басты» деп біліп, сыртынан иір мүйізді қошқарды айналдыру, басынан бүркітті айналдыру ырымы болған.
78. Әйел еш уақытта еріне қол жұмсамауы керек. Күш көрсетіп, таяқпен сабамайды немесе таяқ ала жүгіріп, сес көрсетпеуі тиіс. Ұрысқанда тілдеп, бетіне түкірмейді. Бұлай істеген әйелдің ақ некесі бұзылады, өзінен-өзі талақ болады деп есептейді.
79. Әйел кісі итке тас лақтырмайды. Бұлай істесе, құты қашады. Ит — жеті қазынаның бірі, шамданады. Әйел қолының берекесі қашады, ырысы кетеді деп ырымдалады.
80. Әйел мал бауыздамайды. Басқа амал болмаған жағдайда тіреуішке мініп тұрып бауыздайды. Өйткені әйел мал бауыздағанда сескенеді. Сескеніп бауыздаған малдың еті мәкіру саналады.
81. Әйел отынды ошақтың үш бұтының үстінен асырып жинап қойса, күйеуі басқа әйелге үйленеді.
82. Әйел пышақ қайрамайды, жаниды. Пышақ қайраса, еркегінің сағы сынады деп жорылады.

83. Әйел толғатып, қиналып жатқанда қыздар жағы жылдамдатып қазан қыздырып, «қатын бұрын туа ма, қазан бұрын қыза ма» деп бидай қуырады. Қуырған бидайды бала-шағаға үлестіреді екен.
84. Әйел толғатқанда үй ішінде ілулі тұрған заттардың бәрі алынып тасталады. Сандырақтардың аузын ашып қояды. Осылай істелсе, толғақ жеңіл болады, жолдың бәрі ашық, ақ ниетпен тілеу тілеп тұр деп ырымдалады.
85. Әйел, не еркек жұмыс істеп жатқан үйге келгенде қолғабыс жасамаса, баласының белі бүкір болады.
86. Әйелге бүйірін таянып тұруға болмайды, өйткені күйеуін жоқтаған әйелдер ғана солай істейді.
87. Әйелге түнде суға баруға болмайды, өйткені қорқып, шошыма ауруына ұшырауы мүмкін.
88. Әйелге шашын жайып жүруіне болмайды. Өйткені қаралы әйел ғана шашын жайып жіберетін болған.
89. Әйелге шашын отқа тастауына болмайды. О дүниеде Құдай әйелдер мен қыздардан «саған берген шашымды қайда тастадың» деп сұрайды. Әйел тарақ жүзіндегі шашты жинап, аяқ баспайтын жерге қоюы керек.
90. Әйелдің екіқабат кезінде жерігі қанбаса, баланың аузынан су ағып жүреді.
91. Әйелдің қарнына жағылған майды «Құдай оттай заулат» деп отқа құяды. Бұдан бала алғыр, ержүрек болады десе керек.
92. Әке мен бала қол алысып амандаспайды, құшақтаспайды. Әкесі тек баласын құшағына алып бетінен, маңдайынан иіскейді.
93. Әкесі бар бала қолын төбесіне қойып, төр алдында шалқасынан жатпайды. Бұлай істесе — әкесіне наразы болып, өлім тілеп, зауал әкелгелі жатыр деген жаман ырымға жорылады.
94. Әкесі тірі адам төрге шықпайды, бас ұстамайды. Бұлай істесе, әкесі өледі деп ырымдалады.
95. Өтеш пен тауық бірігіп шақырса, жаман ырымға баспайды. Ондай жағдайда тауықты сойып тастау керек.

96. Байғыз — түнде ұшатын құс. Ол шаңыраққа қонып шақырса, жаман ырымға жатқызады. Көсеудің басын отқа күйдіріп: «Жамандық қара басыңа көрінсін!» деп отпен аластайды. Байғыздың шаңыраққа қонуы — қара түнде қара ниет тарататын сайтанның сілтемесі деп қарайды. Бұл сол үйдің шаңырағын шайқайды деп, жаман ырымға балайды. Байғыз қонақтап кеткен жерде бір тамшы қан қалады дейді. Байғызды отпен аластаудың себебі — артында сайтан қалмасын, сайтан оттан қорқады деген нанымнан шыққан. Байғыз қонған шаңырақта қан дағы байқалса, сол шаңырақты шағып, отқа жағады. Әйтпесе бұл шаңырақтан пәле артылмайды деп ұйғарады.
97. Бала алғаш жолға шыққанда тоқымқағар жасап тойлайды.
98. Бала бесіктен шыққан соң бесікті тазалап сүртіп, бетін жауып сақтап қояды. Бұл — бесік ұрпақ шақырады, келешек ұрпақ тезірек келсін деген ырым. Сонымен қазақ өзіне жаққан бесікті ұрпақтан-ұрпаққа сақтайды. Атасы жатқан бесікке немерелері жатады.
99. Бала бөленген бесіктің үстіне жеті нәрсе (шапан, кебенек, тон, жабу, жүген, қамшы және бесік көрпе) жабады. Кебенек пен қамшы — ел қорғайтын ер болсын деген тілекті білдіреді.
100. Бала емізіп отырған әйел омырауын басқа кісілерге көрсетпеуі тиіс. Баланы қалқалап отырып емізеді. Бұл кезде сөйлемейді. Себебі, басқаның көзі омырауға түссе — емшегі ісінеді, сыздауық шығады деп ырымдалады. Ал сөйлесе, бала шашалып, қолқасы қабынады да, ауруға шалдығады.
101. Бала көкжөтелмен ауырса, көк ат мінген жолаушының жолын тосып: «Көлденең көк атты, көкжөтелдің емі не» деп сұрайды. Ол қандай ем айтса, соны ауру балаға қолданса, шипа болады дейді.
102. Бала көрмей немесе бала тұрақтамаған кісілер қырық үйден қырық құрақ жинап, соны құрап, содан балаға ит көйлек тіккен. Ырым ғып балаға соны кигізген.

103. Бала көтермей жүрген әйел жаңа туған күшіктердің үстінен аттайды. Егер әйел аттаған соң күшіктердің бірі өлсе, «әйел жүкті болады екен» деп ырымдалады.
104. Бала қаспақ жесе, үйлену тойында жаңбыр жауады.
105. Бала туылғанда ұл болса, «ат ұстар», қыз болса, «қырық жеті» деп хабарлап, баланың әкесінен, атасынан, нағашы жұртынан сүйінші сұрау ырымы болған. «Қырық жеті» — қызды қалың малға беруге болатын, жат жұрттың адамы дегені.
106. Бала туылысымен оны жерден көтеріп алатын адам көп ұрпақты, жайдары, жарқын мінезді, мейірімді әйел болуы керек. Себебі бала өзін жерден көтеріп алған адамға тартады деп ырымдайды.
107. Бала тұрмай, шетіней берген жағдайда оны басқа адам өтірік сатып алады.
108. Бала тілін шығарса, тіл келеді, яғни хабар келеді деп жориды.
109. Бала тісегенде түскен тісін шидің арасына тастайды. Бұл — қайта өскен тісінің түбі берік болсын дегені.
110. Бала үнемі жастықтың үстіне ұйықтайтын болса, кейін ол ел басқаратын көсем болады, ал көрпені тұмшалап, оранып жатса, есейгенде ынжық, жігерсіз болады. Бүк түсіп ұйықтайтын болса, уайымшыл, қайғышыл болады. Етпетінен жатып ұйықтайтын болса, қызғаншақ немесе ойшыл адам болады. Қол-аяғын төрт жаққа созып, бей-жай ұйықтайтын болса, төрт құбыласы тең кемеңгер әрі батыр болады деп ырымдаған.
111. Бала шошынып, ауруға шалдығады деп ырымдап, нәрестенің бетіне ай сәулесін түсірмейді. Қырқынан шыққанша түнде алып жүрмейді.
112. Балаға ат қою қазақта кілең тілекпен, үмітпен астасып жатады, «Нұрсұлтан» атаса, жүзіне нұры жайнаған, дархан сұлтан болады. «Дінмұхамед» десе, дін қолдаған иман жүзді адам болады деп ырымдайды.
113. Балаға бұғана қабырғаны мұжытпайды. Бұлай істесе бойы өспей, тапал боп қалады деп жориды.
114. Балаға қарғыс өтпеу үшін үш кемпірдің бұтының арасынан өткізіп алады.

115. Балаға қойылған кейбір атты өте ауыр деп сезінетін жай да бар. Мысалы: «Мұхаммет» аталған бала балиғатқа толғанша «Ахмет», «Мұқан», «Мұқаш» деген секілді жанама аттарды қолданады. Бұл баланың өмір-жасы ұзақ болсын дегені.
116. Балаға сойылған малдың бүйені мен өкпесін жегізбейді. Қуырдаққа басқа етпен қосып пісірілгенде жеуіне болады. Тек өзін ғана жесе, бала сылтаушыл, жалқау, өкпешіл болып кетеді деп жорылады.
117. Балаға шешен болсын деп таңдай жегізеді.
118. Балаларды ит болып үріп ойнауына тыйым салады. Бұлай істесе, ұрпақтың берекесі кетеді деп жориды.
119. Баланы ана құрсағындағы кезінен бастап анасы арқылы күтімге алып қастерлейді. Бала аман-есен дүниеге келіп, көзін ашқанша ананы қорлайтын, жазалайтын қылықтарға тыйым салады. Мұндай қылықтар құрсақтағы балаға да қаратылады, дүниеге келмеген кінәсіз нәрестені қорласаң, ұрпақсыз қаласың деп ырымдайды.
120. Баланы асырап алғанда ер балаға — асықты жілік, қыз балаға тоқпан жілік ұстатып, көпшілікті бұған куә етеді.
121. Баланы бесікке салып жатқанда барлық әйелдер үн шығармай жым-жырт отырады. Сөйлеп қойса, бала жылауық, есейгенде өсекші болады деп ырымдайды.
122. Баланы ожаумен ұрса, ырыс, несібе кетеді дейді.
123. Баланы сүндетке отырғызғанда сертпені тастамай, киіз үйдің құрулы тұрған шиінің басына іліп қояды. Бұл — бала ержетіп, отау тіккенде босағасы берік болсын деген ниеті.
124. Баланы сыпыртқымен, көсеумен ұрмайды. Бұлай істегенде балаға пәле жабысады, қырсық шалады деп ырымдалады.
125. Баланың желкесі шұқыр болса немесе желкесінен сүйсе, қырсық, кесір болып өседі.
126. Баланың ит жейдесін далаға тастамайды, біреуге бермейді. Себебі, нәрестенің бақыты сол жейдені киген күннен басталады, сол жейде сол бақытты сақтайды деп

- жориды. Әуелі, бұрынғы заманда дауға барған адамдар, жауға шапқан батырлар баласының ит жейдесін қойнына тығып ала жүрген. Себебі, сол жейде қауіп-қатерден, пәле-жаладан сақтайды деп ырымдалған.
127. Баланың қарын шашын адам аяғы баспайтын жерге көміп тастайды. Өйтпесе, бала бақытсыздыққа ұшырайды.
128. Баланың қарын шашын алған соң, тастай салмай, сақтап қояды. Бала қырқынан шыққанша, жеті ай толғанша әлсіз болады. Сондықтан бір тал шашын тастамай, сақтау керек деп біледі.
129. Баланың қырқынан шығару ырымын жасағанда, өберелі-шөберелі қарт бәйбіше қырық қасық суды баланың үстіне құйып тұрып: «Отыз омыртқаң жылдам бекісін, қырық қабырғаң жылдам қатсын» деп тілек айтады. Баланы шомылдыратын легеннің түбіне қырық құмалақ тас, жүзік сияқты заттар салынады. Сақина, жүзіктерді бала шомылдырған, көмектескен әйелдер бөлісіп алады.
130. Баланың маңдайынан қақпайды, бір адамның бақ пен соры оның маңдайына жазулы болады. Маңдайға ұрса, бақ қашады.
131. Баланың мойны тез және түзу беку үшін оның шілдеханасына сойған қойдың мойын омыртқасын тұтасымен асып, тесігінен шыбық өткізіп, кептіріп қояды.
132. Баланың төбе шашын ұзын өсіріп, моншақ араластырып өріп қояды. Бұл «айдар» деп аталады. Айдарлы адам айбарлы көрінеді, оған тіл-көз тимейді деп біледі.
133. Баланың төбесіндегі орайы екеу болса, ұл балаға — екі рет үйленеді немесе қыз балаға — екі рет тұрмысқа шығады деп жориды.
134. Баланың тілі шығып, есі кіре бастаған кезде, ауылдың ақсақалын шақырып, баладан: «Өлең аласың ба, көген аласың ба?» деп сұратады. Сонда бала: «Көген аламын» десе — малшы болады, «Өлең аламын» десе — ақын болады деп жориды.

135. Баланың тісі ұсақ болса — әнші болады. Жаңа туған нәрестенің саусақтары жіңішке, ұзын болса, елге сыйлы, өнер иесі болады.
136. Баласы көп үйдің бесігін жақсы ырымға жорып, тек жақын туыстары қалап алып, жаңа түскен келіннің отауының төріне қояды.
137. Баласы тоқтамай өле берген немесе түсік тастай берген әйел бір баланы аман-есен туа қалған жағдайда жеті әйелдің бұтының арасынан өткізіп алып, оған Жетпісбай деген ат қояды. Онысы ғұмыр-жасы ұзақ болсын, артынан өзіндей ұл мен қыз өрби берсін деп ырымдаған.
138. Баласы тұрмай жүрген адам жаңа туған баласына кигізетін ит көйлегін иттің басына кигізіп алып, сонан соң баласына кигізеді.
139. Бас киімді кез келген жерге тастай салуға болмайды. Биікке іліп қою керек. Әсіресе, құйрық қойып отыратын жерге қоймау қажет. Себебі, бастан бақ таяды, бас ауруына тап болады. Бас айналып, тіл байланып, иман қашады. Адамның басынан қадірлі, ақылынан қасиетті ештеңе жоқ.
140. Батырдың, ақынның, палуанның сарқытын жегізсе немесе олар сәбидің аузына түкірсе, жақсы қасиеті мен өнері балаға қонады.
141. Бейтаныс екі кісі жол үстінде кездесіп, бір-бірімен тез шүйіркелесіп кетсе, жұлдыздары жарасқан деп саналады. Біріне-бірі жұғыса алмай, мәміледе болса, жұлдызы қарсы тұр деп ұйғарылады.
142. Бейуақта үйге шам шағып қою керек. Себебі, бұл кезде де қараңғыны жамылып жүретін шайтан оттан, жарықтан сескенеді, үйге кіре алмайды деп жориды.
143. Бейіт басында тамақ жеуге болмайды.
144. Бейіт топырағын сәндемейді. Табиғи қалпында жатқанын, көгеріп өсімдік өсіп тұрғанын ұнатады. Бейіттен бір шым-шым топырақ алып тастайды. Бейітті айналмайды.
145. «Бесік тойы» ырымына әйелдер ғана қатынасады.
146. Бесікке қолданып жүрген түбекті, шүмекті төңкермейді. Себебі түбек пен шүмек — нәрестенің рахаты үшін

- жасалған мүліктер. Оны төңкеріп қойса, ішіне кір жабысады, от басына қойса, қурап семеді, сондықтан таза жуып, күн көзіне қақтау керек, өйтпесе бала қуығы тұтылып ауырады деп ырымдалады.
147. Бесіктегі бала шошып жылай берсе, ұйықтай алмаса, қорғасынды ерітіп жерге құяды. Сонан кейін құйылған қорғасынның пішініне қарап баланың неден шошынып ұйықтай алмағанын жориды да, сол қорғасынды бесіктің басына іліп қояды.
148. Бесікті бейуақытта сыртқа шығармайды. Нәрестені алты айдан асқанша үйде жалғыз қалдырмайды. Өйткені қараңғылық пен жарық жер бетінде таласып тұрған кезде Бақ пен Сор да тез алмасады. Перілер мен жын соғысып жатады дейді. Осы кезде ұйықтауға да болмайды. Бейуақтың күнәсі жабысады деп ырымдалады. Кіндігі қатпаған сәби осы мезгілде үйде жалғыз жатса, шошынады, перілер баланы алып кетіп, орнына өздерінің ақыл-есі дұрыс емес баласын тастап кетеді деп жориды. Кейде баланың ұрық безі бұзылып, рухынан айырылады, сондықтан қасынан адам үзілмеген жақсы деп иландырады.
149. Бесікті көбінесе, баланың нағашы жұрты алдын ала арнайы жасатып, бесік тойына тарту етеді. Онысы — жиен, жекжат, үрім-бұтағым өсе берсін, өрісім кеңейе берсін дегені.
150. Бесікті сатуға, кез келген адамға беруге болмайды. Аяқ астына тастауға тіпті болмайды. Қазақ халқында бесік ұрпақ жалғастыратын қасиетті бұйым саналады.
151. Бие саууға қолданатын көнек пен үйдегі сабаны төңкермейді. Түбін қолмен немесе таяқпен қағып ұрмайды. Бұлай істегенде көнек пен саба түбіндегі құт ұшады, ақ тартылады, ырыс шайқалады деп ырымдалады.
152. Бозбала төрге шығып алып етпетінен жатпайды. Бұлай істеген балаға: «Өкең өліп, бауырыңды жерге төсеп жатырсың ба?» деп қатал ескерту жасайды үлкен кісілер.
153. Бозторғай ән салса — күн ашық болады.
154. Бойжеткен қызға көрі жілік тартпайды. Қыз көрі жіліктің етін жесе, отырып қалады деп ырымдайды.

155. Бойы кішкене адамдардың мінезі шақар келеді. Әрі біреумен араздасса, оны өмірі ұмытпайды. Бойлары кішкене болғандықтан өмірге өкпелі келеді де, біреумен ренжісе қалса, олардың кемшілігін айтып, мұқатып, өздерінен төмендетіп көрсетуге әуес болады.
156. Бос бесікті тербетпейді. Баласы өліп, бағы сөніп, өзегі өртенген, содан есалаң күйге ұшыраған әйел ғана солай істейді. Сондай жамандық болмасын деген ырым.
157. Бостан-бос тасты шықылдатпайды. Бүйтсе — қасқырдың тісі қышиды, қорадағы, өрістегі малға шабады. Мал шығыны көбейеді деп ырымдалады.
158. Ботаға, тайға, құлынға қоңырау тағады. Бұл — қасқыр жемеуі, жоламауы, көз тимеуі үшін жасалған жоралғы.
159. Бөбек алақанын шапалақтаса, қуанышты хабар келеді.
160. Бұғана ұстаса, бойы өспей қалады деп ырымдап, жас балаға бұғана ұстатпайды.
161. Бүркіт бағылатын үйге жын-шайтан жоламайды. Қыранның ісі теріс пиғылдылардың делебесін басады.
162. Бір нәрседен шошынғанда пышақты жастықтың астына қойып ұйықтайды.
163. Бір төл туса, бір түп көде артық шығады.
164. Бір үйде қонақ болып отырған кісі сол үйдің қазан-ошағына араласпауы керек. Өйткені бөтен, үйренбеген кісіден үйдің берекесі үркеді деп жорылады.
165. Бірге туған бауырына, қарындасына қатты ашуланған кісі екі қолымен екі бүйірін таянып, көзін шарт жұмып тұра қалса, ашуы басылады, көңілі сабасына түседі деп жориды. Қазақ «Ашу — дұшпан, ақыл — дос» дейді.
166. Біреу әңгіме айтып отырғанда сәби түшкірсе, оның айтқаны шын деп сенеді.
167. Біреу түшкіргенде қасындағы адам «жәрікімалла, бер Тәңір, бес жүз жылқы, болмаса жартысын» деп дауыстап тілеу тілейді. Түшкірген адам да өз тілегін айтып, сөзге айналуы керек.
168. Біреуге «атау-керенді іш» демейді. Атау кере — адамның өлер алдындағы ең соңғы ішіп-жейтін тамағы.

169. Біреуді қайтыс болды деп естіп, кейін бұл хабар жалған боп шықса, ол адам «көп жасайды екен» деп ырымдайды.
170. Біреуді сыртынан ғайбат қып отырып, сол кісінің үйіне бара қалса, үш рет аузын шайқап, тәуба айтып барып, асқа отыру керек. Өйтпесе — ішкен асы арам болады.
171. Біреудің атына ғайбат сөз айту — қазақта жантүршігерлік жаман ырым. Ғайбат айту — кешірілмес күнә. «Ердің ғайбатын айтпа, қайратын айт» дейтін нақыл бар.
172. Біреудің пышағымен ет кескенде, құры қайтармайды. Ұшына май немесе ет шаншып береді.
173. Біреудің тамақ ішкен ыдысының сарқытын балаға бергізбейді. Өтірікші, өсекші болады. Ауру жабысады деп сенеді.
174. Біреудің ұл баласы жоқ болса, әйелі қыз туа берсе, ол соңғы туған қызына «Ұлбосын, Ұлтуған...» деген секілді тілеу аттар қояды. Онысы — келесі балам ұл болсын деп ырымдалған.
175. Біреумен дауласқанда сұқ саусақты шығарма. «Иман саусақ» деп аталады. Қастерлеу керек.
176. Далада жатқан, шала жанған ағашты үйге кіргізбейді. Өйткені күйелі ағаштай пәле жұққыш болады. Көңіл шаладай бықсып, үй-ішінде алауыздық туады. Қорадағы қой, өрістегі жылқы, қотандағы сиыр, даладағы түйе шала туып, шығын көбейеді. Береке кетіп, бақыт сөнеді, адам өледі деп ырымдалады.
177. Дастархан басында, ас алдында, тамақтанып отырғанда сырттан сәлем беріп кірген кісінің қолын алмайды. Бас изеп, асқа кел деп шақырады. Жуылмаған қолды астан артық көру — адамдық қасиетке жатпайды. Астан аттауға болмайды. Майлы ас жеп отырып, қолды сілікпейді. Бұлай істегенде ас сілкінеді, дәм-тұз атады деп ұйғарылады.
178. Дастархан басында, кісі көп жерде керілмейді және адамға қарсы қарап тұрып керілуге де болмайды. Бұл қылық тосыннан болатын өлінің елесі саналады.

179. Дастархан оң бетімен жайылады. Дастархан қос қабатталған болса, қонақ келгенде оның тұйық жағын қонаққа қаратып, оң бетін келтіріп жаяды. Мұны «дастархан оң болмай, ісінде жол болмайды» деп ырымдайды. Дастархан — береке-бірліктің, тірліктің бейнесі ретінде қастерленеді.
180. Дастархан үстіне келген адамға дәм ауыз тигізеді, әйтпесе күйеуің немесе келіншегің тастап кетеді дейді.
181. Дастарханға нанды теріс қаратып, төңкеріп қоймайды. Оң қояды. Нанды жалғыз қолмен жерге басып тұрып сындырмау керек. Оң қолмен алып, сол қолмен ұстап тұрып, сындырып жейді. Саусағы тиген бір жапырақ нанды тауысуы керек. Өйтпесе несібе шала қалады деп жорылады.
182. Дәретке кетіп бара жатқан кісіге қол беріп амандаспайды. Бойында нәжісі бар деп ырымдайды.
183. Дәретке отырғанда сөйлесу — әдепсіздік. Сондай қалыпта сәлем беруге де тыйым салынады. Тек түзге отырып болған соң ғана қолын жуып барып сөйлеседі, сәлем береді.
184. Дене мүшелерінің жыбырлауы да — ырымның арқауы. Оң қабағы тартса, «қуанамын, бір игі хабар естимін» деп жақсылыққа бейімдейді. Ал сол қабағы тартса, «бір жайсыз жағдай болар» деп іштей үрейленеді. Қабағына сілекей жағып: «Жамандықтан сақтай гөр!» деп тілейді. Мүсәпірлерге садақа береді.
185. Дос, жекжат, құда, туысқан сыйлыққа ит алмайды.
186. Дүниеге келген нәрестенің кіндігін ақ балтамен кесіп, таза жіппен байлайды да, түбіне күл себеді. Ақ балтаны өзге нәрсеге пайдаланбай, сақтап қояды. Ер баланың кіндігін «үй күшік болмасын» деп қырдан асырып лақтырады. Ал қыз баланың кіндігін «үйдің құты болсын» деген ырыммен ошақ түбіне көмеді.
187. Егер бала кішкене кезінде ащы жеуге құмар болса, өмірі соқпақты болады. Тәтті жеуге әуес болса, өмірі шат — тұрмыста болады.
188. Егер баланың анасы балаға сұқтанып қараған адамды көңіліне алып, әр түрлі жаман ойлап мазасызданса,

жанып жатқан отқа тұзды салып жатып «Құдай тілден, көзден сақтасын» дейді. Бұдан бұрын баланың басынан айналдырып балаға түкіртеді. Бұны тек балаларға ғана емес, жаңа туған төлге де жасайды. Немесе тұзды тіл тиеді деп қорыққанда жасауға болады. «Көздің көзінен, тілдің тілінен» деп сұрықтайды. Егер жас баласы бар адам бала туралы сөз айтқанда мысалы: «баланың көзі баланың көңіліндей әп-әдемі жанып тұр» деген сөздерді көңіліне алып қалса, ол жаңағы айтқан адам есіктен шығар-шықпастан, соңынан іле-шала тездетіп баланың маңдайынан сүйіп, босағаға қарай «тіліңе шоқ түссін» деп үш түкіреді.

189. Егер баланың ерніне, болмаса саусақтарына сүйел шықса, ақ жіп пен қара жіпті араластырып денеде қанша сүйел болса, сонша рет түйіп, жерге көміп тастау керек. Сонда тез кетеді. Болмаса жаңа туған айға қаратып тұрып: «Ай, ау, ай, сүйелімді ал да, қолымды бер!» деп үш реттен үш күн қайталаса, сүйел кетіп қалады.
190. Егер баланың үлкен башпайы, шұлығын тесіп шыға беретін болса, өскенде өткір мінезді, іске алғыр, жұрт сүйсінген адам болады.
191. Егер бұлт ортасынан ыдыраса, ауа-райы бұзылады, шетінен ыдыраса, жылынады.
192. Егер біреу байқамай, абайсызда адамның дайрағын басып кетсе, басқалар оны олжаға батады деп сенеді.
193. Егер біреуге түйреуіш сыйласаңыз, сол адаммен ренжісесіз.
194. Егер екі бетіңіз дуылдап қызарса, сізді сыртыңыздан біреулер сөз етіп жатады.
195. Егер жазда сиыр жөтелсе, қыс ерте түседі.
196. Егер жазда күн ұясына қызыл мұнарлана барып батса, қуаңшылық, болмаса соғыс болып, қан төгіледі.
197. Егер жаңа туған баланың кіндігінен төмен қарай жол, сызық болса, оның артынан не інісі, не сіңлісі туады.
198. Егер жаңа туған нәресте туған кезінде жыламаса, қара қазанның құлағына шөмішті соғып қатты дыбыс шығару керек, сол кезде бала жылайды.
199. Егер жаңбыр таңертең басталса — күні бойы жауады.

200. Егер жас бала еңбектеп жүргенінде, өзінің боғын жеп қоятын болса, тапқыр болады.
201. Егер жас бала өзінің үйіне өзі сәлемдесіп кірсе, төрге тұрып алып тоңқайып жол қараса, үйге қонақ келеді.
202. Егер жас нәресте туғанда арқасында жалы болса, не ба-тыр, не бай, не бақытты адам болады.
203. Егер жас нәрестенің ауыздарынан сілекейі аға берсе, немесе анасын еміп отырып қызыл иегімен омырауын тартса, көп ұзамай тісі шығады.
204. Егер жолаушы жол бойында тұмсығы өзіне қарап жатқан аттың немесе түйенің басын кездестірсе, бұл жақсы ырым, ал керісінше болса, онда жолы болмайды.
205. Егер жолда келе жатып, аттың тағасын тауып алсаңыз, үйде сәттілік болады.
206. Егер киіз үй сыртына ит сарып кетсе, құт келеді деп жақсылыққа жориды.
207. Егер киіз үйге байғыз қонып, бақыратын болса, бұл үйдің иесі үлкен бақытсыздыққа ұшырайды. Егер, ке-рісінше, қарға қарқылдаса, онда бақытты болады.
208. Егер киіз үйге кіріп келе жатқан адам сүрініп кетіп құласа, үй иесі кенеттен мал-мүлікке ие болып, дәулеті артады.
209. Егер көзінің ішінде меңі бар адам болса, ол адамның көзі сұқты келеді.
210. Егер күйеуге шықпаған қыздың омырауы үлкен болса, көп балалы болады.
211. Егер құмырсқалар илеуін биік жерге салса, судың деңгейі көтеріліп, тасқын болады.
212. Егер нәресте жас кезінде аузын ашып ұйықтайтын бол-са, сүйгені сұлу болады.
213. Егер сататын жағдай болып қалса, аттың жүгенін, түйе мен сиырдың бұйдасын, бүркіт пен сұңқардың томағасын, иттің қарғы бауын алып қалуы шарт. Өйтпесе, бұлар сиқырмен басқа бейнеге айналып, жү-генді, бұйданы, томағаны, қарғы бауды алып қалуды талап етіп, маза бермейді деп ырымдалады.
214. Егер тауық ұясына ерте қонақтаса, ертеңіне жауын бо-лады.

215. Егер тұзды байқаусызда төгіп алсаңыз, біреумен ренжісесіз.
216. Егіннің тұқымы үшін біреу қарызға дән сұраса, ренжімей берілуге тиіс. Өйткені дәнді адам емес, қара жер тілеп жатыр деп ырымдалады. Тіпті, түк жоқ деген күнде де бір уыс дән ұстатады. «Егін әлей болсын!» деген тілек айтып, қарыз сұраушыны жылы шыраймен шығарып салады. Мұнысы — үйден дән арылмасын, дән тасып, елдің қажетіне өтелсін дегені.
217. Езуге ауыздық шықса, жүгеннің ауыздығымен емдейді.
218. Екі кісі қатар тұрып бір жерге дәрет сындырмайды. Онда нәсіп, тұқым бұзылады, қан сескененді деп ырымдалады.
219. Екіқабат әйел «ұл табамын» десе, еркектің қару-жарағын, шалбарын басына жастанып жатады. Ал қыз тапқысы келсе — қызыл ала шыт, әйелдің көйлегі, жүзік, сырға, алқа, маржан, білезік, моншақ жастанды.
220. Екі қабат әйел керулі тұрған және шұбатылып жатқан арқаннан аттамайды. Бұлай істесе — босанған кезде баланың кіндігі мойнына оралып, өміріне қауіп төнеді деп ырымдалады.
221. Екі қолды артқа ұстап жүру де теріс. Себебі, бұл — қолды артына байланған тұтқын пендені еске түсіреді. Сол сияқты бүйір таяну да жаман ырым. Өйткені жұбайынан айырылған қаралы әйел немесе талақ етілген әйелдер ғана бүйірін таянып, аһылап-үһілеп қайғы шегеді. Жайшылықта мұндай қылық көрсеткендерді жұрт ұнатпайды.
222. Екі қолды төбеге қоймайды. Жамандық істеп, қолға түскен тұтқындар ғана ант-су ішкенде екі қолын төбесіне қойып, жүресінен отырады. Сондай жамандық көрінбесін дегені.
223. Екіқабат әйел қоян етін жесе, баласы қоянжырық болып туады.
224. Екіқабат әйелге ара, қайшы ұстатпайды. Ұстаса, мерзімінен бұрын босанады.

225. Екіқабат әйелге түйе етін жеуге болмайды, әйтпесе ол баланы он екі ай бойы көтереді. Егер ол он екі айда да тумайтын болса, бураның мойнына ақ мата салып, содан аттап өтуі керек.
226. Ел жайлауға шыққан соң желі тартып, алғаш бие байлаған кезде үйірдің бастаушысы — айғырдың сауырына май жағады. Бұл үйірдің төлі көбейсін деген тілеудің ырымы.
227. Еліңнің патшасын, өз балаңды, өз жұбайыңды қарға саң, тіліңе күйе жағып қарға. Қарғысың күйеде қалсын. Патшаға, балаға, жұбайына жуымасын деп те ырымдалады.
228. Емшекте баласы бар әйел жалаңбас отырып, бала емізбейді, орамал салып алуға тиіс. Жалаңбас болса, қайызғағын шайтан баланың ауызына салып жібереді, бала есейгенде мәңгүрт болады, анадан безеді, басына шығып, аяқ асты етеді деп біледі.
229. Емшектегі баланың аузынан қалған тамақты әкесіне жегізбейді. Себебі, бұл асқа емшек сүті араласады. Баланың әкесі әйелінің сүтін емгендей болады деп жориды.
230. Еркек әйелдің киімін кимейді, жаулығын салмайды. Өйтсе, еркектігі сөнеді, рухы жасиды, өсекші болып кетеді.
231. Еркек кісі әйелдің іш киімін жумайды. Бұлай істесе — сағы сынады, кір суындай көңілін кір және нас басады деп тыйым салады.
232. Еркек те, әйел де, бала-шаға да сыртқы киімдерін желбегей жамылып жүрмей, жеңін киіп жүруі керек. Себебі әруақтар ғана жеңсіз кебінін желбегей жамылып үйге кіреді деп, үрейлі ырымға жатқызады. Екі қолы жоқ кемтар, мүгедек адамдар да сондай кейіпте болады деп, жаман ырымға жатқызады.
233. Ерлі-зайыптының біреуі қайтыс болса, қалғаны жыл толмай тұрып бас құрмайды.
234. Ерні тартса — жақсы дәм бұйырады, сарқыт жейміз деп ойлайды. Иық тартса — жаңа шапан немесе киіт киюге бағыттайды. Табан қышыса — алыс сапарға шығуға,

- жолаушы жүруге ырымдайды. «Жолым оң, сәтті сапар болғай» деп тілейді. Тақым тартса — ат мінуге немесе үйленуге жориды. Алақан қышыса — ақша болады, байлық қонады деп нанады. Шеке тартса — басқа бақ қонады, мәртебе өседі деседі. Мұрын жыбырласа — иіскерлік көбейеді, той-томалақ, «ақ түйенің қарны жарылғандай сый-сияпат болады» деп қуанысады.
235. Есіктің алдына кірдің суын төкпейді. Адам аяғы баспайтын жерге төгеді.
236. Есіктің босағасын екі қолмен керіп тұрмайды. Табалдырықты баспайды. Маңдайшаға артылмайды. Өлім шыққан, жау шапқан, қаралы күнге ұшыраған үйлерде ғана сондай көріністер болады. Сондай жаман ырымды істеуге тыйым салынады.
237. Есіктің тұтқасын жуған сумен көз тиген баланың бетін, екі қолының алақанын, екі аяғының табанын жуса, көз сұғы қайтады деп жориды.
238. Есінегенде ауызды аңқайтып ашпай, оң қолдың сыртымен қалқалап жабу керек. Аңқайған ашық ауызға сайтан түкіреді деп жориды. Бұл қылық әдепсіздік болып саналады.
239. Ешкінің құйыршығын, сирағын, қойдың құйымшағын ойнау үшін балаға бермейді. Бұл заттармен ойнаған бала тұштақай, тұрақсыз болады деп жорылады.
240. Жаз аңызғақ, ыстық болса — қыс қатты аяз болатындығының белгісі.
241. Жазғытұрым мал төлдеген кезде бірінші сауыннан алынған иіндіні асқа қолданбайды. Майды да жемейді. Маймен есіктің жақтауы, маңдайша, қазан-ошақтың құлағы мен сирағы майланады. Себебі, ол ақ мол болсын, індет шалмасын, сауар көбейсін, ақ пен бақ қонсын, мал басы артсын деген ниеттен туған ырымның жоралғысы.
242. Жазда құйын көп болса, қыс аязды болады.
243. Жазда найзағай көп жауса, қыс жайлы болады.
244. Жазда үйге құйын келе жатса, үлкен кісілер қолына таяқ алып, оны «таздың үйіне бар, пәленше таздың үйіне бар!» деп қуалайды.

245. Жазда, яғни жазғытұрым ақ жауын жауса, құт құйды, құт құйды, жер иіп, егін мол өнім береді деп жақсылыққа жориды.
246. Жайлау үстінде далаға қазан асқанда түбіндегі судан жұлдыздар шоғыры көрінсе — мал өседі, төл көбейеді, байлық артып, дәулет шалқып, рахат өмір сүреміз деп ырымдайды. Отқа май құйып қоздандырып, ақ тілеу тілейді.
247. Жайшылықта ер кісілердің жүресінен отыруы — жаман ырымға жатады. Бұл қаралы күйді, өлім-жітім жағдайын еске түсіретін құбылыс. Қайғылы ерлер, серігінен айрылған кісілер осылай қара тұтып отырады. Сондықтан жайшылықта ер адамдар құйрығын жерге басып, жайраң қағып отыруға тиіс. Әйел адамдардың жүрелеп отыруы — жақсы ырым. Әйелдердің биязы түрмен ибалы бейнеде жүрелеп отыруы — ерлерге, үлкен кісілерге көрсеткен құрметі есептеледі. Ерлер жүрелесе — ауылға қатер төнеді, әйелдер жүрелесе — ауылға иба кіреді деп жориды.
248. Жайшылықта мініс атының жал-құйрығы күзелмейді. Себебі, ат иесі өлсе — оның мініс аты тұлданып, жал-құйрығы күзеледі, қаралы күйге келтіріледі. Сондықтан жайшылықтағы мініс ат сондай күйде көрінбесін дегені.
249. Жайшылықта түндікті бақанмен тіремейді. Себебі өлім шыққан үй ғана осылай істейді. Жақсы күнде жаман ырым жасалмауы керек деп ұйғарылады.
250. Жал-құйрығының арасында шоқ-шоқ ақ қылы бар жылқы құтты саналады. Ол сатылмайды, біреуге берілмейді. Себебі, сол малмен бірге құт-береке кетеді.
251. Жаназа оқылып жатқан жерден айналып өтпейді.
252. Жанары тұрақсыз, көздері алақ-жұлақ етіп қарайтын, қимылы шапшаң адамдар — барып тұрған арсыз. Абзалы ондай адамға үйір болмаған жөн.
253. Жанып тұрған шырақты үрлеп өшірмейді, бір затпен басып өшіреді. Үрлеп өшірсе — бақ таяды, бақыт сөнеді, адам ұмытшақтық дертіне тап болады деп ырымдайды.

254. Жаңа айды көргендер «жаңа айды жарылқа, ескі айды есірке» деп бата жасап, ырымдайды.
255. Жаңа босанған әйел қырық күнге дейін қолын суық суға малмауы керек. Салқын заттарға қол тигізбеу керек. Жаңа туған нәресте суық жүрек, тасбауыр болып өседі деп ырымдалады.
256. Жаңа босанған әйел үйге кірген итке шық демейді. Бұлай істесе — әйелдің тісі түсіп қалады, бойынан қайраты жойылады деп ырымдалады.
257. Жаңа босанған әйелге ақ сарыбас қой сойып, ақ тілеу айтып, қалжа жегізеді. Себебі туыттағы тері шықпаса, ана мен баланы қырық түрлі қырсық шалады, қалжа жемеген әйелдің баласы ынжық болады деп ырымдалады.
258. Жаңа киім-кешекті бисмилла деп киеді. Өйтпей базардан әкелген беті үйге қоя салса, түнде шайтан киіп ойнайды. Шайтан киген киім адамға бұйырмайды деп жориды.
259. Жаңа туған айды алғаш көргенде тізерлеп отырып үш рет еңкейіп мінәжат етеді де, сол тізе бүккен жерінің шөбін жұлып отқа тастайды. Бұл — әулетім оттай қаулап өсе берсін дегені.
260. Жаңа туған баланың кіндігі қатқанша күн батқаннан кейін үйден күл шығарылмайды.
261. Жаңа туған ботаның құйрығының ұшы кесіліп тасталады. Себебі бота тез марқайсын, тез аяқтансын деген ниет. Ботаның құйрығына қара тас жабысып туады, сол тасты алып тастаса, бота тез марқаяды деп иланады.
262. Жаңа туған нәресте суық бауыр, тас жүрек болып өседі деп ырымдап, жаңа босанған әйел қырық күнге дейін қолын суық суға салмайды, салқын нәрселерді ұстамайды.
263. Жаңа туған нәрестені құттықтап, шашу алып барғанда шикі етті қоспау керек. Шикі ет — өлімнің нышаны, жаман ырым.
264. Жаңа туған сәбиді емізбестен бұрын таза суға малынған қасқырдың жүнімен ауыздандырады. Ерте кезде қасқыр киелі саналған, сондықтан да бұл ырым бала

- қасқырдай қайратты да, қажырлы болсын деген ниеттен туындаған.
265. Жаңа туған сәбидің кіндігін киелі немесе жасы үлкен парасатты кемпірлерге кестіреді. Себебі «Нәресте кіндік шешесіне тартады» деген сенім бар. Ауру, сырқат немесе жарымжан әйелдер кіндік кессе, бала соған тартып кетеді деп ырымдалады.
266. Жаңа түскен келін бірер жыл бала көтермесе, нағашы жұртының баласын қойнына алып жатады. Сонда бала көтереді деп ырымдайды.
267. Жаңа түскен келін күйеуі бір жаққа кеткенде орын ауыстырып жатуға тура келсе, өзінің некелі төсегін құр тастамайды. Жастық астына балта, пышақ секілді заттарды қойып қояды. Онысы — иен қалған төсекте жыншайтан ойнамасын дегені.
268. Жаңа түскен келін отқа сәлем бергенде: «От ана, Май ана, жарылқа!» деп тілек тілейді. Басқа әйелдер отқа май құйып, алақандарын қыздырып алып, келіннің бетін сипайды. Бұл — келіннің жүзі жылы, дидары ыстық болсын, тіл-көз тимесін дегені.
269. Жаңа түскен келін өзінің киім-кешегін албаты қысқарта бермейді. Өйткені бұлай еткенде дүниеге келетін нәресте кем туылады немесе түсік боп түсіп қалады деп ырымдайды.
270. Жаңа түскен келіннің бала көтеріп, жерік болғанын сезсе, қайын енесі ағынан жарылып, «төсек той» жасап, көршілерін де қуантады. Жиналғандар төсекке теңге, қыран құстың қасиетті саналған дене мүшелерін іледі. Жастығының астына пышақ жастап қояды. Онысы бала аман-есен жарық дүниеге келсін, тіл-көзден аман болсын дегені.
271. Жаңа түскен келіннің бетін ашқанда, жыр айтушы ақын оң қолымен ашады. Жеміс ағашына немесе тобылғы сапталған қамшының сабына қызыл торғын орамал байлап, сонымен ашады. Онысы: «Келіннің беті айдай жарық болсын, жемісті ағаштай ұрпағы көп болсын» деп ырымдалады.

272. Жаңадан келіп, қоныс қонғандарға ауыл ерулік береді. Қоныс құтты болсын айтады. «Көрші ақысы — тәңір ақысы» деген сөз бар. Ерулік бермесе, дән қысырайды, босаға сөгіледі, жер жериді деп ырымдалады.
273. Жаңадан қайнатқан сабынды жоғары қойса, ол үйге түскен келін өркөкірек болады.
274. Жаңбырдың құрты жер бетіне шықса — кешікпей жаңбыр басталады.
275. Жараланған жыртқыш аңға жуысуға болмайды. Жолбарыс, аю, қасқыр жараланған кезде бүкіл дүниені талқандағысы келіп, кектеніп, қаһарланады. Қазақ қаһарлануды ең үлкен қырсық санайды.
276. Жас адамның басы ауырса «басыңа бас қосылады» деп, жас келіншек лоқсып, жүрегі айныса, «бойыңа біткен шығар» деп өзілмен жұбатады.
277. Жас балаға «тілашар» ырымын жасағанда, қариялардың бірі арнайы сойылған қойдың піскен ішегін баланың мойнына орап тұрып: «сөйлейсің бе?» деп үш рет сұрайды. Баланың ата-анасы баланың орнында «сөйлеймін» деп үш рет жауап береді. Сонан соң үлкен кісілердің бірі қойдың пісірілген басын алып балаға: «тілің тез шықсын» деп тілінен, «шешен бол» деп таңдайынан, «көреген бол» деп көз етінен, «сөз тыңдайтын бол» деп ырымдап құлағынан дәм татқызады.
278. Жас балалы әйел дәметеді деп, бұл үйге кіретін кісі тағам, дәм ала келеді. Дәметіп қалса, омырауы іседі, сүті тартылады деп ырымдайды. Емшекте баласы бар әйелдің омырауы іссе, бір қарт ана жаңа піскен ыстық нанды қойнына тығып келіп сонымен аластайды.
279. Жас жұбайлардың алғаш жататын төсегі — «Ақ некенің ақ төсегі» деп аталады. Енесі мен жеңгелері төсекті аршамен аластайды, иіс су себеді. Төсекті бұлай аластамаса, жын-сайтан жабысып, неке бұзылады деп жориды.
280. Жас келіннің емшегі, малдың желіні іссе, қайтыс болған адамды жуған қолғаппен аптайды.

281. Жас келіншек еліріп, желігіп, желпініп жүрмеуі керек. Бұлай істесе, баласы желіккіш болады. Толғағы ауыр болады, өзі де құтырып кетуі ықтимал деп жорылады.
282. Жас малдың мүйізі шығар кезде оны қолмен сипаса, ол қисық болып өседі.
283. Жас сәби біреер қауіп-қатерден аман қалса, «періштесі қақты» деп ырымдайды.
284. Жас төлді арқасынан сипаса, өспей қалады.
285. Жас шопан қайын жұртының ауылына барғанда қойды мойнынан ұстап, жетелеп барса, ит үрмейді. «Сағындым қыздың қойнын, жетелеген қойдың мойнын» деген өлең осындай ырымға орай айтылған.
286. Жауырынды мұжып болған соң, етек жағын жарып, ашып тастайды, әйтпесе жол бітеледі, жол азабы көбейеді, жол тұйыққа тіреледі деп жориды.
287. Жаяу, аттылы немесе көлікпен келе жатқан адам жығылатын болса, тұрғаннан кейін сол жерді «ұшық-ұшық» деп ұшықтайды.
288. «Жел иесі — Мырқайдар. Қара тұман бұлтты айдар» дейтін ырым бар. Қырман соғып, дөнді жерге ұшырып, тазартқанда жел иесі Майдаға сиынады. Мұнысы — «Дөн көп болсын, қауыз топан аз болсын. Майда ие қолдай гөр» дегені.
289. Желсіз күні түтін жерге қарай шалқыса, қыс қарлы, жаз жаңбырлы болады. Желсіз күні ауа бұлтты болса да, түтін тік ұшса, ауа-райы жайлы болады.
290. Жер сілкінісі — Алланың бұйрығымен болатын іс деп есептеледі. Адамдардың ниеті бұзылып, арамдықпен жерді қорлау, ластау ісі етек алғанда жер шамданып, сілкінеді деп те есептеледі. Сондықтан жер сілкінген кезде бір шымшым топырақты алып, Аллаға жалбарынып дұға оқып, жүрекке басқан қалыппен жүрелеп отыру керек. Күнөң болса, Алла да, жер де кешіреді деп есептеледі.
291. Жерді сабамайды, тепкілемейді. «Қара жерді жамандама, қайтып сонда барарсың; Қауым елді жамандама, қарғысына қаларсың» дейді.

292. Жерік болған әйел жерік асын жеуі керек. Жерігі қанбаған әйелдің баласы су ауыз болып туылады. Ондай бала суайт болады деп ырымдалады.
293. Жиенін ұрған адамның қолы қалтырайды деп саналады.
294. Жол үстінде келе жатқан жолаушыдан: «Қайда барасың?» деп сұрамайды. Қайта «жол болсын!» деп, ақ жол тілейді. Себебі жолаушы барар бағытын құпия ұстайды. Қаскөй біреулер біліп қалып, соңыма түседі, жолымды торида, сайтан соңымнан ереді деп жаман ырымға балайды.
295. Жолаушы сапар шегіп келе жатқанда жол бойында тұмсығы жолға қарап аттың не түйенің қу басы жатса, жол ақ, оң болады деп ырымдалады. Ал керісінше жатса, жолаушы аттан түсіп, қу бастың тұмсығын жолға қаратып қойып кетеді.
296. Жолаушыға айдалада кезіккен аң да киелі саналады. «Абыройы асар жігіттің алдында ажалсыз аң кезігеді» деп үмітін өсіреді.
297. Жолаушыға түзге отырған әйел кездесе, жолы болады.
298. Жолаушылап жүрерде, бір жұмыспен жолға шыққанда үйдегі қаптың сандықтың ауызын ашып кетеді. Онысы — жол ашық болсын дегені.
299. Жолаушылап келе жатқан адам бір үйге сусын ішуге түспек болса, сол үйдің есігіне тура беттеп келіп аттан түспейді. Оң жағынан түседі, әрі үйді айналмайды. Себебі жау үйінің жай-күйіне қарамайды, өлімнің суық хабарын естірткелі келген адам да күй таңдамай үйге кіреді. Сондықтан жолаушының жүрісі жаман ырымға ұқсамасын дегені. Дос, туыстар оң жол, оң тілеумен оң жақтан келіп оң аяқпен үйге кіреді.
300. Жолаушылар алыс сапарға беттегенде атына мінген сәтінде аты күрсінсе немесе есінесе, жол болмайды деп ырымдап, сол күні жолға шықпай, атты босатып қоя береді. Одан кейін басқа ат мінеді.
301. Жолаушының алдынан қара мысық кесіп өтсе, жолы болмайды. Егер ит кесіп өтсе, жолы болады.

302. Жолаушының жолын жылан кесіп өтсе, жолы болмайды деп ырымдалып, оны өлтіріп, екіге бөліп, жолдың екі жағына көміп кету керек, болмаса кері қайтқаны жөн.
303. Жолдың үстіне күл төгуге тыйым салынады. Күн батқаннан кейін сыртқа күл шығарып төкпейді. Жолға күл төккеннің жолы кесіледі, осы жолмен жүргендерге дерт жабысады. Күн батқан соң күл төксе — адамға ұшық жабысады.
304. Жөргектен шығарып, иткөйлек кигізген сәбиді бесікке кез келген әйел салмайды. Бұл қызметті бойы таза, инабатты, жөн білетін, ел-жұртқа сыйлы, үбірлі-шүбірлі бәйбіше орындайды. Баланы бесікке саларда таза темірді немесе сол үйдегі қысқашты, темір көсеуді отқа қыздырып, бесіктің арқалығынан бірнеше жерді қариды. Бұл — жын-шайтан өлсін, балаға пәле-жала жабыспасын дегені. Сонан соң әйелдердің біреуі: «Бала қырандай алғыр болсын» деп бүркіттің тұяғын бесікке байлайды. Тағы біреуі бесіктің екі жағынан қылыш жарқылдатып: «Жау жүрек батыр болсын» десе, үшіншісі бесіктің екі жағынан қамшы үйіріп: «Тақымынан тұлпар кетпесін, бәйге бермес шабандоз болсын» деген тілек айтады. Сонан соң бесіктің түбек орнататын тесігінен төтті тағамдар төгіп: «бала тышты» деп, төгілген дәмді алып шығады. Оны той дәмінің сарқыты ретінде балаларына апарып береді. Бұл — сәбидің ырзығы тасып, қонағы көп, мерейі үстем, достарына сыйлы, ашық қол болсын дегені. Осыдан кейін үйдегі әйелдердің бәрі үнсіз отырып, баланы әзірленген бесікке салады. Ешкім үн шығармайды. Себебі сөйлеп қойса, бала жылауық, өскенде өсекші болады деп ырымдалады.
305. Жұма күні кір жууға болмайды. Жұма күні кір жуылса, әруақтар риза болмайды.
306. Жүк артылып болып, көп жылжыған кезде көшті аталар мен әжелер бастайды. Жастар мен орта жастағылар соларға ілеседі. Үлкен кісілер тай-құнанға мініп

- шапқылап жүрген балаларға ұзағынан сүйіндірсін деп тілейді.
307. Жүкті әйел босана алмай қиналғанда «жын-шайтан, албасты басып қиналып жатыр» деп үйге бүркітті әкеліп қондырып қоятын болған. Жын-шайтан бүркіттің тегеурінінен қорқып қашады да, әйел тез босанады деп ырымдаған.
308. Жүкті әйел босанғанда баланың кіндігі мойнына оралып тұншығады деп ырымдап, жүкті әйелді керілген немесе шұбатылып жатқан арқаннан аттатпайды.
309. Жүкті әйел жеңіл босану үшін толғатқан кезде оған тиісті барлық сандықтар ашылып қойылады.
310. Жүкті әйел толғатқан кезде сол үйдегі киіп жүрген қыз бала көйлегінің етегін жыртып қояды. Ұл бала киген шалбардың балағын сөгеді. Онысы — толғақ жеңілде-сін, баланың беті тез ашылсын дегені. Толғатып жатқан әйелді күзетіп отырған әйелдерден біреу сыртқа шықса, қолжаулығын немесе бір тал түймесін үзіп алып қалады. Онысы — толғақ ілесіп кетпесін дегені.
311. Жүкті әйел уағында толғатып, мезгілінде босана алмаса, сол үйдің төріне бураның бас сүйегін іліп қояды. Онысы — әйел қиналмай, тез босанады дегені.
312. Жүкті әйел шашын кеспейді. Өйткені мұндай қылықтан бақ таяды, іштегі баланың бақыты сөнеді, кемтар туылады, қол-аяғы қысқа болады деп ырымдалады.
313. Жүкті әйел шелектегі суды биікке шығарып қоймайды. Өйтсе, «су егіз» болады деп ырымдайды.
314. Жүкті әйелге ара, қайшы ұстатпайды, ұстаса мерзімінен бұрын босанады дейді.
315. Жүкті әйелге қасқыр тартып кеткен малдың етін жегізбейді. Қасқырдың сілекейі көп болатындықтан, туылған баланың да сілекейі көп болады деп ырымдайды.
316. Жүкті әйелдер түйенің етін жемейді. Жесе — баланы он екі ай көтереді, толғағы қатты болады деп ырымдалады. Түйенің етін жеп, уағында толғатып, мезгілінде босана алмаса — сол үйдің төріне өлген бураның бас сүйегін іліп қояды. Онысы — әйел қиналмай, тез босансын дегені.

317. Жүкті әйелдің күні жақындағанда: «Жер-ана, қуат бер» деп оны жалаңаяқ жүргізеді.
318. Жүрер жолдың уақытын кесіп айтуға болмайды. Ол Құдайға астамшылық, күпірлік болады. Жол жүретін адам «Алла жазса», «Құдай қаласа», «Барар жердің дәмі тартса», «Жол бойындағы әруақтар қолдап, Алла оңдаса» деп тілек тілегенде, жол бойындағы кедергілердің бөрі аластатылады.
319. Жүруге талпына бастаған баланы тез аяқтансын деп ырымдап, арнаулы дайындалған бір табақ асты баланың оң жағынан сол жағына, сол жағынан оң жағына арлы-берлі екі айналдырып, табақтағы астан алдымен баланың өзіне дәм татқызып, онан соң жиылған жұрт бөлісіп жейді. Бұл — баланың «бауырынан табақ жүргізу» ырымы деп аталады.
320. Жыл өткенше қаралы үйде жілік шақпайды.
321. Жылқы ішін тартса, күн бұзылады, пысқырса, жаңбыр жауады.
322. Жылқыны «талағың түскір», сиырды «қарасан болғыр», қойды «топалаң келгір», ешкіні «кебенек келгір» деп зілмен қарғауға болмайды. Бұлай істесе, мал иесі шамданады. Мал ішіне жылауық қаптайды.
323. Жылқыны басқа бір алыс жерге апарғанда бұрынғы тұрған қорасындағы тезегінен ала жүріп, шым-шымдап жемге қосып береді. Сонда жылқы жат жерге тез үйренеді. Және бұрынғы жерін аңсап, қашпайды деп есептейді.
324. Жылқышы ұстайтын құрықтан, балта мен бақанның үстінен аттауға болмайды. «Бақан аттаған байымайды, балта аттаған жарымайды» деген сенім бар.
325. Жыңғылмен атты қамшыламайды, малды не адамды ұрмайды. Жыңғыл — тікенді бұта. Онымен ұрса, мал да, адам да ұшынады деп ұйғарылады.
326. Ит адамға опадар саналады. Малды күзетіп, ит-құстан қорғайды. Жаугершілік кезінде сақтыққа себін тигізеді, жаудың келіп қалғанын сездіреді. Осыған орай аңыз да бар. Мысық: «Күлден басқа бермеді, тозақ отына күйдір» деп иесіне опасыздық етеді екен. Ал

- ит құйрығымен отқа су сеуіп, адамды тозақ азабынан құтқаруға ұмтылады деген сөз бар.
327. Ит аспанға қарап ұлыса — сол шаңырақ иесінің өліміне көрінеді, деп жаман ырымға жорылады. «Пәле өз басыңмен кетсін» деп итті қарғайды. Қуып жүріп ұрып өлтіреді. Қара жерді терең қазып көміп тастайды. Үстіне жеті адам қара тасты бастырады да, түкіріп безінеді. Онысы — иттің пәлесі өзімен бірге кетсін дегені.
328. Ит жатқан орынға таңертеңгі мезгілде «ит тиген» (рахит) сәбиді үш рет аунатып алса немесе сары иттің құлағын шертіп, қан алып балаға жақса, ол тәуір болып кетеді.
329. Ит жатып үрсе, өлім-жітім көп болады, апат туылады, ханды қара басады, жол ауыр болады деп жорып, ақсарыбас сойып, Алладан мейір-шапағат тілейді.
330. Ит жонынан түлесе, қыс жақсы болады деп жориды. Бауырынан түлесе, қыс аяғы ұзаққа созылады деп нанады.
331. Ит ұлыса, шаңырақта жаманшылық болады.
332. Ит шөп жесе — жақсылыққа жорылады. «Ілгері басқанның иті оттайды, кері кеткеннің келіні ұрлық жасайды» деп ұйғарады қазақ баласы.
333. Итті үйге кіргізіп, төрге шығармайды. Ас ішіп отырғанда есіктен сығалатпайды. Иттің демі лас, асты былғайды деп есептейді.
334. Кәрі жілікті таза мүжиді, шақпайды, тастамайды. Оны босағаға не шаңыраққа (биікке) іліп қойса, малға (жанға) жау шаппайды.
335. Келін барған жерінде алғаш үйге кіргенде босағаға соғылмай кіруі керек. Енесі қарсы алып, маңдайынан сүйеді, ілесіп келгендерге көрімдік береді. Келін босағаға соғылып қалса — үйдің берекесі қашады, келін баянды болмайды деп жориды.
336. Келін қайын атасының, енесінің, қайын ағасының, қайын жұртындағы үлкен-кіші туыстардың атын атамайды. Ата-енесінен басқаларға қосалқы ат қояды. Бұл — қайын жұртына құрметі әрі сыйлағаны, жақсы келін атанудың жөні.

337. Келін түскенде, қыз ұзатылғанда, жолаушы сапардан оралғанда, құда не туыс-туған келгенде, тағы басқа қуанышты күндерде ауыл әйелдері құрт-ірімшік, қант-кәмпит, күміс тиын араластырып, топтасып тұрған адамдардың ортасына «шашу, шашу!» деп айқайлап тұрып шашады. Шашуды барлығы теріп алып, ырым ретінде үйіндегі балаларына апарып береді. Шашуды әйелдер ғана шашады. Еркек шашпайды. Шашуды балаларға берудің себебі — «ырысты болсын» дегені.
338. Кептерге қарай тас лақтырмайды. Олай істесе — тыныштық бұзылады, береке кетеді деп ырымдалады.
339. Кешке жақын жайылған кірлер жиналады. Далаға түнетіп қалдырмайды. Себебі, киім иесіне бұйырмай қалады. Түнде жаңбыр жауса, не боран соқса, былғанады.
340. Киіз үйде құмырсқа көбейіп кетсе, жылқының екі тезегін уыққа іліп қояды.
341. Киіз үйдің есігін үйдің үстіне қарай лақтыруға болмайды. Есіктен Бақ пен Бақыт та, Сор мен Қайғы да кіреді. Есікте кие болады. Лақтырғанда сол кие шамырқанады. Жау шапқанда ғана есікті үйдің үстіне түре лақтырып, жауға құқай көрсетіледі.
342. Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді. Оң қолдан бастап киім кию жақсы ырым саналады.
343. Киіп жүрген бас киімді сыйға немесе кие тұруға бермейді. Себебі, бастан бақ кетеді, соры қайнайды. Сыйлыққа жаңа бас киім беру керек. Бұл басты қастер-легендік.
344. Көз жара шыққан балаға сойған малдың немесе құстың көзінің суын жақса, жазылып кетеді.
345. Көз қотыр шыққан балаға сойған малдың көзінің суын жақса, жазылып кетеді.
346. Көзге теріскен шықса, саусақ арасынан қол шығарады.
347. Көкке, шаңыраққа қарап түкірмейді. Көк Тәңірі, шаңырақ киесі атады деп ырымдайды.
348. Көкпарға тарту үшін қазақта тек қана ешкі түлігі беріледі. Қара ешкі — қыс бейнесі есептелінеді. Бата жасап сойылып, додаға салуға тапсырылады. Осы қимыл

- арқылы тіршілік қимылы басталатын көктемге құрмет көрсетіледі, жаңа күн құттықталады.
349. Көктем суық болса — жаз жылы болады. Көктем жауынды болса, күзде жауынсыз болады.
350. Көктемде алғаш күн күркірегенде үйдің іргесіне ақ төгіледі. Бұл — ақ мол болсын деген ниеттен туған ырым.
351. Көктемде көк мойын ұзақ қарға алдымен келсе, қыс аяғы қысқа болады. Сары ала қаз келсе, қыс аяғы ұзақ болады деп есептейді.
352. Көктемде маса болмаса, жаз өте құрғақ болады.
353. Көктемде торғай шалшықтан су ішсе, одан кейін аяз болмайды.
354. Көне бұйымдар мен заттарды жаңғыртып жонбайды. Бұлай істегенде беті жабулы тұрған пәле мен дау қайта қозады деп ырымдайды.
355. Көп жасаған немесе жақсы адам қайтыс болса, оның киімдері мен тұтынған заттарын ырымдап бөліп алады.
356. Көрпенің тұйығын ірге жаққа қаратып төсейді.
357. Көрші-қолаңнан біреу алыс жолға аттанғанда ауылдағылар жолаушының тоқымын қағады. Бұл — тоқым қағар деп аталады. Жолаушы аттандырған үйдің иесі дастархан жайып, жиналған жұртты сыйлайды. Жұрт жолаушыға ақ тілеу айтады.
358. Көш бастауға тиісті кісілердің он екі мүшесі бүтін болуы керек. Кемтар адамдарға бұл міндет жүктелмейді. Дені сау адам бастаған елдің жолы болады деп ырымдалады.
359. Көшкен кезде жұртқа бір құшақ отын тастап кетеді. Жұрт қоныс құры қалмағанына қуанады деп жориды. Жұрт қуармай жатады деп сенеді.
360. Көші-қонға жүк артылып жатқанда, жұмыс үстінде жүк артушылар көп сөйлеуге болмайды. Бұлай істесе, қимылдың арты керіске айналып кетеді деп ырымдайды.
361. Күзде ағаш жапырағы көк қалпында түссе, сол жылы жастар қызыл қырғынға ұшырайды деп жориды.
362. Күзде бие ағытылған күні үй иесі ауыл ақсақалдарын жиып, мал сойып, ең соңғы қымызын құйып беріп: «Ке-

- лер жылғы қымызды ішкенше бәріміз аман болайық» деп ырым жасайды. Мұны «сірге жияр», кей жерде «сірге мөлдіретер» деп атайды.
363. Күзде қайыңның жапырағы осал болып, жерге суылдай төгілсе, қыс қатты болады.
364. Күзде қозылар енелерінен қалғыштап, отардың артында қалып жайыла беретін болса, сол жылы қыс қатты болып, қыс аяғы жұтқа ұласады. Егер қозылар қоралы қойдың алдына шығып жайылса, сол жылы қыс жайлы болады.
365. Күйеу жігіт қалыңдығын ұзатып алып кететін жолы етегінен басып, шапанын алып қалады. Мұнысы күйеу ескі тонын шешіп тастап, жаңа киім кисін, өмірі ажарлы болсын дегені.
366. Күйеу жігіттің «есік ашар» дәстүрі орындалған соң, қыз ағасының үйінде өлі-тіріге арнап күйеу жігіт алып келген серке не еркек қой сойылады да, әруақтарға арналады. Ауыл ақсақалдары шақырылып, табақ тартылады. Бата сұралады. Өлі-тіріге сойылған малдың етінен қалыңдық дәм татпауға тиіс. Халық сенімі бойынша: дәм татса, қыз ауруға шалдығады.
367. Күйеуге шықпаған қыздар жігіттің қолынан шай, ас құйдырып ішпейді. Күйеуге шықпай қаламыз деп ырымдайды.
368. Күн батып, ымырт үйірілгенде, жалғыз қалып төбе басын сақтамайды. Бұлай істесе — төбе басында жалғыз қалады деп жорылады.
369. Күн күркіреп, нөсер жауып, найзағай жарқылдаса — үйдің іргесі отпен аласталады. Адамдар «бисмилла, бисмилла» деп, тәуба қып, иман келтіреді. Қазақ ұғымында найзағай — Алланың жын-сайтанға атқан оғы. Үй іргесін отпен аластаудың мәні — Құдай тағала даладағы жын-сайтанды атқылағанда, олар қашып келіп үйдің іргесіне тығылмасын дегені. Сондықтан оларды отпен қорқытып қуу керек. Іргені отпен аластамаса, үйге жасын түсуі ықтимал. Адамдардың сол пәледен шошып, зәре-құттары қалмайды.

370. Күн шығардың алдында көкте ақша бұлттар жүрсе, күн ашық болады, ал бұлттар қоңыр болса, күн бұлыңғыр болмаса, жаңбыр болады.
371. Күшік алған адам иттің иесінің балаларына «қарғы-бау» деп аталатын кәде ұсынады, күшіктің енесінің итаяғына жем салып, күшікке сүт жалатып барып оны алады.
372. Кір жуғанда кірдің суын жолға, аяқ астына төгуге болмайды. Кірдің суын басқан адам жаманшылыққа ұшырайды.
373. Кісі мерткікенде де қырық үйден мерткік ас жинаған. Содан адам тез жазылады деген.
374. Қабақтың үстіндегі қастың арасынан оқшау шыққан ұзын жуан әрі жалғыз тал қылды жұлып алады да үш рет түкіріп, табанымен басады. Онысы, тіл-көзден, пәле-жаладан қақсын, өз басымен кетсін дегені.
375. Қабір басынан қайтқан мәйіт жерлеушілер үйге келгеннен кейін беті-қолын жуады. Онысы — бақи дүниеге аттанған адамды шығарып салған адамдар ол дүниенің есігін көргендіктен, бетін жуып, пәни дүниеге оралуы.
376. Қабір талқысына, төрт бұрышына төрт ұсақ мал атайды. Оны жетім-жесір, қаріп-қасер, кем-кетік, жоқ-жітік адамдарға береді. Онысы — төрт құбыласы тең болсын дегені.
377. Қаз тұрып апыл-тапыл жүре бастаған баланың тұсауы салтанатты түрде кесіледі. Бұл «Тұсау кесер тойы» деп аталады. Баланың аяғы ала жіппен тұсалып, байланады да, оны сол ауылдың желаяқ, жылпың қадірлі кісілердің бірі кеседі. Сонан кейін сәбиді әрі-бері жетелеп жүргізеді. Тұсауы кесілетін баланың қалтасына төтті тағамдар, күміс тиындар сықап салынады. Тұсауы кесілген соң тойға келгендер мұны таратып алады. Тұсау кесілмесе — бала сүріншек болады, үлкейгенде топ ауруына шалдығады деп ырымдалады.
378. Қазақ «Ай құлақтанса — аяғыңды сайла, күн құлақтанса — күрегіңді сайла» дейді. Онысы — Ай қораланса, күн жылы болады. Ай шалқасынан туса, қатты аяз бо-

- лады. Ай қырынан туса, күн жылы болады деп жориды.
379. Қазақ «Бүлінген елден бүлдіргі алма» деп, өз ішінен бұзылған елге теріс қарайды. Бұлай істесе бүлігі жұғарды, пәлесі қалады, жала жабылады деп ырымдайды.
380. Қазақ «Құлағанға жолама, құлағанға жоласаң, қу жаның одан қала ма» деп, осы бір қатерлі дерттен сақтандырады. Дерттің жұқпауын ырым етеді.
381. Қазақ «Сүйелдің қозылы қойлық жаны бар» дейді. Қара сүйел елеусіз сырқат, өздігінен ұшып кетеді. Ал ақ сүйелді елеусіз қалдыруға болмайды. Садақасы — қозылы қойлық. Адам жанына, мал басының шығынына көрінеді деп секемденеді.
382. Қазақ ай толып, дөп-дөңгелек болып туғанда да сәлем береді. Айға қарап тілек айтып, бет сипайды. Онысы көңіл айдай жарық болсын, сөзім айдай толсын дегені.
383. Қазақ аққуды, сары ала қазды, бұлбұлды және жалғыз жүрген құсты ауламайды, атпайды. Өйткені бұларды киелі құс деп есептейді.
384. Қазақ алыстан келген жолаушыны, қонақты, ағайындарын, қандас бауырларын «Қырықтың бірі Қыдыр, Мыңның бірі Уәлі» деп ырымдап, төрге отырғызады. Дастарханға бата жасатады.
385. Қазақ асқан еттің көбігін екі рет алады. Алдыңғысы қанды көбік, екіншісі — ашты көбік деп аталады. Көбігін алмай жеген ет мәкүрік болады, ауру жабысады деп жориды.
386. Қазақ асты оң қолмен алып жейді. Сол қолымен алғанды ерсі көреді. Оң қолмен тамақ жеу, оң қолмен амандасу, есікпен оң аяқпен кіріп, оң аяқпен шығу — осының бәрі ісім оң болсын, оңға бассын, оңға бастасын деген ақ ниеттің ырымы.
387. Қазақ аяқ киімінің табанына қарамайды. Аяқтың баспайтын жері жоқ, аяқ киім де таза емес. Былғанышты көрсе — көз ұшынады деп есептейді. Ал аяқ киімнің табанына қарай қалған күннің өзінде үш мәрте түкіреді. Онысы — көзім ұшынбасын, аяғым ақсамасын дегені.

388. Қазақ әйелдері қасын боямайды, жұлып тақырламайды. Бұлай істесе — қастасы көбейеді, жауы басына шығып, басынады деп жориды.
389. Қазақ әйелдері өзінің әдейілеп басына салып жүрген арнаулы жаулығын басқаларға бермейді. Олай етсе, басымдағы бақ басқаға көшеді деп ырымдалады.
390. Қазақ баласы айға телміріп, ұзақ қарамайды. Түнде жұлдыз санамайды. Айда бір кемпір бар, айға телміріп қарасаң, әлгі кемпір сенің кірпігіңді санайды, кірпігі саналған адам қазаға ұшырайды деп жориды.
391. Қазақ баласы албаты ант ішпейді. «Адал болсаң, ант ішпе» деп біледі. Ант ішіп, ант бұзғаннан асқан жамандық жоқ деп иланады.
392. Қазақ баласы ата-анасына тіл тигізбеуі керек. Бұлай істесе, қара тас жалап, тілің тасқа тисін деп қан шығарады.
393. Қазақ баласы бастау басына, бұлақтың қасына дәретке отырмайды. Барлық тірліктің атасы да, жан біткеннің анасы да сол бұлақ, сол бастау деп біледі. Сондықтан бұлай істегенде оның киесі атады, қарғысы тиеді. Таза ны арамдасаң — арың кірленеді, абыройың төгіледі деп ырымдалады.
394. Қазақ баласы жаңа шыққан көк шөпті жұлмайды. Ағаш бүрлерін үзбейді. Көк шыбықты сындырмайды. Өйткені жас өндірдің бәрі — бақыттың бастамасы, барлық тірліктің қайнар көзі. Көк жұлсаң — көктей орыласың, қарғыс атады деп ырымдалады.
395. Қазақ баласы түнде қасқырдың атын атамайды. «Ит-құс» деп бүркемелеп сөйлейді. Қасқыр десе — қастасып қораға шабады деп жориды.
396. Қазақ баласы үйдің ішінде төрге қарап тұрып керілмейді. Төсек кермейді. Шаңыраққа, керегеге асылмайды. Бұлай істесе, үйдің киесі атып, дертке шалдығады деп ырымдайды.
397. Қазақ баласына сұлу, ажарлы болсын деген тілекпен ырым етіп: Айнұр, Айгүл, Күннұр, Жұлдыз, Шолпан деп ат қояды.

398. Қазақ басқа үйді айналмайды. Айналса, сол үйдің пәлесі жабысады немесе өзіне қонуға тиісті бақ адасады деп ырымдайды.
399. Қазақ басымыз көбеймей қалады деп адам санамайды.
400. Қазақ бейіт баспайды, қолмен нұсқап көрсетпейді. Бұлай істесе, әруақ атады. Бейіт басқан адам тобы, сал ауруына ұшырайды, қол-аяғы тартылып қалады деп ырымдайды.
401. Қазақ бет алды жер шұқымайды, жер қазбайды. Бұл қылық өлім шақырады, ажалды хабарлайды деп жаман ырымға балайды.
402. Қазақ бір үйге алып барған өзінің сыбағасынан өзі жемейді. Онда әйелі қыз табады деп ырымдайды. Ұдайы жаугершілікке ұшырай берген қазақ елді қорғайтын ер азаматты көксегендіктен, ұл баланы ерекше тілейді.
403. Қазақ біреуге қатты ашуланған адамға «тісінді қайра», «ерніңді тістеме», «жұдырығыңды түй» дейді. Өйтпесе кек ішінде кетеді деп ойлайды. Кек ішінде кеткен адам дертке шалдығып, ем табылмай өмірден өтеді, түсі жылымайды, жүрегі жібімейді, кекшіл болып, көпшіл болмайды. Тісін қайраса, жұдырығын түйсе — ашуы сыртқа шығып, көңілі жадырайды деп жориды.
404. Қазақ біреуге өзінің киім-кешегін берсе, бір түймесін не бір бауын үзіп алып қалады. Онысы — басымдағы бағым түймемен немесе баумен бірге кетпесін дегені. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер» деген сөз бар. Бұл сөз осындай ырымнан шыққан болуы да ықтимал.
405. Қазақ дос-жаранына, туыс-туғанына сары түсті заттарды тарту-таралғыға ұсынбайды. Сары түс — дерттің белгісі, сары ауру жабыстырады, жазылмас дертке ұрындырады деп жориды.
406. Қазақ ескі бесікті далаға, жұртқа тастамайды. Тастауға тура келсе, ақтық байлап, ақ сүт тамызып, бір уыс дән қосып өртеп, күлін жерге көміп кетеді. Далада, жұртта қалған бесікке жын үймелеп, баланың орнына жатып алса, бұрын осы бесікте жатқан бала ауру болады, бағы жанбайды деп ырымдайды.

407. Қазақ жазғытұрым алғаш жауған жаңбырды «Алланың нұры» деп басын тосады. Онысы — ала жаздай басы ауырмайды, басыма бақ қонады дегені.
408. Қазақ жазғытұрым далада ұйықтамайды. Бұл қыс пен жаздың өларасы, шегі. Ыстық пен суық алмасар тұс. Осы мезгілде жер бетінде жын-перілер соғысып жатады. Далада ұйықтап қалған кісінің бет-аузы қисаяды, жынданып ауырады деп ырымдайды.
409. Қазақ жақсы көретін адамына, туыс-туғанына, құда-жекжатына, алаш-ағайынына шақпақ тас, пышақ, қайрақ сыйламайды. Бұлай істесе араға от түседі, пышақтасады, «қырық пышақ болады», дұшпан араға от жағады ырымға жатқызады. Сондықтан жақын кісілер шақпақты, пышақты, қайрақты сұрап алмайды, көрсетпей ұрлап алады. Иесі оны білсе де, ренжімейді. Бұл — жаман ырым басталмасын дегені.
410. Қазақ жақын адамдарының көңілі түскен жақсы нәрселерін (жақсы ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы т.б.) немесе біреу іс істеп беруін қолқалап сұрайды. Қазақ салтында «Қолқадан бас тартқанның қолқасы үзіледі» деп ырымдап, қолқа сұрай келген адамның талабын тойтарып, көңілін қалдырмайды. Қолқалаушы да орайын тауып, оның қарымжысын қайтарып отырады.
411. Қазақ жаңа туған нәрестені «не деген сұлу» немесе «неткен семіз» деп айтпайды. Бұлай айтып қалған болса, жерге үш рет түкіреді. «Жағыңа жылан жұмыртқаласын», «Аузыңа қара нан толсын» деп, бір дегдар әйел аузын жаптырады.
412. Қазақ жапан даладағы жалғыз ағашты кеспейді, зақым келтірмейді. Саясына барып паналап, ұйықтамайды. Олай істесең — сол ағаштай сопиып жалғыз қаласың, дүниеде жалғыздықтан өткен жамандық жоқ. Жанның құлазудан асқан қорлық жоқ. Жалғыз ағашты жамандық тілеп тұрған жауыздықтың нысаны деп қарайды.
413. Қазақ жас келінге, жаңа туған балаға, тағы басқа ерекшеліктерге алғаш көрген сәтте көрімдік сұрайды. Бұл — дүние құмарлық емес, сол жаңа нәрселердің елге

- таныла беруі үшін айтылған тілек. Көрімдік байғазы да емес. Көрімдік жас адамға, жақсы атқа, құсқа сұралады. Байғазы бала немесе жастар жаңа киім кигенде көңілін аулап беріледі.
414. Қазақ жек көрген немесе енді көрмесем деген адамның артынан бір уыс топырақ шашады.
415. Қазақ жер бетін тоқсан тоғыз түрлі пәле қаптағанда заман ақыр болады деп жориды.
416. Қазақ жеті атаға толмай қыз алып, қыз беріспейді. Себебі жеті атаға толмаса, қан уылып, кем-кетік, ақылсыз, әлжуаз бала туылады. Ұрпақтың, ұлттың сапасы төмендейді деп ырымдайды.
417. Қазақ жолаушылап жолға шығар алдында үйіндегі кішкене балаға аяғыңды көтерші дейді. Егер бала оң аяғын көтерсе, жол болады екен деп қуанады. Сол аяғын көтерсе, жол теріс деп жолға шықпайды.
418. Қазақ жорыққа аттанған кезде «аттан түс», «атты байла» деген сөздерді тіке айтпайды. Жамандыққа бастамасын деп, сол мағынаны білдіретін, қон, бекіт, кір деген сияқты сөздерді қолданады. Жорыққа аттанғанда өлең айтпайды, жыламайды. Саптыаяқты жолдыаяқ деп, мінгені байтал болса — ат деп атайды. Жорыққа байтал мініп барса, жол болмайды деп есептейді. Байтал — жорық көлігі емес, құлындайтын, сауылатын мал. Үйге тамақ шайнаған қалыппен кіруге болмайды. Ал тамақ шайнап шығу — жақсылықтың нышаны. Қазақ «Дұшпанның үйіне жеп кір, достың үйінен жеп шық» дейді. Біреудің тамақ шайнап кіріп келе жатқанын байқаса, үй иесі оның аузындағысын босағаға төктіреді. «Қан түкір» деп, жамандыққа балап назаланады.
419. Қазақ жұлдыз санамайды, аққан жұлдызға қарамайды.
420. Қазақ жын-сайтан бурадан және кірпікшешеннен қорқады деп жориды да, үйдің қолайлы тұсына бураның бас сүйегін, кірпінің түрпісін іліп қояды.
421. Қазақ кем-кетік, мүгедек, жарымжан адамдарға күлмейді, мазақтап масқараламайды. Өйткені бұл — өдепсіздік. Менмендік істесең — өз басыңа келеді. Күлген

- кісі күлге көміледі, көлге кетеді, екі етегін түре кетеді, өмір бойы күрсініп өтеді деп жамандыққа жатқызады.
422. Қазақ көкек құсына тиіспейді. Аңыз бойынша, көкек адам екен. Бір ауылға күйеу келіп жатады. Аяқ астынан аты жоғалады. Қалыңдықтың сіңлісі жездесінің атын тауып әкелуге шығады. Үйден шығарда асығып жүріп шатасып, бір аяғына өзінің, бір аяғына күйеудің етігін киіп кетеді. Сол қыз айдалада көкек құсқа айналып кетеді. Көкектің бір аяғы қызыл, бір аяғы көк болатыны содан екен. Ат іздеп шығып, жоғалған қыздан пайда болған көкек те аты жоқ құс аталады. Киелі құс санатына жатады. Көкек қонған ағаштың бұтағын сындырып алып, майы мол болады деген ұғыммен іркітке салады.
423. Қазақ көкке, шаңыраққа қарап түкірмейді. Көк тәңірі атады, шаңырақ киесі соғады деп ұйғарылады.
424. Қазақ көне жұртты, оттың орнын баспайды. Басса — ауру жабысады, пәле қонады деп жориды.
425. Қазақ күнге, айға қарап тұрып түзге отырмайды. Ал құбыла жаққа, күн батысқа қарап тұрып бұлай істеуге тіпті де болмайды. Бұлай істеу әрі күнә, әрі рух шамданып, ұшынады, ауру иелеп, қуығы тұтылады, жіңішке ауруға тап болады, аузы қисаяды деп ырымдайды. Ай мен Күн — қазақ ұғымында дүниенің жарығы, сұлулықтың, пәктіктің белгісі.
426. Қазақ қазан-ошақты теппейді. Ондай істегенде, аяқ дертке шалдығып, кем болады. Қазанның қарасы, ошақтың киесі атады деп есептейді.
427. Қазақ қайыршыға түске дейін ғана садақа береді. Жұма және бейсенбі күндері де қайыр садақа таратады, себебі түстен кейін жиналған мал-мүлікті бытыратпайды. Бәрі де түске кейін жиналады. Егер осы жиналған мүліктен біреуге берсе — ырыс кетеді деп ырымдайды.
428. Қазақ қарттары екіқабат әйелге қай аяғын алдымен басар екен деп қарайды. Егер оң аяғымен табалдырықтан бұрын аттап кірсе — ұл туады. Сол аяғымен кірсе — қыз туады деп жориды.

429. Қазақ қосарланып өскен, қатар біткен ағашты кеспейді. Олай істегенде қосағыңнан айырыласың, қанатыңнан қайырыласың, бақайыңнан майырыласың, тамырыңмен қырқыласың деп шошиды. Дүние түгел өзіден жаралған. Егіздің сыңарын құлатқан оңбайды. Көңілі қарауытып, санадай сарғайып, зарығып, қиналып өтеді деп ырымдайды.
430. Қазақ құда-жекжатына, туыс-туғанына, дос-жаранына ит бермейді. Себебі, «Иттей ырылдасып қалмайық», «Ит ырылдаса — береке бұзылады», «Құдалық, достық, туыстық баянды болмайды» деп ырымдалады. «Құда мың жылдық» деп татулықты тілейді.
431. Қазақ құда түсіп, құйрық-бауыр жескен соң, құда түскен қыз жатқа кетпейді. Уәде бұзылса, дау туады. Ел жауығады. Арты пәлеге айналады деп тыйым салады.
432. Қазақ құдалыққа барғанда немесе сапарға, жолға шыққанда шұнақ түйеге жүк артпайды. Жол болмайды, пәле ұшырайды деп жориды.
433. Қазақ қыз баланы қорламайды. Қыз — ару, болашақ ана. Ұрпақ қыз арқылы өрбиді. «Қыздың жолы жіңішке», «Қыз назы қырық кісіні мас қылады», «Қыз — жат жұрттық» деп өздектетеді. «Қыздың қабағында құт бар. Қыз қабағы — күрең тартса — ел жұтқа шалдығады. Қыздың қабағы күлімдесе — құт қонады. Қызды қорлаған қызыл шақасынан айырылады. Қыздың жолы қырық кісінің жолын бөгейді. Қызды жылатқанның қырсығы қырық есекке жүк болады» деп ырымдап, қыз баланы адамның бақытына балайды.
434. Қазақ қыздары үйдегі қонақтың қарсы алдына келіп талтайып отырмайды. Мұндай қылық қызды ұятсыз іске ұрындырады, бақытсыздыққа душар етеді деп ырымдайды.
435. Қазақ маңдайы кең, көз жанары отты, құлағы үлкен баланы білікті, парасатты адам болады деп ырымдайды. «Болатын бала боғынан» деп оның бала күніндегі сөз, әрекетіне қарап, болашағына болжам айтып отырады.
436. Қазақ мәйітті қабіріне кірген соң басын құбылаға қаратып жатқызады. Жанама қабірдің аузы жабылмай

- тұрып, жиналғандар бір-бір шым-шым топырақ салады. Онысы көптен бұйырған топырақ деген ізгі ниет.
437. Қазақ мойынға жіп салмайды. Өйтсе сайтан есінен тандыра аздырып, өзін-өзі білмей буынып өледі деп ырымдайды.
438. Қазақ мүшел жасын жасырады, басқаларға айтпайды. Себебі мүшел жас — қатерлі жас, тіл мен көз сұғынан сақтасын деп ұйғарады да, жасты айтуға тура келсе, не асырып, не кемітіп айтады.
439. Қазақ мініс атын сатқанда немесе ағайын-туысына сыйға бергенде ноқтасы мен жүгенін алып қалады. Себебі малдың құты, бағы басында деп жорылады. Басына пайдаланған, басын байлаған ноқта мен жүгенде құттың да демі бар. Бұл мүліктер атпен қоса берілсе — үйдің бүкіл байлығы, бағы еріп кетеді деп ырымдалады. Сондықтан алып қалған ноқта мен жүгенді үйдің оң жақ босағасына іліп қойып, үнемі майлап, баптап ұстайды.
440. Қазақ нанды баспайды. Нан аса қасиетті деп есептеледі. Нанды басқанды Құдай атады, қарғысқа ұшырайды, өзегі талып өкіреді деп ұғады.
441. Қазақ некелі төсекке басқа адамды жатқызбайды. Көрпе, жастықтарды да біреуге қолданбайды. Неке бұзылады, махаббат тітіркеніп, шетке ауады деп ырымдайды.
442. Қазақ оң жағындағы иығына қарай түкірмейді, сол иығына қарай түкіреді. Себебі, оң иықта адамды қолдаушы періште отырады, түкіргенде ол жиіркенеді деп ұйғарылады.
443. Қазақ от шашпайды. Ыстық күлді төкпейді. От шашса, өрт шығады, күл төксе, бұрқырап көзді қармайды. Сөйтіп, ойды адастырады деп жориды.
444. Қазақ отқа түкірмейді. Отқа, шалаға су құймайды. Отқа су құйса, пырылдап, үй ішін күл басады. Күл басса — нас басады. От киесі қашады. Оттай ыстық жалын суиды. Құштарлық сөнеді. Адам өледі. «От бар жерде — жан бар». От — тірліктің негізі. Отқа су құю — жамандықтың нышаны.

445. Қазақ өзі мініп жүрген атын соғымға соймайды. Ал біреуге берсе, сілекейін алып қалады. Онысы — бағы да, соры да басқаға кетпесін дегені.
446. Қазақ өлген адамды жоқтап жылағанда әйел заты шашын жайып жіберіп жыласа — ішіндегі шер тарқайды деп сенеді.
447. Қазақ өлімге көңіл айтуға келгендерді қандай адам болса да алдынан шығып қарсы алмайды және аттандырмайды. Бұлай істеу — «өлім шақырғандық», «аруақ рухын таптағандық» деп ырымдайды.
448. Қазақ өрттің алдына ақ құяды. Онысы — өрт тез сөнсін, апат болмасын дегені.
449. Қазақ пышақтың жүзі көкке қарап жатқанды жаман ырымға жатқызады. Ондай пышақ өлім тілеп жатыр деп ырымдап, пышақты жалпағынан жатқызады.
450. Қазақ салты бойынша от алуға келген кісі от алғалы келгенін айтпайды. Отты алады да, үнсіз шығып кетеді. Тек от алып жатып: «От ана, сақтай гөр!» деген тілек айтады. Әсілі от алу — жақсы әдет емес. Сондықтан от алушы басқалармен сөйлеспейді. «Отқа келген әйелдің отыз ауыз сөзі бар» деп өсекті лаулатып айтуға тыйым салады. «Ел іші ала, кереге басы пәле болмасын» деп ұйғарады.
451. Қазақ салты бойынша, түнде далаға сыпырынды төкпейді, үй сыпырмайды. Сыпырыла қалғанда: «Үйге бүйі кіріп кетті» дегенді айтып барып сыпырады. Себебі сыпырынды жатқан жерге жын жиналады. Түнде сыпырындының ласы денеге шашыраса, адамға жын жабысады да, жазылмайтын науқасқа тап болады деп ырымдалады. Түнде үй сыпырмайтыны — сыпыртқының ұшына жын жабысады. Төсек салатын орынға жын орнығып алса, адам төсегінен суынып, ұшынады деп жорылады.
452. Қазақ салтында ерлі-зайыпты адамдардың ортасына есі кеткен түседі деп жұбайларды бөліп отырғызбайды.
453. Қазақ салтында жаңа түскен жас келін көрші ауылға алғаш қыдыра шыққанда, үлкен енелері оған «итаяғыңа сал» деп сақина, білезік, жүзік секілді заттар ұсынады.

Келіншек тұңғышын босанып, нәрестені алғаш шілде суына шомылдырғанда ыдысқа осы заттарды салады. Нәрестені шомылдырып болған соң әйелдер бұл заттарды бөліп алып, балаға ақ тілеу тілейді. Онысы — нәресте сараң емес, жомарт, қайырымды болсын дегені.

454. Қазақ салтында от жаққан орынды баспайды. Отта кие бар. Бұлай істегенде оттың киесі атады деп тыйым салады.
455. Қазақ салтында үй ішінде тырнақ алмайды. Тырнақ тамаққа түссе — жазылмайтын ауруға тап болады деп жориды. Бұрынғы заманда мыстан кемпірлер тырнағын алып, қастасқан адамының төсегіне қойса, жады ауруына ұшырайды екен деген аңыз бар.
456. Қазақ салтында үлкен кісілер екінті мен ақшам мезгілінің аралығында дауыс шығарып жыламайды, өксіп үһілемейді. Ұйықтамайды, іс, киім тікпейді. Беймезгіл істің берекесі болмайды деп жориды.
457. Қазақ сейсенбі күні жолға шықпайды, сапарға аттанбайды. Бұл күні болмайды, жолдан пәле кезігеді, сейсенбі күні жолды жылан кес-кестеп жатады деп ырымдайды.
458. Қазақ суға түкірмейді. Ағынды суды беталды бөгемейді. «Дәм татқан құдығыңа түкірме» деген нақыл сондай ырымдардан қалған.
459. Қазақ тартылған табақпен қоса ұсынылған бас келгенде оң құлағын сол үйде отырған қонақтардың ішіндегі балаға береді. Онысы — бала сөз тыңдайтын, тілазар емес, елгезек, жақсы болып өссін деп тілегені.
460. Қазақ дәуітті ұстап алып, алғашқы шыққан сүйелді тістетіп, қайта қоя береді. Сонда сүйел толық жазылды деп біледі.
461. Қазақ теңделген жүкті буып байланған жіпті кеспейді. Бұлай істегенде өзіңдікі өзіңе бұйырмайды, талапайға түседі, жолда тоналасың, жау шапқандай болады деп, жаман ырымға жориды.
462. Қазақ торғайды және басқа құстардың жұмыртқасын шақпайды. Бұлай істесе, бетке секпіл түседі деп ырымдалады. Құстар қарғайды деп те нанады.

463. Қазақ тұзды бейберекет шашпайды. Себебі барлық тағамның тұзсыз дәмі жоқ. «Астың иманы — тұз» деп қарайды. Тұз төгілсе — ырыс төгіледі, дәм шамданады, ас азаяды. Жерге төгілген тұз еріп жоғалғанша сол жерге тұзды төккен адам тұздай ащы тұрмыс кешіреді деп ырымдайды.
464. Қазақ түнде айдалада жайылып жүрген жалғыз сиыр көрінсе, қамшымен сабайды. Себебі түнде сиырды жын-шайтан мініп жүреді деп нанады.
465. Қазақ түнде айқайламайды. Тек жаугершілікте ғана солай істелуге тиіс. Жайшылықта ондай теріс қылықтан аулақ болған жөн деп ұйғарылады.
466. Қазақ түнде үрейлі түс көрсе, таңертең жерге үш рет түкіреді де: «Түс — түлкінің боғы» дегенді үш рет айттып, түкірікті оң аяғының табанымен үш рет басып таптайды. Онысы — тоймас қара жер жаман түсімді жесін деп ырымдайды.
467. Қазақ ұғымы бойынша, шаруамен бір үйге кірген адам тізе бүгеді, тіпті өте асығыс болғанның өзінде де тізе бүгіп, үй иесіне ілтипат жасауға тиіс. Бұл — шаңырақтың құрметі. Егер келген адам түрегеп тұрып шаруасын айтып, тізе бүкпей шығып бара жатса, үй иесі: «Неге тізе бүкпейсің, біздің үйдің сиыры түрегеп тұрып бұзауласын дегенің бе» деп, өкпе айтады. Қариялар: «От ала келген жоқсың, тізе бүк!» деп бұйырады. Бұл — үйдің иесіне тағзым ету.
468. Қазақ ұғымында аспан денелерінің де өзіндік қасиеті бар деп есептеледі. Мысалы, көктен жұлдыз ақса — адам өлгені деп жорылады.
469. Қазақ ұғымында от — үйдің жарылқаушысы, шамшырағы. Қазақ отты ерекше құрметтейді. Жаңа түскен келінді үйге кіргізгенде үлкен үйдегі отқа сәлем бергізеді. Одан кейін от басына төселген жұмсақ бөстекке (теріге) отырғызады. Онысы — оттай жайнап, терідей жұмсақ бол дегені.
470. Қазақ ұғымында, үкі — қасиетті құс. Үкінің үлпілдек жүні, басы, сирағы және қауырсыны жын-сайттаннан

- қорғайды деп, төсектің басына, бесікке, бас киімге қадайды.
471. Қазақ ұл баланы тұқым жалғайтын үйдің отын сөндірмейтін мұрагер санайды. Сондықтан бұған ерекше мән береді. Бір үйде ылғи қыз бала туыла берсе, соңғы туылған қызға «Ұлбосын», «Жаңылсын» деген сияқты ат қояды. Бұл — енді бала ұл болсын деген үмітпен ырымдалады.
472. Қазақ ұл баласы тұрмай шетіней берсе, аман-есен туылған ұл баласының оң құлағын тесіп, сырға өткізіп қоятын болған. Себебі, ұл баланың жанын алғалы келген Өзірейіл оның құлағындағы сырғасын көріп, «қыз бала екен» деп алданып жанын алмай тастап кетеді деп ырымдаған. Ұл бала аман-есен ел қатарына қосылып, күпті көңілдері қуанышқа толғанда, сырғасын алу үшін «Сырға той» жасаған.
473. Қазақ ұрлық жасамайды. Бұлай істесе, қол-аяғың сынады, қара басып, кемтар болады деп нанады.
474. Қазақ үйде, дастархан басында сасық жел шығармайды. Қақырып, түкірмейді. Олай етсе бақ қашады, ас айниды деп сескенеді.
475. Қазақ үйінде қазан құр тұрмайды. Тым болмағанда бір қалақ май тамызып қояды. Бұл «қазан қаңсымасын» дегені. Қазан толы болса, уайым жоқ.
476. Қазақ үйінде ыдыс-аяқты шақылдатпайды. Онда ырыс үркеді. Дін шамданады, бақ жоламайды деп ырымдалады.
477. Қазақ үйіне қонған қонақты да ырымдайды. Қонақ қонған түні мал төлдесе, көтен асып қонақты сыйлайды. Өрі киіт кигізіп: «Ақжолтай қонақ» деп шығарып салады.
478. Қазақ үйірлі жылқысынан біреуге мал ұстап берген кезде сол жылқының жалынан бір тал қылды жұлып алады да, қылға сол жылқының сілекейін жағып, қалтаға салып сақтап қояды. Бұл — «сілекей сірне» деп аталады. Онысы — әлгі жылқымен бірге ырыс кетпесін деп ырымдағаны.

479. Қазақ үш әйел тастаған еркекті жақтырмайды. Оның қолынан балаларына дәм таттырмайды. Жамандығы бастарына келеді деп ырымдалады.
480. Қазақ шашты далаға тастамайды, жерге көмеді. Құс шашты ұясына салса — бас ауруға шалдығады, бас айналғыш болады, ұмытшақтық, жеңілтектік дертке шалдығады деп ырымдайды.
481. Қазақ шығып бара жатып, есікті қатты серіппейді. «Қайта кірер есігіңді қатты серіппе» деген де нақыл бар. Өйткені бақ есік пен төрде қатар тұрады. Есікті қатты серпісең, үйден бақ қашады деп ұйғарылады.
482. Қазақ ырымдағанда да баласына жаман ат қоймайды. Өссін, көбейсін деген мағынадағы атауларды таңдайды да, Тоқтасын, Өскенбай, Көпбосын деп қояды.
483. Қазақ ішінде жауырынға қарап болашақты, тұрмыстіршілік ағысын, жақсылық пен жамандық нышанын болжайтын да ырым бар. Жауырынды тіс тигізбей тақырлап, таза мүжу керек. Тіс тиген жауырын сөйлемейді деп иланады.
484. Қазақта «ақты телміртпе» деген сөз бар. Алдыға қойылған айран, сүт, қымыз секілді тағамдарды көп тостырмай, тез ішу керек. Ақ көп телмірсе, аққа адам да телміріп, зарығатын болады деп ырымдалады.
485. Қазақта «жарыс қазан» деген ырым бар. Бір әйел толғатып жатқанда, басқа үйдің әйелдері қазанға жеңіл желпі тамақ салып, оны босанатын әйел бала тапқанша пісіріп ұлгеру үшін жарысады. Қазақ ұйғарымында туатын бала «жарыс қазанға» қатынасып, пісетін тамақтан бұрын жарық дүниеге келуге ұмтылады.
486. Қазақта «көрімдік сұрау», «көрімдік беру» ырымы бар. Жаңа туылған бала, жас келін, тағы басқа жаңа нәрселерді алғаш көрген адамнан көрімдік сұрайды. Көруші шамасына қарай көрімдік береді. Бұл сол жаңа нәрселердің елге таныла беруі үшін айтылған ақ тілек есептеледі.
487. Қазақта «Көсені үйге кіргізбе, бөксесін жерге тигізбе» деген сөз бар. «Көседен көсеу де қалмайды» деп ырым-

дайды да, көсе отырған жерден бір шым-шым топырақты алып, далаға «Тфу-тфу» деп шашып жібереді.

488. Қазақта «күйеу аяқ» дейтін ырым бар. Жігіт қалыңдығын өз үйіне түсіргеннен кейін қызын ұзата барған енесін қошаметпен қайта жеткізіп салады. Сонда ата-енесі күйеу балаға мал атайды. «Күйеу аяқ» дегені сол. Бұл күйеудің аяғы жеңіл болсын, көңіл ашық боп қайтсын дегені.

489. Қазақта «тобық жұту» деген ырым да бар. Жұтатыны — қоян тобығы. Шарты былай: тобық жұтатын адам мынадай серт айтады:

Батыр болсам —
 Жүрегімнен шық,
 Палуан болсам —
 Білегімнен шық.
 Шешен болсам —
 Таңдайымнан шық,
 Бақытты болсам —
 Маңдайымнан шық.

Тобық жұтқан адамның қасиетіне қарай айтқан тұсынан шығады деп есептеледі.

490. Қазақта «тұмар тағу» ырымы да бар. Бала не жасы кіші біреу ауырса, молдаға дұға жаздырып алып, оны ақ шүберекке не теріге үш бұрыштап тігеді де, дұға арналып жазылған адамның мойынына тағып қояды. Бұл тұмар сол адамды не баланы пәледен, тіл-көзден, ауру-сырқаудан сақтайды деп нанады. Тұмардың түрі көп. Кейде жас төлдерге де, ботаға да, ауырған малға да тағады.

491. Қазақта «шідерге сигізу» ырымы болған. Балам малсақ болсын деп шідерге сигізеді.

492. Қазақта айдалада жалғыз кетіп бара жатып түнге қалса, мұсылмандардың моласындағы мазарға түнеп шығады. Таңертең әруақтарға бағыштап Құран оқып аттанады. Жалғыз адамды түнде әруақтар қорғайды деп жорылды.

493. Қазақта әйел еркектің алдында төсін ашып, жарқыратып отырмайды. Бұлай істесе, сұқ көз қадалады,

- тіл тиеді. Соның салдарынан төсі қараяды, омырауы іседі. Тас емшек болып, омырауынан сүт қашады. Сүт болмаған соң, құт та болмайды, құшағы суық, бауыры тас болады деп жориды.
494. Қазақта бала ата-анасына қол жұмсамайды. Егер қол жұмсаса, Құдай атып, жер жұтады деп жориды.
495. Қазақта бала туғанда да жасалатын ырым көп. Біреу балаға құлын атап «Бәсіре» берсе, құлынды қастерлеп, бала аман болсын, жасқа толсын деп соймайды және сатпайды. Біреуге де бермейді. Өйткені ол баланың дүние есігін аша салып алған өз несібесі, құты деп нанады. Оны біреуге берсе, бала есейгенде қолына құт қонбай кедей болады деп жориды.
496. Қазақта балаға кекіл қояды. Шашын тегіс ұстарамен қырып тастайды да, маңдайына бір шөкім шаш қалдырады. Жиегін тегістеп қояды. Ол кекіл деп аталады. Кекіл баланы ажарландырады. Соған орай баланы еркелетеді. Аттың да маңдайындағы бір шоқ түгін кекіл деп атайды. Кекіл баланы тіл көзден, сұқтан қорғайды, пәле-жаладан қағады деп есептеледі.
497. Қазақта басқа кісілерге қаратып аяқ киім шешпейді. Әйелдер көбінесе тасаланып тұрып шешінеді.
498. Қазақта денесінде тарыдай-тарыдай қара қалы бар адамдардың қызы көп болады деп жорылады.
499. Қазақта ер азаматтар босанған әйелге сойылған қалжаның етін жемейді. Онда әйелі ылғи қыз табады. Шашы түсіп қалады деп ұйғарады.
500. Қазақта жалғыз ұл балаға жамау-жамау киім кигізіп, төбесіне айдар қояды. Онысы — балаға жат көздің сұғы қадалмасын, тіл тимесін дегені.
501. Қазақта жанып тұрған отқа май тастап, соның лапылына қарап болашақты болжайтын ырым бар. Май тасталған оттың жалыны ашық түсте болса — жақсылықтың нышаны. Оттың жалыны қара қошқыл болса — жамандықтың белгісі.
502. Қазақта жаңа киген киіміне байғазы береді, түйме тағады. Онысы — түйме артынан түйе келеді деген ырымы.

503. Қазақта кетік, жырық ыдыспен қонаққа ас бермейді. Себебі ыдыстың кетігінен сайтан қосарлана ас ішеді, қонақ қорланады, қонақтың жебеуші иесі шамданып, кәрін төгеді деп ырымдайды.
504. Қазақта көз тиеді, сұқ өтеді, тіл батады деген ұғым бар. Кейбіреулерді «сұқ көзді, сұқ тілді» деп сескенеді. Көз сұғы — жақсы адамға, жас балаға, жүйрік атқа, қыран құсқа, сұлу қызға, қайсар батырға, қайратты палуанға тиеді деп нанады. Сондықтан ас пен тойларда палуандарды, жүйрік атты көптің көзінен тасада ұстайды. Онысы — тіл мен көздің сұғы тимесін дегені. Біреу жас келінге немесе сөбиге сұқтана қараса, «көзің тиеді, қара жерге түкір» деп, жерге түкіртеді. Көз тисе — «сұқ-сұқ» деп, тіл тисе — «тфә-тфә» деп, ерекше мақтаса — «тілің тасқа» деп қайырым айтады.
505. Қазақта қой қырқып, жүн сабаған және киіз басқан кезде жел соқса, жүнді ұшырып кетеді деп екі тал шиді яки шөмшекті айқастырып, жүнмен байлап қояды. Онысы — жел шамынан сақтану.
506. Қазақта қолды жуып болған соң, сілікпейді. Қайта суды сорғытып барып, орамалмен сүртеді. Жуған қолды сілкіу — жаман ырым. Бүйткенде су иесі Сүлейменнің киесі атады, соның салдарынан бастау көздері бітеледі деп жорылады.
507. Қазақта қыл арқанды ұрламайды. Ұрласа — аспаққа асылады, қыл мойнына қыл арқан түседі деп ырымдайды.
508. Қазақта нәрестенің иткөйлегін шешкен күні, яғни қырқынан шығарғанда ауылдағы әйелдер жиналады. Иткөйлекті шешкен соң, оған тәтті түйіп, иттің мойнына байлап жібереді. Ауыл балалары сол итті қуып жүріп ұстап алып, тәттіні бөлісіп алады. Иткөйлекті ырым деп, баласы жоқ әйелге береді. Онысы — барлық адамды қуантатын бала көп болсын дегені.
509. Қазақта сейсенбі күні алыс сапарға аттанбайды, үлкен іс бастамайды. Себебі бұл ауыр күн болып есептеледі. Бас зеңіп тұрады деп ырымдалады.

510. Қазақта түн ортасында қораздың шақыруы теріске жорылады. Ондай қораздың басын кеседі де, жерге көміп тастайды. Өйтпесе, адам өлімге ұшырайды деп есептейді.
511. Қазақта түнде айнаға қарамайды. Қараса — ажары кетеді, өңі бұзылады, нұры таяды, дидары солады, шұғыла қуарады деп ырымдалады. Өйткені адам баласы жарықта жүзіне нұр жинайды. Түнде айнаға қараса, сол нұр адамның көзіне шағылысып, тайғанайды деп жориды.
512. Қазақта ұзатылған қыз жыл толмай төркініне келмейді. Себебі отаудың оты лаулай түссін дегені. Бұл мезгіл бұзылса — ақ төсек суиды, көңілге жел кіреді деп ұйғарылады. Мұндай кезде туған бала безбүйрек, қатал болады деп сенеді. Сондықтан отауды жайнатып ұстап, отбасына самауырды қайнатып қойып, келген-кеткенді ашық-жарқын қабақпен қарсы алу арқылы жас келін келген жеріне әбден бауыр басып кетуі керек. Содан кейін ғана төркініне баруға болады. Төркіндей барғанда дауыс айтып, сағынышын да ақтаруға ерікті. Қуанышпен көрісу — жақсылық. Ата-анасы сағынып келген қызын жылы шыраймен, ақ пейілмен күтеді. Қайтар кезінде қалағанын береді. Қыз көңілі марқайса — ел көңілі өседі деп жориды.
513. Қазақта шалбардың бауын кісіге қарап тұрып байламайды. Жүріп бара жатып та олай істеуге тыйым салады. Бұл қылық әдепсіздік, жөн білмегендік саналады.
514. Қазақта шын көңілмен, адал ниетпен құдаласып, қонақ болып отырғанда табақ тартар алдында құйрық-бауырды араластырып турап, үстіне айран құяды да, құдаларға асатады. Бұл асатудың өзілге ұласатын жағы да бар. Алайда адал ниет те қабысып жатады. Айран араластыруы — тілек ақ болсын, іші-бауырымыз араласқан мың жылдық құда боламыз деп ырымдағаны.
515. Қазақта: «Сыйға — сый, сыраға — бал» дейтін сөз бар. Жігіт жағы құдаларды есік көрсетуге шақырады. Мұндағы мақсат — қалыңдықтың барлық туыс-туғандарын күйеуге таныстыру, өз ел-жұртын, дәулеті мен

- сәулетін көрсету. «Өлі-тірісіне» бір мал аталады. Бұл — әруақ разы болсын дегені. Егер өлі-тірісіне мал аталмаса, келін ауруға шалдығады деп есептейді.
516. Қазақтар жәйбарақат кезде бас бармақты тістемейді. Қаралы күн, құсалы түн өткізіп, өзегі талған адамдар ғана солай істейді. Ешбір себепсіз бұлай істеу — жамандық нышаны деп жорылады, оған қатаң тыйым салынады. Қатты өкінгенде ғана бармақ тістейді.
517. Қазақтың келіндері асықты жіліктің асығы бар басындағы сіңірді мұжымайды. Онда толғағы ашты болады, қатты қиналады деп ырымдалады. Әйелдің толғағы қатты болса, бураның құраған бас сүйегін ақ байлап төрге іліп қояды. Мұнысы — жын-шайтан бурадан қорқып қашады дегені.
518. Қазақтың келіні қайын енесі мен қайын атасының төсегіне отырмайды. Бұлай істеу — әдепсіздік, арадағы сыйластық бұзылады, адамдық жойылады, құрметтен айырылады, келіннің етегі ашылады деп қатал тәртіппен тыйым салып жаман ырымға жатқызады.
519. Қазақтың қарттары көзі тірісінде өз қабірін қаздырып қояды. Жанақымды тас құмы жоқ керіш жерден таңдап, бес адам олай-бұлай аунап жататындай етіп қаздырады. Онысы — Алланың бергеніне де, алғанына да разылығын мойындауы. Ақырет түніне иман келтіргені.
520. Қазақтың үлкен кісілері балаларына құстардың жұмыртқасына тиіспеуді, балапанын өлтірмеуді тапсырып, міндеттеп отырады. Бұлай істесе — құстың қарғысына ұшырайды деп сенеді.
521. Қазалы күндері өлімге келген ауыл адамдары қызыл, жасыл киім кимейді. Әйелдер жылтырауық бұйымдар тағынбайды. Бұл торқалы той емес. Қаралы өлімді құрметтеу керек.
522. Қазан айында қар жауса, көктемде қар көпке дейін жатады.
523. Қазанда қайнап жатқан сүт отқа төгілсе, малдың желініне қотыр шығады. Сүт отқа күйіп жатқанда малдың емшегіндегі сүт күйеді.

524. Қазанды есік жаққа қаратып қисайта аспайды. Ол құласа: «Несібе төгіледі, ырыс шайқалады, ас азайып, дән далаға қашады. Отқа төгіліп, дән күйеді. Күл астында қалады. Қазан шайқалса — ырыс шамданады» деп ырымдайды.
525. Қайтыс болған адам жаназасы шығарылып, қабырға жерленбей тұрып Құран оқылмайды.
526. Қалжаға сойылған қойдың омыртқасын тазалап мүжиді де, тобылғы шыбыққа өткізіп, есіктің бас жағына іліп қояды. Онысы — баланың мойыны тез бекісін дегені. Ал қалжаға жиналған әйелдердің бәрі де омыртқа етінен ауыз тиюге тиіс. Ең соңында кіндік шешесі қырнап мүжиді де, есік маңдайшасының төбесіне іліп қояды. Әйелдер осы омыртқа етінен ауыз тисе, бала көтереді деп ырымдалады.
527. Қалы, меңі үлкейіп кетпесін деп, қалымен туған балаға «Қалдыбай», «Қалдыгүл», «Меңдігүл», «Анарбай», «Анаргүл» деп ат қояды.
528. Қамшы, садақ, жебе, тағы басқа қару-жарақты сыйлағанда беретін кісінің қолына ұстатпай, жерге тастайды. Онысы — қолдың қатты-жұмсақтығы немесе береке бірге кетпесін, ұшығы жерде қалсын дегені. Ауыр салмақты жер ғана көтереді деп ырымдағаны.
529. Қамшыны ұстап, төрге шықпайды. Бұл — ағайындар араздасып, дауласқан жағдайда жасалатын қылық. Жақсылық нышаны емес.
530. Қамшының сабы сынса — қатын өледі. Пышақ сабы сынса — күйеу өледі деп ырымдалады.
531. Қандай жағдай болса да таңдай қақпайды, орынсыз таңырқамайды, жөнсіз есіркемейді. Адамды есіркеу — Құдайдың ғана ісі. Бұл адам баласының қолынан келмейді.
532. Қандай үйге кіргенде де, мейлі адам болсын, болмасын сәлем беріп кіру керек. Себебі үйдің төрінде Қызыр пайғамбар отыруы мүмкін. Сол риза болады. Үйге береке кіреді. Амандық сақталады. Жамандық болмайды деп ырымдалады.

533. Қара қоңыз тығылатын жер іздеп жанталаса жүгірсе, көп кешікпей жаңбыр болады.
534. Қара немесе қызыл киім және киімге ұқсағандарды үйдің үстіне қоймайды. Мұндай нәрсені, сол үйден адам өлсе, қылады.
535. Қарашада күн күркіресе, қыс қысқа болады.
536. Қарға қысты күні үйге қарап: «қақ, қақ, қақ» десе, қыста қар жауады, жазда жаңбыр жауады деп ырымдайды. Мұның ауылда той болатын жайға бейімделегін жағы да бар.
537. Қарға су бойын қуалап ұшса — жаман хабар болады.
538. Қарлығаштар жер бауырлай ұшса — жел соғып, күн бұзылады, керісінше биіктеп ұшса — күн ашық, жылы болады.
539. Қартайған адам қайтыс болса, жастар «оның жасына келеміз» деп ырымдап, оның «жетісіндегі», «қырқындағы», «асындағы» дастарханына таласып, берілген тағамды емен-еркін қалдырмай жейді.
540. Қасқырдың бас сүйегі мен жыланның бас сүйегін алып, жағын мықтап танған соң, сандыққа сақтап қояды. Сонда малды қасқыр жемейді. Адамды және малды жылан шақпайды деп жориды.
541. Қатар тартылған екі табақтың адамдары түгел ет турап алуға пышақ сұрап алса, етті турап болған соң, пышақты құры қайтармайды, пышақтың ұшына май шаншып беріп, алғыс айтады. Өйткені пышақ — ердің қаруы. Ақ май сол ниетті білдіреді.
542. Қой күзде төсін жиі қақса, сол жылы қар қалың түседі. Күздің аяғында, не қыстың бас кезінде өрістен қайтқан қойлар аузына бір-бірлеп шөп тістеп келсе, қысында жұт болады.
543. Қой қотыр шыққан балаға сойған малдың көзінің суын жақса, жазылады деп есептейді.
544. Қой пысқырынса, жазды күні бұлттанyp, іле-шала жауын-шашын болады.
545. Қой сүзicce — жел соғады.

546. Қой топалаң дертіне шалдықса — аршаны өртеп аластайды немесе елсіз түзге айдап тастайды, қасқыр шапса — топалаң айығады деп сенеді.
547. Қой тісін қайраса, кешікпей боран болады. Қой қысты күні қораға иін тіресіп, бір-бірін итермей, емін-еркін кірсе, ауа-райы жайлы болады. Керісінше иіріліп, топырлай кірсе, күн бұзылады.
548. Қолға шыққан сүйел қанша болса, жіпті сонша рет түйіп жерге көміп тастаса, ол шірігенде сүйелдер тез түсіп қалады.
549. Қолды жуып болған соң, сілкімейді, сорғытып барып орамалмен сүртеді. Жуған қолды сілку жаман ырым. Өйтсе, су иесі Сүлейменнің киесі атады, соның салдарынан бастау көзі бітеледі деп жориды.
550. Қолынан іс келмейтін адам бір шаруа жасаса, жерден шөп алып сындырады.
551. Қонақ боп барған үйінде қызды төрге отырғызады. Себебі «қызда қырық көліктік бақыт бар». Төрде отырса, сол бақыттың жұғыны қыз отырған төрде қалады. «Қызда қырық қырсық та бар». Босағада отырса — сол қырсық сол үйде қалады. «Қызда оттай ыстық мейір бар». Төрде отырса, сол мейір сол үйге бағышталады. «Қызда мұздай суық ызғар да бар». Есік жақта отырса, сол ызғар сол үйді шалады. «Қызда қырық періште бар». Төрде отырса, сол періштелер сол үйге қонады. «Қызда қырық сайтан бар». Есік жақта отырса, сайтандар сол үйде қалады. Осындай ырымдардың салқынынан қалтырап, ыстығына қуанады. «Қазақ ырым етеді, ырымы қырын кетеді» дейтін мәтел осындай ырымдардың жемісі болар.
552. Қонақ келгенде есікті үй иесінің өзі ашады. Ал қонақ шығарда есікті үй иесі ашпайды, қонақтың өзі ашып шығады. Қонақ үйге келгенде құт бірге кіреді деп жориды. Қонақ кетерде үй иесі есік ашып берсе, құт та әлгі кісімен ілесіп кетеді деп ырымдалады.
553. Қонақ қыз босағаға емес, қарттар отыратын құрметті орынға отырады. Өйтпесе үй иесі бақытсыздыққа ұшырайды.

554. Қонақ өзі түскен үйге алып жүрген найза, қылыш, мылтық, сойыл-шоқпарын алып кірмейді. Үйге кірерде сыртқа сүйеп қойып, тек қамшы алып кіреді. Бұл — қамшы жүрген жерде пәле-қаза жүрмейді, сізге адалмын дегенді білдіреді. Қамшыны төрге алып шықпайды.
555. Қонаққа тартылатын бастың түмсығы, сөзсіз, төрде отырған ең сыйлы қонаққа қаратып қойылады. Егер үйдің есігіне қаратып қойылса — онда үй иесінің қонақты шынайы көңілмен күтпегені, қайта, қонақты қуғанын білдіреді. Бастың маңдайын қосу белгісі формасында тіліп қояды.
556. Қонақты сыйламас бұрын үй қожасының өзі астан ауыз тиюі керек.
557. Қонақтың пышағы немесе бөкісі дастарханмен бірге жиналып кетсе, қайтарып берілмейді. Қонақ ет турағанда пышағын өзі сүртіп қынына салып алуы керек. Егер дастарханмен бірге жиналып кетсе, қонақ үндемейді, пышағын сұрамайды. Сұраса, «Қырық пышақ боп өштеседі» деп жориды.
558. Қорада тұрған ат иесін көргенде құйрығын көтеріп, борт-борт жел шығарса — сапар нысаны деп ұйғарылады. Ал аузын ашып есінесе — жақсылық нышаны. Жолға жүргелі тұрған ат құмалақ тастаса — жолдың оңға бастағаны, олжалы болмақ, қуаныш сыйлайды деп ырымдалады. Сүрінген атты ұрмайды. Қайта көзін оң қолмен сүртіп, тазалайды. Онысы — сайтан аттың көзін басып тұрса, қашып кетсін дегені. Жолаушы келе жатып, атының сауырынан ұрмайды немесе қамшы салмайды. Себебі жапанда жалғыз өзі келе жатқан жолаушыны қолдап, жебеген Қызыр пайғамбар аттың сауырында отырады деп жорылады.
559. Қоралы қойға қасқыр шапса, көк бөрінің аузы тиді, Көк төңірі қолдайды, мал өсіп, жан аман болады деп жориды.
560. Қорылдап ұйықтап жатқан адамға пышақ оқтаса, қорылы басылады. Буындырған шайтан пышақтан қорқады деп нанады.

561. Қошқардан күйек аларда «шашыратқы» жасайды. Қошқардың күйегін алып, саулықтарға қосып жіберген соң, мал иелері тілеу тілейді. «Төл көбейсін, егіз егізден болғай» деп, мәре-сәре болады. Әйелдер дастархан жайып, қонақтарды күтеді. Осы ас шашыратқы деп аталады. Сонда: «Мал төлді болады, шөп басы екі аша шығады, қой егіз табады» деп қуанысады.
562. Құлағыңыздың іші қышыса — жақсы хабар естисіз. Ал табаныңыз қышыса — жаяу жүресіз.
563. Құлын, қозы-лақ байланып, көгенделетін желі арқанды аттамайды. Желінің киесі атып, шарапаты шайылады деп жориды.
564. Құмалақ салғанда, құмалақ басын (ырымдап бергенді) қолға алмайды. Онысы — құмалақ ақ сөйлесін дегені.
565. Құмыраның, торсықтың аузынан су ішпейді. Қалған суға дем тиеді. Егер ауру адамның демі тисе, кейінгі су ішкен адам ауру болады деп жориды.
566. Құмырсқалар илеуін құрғақ жерге салса — жауын жауады, дымқыл жерге салса — жаздың құрғақ болатындығының белгісі. Қатты жел мен дауыл болардың алдында құмырсқалар әбігерленіп, мазасыздана бастайды. Егер құмырсқалар илеуін биік жерге салса, судың деңгейі көтерілер тасқын болады.
567. Құмырсқалар илеуінен шықпай қойса — күн жауады.
568. Құмырсқалар күндіз илеуіне асығыс кіріп жатса, ауа райы бұзылады деп ұйғарады.
569. Құрықтың ұш жағын жоғары көтермейді. Онда малдың аяғы көктен келіп, орта ойылған жұт болады деп ырымдалады.
570. Қыдырып келген жас баланы үйден құр қол шығармайды. Өйткені сәбидің меселдесі қайтпасын, көңілі қалмасын, жүрегі суымасын, келер бақытының беті қайтпасын, үйде оттай ыстық ықыласы қалсын деп ырымдаған. Егер сәби суық рай көріп, кейіген кейіппен шығып кетсе, бұл шаңырақтан бақ, төрден бақыт, дәннен ырыс кетеді деп ырымдалады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген мәтел осындайдан пайда болған шығар.

571. Қыз балаға кәрі жілік ұстатпайды. Егер қыз кәрі жіліктің етін жеп, мұжыса — болашақ күйеуі кәрі қақсал болуы ықтимал деп жорылады.
572. Қыз балаға шашы өссін деп желке жегізеді.
573. Қыз бен жігіт алғаш қосылған түні жігіт жеңгесіне жолдық береді. Өйткені жеңгесі төсек салып, жайлы жатуларын тілейді. Қыздың пәктігіне куә болады, кірді де өзі жуады. Бұл — өмірлік адалдық нысаны саналады.
574. Қызға құйымшақ жегізбейді. Құйымшақ жесе, жеңіл-тек болады деп санайды.
575. Қыздар өзінен үлкен адамға немесе жігіттерге қарап тілін шығарып, жалақтамайды. Бұл әдепсіздікке жатады. Ал кейін тапқан баласы сақау болады деп ырымдайды.
576. Қыз-келіншектер қара орамалды басына салмайды. Қара киім — қайғының белгісі деп ырымдалады.
577. Қызылша және басқа да жұқпалы аурулар тарағанда, басқаға жұқпасын деп, немесе қызылша шыққан балаға тіл-сұқ болмасын деп, есік сыртына не маңдайшаға шикі жас ет байлайды. Шикі ет ауырып жатқан адамымыздың еті шикі еді, қызылша шығып жатыр деген шартты белгіні білдіреді. Шикі етті қарға, сауысқан сияқты құстар ала қашып, тыныштық бермеген соң, қызыл бөз байлайтын болған.
578. Қызына құда түсе келген адамның тілегін қабыл еткенде жағалы шапан кигізеді. Оны «шеге шапан» дейді. Бұл — құдалық баянды болсын деген ниет.
579. Қырманға астық бастырар алдына егінші Дихан атаны еске алады да, бір шайнам дөнді аузына салып: «Дөн дәмді болсын, ішер көбейсін» деген тілек айтып барып іске кіріседі. Мұнысы — қырмандағы дөн шашылмасын, алдымен өзіміз ауыз тиелік, басқаға жем боп кетпесін дегені.
580. Қыста жаңбыр жауса — «Жер сілкінеді. Жер астынан айдаһар шығады» деп нанады.
581. Қыста күн құлақтанып шықса, суық болады, құлақтанып батса, суық сынады.
582. Қыста үйде шыбын ұшса — боран болады.

583. Қыстаудан жайлауға алғаш көшкен кезде бірінші күн көп ұзамай, жол бойына ерулейді. Себебі арттағы жұрт бірден иесіз қалмасын, жұрынсыз болмасын, бақыт сақтаған орта шамданбасын, жұрт қуарып қалса, жаңа жұртқа барғанда бақ көне жұртқа қарай алаңдамасын деп ырымдалғаны. Келесі күні әрі қарай көшерде жолдың екі жағына от жағып, сол оттың ортасынан жүк артылған көліктерді өткізеді. Бұл қаскүнем рухтар мен жын-шайтаннан сақтану үшін жасалады, өйткені олар көштің аңди алмай, от ішінде қалып қояды. Жаңа қоныста жаңаша өмір сүрсек деген ырымның жоралғысы.
584. Қысты күні ағаш шуласа — күн жылынады.
585. Қысты күні кемпірқосақ көрінсе, жыл құтты, ел тынышты, мал төлді, өнім мол, тіршілік жайдары болады дейді.
586. Қысты күні күн ұясынан құлақтанып шықса, сол күні күн суық болады.
587. Қысты күні қарғалар ағаш басына шығып қарқылдап, үстерін шұқып тазалана бастаса, көп ұзамай — ақ қар жауады.
588. Мақтап жүретін адам тамақ үстіне келеді, ал жамандап жүретін адам дастархан жиналғанда келеді деп санайды.
589. Мал әбзелдерін лас жерге, аяқ астына тастамайды. Оларды арнайы таза орынға іліп қояды. Әйтпесе, мал иесі өкпелейді.
590. Мал баққан адам құр қол жүрмейді, қынды пышақ алып жүреді.
591. Мал етін бұзғанда балта, шот қолданылмайды. Сүйектерді жүйесін тауып пышақпен ғана ажыратады. Балталаса, берекесі кетеді деп ырымдайды.
592. Мал қораға дәретке отырса, малдың желіні іседі, сүті азаяды деседі.
593. Мал өріске кеткен соң мал қораның есігін ашық тастамайды. Жын-шайтан кіріп кетеді деп ырымдайды.
594. Мал сауылып жатқанда бөгде біреу келіп амандасса, араласса, малдың сүті қайтып кетеді деп ырымдайды.

595. Мал сойған кезде төс шеміршегін кесіп алып, жарға не босағаға лақтырғанда жабысып қалса, ол үйдің аты бәйгеден бірінші болып келеді.
596. Мал төлдеп жатқан кезде сақал, мұрт, шаш алуға тыйым салынады. Өйткені төл шала туады, дертке шалдығады деп жорылады.
597. Мал төлдеп жатқанда басқа біреуге мал сыйламайды. Төлді біреуге атамайды және сатпайды. Бұлай істесе, Шопан ата шамданады, шамырқанады. Жаңа туған төл қырық күн өткенше иесіз болады. Сондықтан бақ пен байлық басқаға ауысады, мал шығынға ұшырап, індет жайлайды, қора бос қалады деп ырымдалады.
598. Мал төлдеп жатқанда кереге басына, бақанға, қойдың құйрығына қызыл шүберек байлап іліп қояды. Оны елдің көзі төлге түспей, құйрыққа түссін дегені.
599. Мал төлдеп жатқанда, балалардың асық ойнауына тыйым салынады. Өйткені асық ойнағанда сақа мен кейнейлерді соғыстырып, шықылдаған дыбыс шығарады. Міне, осы дыбыс мал киесін ызаландырады, төл шығын болады деп ырымдалады.
600. Малға бас киімді лақтырса, сүті азаяды деседі.
601. Малға оба тисе, қасиетті саналған адамдардың мола сынан топырақ әкеліп, малды ұшықтайды. Себебі оба да бір қасиеттің белгісі. Оның да күшті қорғаушысы болады деп ырымдайды.
602. Малға ұсталатын құралдарды (құрық, бұғалық, көген т.б.) аттамайды. Бәрінің киесі бар деп сенеді.
603. Малды бауыздар алдында басын құбылаға қаратып тұрып, бата жасайды. «Бұйыртып жегіз» деп тілек айтады. Онысы — малдың еті дәмді, адал болсын дегені.
604. Малды қу шыбықпен, көсеумен айдаса, сүті күйіп кетеді деп, жас шыбықпен айдайды.
605. Малды сатқанда оның ноқтасын, бас жібін алып қалады.
606. Малдың алдынан бос ыдыспен шықса, сүті азаяды деседі.

607. Малдың басын үйіткенде алдымен бауыздау жағынан бастап үйітеді. Бұл — пышақтың жүзіндегі қылау өртенсін дегені.
608. Малдың бірінші сауымынан алынған майды қазақтар асқа қолданбайды — онымен жақтау, табалдырықтың жоғары бөлігінің, киіз үйдің сол жағын жауып тұрған киізді майлайды.
609. Малдың жетім бауыр аталатын бауыры да болады. Оны балаларға жегізбейді. Егер жеп қойса — жетім қалады деп жориды.
610. Малдың мезгілсіз қашқаннан кейін туған төлін қазақта малдың иесі малданбайды, басқа бір күйі нашар кісіге садақа ретінде береді.
611. Малшы құр жан жүрсе, мал арам өледі.
612. Малшылар беті-қолын жумай тұрып, мал өргізбейді. Өйтсе, мал өлім-жітімге ұшырайды деседі.
613. Мама ағашта байлаулы тұрған аттар қасынып, бірін-бірі тістелесе — жақсы ырым. «Құда боламыз, құшақ айқастырамыз, мерекелі күн туады» деп ағынан жарылады.
614. Масалар күздің аяғына дейін жатпаса, қыс жұмсақ әрі жайлы болады.
615. Мәйіт шығарылып әкетілісімен үйді жинастырмайды. Өйтсе, аруақ разы болмайды дейді.
616. Мәйітті ораған кілемді түнде жұлдызға қаратып жайып барып істетеді.
617. Мәйітті үйден шығарып, қабір басына қарай алып жүргенде әйел адам бармайды. Үйде қалады. Келесі күннен бастап баруына болады. Әйел — ана. Сондықтан оның жүрегі суымасын, өмірден түңілмесін дегені.
618. Мәйіттің жанында қатты сөйлеуге, қызу әңгіме айтуға, жылап-сықтауға болмайды.
619. Мәйіттің кебін тігісін жиі тікпейді. Үйден шығатын өлім жиілеп кетеді деп ырымдайды.
620. Меңсіз қап-қара малды аса сыйлы қонаққа соймайды. Тұнжыр түс тұңғиыққа бастайды деп ырымдайды. Союға тура келген жағдайда мүйізіне, мойнына ен байлап барып сояды. Бұл ақ тілек қабыл болсын деген ниет белгісі.

621. Мешітке имам сайлаған кезде он екі мүшесі бүтін, дені сау, ақыл-есі дұрыс адам таңдалады. Ақылды, иман-жүзді адам оқыған дұғаның сауабы мол деп жориды.
622. Мойын құяңның салдарынан қарысып қалғанда, кербез кісінің сыртынан сәлем жасаса, жазылады.
623. Мойын, арқа жотасын құяң ұстаған адам кербез кісінің сыртынан үш қайтара сәлем қылып, тағзым етсе, тәуір болып кетеді.
624. Мұрны, иегі қышыған адам бір жерден дәм татады.
625. Мұсылман баласы доңыздың етіне көз салмайды. Ырыс былғанады деп жориды. Байқаусызда көз түсіп кетсе, «тфу» деп үш рет түкіреді.
626. Мысық шалқасынан жатса, күн жылынады. Мысық жерді тырмаласа, жел соғады, қабырғаны тырмаласа, ауа-райы бұзылады. Мысық жылы жерге отырса, болмаса жылы жерге жатса, қыста аяз, жазда күн бұзылады.
627. Мысыққа тамақты «ертең ұмытып кетесің» деп шертіп береді.
628. Насыбай атқанды Құдай атады. Демі сасып, дерті асқынып, қойнындағы жары жиіркенеді. Мерез ұрпақ туады. Кем иек, кетік тіс, есалаң бала опа қылмайды деп ырымдалады.
629. Науқастанған адам әбден әлсіреп, өлім қаліне жеткенде, ағайын-туыстарын жинап, арыздасады. Бірінен-бірі кешірім сұрасады. Алым-берім қарыздары болса, қайтаруды тапсырады. Ұрық-жұрағаты бұл істерді өсиет деп біледі. Өлетін адамның әрқандай тілегі «Ақтық дем» есептеліп, ол бұлжытпай орындалады.
630. Наурыз күні кетік ыдыстарды пайдаланбай, тастайды. «Жаңа күн — жаңа өмір, жаңа жыл» деп біледі. Бұл күні кетік ыдыспен ас ішсе — көне пәле, көне сүрдек қалады, жаңа күннің жаңа ырысын көре алмаймыз деп жориды.
631. Нәресте туғанда кіндігін ай балтамен кесіп, таза жіппен байлайды. Кіндік кескен балтаны пайдаланбай, сақтап қояды. Кіндік үш-төрт күнде түседі. Ұл баланың кіндігін «Үй күшік болмасын, далада өскен батыр бол-

- сын» деп, қырдан асырып лақтырып жібереді. Ал, қыз баланың кіндігін «Үйдің құты болсын» деп, от басына, ошақтың түбіне көмеді. Бала оқымысты болсын деген ниетпен кітап арасына сақтап қоятын да, ат құлағында ойнасын деген тілекпен аттың жалына байлап қоятын да дағды бар. «Тілегімізді кіндік кескен жерден, кіндік қаны тамған жерден бер» дейтін сөз осындай ырымдардан қалған.
632. Нәрестені тіл-көзден сақтау үшін оның бесігіне, киіміне тұмар ретінде жыланбас, үкі, тоғыз моншақ, күміс тиындарды іліп қояды. Сәбиге «көз тиді» деп секем алған жағдайда сол адамның үйінен бір нәрсесін әкеліп түтетеді.
633. Нәрестенің еңбегін баспайды. Өйткені баланың бақыты еңбегінде болады. Нәрестенің былқылдап тұрған еңбегін басса — миы зақымданады, өміріне қатер төнеді деп жориды.
634. Нәрестенің иткөйлегін кең-мол пішіп тіксе, қолы ашық, кең пейілді, бақытты болады деп ырымдайды.
635. Нәрестенің ұйқысы тыныш болуы үшін және жыншайтанды қуу мақсатымен адыраспанды отқа жағып түтетіп, баланы бөлерден бұрын бесікті айналдырып, аластап шығады.
636. Несібесі көп, дастарханы мол болсын деп жаңа үйдің босағасын маймен майлайды.
637. Ойнап жүрген балалар екі тымақты үсті-үстіне қабаттап кесе, екі қатын алады деп жориды.
638. Ойынға ашуланған адамның басы таз болады.
639. Оң жақ алақаныңыз қышыса, ақша аласыз, сол жақ алақаныңыз қышыса, біреуге ақша бересіз.
640. Оң жақ құлағыңыз шуылдаса, мақтайды, сол жақ құлағыңыз шуылдаса, жамандайды. Ондай кезде жаныңыздағы адамға: «қай құлағым шуылдады» дейсіз, ол «оң құлағыңыз» деп айтуы керек.
641. Оң көзіңіздің асты тартса, қуанасыз, сол көзіңіздің асты тартса, ренжисіз.
642. Оң қабағың тартса, қуанасың.

643. Оң қолыңның алақаны қышыса, ақша ұстайсың, табыс, олжа, сол қолыңның алақаны қышыса шығын, шығыс, зиян.
644. Оңтүстіктен соққан жел өзгеріп шығыстан соқса, ауарайы жылынады, батыстан соқса, бұзылады.
645. Ордалы жыланның маңына жақындап барып, жұғысуға болмайды. Өйткені қазақтар перілер жылан бейнесіне еніп, топтасып жүреді деп нанады.
646. От басында отырған қарияның орнына кез келген адам отыра бермейді. Кейбіреуіне қарияның кәрі тиеді. Жарымжан, дімкөс адам болса, ауруы асқынады деп ырымдайды.
647. Отау үйдің түс киізін үйдің тек оң жағына ғана құрады. Сол жағына құрса, неке баянсыз болады деп жориды.
648. Отты және оттың басын сабамайды. Бұлай істесе — үйішінің құты қашады, шаңырақтың оты өшеді деп жориды.
649. Отырған адамды айналуда балаға да, басқаға да рұқсат етпейді. Олай істесе, әлгі адамның ауру-дерті болса, соны айналған кісіге көшеді, барлық сиқыры қонады, жұқпалы дерті жабысады, соның салдарынан бақытсыздыққа душар болады деп ырымдалады.
650. Өгіз құйрығын шошайтып жоғары көтерсе — жел соғады. Сиырлар құйрығын көтеріп өкіріп шапса, ми айналдырған ыстық болады. Мал шағатын оқыра көбейеді. Сиыр танауын тартып, мүйізін шайқаса, дауыл немесе боран болады. Сондай-ақ қой тісін қайраса, боран немесе дауыл соғады. Ал тұяғымен төсін қаситын болса, қыс боранды болады.
651. Өздері әкелген сыбаға немесе тамақтан жеген үйдің әйелі қыз табады.
652. Өзен жағасынан тоған қазып, жаңа тоғанға алғаш су салғанда тоған жалғасынан түйе айтып соятын ырым бар. Онысы — ақ түйенің қарны жарылғандай той болсын. Ел тоқшылық өмір кешсін. Тоған киесі разы болсын дегені.

653. Өзен суына төніп, етбетінен жатып су ішпейді. Суға кетесің, не су мақұлығы жұтады, не асқазан ауруына, өңеш қабынуына жолығады деп жориды.
654. Өлара жауын-шашынды болса, жаңа ай шаруаға қолайсыз болады.
655. Өлген адамға дауыс көтеріп жоқтап жылаған соң, беті-қолын жумай тамақтан дәм тату күнә саналады.
656. Өлген адамды жерлеген соң молда Құран оқиды. Жасы келген адам болса, бейіт басында тәбәрік ретінде жыртыс жыртылады. Онысы — өлген қарттың жасын берсін, арты той болсын дегені.
657. Өлген адамды қабірге қою үшін үйден шығарда бас жағымен есіктен шығарады. Дән түйген ақ орамалды басынан айналдырып алып қалады. Мұнысы — әруақ үйден дәмін біржола үзіп кетсін дегені.
658. Өлген адамның жаназасына шақыра барған кісі жаяу болсын, атты болсын басқалардың үйіне кірмейді. Далада тұрып жәй-жапсарды айтады. Егер шөлдеп тұрса, сұраған сусынын сыртта ішеді. Үйге кірсе, сол үйден өлім шығады деп ырымдалады.
659. Өлген адамның қайыр-садақасына малдан басқа бидай да береді. Онысы — артындағы ұрпағы бидайдай жайқалып өссін деп ырымдағаны.
660. Өлген адамның қасында күзетіп қариялар оған иман тілейді. Бетін жабады. Көзін жұмғызады. Үйдің оң жағына салып қояды. Басын солтүстікке, бетін құбылаға қаратып, шалқасынан жатқызады. Үстіндегі киімдерін шешіп алады да, денесін ақ шүберекпен жауып қояды. Олай етпесе, әруақ разы болмайды деп нанады.
661. Өлген ер адам сүйегіне ерлер түседі. Әйел адамның сүйегіне әйелдер түседі.
662. Өлген кісінің иман киізі қырқына дейін таза жерде сақталуы керек. Өйткені қырқы берілгенше, әруақ дәмәтіп, өзінің үйіне келіп жүреді, лас киізді көріп ренжімесін деп жориды.
663. Өлген кісінің фидиясына мал, ақша бергеннен басқа бидай да береді. Бұл абзал саналады. Онысы — кейінгі ұрпағы егіндей көгеріп жайқалсын дегені.

664. Өлік шыққан жерде киімін, бетін жыртып жыламайды. Бұл — Аллаға қарсылық білдіргендік деп жорылады.
665. Өлімде Құран оқылғанда барлық адам жылаудан тыйылады. Әйелдер шашын көрсетпейді, ерлер жалаңбас отырмайды. Үн шығармайды, жүрмейді, түрегеп тұрмайды, сөйлемейді, сәлемдеспейді.
666. Өрмекшінің торын бұзсаң, қырық күнөң кешіріледі.
667. Өрісте жайылып жүрген малдың не қоралы қойдың ортасын қақ жарып өтпейді. Себебі үйірлі ішінде Қызыр пайғамбар жүреді. Малдың оттай ыстық көрінуі содан деп ырымдайды. «Малды ауылда құт бар», «Мал бар жерде жан бар», «Қойдың сүті қорғасын, қойды қырған оңбасын» деген мақалдар да бар. Қоралы қойдың ортасын жарып өтсе, Қызыр шамданады, мал екіге бөлінеді. Ортасынан айырылады, шығынға ұшырайды. «Қой Меккеден шыққан» дейтін ырымдармен байланысты болуы ықтимал.
668. Пәле-жаладан аулақ болсын деп жаңа үйленген жастардың төсегін арша түтінімен ыстайды.
669. Перзентсіз ерлі-зайыптылар мойындарына көгеннің бұршағын салып, Құдайдан бала тілейді.
670. Пияздың қабығы жұқа болса, сол жылы қыс жұмсақ болады.
671. Пұшпағы қанамаған бедеу әйел жуынып, шайынып, тазаланып алған соң, әулие адамдардың қабырына барып тәу етіп жалбарынса, сүйегі жарылып, бала көтереді деп ырымдайды.
672. Пұшпағы қанамаған бедеу әйел қоныс аударып, жат жердің суын ішсе, екіқабат болып, бала көтереді деп те жориды.
673. Пышақты пышаққа жанымайды. Бұл қылық — жаман әрекеттің нышаны. Елдің берекесін қашыратын соғыс болады деп жориды.
674. Пышақтың жүзі шалқасынан қарап қалса, сол үйдің малы пышаққа ілінеді, пышақ жерге шаншылып түссе, үйге еркек келеді. Қасық түссе, қатын, болмаса қыз келеді.

675. Сақал мен шашты жұлмайды. Құлақты созбайды. Көзді ақшаңдатпайды. Бұл — жамандық. Нәубетке, зұлымдыққа ұшыратады деп ырымдайды.
676. Сапарда кетіп бара жатқанда жолды кес-кестеп жылан өтсе, оны қуып жүріп өлтіреді. Өлтіре алмай ада сып қалса, саусағының біреуіне ине шаншып, қан шығарады да, жолдың жағасына тамызып кетеді. Онысы — құрбандық бергені. Жылан сол қанды жалайды да, адамға қастығынан қайтады.
677. Сапардағы жолаушылар жапан далаға түнесе, атының шылбырын сүйретіп қояды. Шылбыры сүйретіліп жүрген атқа қасқыр шаппайды. Өйткені қасқырдың ала жіп аттамайтын серті бар.
678. Сауысқан үйдің төбесіне қонып немесе үйге қарап шықылықтаса — үйге қонақ келудің нысаны. Алыстан жолаушы келеді, жолаушылар аман-есен оралады деп ырымдайды. «Әлей-әлей, ақ сөйлей гөр!» деп тілек айтады.
679. Сәби алақанын шапалақтаса — қуанышты хабар келеді деп ырымдайды.
680. Сәби анасынан ұстап отырып емсе — сараң, еркін отырып емсе — мырза, жомарт болады.
681. Сәби бала ішегін тартса — жаманшылық болады деп ырымдайды.
682. Сәби қолындағы заттарын «шашу» деп шашса, ол үйде той болады.
683. Сәби қырқынан шыққанда шашын алмаса, басы ауыратын болып қалады деп ырымдап қарын шашы мен тырнағын халықтың қадірлі адамына алдырады. Алынған қарын шашты тастай салмай, аяқ баспайтын жерге көміп тастайды.
684. Сәби өз үйіне «ассалаумағалейкүм» деп кірсе, ол үйге кешікпей қонақ келеді.
685. Сәби өзінің нәжісін өзі жесе, жоғалған нәрсені тапқыш болады деп нанады.
686. Сәби шалқасынан жатып алаңсыз ұйықтаса — елге белгілі азамат болып өседі, бүк түсіп жатса — уайымшыл, жігерсіз болып шығады, етпетінен жатып

- ұйықтаса — ойшыл болады. Егер аяқ-қолын еркін созып ұйықтаса — болашақ батыр, кемеңгер болады.
687. Сәбиге көз тимес үшін бетіне күйе жағып, үстіне ескі киім кигізеді.
688. Сәбиді бесікке алғаш бөлерде ырым қылып тоғыз орамал жабады. Қыз болса, басына айна, тарақ қояды, ұл болса, пышақ қояды.
689. Сәбиді қолына алып отырған адамның үстіне ол сиіп қойса, «құт келеді», әгәрәкім ол баласы жоқ адам болса, «кішкенелі боласың», әйтпесе «балаң көп болады екен» деп жұбатады, ырымдалады.
690. Сәбидің тілі мезгілінде шықпаса, нағашысының үйіне апарып қой сойдырып, соның тоқ ішегін мойнына байлап береді. Сонда баланың тілі шығады деп жориды.
691. Сәбилер тоққайып, екі бұтының арасынан қараса — жақсы нысанға баланады. «Жолаушы келеді», «Жол ашылады», «Алыстан туыстар қатынасады» деп қуанысады.
692. Соғым сойған күні тоқпан жілік асылады. Үйдегілер етті тоя жейді. Бұл тоқшылық, молшылық болсын деген ниетті білдіреді.
693. Соғымға сойылған малдың жілігін шаққанда майы толық болса, сол жылы мал майлы, көңіл жайлы, тоқшылық болады деп ырымдалады.
694. Соғымға сойылған малдың сүйегін далаға шашып тастамайды. Таза жерде сақталады. Себебі соғым сүйегінде астың құты тұрады. Соғымға да малдың қасиеттісін, семізін сояды. Сүйекті далаға шашып тастаса, қорадағы малға ит-құс шауып, тыным бермейді. Мал ақсүйек жұтқа, апатқа ұшырайды деп ырымдалады. Қыстай жиналған сүйек-саяқ жазғытұрым қайнатылып, майы алынады. Сонан соң сүйектер оң жақ босағаға терең қазылып көміледі. Онысы келесі жылғы соғымға дейін жұрт қуармасын, босаға майлы болсын деген ырымы.
695. Сойған малдың төрт сирағын түгел аспайды. Төрт сирақты бір-ақ асу дәм-тұздың таусылғандығынан дерек береді деп ырымдайды. Сондықтан нәзірге сойылған малдың ғана төрт сирағын толық асады. Басқа жағдай-

- да бір сирағын алып қалады. Бұл — әлі де басар жол, тартар дәм, асар шыңым бар дегендік.
696. Су алатын жерге шомылмайды.
697. Суға түкірмейді, дәрет сындырмайды. Суға түкіргенің атаңның бетіне түкіргенмен тең, суға дәрет сындырғаның атаңның сақалына дәрет сындырғанмен тең деп ырымдайды.
698. Суды күндіз тұрып ішеді, түнде отырып ішеді. Суды көп ішуге, салқылдатып тез ішуге болмайды.
699. Сұраған кісіге инені ұшымен бермейді. Ұшық — қастыққа, өштікке, араздыққа ұрындырады деп жориды. Иені қайтарғанда да иесіне ұшықсыз қайтарады. Қолға бермей, жерге тастайды. Бұл иненің шаншуы жерде қалсын дегені.
700. Сый табақпен бірге екі кәрі жілік бірге тартылса, қонақ қуанады. Жол оң болады деп жориды. Байлық, бақ қонады деп иланады. Жіліктерді еттен тазалап мүжіп, өзі алып кетеді де, үйінің босағасына іліп қояды.
701. Сыпыртқының ұш жағын жоғары қаратып қоймайды. Бұл Көк төңірін шамдантады, жын шаңыраққа шығып алады деп жорығаны.
702. Сырттан келген адам босағаға ат байламайды. Егер ат байласа — ондай адамды ниеті бұзық, жау екен деп есептейді.
703. Табиғаттың ерекше, тосын құбылыстары құдірет саналған. Топырақ үйілген төбешіктер, құла түздегі жалғыз ағаш, бұтақтары тарбиып өскен бұталардың өнген жері қасиетті делінеді. Сол жерлерде түнейді, шүберек байлайды. Әулие көмілген жерлерге мал сойып, тілеу тілейді.
704. Табындағы жылқыдан соғым алуға барған адам жылқышыларға «құрықбау» сыйлайды.
705. Тай мініп, өзінің сүндет тойына шақыра келген баланың қолына тәтті ұстатып, тайының жалына шүберек байлап: «Жол болсын, той құтты болсын!» деп жол көрсетеді.
706. Тамақ ішіп отырған адамның ыдысына шыбын, көбелек т.б. жәндік түсіп кетсе, оның несібесі көп болады.

707. Тамақ ішіп отырғанда біреудің қолындағы ыдысы түсіп кетсе, оны шайтан қағып жіберді дейді.
708. Тамақ ішіп отырғанда шашалған адамға «май қап» дейді.
709. Тамақты тек қана оң қолмен жеу керек. Сол қолмен жеген ас сіңімді болмайды деп ұйғарылады.
710. Таңертең ас үстіне келген адам астан ауыз тиюге тиіс. Себебі, «Таңертеңгі асты тастама», «Таңертеңгі асты тастасаң — ұжымың сені тастайды» деген тәмсіл бар. Сондықтан таңертеңгі ас үстінде келген адам жақсылық үшін астан ауыз тиіп аттанады. Адам жастан үлкен болса да, астан үлкен емес. «Ас — адамның арқауы». Таңертеңгі ас бір күндік өмірдің бастамасы. Таңертеңгі асты тастамай, көңілді отырып ішсе, сол күнгі жұмысың да оңға басады деп жорылады.
711. Таңертең және жұма күні кешқұрым мал союға болмайды.
712. Таңертеңгі асты төкпей, шайқалтпай, аса жайдары кейіпте, ашық-жарқын ішу керек. Бұл таңғы рызық шашылмауы керек деген сенімді білдіреді.
713. Таңертеңгі асты ішіп отырғанда ерлі-зайыпты адамдар ұрыспайды. Таңғы тірлік басталады. Күн шуағымен өмірге бақыт келеді. Ырызық тасыған, көңіл шалқыған күн туады деп ыстық ықыласпен таңертеңгі асты ойнап-күліп отырып ішеді. Сонда қабақтар жадырап, жақсы күн болады деп ырымдалады.
714. Таңертеңгісін жол үстінен алғаш кезіккен әйел еркектің оң жағынан өтпеуі керек. Бұлай істесе, ердің жолы бөгеледі, бақыты шайқалады, қырсыққа ұрынады деп ырымдалады.
715. Тауық әтештен бұрын шақырса, үй иелеріне жамандық шақырады. Ондай тауықты ұстап алып бауыздап тастайды, болмаса өз басыңа көрінсін деп басының жүнін тірідей жұлып қоя береді. Мезгілсіз уақытта шақырған әтешке де осы жазаны қолданады.
716. Тойы жасалып, үйінен ұзатылып шығарылған қыз кетіп бара жатқанда артына бұрылып қарамайды. Бұлай

- істесе — некесі бұзылады, күйеуімен отаспай, үйіне қайтып келеді деп жорылады.
717. Топ болып жолаушылап келе жатқанда біреуінің аты тұра қалып сисе, басқалары тоқтап тосады. Егер тоспай жүре берсе — жолдастыққа жарамағаны. Жайшылықта тоспаған адам, басқа күн туған кезде тосушы ма еді? Дос бола алмайды. Ала қол, қара нанды, ала күдік адам екен деп ырымдайды. Жүзін суыққа салып, бірте-бірте арасын алшақтатады.
718. Торға түсіп, немесе үйге бекіліп қалған құсты ұстаған соң, басынан үш мәрте айналдырып, босатып жіберу керек. Бұл — пәлекет сол құспен бірге ұшып кетсін деген ниетті білдіреді.
719. Торғай шаңға аунаса — жаңбыр болады.
720. Торқалы тойдың, өлім-қазаның ас-суы елге үлестіріледі. Бұл — береке сақталсын, дәм-тұз таусылмасын, қазан қаңсымасын дегені.
721. Төлді, малды түгендеп, санағанда бітті, таусылды, аяқталды демей, «байыңды», «түгесілді» деу керек.
722. Төрдің төбесіне түлкінің, қасқырдың, аюдың және басқа жыртқыш аңдардың терісін іліп қоймайды. Өйтсе — бақ тұрмайды, үйді үрей билейді. Үй іші жыртқыш аңдарға толып тұрғандай сезіледі деп, жамандыққа жориды. Әсіресе жас отаулар иелерінің бұлай істеуіне тіпті болмайды.
723. Туған мал шуын жеп қойса, сүті қайтып кетеді. Келешекте тумай қалатын болады.
724. Туған малдың шуын сүйретіп апарып көміп тастамаса, төлі қашаған болады.
725. Туыс-туғанға, ағайын-бауырға, дос-жаранға үш, бес, жеті санымен құрт, бауырсақ, шелпекті сыбаға ретінде бермейді. Осы санмен тек садақа ғана беріледі.
726. Тұңғыш баланы алыс сапарға той жасап аттандырады. Тойға үлкен-кішінің бәрі жиналады. Бала үлкендерден бата алсын, жолы ашылсын, маңдайы жарылып қуансын, сапарға жарқын жүзбен аттанса, ғұмырлық сапары да сәтті болады деп ырымдалады.

727. Түйе мойнын созып жіберіп, басын жерге салып жатса, ұзақ жол немесе көш басталады деп ұйғарады.
728. Түйенің ішінде арунаны соғымға соймайды. Егер соғымға соятын болса, бұл әулеттен күш-қуат, негізгі мейір кетеді деп ырымдайды.
729. Түн ішінде біреудің үйіне кіргенде «ассалаумағалейкум» деп сәлем бермейді. Тек «Кеш жарық» деп қана тілек айтады. Өйткені кейде сайтан түн ішінде періште бейнесіне еніп төрде отырады дейді. Соны абайламай сәлем беріп қалған жағдайда сол адамның аузы қисайып, ақыры ауырып өледі деп жориды.
730. Түн ішінде кір жаймайды. Өйткені әйел қорқып, шошыма ауруына шалдығуы мүмкін.
731. Түн ішінде қазаға көңіл айтпайды. Бұлай істесе, өлім көбейеді деп жориды.
732. Түн ішінде қарыз сұрамайды. Түн — зауал уақыты. Қарыз сұрау — жан сұрағанмен бірдей деп нанады.
733. Түн ішінде қорадағы малды санамайды. Қандай жақын адамы болса да түн ішінде қорадан мал ұстап бермейді. Өйткені қой жусап жатқан қорада бақ та жатады. Қораның бейқамдығы ыдыраса — мал тыныштығы бұзылады. Малдың күйі бұзылса — төл азайып, саны кемиді. Түн ішінде мал берсе — малмен бірге малдың құты да, сол үйдің байлығы да кетеді деп жорылады.
734. Түн ішінде сандық ашпайды. Бұлай істесе, отағасы өледі деп жамандыққа жорылады. Сандықты амалсыз ашуға тура келсе: «Сандыққа жылан кіріп кетті» деп барып ашады. Аузын жабарда: «Жылан сыртқа шықты» деп жабады. Онысы — суық қол ұрылар түн ішінде сандық ашып, жамандық жасамасын дегені. Оның қолын түсі суық жыланға балап салып, жыланға балап сыртқа шығарғаны.
735. Түн ішінде сыртқа от шығармайды. Бұлай істегенде ауылға жау шабады немесе қораға тиеді, апат болады, далаға өрт кетеді деп ырымдалады.
736. Түнде әйел заты суға бармайды. Әйел жаны нәзік, әрі қорқақ келеді. Су жануарларын көргенде жын деп ойлап, шошынып қалады деп есептеледі.

737. Түнде беті ашық қалған асты жемейді. Себебі мұндай ас бұзылады, айниды. Асқа сайтан сарыды деп ұйғарылады.
738. Түнде жатқан төсегіңді таңертең өзің жина. Жиналмай қалған көрпе-жастықтың ішіне сайтан кіріп алады да, адамға жамандық тілейді. Жиналмаған төсек-орын жаугершілікті де еске түсіреді. Төсектің жиналмауы — әйелге де сын. «Салпы етек, салақ, бос әйел» деген қаңқу сөз тарайды. Сөзге іліккен әйелдің үйінен құт қашады деп ұйғарылады.
739. Түнде үйдің үстіне байғыз деген құс қонса, шықылдап тұрғанда дереу үйден бір көсеуді шала жандырып қуалайды. «Жамандығың өзіңе болсын, кет, кет» деп ұшырып жібереді.
740. Түндігі бар үйдің төбесін қайырып ашқанда, бауын қайырып келіп қояды, алдына келтіріп қояды.
741. Түсік тастамасын деп жас әйелдің етегін бүріп қояды.
742. Тырнағымен қосып сойылып алынған аюдың, қасқырдың, түлкінің, қабанның терілерін үйдің төріне іліп қойса, ол үйге шайтан үйір болмайды. Тіл мен көз өтпейді.
743. Тырнақ пен шаш бейсенбі, жұма күндері алынуы тиіс. Түнде тырнақ пен шашты алмайды. Себебі адамның жаны түнде тырнаққа ілініп тұрады екен. Ал түнде шаш алу бас алумен бірдей деп жорылады.
744. Тышқандар ініне құрғақ шөп тасыса, қыс суық болады. Ал тышқандар шөпті інінің сыртына жинаса, қыс жайлы болады.
745. Тіл көз тиіп немесе астан, желден, иістен ұшынып ауырса, күн батар алдында құбылаға қаратып қойып, тұзды сумен ұшықтайды.
746. Тіл тиюден, көз сұғынан сақтану үшін «Есек тас» деп аталатын белгі тас тағылады. Сонда көз сұғы, тіл зары тасқа тиеді деп бырымдалады.
747. Тіліне теріскен шыққан адамға өртүрлі жан-жануарларды атап, бұл дерттің солардың артынан кетсін десе, теріскен шамданып, ұшып кетеді деп жориды.

748. Ұзақ ауырып, айықпаған кісінің дертін ешкінің серкесіне көшіретін де ырымы бар. Дұға оқып, ауруды серкеге көшірерде науқас адамды үш рет айналдырып шыққан соң, мал ішіне қоя береді. Бұл серкені өзі өлгенше соймайды. Жүнін де қырықпайды, түбітін де тарамайды.
749. Ұзақ жолдың азабын тартып келген жолаушыны жаңа босанған әйелдің үстіне кіргізбейді. Ол өте жақын туыс болса ғана біраз демалғаннан кейін беті-қолын жуып, сыртқы киімдерін шешіп, жеңілтектенген соң барып кіруге тиіс. Өйткені жол азабын тартқан адамның түсі сұсты, қабағы қатыңқы болады. Өмір есігін жаңа ашып, көзі мөлдіреп жатқан сәби сүйек-сүйегі босап, әлсіреп жатқан ана шошынып қалмасын, секемденбесін, сырттан кірген кісіге ілесіп келіп, жын жабыспасын деп ырымдаған.
750. Ұзақ жыл үлкен үйдің түндігін көтеріп, түтінінің тұзу шығуына қызмет еткен қара шаңырақты сатпайды. Бұлай істесе — әулеттің түтіні тұтамай, оты сөніп, құрып бітеді деп ұйғарылады.
751. Ұзатылған қыз соңынан ерген сіңлісіне өзінің тақиясын, бөркін береді. Бұл: «Ендігі кезек сенікі, бағың ашылсын» дегені. Мұны қазақ «Шарғы» дейді. Шарғылы қызға жеңгелері, құрбылары: «Бағың жансын, бағың ашылсын» деп жақсылық тілейді. Жасы үлкендері: «Маңдайың жарық болсын» деп маңдайынан иіскейді.
752. Ұйықтап жатқан адамды айқайлап не қатты жұлқып оятпайды. «Ұйқыңды қи, Құдай оңдай гөр, қыз ұйқысын бер» деп ақырын жұмсақ үнмен атын үш рет атайды. Ұйқыдағы кісі оянып, көзін ашқанда, орнынан тұр дейді. Айқайлап, жұлқылап ояту — жүйкені тітіркендіріп, ызаландырады деп жориды.
753. Ұл балаға «әйелің жалаңаш келеді» деп, өңеш жегізбейді.
754. Ұл баланы қырық күнге жеткізбей, 37-39 күнде, ал қыз баланы қырық күннен асырып, 42-44 күнде қырқынан шығарады. Бұл — ұл баланың қалыңдығына төлейтін

- қалың малы аз болсын, қыздың қалың малы көп болсын деген ырым.
755. Ұлыстың ұлы күніне, торқалы тойда, қаралы қазада жеті қазынаның бірі қара қазанда ас пісіріледі. Қара қазанда пісірілген ас ел бірлігін сақтайды деп ырымдалады.
756. Ұртын не тілін тістеп алған адамның үйіне ашыққан кісі келеді.
757. Ұстаның төс теміріне отыруға болмайды. Онда ұстаның қолы тарылады. Отырған кісі дертке шалдығады деп жориды. Ақыры отқа өртеніп өледі деп ырымдалады.
758. Үй арасында қара қазан ыдысын бос қайтармайды.
759. Үй ішінде қазан асып, есікке қисайтып аспайды. Есікке қисық болса, несібе төгіліп кетеді дер.
760. Үйге келген қонақ адам болсын, болмасын «ассалаумағалейкүм» деп сәлем беруі керек.
761. Үйге келген қонаққа үйдей өкпеңді айтпа дейді. Бұлай істесе, құт қашады, қонақ шамданады. Ырзық ашынады, береке-бірлік бұзылады деп ұйғарылады.
762. Үйге кірген жыланды өлтірмейді. Басына ақ тамызып шығарып жібереді. Себебі кейбір кездерде періштелер жылан бейнесіне кіріп, жер бетін шарлайды екен. Жыланды сол періште болар деп ойлайды. Ал даладан жылан көрсе, қуып жүріп өлтіреді. Себебі оны қастық жасайтын қара бас шұбар төс дұшпан деп қаралайды.
763. Үйге кіргізілген отынның ауысқаны шығарылып тас-талмайды. Өйткені бұл үйден өлік шығады деп қорқады. Қазақтың киіз үйінде ортасы үнемі от жағуға қалдырылады, соған орай ол жерде еш уақытта төсеніш болмайды, от киіз үйде бір жағдайда ғана — бұл үйде өлік болғанда ғана жағылмайды. Адам өлгенде отқа қалдырылған орын тазаланады және үйдің ішінен бөріне төсеніш төселеді, өлік оң жаққа қойылып тәулік бойына жатқызылады. Міне, осы себепті де отынның артығы шығарылмайды; бұл отынның керек емес екенін көрсеткен болар еді, ал отын үйде өлік болған кезде ғана керек болмайды.

764. Үйге кіріп келе жатқан бала есік алдына құлап қалса, үйге береке, ырыс, байлық келеді деп қуанады.
765. Үйге кіріп келе жатқан қонақ оқыстан сүрініп кетсе, үй иесі марқаяды және төрінен сыйлы орын ұсынады. Үйге аяқ астынан байлық толады, бақ қонады, үй сәулетті тігіліп, қонақ абыройының басы деп ырымдалады.
766. Үйге кісі сыртын қаратып кірмейді. Ырыс шашылады деп есептейді.
767. Үйге құмырсқа қаптаса, жақсылық болады.
768. Үйге су әкелуші адам өзі есік ашып кіреді, басқа адам есік ашып бермейді.
769. Үйге түйе сүйкенсе — көші-қон болады. Үй жығылып, жүк теңделеді деп жорылады.
770. Үйде отырған қонақты саусақпен санамайды. Оның ішінде ақ сақалды қариялар да отыруы мүмкін. Малды және қолға түскен тұтқынды ғана саусақты шошайтып санайды. Ал үйде отырған кісілерге бұлай істесе — әдепсіздік саналады. Қонақтар шамданады. Тіпті қариялар адам өледі деп те ырымдайды.
771. Үйленбеген жігіт пен қыз сүйектің етін тазалап мұжыса, сүйген жарлары сұлу болады.
772. Үйленсе де артында ұрпақ қалдырмай жастай көз жұмған ер азаматтардың жылы беріліп, асы өткен соң, қабір басына барып Құран оқып қайтқанда, тұл үйге «Ой, бауырым!» салт ат қойып келіп түндік, туырлық, үзіктерін сыпырып алып, уығын шашып, керегесін сөгіп, шаңырағын шағып ортасына түсіреді. Қазанын төңкеріп шағып, отты өшіріп, үйді түгел ойрандап бүлдіріп тастайды. Оның дүние-мүлкінен пайдалануды жамандыққа жорып, ине-жіп те алмайды.
773. Үйіне келген жанды «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деп құдасындай күтеді. «Таспен ұрғанды аспен ұр» деп сый көрсетіледі.
774. Үйіңіздің төбесіне қарлығаш пен көкаршын ұя салса, жақсылық болады, өйткені бұл құстар — Алланың сүйіктісі.
775. Үкі түнде ауылдың сыртынан шақырса, ауылда көп кешікпей өрт, болмаса қайғылы жағдай болады.

776. Үкіні ұстап алса, үкісін жүндеп алған соң бір тойдырып босатып жіберу керек.
777. Үлкен кісілердің киім-кешегін көзі тірі кезінде жасы кішілер кимеуі керек. Бұлай істесе, тез өліп қалады, өмір жасы қысқарады.
778. Үлкен тойда, аста немесе салтанатты мереке-мейрамда сыйлы қонаққа көк қасқа тай, ақ сары бас қой, атан түйе, дөнен өгіз сойылады. Сонда барлық тілеу қабыл болып, зор бақыт қонады деп сеніп ырымдалады.
779. Хайуандарды, аңды, малды адамдай көру парыз саналады. Жүрегі кірлі, қара ниеттер ғана бұлай істей алмайды. Бұл міндетті өтемегендерде адамдық қасиет жойылады.
780. Шаққан жыланды ұстап алып, құйрығымен төмен қаратып ілсе, шаққан уы қайтып, зақымданушыға жеңіл болады.
781. Шала туған баланы тымаққа салып, неше күні кем болса, сонша күн кереге басына іліп қояды.
782. Шалбарды, ыштанды, дамбалды отырып кию керек. Бұл — ибалылықтың нышаны, құтты өмірдің қалпын бейнелейді. Түрегеп тұрып кию — жаугершілікті, қанды қырғын соғысты елестетеді. Сондықтан мұндай теріс әрекеттен аулақ болу керек.
783. Шапан-шалбарды, аяқ-киімдерді кигенде әуелі бисмилла деп, оң қолдан, оң аяқтан бастау керек. Шешкенде сол аяқ, сол қолдан бастайды. Қазақ бақыт ылғи оң жақтан келеді деп иланады. Сондықтан оңның тілеуі мол. Оң сапар бер, ісімді оңдай гөр, оң болса екен, оң жағыңа алтын тіреу орнасын деген секілді тілектер осындай ырымдармен тамырлас болуы мүмкін.
784. Шәугімнің шүмегін ошақтың аузына қаратып аспайды. Шай тасыса — отқа тұз құйылып, күйеді. Тұз күйсе — үйдегі қыз ащы азап арқалайды деп ырымдалады. «Тұз — астың иманы, қыз — үйдің көркі». Дәм-тұз ауыспақ қыздан. Тұз шамданса — қыз шамданады. Дәм-тұз атқан адам өмір бойы оңбайды деп сол ырымға наанады.
785. Шелектегі суға ауызды матыруға болмайды.

786. Шелектегі суды биікке шығарып қоймайды. Сол үйдегі әйел жүкті болса, «Су егіз болады» деп жориды.
787. Шошқаның, есектің, қашардың, көкектің, қыран құстардың етін, бауыздалмай, арам өлген малдың етін жеуге тыйым салады.
788. Шөбересінің алақанына су құйып ішкен қарт жұмаққа барады деп ырымдайды.
789. Шөміш қағу — ырым. Көктемде сәуір айының бас кезінде көкжиекті бұлт торлап, күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. Осы кезде ата-бабаларымыз «күн күркіреді, көк дүрілдеді» деп, үлкен қуанышпен қарсы алған. Осы алғашқы күн күркіреген кезде киіз үйдің босағасына, табалдырығына ағаш шөмішті тигізіп:
- Айран, сүт көп болсын,
 Жақсылық көп болсын,
 Жабырқау жоқ болсын,
 Ел-жұрт тоқ болсын, — деп тілеу тілеп, көктемнің алғашқы найзағайлы күркірек жаңбырын қарсы алады. Осыны «шөміш қағу» деп атайды.
790. Шөп басын сындыратын ырым да бар. Бұл жақсылыққа, өтелген іске байланысты ырым. Сараңдар жомарттық жасаса, қорқақтар ерлік көрсетсе, біреу оқыс әрекетімен көзге түссе, соны естіген кісі: «Мынау шөп сындыратын іс екен» деп, жерден шөп не қу шырпы алып сындырады. Бұл — тіл, көз тимесін дегені.
791. Шөп тістеп жүруге болмайды. Шимен тіс шұқымайды. Бұлай істесе, тіс қақсайды. Ауыз ойылады. Езуге ауыздық түседі.
792. Шыр айналып соққан құйынды көргенде «тфә, тфә!» деп, жерге үш рет түкіреді. «Таздың үйіне бар, таздың үйіне бар» деп, құйынды қуады. Өйткені құйын соққан жерде жын жүреді, жын соққан адамның аузы-мұрны қисаяды деп есептейді.
793. «Шілдеhana күзету», «шілделік күзету» ырымы босанған әйелді түн бойы жын-пері жағалап жүреді, әйелдер, қыз-келіншектер жаңа босанған әйелді үш күн бойы жын-періден қорғап күзету керек деген танымнан туылған.

794. Ыдыстан су ішерде азырақ төгіп жіберіп ішеді.
795. Ымырт кезінде жатып ұйықтамау керек. Өйткені бұл мезгілде жарық пен қараңғылық, бақ пен сор, өлім мен өмір ауысады. Ымырт кезінде жатқан адам өлім тілегені деп ырымдалады.
796. Ыстық асты, шәйді, тағамды үрлеуге болмайды. Суығанша, ыстығы басылғанша шыдау керек. Үрлеп ішкен ас мөкүрік саналады. Ол асқазанға дерт болып, байланады деп есептеледі.
797. Іркітті далада піспейді, құты кетіп қалады дейді.
798. Ірі қараның жамбасының шұқыршағын қонаққа бермейді.
799. Іштегі бала кемтар, аяқ-қолы қысқа болып туылады деп ырымдап, жүкті әйелдің шашын кестірмейді.
800. Ішіп отырған асқа қанаты бар немене келіп түссе, алып тастамайды. Бір несібе ме деп ойлайды.
801. Ішіп отырған шай не, ас төгілсе: «Бисмилла, бисмилла, бисмилла» деп үш рет айту керек. Өйтпесе, асқазанға ас байланады десе, кейде ас шашылып-төгілсе, той болады деп те жориды.
802. Қандай адам болса да, атқа мініп далаға жүрерде мінген аты тышса, қуанады. «Жол болды» деп. Және де сол аты есінесе, мұны да жақсы көреді. Өлгі есінегенде мініп тұрған адам жалынан ұстап, қолыменен бетіне сүртеді, яғни тауап қылдық дейді. Және де жолда бара жатқанда ат сүрінсе, мұны да жақсы көреді. Олжа басты деп. Неге сүріндің деп атты ұрмайды. Жолда бара жатқанда бір жерде тамақ даяр болса, жылдам аттан түсіңіз, жолыңыз болады, даяр тамаққа түсер болыңыз дейді. Сол тамақты ішіп, атқа мінеді. Және де бір жерде қонақ болып жатса, ертелеп жүремін десе, үй иесі: «тоқта, ертеңгі асты тастама, кешкі асқа қарама» дейді. Сол асты ішіп, атқа мінеді. Және де жолда қанша адамдарменен жүріп бара жатқанда біреуінің аты сисе, басқасы атының басын тартып қарап тұрады. Егер де ат сигенде қарамай кете берген адамды жолдастыққа жарамайды дейді. Атты сигенде қарап тұрған адам, бөлкі жолдасы жауға түсер болса, тастап кетпейді екен. Ат

сигенде қарамаған адам жолдасы жауға түсер болса, қарамай кете береді екен. Және де ат үйде тұрып, иә далада қазыққа тұрып, мойнын, құйрығын көтеріп, тарам-тарам қылып келсе, иесі иә басқа адам көріп айтады: «Мынау ат жолға мініледі» деп. Және де жолда кетіп бара жатқанда жолда су ішкізеді. Атты сулығын алмай суғарады. Мағынасы сондай болады екен, қайсы уақытта сасып қалар іс болса, сол атты сулығын алмай суғарса да ішеді. Және жол жүрген адам жолда кетіп бара жатқанда жақында иә алысырақта бір қатын жолдан көлденең өтетін болса, «сол қатын алдымнан кесіп өтпесе екен» деп ойлайды. Сол қатын өзі де еркек жолдан өтіп кеткенше қарап тұрады. Әлгі жолдан еркектің алдынан кесіп өтпейді. Егер де қатын сасып алдынан өтемін деп жүрсе, тоқтатып қояды. Және де жолда қатын жолдас болса, сол қатынды құрметтейді және де бір жерде аттарды байлап қойғанда әлгі аттар бір-бірін мойнын тістеп қасынады. Мұны көріп айтады, сапарымыз қысқа болады екен деп. Қандай адам әуелі үйден атқа мініп шыққанда көрген адам «жол болсын» деп айтады. Сол адам «әлей болсын» дейді. Бағанағы адам «қайда барасың» десе жаман көреді. «Қайда барарымды сұрап қайтесің» деп қытық сөз айтады. Және де қандай адам сапар қылса, ата-анасы болса, яки қарт адам болса, әлгі адамдардан атқа мініп тұрып бата алады. Сол адамдар «жолың болсын» деп, бата береді. Сейсенбі күн мал соймайды, киім пішпейді, жолға жүрмейді, ертеңгі қойдың артынан жүрмейді, алдынан жүреді, кешке қойдың алдынан жүрмейді, артынан жүреді. Күн батқан соң күл шығармайды. Қатын бала тапқанда кіндігі қатқанша күл шығармайды. Қой қоздап жатқан уақытта біреуге мал бермейді һәм мал сатпайды. Қонаққа тамақ бергенде алдымен өзі ауыз тиіп, онан соң қонаққа береді. Күйеу қайнынан тамақ жегенде бата қылмайды, жиен нағашысынан тамақ жегенде бата қылмайды. Көктемде әуелгі күн күркірегенде шөміш қағады. Түнде қатын суға бармайды. Атты басқа ұрмайды. Түйені екі қолдап артынан ұстап айдайды, таяқпен ұрмайды. Күйеу

қайнына барғанда төрге шықпайды, дастархан үстінде отырғанда біреу келсе, орнынан тұрмайды. Күн батқан соң біреудің үйіне кірсе, сәлем бермейді, «кеш жарық» деп кіреді. Қора қойдың алдынан һәм ішінен аралап өту дұрыс емес. Себебі қой жүрген жерде Қызыр пайғамбар жүреді дейді. Еркек адамның алдынан әйелдің кесіп өткенін айыпты һәм жамандыққа санайды. Себебі әйел алдынан кесіп өтсе, кесірі жұғады дейді. Байғұз деген бір құс болады. Мекені молаларда болады. Әр уақытта бұл құс үйдің үстіне келіп шақырса, сол шақырған үйге бір түрлі жамандық келеді деп, үй иесі қауіпті болады. Себебі сол үйден кісі өледі. Қарға үйдің үстіне келіп шақырса, ырым етеді, сол үйге бір жақсылық келеді дейді. Үйге кіріп келе жатқан адам есіктен сүрініп жығылса, үй иесі қуанышты болады, бір жақсылыққа ұшыраймыз деп. Қойшы қойым арық болады деп қолын жумайды. Қойыма қасқыр шабады деп, далада тырнағын алмайды. Қасқырдың тісі қышиды деп, таяғын жонбайды. Көктемде мал шала туады деп біреуге үйден шала жанған от бермейді. Қой қос кіндік туады деп, бір аяққа екі қасық салып бермейді. Қойдың желініне жара түседі деп қатындарға желінге ұрып саума һәм қазанның түбін тырнама дейді. Сүт көп шығады деп жазғытұры күн күркірегенде сол үйдің қатыны қолына шөміш алып, үйін айналдыра қағып, сүт көп, көмір аз дейді. Қойлары елеңдесе (өлім кірсе), сол үйдің қатыны ертемен ел тұрмастан дамбалын қолына алып, қой аралап үркітеді. Өлген қойын төрт аяғын көкке қаратып тірілеп жол үстіне көміп тастайды. Құда-жегжатынан бір қой ұрлап келіп сойып, етін асып жеп, сүйегін терісіне орап, қораның ортасына қойып өртеп иіскетеді. Бір күндері бір қойды біздер қойға ем қылған едік деп иесіне айтып береді. Жол үстіне ет пісіріп, қалтаға салып бергенде етті жол үстіне тастап кетеді. Бір кісінің жастық арасына жеті жапырақ етті қыстырып жібереді. Көп молаға шырақ жағып, қойларын түнетеді. Бір малын құдайы қылып, көпке етін беріп, жеп болған соң барлық кісілердің табағын лақтырып, төңкеріп

тастайды. Итінің итаяғын теппейді. Шарамен итінің аяғына тамақ құймайды. Үй ішінен төрдің алдынан от бермейді. Қызым сұлу болмайды деп жол жүргенде әйелді алдынан өткізбейді. Өз үйінен тамағының алдынан кісіге бермейді. Және қойға бір қылатын ырымы бір жерге үлкен қылып тесіп, сол тесіктің екі жағына шырақ жағып, үстінен Құран қойып, со тесіктен қойды айдап өткізеді. Өтіп болғанша бір молда «Ясин» деген Құранның аятын оқып тұрады. Жылқышы құрығын аттамайды. Құлын байлаған биенің қазығын төрт қылады. Қымыз құйғанда дастарханды маңдайшаға алып қояды. Құлын құрт болса, сәрсенбі күні ертемен ерлі-қатынды кісі жалаңаш ерсілі-қарсылы мінгесіп, құрт ұстадым деп құлағының ұшын кесіп тастайды. Және бір ырымы: сол құлынға үш жарым, яки бес жарым, яки тоғыз жарым шұбалшаң деген құртты аққан судың жағасынан қазып алып салады. Және түйе боталағанда ботаның мұрнына ит жүнін есіп өткізеді һәм жүнін керегеге орап қояды. Боталаған түйеге үкі тағады һәм ботаның құйрығының ұшын қатындар тегіс қылып үзіп алады. Етіктің ұлтанын тұмар қылып ала жіп есіп, мойнына тағып қояды. Үш жасар сиыр туса, сиырдың сауырына бақырмен су құяды. Және сиырдың уызын ыстық ішсе, бұзау жалмауыз болады деп суытып ішеді. Сиыр түнде туса, бұзаудың бір құлағын кесіп алады, себебі көбейеді деп. Және сейсенбі һәм сенбі күні кісіге мал бермейді.



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

I. ТҮС ЖӘНЕ ОНЫ ЖОРУ

Түс жору ежелгі Мысыр, Үндістан, Греция, Римде орта ғасырлардан бастап-ақ кең өріс алған. Бұл ежелден келе жатқан ғылым қатарына жатады. Аристотель: «Кім образды дүниеден шынайы нәрсені айырып шығара алса, сол — түстің ең керемет жорушысы», — деп айтса, Платонов: «Адамның ақыл-ойы түстің болашақты болжап тұрған тұсын айырып ала білуі тиіс», — деген.

Түстің мағынасы туралы зерттеу жүргізген Ә.Диваев «Түстің баяны» деген еңбегінде былай деп жазады: «Әрбір адамда екі жан болады. Бірі рух рауан, уә біріні рух сәкіндер. Әлгі рух рауан жан бөденге кіріп-шығып жүреді. Сол рух рауан бөденнен шықса, адамдар ұйықтайды. Бөденге кірсе, оянып кетеді. Бағанағы рух сәкін бөденге жайылып, қалып болып тұрады. Бұл жан бөденнен шықпайды. Егерде бөденнен шықса, қайтып кірмейді, адамзат өледі. Қайсы адам күндіз һәм түнде жатса, әлгі рух рауан бөденнен шығады, аннан соң ол адам ұйықтайды. Мысалы, өлеңге ұсап, бұл дүниенің ғаламатын білмей жатады. Әлгі рух рауан әр түрлі істер қылып, әр шаһарға барып жүреді, бөденімен жүргенге ұсап жүреді. Әлгі рух рауанның көріп, қылып жүргендері түс болады».

Түс жорумен айналысқан ислам ғалымдардың ішіндегі ең танымалы Мұхаммед Ибн Сириин болған. Ибн Сирииннің «Түс жорудың үлкен тәпсірі» атты кітабы мұсылмандардың түс жору туралы ең алғашқы және ең белгілі еңбегі болып табылады. Бұл кітаптың ерекшелігі мұсылман қауымының түс жору

дәстүрі мен методологиясы Қасиетті Құран мен Пайғамбардың сүннетіне негізделіп жасалған. Сондықтан «Түс жорудың үлкен тәпсірі» басқа түс жору кітаптарынан маңыздырақ. Исламда Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) заманынан бері түске ерекше мән беріледі. Түстің үш түрі болады:

1) Рахмани түстер—Алла Тағаладан келген қуанышты хабар, пайғамбарлықтың қырық алты белгісінің бір бөлігі. Пайғамбарымыз (с.а.с.) айтыпты: «Менен кейін әл-мубашшираттан өзге пайғамбарлық болмайды». Әл-мубашшираттың не екендігі туралы сұрағанында, Пайғамбар (с.а.с.): «Ол адамға түсінде енетін шынайы түстер» деп жауап беріпті. «Бірде Жаратқан Ие Адамнан сұрапты: «Сен менің жаратқандарымды көрдің, соның ішінде өзіңе ұқсағанды көрдің бе?» депті. Сонда Адам: «Иә, Құдай, көрмедім. Маған ұқсайтын, менімен бірге тұратын, Сені ғана мойындап, мен сияқты Саған ғана бас иетін жұбымды жаратшы» депті. Алла тағала Адамды ұйықтатып, сол уақытта Хауа ананы жаратып, оның бас жағына отырғызып қойыпты. Адам ата оянғанда, Алла тағала одан бас жағында отырғанның кім екенін сұрапты. Адам ата: «Иә, Құдай, бұл Сен түсімде көрсеткен елес қой» деген екен. Бұл адамзаттың көрген алғашқы түсі.

2) Шайтани түстер—бұл адамның жанына қорқыныш ұялату үшін шайтанның әсерінен болатын түстер. Пайғамбар (с.а.с.) айтқан екен: «Кейбір түстер Алла тағаладан, ал кейбіреулері шайтаннан».

3) Қияли түстер—адамның күні бойы бір нәрсе туралы ойлап, кейде уайымы мен қиялының нәтижесінде көретін түсі.

Қасиетті Құранның негізінде жасалған түс жорулар:

Кеме—құтқаруды білдіреді, өйткені Алла тағала айтады: «Оны (Нұхты (ө.с.) және кемедегі жолдастарын құтқарып, ол оқиғаны әлемдерге ғибрат қылдық)» («Анкабұт» сүресі, 15-аят).

Тас—дінінің қаттылығын, жүрегінің мейірімсіздігін білдіреді. Алла тағала айтады екен: «Және содан кейін де жүректерің қатайып, тастай немесе одан да қаттырақ болады..» («Бақара» сүресі, 74-аят).

Құл—пайдасы жоқ, теріс істі білдіреді, өйткені Алла тағала айтады: «Сондай Раббыларына қарсы келгендердің мысалы:

боранды күнде жел ұшырған күл сияқты. Еңбектерінен ешбір пайда көре алмайды...» («Ибраһым» сүресі, 18-аят).

Су — сынақ, сын. «...әрине, оларға мол су нәсіп етеміз. Оларды онда сынау үшін...» («Жын» сүресі, 16,17-аят).

Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.): «Түс — Аллаһтан, ал бұзақы түстер — шайтаннан» деген. Ізгі түстер ізгі хабар жаршысы немесе ескерту ретінде түске еніп, оны Пайғамбарымыз (с.а.с.) пайғамбарлықтың қырық алты белгісінің ішіндегі бір бөлігі ретінде қарастырған. Сондықтан түсті жору терең ілімді талап етеді. Кез келген адам түсті жори алмайды. Түс туралы Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) хадистерінде мынадай сөздер бар: «Жаман түс көрген адам оны ешкімге айтпасын, шайтаннан да қорғауы үшін Аллаға жалбарынсын», «Жаман түс көрген адам оянған соң сол жағына үш рет түкіріп, шайтанның жамандығынан сақтауы үшін Аллаға сиынсын. Сонда түс оған зиян келтірмейді», «Жақсы түс көрген адам дереу Алла тағалаға хамд-шүкіршілік етсін», «Түсінде қуанышты нәрселер көрген адам түсін көкірегі ояу, адал, салих кісіге айтсын. Ол да түсті жақсылыққа жорысын», «Түс қалай жорылатын болса, солай шығады. Сондықтан түстерінді насихат бере алатын кісілерге немесе ғалымдарға айтыңдар!»

Қазақтың түс жоруы туралы әр жылдары жинақтар, кітапшалар жарық көріп, мерзімді басылымдарда түс жорудың түрлі нұсқалары жарияланып отырды. 1992 жылы әдебиеттанушы Ж.Дәдебаев түс жорудың таңдамалы үлгілерін жинап, «Түс аяны» деген атпен жариялайды. Кітаптың бірінші бөлімінде Ә.Диваевтың, этнограф ғалым Ә.Б.Тайлор мен шығыстанушы Н.Н.Пантусовтың еңбектерінен түс жорудың үлгілерін жинақтаған. Ал екінші бөлімінде тарихта болған белгілі тұлғалардың өмірде шындыққа айналған түстері туралы аңыздар топтастырылған. 2004 жылы Шымкент қаласында жарияланған «Қазақша түс жору» жинағын Ф.Танталиева құрастырған. 2005 жылы Алматы қаласында «Түс жору түрлері және қазақтың ырымдары» атты кітапша шықты. 2007 жылы «Түс жорудың төл кітабы» жарық көрді. «Ойтаным» журналының 2007 жылғы 4-саны түс жорудың сырына арналған. Мұнда ел аузында айтылып жүрген түс жорулар жинақталған.

Айтбай Барлыбайұлы Нұралин 1907 жылы Мұхиддин ибн Ғарабиден араб тілінен татар тіліне аударып шығарған «Тағбир-наме» кітабынан қазақ тіліне аударып жазып, 1971 жылы ӨӨИ-дің Қолжазба қорына тапсырған. Түс жору жинаушының қолымен қалың шақпақ дәптерлерге жазылған. Қолжазбадан алынып, еш өзгеріссіз ұсынып отырмыз (ӨӨИ: Ш.734. 2,3,4,7-дөп.).

Томға осы жинақтардағы түс жору үлгілері енді.

Осы үлгілердің реттік сандық көрсеткіші төменгідей:

Айтбай Барлыбайұлы қолжазбасындағы түс жору үлгілері:
15, 26, 29, 34, 36, 44, 56, 84, 102, 110, 113, 124, 125, 130, 170, 187, 189, 200, 210, 229, 230, 232, 238, 241, 245, 252, 268, 274, 275, 276, 277, 278, 279, 280, 281, 282, 283, 287, 290, 361, 362, 365, 366, 367, 371, 374, 375, 376, 377, 378, 379, 383, 384, 385, 386, 387, 388, 389, 390, 391, 392, 393, 394, 395, 396, 397, 398, 399, 400, 401, 402, 403, 404, 405, 407, 408, 409, 410, 411, 414, 415, 416, 419, 423, 424, 425, 426, 427, 428, 430, 553, 559, 561, 562, 563, 565, 566, 567, 568, 569, 570, 571, 572, 573, 574, 575, 576, 577, 579, 581, 582, 583, 584, 585, 586, 587, 588, 589, 591, 592, 593, 594, 595, 596, 597, 598, 599, 600, 601, 661, 662, 663, 664, 665, 666, 670, 676, 709, 722, 733, 734, 736, 739, 740, 741, 750, 754, 755, 761, 766, 773, 779, 796, 798, 801, 802, 803, 806, 808, 810, 812, 821, 823, 825, 826, 845, 872, 884, 885, 886, 887, 894, 900, 908, 928, 929, 936, 955, 959, 962, 970, 972, 973, 1021, 1022, 1023, 1026, 1033, 1042, 1048, 1049, 1051, 1058, 1059, 1066, 1074, 1075, 1080, 1081, 1083, 1089, 1099, 1105, 1139, 1156, 1163, 1169, 1170, 1173, 1182, 1183, 1184, 1185, 1194, 1196, 1197, 1202, 1205, 1207, 1208, 1210, 1218, 1220, 1223, 1230, 1231, 1232, 1233, 1234, 1237, 1249, 1250, 1251, 1253, 1256, 1257, 1267, 1272, 1275, 1281, 1282, 1288, 1293, 1295, 1297, 1302, 1305, 1307, 1310, 1311, 1321, 1324, 1336, 1330, 1332, 1333, 1344, 1350, 1351, 1352, 1365, 1383, 1392, 1395, 1411, 1412, 1414, 1418, 1421, 1422, 1425, 1428, 1431, 1433, 1434, 1459, 1460, 1461, 1462, 1463, 1464, 1465, 1466, 1468, 1469, 1470, 1472, 1473, 1474, 1475, 1476, 1477, 1478, 1479, 1480, 1481, 1482, 1483, 1484, 1485, 1486, 1487, 1488, 1489, 1490, 1491, 1492, 1494, 1496, 1497, 1498, 1499, 1500, 1501, 1502, 1504, 1505, 1506, 1507, 1508, 1509, 1510, 1511, 1512,

1514, 1515, 1516, 1517, 1518, 1519, 1520, 1521, 1522, 1523, 1524, 1525, 1526, 1527, 1528, 1529, 1530, 1531, 1532, 1533, 1534, 1535, 1536, 1537, 1538, 1540, 1541, 1542, 1546, 1547, 1548, 1549, 1550, 1551, 1552, 1554, 1556, 1557, 1559, 1560, 1562, 1563, 1564, 1565, 1566, 1568, 1569, 1571, 1572, 1573, 1574, 1576, 1577, 1578, 1579, 1581, 1582, 1583, 1584, 1585, 1586, 1587, 1588, 1589, 1590, 1591, 1593, 1595, 1597, 1598, 1599, 1600, 1601, 1602, 1603, 1604, 1605, 1606, 1607, 1608, 1609, 1610, 1611, 1612, 1613, 1614, 1615, 1616, 1617, 1618, 1619, 1620, 1621, 1622, 1623, 1624, 1625, 1626, 1627, 1628, 1629, 1630, 1631, 1632, 1634, 1635, 1636, 1637, 1638, 1639, 1640, 1641, 1642, 1643, 1644, 1645, 1648, 1700, 1702, 1703, 1705, 1706, 1708, 1711, 1712, 1724, 1734, 1736, 1739, 1743, 1744, 1745, 1746, 1769, 1770, 1780, 1781, 1785, 1796, 1800, 1810, 1811, 1831, 1832.

Ә.Диваевтың «Түс баяны» еңбегіндегі түс жору үлгілері: 147, 148, 155, 363, 421, 433, 441, 442, 450, 456, 463, 467, 479, 480, 500, 507, 512, 518, 520, 526, 535, 537, 541, 547, 548, 552, 554, 560, 564, 578, 604, 609, 611, 612, 619, 624, 625, 646, 743, 744, 745, 748, 749, 1312, 1495, 1544, 1558.

«Түс аяны» жинағындағы түс жору үлгілері: 406, 412, 420, 434, 435, 436, 437, 438, 439, 440, 443, 444, 445, 446, 447, 448, 449, 451, 452, 453, 454, 455, 457, 458, 459, 460, 461, 462, 464, 465, 466, 468, 469, 470, 471, 472, 473, 474, 475, 476, 477, 478, 481, 482, 483, 484, 485, 486, 487, 488, 489, 490, 491, 492, 493, 494, 495, 496, 497, 498, 499, 501, 502, 503, 504, 505, 506, 508, 509, 510, 511, 513, 514, 515, 516, 517, 519, 521, 522, 523, 524, 525, 527, 528, 529, 530, 531, 532, 533, 534, 536, 538, 539, 540, 542, 543, 544, 545, 546, 549, 550, 551, 555, 556, 557, 558, 607, 6013, 1187, 1436, 1437, 1438, 1439, 1440, 1441, 1442, 1443, 1445, 1446, 1447, 1448, 1449, 1450, 1451, 1452, 1453, 1454, 1455, 1456, 1457, 1458, 1471, 1503, 1539, 1543, 1545, 1561, 1567, 1592, 1594, 1596, 1646, 1649.

«Түс жорутүрлері және қазақтыңырымдары» жинағындағы түс жору үлгілері: 3, 4, 6, 7, 9, 10, 49, 54, 58, 63, 64, 65, 71, 75, 76, 80, 81, 93, 95, 98, 103, 104, 106, 107, 108, 109, 114, 115, 116, 117, 118, 122, 128, 132, 135, 137, 138, 139, 140, 142, 143, 146, 157, 174, 175, 181, 188, 198, 206, 207, 208, 209, 227, 236, 243,

244, 246, 248, 250, 255, 256, 266, 288, 289, 291, 297, 298, 324, 325, 327, 343, 351, 358, 413, 602, 649, 660, 668, 673, 677, 689, 695, 701, 702, 707, 717, 718, 719, 720, 721, 723, 724, 725, 727, 728, 729, 730, 731, 735, 737, 756, 762, 772, 778, 782, 785, 786, 789, 794, 807, 813, 817, 818, 819, 820, 827, 828, 832, 846, 848, 849, 853, 861, 863, 865, 909, 913, 921, 927, 941, 942, 947, 948, 951, 957, 958, 963, 964, 965, 967, 968, 971, 974, 975, 977, 979, 981, 982, 983, 984, 985, 987, 995, 1007, 1011, 1013, 1015, 1019, 1024, 1030, 1034, 1044, 1046, 1052, 1053, 1055, 1057, 1061, 1067, 1068, 1069, 1078, 1093, 1094, 1119, 1120, 1124, 1127, 1132, 1133, 1150, 1152, 1153, 1154, 1155, 1171, 1172, 1175, 1176, 1179, 1181, 1188, 1189, 1191, 1192, 1200, 1201, 1203, 1214, 1224, 1225, 1226, 1228, 1239, 1240, 1241, 1242, 1243, 1246, 1247, 1248, 1254, 1260, 1266, 1268, 1269, 1276, 1280, 1283, 1289, 1291, 1298, 1299, 1300, 1304, 1309, 1313, 1315, 1316, 1319, 1322, 1323, 1327, 1331, 1335, 1337, 1338, 1340, 1342, 1345, 1346, 1347, 1348, 1349, 1353, 1354, 1355, 1356, 1357, 1358, 1359, 1362, 1366, 1367, 1368, 1394, 1400, 1401, 1402, 1405, 1406, 1408, 1409, 1410, 1417, 1419, 1420, 1424, 1435, 1467, 1493, 1553, 1575, 1580, 1650, 1651, 1652, 1653, 1654, 1655, 1657, 1658, 1659, 1660, 1661, 1662, 1663, 1664, 1665, 1666, 1667, 1669, 1670, 1671, 1672, 1673, 1674, 1675, 1676, 1677, 1678, 1679, 1680, 1681, 1682, 1683, 1684, 1685, 1686, 1687, 1688, 1689, 1690, 1691, 1692, 1693, 1696, 1697, 1698, 1699, 1707, 1709, 1710, 1713, 1714, 1715, 1717, 1719, 1722, 1723, 1725, 1726, 1727, 1728, 1729, 1730, 1735, 1749, 1750, 1751, 1752, 1758, 1783, 1784, 1786, 1787, 1788, 1799, 1805, 1808, 1809, 1830.

«Қазақша түс жору» жинағындағы түс жору үлгілері: 2, 5, 8, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 25, 27, 28, 30, 32, 33, 38, 74, 77, 78, 82, 83, 85, 86, 88, 89, 90, 91, 96, 150, 158, 159, 160, 161, 162, 164, 165, 167, 171, 172, 176, 177, 178, 179, 182, 183, 184, 185, 190, 191, 196, 197, 199, 202, 204, 212, 213, 216, 217, 219, 221, 222, 223, 225, 233, 237, 239, 240, 254, 257, 258, 260, 262, 263, 264, 265, 267, 269, 270, 271, 272, 273, 315, 316, 317, 318, 319, 320, 321, 322, 323, 326, 328, 329, 330, 331, 333, 334, 335, 336, 337, 338, 340, 341, 342, 345, 346, 347, 349, 350, 353, 354, 355, 356, 357, 674, 675, 678, 679, 680, 681, 682, 684, 685,

686, 687, 688, 691, 692, 693, 694, 696, 697, 698, 699, 700, 703, 704, 705, 706, 708, 710, 711, 712, 713, 715, 716, 746, 747, 751, 752, 753, 757, 758, 759, 760, 763, 764, 765, 767, 768, 769, 770, 771, 774, 775, 777, 780, 781, 783, 784, 787, 788, 790, 791, 795, 797, 805, 809, 822, 824, 830, 833, 834, 835, 836, 837, 838, 839, 840, 841, 842, 843, 844, 847, 852, 856, 857, 943, 944, 952, 978, 991, 992, 993, 994, 996, 997, 999, 1002, 1003, 1004, 1005, 1006, 1008, 1010, 1012, 1020, 1025, 1029, 1031, 1035, 1036, 1038, 1039, 1040, 1041, 1082, 1084, 1085, 1086, 1087, 1088, 1090, 1091, 1092, 1095, 1096, 1097, 1098, 1102, 1107, 1108, 1109, 1111, 1112, 1113, 1114, 1115, 1116, 1117, 1121, 1122, 1123, 1125, 1126, 1128, 1129, 1130, 1135, 1136, 1138, 1141, 1144, 1145, 1146, 1193, 1219, 1292, 1513, 1555, 1647, 1718, 1812.

«Ой-таным» журналындағы түс жору үлгілері: 1, 11, 21, 31, 35, 37, 39, 40, 41, 42, 43, 45, 46, 47, 48, 50, 51, 52, 53, 57, 59, 60, 61, 62, 66, 67, 68, 69, 70, 72, 73, 79, 87, 92, 94, 97, 99, 100, 101, 105, 111, 112, 119, 120, 121, 123, 126, 127, 129, 131, 133, 134, 136, 141, 144, 145, 149, 151, 152, 153, 154, 156, 163, 166, 169, 173, 180, 186, 192, 201, 211, 215, 218, 220, 224, 224, 228, 231, 234, 235, 242, 247, 249, 251, 253, 259, 284, 285, 286, 292, 293, 294, 295, 296, 299, 312, 313, 314, 332, 344, 348, 352, 359, 360, 364, 368, 369, 370, 372, 373, 380, 381, 382, 417, 418, 422, 429, 431, 432, 580, 590, 632, 667, 669, 671, 672, 683, 690, 714, 726, 732, 738, 742, 776, 792, 793, 799, 800, 804, 811, 814, 815, 816, 829, 850, 851, 854, 855, 864, 876, 889, 899, 907, 910, 911, 920, 934, 940, 945, 946, 949, 950, 953, 954, 956, 960, 961, 966, 969, 976, 980, 986, 988, 989, 990, 998, 1000, 1009, 1014, 1016, 1017, 1018, 1027, 1028, 1032, 1037, 1043, 1045, 1047, 1050, 1054, 1060, 1062, 1063, 1064, 1065, 1070, 1071, 1072, 1073, 1076, 1077, 1079, 1100, 1101, 1103, 1104, 1106, 1110, 1131, 1137, 1140, 1142, 1143, 1147, 1151, 1158, 1159, 1166, 1167, 1174, 1180, 1186, 1190, 1195, 1198, 1199, 1212, 1215, 1216, 1222, 1227, 1229, 1235, 1236, 1238, 1244, 1245, 1252, 1255, 1258, 1259, 1265, 1270, 1271, 1273, 1274, 1277, 1278, 1279, 1284, 1285, 1286, 1287, 1290, 1294, 1296, 1301, 1303, 1306, 1308, 1317, 1318, 1325, 1328, 1329, 1334, 1336, 1339, 1341, 1343, 1360, 1361, 1363, 1364, 1369, 1370, 1371, 1372, 1373, 1374, 1375, 1376, 1377, 1378, 1379, 1380, 1381, 1382, 1384, 1385,

1386, 1387, 1388, 1389, 1390, 1391, 1396, 1397, 1398, 1399, 1403, 1404, 1407, 1413, 1415, 1416, 1423, 1426, 1427, 1429, 1430, 1432, 1570, 1633, 1694, 1695, 1701, 1704, 1716, 1720, 1721, 1731, 1732, 1733, 1737, 1738, 1747, 1748, 1753, 1754, 1757, 1761, 1763, 1775, 1776, 1777, 1778, 1779, 1782, 1797, 1798, 1806, 1807, 1813, 1820.

«Түс жорудың төл кітабы» жинағынан алынған түс жору үлгілері: 193, 194, 195, 203, 205, 300, 301, 302, 303, 304, 305, 306, 307, 308, 309, 310, 311, 339, 831, 858, 859, 860, 862, 866, 867, 868, 869, 870, 871, 873, 874, 875, 877, 878, 879, 880, 881, 882, 883, 888, 890, 891, 892, 893, 895, 896, 897, 898, 901, 902, 903, 904, 905, 906, 912, 914, 915, 916, 917, 918, 919, 930, 931, 932, 933, 935, 937, 938, 939, 1001, 1118, 1134, 1148, 1149, 1157, 1160, 1161, 1162, 1164, 1165, 1168, 1177, 1178, 1204, 1206, 1209, 1211, 1213, 1217, 1221, 1261, 1262, 1263, 1264, 1320, 1656, 1668, 1740, 1741, 1742, 1755, 1756, 1759, 1760, 1762, 1764, 1765, 1766, 1767, 1768, 1771, 1772, 1773, 1774, 1789, 1790, 1791, 1792, 1793, 1794, 1795, 1801, 1802, 1803, 1804, 1814, 1815, 1816, 1817, 1818, 1819, 1821, 1822, 1823, 1824, 1825, 1826, 1827, 1828, 1829.

II. ХАЛЫҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТҮС ЖӘНЕ ТҮС ЖОРУ

1. **Абылайдың түсі.** Бұл аңызды О.Иманбаев ел аузынан жинап, машинкаға басып, ӘӨИ-дің Қолжазба қорына (Ш.613. 3-дәп.) өткізген. Сол түпнұсқа негізінде әзірленді. Абылайдың түсі туралы аңыздың ел арасына кеңінен танылған әртүрлі нұсқалары кездеседі.

2. **Абылай ханның түсі.** Бұл алдыңғы аңыздың бір варианты. Бұл мәтін «Айқап» журналының 1912 жылғы №6 санында жарияланған. Осы түпнұсқа негізінде әзірленді.

3. **Абылайдың өз түсін жоруы.** Аңыздың түпнұсқасы ОҒК-ның Сирек қолжазбалар қорында «Абылай хан туралы әңгіме-

лер жинағы» атты бумада (Ш.829, 8-дөп.) сақтаулы. К.Қаңтарбаев ел аузынан жинап, 1950 жылы қорға өткізген.

4. Абдолла ханның түсі. Бұл аңызды Ж.Дәдебаев «Түс аяны» жинағында (20-21-бб.) жариялады. Жинақтың түсініктемесінде аңыздың Хафиз-и Таныш Бухаридың «Шахтар тарихы» (Хафиз-и Таныш Бухари. Шараф-нама-ий шахи. — М., 1983. С.112-113) еңбегі бойынша берілгені туралы мәлімет бар.

5. Ақсақ Темір. Ақсақ Темірдің дүниеге келуіне байланысты аңыздардың көптеген нұсқалары бар. Томға аңыздың үш нұсқасы еніп отыр. Мәтіндер ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы (Ш.1206) қолжазбалар негізінде әзірленді. Қолжазбаны жинап, қорға тапсырған филология ғылымдарының кандидаты — Асқар Дүйсенбі. Осы нұсқа негізінде әзірленіп ұсынылды.

6. Әмір Селжүктің түсі. Аңыз мәтіні «Түс аяны» жинағы негізінде (21-б.) ұсынылды. Жинақты құрастырушы Ж.Дәдебаев мәтінді Садр ад-Дин Әли әл-Хусайнидің «Селжүк әмірлері мен патшалары туралы жылнамалар жинағы» (Садр ад-Дин Али ал-Хусайни. Акбар ад-Даулат ас-Сельджукийа. — М., 1980.С.24) еңбегінен алғанын түсініктемеде жазады.

7. Баарин тайпасынан Хорчи Усун қарияның түсі. Бұл аңызды Ж.Дәдебаев «Түс аяны» жинағында (16-б.) жариялады. Түсініктемесінде мәтіннің «Моңғолдың құпия шежіресінен» (монғолшадан аударған Мағауия Сұлтанияұлы. — Өлгий, 1979. 50-51-бб.) алынғаны туралы мәлімет бар.

Томға алғашқы жинақ негізінде ұсынылды.

8. Бабыр мырзаның Самарқанд қаласын алар алдындағы түсі. Аңыз мәтіні «Түс аяны» жинағы негізінде (17-б.) ұсынылды. Жинақты құрастырушы Ж.Дәдебаев мәтінді «Бабырнама» (Бабыр З.М. Бабырнама / орыс тілінен аударған Б.Қожабеков. — Алматы, 1990. 129-130-бб.) еңбегінен алғаны туралы мәлімет берген.

9. **Бекет атаның түс жоруы.** Мәтіндер ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы (Ш.1206) қолжазбалар негізінде әзірленді. Қолжазбаны жинап, қорға тапсырған — Асқар Дүйсенбі.

10. **Досмұхаммед ханның түсі.** Бұл аңыз «Түс аяны» жинағы негізінде (20-б.) әзірленді. Жинақты құрастырушы Ж.Дәдебаев түсініктемесінде аңызды Хафиз-и Таныш Бухаридың «Шахтар тарихы» (Хафиз-и Таныш Бухари. Шараф-нама-ий шахи. — М., 1983. С.98-99) еңбегі бойынша бергенін жазған.

11. **Ертеден жеткен аңыз.** Бұл аңыз халық арасына кең тараған. Көптеген басылымдарда, мерзімдік баспасөздерде жарияланды. Аңыз «Ой-таным» журналында (2007, №4) жарияланған нұсқа негізінде ұсынылды.

12. **Жәнібек батырдың түсін Абылайдың жоруы.** Мәтін М.Ж.Көпейұлының «Абылай хан» жинағында «Абылай хан дәуірі» тақырыбымен (Алматы, 1-том. 1993. — 310-313 б., құраст.: С.Дәуітов), «Егеменді Қазақстан» газетінде (11.01.1992, № 9-10. Дайындаған — С.Дәуітов) жарияланған. Қолжазба нұсқасы ОҒК-ның Қолжазба қорында (1170 «б», 739-745 бб.) сақтаулы тұр.

13. **Жүсіп пайғамбардың түс жоруы.** Аңыз мәтіні Ә.Диваевтың «Түстің баяны. Қазақша текст және орысша аудармасы» еңбегінен (Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. — Ташкент, 1901) алынды.

14. **Ибн Сириннің түс жоруы.** Аңыздар «Мұсылман» журналы (№3-4, 2009) мен ӘӨИ-дің Қолжазба қорындағы А.Барлыбаев жинаған материалдар (Ш.734) негізінде әзірленді.

15. **Кенесары мен Омар.** Аңыз түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.339,1-дәп.) сақтаулы. Мәтін тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде хатқа түскен.

Томға осы түпнұсқа негізінде ұсынылды.

16. **Мөңке бидің түсі.** Аңыз мәтіні ӨӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы (Ш.1206) қолжазба негізінде әзірленді. Қолжазбаны жинап, қорға тапсырған — Асқар Дүйсенбі.

17. **Мұхаммед пайғамбардың түс жоруы.** Аңыз А.Барлыбаевтың қолжазбасынан (ӨӨИ: Ш.734) алынды. Қолжазба араб әрпінде, көк сиямен қалың дәптерге жазылған.

18. **Түс аян.** Аңыз «Ой-таным» журналында (2007, №4) жарияланған нұсқа негізінде әзірленді.

19. **Хазірет Омардың айтқаны.** Мәтін А.Барлыбаевтың жинап, тапсырған қолжазбасы (ӨӨИ: Ш.734) негізінде әзірленді.

20. **Харон ар-Рашид патшаның түсі.** Бұл аңыз «Түс аяны» жинағы негізінде (15-б.) әзірленді. Жинақты құрастырушы Ж.Дәдебаев түсініктемесінде мәтінді Қабус патшаның ұлына арнап жазған өсиет еңбегінен (Қабуснама / Перевод, статья и примечания Е.Э.Бертельса. — М., 1953) алғанын жазған.

21. **Шыңғыс ханның қайын атасы Дэй шешеннің түсі.** Аңыз мәтіні «Түс аяны» жинағы негізінде (17-б.) ұсынылды. Түсініктемесінде мәтіннің «Моңғолдың құпия шежіресінен» (монғолшадан аударған Мағауия Сұлтанияұлы. — Өлгий, 1979. 30-32-бб.) алынғаны туралы мәлімет бар.

III. ЭПИКАЛЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ ТҮС ЖӘНЕ ОНЫ ЖОРУ КӨРІНІСТЕРІ

1. «Алпамыс батыр» жырынан үзінді Рахат жыраудың нұсқасы негізінде әзірленіп отыр. Жырдың мәтінін 1934 жылы бұрынғы Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Чистов астық совхозының тұрғыны Ысқақ Жүсіпов Рахат жыраудың өз аузынан жазып алған. 1954 жылы 2 тамызда бұрынғы Көкшетау облысы, Макинка станциясында Ы.Жүсіповтен эпостың қолжазбасын көшіріп алып, қорға тапсырушы сол кездегі ҚазПИ-дің 3-курс студенті — Нұрғалиев Қаһарман.

Жинаушының айтуы бойынша жырдың аяғын толық жазып ала алмаған.

Жырдың үзіндісінде Алпамыстың дүниеге келер алдында әкесінің көрген түсі баяндалады. Бұл аян түс мотиві «Алпамыс» батыр жырының барлық нұсқаларында бар.

Жырдың түспнұсқасы ӘӨИ-дің Қолжазба қорында (Ш.50) сақтаулы тұр.

2. «Едіге жырын» 1905 жылы Шоқан Уәлихановтың нұсқасы негізінде П.М.Мелиоранский («Сказание об Едигее и Тоқтамыше» киргизский текст по рукописи, принадлежавшей Ч.Ч.Валиханову. Издал П.М.Мелиоранский. СПб.) жариялады. Ш.Уәлиханов жырды алғаш рет 1841 жылы Жұмағұл ақыннан естиді.

Бұл үзіндіде Едіге батыр Тоқтамыс ханға қарсы атанарда көрген түсі баяндалады. Едігенің түсін көп жасаған қарт жорып, айтқаны келіп, Тоқтамыс хан Едігеден жеңіліс табады.

3. «Қобыланды батыр» жырының мәтінін Сүйіншәлі Жаңбыршыұлынан 1958 жылы Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған Орынбор экспедициясының мүшесі, сол кездегі Орал педагогтік институтының аға оқытушысы Мәтжан Тілеужанов жазып алған. Қолжазбаны ӘӨИ қорына тапсырған — фольклортанушы ғалым Тұрлыбек Сыдықов. Мәтін ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы (Ш. 76, 1-3-дөп.) тұр.

«Қобыланды батыр» жырының бұл нұсқасында қалмақтардың батырды ұйықтап жерінде ұстап алып, темір үйге қамағанын жары Құртқа мен анасы Ақзарбап түстерінде көрген үзіндісі берілген.

4. «Қобыланды». Бұл нұсқаны 1940 жылы Ақтөбе қаласында оқытушы Ахмет Ескендіров Нұрпейіс Байғаниннің өз айтуынан жазып алған. Ұлы Отан соғысында қаза болған А.Ескендіровтың өз қолымен жазған түпнұсқасы сақталмаған. Жырдың латын әрпіне машинкаға басылған нұсқасы Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазба қорында (Ш.62 Д) сақтаулы тұр.

Қобыланды батыр қалмақтың ханы Барсаның елін шабуға кеткенінде Алшағыр хан Қарақыпшақ елін басып алып, әкесі

Тоқтарбайды қой соңына, анасы Аналықты тезекке, жүн түтуге, қарындасы Хансұлуды отыз төре, қырық бегінің тартқан шылымын сөндіруге қойып, Құртқаны өзі алмақ болады. Бұл үзіндіде батырдың сол кезде көрген түсі берілген.

5. «Қобыланды» жырының бұл нұсқасын Қызылордалық жыршы Ешімов Ержанның айтуынан жазып алған — Боранбаев Қожабай мен Тойбазаров Жұмамұрат. Жырдың қолжазбасын 1954 жылы Қызылорда экспедициясының мүшесі, сол кездегі Тіл және әдебиет институтының қызметкері Т.Есенгелдин институт қорына (ӘӨИ: Ш.9) тапсырды. Қобыландының әкесі Тоқтарбай балаға зар болып жүргенде бәйбішесі Қаламқас өліп, тағы да екі әйел алады. Перзент сүйе алмай жүрген Тоқтарбай бір күні түс көреді. Түсінде бір қария: «Алыс елдегі түрікмен ханының қызын алсаң, бір ұл, бір қыз көресің», — деп аян береді. Сонда Тоқтарбай қызды іздеп шыққанын түрікмен ханының қызы түсінде көріп, жеңгесіне жорытқан тұсы баяндалады. Жеңгесінің жорығаны дәл келіп, қыз бен Тоқтарбай көңіл қосып, үйленеді. Екінші — Қобыланды қалыңдығы Құртқаны іздеп шыққандағы қыздың көрген түсі.

6. «Қобыланды батыр» жырының бұл нұсқасы Ақтөбе облысының белгілі жырауы Айсә Байтабынұлының айтуы бойынша жазылып алынған. Томға енген мәтін латын әрпінде жазылған түпнұсқа негізінде (ОҒК: Ш.828) дайындалды.

Жырдың бірінші үзіндісінде бір перзентке зар болған Қыдырбайдың көрген аян түсі берілген. Ал екінші үзіндіде Көктен кемпір Аққұртқа қызын күрес пен алтын қабақ атуда жеңген адамға бермек болып, үлкен той жасайды. Сол тойға Қобыланды батыр аттанғанда, қарындасы Аққолаңның көрген түсі баяндалады.

7. «Қобыланды батыр» жырының бірқатар қызықты нұсқалары Қарақалпақстан қазақтары арасына тарағаны мәлім. Солардың ішінде белгілі қоңыраттық жырау Ережеп Тілеумағамбетұлының өз аузынан жазып алынған нұсқа. Ережеп жырлаған «Қобыланды батыр» жырының мәтінін алғаш 1962 жылы ҚазКСР ҒА, ӘӨИ ұйымдастырған әдеби-

фольклорлық «Қарақалпақ экспедициясының» мүшелері (Б.Ысқақов, Т.Қанағатов, Т.Бекхожина) Қожелі ауданында жүрген жыраудың өз аузынан тындап, магнитофон таспасына түсіріп алады. Бұдан соң 1963 жылы Қорға Ережеп жырау орындаған «Қобыланды батыр» жырының тағы бір көшірмесі тапсырылады. Жыр мәтінін Қоңырат ауданында тұратын жыршыдан жазып алушы — жергілікті фольклортанушы, белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы Қабыл Мақсетов болатын. Жыр мәтіні ӘӨИ-дің Қолжазба қорында (Ш.12) сақталған.

Бұл жырдың бірінші үзіндісінде бір балаға зар болып, әулиелерді кезіп, Құдайдан перзент тілеп жүрген кезде Қыдырбайдың көрген аян түсі баяндалған. Ал екінші үзіндіде — Алшағырдың бәйбішесі Қобыландының қалаға келгенін біліп, алты баласына түсін айтып, сақтандырып тұрған тұсы берілген.

8. «Ахметбек—Жүсіпбек қиссасы» 1939 жылғы Қостанай экспедициясының жинаған материалы. Жыршысы, айтушысы не тапсырушысы жөнінде еш мәлімет берілмеген. Жыр машинкаға басылған. Түпнұсқасы латын не араб әршінде болуы мүмкін. Бірақ түпнұсқасы жайында еш нәрсе жазылмаған. Томға енген жыр үзіндісі Қолжазба қорында сақтаулы тұрған түпнұсқасынан (ОҒК: Ш.746, 2-дөптер) дайындалды.

Жырдың үзіндісінде Жүсіп, Ахметтің келетіні жайлы Көзалшаһ патша түсінде көріп, соны жорытқаны суреттелген.

9. «Орақ билән Мамай батырдың хикаясы» алғаш рет 1903 жылы Қазанда жеке кітап болып жарық көрді. Кітапта автор, жинаушы туралы мәлімет берілмеген.

Мамай батыр жалғыз өзі қалмақпен соғысуға аттанады. Жауды тауда күтіп жатып, ұйықтап кетеді. Ұйқыдағы батырдың қару-жарағын, атын қалмақтар ұрлап алады. Мамай батыр жаумен қарусыз айқасып, әлсіреген сәтінде қалмақтар батырды ұстап алып, құдыққа тастайды. Сол кезде Мамайдың жары Қарашаш түс көріп, Қараүлек шешейге жорытып тұрған тұсы екен.

10. «Қарасай-Қази» жырының Құдайберген Шоқаев нұсқасын 1947 жылы жинап, қолжазба қорына тапсырған — Иманбай Ұйықбаев. Қазір бұл нұсқаның қолжазбасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Орталық ғылыми кітапханасындағы 784-бумада сақтаулы.

Бірінші үзіндіде Әділ хан қырық мың әскер жинап, қалың қол жауға аттанғанда шешесі Бәйбіше ханым түс көріп, қызына жорытып жатқан жері баяндалған. Екінші үзіндіде Әділ Қарасай, Қазимен Қырымға жақындап қонған күні Әділдің анасының көрген түсі баяндалады. Қызы Ілия Әділдің хан болатынын жориды. Үшінші үзіндіде Әділ, Қарасай, Қази үшеуі қызылбастың Дербент қаласын талқандап, елге шыққан күні анасының көрген түсі берілген.

11. «Сайын батыр» жырының мәтіні В.В. Радловтың 1870 жылы шығарған «Оразцы народной литературы тюркских племен живущих в южной Сибири в Джунгарских степях» атты кітабының 3-томынан (166-221-бб.) еш өзгертусіз даярланды.

12. «Қисса-и-Қарабек» жыры 1882 жылы Қазанда басылып шықты. Жырды Омбы аймағы, Мұқыр өзенінің бойында тұратын Шоқаманұлы Әлжаннан жазып алып, баспаға дайындап берген — Мәулекей Жұмашев.

Қызын алмаққа Қараман бастаған қалмақ келе жатқанын Кәдірхан түсінде көріп, соны жорытқан тұсы жыр үзіндісінде баяндалған.

13. «Қарабек батыр» жырының ең көлемдісі, сюжеті толық әрі ел арасына кең таралғаны — Жаңаберген Бітімбайұлы жырлаған нұсқа. Эпосты Жаңаберген жырау әкесі Бітімбайдан үйреніп ел арасында жырлап жүрген. «Қарабек батыр» жырының мәтінін 1940 жылы Жаңаберген Бітімбайұлының айтуынан қағазға түсірген фольклор экспедицияның мүшесі — Марат Ахметов. Қолжазба ОҒК-ның қолжазбалар қорында (Ш.670) сақтаулы. Шығарма бір жолды дәптер қағаздарына екі түсті сиямен латын әріпінде жазылған. Көлемі — 6720 жол.

Бірінші үзіндіде бір перзентке зар болған Кәдірханның көрген түсі берілген. Екінші үзіндіде Қабылан қалмақ пен қарындасы Ханбибі көңіл қосқандағы Қарабектің көрген түсі баяндалады.

14. «Төрехан» жырының бұл нұсқасын Бисен Сариманов «Төрехан» жырын ел аузынан жинап, қағазға түсіріп, 1941 жылы Тіл және әдебиет институтына тапсырған. Жыршысы белгісіз. Қолжазба Орталық ғылыми кітапхана қорында (Ш.350), ал машинкаға басылған көшірмесі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында (Ш.85/2) сақтаулы. Мәтін шақпақты дәптерге латын әрпімен жазылған.

Темірхан ханның ұлы Төреханды тоқалдан туған ағалары Егізбай мен Сегізбай өлтірмек болады. Сол кезде Төреханның түс көрген түсі екен.

15. «Бөген батыр» жырының бұл нұсқасын Ілияс Нұрмағанбетов жинаған. Ол 1930 жылдары Алматыдағы педагогика институтының студенті болып жүріп, жырды ел аузынан жазып алып, 1935 жылы Ұлт мәдениетін зерттеу институтына тапсырған. Кімнен жазып алғаны белгісіз. Жырдың қолжазбасы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында (ОҒК: Ш.668) сақтаулы. Шығарма дәптер қағаздарына көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Қалмақ ханы Қалталы Қарайманның қызы Ақборықты Бөген батыр іздеп шыққанда қыздың көрген түсі үзіндіде берілген.

16. «Абылай хан» жырының бұл нұсқасын Қытайға қарасты Алтай өлкесінде туып-өскен үрімжілік азамат Шерияздан Сұлтанбайұлы жырлаған. Жыр алғаш 1985 жылы Қытайдағы қазақ зиялыларының әзірлеуімен «Қазақ қиссаларының» (4-том. Абылай. — Бейжің, «Ұлттар» баспасы, 1985) жинағында басылған.

Жырдың бұл нұсқасында Избасты бидің көрген түсін Бұқар жырау Абылай ханның дүние салғанымен жориды.

17. **«Абылай хан».** Халық аузында жүрген аңызға негізделген бұл қисса Шығыс Түркістан қазақтарынан жазылып алынған. «Қазақ қиссалары» (1991) атты кітапта жарияланған. Баспаға ұсынушы ауыз әдебиетін жинаушылардың бірі — Ә.Нәбиұлы. Аңыз бойынша, Абылай жорықта жеңетін болса, бура жорықтың жолына қарап жатады, жеңілетін болса теріс қарап жатады. Ханның көрген түсінде Ақ атанның осы қасиеттерін Ерен ғайып айтып береді.

18. **«Төле бидің тарихы»** жыры Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорындағы 763-бумада сақтаулы. Қ.Байболұлы жырлаған осы нұсқа негізінде әзірленді. Бұл — Төле бидің дүниеден өтер алдында көрген түсі.

19. **«Бөгенбай батыр»** жырының бұл нұсқасы ӘӨИ-дің Қолжазба қорында (Ш.886, 7-дәп.) сақталған. Осы нұсқа бойынша дайындалып, ұсынылды.

Бірінші үзіндіде Бөгенбайдың жолдастары Сарыбай, Бексұлтандардың кезекті бір жорықтың алдында көрген түстері суреттелген. Екінші үзіндіде қалмақтың батыры Қаранай қазақтан кек алам деп келе жатқанында Бөгенбайдың көрген түсі берілген.

20. **«Бөгенбай батырдың бірінші жорығы»** атты жырдың қолжазбасы ОҒК-ның қолжазбалар қорында (Ш. 517, 2-дәп.) сақтаулы. Осы жырдың мәтінін жинап алып келген 1946 жылғы Ақмола — Көкшетау экспедициясының мүшесі — Бозтай Жақыпбаев. Жырды айтушы Ақмола облысы, Еркіншілік ауданының тұрғыны — Жадайұлы Молдажан. Мәтін кеңсе қағазына қарындашпен кирилл әрпінде жазылған.

Бұл үзіндіде Бөгенбай қалмақтардың соңынан жалғыз қуып кеткенде Жантай батырдың көрген түсі баяндалады. Атан түсті жақсылыққа жорып, айтқаны келіп, Бөгенбай батыр төрт жүз қалмақпен жалғыз соғысып, жеңіске жетеді.

21. **«Барақ батыр»** жыры ӘӨИ-дің Қолжазба қорында (Ш.480) сақтаулы. 2740 жолдан тұратын жырдың қолжазбасын 1961-1962 жылғы экспедиция мүшелері Балташ Ысқақов

пен Талиға Бекқожина 1908 жылы Қарақалпақ АССР, Мойнақ ауданы, «Үшсай» ауылдық кеңесінде дүниеге келген Ерғожа Құлпыбаев жыраудан алған.

Бірінші үзіндіде қалмақ ханы Қатты Сыбан қазақ еліне қарсы аттанбақ болғанда, Түгел қарттың көрген түсі баяндалады. Екінші үзіндіде Атақозының түс көріп, оны Сырым бидің жорығаны берілген.

22. **«Базар батыр»** жырының қолжазба нұсқалары М.О.Әуезов атындағы ӨӨИ (129-бума, 2-дөп.) және ОҒК сирек қорларында (Ш.358, 1-дөп.) сақталған. Ғылыми кітапханада сақталған жыр мәтіні оқушы дәптеріне жасыл сиямен, араб әрпінде жазылған. Қолжазба 1942 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданында қағазға түсірілген. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылып, дәптердің сырты қатты қағазбен тысталған. Жыршысы — Бәдел Тұрсынбаев.

Бұл үзіндіде қалмақтар Базар батырға қарсы келе жатқанында әйелі Құлқайшаның көрген түсі берілген.

23. **«Арқалық батыр»** жырының бұл нұсқасын 1958 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданында ғалым Бекмұрат Уахатов Ержан Ахметовтың айтуынан жазып алып, институт қорына тапсырған. Қолжазба араб әрпінде жазылған (ӨӨИ:Ш.194).

Бұл үзіндіде Арқалық батыр Әжі төренің жылқыларын алып келе жатқанда көрген түсі берілген.

24. **«Мырзаш батыр»** жырының Н.Қыдырмоллаұлы нұсқасы ӨӨИ-дің Қолжазба қорында сақталған түпнұсқасынан (ӨӨИ. ҚҚ: Ш.874) дайындалды. Жыр үзіндісінде бала Мырзаштың көрген аян түсі баяндалады.

25. **«Айдос батыр»** жырының қолжазбасы ОҒК-ның Қолжазбалар қорында (Ш. 765. 3-дөп.) сақтаулы. Қолжазба мәтіні дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған. Жыршысы — Айдарбеков Жұмаділ. Жыр мәтіні 1937 жылы жазылып алынған. ОҒК-ның Қолжазбалар қорына 1946 жылы түскен.

Жыршы халық аузында айтылып жүрген «Айдос батыр» туралы ертегі, аңыздарды өлеңге айналдырып жырлаған.

Айдос батыр Барын хан бастаған көпірлерге қарсы соғысқа бармақ болады. Сонда Айдостың жары Қарашаш түс көріп, бұл жорыққа барма деп өтінеді. Бұл үзіндіде Айдос пен Қарашаштың айтысы түрінде берілген.

26. «Қисса Мұхаммед расул Алланың дәрул пәниден дәрул бақиға рихлат еткен мәселесі» дастанын 1896 жылы Ж.Шайхысламұлы Қазанда жариялаған. Өзі айтқандай Ж.Шайхысламұлы бұл дастанды да «Қисса анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны» дастанымен бірге Қазандағы досы Ахметкөрім деген ноғайға жіберген.

Бұл үзіндіде Расул Аллаға ең жақын сегіз адам түс көріп, оны хазірет Пайғамбардың өзіне жорытады.

27. «Сейітбаттал» дастанын бұрынғы Бөкей ордасына қарасты, қазіргі Атырау облысынан шыққан шайыр, молда Маңқыстау Тыныштықұлы жырлаған. Аталған нұсқа 1908 жылы Қазандағы Император Университетінің баспаханасында жарық көрген. Көлемі — 386 бет. Баспаға дайындаушы, яғни шығарушысы — белгілі баспагер Шамсидин Хұсайынов.

Дастан үзіндісінде Қайтұр патша түс көріп, мұсылман болады.

28. «Жүсіп–Зылиханың» қолына түскен бір нұсқасын ақын Жүсіпбек Шайхысламұлы жазып алып, өңдеуден өткізген. Дастан «Қисса-и хазірет Жүсіп фәләйһиссәләм мен Зылиханың мәселесі» деген тақырыппен 1898, 1901, 1904, 1907 жылдары Қазандағы Университет, ал 1913 жылы Домбровский баспаханасында, 1918 жылы «Орталық» баспаханасында Ш.Құсайыновтың басып шығаруымен жарық көреді.

Жүсіп пайғамбарға арналған дастанда түс көру мотиві шығарманың басты өзегіне айналған. Бірінші үзіндіде он бір жастағы Жүсіптің пайғамбарлық туралы көрген түсі берілген. «Фаслу Мәлік бин Дұғар түс көргені» атты үзіндіде Мысыр саудагері Мәліктің көрген түсі баяндалады. Дастаннан берілген үшінші үзіндіде зынданда жатқан Жүсіптің жанындағылар-

дың түстерін жорыған тұсы берілді. Ал төртінші үзіндіде Жүсіп пайғамбар Мәлік Риян патшаның түсін жориды.

29. «Қарқабат» дастанының бұл нұсқасын халық ауыз әдебиеті үлгісінде бірінші жырлаған — халық ақыны Нұралы Нысанбайұлы. Жинаққа еніп отырған мәтінді халық ақыны Б.Бектұрғановтан З.Сейітғаппарова жазып алды. Қолжазба ӨӨИ-дің Қолжазба қорында (Ш.309) сақтаулы тұр.

Үрімнің патшасы Қарқабат бір перзентке зар болып, аян-түс көріп, әйелі жүкті болады. Дастаннан берілген екінші үзіндіде Қарқабат патша өлгеннен кейін уәзірі Зұлмат патша болып, түсінде тағынан таятынын көргені баяндалады.

30. «Қисса қырық уәзір» құрамына кіретін хикая, аңыз, өңгімелерді алғаш рет жүйелеп дастанға айналдырған — Шайқызада Ахмет Мысыры деген адам. Содан кейін «Қисса қырық уәзір» қиссасы 1911 жылы Қазан қаласында басылып шықты. Қиссаны жариялаған ақын — Ақылбек Сабалұлы. Томға енген дастаннан үзінді осы нұсқа негізінде өзірленді.

«Мың бір түн» сюжетінен алынған бұл дастан үзіндісінде патшаның тоқалы өгей баласына ғашық болып, көрген түстерін патшаға айтып, балаға жала жабатын кездері баяндалады.

31. «Қисса Таһир—Зүһра» дастанын ХХ ғасырдың бас кезінде өмір сүрген «қиссашыл» ақындардың бірі — Ақылбек Сабалұлы жырлады. Бұл — басынан аяғына дейін өлеңмен жазылған, көркемдігі тәуір, оқиғасы қызықты құрылған шығарма. Қазанда 1911 жылы басылып шыққан.

Таһир түсінде Зүһраға бармақшы болады. Сол кезде жиырма қара төбет Таһирды қаумалап алады. Таһир амалсыздан қашпақшы болғанда, артынан екі ит ере қуады. Сол кезде Таһир оянып кетеді. Таһир көрген түсін Зүһраға өлеңмен айтып береді. Зүһра Таһирдің түсін жорып, назым айтады.

32. «Қисса Қыз Жібектің хикаясын» 1900 жылы Қазан қаласында Жүсіпбек Шайхысламұлы жариялаған. Бұдан кейін де бірнеше мәрте қайта басылды.

Жыр үзіндісінде Төлегеннің қаза болатынын түсінде көріп, жеңгесіне айтып жатқан тұсы баяндалады.

33. «Қыз Жібек» жырының Мұсабай жырау нұсқасы ОҒК-ның Сирек қорында (Ш.35. РФ) сақталған.

Үзіндіде Жібектің түсін Сансызбайдың жорыған тұсы баяндалады.

IV. ҚАЗАҚТЫҢ ЫРЫМДАРЫ

Қазақтың ырымдары мерзімдік баспасөздерде, әртүрлі жинақтарда үздіксіз жарияланып келеді. «Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры» (Құраст: Б.Әбілқасымов, 2004), «Қазақы тыйымдар мен ырымдар» (Құраст: А.Құралұлы, 1998), «Қазақ ырымдары» (Құраст: А.Қайбарұлы, Б.Бопайұлы. 1998) атты жинақтарда жарияланды. Томға осы жинақтар негізінде әзірленді. Сондай-ақ 2009 жылы ҚХР-дағы «Іле» халық баспасынан Гүлнәр Төкенқызының құрастыруымен шыққан «Қазақтың мың бір ырымы» жинағы пайдаланылды. Ең соңында келтірілген, 802-нөмірлі ырымдар Ә.Диваевтың ел арасынан жинап, 1923 жылы Ташкентте жарық көрген «Тарту» жинағынан алынды.

Әкімова Тоғжан

МӨТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ, ДІНИ ЕСІМДЕР, ҰЛТ-ҰЛЫСТАР МЕН РУ-ТАЙПАЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Абдолла хан (XVI ғ.) — Бұхар (Мауераннахр) билеушісі (1541). Таққа Ұбайдолла хан (1534-40) өлген соң отырған. Шайбани әулетінен тараған.

Абылай хан (1711-1781) — қазақтың ұлы ханы, мемлекет қайраткері, қолбасшы және дипломаты. Арғы тегі Жошы хан, бергі бабалары Қазақ ордасының негізін салған Өз-Жәнібек, кейін ер Есім хан, Жәңгір хан. Абылай — Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. Жәңгірдің екі әйелі болған: біріншісі, қазақтан — Уәлибақы, қалмақтан — Тәуке хан туады. Уәлибақыдан — Абылай. Абылай жекпе-жекке шыққанда жауы шақ келмейтін батыр болған. Тұтқындарды аямай жазалағандықтан «қанішер Абылай» атанған. Абылайдан — Көркем Уәли, одан — Абылай (Әбілмансұр) туады. Ол «Ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолында тәрбиеленеді. Ашжалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Жаугершілік заманның талабы Абылайдың ел өміріне ерте араласуына себепші болды. Бұқар, Үмбетей жыраулардың мәліметтеріне қарағанда, Абылай хан жиырма жасында қан майданда ерлігімен көзге түскен. Қалмақтың батыры Шарышты жекпе-жекте өлтіруі абыройының өсуіне себепші болады. «Абылайлап» жауға қарсы шыққан Әбілмансұрды жеңістен кейін Әбілмәмбет хан шақыртып алып танысады. Таныса келе туысқан адам болып шығады да, кейінірек хандық тағын Абылайға (Әбілмансұр) береді. Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани мұрасынан еркін сусындаған

дарынды күйші ретінде де белгілі. Оның «Ақ толқын», «Алабайрақ», «Шаңды жорық» т.б. күйлері сақталған. Жетпіс жасында жорықтан келе жатып, Арыс өзенінің жағасында қайтыс болған. Сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесінде жерленген.

Адам ата, Хауа ана — аңыз бойынша, Алла Тағаланың топырақтан жаратқан алғашқы адамы. Балшық-мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала Адамға жан кіргізеді. Адамның бір қабырғасынан Хауаны жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында «беделді», «құрметті» орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша, Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді. Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында, олар Ібіліс шайтанның сөзіне иланып, алдауға түсіп, тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнелары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, Көктен Жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

Айуб — Құран Кәрімде аты аталған ежелгі пайғамбарлардың бірі. Інжілдегі Иов. Айуб (ә.с.) Хаурандағы бай, адамгершілігі мол адам, тіпті пайғамбар болған. Алла сынайын деп оған шайтанды жібереді. Шайтан жіберген аурудан Айубтың денесіне іріңді жара қаптап кетеді, ол әйелі екеуі адамдардан оқшау тұруға мәжбүр болады. Шайтан жіберген неше түрлі жаңа қырсықтарға қарамай, Айуб Алланың рақымына сенімін жоғалтпайды. Оның көмек сұрап жалбарынғанынан кейін Жәбірейіл оған «аяғыңмен жерді теп» деп бұйрық береді, ол тепкен жерден бұлақ суы атқылайды да, Айубтың жарасын жазып, шөлін қандырады. Фольклор мен әдебиетте Айуб сабырлылық пен төзімділік, шыдамдылықтың символы ретінде қастерленеді.

Айша — Мұхаммед пайғамбардың әйелі. Бірінші халифа Әбубәкірдің қызы.

Алла (Аллаһ)—ислам дiнiнде бiкiл ғарышты, тiршiлiк дiниесiн жiне қиямет қайымды жаратушы, баршаға бiрдей, жалғыз жiне қiдiретi кiштi Құдай есiмi. Құран Кiрiмде айтылғандай: «Ол Алла бiреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрi Оған ешкiм тең емес».

Алла Тағала әлемдi, жердi, өсiмдiктердi, жануарларды жiне адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры— жазмышты белгiлейдi. Қияметте Алла барлық өлгендердi тiрiлтедi де, пәнидегi iстерiн таразылап, бiреулерiн— жұмаққа, ендi бiреулерiн— тозаққа жiбередi. Адамдарды дұрыс жолға түсiру үшiн Алла Тағала оларға мезгiл-мезгiл пайғамбарларды жiберiп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.)— Алланың адамдарға жiберген соңғы Елшiсi; оған Алланың Құраны Жәбiрейiл перiштенiң дөнекерлiгiмен жиырма үш жылда толық түстi. Алланың нақты бейнесi жоқ жiне ол бейнеленуге тиiс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берiлгендiктi бiлдiруге болады Алла Тағаланың қiдiреттiлiгiн, әдiлеттiлiгiн, қайырымдылығын т.б.с.с. өзiне ғана тән қасиеттерiн оның тоқсан тоғыз есiмi көрсетедi. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кiрiм (жомарт), Рахман (мейiрiмдi), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шариф (қасиеттi), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгi), Жаппар (қiдiреттi), Ғафұр (кешiрiмдi) т.б.

Арқалық батыр (XVIII ғ. аяғы-XIX ғ. басы)— жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыста даңқы шыққан батыр. Абақкерей төресi Әжi Көгедайұлына наразы топты бастаған. Бұл күресте оған қалмақтың Қарамерген, Қоңқа деген батырлары қосылған. Арқалық батыр туралы ел аузында аңыз, әңгiмелер, жырлар көп сақталған.

Әбубәкiр— Мұхаммед (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейiн сайланған алғашқы халиф. Ол құрайыш руынан шыққан, Меккедегi ықпалды саудагерлердiң бiрi едi. Мұхаммед (с.а.с.) Исламға кiруге шақырғанда руластары мен үлкендердiң арасынан бiрiншi болып мұсылман болды. Әбубәкiр— Расул Алланың «төрт сахаба» аты берiлген сенiмдi серiк, жолдастарының бiрi. Мұхаммед (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейiнгi дүрбелеңге толы қиын

кезеңде Әбубәкір араб-мұсылмандардың басын біріктіре білді. Өзі халифатты басқарған жылдары Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) түскен Құран аяттарының жинағын құрастырды.

Әбу Қатада — ансар сахабаларының бірі. Хафиз Құран — Қасиетті Құранды түгелдей жаттаған болатын.

Әзірейіл — Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періштенің есімі. Адамды жаратар алдында Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оған қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Әзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Әзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

Әзірет Әли — Османнан кейін билік басына келген төртінші «әділетті халиф». Хижраның 656-661 жылдары Мекке қаласында тұрып, мұсылман жұртына басшылық жасаған. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан алып, күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның «зұлпықар», «қам-қам», «сам-сам» деген үш қылышы болғаны айтылады. Әсіресе Әли «зұлпықарын» сілтегенде бірнеше жүз көпірді шауып түсіреді. Әлидің есімі көптеген шығыс қиссаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырайды. Әдетте, хазірет Әли сол қиссалардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли (ә.с.) өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген. Хазірет Әлидің атына «шаһимардан», «қайдар», «арыстан», «шері», мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады.

Әмір Темір (1336-1405)— қолбасшы, мемлекет қайраткері. Барлас тайпасының биі Тарағай бектің баласы. Әмір Темір алғашында Қашқария уәлаятының билеушісі болған. Моғолстан ханы Тоғлық Темірмен, Балқ пен Самарқан әмірі Хұсайынмен билік үшін күрес жүргізіп, 1370 жылы Мауранахрды өзіне қаратты. Әскерінің тегеурінді шабуылдары арқасында Хорезм, Шығыс Түркістан, Герат, Хорасан, Қандағар, Сұлтания, Тебриз, Иран және Ауғанстан иеліктері қол астына қарайды. Бірнеше дүркін жорықтан соң Алтын Орданы күйретеді. Үндістан, Сирия, Ливан жерлерін басып алады. Осман империясын талқандап, түрік сұлтаны Илдырым Баязидті тұтқындайды. 1405 жылы Қытайға жорыққа шыққанда жолда Отырарда қайтыс болады. Сүйегі Самарқандағы Гөр-Әмір кесенесіне жерленген. Халық арасында және тарихи деректерде Ақсақ Темір, Әмір Темір Көреген (Гурген) деген ныспылары кең тараған. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін салдырған.

Барлас — өзбек халқының ішіне енетін, түркі тілдес тайпаларына жататын ежелгі ру. Барластар Шыңғыс ханның жаулануы кезінде, XIII ғ. қазіргі Моңғолия жерлерінен Орта Азияға көшкен. Сол рудан Әмір Темір, Ұлықбек дегендер шыққан.

Бөгенбай батыр (1680-1775)— Қаратау бөктеріндегі Бөген өзенінің бойында туған. Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінде ерекше орын алған батыр, қазақ жауынгерлерінің қолбасшысы. Халық оны Қанжығалы Бөгенбай деп те атайды. Атасы Әлдеуін батыр Еңсегей бойлы ер Есім ханның, әкесі Ақша батыр Тәуке ханның қолбасшылары болған. Бөгенбай батыр Абылай бастаған ұзақ жылдарғы жоңғарға қарсы күрестің бас қолбасшысы, әскери ақылшысы болды. Күн-түн демей қазақ тыныштығы үшін ат үстінен түспей жүргендіктен, оны Абылай хан «Үкі батыр» деп құрметтесе, Бұқар жырау «Қазақтың қамал қорғаны» деп атаған. Бөгенбай жасы ұлғайған шағында ауырып қайтыс болған. Сүйегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген.

Бөрте (1154-1230/31)— Шыңғыс ханның жұбайы. Қоңырат тайпасының көсемі Дай (Тай) мырзаның қызы. Қият ішіндегі

боржіген (бөрітегін) руының батыры Есүгей 9 жасар ұлы Теміршіні (болашақ Шыңғыс хан) қоңырат еліне ертіп барып, ежелгі түркілер дәстүрі бойынша, Бөртеге құда түсіп қайтады. Көп ұзамай Есүгей қайтыс болып, Темірші жетім қалып, көптеген қиыншылықтарды бастан өткізеді. Тек ержеткеннен кейін ғана, шамамен 1178 жылы Бөртеңі іздеп барып, алып қайтады. Осы кезде Теміршінің ауылына меркіттер шабуыл жасап, Бөртеңі тұтқын ретінде алып кетеді. Темірші әкесінің андасы керей хандығының ханы Тұғырыл (Уән хан) мен жажират руының нояны, өз андасы Жамұқаның көмегімен Бөртеңі босатып алады. Шыңғыс ханның бірнеше әйелінен көптеген балалар тарған. Дегенмен Шыңғыс хан Бөртеден туған төрт ұлын өз мұрагерлері ретінде таныған.

Бұқар жырау (1693-1787) — әйгілі қазақ жырауы. Абылай ханның ақылшы биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп те атаған. Абылай ханды сынап отырып, оның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін тебірене жырлайды. Бұқар жыраудың Абылай ханға, Бөгенбай, Қабанбай, Олжабай батырларға шығарған арнаулары, насихат жырлары ел есінде сақталып қалған.

Даниал — аты Исламға дейін белгілі болған пайғамбар, аңыз бойынша су бетімен жүре алатын болған.

Дәуіт — Пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі. Көне еврей тілінде Давид. Дәуіттің отыз баласы болған. Жаратқан Иеміз құдіретімен отыз баланың жанын бір мезетте алып кетеді. Мұны көрген Дәуіт Алла Тағалаға зар илеп жылайды. Сонда Алла: Дәуіт, саған отыз балаңның орнына отыз бала берейін бе, әлде отыз балаға татитын бір бала берейін бе? — деп сұрағанда Дәуіт «отыз балама татитын бір ұл беріңіз» деген екен. Иеміздің берген ұлы Сүлеймен пайғамбар болатын. Сүлеймен мал-құстың тілін түсініп, сол тілде тілдесе алатын болған.

Едіге — XIV ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген тарихи тұлға. Ерекше шешендігімен қоса, батыр әрі қолбасшы болған. Ол Алтын Орда мемлекетінің бірнеше хандары тұсында

тәуелсіз билік құрумен бірге ел басқару істеріне белсене араласты. Дешті Қыпшақтың ханы Тоқтамыс кезінде өз билеушісі мен Ақсақ Темір арасындағы текетіресті өз пайдасына шешуге ұмтылыс жасады. Сол дәуірде көршілес Ресей жеріне бірнеше рет баса көктеп кірді. Ұлы Ноғай Ордасын құрып, оның басты бегі болды (1396-1419жж.). Қара халық арасынан шығып, көшпелі ноғай-қыпшақ ұлыстарының намысын қорғағандықтан қазақ халқының тарихи жадында «Ел қамын жеген Едіге» деген атпен өшпестей жазылған оның бейнесі мен есімі бірқатар қазақ эпостарына арқау болды. Кейбір деректер бойынша, Едіге мырзаның бейіті қазақ жерінде — Ұлытауда жатыр.

Есенбұға — Моғолстан билеушісі (1429-61/62). Шағатай өулетінен шыққан. Уәйіс хан қайтыс болған соң, оның екі ұлы Жүніс пен Есенбұға арасында билік үшін күрес болып, соңғысы 1429 ж. жергілікті тайпа көсемдерінің және әмірлердің қолдауымен билік басына келеді. Есенбұға 1457-1458 жж. Әбілхайыр ханнан бөлініп, өзіне көшіп келген Керей мен Жәнібек хандарға Шу бойы мен Қозыбасы өңірін беріп, оларды өзіне тосқауыл әрі одақтас етеді. 1458-60 ж. Жүніс ханның Есенбұғаға қарсы жасаған жорығы сәтсіз аяқталады. Есенбұға қайтыс болған соң, Шығыс Түркістанда оның ұлы Досмұхаммед хандық құрған (1461/62-69).

Жақып — пайғамбар, Жүсіптің әкесі, Інжілдегі Иаков. Құран Кәрімде Ыбраһым ұрпағы ретінде Ысқақпен қатар аталады. Оның тақуалығы мен болжау қабілеті Алла Тағаланың бүкіл Ыбраһым (Авраам) руына ризашылығын білдіру ретінде суреттелген. Құран Кәрімде Жақыптың екінші есімі — Ысрайыл. Ал оның ұрпағы бәни Ысрайыл деп аталады.

Жамұқа, Джамуха сәчен (шамамен XII ғасырдың ортасы- XIII ғасырдың 1-ширегі) — Шыңғыс ханның өміріндегі ең жақын досы (андасы) және қас жауы болған тарихи тұлға.

Жүніс — пайғамбар, Құранның бір сүресі оның атымен аталған. Аңыздарға қарағанда Жүністің Ирактың солтүстігіндегі Найнауада бір құдайға сиынушылықты уағыздауы сәт-

сіз болған көрінеді. Ол өз ісінің қиыншылықтарына шыдай алмай, кемеге жасырын тығылып, қашуды ойлайды. Бірақ кеме орнынан қозғала қоймайды, ол кемеде қашқынның бар екендігінің белгісі еді. Жеребе көрсеткендей, бар күнә Жүністе болғандықтан, оны теңізге тастайды. Суда үлкен балық Жүністі жұтып қояды. Киттің құрсағында аман қалған Жүніс Алла Тағалаға сенімсіздік білдірген күнәсін мойындап жалбарынады, сөйтіп, аман қалады.

Жүсіп — Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар, Құранда оған үлкен сүре арналған. Сүреде оның тарихы толық қамтылған. Інжілде ол Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный) деп аталған. Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-өңгімелерді негізге ала отырып, Фердауси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтарда да осы тақырыпқа арналған XIX ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

Жібек — Төлеген — қазақтың «Қыз Жібек» эпосының бас кейіпкерлері. Жібек пен Төлеген қазақ фольклорында шын ғашықтар символы ретінде суреттеледі.

Захиредден Мұхаммед Бабыр — өзбек және үнді ел билеушісі, сардары, Ұлы Моғол мемлекетінің орнатушысы, ақын мен жазушы.

1483 ж. ақпанның 14 қазіргі Ферғана уалаятында туған. Оның әкесі Омар Шайхы — Ақсақ Темірдің шөбересі, Ферғананың әмірі еді. Ал Бабырдың шешесі — Құтлық Нигар ханым Моғолстан ханы, Шыңғыс хан әулеті Жүністің қызы болатын.

Зәкария — Құран кейіпкері, тақуалардың бірі, Жақияның әкесі, Інжілдегі Зәкария. Мәриямның тәрбиеші қамқоршысы болған.

Ибраһим — Қасиетті Құран мен басқа да көптеген аңыздарда ол «Алланың бірлігін танып, оның досы саналатын» алғашқы пайғамбар. Ибраһим өзінің сүйікті ұлы Ысмайылды Алла Тағаланың әмірімен оған құрбандыққа арнап шалмақшы бола-

ды, сонда Ибраһимға разы болған Алла Тағала Ысмайылдың орнына көктен «ай мүйізді қошқар» түсіреді. Ибраһим (ә.с.) мен оның ұлы Ысмайылдың өмірі араб әлемімен, әсіресе Мекке — Қағба төңірегімен тығыз байланысты әңгімеленеді. Бұл жайында Құран Кәрімде де арнайы сүре (сурат-ул Ибраһим) бар. Онда Ибраһим пайғамбар мен оның баласы Ысмайылдың Қағбаны тұрғызғаны айтылған.

Иса — Иса Мәсіхтің есімі христиан дініндегі сияқты, исламда да ілтипатпен еске алынады. Құран Кәрімде Иса пайғамбарға біраз орын берілген, оның анасы Мәриям хазіретке арналған сүре бар. Алайда ислам қағидасы бойынша, Иса — бар болғаны Алланың сүйікті құлы, «кітап түсірілген» төрт пайғамбардың бірі. Христиандар Исаны Құдайдың ұлы деп есептейді, оның өзін Құдай дәрежесінде дәріштеп, оған құлшылық жасайды. Кейбір дін зерттеушілері (әсіресе еуропалықтар) Мұхаммед пайғамбардың христиандарға жылы ықыласпен қарағанын айтады. Шарифат зерттеушілері Исаны «Мұхаммедтің дүниеге келерін алдын ала білген» және Аллаға шын жүрегімен берілген хақшыл пайғамбар ретінде мойындайды. Ислам ғалымдары «Иса Құдай емес, оған еруші жұрт адасты» деп санайды.

Кенесары (1802-1847) — мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837-1847 жылдар арасындағы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Қазақ жұртының соңғы хандарының бірі. Кенесары — Шыңғыс ханның жиырма жетінші ұрпағы, Абылай ханның немересі. Ордасын Көкшетауға тіккен Абылай ханның отыз ұлы болған. Кенесарының саяси көзқарасының қалыптасуы Ресей империясында І Петр билігі кезеңінен басталған Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы қатынастар сипатымен тығыз байланысты болды. Ресей империясы өзіне, шекаралас жатқан байтақ өлкені күллі Азия елдеріне бастар «қақпа» деп есептегендіктен, қазақ жерін күштеп қоса бастады. Патша үкіметі 1822 жылы «Сібір қазақтары туралы Жарғысы» арқылы қалыптасқан хандық құрылымды, дәстүрлі билік үлгілерін жойып, қазақ елін жалпыресейлік басқару жүйесіне сіңістіріп жіберуді көздеді. Кенесары 1841 жылы хан болып сайланады. Халықты ұйымдастырып,

Ресей отаршыларына қарсы соғысады. 1847 жылы өзімен бірлесіп соғысудан бас тартқан қырғыздарға да қарсы шабуыл жасаған еді. Өйткені қырғыздардың Сібір әкімшілігімен астыртын байланыстары болады. Өз жақтастарының опасыздық жасағандары себепті, Кенесары інісі Наурызбаймен бірге дұшпандарының қолына түседі. Қырғыздар Кенесарыны айуандықпен өлтіріп, басын кесіп алып, Омбыдағы орыс үкіметінің өкілі генерал М. Горчаковқа табыс етеді.

Қабыл, Әбіл — аңыз бойынша, Адам атаның алғашқы ұрпақтары.

Қарасай, Қазы — Орақ батырдың ұлдары. XVI ғасырдың соңына қарай Қырым маңында өз ұлыстарын құрған. Кейін Кавказда да ықпалды ноғай бектері ретінде танылған. Сол заманда қызылбас, қалмақ т.б. көрші халықтармен ымырасыз күрес жүргізіп, ел-жұртын қорғаушы эпикалық қаһармандар. Қос тарихи тұлғаның ерлік, жорықтар жайында қазақ жырау, жыршылары ерекше шабытпен жырлаған. Әсіресе Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Қарақалпақстан қазақтары арасында «Қарасай-Қазы» эпосының 30-ға жуық нұсқалары сақталған.

Қобыланды батыр — Қарақыпшақ Қобыланды (шамамен XV ғасыр) батыр. Тарихи қайраткер. Көшпелі өзбек елінің ханы Әбілхайырдың бас батыры болған.

Қоңырат — орта жүз құрамындағы тайпа. Түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың этникалық тарихында қоңырат тайпасының өзіндік орны бар.

Қызыр — мұсылман дінінде ел аралап жүрген, адам бейнелі «әулие», адамға «қамқоршы», «бақыт», «дәулет» беруші. Илияс (Илияс, Илья) — көне иудей, христиан аңыздарында Илиястың есімі әулие ретінде аталады. Оның аты ежелгі иудей құдайларының бірінен шыққан дейтін пікір де бар. Исламда Илияс пайғамбардан гөрі, әулиеге жақын. Түркі халықтарында Илиястың есімі Қыдыр әулиемен байланыстырылып, «Қыдыр-

Ілияс» деп те атала береді. Кейде оны «Қызыр» деп атайды. Қазақ фольклорында Ілиястың есімі жиі ұшырасады. Әдетте, ол адамдарға Қызыр әулие (ақсақал) түрінде көрініп, әртүрлі қиындықтардан қорғап жүреді. Кейде Ілиястың жанында «шілтендері», яғни қырық көмекшісі еріп жүреді. Олар ғайыптан пайда болып, фольклорлық шығарманың басты кейіпкеріне (әсіресе, батырлық жырлар мен ертегілерде) қол ұшын береді. Қазақтар «Қыдыр дарып, бақ қонсын» деп баталасады. «Қырықтың бірі — Қыдыр» деген мақал да бар.

Мұса — Пайғамбар, Алла Тағаладан кітап жіберілген төрт пайғамбардың бірі. Інжіл бойынша — Моисей. Аңыз бойынша, Мұса (ә.с.) — Алла Тағаламен тілдескен және онымен жүздескен бірінші пайғамбар (Адам атадан соң). Алла Тағаламен сөйлескендіктен, Мұса пайғамбарды Мұса Кәлим (Алламен тілдесуші) деп дәріптеген.

Мұхаммед ибн Сирин (653-729) — Ислам дінінің имамы, табиғин, хадис, тәпсір ғалымы, фақих. Мұхаммед ибн Сирин Осман ибн Аффанның халифалығы кезінде өмірге келген, оның әкесі парсылар мен халифат арасындағы соғыстың алдында Куфа маңындағы Айн өт-Тамр мекенінде өмір сүріп, сол жерде мұсылман әскерінің қолына түсіп, Әнас ибн Маликтің қол астындағы қызметшісі болған.

Мұхаммед (Мұхаммед ибн Абдулла Әбу-л Қасым) — ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы, тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол — Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар. 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алла Тағаланың алғашқы жарлықтары (уаһи) рамазан айында хазірет Мұхаммедке Меккеден үш шақырым жердегі

Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түскен. Мұхаммед (с.а.с) Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды 610 жылы 40 жасында уағыздай бастайды Мұхаммед (с.а.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан 622 жылы Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мырзаш Алдиярұлы (1826-ө.ж.б.) — жолбасшы, саяхатшы. Қытайдың, әсіресе көрші Жоңғария жерінің географиясын өте жетік білген. Мырзаш 1877 ж. Орталық Азияны зерттеуге шыққан орыс саяхатшысы Н.М. Пржевальский 2-экспедициясының жолбасшысы болып, оны Құлжадан Гаченге дейін, ал 1879 ж. оның 3-экспедициясын Зайсаннан Орталық Азиядағы Гашун-Нор көліне дейін бастап апарды. Осы экспедицияларды Азияның асқар таулары мен құлазыған шөлдерінен, орыс саяхатшыларына наразылық көрсетіп отырған жергілікті халықтың арасынан аман өткізіп, көп көмегін тигізді.

Нұх — Құранда есімі аталатын пайғамбарлардың бірі. Інжілдегі Ной. Құран Кәрімде оның аты 43 рет аталады және 71-сүре осы Нұх пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған. Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күпшекті жасайды да, күнәсіз адамдар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі кемеге мінгізеді. Осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

Оелун — Есүгейдің жары, Шыңғыс ханның анасы.

Олхунауд — моңғол руларының бірі.

Омар — Әбу Бәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халиф, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты. Омар халиф тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды. Ол сондай-ақ мемлекеттегі шарифат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халиф лауазымына «Әмір әл-муминин» дәрежесін қосты. 638 жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмының орнына намаз оқыды. VII ғасырдың аяқ шенінде үмийа халифы Әбд әл-Мәлік хазірет Омар намаз оқыған жерге «Куббат ас-сахара» деп аталатын күмбез тұрғызды.

Орақ-Мамай — қазақтың батырлары. Халық аузындағы шежірелік мәліметтер бойынша, Мұсадан Алшағыр, одан — Орақ пен Мамай туған делінеді. Екеуі де көшпелі ноғай-қазақ ұлыстарының туын көтеріп, ел намысын жыртқан, ер жүрек батырлар кейпінде ел есінде қалған. Олардың ерлік істері мен ұрпақтары туралы Нұртуған Кенжеғұлұлы (1887-1927 жж.) көлемді жыр тудырғаны мәлім.

Оспан — араб-мұсылман тарихындағы үшінші әділетті халифа. Ол — Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстаған алғашқы сахаба-серіктерінің бірі, Расул Аллаға шын берілген үмийа әулетінен шыққан бай саудагер. Хазірет Оспан әуелі Пайғамбардың қызы Ұрқияға, ол қайтыс болған соң Расулдың екінші қызы Үммігүлсімге үйленді. Сол себепті мұсылмандар Оспанға Зун Нурайн (екі шамшырақтың иесі) деген құрметті атақ берген.

Сатыбалдыұлы ер Барақ (1743-1840) — XVIII ғасырдың II жартысында күллі Кіші жүз елін шарпыған ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі. Тегі Шөмішті Табын руының Қарақойлы тармағынан шыққан. Осы кітапқа еніп отырған

батырлық жыр нұсқаларының басты қаһарманы. Барақтың баласы — Асау да, немересі Дәуіт те — басқыншы жаулардан қазақ елі мен жерін қорғап, қол бастаған батырлар.

Сейітбаттал — осы аттас және «Ғазауат Сұлтан» дастанының бас кейіпкері. Ол — аңыздық деректер бойынша, әзірет Әлидің шөбересі. Ол ислам халифатының өсіп, өркендеп, күшеюіне, көптеген халықтардың мұсылман дінін қабылдауына зор еңбек сіңіреді. Сейітбаттал жөніндегі қисса-дастандар әсіресе түрік топырағында туып, қазақ, татар, әзірбайжан, өзбек т.б. мұсылман елдерінің халықтары арасында кеңінен тараған.

Сүлеймен — Құранда аты аталатын пайғамбардың бірі, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған. Сондай-ақ ол мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануарлардың тілін білген» деп дәріптеледі.

Сұлтанқожаұлы Майлықожа — қазақтың белгілі ақыны. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Қожатогай елді мекенінде туып өскен. Ақбұлақ өзені, қазіргі Бадам станциясы маңында дүние салған. Мұсылманша хат таныған Майлықожа өлеңді ауызша да, жазбаша да шығарған. Оның арнау өлеңдері, термелері, дастандары («Папор патша», «Патша мен үш ұры», «Аңқау мен қу», «Нақыл» т.б.), айтыстары (Құлыншақпен, Ұлбикемен т.б.) бар.

Сырым би (1723-1802) — Сырым Датұлы, азан шақырып қойған аты — Шынтемір екен. Патшалық Ресейдің далалық өлкеде әкімшілік-саяси реформа жүргізіп, хандық билікке дәстүрлі шектен асыра артықшылық беруі арқылы қалың бұқараның табиғи-өзіндік құқыларын шектеуі, алым-салым көбейтуі Сырымды және оның тұстастарын ашындырады. Олар қолдарына қару алып, қалыптасқан саяси жүйеге — отарлаушы орыс үкіметінің жергілікті әкімшіліктеріне, «орыс

тағайындаған» хан, сұлтандарға қарсы көтеріледі. Бұл — дәстүрлі қазақ қоғамының қалың бұқарасын, оның әр алуан өлеуметтік топтарын (қарасын да, төресін де, шаруасын да, байбағыланын да, би-ақсақалын да, батыр-баһадүрін де) қамтыған, Ресейдің отарлау әрекетіне қарсы бағытталған ұлт азаттығы жолындағы көтеріліс еді.

Тоқтамыс — Алтын Орда ханы. Тоқтамыс — Шыңғыс ұрпағы, әкесі Төлеқожа — Көк Орда ханы Орыс ханның ағайыны. Тоқтамыстың бала кезінде Төлеқожа Орыс ханмен билікке таласқандығы үшін өлтіріледі. Тоқтамыс ер жеткенге дейін Ордада болады да, кейін өзі Орыс ханмен, одан кейінгі Темір-Мәлік ханмен билікке таласа бастайды, билікке жету үшін Ақсақ Темірден көмек те сұрайды. Ақыры 1380 жылы Тоқтамыс Алтын Ордада хандық билікті қолына алады.

Төле би Әлібекұлы (1663-1756) — қазақтың қоғам қайраткері, белгілі шешен, Тәуке ханның кеңесшісі, «Жеті жарғы» әдет заңы авторларының бірі, ұлы жүздің аға биі. Ол жорықтарда, соғыста ерлігімен және елді ұйымдастырғыштық қабілетімен де көзге түседі; оны Тәуке хан ұлы жүз ұлысына аға би етіп тағайындайды. Төле би қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданына қарасты Ақбұрхан — Орда қонған деген жерде 93 жасында дүниеден қайтқан, денесі өзі он екі жыл басқарған, көркейткен Ташкент қаласына, даңқты Бабұрдың әкесі Юсуп ханның қатарына қойылған.

Фатима — Мұхаммед пайғамбардың қызы, төртінші халифа Әлидің әйелі, Хасен мен Хұсайынның анасы, мұсылман әлемінде ерекше қадір тұтатын тұлға. Пайғамбар қаза болғанда қасында болып, әкесін арулап көмген, аза тұтқан адал перзенті де осы Фатима хазірет. Бұл кісі — тек халал жар, Расул Алланың қызы ретінде ғана емес, Әли қайтыс болғаннан кейін мұсылмандардың басын қосуға, шарифат істерін одан әрі дамытуға біраз еңбек сіңірген дін қайраткері. Фатима — шииттердің діни хикаяларының ең басты қаһармандарының бірі. Көптеген мұсылман елдерінде алақанды белгілейтін ежелгі нысана «Фатиманың қолы» деген атақ алған. Оның небір

үмітсіз ауруларға да ем қондырып, дәру дарытатын қасиеті бар деп саналған.

Харон ар-Рашид (763-809) — Аббас әулетінен шыққан бесінші халиф. Харон Рашид тұсында арабтардың ұзақ уақытқа созылған Византияға қарсы күресі одан әрі жалғастырылды, сонымен бірге халифатта ауыл шаруашылығы, қолөнер, сауда және мәдениет едәуір дамыды. Сондықтан болар тарихи тұлға — Харон Рашид есімі халық аузында аңыз-әңгіме мен ертегі-жырға айналып кетті. Шығыс халықтары ертегілері мен аңыздарында ол әділ билеуші, халық қамқоршысы бейнесінде суреттеледі.

Хасан әл-Басри — ерте Исламның (642-728) аса ірі пірадары. Мәдинеде туған, 657 жылдан Басрада тұрып, сонда дүние салған. Мұсылман баласы пейішке бару үшін өздерінің алдында шахаданың: «Бір Аллаһтан басқа құдырет жоқ» деген бөлігін оқу керек дегенді айтады. Аралық көзқарасты ұстанған әл-Хасан әл-Басри үмбетінің бірлігін, мұсылман қауымының қарулы қақтығысқа бармау жағын көздеді. Оның сақталып қалған уағыздарынан мейірбандығымен қоса кейбір хадистарды тарату мен мұсылман рәсімінің кейбір жайттарын түсіндіруде рационалдық бағыт ұстанды, сондай-ақ факихтарға сын көзбен қарады.

Һарун — Мұса пайғамбардың інісі.

Шақшақұлы Жәнібек (1693-1752) — қазақ тарихында Шақшақ Жәнібек, Жәнібек тархан деген атпен даңқы қалған батыр. Тегі Орта жүз құрамындағы Арғын руының Момын аталығынан шыққан. 1710 жылғы жоңғар қалмақтарымен соғыста жаудың нойонын жекпе-жекте өлтіріп, батырлығымен көзге түскен. Арнаулы әдебиеттер мен ресми құжат деректеріне қарағанда ол Кіші жүз ханы Әбілқайырмен дос-жар қарым-қатынас жасап, оның Ресей қоластына кіру саясатына тікелей қолдау көрсеткен. Хан тағына отырған Абылайға бата берген. Оның ел ішіндегі беделін, қайраткерлік қабілетін жоғары

бағалап, Ресей патшайымы Елизавета Петровна 1743 жылы 11 шілдеде «тархан» атағын берген.

Шиш — діни кітаптарда Адам атадан кейін бірінші аталатын пайғамбардың есімі. Мұсылман халықтарының шежіресінде де Шиштің аты ауызға бірінші алынады. Алғашқы пайғамбарлардың бірі ретінде Шиштің есімін Таурат пен Інжілден де кезіктіруге болады. Фирдауси өзінің атақты «Шаһнаме» дастанында Иран патшаларының әулетін де осы Шиштен таратады.

Шопан ата — әйгілі Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті. Ол XII ғасырдың 2-жартысында өмір сүріп, ел ішінде мұсылман дінін уағыздаған әулие адам. Шопан ата тұрғызған жер асты мешіт пен қорым ел ұғымында киелі, қасиетті орын саналады.

Шұғайыб — алдымен асхаб әл-айка («тоғай адамдары»), кейін аһл Мадйан («Мадйан тұрғындары») деп аталған өз тайпаластарына Алла жіберген пайғамбар. Құранда баяндалғандай, ол халықты тек Аллаға ғана сиынуға, өлшеу мен таразыға тарту кезінде дәлдікті сақтауға, сауда жасау кезінде адамдарды алдамауға, жер бетінде сапар шеге жүріп, имансыздықты таратпауға үндейді. Шұғайыбқа Мадйан тұрғындарының шағын бөлігі ғана иланады, көпшілік халық оны нақұрыс, көзбояушы және өтірікші деп есептеді. Шұғайыбтың шыққан тегінің нашарлығын бетіне басып, оған тас атып, қуып шығамыз деп қорқытады. Оған еріп, Аллаға сенгендердің ежелгі дініне қайта оралуын талап етеді. Ал Аллаға сенгендер болса, бұл талапты орындаудан бас тартып, Алладан өздерін имансыздардан арашалауды сұрайды. Іле-шала қатаң жаза жетеді — «зар еңіреу», «астаң-кестең дүние». Шұғайыбқа сенбегендердің бәрі қаза табады, «олар таңертең өз баспаналарының ішінде өліп жатады».

Шыңғыс хан — моңғол ханы, XIII ғасырдың басында Қазақстан, Орта Азия елдеріне шапқыншылық соғысын бастайды. Жолында кездескен ұлыстармен ру-тайпаларды жаулап алып, өз әскерлерінің қатарын толықтыра отырып, оларды кезекті жорығына пайдаланады. Ғалымдардың зерттеулері Шыңғыс

әскерінің басым көпшілігі осы түркі тектес ру-тайпалардан құралғанын көрсетті. Тіпті, ол Орта Азияны жаулап алып, енді Солтүстік Африкаға қол сұға бастайды, осы кезеңде Мысыр елін (Египет) басқарып отырған Бейбарыс сұлтан Шыңғыс хан жорығының бетін қайтарып, Мысыр еліне аяқ бастырмай қояды. Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін төрт ұлына (Жошы, Төле, Шағатай, Үгедей) бөліп беріп, олар өздері жаулап алған елдерде хандық құрады.

Ыдырыс — Құран Кәрімде аты аталған пайғамбарлардың бірі. Ол туралы «Мәриям» сүресінде (56-аят) және «Әнбие» сүресінде (85-аят) екі мәрте сөз болған. XIV ғасырда дүниеге келген Бурханаддин Рағбузидің «Қиссасул әнбиесінде» Ыдырыс пайғамбар жайында қызықты хикаялар берілген. Сондай-ақ пайғамбарлар өмірі туралы көптеген діни кітаптарда ол туралы мәліметтер айтылады.

Исқақ — пайғамбар, Ибраһимнің баласы. Құранда Ибраһимға Аллаһтың рақымы түсіп, қартайған шағында оның дінге берік, кіршіксіз өмірі үшін ұл сыйлағандығы айтылады. Ұлының дүниеге келетінін қарапайым жолаушылар болып келіп, оның қонақжай дастарқанынан дәм татқан періштелер хабарлайды. Аллаһтың Ибраһимға «*зейінді ұл*» сыйлағаны, ал бұдан соң ол түсінде Аллаһтың ұлын кұрбандыққа шалуын талап етіп, аян бергендігі айтылады. Ибраһим мұны орындауға дайын болатын. Бірақ Аллаһ Тағала пендесінің адалдығына көзі жеткен соң райынан қайтады. Аллаһ өз үмбетін осылай сынаған еді.

Исмайыл — пайғамбар, Ибраһимнің баласы, Інжілдегі Исмаил. Ол Алланың әмірімен, әкесі Ибраһим екеуі тасқын қиратқан Қағбаны қалпына келтіреді. Аңыздарда Исмайылды Ибраһимнің күңі Ажардан туған үлкен ұлы екендігі жайлы егжей-тегжейлі сипатталады. Әйелі Сараның қызғаншақтығы мен қастандығынан сескенген Ибраһим Ажар мен Исмайылды Арабияға әкетуге мәжбүр болады және оларды сусыз далаға тастап кетеді. Бала қатты шөліркеген соң шешесі ас-Сафа мен әл-Маруа биігінің төбесіне шығып, алыстан құдықты, көгалды жерді көреді. Оларға Жәбірейіл көмекке келеді. Соның әмірімен

Ысмайылдың өкшесі тиген жерден қасиетті Зәмзәм бұлағы атқылайды.

Ясугей — Өлемге әйгілі жиһангер, қолбасшы Шыңғыс ханның әкесі.

Яхия — Құран Кәрімде аты аталған пайғамбарлардың бірі, Зөкария пайғамбардың Алла Тағаладан жалбарынып сұрап алған жалғыз перзенті.

СӨЗДІК

Ағыр /т/ — ауыр

Андан соңыра /т/ — одан кейін

Аның үшін /т/ — сондықтан

Әзіз, газиз /а/ — құдіретті, қымбатты, даңқты, ұлы

Әлам, әлім /а/ — қайғы, қасірет, шер

Әуара /а/ — әуре; әуре болу; есуас

Балиғ /а/ — бәлиғатқа толу, ер жету

Бәланд /п/ — жоғары, биік

Бәлә /п/ — ия

Бедғаттық /п/ — жаңалық

Бейһүш /п/ — көңілсіз; ессіз болу, естен тану

Бірлән /т/ — мен, — бен, — пен, — менен, — бенен (шылау)

Фабри /п/ — еврей, иудей

Ғажиз /а/ — әлсіз, күйсіз, нашар; соқыр

Ғайш, гишрат /а/ — дүниенің қызығы, сауық-сайран

Ғайып ерен қырық шілтен — (шілтен /п/ — қырық дене) — мұсылмандарды жебеп, қолдап жүретін көзге көрінбейтін киелі бейне. Кейбір аңыздар бойынша, ғайыштан пайда болатын шілтендер құс бейнесінде көрінуі де мүмкін. Олар әдетте алыс сапарда жүрген, арып-ашып жолынан адасқан жолаушыларға жәрдемдеседі.

Ғаламат — ғажайып, таңғажайып; керемет; пәле

Ғанимат /а/ — олжа, табыс, түсім, өнім, пайда

Ғапу, гафу /а/ — кешірім

Ғаріп /а/ — бейшара, мүсәпір, міскін

Ғаршы күрсі /а/ — жеті қат көк

Ғарық /а/ — бату

Ғасар /а/ — қиындық

Ғауам /п/ — қарапайым халық; қарапайым сөйлеу, сөйлеу тілі; қарапайым, оқымаған, білімсіз, надан

Ғауға /п/ — айқай, шу

Ғафал /а/ — аңсыздық, елемеушілік, зейінсіздік, көңіл

Ғафыл /а/ — қапа болу, білмеу, байқамау, аңқаулық, қу

Ғизат /а/ — ізет, құрмет

Ғинаят /а/ — ізгілік, мейірімді

Ғүшір /к.с/ — бұрын билеушілерге мен дінбасыларына егіншілердің өнімінен төлейтін салығы

Ғұзыр /а/ — кешірім сұрау, ақталу; өтініш

Ғұсыл /а/ — жуу, жуыну, суға түсу

Дад /п/ — көмек сұраған айқай, ыңырсу, зар; әділеттік, дұрыстық

Дажжал /а/ — жалмауыз, бір нәрсенің түбіне жететін жойқын қара күш

Дауам /п/ — әрдайым

Дәрд /п/ — дерт, ауру

Дәрул бақи /а/ — бақи дүние, о дүние

Дәрул пәни /а/ — пәни жалған, осы дүние

Дирһам — араб елдерінің орта ғасырдағы күміс ақшасы

Дост /п/ — дос, жолдас

Елат /а/ — халық, тайпа

Жаллад /а/ — жеңдет, жазалаушы; баскесер

Жамиг /а/ — біріктіру; бірлестіру; жинау; бірлестік, одақ; жиын, топ; көп бәрі

Жауһар — жауһар

Жүдә /а/ — аса, өте, қатты риза болу; бөлек, жеке, дара

Жүмадел ахр /а/ — ай күнтізбесі бойынша 6-ай

Жүмадел әууәл /а/ — ай күнтізбесі бойынша 5-ай

Жүмла /а/ — бәрі, баршасы, барлық, күллі

Жүмлатән /а/ — барлығы, түгелі

Жүфүт /п/ — жұп, зайып, қосақ, жұбай

Зарып /п/ — қайғы, дерт

Зауал — аптапты түс мезгіл, күн батар кез

Заһыр /а/ — ашық, айқын, анық; көмек; түсінік

Зәкәр /а/ — ер адамның жыныс мүшесі

Зәһар /а/ — у

Зәхмат /а/ — қиындық, іс-қимыл

Зеннаттық /а/ — әшекей, ою

Зияда /а/ — көп, артық

Зұлқағда айы /а/ — ай күнтізбесі бойынша 11-ай

Зұлхүжжә /а/ — ай күнтізбесі бойынша 12-ай

Зымыстан /п/ — 1. қыс; 2. адам төзгісіз, қатты

Ижтиһад /а/ — ынта, талап

Иқрар /а/ — жорамал, долбар; орнату; белгілеу; дәлелдеу, анықтау; тану; сана; түсінік; мойындау, мойынсұну

Ила /т/ — айла, амал, әдіс

Инану /т/ — илану

Инна лиллаһи уа инна иләйһи ражигун /а/ — шын мәнінде біз Аллаға тәнбіз әрі Оған қайтушымыз («Бақара» сүресі, 156-аят).

Истиғфар /а/ — кешірім сұрау

Кәмалат /а/ — кемелдік

Кифарат /а/ — күнәдан арылу

Қасд, қасад /п/ — дұшпандық, зиянкестік, жаулық, қастық

Құран хатым /а/ — қасиетті Құранды түгел оқу

Лаухул-махфуз (лаух /а/ — тақта; махфуз /а/ — сақталған, жадында ұсталған) — сақтаулы тақта. Әр адамның тағдыры күні бұрын жазылып қояды. Сол жазу тақтасы лаухул махфуз, лаухул қалам деп аталады.

Ләңке — тыстық матаның бір түрі, сорты

Мағишат /а/ — өмір; мазмұнды тіршілік

Мағшұқ /а/ — ғашық, сүйікті

Мада /п/ — жолбарыстың ұрғашысы

Машайық /а/ — (шайх, шайық сөзінің көпше түрі) ақсақалдар, қариялар; ғалымдар; тайпаның, рудың ақсақалы; Арабиядағы тайпа басшысының лауазымы.

Мәжрух /а/ — жаралы, жараланған

Мәжуси /а/ — отқа табынушы

Мәкәр /а/ — қулық, зымияндық

Мәкір /а/ — айлакер, қу; жауыздық, зұлымдық, қастық, арам ой; алдау; өтірік, жалған; айла, қулық

Мәкруһ /а/ — зиянды, арам зат

Мәсжид /а/ — мешіт

Мәулет — белгілі бір істі, тапсырманы орындауға берілген уақыт, мерзім; мүмкіндік

Михраб /а/ — мешіттің айшықты бөлігі, намаз оқығанда бас қоятын беті

Мүжтаһид /а/ — ынталы, талапты

Мүхәррам /а/ — ай күнтізбесі бойынша бірінші ай

Мүғжиза /а/ — таңғажайып оқиға; керемет

Мұнафиқ /а/ — сырттай мұсылман, ішінен ислам дініне қарсы екі жүзді адам

Нағра, нағыра /п/ — барабан тәрізді музыка аспабы; дауыс, айғай

Нағзу биллаһи /а/ — Алла қорғай көр!

Назым /а/ — өлең, поэзия; нәзік сезімді, наз түрінде, шығыстық дәстүрде жазылған өлең түрі

Насарани /а/ — христиан дінін ұстаған адам

Нафақа /а/ — табыс; көрек; ризық; пайдаланылатын нәрсе

Нәби /а/ — пайғамбар

Нәпіл намаз — міндеттен тыс, қосымша, сауабы өте мол намаз

Нәсрат /а/ — жеңіс, жеңу

Нәфіл /а/ — қосымша, міндетті емес, бірақ сауабы мол намаз, ораза т.б. құлшылықтар

Ниғмат /а/ — бақыт, бақытты өмір; шапағат; сый; рақым; жарылқаушылық; жақсылық; шарапат; қайыр; байлық; береке; игілік; ырзық; тамақ, ас, ауқат

Никах /а/ — неке

Опадар — құт, ізгілік; сүйеніш, тірек

Паруаз /п/ — өуез

Пәруардәр, пәруардигар /п/ — жаратушы, жасаған, құдіретті құдай

Пұрсат /а/ — мүмкіндік, мұрсат

Рауғ /а/ — қорқыныш

Режеп айы /а/ — ай күнтізбесі бойынша 7-ай

Рәбиғұл әууәл /а/ — ай күнтізбесі бойынша үшінші ай

Рәбиғұл әхр /а/ — ай күнтізбесі бойынша төртінші ай

Рисалат /а/ — жолдама, хат; пайғамбарлық; елшілік; міндет; зерттеу, хабарлама

Рифғат /а/ — жоғарылау, көтерілу

Рихлат /а/ — сапар шегу, саяхат

Сағ /т/ — сау, аман-есен

Сақи /а/ — жомарт, ақ көңіл, ақ пейіл; қайырымды; шарап құюшы

Салах /а/ — жақсылық, рақымшылық

Сарық — жүдеу, күй қашқан

Сафар /а/ — сапар, жол жүру

Сафар айы /а/ — ай күнтізбесі бойынша екінші ай

Сахаба, асхаб /а/ — серіктер, жолдастар. Мұхаммед пайғамбармен бірге ислам дінін қабылдап, мұсылман мемлекетін құруға атсалысқандар. Мұхаммедтің істері мен сөздері туралы хадистер асхабтардың айтулары бойынша жазылып алынған

Сәжде /а/ — төжім, бас ию; иілу

Сәлахият /а/ — жақсылық, рақымшылық

Сәна /а/ — қайғы

Сәргардан /п/ — сергелдең

Сідр ағашы — лотос ағашы

Сұбхан /а/ — жасаған, күшті, құдіретті; Алла тағаланың 99 есімінің бірі

Тагаллұқ /а/ — байланысты

Тағбир /а/ — болжам, жорамал, түспал

Тауфиқ /а/ — мойынсұну; жәрдем, келісім, көмек; табыс, бақыт

Тахыт /а/ — тақ

Тәсбиғ /а/ — Алланы мадақтау, дәріптеу; 33 моншақ тас-тан тұратын тізбек. **Тәсби тарту** — моншақ тастарды тере отырып 34 рет «Аллаһу акбар», 33 рет «сүбхан Алла», 33 рет «әлхамдулилла» деп Алла тағаланы мадақтап сиыну.

Тәфсир /а/ — түсіндірме: құранға түсінік беріп, оның мағыналарын ашу мақсатында жазылған кітаптар

Төгеректеп — төңіректеп

Тұһмат /а/ — күдік; күмән; сезік; шүбә; айып

Уаллаһи ағлам /а/ — Алла жақсы біледі

Уахшат /п/ — қорқыныш

Уәжіп /а/ — міндет, борыш, бұлжытпай орындалатын заң, қағида, міндетті шарт; шарт, парыз

Ұхшашлы — ұқсас

Үкәма /а/ — басшылар, билеушілер

Фитна /а/ — жаман ниет, арам ой

Фитр /а/ — ауызашар

Хаб /п/ — түс, ұйқы

Халыс /а/ — құтылу, арылу, азат болу

Хамд, хамду /а/ — мадақ; мақтан; даңқ; дәріптеу, даңқын шығару; рақмет, алғыс

Хамду сәна — Аллаға мадақ айту

Хамлә ету /а/ — шабуыл жасау

Хараб /а/ — қирау, быт-шыт болу

Хасыл /а/ — нәтиже; жүзеге асу, мақсатқа қол жеткізу; дайын

Хәсса /п/ — бөлік; бөлім; бөлек; бөлшек, үлес; енші; несібе; нәсіп; ырыс; арнайы; дербес; тән; іріктелген; таңдаулы; жеке

Хилаф /а/ — қарама-қарсылық, қайшылық, алауыздық, талас, дау

Хүкім /а/ — үкім, бұйрық

Ғалак /а/ — өлу, өлім; күйреу, құрып біту

Ғаман /п/ — әрқашан, үнемі, әрдайым; барлығы

Ғәм /п/ — және

Ғәмма /п/ — барлық, бүкіл

Ғәуіз /а/ — бассейн, су қоймасы

Шағбан айы /а/ — ай күнтізбесі бойынша 8-ай

Шадлану /п/ — шаттану, қуану

Шадыр /п/ — пәранжа, мұсылман әйелдердің жүзі мен денесін жасыратын жамылғы

Шамғ /а/ — балауыз; шырақ; шам

Шаһ /п/ — патша, хан

Шаһариар — [шаһар /п/ — төрт, жар /т/ — жар, серік] — Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли. Кейде төрт жар, төрт шәрі деп те аталады. Бұлар араб халифатын билеген төрт әділетті халифтер болып, тарихта «ал-Хулафа ар-Рашидун» деген атпен белгілі

Шарафат /а/ — қасиет, берекет

Шәууәл айы /а/ — ай күнтізбесі бойынша 10-ай

Шигыр /а/ — өлең

Шікәс — жеңіліс, ұтылыс

Яһуди /а/ — еврей

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Ақжайық — Орал тауынан басталып Каспий теңізіне құятын ірі кәсіптік өзендердің бірі. Орал, Атырау қаласы да Жайық бойына орналасқан.

Алатау—Орталық Азия мемлекеттері мен Ресей Федерациясының Сібірдегі тау жоталарының жалпы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Кузнец Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатауы т.б. жатады.

Балх — Ауғанстандағы көне қалалардың бірі.

Бұқара — Өзбекстан мемлекетіндегі қала. Бұқара әсіресе XVIII-XIX ғасырларда күшті өркендеп, исламның ықпалды тірегіне әрі діни-ғылыми орталықтарының біріне айнала бастады. Бірқатар мұсылман халықтары, оның ішінде қазақтар да оны «Бұқара Шәриф», яғни қасиетті қала деп санайды.

Ертіс — Батыс Сібір мен Қазақстан жеріндегі өзен. Обьтың сол саласы. Монғол Алтайының оңтүстік батыс беткейіндегі мұздықтардан басталады. Өскемен, Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарының өнеркәсіп орындары және шаруашылықтары өзен суын кеңінен пайдаланады.

Қырым—Алтын орданың орнында пайда болған хандықтардың бірі, XVII ғасырдың екінші жартысына дейін дербес мемлекет болған. Қазіргі Қырым түбегінде орналасқан.

Мекке — Әлем мұсылмандарының қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйін Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 ж. жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Мәдина — арабша қала деген сөз. Меккеден кейінгі екінші қасиетті қала саналады. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың 622 жылы Меккеден осында қоныс аударуына байланысты Хижаздағы Ясрибке мұсылмандардың берген атауы. Мұсылмандардың жыл санауы осы қоныс аудару жылынан (хижра) басталды. Мұсылман мемлекетінің негізі қаланғанда Мәдина оның алғашқы астанасы болды.

Моғол империясы — Үндістан аумағында өмір сүрген ірі мемлекет (1526-1858). Дели сұлтандығы ыдырағаннан кейін құрылған. Негізін Темір әулетінен шыққан Захир әд-Дин Мұхаммед Бабыр қалады. Бабыр мен оның ұрпақтары Моғолстаннан шыққандықтан үнділіктер (оларды «мухгал» деп атаған) мен еуропалықтарға Ұлы Моғолдар деген атпен белгілі болды. Ұлы моғол империясы барынша ұлғайған кезінде аумағының оңтүстігіндегі шағын князьдіктер мен патшалықтардан басқа Үндістан түбегін түгелге дерлік қамтыды.

Самарқан — Өзбекстан Республикасындағы ежелгі қала. Облыс орталығы.

Сібір — Азияның Орал таулары, Тынық мұхит, Солтүстік Мұзды мұхит жағалаулары мен Моңғолия шекарасы, Сарыарқа етегі аралығындағы бөлігі.

Сырдария — Орта Азиядағы ірі өзен. Қарадария мен Нарын өзендерінің Ферғана қазан шұңқырының шығыс бөлігіндегі

қосылған жерінен бастап Сырдария аталынып, Арал теңізіне құяды.

Ташкент — қазіргі Өзбекстанның астанасы. Қазақ хандығы дәуірінде Ташкент қазақ хандары үшін айрықша геосаяси маңызы бар өңірлердің бірі болған. Тарихи деректер Ташкенттің Тәуекел және Есім хандар тұсында қазақ билеушілерінің ықпалында болғанын аңдатады. XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезінде де Ташкент бірде басқыншылардың, бірде қазақ халқының қолына өтіп тұрған. Ташкенттің XVIII ғасырда қазақтардың айтулы ордаларының бірі болғанын оның маңында Төле бидің және Әйтеке бидің бар екендігі де айғақтайды.

Ферғана — Орта Азиядағы Ферғана аңғарында орналасқан тарихи өлке. «Ферғана» тәжік тілінде (Иарғана) «Тау арасындағы аңғар» деген ұғымды білдіреді. Ферғана — қола дәуіріне тән ежелгі отырықшы-егіншілік мәдениеті дамыған аудандардың бірі. Ферғана егіншілері б.з. басталар кезден мақта өсірумен айналыса бастаған. Ферғана жөніндегі ең алғашқы мәлімет Қытай елшісі Чжан Цяньнің (б.з.б. 128 ж.) жазбаларында келтіріледі. Қытайлар мұнда егіншілікпен айналысатын 60 мыңдай отбасының (300 мыңдай адам), 70 елді мекеннің болғанын жазды. XIII-XIV ғасырларда Ферғана өңірі Хорезмшаһтарына, Шыңғыс ханның екінші ұлы құрған Шағатай ұлысына, Әмір Темірге бағынды. XIII ғасырдың соңында Ферғананың астанасы Әндіжан қаласына ауысты.

Хорезм — Әмударияның төменгі ағысында орналасқан тарихи өлке. Хорезм жөніндегі алғашқы деректер Дарий I-нің Бехистун сына жазуы мен Авестада кездеседі.

Шахрисабз — Өзбекстанның Қашқадария облысындағы қала.

ТОМҒА ЕНГЕН ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ҮЛГІЛЕРДІ ЖИНАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖАРИЯЛАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Ахметов Ержан (1879-1967)—Ержанның әкесі Ахмет те, өзі де жасынан өлең айтып, айтысқа түскен. Ержан халық әндерімен қатар, Зайсан, Тарбағатай маңына мол тарап, жатталып жүрген Әміржан мен Сеңсең ақындардың әндерін жақсы орындаған, өзі де ән шығарған. Ержан Барша Алтайқызымен Зылиқа қызбен, Зейнеппен, Қамыш Сеңсеңұлымен, Хұсайын Мөйткеұлымен айтысқан. Әсет Найманбаевпен кездесіп, тәлім алған. Белгілі жырау, жыршы Көтбайдың қасына еріп жүріп, ел аралаған. Бірқатар жырды осы Көтбай ақыннан үйренген. Солардың ішіндегі ең көркемі де, көлемдісі де — «Арқалық батыр», «Бақтияр», «Қәйеке Көмеш батыр», «Бозжігіт», «Қабанбай батыр» жырлары.

Байғанин Нұрпейіс (1861-1945)— белгілі қазақ ақыны, жыршысы. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданында туып-өскен. Көптеген эпостық жырларды жаттап айтып, кейбіреуін өзінше жырлаған («Қобыланды», «Құбығұл», «Төрехан» т.б.). Қазақ әйелдерінің ауыр тағдырын суреттейтін «Ақкенже», «Нарғыз» дастандарын шығарған. Ақынның Қазан төңкерісінен бұрынғы сатиралық, арнау өлеңдері, Қазақбай ақынмен айтысы т.б. ел аузында сақталғанмен, кезінде жазылып алынбаған.

Байтабынұлы Айса (1875-1955)— қазақ жырауы. Ақтөбе облысы, Қобда ауданында туған. Айсаның әкесі Байтабын өмір бойы Сейсенбі Тасбаев деген байдың жылқышысы болған. Айсаның ақындық өнері 18 жастан басталады. Ол «домбырашы, әнші жігіт» атанады, ауыл-үй арасында өткізілетін ойын-

сауықтарда өлеңді өз жанынан суырып салып айтатын болады. Ақындық өнерді Бетеген, Нүрпейіс жыраулардан үйренген. Айса батырлық жырды көп білген, көп жырлаған. Оның репертуарында «Қобыланды», «Ер Сайын», «Көрұғлы», «Әуез батыр», «Телағыс» т.б. белгілі жырлар болған. Айсадан жазылып алынған осы шығармалары Орталық Ғылыми кітапханада сақтаулы.

Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы (1856-1932) — башқұрт халқынан шыққан аса көрнекті этнограф, фольклортанушы. Ресей империясындағы белгілі оқу орны Орынбор Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген соң, 1876 жылдан Түркістан өлкесіне әскери қызметке жіберіліп, бүкіл өмірін Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген түркі, мұсылман халықтары тарихы мен мәдениетін зерттеуге арнаған. Ташкент қаласында әскери-халықтық басқармада, Орта Азия университетінде, қазақ ағартушылары құрған «Талап» ғылыми-зерттеу қоғамында қызмет еткен. «Бекет батыр» жырын, эпостық жырларды, ертегілер, балалар фольклоры, шешендік сөздер үлгілерін жинап, «Этнографиялық материалдар. Сырдария облысы қазақтары» деген сериямен Ташкент, Қазан, Орынбор, Астрахан қалаларындағы мерзімдік баспасөзде, ғылыми қоғамдардың басылымдарында жариялады. Қазақтардың ежелгі наным-сенімдері, күнтізбесі, астрономия туралы халық ұғымдарын, аңыз-әңгімелерін т.б. жинады.

Жақыпбаев Бозтай (1887-1969) — әдебиеттанушы, жазушы. Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында 1938-1950 жылдары ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген. Бозтай отызыншы жылдардан бастап түрлі экспедициялар құрамында Қазақстанның көп жерлерін аралап, олжалы оралған. Жетісу жерінде Көдек, Мейірман, Тоқсанбай, Албан Асан т.б. ақындардың шығармаларын алғаш рет жазып алып, аталған институттың қорына тапсырған. Бозтай текстология мәселесіне де араласып, Абай шығармашылығына байланысты құнды зерттеулер жазды.

Жаңбыршин Сүйіншәлі (1888 т.ж.) — халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы. Орынбор облысы, Ақбұлақ ауданының Сазды аулында туған. Жасынан серілікке бой ұрып, Бітеген, Қазмамбет жыраулармен бірге ел аралап, жыр айтқан, ән салған, күй тартқан. Оның репертуарында «Алпамыс», «Қобыланды», «Қарасай-Қази» т.б. батырлар жыры көп болған. «Жетімтай мен Жетімек» дастаны және «Беташар», «Тойбастар» өлеңдері ауыл арасына кең тараған. Айтысқа да қатысқан. «Қобыланды» жырының нұсқасы, «Алпамыс» жыры, өзінің шығармалары ақынның өз аузынан жазылып алынған.

Құлпыбаев Ерғожа — 1908 жылы Қарақалпақ АССР, Мойнақ ауданы, «Үшсай» ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Ерғожа жырау өз қолжазбасының алғысөзінде Барақ батыр әңгімесін ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында өлең өрнегіне түсірген Қумолда деген ақын екенін, бірақ ол жырды уақытында жазып алмай, кейін елдің көмегімен қалпына келтіруге тырысып, Ұлы Отан соғысының алдында құрастырған жыры соғыс кезінде өз балаларының әркімдерге таратып беруіне байланысты жоғалып кеткендігін, ғалымдарға табыс еткен қолжазба өзінің екінші талпынысының нәтижесі екенін, өз ойынша өзі қалпына келтірген нұсқа Қумолда ақынның нұсқасымен сәйкес келетінін білдіреді.

Маңқыстау Тыныштықұлы — бұрынғы Бөкей ордасында, қазіргі Атырау облысының Есбол ауылында туған шайыр. Туған, қайтыс болған жылдары белгісіз. Шамамен, ХІХ ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген. Маңқыстау негізінен оқытушы қызметінде болып, медреселерде сабақ берген. Бірнеше рет хажылық сапарға шығып, қасиетті Қағбаға тәуаб еткен. Қажы әл-Хурмин деген құрметті атағы бар, елге қадірлі әрі тақуа адам. Шайырдың осы қасиеттері оның діни дастандарды жырлауына тікелей әсер еткен секілді. Маңқыстау Тыныштықұлы өзі Қазанда бастырған «Ғазауат Сұлтан» (1908) дастанын шәкірттеріне жаттатып, сол арқылы ол дастан өзге өңірлерге де таралуы мүмкін.

Нысанбайұлы Нұралы (1857-1930) — туып-өскен жері — Оңтүстік Қазақстан облысы. Белгілі жырау, жыршы, айтыс ақыны. Нұралының шығыстық сюжеттерге ден қоя отырып, сол сюжет-желіні қазақ топырағында нәзіралық дәстүрмен жаңғырта жырлай білген ақындық шеберлігіне оның репертуарындағы «Қарақұл», «Қарқабат», «Жетім Құбыл», «Сауда ишан» т.б. дастандары дәлел.

Сабалұлы Ақылбек (1880-1919) — ақын, жыршы, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Ақын араб, парсы, түрік пен орыс тілдерін, шығыс әдебиетін жетік меңгерген. Кейбір деректер бойынша, Сабалұлы Ақылбек Абай аулынан, тіпті шешесі Абайдың туысы болған. Сабалұлы Ақылбек «Таһир — Зухра», «Бозжігіт», «Алтын балық» т.б. дастандарды ел аузынан жинап, өңдеп, редакциялап кітап етіп бастырған.

Тұрсынбаев Бәдел (1905-1967) — Шығыс Қазақстан, Күршім ауданынан. Жазушы, ауыз әдебиетін жинаушы.

Тілеумағамбетұлы Ережеп — 1890 жылы, Қоңырат-Малшы деген жерде туған. Әкесі Тілеумағамбет жасынан өнерлі, жырау, шайыр адам болған. Ел ішіне жыршылық еңбегімен де танылған. Әкесінің лақап аты — «қу молда» болған. Қу молда «Қобылан», «Кенесары-Наурызбай», «Қарасай-Қазиды» он екі тарамға бөлінетіндігін білген. 1917 жылғы төңкерістен бері жазылған жаңа заман жырын айтқан. «Асқар батыр», «Өтеш», «Марқабай», «Ермағамбет» жырларын жазған. Шәкірттері Дариябай жырау, Құдайберген жырау, Жақсылық жырау, Оразбай жырау т.б. болған. Ережеп әкесінің дастандарын жазбасынан үйренген. 22 жасынан бастап жыраулықпен шұғылданған. Ережеп жыраудан 1962 жылы жазылып алынған «Қобыланды батыр» жыры — осы эпостың ең толық, көркем нұсқаларының бірі.

Уахатов Бекмұрат (1932-1984) — әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы. 1957-1958 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінде тілші, 1958-1984 ж. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер, қолжазба

және текстология бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеді. Ғылыми еңбектері қазақ фольклорының өзекті мәселеріне арналған.

Шайхысламұлы Жүсіпбек (1857-1937) — ақын, ауыз әдебиетін жинаушы. Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Қожатоғай ауылында, қожа өулетінде дүниеге келген. Нағашылары — Ұлы жүз, Албан руынан. Жасында мұсылманша оқып, білім алған. Жүсіпбек қожа Жетісуда тұрып, ел арасынан жырдастандарды, айтыстарды т.б. жинап, редакциялап, Қазан қаласындағы Хұсайыновтар баспасына жіберіп отырған. Оның қазақ фольклоры шығармаларын жинап, бастырудағы еңбегі ерекше. Өмірінің соңғы жылдарын Шығыс Түркістанның Іле аймағында өткізіп, сонда қайтыс болды.

Шерияздан Сұлтанбайұлы (1933-2005) — Шериязданның әкесі Сұлтанбай жыршы, қиссагер-әңгімешіл, шежіреші, тарихшы адам болған. Бала Шерияздан жастайынан әке жолын қуған. Қисса-дастан, эпос жаттаған. Өз ұлтының тарихына, шежіресіне, әсіресе батырлар өмірінің ертегі, аңыздарына ерекше құмартқан. Олар жөніндегі тарихи кітаптарды құныға іздеп оқып, есте сақтаған. Өлеңмен жазылғандарын жаттап алуды, ұққандарын, жаттағандарын ел алдында әңгімелеуді, әндетіп айтуды, өзі қисса-дастандарды құрастыруды дағдыға айналдырған. «Абылай», «Бөгенбай батыр», «Кешубай», «Еспенбет», «Ер Тарғын», «Қобыланды», «Ер Тәуке», «Сәтбек», «Қыз Жібек», «Қалқаман — Мамыр» сияқты эпос-жырларды мәнерлеп жаңғырта жырлаған. Оларды «Шалғын», «Мұра», «Алтай аясы», «Қазақ қиссалары», «Қазақтың ғашықтық жырлары» сияқты басылымдарда әр кездері жариялаған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/к.с./ — көнерген сөз

/ж/ — жергілікті сөз

/т/ — түркі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ж. Аймауытов*. Бес томдық шығармалар жинағы. IV том. Психология. — Алматы: Ғылым, 1998.
2. *Аль-Фараби*. Избранные трактаты. «О причинах сновидений». — Алматы: «Ғылым», 1994.
3. *З. Фрейд*. Введение в психоанализ. «Сновидение». — М.: Наука, 1989.
4. *Ф. Перлз. С. Данкелл*. «Язык жестов», «Позы спящего». Перевод с англ. *Н.Е. Котлярова, Л. Островского* (сост. *В.В. Шарнило*). — Минск: Парадокс, 1995.
5. *Ж. Дәдебаев*. Түс аяны. — Алматы: «Ғылым», 1992.
6. «Түс көру кітабынан» / ӘӨИ, ҚҒ: Ш.734. 1-12 дәптер. 1971 ж.
7. *Б. Сағындықұлы*. Ғаламның ғажайып сырлары. — Алматы: «Ғылым», 1997.
8. Сказания русского народа, собранные *И.П. Сахаровым*. — М.: Художественная литература, 1990.
9. *А. Ремизов*. Сны и предсонья. — Санкт-Петербург: Азбука, 2000; *Ж.И. Степаньянц*. О роли сновидений в романах Достоевского. Канд. дисс. — Самарканд, 1990; *Д.А. Нечаенко*. Художественная природа литературных сновидений. Русская проза XIX века. Докт. дисс. — М., 1991.
10. *С. Садырбаев*. Халық ауыз әдебиеті. — Алматы: Қазақ университеті, 1990.
11. *Ш. Ыбыраев*. Эпос әлемі. — Алматы: Ғылым, 1993.
12. *М. Бахтин*. Проблемы поэтики Достоевского. — М.: Советский писатель, 1963.

13. *А. Байтұрсынов*. Бестомдық шығармалар жинағы. I том. «Әдебиет танытқыш». — Алматы: Жібек жолы, 2002.
14. *Б. Өзібаева*. Алғы сөз // Бабалар сөзі: Жүзтомдық. I том. Діни дастандар. — Астана: Фолиант, 2002.
15. *Н. Оңдасынов*. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. — Алматы: Қазақстан, 1974.
16. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. VI том. «Қ». — Алматы: Ғылым, 1982.
17. Бабалар сөзі: Жүз томдық. I том. Діни дастандар. — Астана: Фолиант, 2002.
18. *Елтоқ Қилысұлей*. «Түс — саяхат» сериялы мақалалар. «Ақжелкен» журналы, 1997. №10.
19. *Қ. Жұмалиев*. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. — Алматы: Мектеп, 1967.
20. *Ы. Дүйсенбаев*. Ғасырлар сыры. — Алматы: Жазушы, 1970.
21. *М. Әуезов*. Манас — қырғыз халқының батырлық дастаны. IV кітап. I кітабы.
22. *С. Дәуітов*. Абылай хан. — Алматы: Жазушы, 1993.
21. *Есенберлин*. Қаһар. — Алматы: Жазушы, 1969.
22. *А.С. Орлов*. Казахский героический эпос. — М.-Л.: Изд. «АН СССР», 1945.
23. *А. Робинсон*. «Слово» в поэтическом контексте мирового средневековья // «Вопросы литературы». 1985. №6.
24. *Г.А. Ткаченко*. Космос, музыка, ритуал. — М.: Наука, 1990.
25. *Ш. Ыбыраев*. Эпос әлемі. — Алматы: Ғылым, 1993.
26. *М. Бахтин*. Проблемы поэтики Достоевского. — М.: Советский писатель, 1963.
27. Көрұғлы // Қазақ халық әдебиеті. Батырлар жыры. Көп томдық. IV том. — Алматы: Жазушы, 1989.
28. Көрұғлы // Қазақ халық әдебиеті. Батырлар жыры. Көп томдық. IV том. — Алматы: Жазушы, 1989.
29. Бозжігіт // Ғашықтық дастандар. — Алматы: Ғылым, 1994.
30. *Н. Келімбетов*. Ежелгі дәуір әдебиеті. — Алматы: Ана тілі, 1991.

31. Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. Ертегілер. IV том. — Алматы: Жазушы, 1989.
32. А. Жақсылықов. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы (типология, эстетика, генезис). — Алматы: Қазақ университеті, 1999.
33. Қазақ ырымдары. Казахские поверья / Құраст.: Қайбарұлы А., Бопайұлы Б. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.
34. Қазақы тыйымдар мен ырымдар / Құраст.: Қуралұлы А. — Алматы: Өнер, 1998.
35. Түс жорудың төл кітабы. — Шымкент: Алтын алқа, 2002.
36. Қазақша түс жору / Құраст.: Танталиева Ф. — Шымкент: Ғасыр-Ш, 2004.
37. Түс жору түрлері және қазақтың ырымдары. — Алматы, 2005.
38. Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры: Хрестоматия / Құраст.: Б. Абылқасымов. — Алматы, 2004.
39. Ыбыраев Ш., Алпысбаева Қ., Әлібек Т. Халық әдебиетін жинау, жүйелеу және сақтаудың әдістемелік құралы. — Алматы, 2009.
40. Арабско-русский словарь / Сост. Х.К. Баранов. — Москва, 1968.
41. Древнетюркский словарь. — Ленинград: Наука, 1969.
42. Қазақтілініңорфографиялықсөздігі/Құраст.:Р.Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
43. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
44. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі / Құраст.: І.К. Кеңесбаев. — Алматы, 1977.
45. Персидско-русский словарь / Под ред. Ю.А. Рубинчика. I-II т. — Москва, 1970.
46. Татарско-русский словарь. — Москва: Советская энциклопедия, 1966.
47. Турецко-русский словарь. — Москва: Русский язык медиа, 2005.

Пайдаланылған бумалар

1. ӘӨИ: Ш.309
2. ӘӨИ: Ш.76
3. ӘӨИ: Ш.9
4. ӘӨИ: Ш.12
5. ӘӨИ: Ш.894
6. ӘӨИ: Ш.920/51
7. ӘӨИ: Ш.85/2
8. ӘӨИ: Ш.886
9. ӘӨИ: Ш.480
10. ӘӨИ: Ш.129
11. ӘӨИ: Ш.194
12. ӘӨИ: Ш.874
13. ОҒК: Ш.62 Д
14. ОҒК: Ш.828
15. ОҒК: Ш.784
16. ОҒК: Ш.670
17. ОҒК: Ш.350
18. ОҒК: Ш.668
19. ОҒК: Ш.746
20. ОҒК: Ш.830
21. ОҒК: Ш.763
22. ОҒК: Ш.517
23. ОҒК: Ш.358
24. ОҒК: Ш.765

РЕЗЮМЕ

Институтом литературы и искусства им. М.О.Ауэзова продолжается научное издание стотомного Свода «Бабалар сөзі», выпускающегося в рамках Национального стратегического проекта «Культурное наследие».

Предыдущие девяносто три тома серии были посвящены эпическим произведениям, народным песням, сказкам, загадкам, пословицам и поговоркам, а также другим малым жанрам, которые являются самыми многочисленными и высокохудожественными в национальном фольклоре. Если быть точнее, то были подготовлены к изданию и выпущены тринадцать томов «Новеллистических дастанов», семь томов «Религиозных дастанов», одиннадцать томов «Романических дастанов», двадцать томов «Героического эпоса», одиннадцать томов «Исторических поэм», пять томов «Пословиц и поговорок», два тома «Народных песен», четыре тома «Генеалогических преданий», пять томов «Сказок», четыре тома «Исторических преданий», два тома «Обрядового фольклора», а также однотомники: «Загадки», «Детский фольклор», «Казахские мифы», «Фольклор казахов Монголии», «Топонимические предания», «Кюю-легенды», «Поэмы-предания», «Магический фольклор». В двенадцати томах этой серии были использованы материалы из фольклорного наследия казахов Китая, а в одном томе — казахов Монголии.

Как и у других народов мира, одним из первоначальных видов магического фольклора являются сновидения и их толкование. Занимающие особое место в традиционной культуре казахов толкования снов являются ценным источником сведений о верованиях и суевериях народа и его самобытного и своеобразного

сознания. В них прослеживаются поиски и объяснения различных таинственных явлений и фактов со времени происхождения человека и всей последующей жизни. Сновидения оказывают воздействие на всю природу человека, ученые рассматривают эти видения как психологическое явление. Во сне сознание человека выходит за пределы окружающей яви в бесконечный мир, не подчиняясь законам времени и пространства. Поэтому больше внимания придается не самим снам, а их толкованию.

О том, какое внимание в традиционном казахском обществе придавали сновидениям, можно видеть из толкования фольклорных памятников и вытекающих отсюда суеверий. Большой частью сны толковали к добру, к чему-то хорошему, так как считалось, что именно к этому они приведут. А если объяснять их ко злу, то это может привести к неприятностям.

В 94 томе стотомной серии «Бабалар сөзі» представлены надлежащие отражение во всех жанрах образцы сновидений и различные виды их толкований. Принимая во внимание многообразие вытекающих из них суеверий и то, что все они не могут получить отражение в одном томе, даются только отдельные образцы толкования снов, избранные отрывки из фольклорных памятников, представленные по систематизированным циклам. Если конкретно, они вошли в разделы «Сон и его толкование», «Сны и их толкование в народной прозе», «Сновидения и их объяснение в эпических поэмах». Вместе с тем приводятся отрывки по сновидениям и их толкованию из литературных источников. Толкование сновидений, приношение милостыни и пожертвований и другие многочисленные вытекающие из этого суеверия требуют дальнейшего глубокого изучения.

Суеверные слова заговора являются неотъемлемой частью казахской культуры, они передавались из поколения в поколение в устном народном творчестве. Прошедшие через сито идеологии советского периода, но сохранившиеся и сбереженные в памяти народа, эти бесценные образцы наследия народа, сопровождающие человека от колыбели до последнего вздоха, раскрывают взаимоотношения людей с окружающей средой, взгляды человека на окружающий мир, их верования и психологию, имея огромное этнографическое и этнопедагогическое значение. Хотя казахские суеверные слова и заклинания

сродни подобным жанрам других народов, однако имеют свое своеобразие и отличаются обычаями, обрядами и традициями. Суеверные слова и заклинания охватывают такие темы, как природа, воспитание детей, домашние животные, приготовление пищи, родственные связи, охота и путешествия. Они еще не собраны полностью, не систематизированы и не опубликованы, не вошли в научный оборот. Поэтому составители, учитывая, что суеверные слова как фольклорное наследие в будущем будут подвергнуты специальному исследованию с этнографических позиций, во второй части сборника представили 802 образцов текстов этого жанра.

Часть вошедших в том текстов подготовлена на основе сохранившегося в рукописном фонде Института литературы и искусства рукописного наследия А.Сабалулы, Ж.Шайхисламулы, М.Тыныштыкулы, М.Ж.Копейулы, Ж.Абилгазыулы, Н.Нысанбайулы, Ш.Султанбайулы, Р.Жусипова, К.Кантарбаева, Е.Ешимова, А.Байтабынулы, Е.Тилеумагамбетулы, А.Дуйсенбина, А.Мамбетулы, О.Онгарбайулы, К.Шокаева, А.Шокаманулы, Ж.Битимбайулы, Мурына, Мусабая жырау, К.Байболулы, А.Нуралина и других. Также включены тексты таких ученых, как Ш.Уалиханов, А.Диваев, М.Тилеужанов, Т.Садыков, Б.Искаков, Т.Беккожин.

Были использованы сборники Ж.Дадебаева «Тус аяны» (1992), Ф.Танталиевой «Казакша тус жору» (2005), книга «Тус жорудын тол китабы» (2006) и журнал «Ой-таным» (2007).

Согласно принципам издания серии, тексты снабжены научными приложениями и произведения соответственно пронумерованы. Научные дополнения к тому составляют: сведения о переписчиках, издателях и изданиях текстов, вошедших в него, научные толкования текстов, вошедших в данный том, словарь, географические, именные указатели, сведения об исторических личностях, встречающихся в текстах, список использованной литературы, резюме к тому на русском и английском языках.

Общий объем тома — 27,0 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art is continuing preparation for publication of one hundred volume of scientific edition of the series «Wisdom of ancestors» in the frame of the National strategic project «Cultural Heritage».

Previous ninety three volumes of the series were devoted to the epics, folk songs, fairy tales, riddles, proverbs and sayings, as well as other smaller genres that are the most numerous and highly artistic in the national folklore. To be precise, there were prepared for publication and published thirteen volumes of «novelistic dastans», seven volumes of «Religious dastans», eleven volumes of «Novelistic dastans», twenty volumes of the «Heroic epic», eleven volumes of «Historical poem», five volumes of «Proverbs and sayings», two volumes of «Folk Songs», four volumes of «Genealogical legends», five volumes of «Tales», four volumes of «Historical traditions», two volumes of «Ritual folklore», one volume of «Riddles», «Children's Folklore», «Kazakh myths», «Folklore of the Kazakhs of Mongolia», «Toponimic legends», «Kyu traditions», «Poem-legends», «Magic folklore». Twelve volumes of this series are based on the materials of the folk heritage of Kazakhs of China, and one volume — Kazakhs of Mongolia.

Like other peoples of the world, one of the primitive forms of magical folk is the dream sand their interpretation. Interpretation of dream swchich takes a special place in the traditional culture of Kazakhs is a valuable source of information about the belief sand superstitions of the people and their distinctive and original mind. There are searches and explanations of the various mysterious phenomena and facts from the time of the origin of human beings

and future life. Dreams have impact on the whole nature of human, and scientists consider these visions as a psychological phenomenon. In the dream, human mind goes beyond the environment, without being subject to the laws of time and space. Therefore, more attention is paid not to the dreams but to their interpretation.

About what attention in traditional Kazakh society was paid to the dreams, one can see their interpretation from folklore monuments and consequent superstitions. Most of the dreams were interpreted for the good because they will lead to the good things. But if one explain them as bad thing, they could to the trouble.

94th volume of the 100 volume series «Babalar sozi» includes the patterns of dreams and their various interpretations reflected in all genres. Taking into account the diversity of superstitions which result from the dreams and that they cannot be reflected in one volume, only some patterns of interpretation of dreams and selections of the folk monuments presented by systematic cycles have been included in the volume. Specifically, they were included into the sections «Dream and its interpretation», «Dreams and their interpretation in folklore prose», «Dreams and their explanation in the epic poems». It also includes fragments of dreams and their interpretation taken from literature. The interpretation of dreams, giving alms and donations, as well as other things resulting from this superstition require further in-depth study.

Superstitious words of the spell are the integral part of Kazakh culture, and were passed from generation to generation as oral folklore. These valuable patterns of national heritage which have passed through the sieve of Soviet ideology have survived and exist in the memory of the people and accompany people from birth to death and reveal the interaction between people and environment, views of people on the outside world, their beliefs and psychology, which have high ethnographic and ethno-pedagogical value. Although Kazakh superstitious words and spells are alike the ones that have other nations, they have their own features and different customs, rituals and traditions. Superstitious words are related to the topic of nature, raising children, pets, cooking, family ties, hunting and traveling. They haven't been yet fully collected, systemized and published, and were not included in the scientific use. Therefore, compilers are paying attention to the fact that in

the future the superstitious words as folk heritage will be subject to a special investigation from ethnographic aspects, and the second part of the collection includes 802 patterns of texts of this genre.

Part of the texts included in the volume are based on the basis of the heritage of A.Sabaluly, Zh.Shaikhislamuly, M.Tynyshtykul, M.Zh.Kopeyuly, Zh.Abilgazyuly, N.Nysanbayuly, Sh.Sultanbayuly, R.Zhusipov, K.Kantarbaev, E.Eshimov, A.Baytabynuly, E.Tiluemagambetuly, A.Duysenbin, A.Mambetuly, O.Ongarbayuly, K.Shokaev, A.Shokamanuly, Zh.Bitimbayuly, Muryn, Musabayzhyrau, K.Bayboluly, A. Nuralinand others, which is preserved in the manuscript collection of the Institute of Literature and Art. Also it includes the texts of such scholars as Sh.Ualikhanov, A.Divaev, M.Tileuzhanov, T.Sadykov, Iskakov, T.Bekkozhin. Collections of Zh.Dadebaev «Tus ayan» (1992), F.Tantalieva «Kazaksha tus zhoru» (2005), the book «Tus zhorudyn tol kitaby» (2006) and the magazine «Oy-tanym» (2007) were used. According to the principles of the editions of the series, the texts are provided with scientific annexes and the works have respective numbers. The volume includes the following scientific information: information about people who recorded, publishers and publications of texts included in it, scientific interpretations of the texts included in this volume, dictionary, geographical, list of names, information about historical figures mentioned in the text, list of references, summaries in Russian and English languages.

Total volume — 27,0 pp.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	5
Фольклордағы түс көру, жору, аян беру мен оларға қатысты наным-сенім үлгілері	9

МӘТІНДЕР

I. Түс және оны жору	43
----------------------------	----

II. Халық прозасындағы түс және оны жору

1. Абылайдың түсі	167
2. Абылай ханның түсі.....	168
3. Абылайдың өз түсін жоруы	168
4. Абдолла ханның түсі	169
5. Ақсақ Темір	170
6. Әмір Селжүктің түсі	172
7. Баарин тайпасынан Хорчи Усун қарияның түсі	172
8. Бабыр мырзаның Самарқанд қаласын алар алдындағы түсі	172
9. Бекет атаның түс жоруы	172
10. Досмұхаммед ханның түсі.....	175
11. Ертеден жеткен аңыз.....	176
12. Жәнібек батырдың түсін Абылайдың жоруы	176
13. Жүсіп пайғамбардың түс жоруы	179
14. Ибн Сириннің түс жоруы	180
15. Кенесары мен Омар	181
16. Мөңке бидің түсі	182
17. Мұхаммед пайғамбардың түс жоруы.....	183
18. Түс аян	183

19. Хазірет Омардың айтқаны	184
20. Харон ар-Рашид патшаның түсі	184
21. Шыңғыс ханның қайын атасы Дәй шешеннің түсі	184

III. Эпикалық жырлардағы түс және оны жору көріністері

1. Алпамыс	186
2. Едіге жыры.....	186
3. Қобыланды батыр жыры.....	188
4. Қобыланды (<i>Н. Байғанин нұсқасы</i>)	189
5. Қобыланды батыр (<i>Ержан Ешімов нұсқасы</i>).....	200
6. Қобыланды батыр (<i>Айса Байтабынұлы нұсқасы</i>).....	203
7. Қобыланды батыр (<i>Ережеп Тілеумағамбетұлы нұсқасы</i>).....	205
8. Ахметбек-Жүсіпбек қиссасы	209
9. Орақ билән Мамай батырдың хикаясы.....	210
10. Қарасай-Қази (<i>Құдайберген Шоқаев нұсқасы</i>).....	213
11. Ер Сайын	220
12. Қисса-и Қарабек	222
13. Қарабек батыр (<i>Жаңаберген Бітімбайұлы нұсқасы</i>) ...	223
14. Төрехан	227
15. Бөген батыр	228
16. Абылай хан.....	230
17. Абылай хан.....	231
18. Төле бидің тарихы.....	233
19. Бөгенбай батыр.....	234
20. Бөгенбай батырдың бірінші жорығы.....	237
21. Барақ батыр	239
22. Базар батыр	243
23. Арқалық батыр (<i>Ержан Ахметов нұсқасы</i>)	246
24. Мырзаш батыр	247
25. Айдос батыр	250
26. Қисса Мұхаммед расул Алланың дәрул пәниден дәрул бақиға рихлат еткен мәселесі	252
27. Сейітбаттал	256
28. Қисса хазірет Жүсіп аләйһиссалам илән Зылиханың мәселесі.....	257
29. Қарқабат	263
30. Қисса қырық үззір	267
31. Қисса Таһир — Зүһра	269

32. Қисса Қыз Жібектің хикаясы	271
33. Қыз Жібек	272

IV. Қазақ ырымдары	274
---------------------------------	------------

ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР

Томға енген мәтіндерге түсініктеме	361
Мәтіндерде кездесетін тарихи, діни есімдер, ұлт-ұлыстар мен ру-тайпалар туралы мәліметтер	382
Сөздік	401
Жер-су атаулары	408
Томға енген фольклорлық үлгілерді жинаушы, айтушы hәм жариялаушылар туралы мәліметтер	411
Шартты қысқартулар	416
Пайдаланылған әдебиеттер	417
Резюме	421
Summary.....	424

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

94 том

СНОВИДЕНИЯ И СУЕВЕРНЫЕ СЛОВА
(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М.О. Ауэзова
Министерства образования и науки Республики Казахстан

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*
Редакторы: *Ұ.С. Тілегенова*
Техникалық редакторы: *Ә.З. Заманбек*
Компьютерге терген: *Г. Көбеева*
Компьютерде беттеген: *М.О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Бауыр» баспасы
ИБ № 2699

Теруге 15.05.13 жіберілді. Басуға 13.06.13 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 27,0. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №0185.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 978-601-299-008-9



9

7 8 6 0 1 2 9 2 7 4 2 9